Софы
СМАЙЛАЕВ

1
ТОМ

Елім-ай

Туған Ел, кіндік жұрт, ана тілі - әр азаматтың,
қасиетін өсіретін де, өшіретін де киелі үш ұғым,
Ел, Жер, Тіл - жаның, арың, нәрің!
Жүрегі Елімдей елжіреген, Жаны жалауындай жайсаң,
Абзал Ана, асыл аға, сіздерге арнадым бұл еңбегімді!

Алматы 2009

Алманар
БАСПА ҮЙІ



Софы Сматаев

Роман-трилогия

Софы Сматаев

1

том

Елім - ай

Елім - ай

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44
С 52

Сматаев С.
С 52 Елім-ай. - Алматы: “Алманар”, 2009.
Т 1: - 1-ші кітап.- 432 бет.

ISBN 9965-9742-2-5

Көркем әдебиетте халқымыздың ғасырлар қойнауында бұйығып жатқан тарихының тыңына алғашқылардың бірі боп қалам сілтеген Алаш азаматы, көрнекті жазушы Софы Сматаев өзінің атақты “Елім-ай” трилогиясының бірінші кітабында қазақ халқының қайғылы кезеңі - “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” заманын суреттейді. Бұл кітапта автор қазақ елінің сол кездегі тұрмыс-күйін, қоғамдық жағдайын, салт-санасын көрсете отырып, атамекенді жат жерлік басқыншылардан қорғап қалудағы абзал азаматтардың ерлігін көлденең тартады.

С 4702250201 / 00(05)-09 2009

Шетская ... ная центральная библиотечная сеть

15d40

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7 - 44

ISBN 9965-9742-2-5 - Т 1
ISBN 9965-9742-1-7

© С. Сматаев, 2009
© “Алманар” баспасы, 2009

ӘЛҚИССА

Күй күңіренеді...

Ботасын іздеген аруана қазығында шыр айналып, сай-сүйегіңді сырқыратып, тау жаңғыртып боздайды. Тырсиған желіннен аппақ сүт тамады. Мөлт-мөлт тамады. Киелі ақ сүт - ана көңілдің шарқұрған аңырауы, аңсауы!

Ақсақ құлан үйірінен шығандап шығып, құла түзге құлдырап барып сіңгенде, аласұрған көңілден алақұйын күй туған. Аңырап, армандап туған. Сол заманда-ақ қараңғы қапшағай мен алыс атырауды, жапан түз бен дүлей тоғайды азынай аралап кеткен ғұмыр күйден кек ширатқан атой-ұран тасып төгілген. Домбыраның егіз ішегі азалы шерден ызалы күйік қайырғанда, тау мен тастың тарғыл тағысы тар соқпақта таласпай табысып, татуласып тарасқан. Қай-қай заманда да қайғы мен мұң қапалы жанның көндей сірі көңілінің көбесін қақыратып сөккен. Қай-қай заманда да жан азабы жай таптырмағанда, тұяқ дүбірі мен домбыра сарыны кең әлемді сарсыла шарлап, сарнап-зарлап алған! Ат жетпес, оқ өтпес кекті бебеулеп боздап, ән салып, күй шалып іздеген. Қай-қай заманда да адамзат құсасын һәм қысасын ән мен күйге шаққан! Жүгірген аң, ұшқан құс мұңдасы мен сырласы болатын. Жүйрік көңілдің ұшқыр қанаттары еді-ау олар!

Мына заман қай заман? Бағы заман.
Баяғыдай болар ма тағы заман?...

Күңіренген көкіректен шапшып шыққан сағыныш осы! Туған жер көзден бір-бір ұшқанда, күйік жасының сарқылмас бұлағына тұншыққан мұңлықтың қапалы

күйі де осы! Қия құздан көзі тұнып, құлап түскелі тұрып, егіліп, еңіреп айтқан қош-қошы желге ілесіп, бұлтқа оралып, осынау бір аңсау-шерді жүрек біткенге сіміртіп кеткен. Жүрек біткенді иітіп, емірентіп кеткен. Өшпес рухты ән жетелесе, мұқалмас жігерді ән жебеген. Сағына білген жанның табыстар аманаты - туған жердің киелі топырағы, кіндік кескен боз жусанды кер даласы.

...Қарындас пен қара орман қалғаннан соң
Көздің жасын көлдетіп ағызамын.

Таусылмас дерт жайлаған шерлі көңілдің құлазып өксуі осы! Сол сәтте алыста қалған қамысты, шілі көлін ақтық рет көргісі кеп, құсадан тар көкірегі қарс айрылардай аһ ұрған! Сол шақта балауса ғұмырдың шаң басқан сүрлеуінде шаңдатып жарысқан тел құрбы, тең құрдасты елжіреп еске алған! Сол кезде ішін тартып жел тұрып, бұлт көшіп, жусан исін көкірегіне жеткізген!

Ән - аманат. Адаспай оралды. Адаспай тапты. Арман боп жалғасты. Шілі өзен, қамысты көл - елім еді. Елім-айым еді. Ошағында от жанғанда, отауынан ән төгілетін сауықшыл қазақ сол бір заманда ошағы қаңсып, отауы қаңырап зар кешті. Қансырап кешті. Қан көмейлеп, құм қапқан халық жауына бірақ мұң шақпады, кек атты. Жалынбай жалындап атты. Аруана боздаған жоқ, ақсақ құлан шоқырақтаған жоқ. Боздаған да, құландай жосыған да халқым еді.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді...

Қаратаудан көш емес, босқын шұбаған. Қара көзден жас емес, қан аққан. Төл тірсектер тілініп, төбенің басында қалған. Төл сәбилер ілініп, жебенің ұшында қалған. Ақ сүт көк аспанға атылып, қызыл қан қара жерді суарған.

Ат тұяғынан шаң ұшқанда, ата көңілден уылжыған тірліктің бұлың-бұлың елесі жарқ етіп жетіп, жалт беріп жоғалған. Көкіректерге ұялаған аяныш пен

жұбаныш, ашу мен ауыл, сүйініш пен күйініш жарық жалғанның жалғыз жебеуші іңкәрі - әнге ғана сайған. Аласапыран андағайлап жеткенде, жер түбінен заңғар көкке киелі мұнарадай такаббарлана бой созып сабырлы саз әуелеген. Дәруіш тірліктің пұшайман күйбеңін діттемей, құлан еркіндіктің құдіретін жырлаған сол әуез.

Ән - шежіре. Зер салып тыңдасаңыз, жол таба алмай қиналған, қамалған жұрттың сырын бағар едіңіз. Сол именшек сырдан ақ сәуле аңсаған пақыр көңілдің мұңға бөккен үмітін аңдар едіңіз. Зер салып тыңдасаңыз, көкірегіне зорға сыйып тұрған іңкәр сағыныштың тұла бойды шымырлата қайнатып, ғұмыры тарамайтын, тарқамайтын махаббатқа айналғанын пайымдар едіңіз. Ол махаббаттың сынық сүйем Туған Жерден нәр алып, жанарыңызға жылу боп үйірілген сәбілік сезіміңізбен астасып, араласып, қаныңызға сіңіп кеткенін ұғар едіңіз. Ұғар едіңіз де, осынау ұлы сезім алдында еріксіз бас иер едіңіз. Зер салып тыңдасаңыз, мазасыз мұңнан өрбіген өршіл намыстың жұмыр басты пенденің жұдырықтай жүрегін қыжылдатып: 'Адам бол, асқақ бол! Аламанға атой салмай, айызың қанбасын!" дейтін бел шешкізбес қаһарға жетелерін сезер едіңіз. Тасқұрсаудай сыға түскен отаршыл зорлықтың "қорлық берем!" деген қаукөкірек бопсасына босамай, "Елдік!" деп ереуілдеп, "Еркіндік!" деп ерегісіп түрегелгенін түгел қабылдар едіңіз. Зер салып тыңдасаңыз, басынан бақ-дәулет ұшқан кер заманда күйзеулік көрген халықтың панасыз, айласыз күйінен күйректік еспей, жалын атқан жанының ышқынуын, өрлік пен ерліктің уайым қашырып, кекке бастап, шарықтай шалқуын көрер едіңіз. Сол сәтте күңгірт көңіл, жабық кеуде түгел жоғалып, азаттық іздеп, сенімді үмітке жетелеген аталар аруағына, бабалар даңқына қатты исініп қалып, көмейіңізге лықсып келген сүйініш толқынымен бас иер едіңіз. Зер салып тыңдасаңыз, көкейкесті толғау саздан арғыдағы өршіл арманның өктеп жетіп, бүгінгі қайсар тілекпен қасиет бастауындай боп қалтқысыз араласып, қытықсыз қойындасып кеткенін түсінер едіңіз. Еліктіріп жеткен саналы саздың "Еркіндік!" деп айнымай,

ауыспай оралатын қайырмасындай қуатты серпіні мен тәкаббар екпіні өлмес мұра, сөнбес шырақ боп жүректің жантамырларының әр тамшы қанынан нәр алып жатар. Алабұртқан албырт көңіліңнен сыйластық пен жарастық тауып, шын ләззат шырынына еліткендей бір түрлі байыздаған болмысыңнан құштар тілеулестік туғызып, соңғы демің үзіліп тынғанша бір мысқал азаймас тәуелсіз рухыңа айналар сол әуен. Қимас қадірлесің болар сол әуез.

Елім-ау!.. Елім-ай!

Тыншымайтын жүрегімнің соғуы ма екен осы сөз?! Қасиетті халқымның алғыс-батасы ма екен осы лебіз?! Арғы-бергіден шетінемей, селкеулемей түйдек-түйдек жеткен ел құдіреті, ыстық сәлемі де ме екен ?!

Елім!.. Елім-ау!... Елім-ай!

Ертегідей алыс өмірден елес-елес леп берсем, дұрыс түсін, Жұртым! Ел көкірегіндегі тәтті үмітті ән жолынан іздедім. Қасіретіне бойлап, қасиетіне шомдым. Өсиетін алып, өкінішін кештім. Ендігі сырды шерлі заманның шешен тілі - "Елім-айдан " тыңдайық, Елім!

ЕЛЕҢ - АЛАҢ

Жағаласса жыртылмас,
Ерлердің жеңсізден игі тоны
болар ма?!
Дулығалы бас кескен,
Ерлердің алдаспаннан игі
қолы болар ма?!

Шалкиіз жырау.

1

- Жекпе-жек! - Жекпе-жек!

Жентектескен бұлттай біріне-бірі төніп кеп, қарсы тұра қалған екі қосынның өңештерін жыртардай қарлығып, булығып, ызаланып, екіленіп айтары осы бір ғана сөз.

- Жекпе-жек!
- Жекпе-жек!

Үйіріліп, толқындап кеп бетпе-бет тоқтаған қос тоғанды біріне-бірін лақ еткізетін де осы жамыраған үннен кейін кешікпей басталатын жекпе-жектің кәдесін бұлжытпайтын намысқой сәт. Соны асыға күткен шыдамсыз көмейлер сайын сахараны тұс-тұстан дүрліктіре жаңғыртып барады.

- Жекпе-жек!
- Жекпе-жек!

Әркімнің де тұл бойындағы ерлік рухы мен ашу-кегін, жауынгерлік айбаты мен намысқой қайратын ду-ду қоздыратын жалғыз сөз екі жақтан да суылдаған жебедей борап, өршіккен үндерді түу-түу қиянға алып қашып жатыр.

Қазақтар жағынан көшелі жирен айғырға мінген нар тұлғалы батыр атын ойқастатып ортаға шыға берді.

Сол-ақ екен, ұран шақырып қиқулаған дауыс тіпті құтырынды.

- Бұқарлап! - Ұлы жүз жігіттері айқайлады.

- Құндыз! - деп Орта жүз жасағы қосылды.

- Тұлпарлап! - Кіші жүз сарбаздары көтермелеп әкетті. Өз ортасынан бөлінген Жомарт батырды найзамандар тобы “Қаптағай! Қаптағайласып” шығарып салды.

Жомарт батыр майдан ортасы - ашық алаңға жетіп, жиренін аспанға тік шаншылтып алды да, жау батырын күтіп тына қалды. Осы сәтте оның маңдай алдына қарагер бедеуін омыраулатып, ертегінің алыбындай зорайып көрінген жас батыр тақала берген еді.

Бір-бірден шоқпар қағысып өткенде, Жомарт батыр әндемді жігіттің шымыр қауқарын бірден сезінді. Екі қары заматта-ақ зырқырап кетті. “Апырау, мынау қайтеді!” деген секеммен жалт қарап, жауының жүзіне көз жүгіртті. Жігіттің жалғаса тұтасып кеткен қара қою қасы, кішірек қыр мұрны, қанталаған кең көздері, етті қалың ерні - түгел бір ғана “қайтсем де жеңем!” деген өлермен тілектің құрсауында екен. Қорғалаған секемшіл қыбыры, үрейленген дәрменсіз дірілі білінбейді.

Жомарт баһадүр шапшаң қимылмен шалт бұрылып, шоқпар көтерген білектен салып жіберді. Онысы - қарсы батырдың қарын салдыратып, қаруын қайтармақ өрекеті еді. Бірақ анау жігіт оған да онша мойымады. Шоқпарын шыр айналдырып, жауының қапысын аңдып, оңтайлы сәтті аңдуда. Екеуінің де талмау жерлеріне ондырмай ауыр соққы тиген. Әзірше сыр алдырмай, қайсар жанкештілікпен шыдасып жүр. Енді сәл кешіксе, мына әлуетті жастың құтқармайтынын сезген Жомарт батыр қара шоқпарды қағып жіберіп, іле көз ілеспес шапшаңдықпен әлгінің құлақ шекесінен салып өтті. Манадан талмай соққан қолдары сылқ түскен жігіт қара шоқпарын тағы да үйіріп төніп келген Жомарттың қанталаған көзіне тура қарады.

- Апырай, аға, ұқсата ұрдыңыз-ау!

Жомарт қалт тоқтады.

- Кім едің? Не дедің? Аға деймісің?!

- Қорабай деген қырғыз іниізбін, - деп жігіт қайта қайыруға тілі келмей, опырылып құлап бара жатты.

“Қап!”

Аяқ астынан тұтанған өкінішін көмейіне қылғына жұтып жіберген Жомарт жердегі жігітке қарайлап қалып еді, екіжақтан ақтарыла құйылған қос қолдың ортасында кетті. Қырғын айқас басталды. “Қапта!”, “Қапта!”, “Ұр!”, “Ұр-ә-ө!”, “Жой!”, “Түсір!” деген қазақ атойына жоңғардың “Уррahх!” деген делебе қоздырар қанқұйлы қиқуы қымқуыт араласып, жаңғырыққан айқай-сүренді тағы да аспандатып әкетті.

Кіші бесінге дейін толассыз шайқасқан екі жақтың тобы қатты сиреп, қатары азайып қалды. Ымырт үйіріле сам жамырап, көз байланған шақта жоңғар хонтайшысы Сыбан (Цеван)-Рабтан қосынына қаша ұрыс салдыртып, жылыстап кетті. Өйткені қазақтардан дәл осындай тойтарыс күтпеген шеріктер маңдайға соғылған аттай ілгері баспай, бей-берекет шегіне берген еді.

Тәуке хан кейін жөңкілген жауды көп қуғызған жоқ. Қууға өздерінің дәрмені де аз еді. Түнімен қаша ұрыс салған ойрат шеріктерін жайлау шебінен алыстата айдап тастап, таң ата сарбаздар қуғынды тоқтатты.

Таң атқанымен, жез табақтай күреңітіп күн көрінген жоқ. Алғаш шығыс көкжиек қызыл-қоңыр шапағын жіңішке бишіктей ұзарта созып, белдеулей бастап еді, ұзамай-ақ тұтасып түйдек жеткен қара бұлттың астында қалды. Алыстан, төбе тасаланған жырақтан әлсін-әлсін көкала найзағай ойнайды. Дыбыссыз, күркірсіз көмескі жарқылдайды да, үмітсіз сөнеді.

Әлгінде, алаулаған таң нұрында бар бедер-бояуымен бой жазған кең дала, көгілдір аспанды қорғасын бұлт құрсаулап алғанда сұрықсыз, реңсіз бірыңғай бозғылт түске ауысып, себелей бастаған суық жауынның ырқына еріксіз көніп, бүрісе қалды.

Екі қары сансырап талған Жомарт батырдың ат үстінде құр сүлдері келеді. Сойылының бүлдіргесін саптамасының ұшына іліп алып, ерге тіреген қамшының сабына кеудесін сүйеп далбаса демеу қылады.

Осы ілбіген жүрісте ойынан Қорабай бір кеткен жоқ. “Жығылып бара жатып “аға! ” дегені әрі күйінгені, әрі намысына тырысқаны сияқты-ау. “Ұрсаң ұр! Бірақ мүсіркеме!” дегендей қара көзде тұтанған көгілжім ұшқын анау найзағайдай жалт етіп еді-ау. Қайран арыс! Қайда қалдың екен? Сор айдады ма, Сыбан-Рабтанға қайдан ілесіп жүр екенсің?

Милығынан су өткен соң Жомарт тымағының желкелігін түсіріп киді. Оқыранған аттай елегізіп жан-жағына қарады. Кенет... қарагер бедеу көзіне жылы-ұшырай кетті. Әлдекім шылбырынан жетектеп алыпты. Үстінде... Аяқ-қолы танулы Қорабай, бұның түні бойы көз алдынан бір кетпей “ағалаған” қырғыз інісі құ-нысып отыр.

Атын лықсыта тебініп әлгілерге тақала берді. Бедеуді жетектеген Мұқатай дейтін туысы екен. Екеуі де дауыс созбай мұнымен еріндерін жыбырлатып қана амандасты.

Сәлде салғандай Қорабайдың басын ұзын ақ шүбе-рекпен әлденеше орап, таңып тастапты. Оң жақ шекесінің жұдырықтың аумағындай қан ұйыған жері сорағыта қатып, қызыл күрең жолақ шықшытына қарай сорғалапты. Қалжыраған жігіт құп-қу боп ат үстінде әрең отыр.

- Аяқ-қолын шеш!

Қысқа бұйрық тез орындалды.

Ұйып қалған қолдарын уқалап, Қорабай бедеуінің тізгінін қамшының сабымен іліп алды да, Жомартпен тізе қағысты.

- Ал енді жөніңді айтшы, інім?

- Сайда саны, құмда ізі жоқ әлдекімдер үшін жан кешті болғаны несі дейтін шығарсыз, Жомарт аға, - деп Қорабай ызалы мырс етті.

- Иә, әлдекімнің атқан оқ, шапқан қылышы болар дәл мына жайыңды түсінбегенім рас, - деп батыр жауап тосты.

- Сіз тұрмақ өзім түсінер хал емес, аға. Айтақтаса болды алды-артына қарамай арсылдай жөнелетін бөрібасарлық туғаннан маңдайыма жазылып, мен де осы тұрмыс-тірлігімнің байыбына бармаппын. Қар-ғыбаулап жетектеп сүйретіп, ырылдатып қосатын ием

бар. Ол - Енесай бойындағы қырғыздың атақты Еренек байы. Ал, ол болса ойраттың қоластында. Жай кезде жылқысын бағам, жай ойнаған кезде жасағын бастаймын. Ат үсті, аспан астында өмірім өтіп барады. Кескекті иттей арсылдап, кім көрінгенді бір тірсектеп келем. Қоятын, қарайлайтын қарам жоқ. Қарақан басқа қайыр ұяламаған соң қаскөй қимылдан қашып құтыла алмайды екенсің. Басыңа соққы тиіп, ішіңе удай ой салғанда ғана тоқтар гәп екен. Соны енді ғана ұққандаймын, - деп Қорабай іштегі ашылмай келген сырын ірікпей айтып салды.

Бұл кез - 1698 жылдың жазы еді.

Жомарт Қорабайды өз үйіне әкеп түсірді.

Емін-еркін мән-жай сұрасып, біраз күн қонақ етіп қайтармақ болды.

Батырдың бүкпесіз ақ көңіл, адал ықыласын көрген Қорабай да Жомартқа пейілі түсіп, сый-құрметін селкеусіз қабылдады.

Екінші күні сәскеде суыт келген әлдекім үй сыртына дүбірлетіп жетіп, ат басын бір-ақ ірікті.

- Батыр! Уау, батыр! Үйдемісің?

Амандық-саулық сұрамастан тасыраңдай сөйлеген адамның тарпаң қылығын жақтырмай қалған Жомарт аузына апара берген сырлы тостағандағы қымызды алдына қоя салды. Дөңгелене біткен жүзі күреңітіп сала берді.

- Немене, жау шапты ма?! Үйге кірмеймісің!

- Иә, шапты жау! Бір емес, екі рет шапты! Кеше шаңдатып жайлауыма тисе, бүгін шалжиып сенің төрінде отыр. Бұдан артық әкемді өлтіре ме ол зән-демің. Шығарып бер. Олжа менікі! - деп сырттағы дауыс үдей түсті.

- Әй, Мұқатаймысың?

- Мұқатай болсам қайтейін деп едің? Осы өлкеде сенен басқа батыр жоқтай... Өзім ұрыста домалатып байлап алған тұтқынымды тап қазір қолыма бересің! Бекей бидің бұйрығы солай. Ол екеуміз жесірейді сонсоң ханға апарамыз ба, хонтайшыға саудалаймыз ба, өзіміз білеміз, - деп Мұқатай жүн сабағандай дікілдеді.

Жомарт одан әрі шыдай алмады. Желбегей

жамылып отырған шапанын иығынан сілкіп тастап, көйлекшең күйі атып шықты.

- Кел, жақындашы бері!

- Оу, батыр, не болған сізге?

Жомарттың тегеуріндi қолы сарт етіп иыққа жармасқанда, Мұқатай топ етіп табанға түскен еді. Өз қамшысы өз жонында ойнап кетті.

- Қонағын сыйламаған қай қазақты көріп едің! Абыройын айрандай төккен қай сақалды естіп ең! Қаруың болса, жауың көп. Ұрыста түсіріп, айқаста байлап ал.

Мұқатай қан жоса боп атқа мінген.

Түнеріп қайта кірген Жомарт біразға дейін үнсіз отырған.

Бірақ қонағына сыр бермеді.

Құлық биенің қысыр емген семіз жабағысын қонақасыға сойғызып тастаған Жомарт батыр, Қорабайды қасынан шығармай көп күн күтті.

Қорабай қазақ аулында алғаш түнеп шыққаннан-ақ неше түрлі шытырман ой мен жанын азапқа салған күдіктен байыз таба алмай қойды. Дүниені тар дейін десе, анау батыр ыңғайынан үнемі кендік табатындай. Ал сол кең дүниесі бұның бұрынғы тіршілігіне ойысқанда күйген терідей құрысып, бүрістіріп бара жатады. Сонау ықылым заманнан бері жау, дос боп жіктеліп келген екі ұғым дәл қазір арпалысып қалғандай. Өйткені досы жауынан бетер, жауы туысынан да абзал. Көкірегі қарайып, жүрегі сазып жүргенде аласыз көңіл мен мазасыз тірлік ат жалын тартқызып, аттан-ұрандатып күн өткізе берген-ау. Онда - атқан таң, батқан күнге назар салмаған екен. Онда - аққан жас, төккен қанға ден қоймаған екен. Жас сұраусыз ағатындай, қан қасіретсіз төгілетіндей көрінетін. Там-тұм несібе талассыз келмейтіндей сезілетін. Әлсіз - мықтының жемі. Ұшқан құс, жүгірген аң тірлік үшін таласады. Кеудедегі шыбын жан пыр етіп мәңгі мекеніне ұшып кеткенше тебінгіні терге шірітіп, көк найза, ақ алмасты жарқ-жұрқ ойнатып өте бермекші-тін. Енді содан не тапты? Қос қолтықтан тік көтере қымтыған беймәлім асау ағын аяқ-қолын жерге тигізбей дедектетіп әкеліп, маңдайымен жар

соққызғандай есеңгіретіп тастады. Шым-шытырығын қоюлатып, қараңғысын көбейтіп, құрдымын тереңдетіп, беймағлұм жағадан бір-ақ шығарыпты. Ізін қайдан кеседі, жымын қайдан табады, бағытын қайдан бастайды - ой түбіне жетуі қиын...

Ертемен Жомарт батыр Қорабайды оңаша шақыртты. Қонағының көзі үңірейіп, қабағы салыңқы тартқан жүдеу жүзіне селқостау ғана көз тастады.

- Ал, Қорабай шырақ, енді не істемек ойың бар?

- Білмеймін, аға. Өзіңіз жөн сілтемесеңіз, мен деген басқа ұрған аттай мәңгіріп қалған сияқтымын-ау, сірә.

- Солайы солай-ау, Қорабай. Сен тұрмақ қырықтағы менің өзім кей-кейде тұйыққа тіреліп, тығырыққа қамалып қалам... “Батыр” деп көзімше қолпаштаушы көп. Соны күпілдектер сүйсінгендей лепіріп айтқанда, кәдімгідей асып-тасып та кетем. Әлгілердің үй айнала беріп сыртымнан ғайбаттай жөнелетіндерін естігенде, және шала бүлінем. Қазақтың көзін аштырмайтын қас жауы - күншілдік қой. Тұлпардан жабыны, сұңқардан құладынды артық көретін көп қызғаншақ ат-атағыңды қолынан келгенше көрге тығуға тырысып-ақ бағады. Бірақ өз қолыңды өзің кесермісің? Қаныңа сіңген осы бір сұмдық қасіретіңді асыл қасиетіңмен бірге арқалап, ұрпақтан ұрпаққа ауысарыңды да білесің. Сол кезде де аяқтан шалып, тасадан ұрып жататын мұқатайлар табылар. Сол кезде де сол мұқатайларға қолтығына дым бүркіп, жел беретін Бекей сияқтылар шығар. Жә, оны қайтеміз, - деп баяу күрсініп алды да, Жомарт тың кеңеске ойысты. - Қорабай, осы сен маған Жоңғар хандығының жай-жағдайын түсіндірші. Араласып жүрсіндер ғой. Анау батыстағы қалмақ, мынау көрші жоңғар, сонау шытыстағы маңғұл - бәрі бір халық. Тілі мен діні ортақ. Өзді-өзі қырқысып-қырқысып алады да, сәл тыншыса қазаққа бас салады. Осы біз қалың қазақ бір-бірімізге қанша алакөзденсек те, ат құйрығын кесіп ыдырап, бөлініп кеткен жоқпыз. Түтініміз қосылмаса да, туымыз ажырасқан емес. Ағайын атой салса, алыстан құмдай құйылып, судай ақтарылып тастүйін боп біріге кететін жақсы қасиетіміз әзірше көңілге демеу. Алда-жалда одан айрылсақ - біржолата құритын да шығармыз. Қорабай, ойрат-жоңғарыңды

түптеп берші. Көптен-көп білсем деп жүрген сырым еді, - деп Жомарт қонағына бұрылып қойды.

Қорабай қолындағы қымызын шайқап отырып, түшіркене сіміріп салды да, келісім білдіріп, бас изеді.

Қалың қабағы көзін жаба түнерген Жомарт батырдың алдынан Қорабайдың әңгімесі арқылы алыс һәм таныс дүние керуені шұбырып өтіп жатты. Сол керуенге ілесіп, тарих қойнауына енді біз де аздап еніп көрелік, қадірлі оқушым.

2

Манғұлияның батысындағы сол қанаты, манғұлша “жоңғар” аталатын - дүрбэн түмен ойрат[1] - манғұлдардың чорос, хошоуг, хойт, торғауыт, дэрбен, элют руларынан құралған. Манғұлияның Шыңғыс ханының баласы Төле әулетінен тараған хандарына тәуелді боп келген осы қалың ойрат он төртінші ғасырдың аяғында Шығыс Манғұлияның әміршісі Әлібек ханның тұсында өз алдына жеке ту көтерген-ді.

Ол былай болған еді...

Әлібек хан ордасындағы көп кеңесшілерінің ішінен чорос руынан шыққан уәзірі Хұтқай-Тофаны ерекше қадірлер еді. Өйткені, ділге жүйрік, тілге шешен кәрі сұңғыла ақыл-айласымен де үлкен бедел иесі болатын. Жас шамасы ханмен тұстас ол әміршісімен бірге өсіп, біте қайнасып кеткен. Құпиялап жасаған көп сұмдығы екеуін мүлде қойындастырып жіберген де еді. Орданың ішкі-сыртқы сан қилы шытырман-шырғалаңын жұмырығында түйіндеп ұстайтын Хұтқай-Тофаны хан тіпті аңға шыққанда да қасынан тастамайтын. Қайда жүрсе де көз алдынан таса қылмай қадірлейтін досынан іштей қатты күдіктеніп, үнемі аңдумен болатын.

Қара жерге қанды қансонар түскенде қандай хан тыныш жатар еді. Әлібек әмірші де атқа қонады ғой. Ашық күнде үлпілдеген көбік қар көз қарылта жалт-

[1] Жоңғарияны - дүрбен түмен ойрат деп атаған, бұл - төрт тайпа ойраттардың одағы дегенді білдіреді. Ал жоңғар ұғымы манғұлдың “жоң” - сол, “ғар”- қар, қанат деген сөздерінен құралған.

жұлт етеді. Тау да, сай да алаңсыз жым-жырт. Лүп еткен жел лебі білінбейтін беймаралда нөкерлерінен ілгері озған Әлібек пен Хұтқай-Тофа сай табанын өрлей шоқырақтап келе жатып, жалғыз түлкінің жас ізіне кездесіп қалсын.. Содан сабырсыз қызумен аттарын борбайлата лекіте жөнелсін. Төбеден төбе аудармай жолдары болған екеуі түлкіні көп ұзамай нысанаға іліктірсін. Қар үстіне қызыл қаны оймақтана тамған түлкіге төніп келген Хұтқай-Тофа атынан секіріп түссін.

Еңкейе берген уәзірінің иығынан әмірші ұстай алсын.

- Аппақ қарға мөлдірей тамған қып-қызыл қаннан сұлу бар ма екен, сірә! Ақ пен қызыл түс неткен үйлесімді еді!

Хұтқай-Тофа жалт бұрылып ханға көз тастайды. Қос танауы желбірей делдиіп, анау ат үстінен ағаш үзеңгіге шірене ұмсынып, ұмтыла үңіліп тұр екен.

- Неге болмасын, хан тақсыр! Балаңыз Харгацуг-Төгөрең-Темір ханзаданың әйелі - Өлзейту ханымның ақборық тәні, алма беттегі алқызыл үлбірек қаны бұдан да артық!

Әлібек хан үндеместен денесін тіктеп шалқайып ала қойып, Хұтқай-Тофаға өңмендете қадалды. Күреңіткен зерен жүздегі қос сызық-сызаттан болар-болмас ұшқын атылып кетті.

Түлкіні қанжығаға байлаған аңшылар тағы да тізгін босатты. Танауларынан будақ-будақ бу атқан сәйгүліктерін желе-шоқыта талай белден асты. Есік пен төрдей озып келе жатқан хан бір кез ат басын іркіп, Хұтқай-Тофамен үзеңгі қағыстырып қатарласа берді. Жіпсік көзінің алды сулана терлеп, сызаты мүлде сығырая қапты. Әлдене сырды құпиялап айтарда тереңнен індете қадалар жанары осылай көзделетін. Әміршінің сырын бағып өскен әккі Хұтқай-Тофа “Құлағым сізде” дегендей елгезек ыңғай танытты.

- Өлзейту ханым дедің бе, Хұтқай-Тофа?

- Иә, тақсыр! Келініңізді солай айтады, - деп зымыстан шал ханның күнәһар ойындағысының үстінен түсіп, қиялдағысын қиындатып “келініңіз” дегенді әдейі қыдита қойған еді. Әлібек тағы да үнсіз қалды.

Қиядағы қыранын қызылға шақырған бапкер құсбегідей тымпиған Хұтқай-Тофа да мүләйім күйге көше қойды. Әлдебір әуенді мұрнынан шығарып, жайбарақат қана ыңылдап келеді.

- Амалын тап! - деп діңкесі құрыған әмірші екі сөзді қос кесектей лақтырып тастап, жауап тоспастан айғырын борбайлата қамшылап, құйғыта жөнелді.

- Табайын. - Шал емеуріннен түсінді. Тақсырының қыл мойынына қыл шылбырды осылай тастаған Хұтқай-Тофа аңнан көңілді оралды.

Көп ұзамай Харгацуг-Төгөрең-Темір ханзада ойламаған жерден көз жұмды. Біреуге ерте, біреуге кеш келетін ажал-құдірет барды бар деп, жоқты жоқ деп алалап көріп пе еді. Мезгілсіз бұл қаза ордадан басталып, кең даланың қиыр-шиырына тарап кеткен әртүрлі күбір-сыбырды көбейтті де, көл-көсір жас ағызып жаңа қабірдің жас топырағына тырс-тырс тамызды. Жас мәйіт жер қойнына тиісімен кәрі дене Өлзейту ханымның ұлпа тақымын жамбастады. Желік басылды, құмар қанды.

Әлібек хан уәзіріне үнсіз берген уәдесінен шықпады. Қызықтырғанның түрі бөлек болғанымен дәмі бірдей екен. Ұзаққа шабар асау қан жоқ, ентіккіш кәрі кеуде аптыққан ынтығын тез басқан соң, опасыздықтың опығын жегендей күннен күнге мүжіле берді. Күндердің күнінде Хұтқай-Тофаны көргенде аяқ астынан әміршінің өңі бұзылып, көзі кіреукелене қалатынын жас ханым қапысыз бағып қалды. Құлық-сұмдықтың көрі шөңгеден басталғанын айттырмай ұқты. Ұқты да, ендігі сойқанды Өлзейту ханым бастады.

- Тақсыр, табағыңызды жалаған ұры итті қайтер едіңіз? -деді жас ханым оңаша үйде әміршінің аяғын уқалап отырып.

- Қайтушы ем? Қаңсылатып таяқтап қуып шығам.

- Ендеше, бір сұғанақ төбеттің адал асыңызға аранын ашып жүргеніне көп болды.

- Оның кім?! - деп Әлібек тез жиырылып, шидиген аяғын бауырына тартып ала қойды.

- Көзіңізбен көрмесеңіз, көңіліңізден шықпас күдік енгізермін. Әр нәрсенің өз уақыты бар. Сәл сабырлы болыңыз, тақсырым!

Осыдан кейін Өлзейту ханымның Хұтқай-Тофаға деген ілтифаты кілт өзгерді. Көзімен елжірей сүйіп, көңілімен емірене тілеп, бәкене шалға ордаға кіргеншықққанда ындыны құрыды да отырды. Күлімкөздің сиқырлы жылты көбейді ме, ашкөз аусардың қартайғанда кәрі жыны қозды ма, уәзірдің жас ханым дегенде қоярға жаны қалмады. Қарға аунаған түлкідей бұлықсыған жас ару кәрі бүркіттің қиядағы көзін аулап, ақыры оңашада үстінен түсірді.

Құс-мамық төсекте аппақ тән аршыған жұмыртқадай жарқырап ашылып-шашылып жатыр екен. Жаныға ұмтылған шалға ақ тамағы бүлкілдеп, қара көзі жаутаңдап, ынтыға қол созды. Хұтқай-Тофа тынысы тарылып, өкпесі қаңсып, буын-буыны сыртылдап, қос өркешті жұмырығымен сығымдап, үстіне ентіге құлай берді. Одан әрі не болғанын білмеді. Аунап тұрған Өлзейту ханымның от шашқан қаһарлы көзін көрді. Дырылдатып өзін сирағынан көтере сүйретіп бара жатқан екі дәуқараны көрді. Жандәрмен бұлқынып бір бас көтергенде, қайқы қылышын жалаңдатып зәр төгіп төніп келген Әлібек ханның сұлбасын шалып өтті.Одан әрі дүңк етіп оршып түскен денесіз бастың қос жанары шаңыраққа қадалып, кірпік қақпай қақшиды да қалды.

Өлзейту ханым әміршінің тізесін құшақтай құлады.

- Кегім қайтты. Харгацуг-Төгерең-Темірдің жас қанына мына кәрі төбеттің сарысудай сұйық қанын қостым. Ерім кінәсіз еді, арам пиғылдың құрбаны болды. Хұтқай-Тофа мені мен сіздің алдыңызда адал еді, көзін жойғыздым. Осымен шемен боп қатқан бар кегім түгел қайтты. Сіз ерімді өлтірттіңіз, мен шалды өлтірттім. Ендігі құшарым суық көр болсын, мені де өлтір, әміршім!

Әлібек ханның мысы құрыды. Өз қолын өзі кесе алмай, бауырын өрт шалғандай, ордасында бірнеше күн бүрісіп жатып алды. Ақыры уәзірінің жете алмай кеткен тілегін орындамақ ниетпен, Хұтқай-Тофаның Баталу деген ұлын алдырды. Желге қаққызбай, күнге тигізбей мәпелеп өсірген сұлу қызы Самор Гөнжиді некелеп қосып, Баталуды төрт түмен ойратқа хан

көтерді. Жоңғар хандығы тауарихта алғаш осылай шаңырақ құрды.

Дәл осыдан бастап жеті хошун Халха[1] мен дүрбен түмен ойрат[1] [2] аталған Жоңғария хандығының арасы іріген сүттей бұзылып сала берді. Іргеден ши жүгіртіп, бірінің бірі күндіз күлкісін ұрлады, түнде ұйқысын бұзды. Тұяқты малдың әр түгінен түлік өсіп, қара жерді қайыстырып қаптап кетер қайырлы кездер бұрын да болған ғой. Жерге мал сыймаса, елге ер сияр ма? Тұлпар тұяғы дүбірлеткен қу дала құла түзде қу толағай бастың қаншасы шірімеп еді. Толарсақтан қан кешіп, қаншама боздақ бозала түннің қойнында бордай солмап еді. Әсіресе, кезінде Алтын хандығы аталған Шығыс Манғұлияның Шолой-Обашы хонтайшысы Жоңғарияға тіпті қырғидай тиіп еді. 1552 жылы ойратты ойсырата жеңген ол шекарасын нығайтып алған-ды. Арада он жыл өткенде, қара ит жылы, Ордос маңғұлдарының ханы - Құтықтай шешен (Хутухтай-Сецен) енді торғауыттарға тұтқиылдан дүрбелең салып, Ертіске дейін дүркірете қуған ғой. Дәл осы Құтықтай шешен хонтайшы он екі жылдан соң, көк ит жылы, ойраттың хойт руының әміршісі Еселбай-қияға (Эсель-бейн-хяға) шабуыл жасайды. Еселбай-қияның қолы жеңіліп, өзі тұтқынға түседі. Араннан әупірімдеп айла тауып қашып шыққан Еселбай-қия кейін қол жиып барып, Құтықтай шешенді өлтіріп, кегін қайтарған еді.

Текетіресте жағаласқан тірлік итжығыспен өтіп, Жоңғария мен Манғұлия арасындағы қанды қақтығыс ұзақ жылдарға созылған.

1559 жылы Алтын хандығы Ордос пен Амдо жеріне өтті. Көп ұзамай Көкнор (Кукунор) көліне жетіп, сол маңайды жайлай бастады. Сөйтіп шығыс Манғұлия іргесін оңтүстік-батысқа қарай ілгерілете жылжытып, ойраттың солай қарай барар жолын қиып тастаған еді.

Солтүстікте - Алтын хандығы, шығысында - шығыс маңғұлдарының тайшылары, батысында - қазақ хандығы жатқан ойраттың он алтыншы ғасырдың аяқ кезіндегі хал-күйі тіпті мүшкіл-тін.

[1] Жеті хошун Халха - Шығыс Манғұлия.

[2] Дүрбен түмен ойрат - Жоңғария.

Тауарихта Дешті қыпшақ аталған қазақ даласының құдіретті ханы Тәуекел бұл кезеңде аса дәуірлеп тұрған болатын. Қол астындағы иелігінен үш жүз мыңға тарта сарбаз шығара алатын айбынды қазақ ханы Моғолстан мен Бұхараға қарсы жүргізген соғыста қатты бел алып, оларға өз үстемдігін орнатып еді. “Тісің барда ысқыр, мұрның барда түшкір” деген ғой. Ысқырып кек қуып, түшкіріп дәуір құрған Тәуекел ханның жалпақ далаға таудың тасындай жайып жіберген қалың ләшкері жолындағы жауын жапырып, алыстағы аламанды үйіріп алдына әкелген. Көне Сейхунның өне бойындағы таяқ тастам жер сайын қаздай тізілген сәулетті шаһарлардың жалғыз қожасы да өзі болған-ды. Түркістан, Ташкент қалалары да 1598 жылы Тәуекелдің тегеурінді пәрменімен қазақ хандығының қарамағына көшкен еді.

Осылай дәуірлеген Тәуекел от пен судан қатты тапшылық көрген ғой. Суы бал, түгі май Жетісу көз қарықтырса, малға өріс, ерге ырыс асқар Алатау жеткізбеген көрінеді. Кеудесі бар да, мойны жоқ, шолпысы бар да, алқасы жоқ тірлік санапты ол өз билігін. Алтын алқа - Жетісу қызықтырыпты тәуекелшіл Тәуекел ханды. Қызықтырыпты да, қырғын-сүргінге бастапты. Қазақтар ойрат шебіне шандатып жетіп, лаңдатып тиген ғой. Екі елдің арасында көптен бері көрінбеген көкала түтін тағы көлбеңдепті. Тәуекелдің қолынан ойсырата жеңілген ойраттың Жетісудан бері аттап басуына ешбір мүмкіндігі қалмаған екен.

Дүрбен түмен ойраттың солтүстік-батысындағы көршісі - Ібір-Сібір қазақтарының ханы - Мұртаза ұлы Көшім бұл кезде әлсірей бастап еді. Москва патшасы Қаһарлы Иванның Сібірге қарай қанат жайған отарлаушы әрекеті Көшім ханды туған жерден ығыстыра түскен-ді. Есілдің сағасындағы Көшім ханның Қулары қаласы ойрат иелігімен жапсарлас жататын. Қара дауылдай түнере келіп, түйіліп түскен ақ патшаның озбыр екпіні Сібір ханының етегін жұлқылап, көк желкеден көк сүңгідей қадалған ғой. Басы дауға түскенде, далбасалап жанға сауға іздеген Көшім өзінің досы Бұхар ханы Абдолладан жәрдем сұрап, бірақ одан ешқандай көмек алмаған соң далбасалап Ертісті өрлеп, ойрат жеріне сұғына кіріп кетпей ме. Зайсандағы ойрат

аулын шапқан Көшім хан біраз олжамен қайта оралғанда, соңынан куа шыққан ойрат қолы Қорғалжын көлінің маңында оның быт-шытын шығарады.Ініне кіре алмай жүріп, құйрығына қалжуыр байлаған тышқанның кебін киген бейшара Мұртаза ұлы Көшім хан содан кейін енді қайтып түзеле алмай, ақыры қаза тауып тынған ғой. 1552 жылы Қазан хандығын өзіне қосып алып, обырланған Ресей патшалығы осыдан отыз жыл өткізіп барып Сібір хандығын да құлатқанды. 1594 жылы алғаш рет Тара қаласын салып, түз халықтарына тұзақ боп түсер Ертіс бойындағы қасірет белдеуі атанған форпостары мен қамалдарының қаһарлы шебін бастағанына тауарих куә.

Бірі тірсектеп қуып, бірі қансырап қашқан хандық пен патшалықтың өктем дүмпуінің зардабынан солтүстік-батыс Сібірдің кең даласы босап қалды. Ен жайлауда азынап жел есіп, шұбырып аң жайлады. Төрт құбыласынан бірдей қысым көрген қалың ойрат енді осылай қарай шұбыра жылжыды. 1604 жылы торғауыт ханы Хо-Ұрлық Тара қаласынан үш күндік жолдай жерге дейін өз ұлысын Ертіспен төмен құлдилатып әкелген-ді. Жайылым мен өріс қуалаған осы Хо-Ұрлық отызыншы жылдардың басында Еділ мен Жайықтың арасын қоныстанған ноғайларды ығыстырып жіберіп Ресейдің қол астына кіріп, ақыры сол араны біржола мекендеп қалған-ды. Еділ бойына бүгінгі қалмақ елі осылай келген болатын.

Бұл кезде ойраттың үкімет билігі - “Чулған жарғасында” екеуара әмір-билік құрған хошоут руының ханы Байбағас пен чорос руының ханы Қарағұлдың[2] арасында өзара бақталастық жүріп жатқанымен дүрбен түмен ойрат қайта күшейіп, аумағы кеңейіп, қанат жая бастаған еді. Соның бір үлкен дәлелі -аласұрған ойраттар Алтын ханның иелігі - Көкнорға ауызды қарбыта салып қалған ғой.

Он жетінші ғасырдың жиырмасыншы жылдарында дүрбіт ханы Далай тайша, торғауыт әміршісі Хо-Ұрлық және Қарағұлдың баласы чорос тайшасы Шоқырдың Зайсан маңынан ауа көшіп, Қорғалжын көлі мен

[2] Қарағұл - Хара-Хұла - Жоңғарияның алғашқы хонтайшысы.

Ертістің орта тұсына өз ұлыстарын бастап келіп, Есіл мен Тобыл аралығын жайлап қалғанын көпшілік жұрт біле бермеуі мүмкін.

Сібір хандығын жұтып жіберген аждаһадай Ресей мемлекеті Ертіс бойына ентелеп енгенде-ақ манғұлдың Алтын ханы мен ойраттың көптеген тайшылары осынау құдіретті һәм қаһарлы ақ патшамен бейбіт келіссөз жүргізуге өз елшілерін үсті-үстіне жібере бастайды. Оған да екі түрлі жағдай қатты себеп болғанды. Біріншіден, манғұлдың да, ойраттың да адуын тайшылары өз боданына айналдырған Кузнецк һәм Бараба татарлары мен Енесай бойындағы қырғыз-хакастардан бұрынғысынша жасақ алып тұруларына Ресей тарапынан еш кедергі болмауын өтінсе, екіншіден, ойрат пен манғұл бірімен-бірі шайқасқанда, әрқайсысы ақ патшаның қарулы күшіне сүйеніп, одақ болуды көксеген еді.

Қарағұлдың алғашқы жаушысының 1620 жылы 14-қаңтарда алтынмен апталған Мәскеуге келгені көн сасыған ширатпа шежіреден белгілі болса, дәл осы күні Алтын ханның елшісінің де көп шеркеулі Мәскеудің қақпасынан таласа енгенін әлгі шежірелі жазбадан оқи аламыз. Елшілерді патша ағзам Михаил Романов бір күнде, 29-қаңтарда Кремльдегі Грановит палатасында кабылдайды. Сол жылдың 24-сәуірінде Алтын ханның елшісіне, ал 25-мамырда ойрат елшісіне ұлұғ патша ағзамның сенім грамотасы тапсырылған болатын.

Жауынгер көршілерін әлсірете берсе, өздеріне аса тиімді болатынын көздеген айлакер саясатпен ақ патша кабинеті екі жақты да есекдәмемен шығарып салғанды. Оңайдан олжа түсіргіш ел ішінде епшіл пысықтар болады. Екі тентекті төбелестіріп қойып: “Саған көмектесем, аянба! Алып ұр да, алқымын ез!” деп біреуіне көз қысып, содан кейін әлгінің бетін ала беріп, екіншісіне ым қағып: “Мен қасында тұрғанда еркін қимылда, жеңіліп бара жатсаң, жауыңның желкесін үзем!” дейтін әзәзіл емеурін білдіретін олар. Алтын ханға: “Ойраттан сендерді қорғауды сібір воеводаларына мықтап тапсырам. Қорықпа да, қам жеме!” десе, Қарағұлға да дәл сондай емексітпені қайталаған ғой, алакүлік патша ағзам.

Осыдан кейін көптен тыйылған Жоңғария-Халха қырғыны қайта басталып берсін. 1619-жылы Алтын хан манғұлдары қазақтың Есім ханымен одақтасып, дүрбен түмен ойратқа дүбірлете тиген-ді. Өйткені осының алдында ғана Қарағұл хан қазақ даласына шабуыл жасап, жатқан жолбарыстың шабынан түрткендей қылық танытқан болатын. Қол істегенді енді ол мойнымен көтеруі керек. Есім хан неге есе қумасын. Алтын хан мен қазақтардың тізе қосып, қос бүйірден қыспаққа алатынын білген Қарағұл Томбы-[3]мен Кузнецк арасын қыстап шығып, Өбі[4] өзені бойына бекініс сала бастайды. Одан бірақ ештеңе өнбейді. Көктем шыға қар суымен бой көтерген көк жасыл шалғын қызыл қанға боялған еді. Түйе ботасынан, бие құлынынан айрылып, өрістен мал, қоныстан ел кетіпті. Зарлаған ана, жылаған бала Қарағұлды қарғапты. Қатын-баласынан айрылған Қарағұл хан қу тағдырын, арпалыста өткен соқыр тірлігін қарғапты. Келесі, 1622 жыл біршама тыныштыққа өтіпті. Екі жақ та жарасын жалап жазып, жау-жарағын жаңа ұрысқа дайындаса керек. Осы бейбіт сәтті пайдаланып Кузнецк төңірегін боданына өткізген Қарағұл енді тымақты алшысынан киіп, ат үстінен бір түспепті деседі. Дүрбіт ханы Далай-Тайшаны, Торғауыт ханы - Хо-Ұрлұқты, хошоут ханы - Байбағасты уағыздап, үгіттеп соңына ертіп алған ол Кузнецк қаласындағы қалың елге сауыт, дулыға, қалқан, найза, қылыш жасатқызады. 1623 жылы ойрат-Халха соғысы қайта қызады. Кең даланы дабыл үні жаңғыртады. Сахараның шаңын бұрқыратып, ат тұяғы дүбірге дүбір қосады.

Үсті-үстіне көбейген қанды жорықтары ақыры Хо-Ұрлұқты Астрахань - Әжтархан жаққа кетуге мәжбүр еткен ғой. Далай-Тайша батысқа ауған торғауыттардан бөлініп, Қарағұл ханның ұлысына қайтып оралады. “Чулған жарғының” екінші әміршісі Байбағыс ханның жұлдызы біртіндеп сөне бастайды да, жоңғар хандығының биік көгіне Қарағұлдың күні жеке дара

[3] Томбы - Томск.

[4] Өбі - Обь.

жарқырап шыға келеді. Дүрбен түмен ойратты содан былай чорос тұқымы билеп кеткен еді.

Қарағұл хан 1634 жылы өледі. Орнына Хото-Хоцин-Батыр атты баласы хан сайланады. Тибеттің далай-ламасы оған Ердени-Батыр хонтайшы атағын береді. 1635 жыл - Жоңғар хандығының өз алдына дербес мықты хандық құрған жылы болды.

3

Он екі қанат ақ орда - кірсе шыққысыз. Қыпшақ иінді, үлкен ауыр шаңырақты еңселі қазақы үйдің торкөз керегелерінің ашық көгіне күмістен шытыра жүргізіпті. Сәуле шағылыстырып, көздің жауын алады. Күйген сүйектің күлімен бояған ақ шаңқан үзік-туырлық аса сәнді.

Қорабай ең сыйлы қонақ ретінде қақ төрге жайғасыпты. Әсем шырқап, құйқылжыта көтеріп ән салып отырған қыз-жігіттің риясыз ақжарқын күлкісін, әдемі әзіл-қалжыңын өзінше мәз бола құптап, жас-желеңнің ағынды қызығына қалтқысыз беріліп кетіпті.

Ән мен күйде толас жоқ.

Айдап салдым жылқымды теріскейге,
Бақпай қойсам мал шіркін өрістей ме.
Жылқы ішінде саңлақты ұстап мініп,
Осылайша ән салсам келіспей ме.

Қарапайым ән қоңыр кең дауыспен бұралта созған жігіт үнінде өзгеше естіледі екен. Манадан ән біткенге жапатармағай тегіс қосылып, үздік-создық көтермелеп келген жұрт енді үнсіз қапты. “Өзі айтсын, жеке айтсын. Ән иесіне кездескен екен” дейтін тілсіз келісім тапқан көпшілік аққұба жігіттің аузын бағып отырды да,

Қара жорға,
Жорғалатып салайын
Жолдан жолға,-

дейтін ән қайырмасы аспандап, әуелеп барып үзілгенде, тұс-тұстан дуылдаған қошеметімен серпіліп кетті:

- Қара жорға әншінің өзі екен!

- Әнді де жорғалатты-ау сабаз!

- Бәсе, әнді айтса, осылай айту керек қой!

Қорабай жағалай жиынға көз қиығын жүгіртіп, қалың ойға шомып кетті. “Әні - ерке, өзі - еркін сері халық! Қуанса, шалқып, қатуланса, серпіп кететін жұртының мінезі досқа үнемі ашық, дұшпанға қамалдай берік тәрізді-ау. Бетін желге де қақтырмайтын қайсарлығы осынау үлгілі өнер-тәлімінен өрбитін шығар. Қадірін танытып, қасиетін ашып салды ғой ән, күйімен. Жалпақ даласын жайлаған үрім-бұтақ атадан балаға кетер мынау қанына сіңген жақсы салт, шыншыл өнерімен асқақтап жүрген-ау. Аша салды-ау көңіл қазынасын бүкпестен! Басынан намыс асырмай, ызасын кегіне қайраған осы азат елді табанға таптар күш бар ма? Ойрат - аламан ғана. Аламан ізгілікті өсірмейді, қуалап өшіреді. Оның құрмет етері жоқ. Жауыздықтың жалғыз табынар құдіреті - қастандық. Ал, қастандықтың ғұмыры шолақ. Өнерпаз елдің бір бұлқына сілкінгенінен қалмайды.”

Ән еріндерді жағалап, қара домбыра қолдан-қолға көшіп, кезек қонақ жігітке де жетіп қалыпты.

Қорабай қапелімде қатты састы. Ат үстілік желікті көп қуса да, ән мен күйден сыбағасы аз болатын. “Айта алмаушы едім” деп қипақтап өкініш білдіргенде, кең маңдайдан бөрткен тарыдай тер домалады. Бөтен қонақтың қиналғанын қызықтап желпінген жас-желең одан сайын құтырды.

- “Әу!” демейтін жігіт болмайды!

- Ең болмаса өз елінің бір әуенін ыңылдасын!

- Домбыраны қолына беріңдер!

Осы кезде жіңішке әйел даусы сыңғырлай естілді.

- Текке дуылдамаңдар! Шырақтарым, соншама қадалып, мейманын сыйламаған елдің әбес мінезін танытпаңдар. Қонақ үшін мен айтам. Өздеріңе керегі ән ғой. Кенжемнің шілдеханасында айтпаған өлеңді, қайда айтам.

Дуылдағандар сап тыйылды.

Әлгі келіншекке алғыс таныта бас изеген Қорабайдың назары байланып қалды. Басындағы қара жаулығын, мұңлы көзіндегі мұң пердесін көрсе де, әдемі бәденге айрықша сүйсінді.

- Балайым жеңгемнің “әу!” деген лебізін тыңдамағалы көп боп еді!

- Е-е, айтпай кетті ғой біраздан бері...

- Шуламаңдар! - дескен дауыс әр тұстан жамырап шығып, тез басылды.

Балайым бір қырын отырып етегімен тізесін қымтап, шырқап кетті.

Дәйім менің мінгенім, кер балағым,
Ренжуден тартады сол қабағым.
Қолым жетпей қор болдым сұм заманда
Қияметтік қимасым, қош, қарағым!

Ә дегеннен-ақ келіншектің ішкі мұңынан жуас саумалдай сорғалаған сағыныш сазы отырғандарды әртүрлі ойға түсіріп, баурап әкетті. Жұрт көзінше күрсініп, жат алдында жабығып көрмеген жайсаң жан алғаш рет ah ұрған ащы сырын ашып, аңырай жөнелгенде, үйдегілер түгел елең ете қарасып, Балайымды шын түсініп, ұға бастады. Осы шаққа дейін ешкімге мұң шақпай, ер көңілмен шыдап келген адал жеңге іні-қайын, құрбы-құрдастан әнімен рұқсат сұрап, әнімен әлдебір тосын ыңғай танытқандай болып еді. Осыдан кейін ән-күй қожырап, той қызуы саябырлады.

Осы күннен кейін Балайым мен Қорабайдың көздері пәнәйі себептермен жиі түйісіп қала беретін болды. Келіншек жанарында ұяң ашылып, тұтанып келе жатқан әлсіз ұшқын жігіттің көз құртына айналды. Ақыры екеуі оңаша кездесіп, алдағы күнге сенім білдіріп, бір түйін түйді.

Шілдехана өтісімен Жомарт Балайымға бәйбішесін жұмсады. Үлкен үйде жалғыз шоқиған батыр бір шөкім насыбайды езуіне тастап жіберіп, құшырлана сорып, ой кешіп отыр.

Балайым Жомарттың туған інісі Самат марқұмның

жесірі. Қазалы болып, қара жамылғанына екі жылға айналған. Інісінің жылы толып, асы өткен соң Жомарт келініне рұқсат берген-ді. Сонда Балайым “Саматқа келгенде, ендігі өсер аулы, өнер елі осы жер деп бір жолата келгенін, осы ауылға бауыр басып кеткенін айтқан. Ешқайда бармай Саматтың аруағын сыйлап өтуге бекінгенін айтып, батырдың аулында қызыңдай боп қалсам” деп өтініш білдірген.

Елеңдеп, дүбірлеп келген туыстары - Мұқатайларды да Балайымның өзі тежеген. Содан бері Жомарт ақылды келінін аталық мейіріммен ерекше сыйлайды. Өз алдына енші бөліп беріп, қасына алған. Бүгінгі шақыртып отырған себебі - мына жаңа туған кенжесі - Жауынбайды келінінің бауырына салмақ. Сөйтіп қаралы жанның жаралы көңіліне шипа боларлық далбаса жасамақ.

Балайым босағадан иіліп, сәлем бере кірді.

- Отыр, Балайым шырағым.

Келіншек от басына жақындау тізе бүкті.

- Қарағым, ауылымның аяулы бір адамы болдың. Кешегі Саматымның орнын жоқтатқан жоқсың. О да болса мінезділігің. Атадан қалған салт бар. Жалғыздың ой орманы көп болады. Саматымның бауырына салар бір шикіөкпені сол інімнің көзі деп өзіңе бергелі отырмын. Жауынбайды бала қыл. Батамды ал, - деп Жомарт жаюлы алақандарын көтере берді.

Балайым тез қозғалды.

- Көңіліңіздің садағасы кетейін, көке! Осыншама еркелеп келдім. Еркіндеп келдім. Бетімнен бір қаққан жоқсыздар. Күні кешеге дейін көңіліме алаң кірмеп еді. Сол қалпымда алаңсыз өтер ме едім, білмеймін. Осы бүгіндері, көке, келініңіз үлкен ой үстінде. Қатты сенделіп, қайрат таба алмай келді. Қалай шешсеңіз де, бар билік бір өзіңіздің қолыңызда, - деп тағы иілді.

- Бөгелме, қызым! Айта бер.

- Көке, айтсам, алдандым ба, амалдадым ба - бір әрекетті тірек көрем. Саматымдай біреуді кездестірдім. Соған оны балап, қапысыз сенетін де тәріздімін. Тілеуімді құп көріп, тілегімді қисаңыз, сол жігіттің етегінен ұстайын.

Жомарт қанын ішіне тартып, сұрланып ала қойды.

Басқаны күтсе де, дәл осыны тоспаса керек. Көз етінің тарам-тарам тамырына долыра қан жүгіріп, келініне бақшия қадалды:

- Солай де, Балайым шырақ! Інім Самат дәл бүгін өлген екен! - деп бүкшиіп сол қырына жантая кетті.

Балайым қайынағасына үрке қарады. “Батыр да пенде екен ғой!” дейтін дүдәмал түйсік тұлабойын құйындай шарпып, шошытып жіберді.

- Көке, сөз реті келген соң айтып едім. Желік бумай, тірлік аңсаған дәрменсіз ғана күйбеңім еді, не дейін! Сізді ренжітіп, ешқайда бұл табалдырықтан аттап кете алмаспын, - деп орнынан асығыс көтеріле берді.

Жомарт басын жұлып алды.

- Балайым-ай! Еркекке бермес асыл басыңды қимаймын ғой. Сені өкпелетіп қойып, тірлік кешпесемші. Бердім тілегіңді! Кім еді?

- Қорабай қонағыңыз...

- Қорабай деймісің?! Болар, болар. Жөн екен. Қане, Балайым балам, қолыңды жай. Батамды берейін, - деп емірене күбірлеп, бата қайырып, қос алақанмен құшырлана бетін сипады.

* * *

- Уай, Жомарт бұл не бұлтағың?! Қай қорлығың?! Самат өлгенде, алланың ақ бұйрығы тосқан тағдырға қарсы келмеп ек! Қасарысып бүлінбеп ек. Енді кеп сен тәлкекке саласың. Әлде бізден ала алмай жүрген есең, жасай алмай жүрген қысасың бар ма еді. Өмір бойы тұл төсекті құшақтап, қуарып өтсін деген жосық жоқ ұрғашыға. Қайтар қызымызды! Ая жастығын! Босат Балайымды! - деп Бекей суырыла сөйледі. Сақалы шошаңдап Бекей мүдіріссіз есілгенде оның сол жағында отырған Мұқатай мықынын таянып алып, қос бүктеген қамшысымен от басын сабалай түсті. “Қатты келдім, қайыстыра айтам, қақырата сөгем!” дейтін ыңғайы да сол.

Жомарт Бекейге қиыстады.

- Ей, Бекей! Ашу - толқын, лықсып жарға соғады.

Лықсып кейін қайтады. Ақылға жүгінейік те. Дәм-тұзымыз жарасып, құда да болдық. Құйрық-бауыр жесістік. Ақ бұйрық жетті де, мені - бауырдан, сені - күйеуден айырды. Торықтық та төздік. Балайым саған туыс болса, мен жанашырымын. Оның тағдыры сені де сенделтеді, мені де қиналтады. Құдай жылатқанды енді кеп біз зарлатсақ - сақалды саудалағанымыз емей не болар. Жөн-жосық тіземен өктемейтін. Айқай, ұранмен өтпейтін. Соны ескерейік. Құдадан емес, құдайдан кесік күткен жайым бар. Балайымды шақыртайын. Не қаласа да, өз аузынан естиік, - деп батыр бір жігітін келініне жұмсап жіберді.

Бекей мен Мұқатай үнсіз қалды. Бұл келгендері - батырдың әнеукүнгі тұтқынды да бермей, оның үстіне Мұқатайды нақақ дүрелеген қысасына қысас деп өздерінше түйіліп түскен түрлері болатын. “Қыз - біздікі. Шөпжелке шөже ағайыннан асып кете қоймас. Кетсе де, көбікбас әйелге ерік бермеспіз. Ат көтіне сұлатып әкетіп, Жомарттың сағын сындырармыз” деген қара ниетпен тез жеткен-ді. “Шақырсаң - шақыр. Жер болғаныңды от басыңда көзіңе шұқып отырып көрсетейік” дейтін сыңар езу жуандық танытып, біріне-бірі насыбай ұсынып, ауыр дене-лерімен іргеге аударыла бұрылып, шырт-шырт түкірісіп қойды.

Балайым жаулығын бетіне көлегейлей түсіре табыл-дырықтан имене аттап, сәлем етті де, босаға жақта тізе бүкті.

Жомарт даусын қырнады.

- Балайым шырағым, мына ағаларың тағы келіп отыр. Қандай оймен келгенін өзің де сезесің. Келін боп түсіп, қызым боп кеттің. Мен ризамын, қарағым. Не қалайсың, ойынды ашық айт. Жасырмай, бәрін айт. Сені жылатпауға тырысармын!

- Батыр, күлтілдетпей жөнге көш! Мың жерден мәймөңкелегеніңмен келініңе ағайынынан жақын емессің. Балайым, біз саған келдік. Алып кетуге келдік. Басың жас. Аруақ күзетіп, өміріңді босқа өксітпе. Қазір бар да, жолға дайындал! - деп Бекей дүниені түгел асықтырып, билеп-төстей жөнелді.

Балайым терең күрсіне дем алды.

Жомарттың әйелі - ақ бәйбіше Балайымға сыбыр-лады:

- Жүрексінбе! Айт. Ештеңеден қаймықпа...

Балайым төрге бұрылып отырды. Басын баяу көтеріп, еңсесін тіктеді.

- Құнға төлеу боп енбей, жарға сүйеу боп аттап ем ақ босағамды. Сол ақ босағамнан арысымды шалқа-латып шығардым. Аз күн қызық көрдім. Көп түнді қайғы-шермен ұзарттым. Ұзақ сарылып көксейтінім де сол қысқа қызығымның таңдайдан кетпес дәмі. “Қыз - қонақ” демеуші ме еді. Екі ағайын, қос аға, соңымнан тағы қуа кепсің. Тағы өңгеріп апарып қай босағада сықситпақсыңдар? Қайтып барып, қыз болып мөлиіп қалай отырам? Келген жерім - енген төрім еді. Келін боп қысылмай, емін-еркін еркеледім. Ендігі бар еркім батыр көкемде. Маған таласпаңдар. Қырық жеті қысырақ бәсім түгел төленбеп пе еді? Туыстық салыстырсаңдар, көкемнен артық емессіңдер. Ет бауыр жақыным, бір туған аға-інім жоқ. Мені бекер қинамаңдар. Көздегендерің менің қамым болса, соны шын тілесеңдер - ақ баталарыңды қазір беріңдер, ағалар. Көкемнің қонағына сөзімді бергем. Әйел де болсам, қайта жұтар сертім жоқ, - деп Бекейге кірпік қақпай тура қарады.

Бекей ұзын денесін қазықша шаншып ап, кеудесі сырылдап, қапелімде ауыз аша алмай көгере булығып қалып еді, шапшаң Мұқатай қамшысымен от басын төпелеп, зірк-зірк етті.

- Ойбай, мынау тұп-тура Жомарттың ісі! Осы мүт-тәйімнің қысасы! Кешегі құнықер жауыма бүгін қарындасымды әдейі қосып беріп, бізге жасап отырған дұшпандығы! Арқамда дойыры ойнаса, ішімді өрті шалды! Аямай, азаптап шалды! Кекке кек, ойбай! Сен туған найман атадан мен де туғам, Жомарт! Сенің анаң жеген қалжаны менің шешем де жеген. Жағаңда қолым, кеудеңде қанжарым кетер! Жүр, Биаға! Отырма енді мына жау ортада. Намысың болса, өл мына қорлықтан! Әйтпесе, өш ал, қайтар кегіңді!

- Балайым! Атың өшсін сұңқадам! Қыз - дұспан деген осы. Іштен шыққан шұбар жылан! Бір жаудан

бір жауға кеттің. Кет! Барғаныңнан келме! Әне, менің батам!

Бекей мен Мұқатай сол томырық ашумен аттарына асығыс қонды.

Үш күннен кейін Жомарт батыр Қорабай мен Балайымды өз қолымен ұзақ жолға аттандырды. Қастарына бір топ жігітімен үлкен ұлы - Садырбайды қосып берді.

4

Арғанаты тауының күнгей бөктері шашау шығармай тегіс көктеген. Әр тұстан шоқ шашқандай алаулаңып серейе өскен қызғалдақ таспалана жарысып кетеді.

Етекте балақтап кең жайылып кеткен алып дарақ оқшау қараяды. Саясына жан-жануарды паналататын алып ағаштың сыбыры мол сансыз жапырағы жыбыр-жыбыр қозғалып баяу сусылдайды.

Дарақтың түбіне құйрық басқан Тәсібек елтірі тымағын шешіп, маңдайын сүртті. Қонышынан кішірек шақшасын алып, асықпай насыбай атты. Құшырланып тіс арасынан шырт-шырт түкірді. Содан кейін жон арқасын ағаштың дініне тіреп, аспанға шаншыла қарады. Көз ұшында көбелектей-ақ болып айналып ұшып жүрген қарақұсты көрді. “Шіркіннің қанат серппестен қалықтауын-ай! Талай жерді бірден шолып тұр-ау. Мені де көре ме екен? Көр. Көре бер. Бірім екеу болды. Одан артықтың маған керегі жоқ!” “Бірім екеу болды” дегенде Тәсібек иегін кеудесіне құлатып қарсы алдындағы ақ інгенге ала көзі күлімдеп, мейірлене қарады. Ақ інген болса, шекпенге орап тастаған шаранасы әлі кеппеген ботақанды иіскелеп, ауық-ауық баяу ғана боздап қояды.

Шаруаның қуанышында шек жоқ. Жалғыз түйелі кедей Тәсібек екі түйелі болды. Анау ботақан шіркін бүгіннен бастап иесінің байлығын еселейді. Бота өссе, кәдімгі өркеші жардай түйе болады. Түйе болса, Тәсібек оны бір емес екі-үш жылқыға айырбастайды. Ал жылқы дегенің... Қиял қандай ұшқыр! Әп-сәтте шаруа ойынан босанып шыққан қанатты қиял сонау

қарақұстан да биіктеп, түу-түу түпсіз заңғарға шарықтап кетті.

- Ассалаумағалайкүм!..

Сасып қалған Тәсібек орнынан опыр-топыр атып тұрды. Тып-тыныш отырған адам оқыс қимылдағанда, жақындап келіп қалған ат үркіп, жалт берді. Үстіндегі кісі құлап түсуге шақ қалды.

- Уай, Мұқатаймысың?! Уағалайкүмссалам. Е-е, шырақ, жол болсын! - деп оң қолын ұсына ұмтылды.

Мұқатай атынан түсіп, шылбырын сүйрете келіп, ағаштың саясына жантая кетті.

- Отыр, Мұқатай отыра ғой. Дем ал. Демалған жақсы. Өзің көрінбей кеттің ғой. Әлгі біздің Балайым келін кеткелі ауылға да соқпадың. Әй, әй, осы мен сені сағындым. Рас айтам, - деп Тәсібек нығыздала жайғасып, малдасын құрып алды. - Айтпақшы, осы сен жас тоқал алды деп еді-ау, құсың қайырлы болсын Мұқаш!

Мұқатай тырс етіп үндеген жоқ. Қисайған бойы ақ інгенге тесіле қараумен жатыр. “Адам көзінің сұғы өтеді, тілі тиеді” дейтін секемшіл нанымы бар Тәсібек құйрығымен сырғанай жылжып, ақ інгенді Мұқатайдан тасалай берді.

- Мұқаш-ау, сеземісің, көктемнің осы шыққаны шыққан-ау, ә? Қарашы көк исін. Тұп-тура мұрын жарады! Анау бозторғай екеш бозторғай да ән салып, төңірекке өзінше мадақ айтады. Бұ көктем шіркін ұйқыдан оянған баладай ғой, баладай’ Міне, міне оны айтасың, құмырсқа да ырзытын айырып, дән сүйретіп барады.

Мұқатай қоштамады. Сырғанай жылжып тағы да ақ інгенге қадалды.

- Тәсібек-ау, немене, інгенің боталаған ба?

- Мұқаш-ау! Бұл өзі қайырымен орындалған бір іс боп тұр. Екі-үш күннен бері толғақ буып, бұ інген шіркін мазамды алмады ма, түге. Көзімнен таса қылам ба сонсоң. Анау батырдың бәйге көгін мен жаратып жүрмін ғой. Жануардың үсті - жел! Кең дала табаныңның астына тығылып, апшысы қуырылып, тоқымдай болады-ау! Көктұйғын болдырмайды. Ал мен жаман шаршаппын. Ал шаршаған адамның өлген

адамнан айырмасы шамалы. Бас тиген жерге тұяқ серппей қатып қаппын. Біздің үйдегі қай бір пысық әйел. Көзін жұмса, қор етеді ғой баяғы. Ақ інген содан бошалап кетіпті. Ойпырау, не көп, ит-құс көп. Тұра сала далақтап жүгірейін. Есім шыққаны ғой, ат та мінбеппін. Ақ інген - құтым емес пе. Әйтеуір, алысқа ұзамапты. Ақ інгенді тірі көргенде көзімнен жасым пора-пора ақсын. Шаруаның зары тәңірінің құлағына шалынғыш қой. Көз жасымды иіп, бір пәледен сақтады. Ақ інген олай-пұлай болғанда бар ма, дәл осы арада менің өлімімнің үстінен шығатын едің, Мұқаш.

Мұқатай Тәсібектің ызыңдаған үнін естігенімен мағынасына мән беріп отырған жоқ. Оның ойында Жомарттың бәйгекөгі - Көктұйғын ғана. Көктұйғын - қыздың пұлы, ердің құнына балаған айтулы жүйрік. Жүйрікке көз салып құмартатындар көп. Қолы жетіп құрық тастайтыны жоқ. Жомартты Көктұйғынынан айырса, онда батырдың сағын сындырады. Ол үшін жүйрікті ұрлау керек. Ұрлаған соң сіңдіру керек. Ондай әрекет Мұқатай қолынан келмейді. Онда кек қайтпайды, намыс бұрынғыдан да бетер қайнайды.

- Әу, Мұқаш қалай ойлайсың?..

- Не, нені айтасың? - деп Мұқатай ішкі сырын білдіріп алғандай сасып қалды.

- Мұқаш деймін, алла жазса анау бота өседі, ә. Қалқайып тайлақ болады. Тайлаққа кім болса да баспа бас бие береді ғой. Солай емес пе? Тіпті байтал-ақ берсін, Мұқаш, саудаласпаймын. Ал байтал шіркін құлындайды. Құлыннан - тай, тайдан - құнан, дөнен, бесті шығады. Солай ғой, Мұқаш. Тақымында атың, өз атың болса тымағыңды алшысынан киіп алып, ауыл үстіне аяңдатып кеп түсіп жатсаң! Одан артық арман бар ма, Мұқаш?! Әй-әй, сен менің атпаз екенімді білемісің. Мұқаш-ау, мен байталды батырдың мыңынан таңдап алмаймын ба. Таңдаған соң анау-мынау жабыны қайтем. Тұлпар туатын ене бесенеден белгілі. Ал тұлпар шіркіннің айт-айтпа жөні басқа, Мұқаш-ау! Ойыңды еті бөлек-бөлек, омырауы сала құлаш, төсі салқы, жұмыр тұяғы жұдырықтай, арты талтақ, алды мәймек арғымақ көріп пе ең? Әй-әй, әне, нағыз қолға

ұмыры түспейтін пырағың сол. Ұршығы төмен, мықыны тар, бауыры жазық, еті шақпақ жүйрік мініп пе ең, Мұқаш? Иек қағып, көсем желіп, бас сүзген күлік мініп пең, Мұқаш-ау! Әне, қалай! Сен қазір оған бота деп қарама, ол бота емес - ат! Менің, мына Тәсібектің ертеңгі күлігі! Сонда, Мұқаш, сен менің айғырымның үйіріне бие саласың. Әйгілі құлын аласың. Ол елде жоқ ат болады. Көремісің, Мұқаш!

Мұқатай еріксіз езу тартты. Шабан-шардақ шаруаның үмітсіз дөмесі күлдірмесіне қоймады. Бірақ зордың күшімен тірілген әлсіз күлкі тез өшті. Қалың қабағы қайтадан түсіп кетті.

- Әй, Тәсібек! Малтаңды езе бермей, жөнге көшсеңші! Одан да Көктұйғынды айтсаңшы! - деді.

- Е, оның несін айтам? Арғын, Найманның бұл өңірде Көктұйғынның шаңына ілесер қылқұйрығы бар ма, Мұқаш-ау? Батырға аты сай. Жомарттың Көктұйғыны дегенде талайдың сілекейі шұбырады. Жақында Арғын Тілеуберлі бидің асы болады. Көктұйғынды соған апарып, бәйгеге қосамыз. Анау Ақмырза батыр тұлпарды сұраған екен. Біздің батыр астан кейін алсын деп уәде еткен көрінеді. Уәдесін жұтпайды ғой Жомарт. Әйтпесе, Қадырбайдың қайын жұрты қалыңмалға тек осы көкті қалап, баспа бас дейтін болса керек. Батыр оған ойыспады. Маған салса, Мұқаш, Көктұйғыңды құдаға да, Ақмырзаға да сипатпа дер едім. Мені тыңдар ма. Сөзін жұтқысы келмейді. Бәрінен де Қадырбайға обал. Өзі ұрын барып кеп еді. Қалыңдығын ұната ма, қайынатасының қолқасын көкесіне айта алмай ұнжырғасы түсіп жүр. Мұқаш-ау, бәріміз де жас болдық қой. Бір есептен баланың да көңіліне қарау керек. Әйел алам дей ме, алсын. Қолы байланған соң, шаруамен айналысады. Мен солай ойлаймын.

Мұқатай бұлың-бұлың ойға шомып кетті. Манадан іштей әртүрлі айла-амал құрған ол қырқа шалатын осал тұсты болжап отыр. Жомарт айтулы батыр болғанымен - жалғыз. Қалың Арғынның ортасындағы оншақты Найманның тізгінін ұстаушы ғана. Ақмырза - Арғынның атақты батыры. Екеуі дос. Бірақ достың да қастасуы оңай. Ол үшін сына боп қадалар сылтау

табу керек. Сылтау табылса, бүтінге сызат түседі. Сызат ақыры сындырып тынады. Мұқатай өз-өзінен көңілденіп мырс етті. Іздеген ілігін тапты. Енді осыны жел боп үрлеп, тұтатып жіберсе, өрт дүрілдейді.

- Мұқаш-ау, өзің әбден жүдеп кетіпсің той. Сен батырға өкпелеме. Әй-өй, ағайын арасы қанша айқайласқанмен бүлінбейді. Мұқаш, сен тұрмақ мен де Жомартқа ренжіп қалам. Ренжімей қорқам ба? Бірақ ел сыйлаған батырды әрқайсымыз бір шаужайлап жатқанымыз дұрыс па, Мұқаш? Мал екеш, мал да үйірдегі басшысын тістеп, тепкілеп әбестік жасамайды. Өзің біздің ауылға бір келші. Ертіп апарып, батырмен татуластырайын. Ол менің сөзімді жерде қалдырмайды. Сендер біле бермейсіңдер, Мұқаш. Жомарт екеуіміз бір-бірімізді сонау бала күннен қатты сыйлаймыз. Әне, сен мені осал екен деме, Мұқаш. Осы дәл қазір жүрші! Ұрсып отырып, айып төлетейін батырға! - деп Тәсібек шындап қызынып, алақанымен жер тіреп көтеріле беріп ақ інгенге көзі түсті. Сол-ақ екен бар ындыны түйеге ауып, сылқ шөкті де, әңгіме бағытын өзгертіп жіберді. - Шіркін, ақ інген! Бұлақ қой бұл өзі! Көзін қарашы, Мұқаш. Мөлдіреп қарағанда адамнан абзал емес пе. Бәрін түсінеді-ау. Әттең тілі жоқ. Сен біле бермейсің, Мұқаш. Жануардың мен дегенде жаны бөлек. Әне, ботақаны да өзінен аумайды. Құдай қаласа, әлі-ақ ақ інген бір келе түйе болады. Қара да тұр, саған бір атан берем. Бермей, аяйын ба. Алмақтың да салмағы бар. Сен де қарап қалмассың. Әй-әй, Мұқаш, бұ түйе малын атама. Нағыз шаруаның қолы. Мініп кетсең - көлік, жүні - киім, шұбаты - тамақ. Оның қасында қымызың көк су ғой. Апырай, өзің бір құтты жолаушы болдың, Мұқаш. Жүрші қазір, қонақ қып жіберейін. Саспа, бір қонақасылық қауқарым бар әлі.

- Рақмет, Тәсібек. Асығыс едім, жолымнан қалмайын.

Тәсібек Мұқатайды қолтығынан демеп атқа мінгізді. Қанжығадағы қомақты жанторсыққа жармасты.

- Мұқаш, мынауың қымыз ба?

- Иә.

- Опырай, көп сөйлеп жібергем бе, тамағым қаңсып

барады. Қымыз жарықтыққа не жетсін. Жолың болсын, Мұқаш.

Мұқатай тізгінін қымтып тұқырта ұстады.

- Әй, Мұқаш, жаңағы айтқаным есіңде жүрсін.

- Немене?

- Әй-әй, атан берем деп едім ғой. Тіпті қаласаң, інгенін-ақ ал. Сенен немді аяйын. Шұбат ішесің. Қымыздан ол артық. Дегенмен, қымыз шөлдегенде шұбаттан кем болмайды. Солай ғой, Мұқаш?

Мұқатай ішінен сылқита боқтап алды да, қанжығасындағы жанторсықты шаруаға шешіп берді.

Тәсібек торсықты басына көтерді.

“Көні кеуіп қалған ба. Тауысатын болды ғой”.

Мұқатай ат үстінен еңкейіп келіп, жанторсықты жұлып алды, қайрыла қарамай атын тебініп жүріп кетті.

- Әй-әй, Мұқаш! Қымызың балдай екен. Ішіп қой, айналайын. Енді күнге тисе, мүлде ақырып кетеді. Сөйте ғой, Мұқаш.

Мұқатай құйғыта жөнелді.

* * *

Қыр мұрнының қос қапталы мен кең маңдайы бөрте тершіген Ақмырза жастықты шынтақтап жатыр. Әлгінде ғана төрге қарай кірпік серпкен қой көзде үйіріліп тұрған мейірім заматта жоталып, сұлқ тартқан түсіне салқын сұс ұялапты. Үйге бір кіріп, бір шығып ширақ қозғалып жүрген тоқалына да қабақ астынан жақтырмай сүзе карап қойды. Соны сезді ме, келіншегі көп бөгелмей, тысқа беттеді.

Төрде отыртан Мұқатай жылпылдап есіп сөйлейді.

- Сонымен, батыр, жақында тойымыз болады. Бала немені желік буған соң Жомартты әбден ығыр қып бітті. Көктұйғынды қимағанмен, Қадырбайдың мысын басқысы келмеді. Ақыры атын құдасына беретін болды. Құрдасыңыздың тойы - сіздің де тойыңыз, Жомарттың қызығы - сіздің де қызығыңыз ғой деп, Ақа, әдейі, өзіңізді қуантқалы келдім, - деп Мұқатай қолына ұстап отырған тостағандағы салқын қымызды сыздықтата

сімірді. Дәл осы арада Жомарттың өз адамындай көрініп, от тастамақ ниетпен Көктұйғынды Ақмырзадан әдейі алыстатып, жоғалтып сөйлейді. Ақмырзаны мөңкіте бір тулатса, өзінің Жомартқа құрған қанды қақпанының аямай сарт етерін ұғады да, одан сайын қапысын қалт жібермеуге тырысады.

- Бір қыз емес он қызға татитын Көктұйғын - қыздың төлеуі болмақ. Жомарт туысым жүйріктің парқын білмей ме, әлде елден озған сақи боп атын шығарайын дей ме, бұл күнге шейін жұрт естімеген пірсіз жомарттық жасап отыр. Батырға бәрі жараса ма, әйтеуір батпандап тыраштанып, ер құнына тұратын арғымақты шөпжелкенің бәсіне байлап салды. Ойлап қарасам, ішім удай ашиды. Байлықпен, бақпен тайталасып тұрған соң, құрдасыңыз ойына келгенін істейді де. Әйтпесе, Көктұйғын қолдан шығаратын жануар емес қой. Кім білсін, мың жиреннің буы болар әкетіп бара жатқан. Дос қарымтасына балайтын бәйгекерді қалыңмалға төлеу ету миға қонбайды екен, - деп әңгімесінің аяғын елеусіздеу қып ширықтыра бітірді. Тостағанды қайтадан аузына апара беріп, Ақмырзаның аяқ астынан сыздана қалып, суық тартқанын көрді. Іштей “түрт шайтан!” деп күбір етті де, қамшысын ұстады.

Қонағының кетуге қам жасағанын көргенде Ақмырза басын көтерместен айқай салды:

- Уай, Қатжан! Қазан көтер.

- Алла разы болсын, батыр. Суыт жүр едім. Әлгі той хабарын өзіңізге арнайы айта кетейін деп соғып едім. Көктұйғынды беретін болған соң, Жомарт жайлауға қонысымен тездетіп тойын жасар. Сол кезде тағы хабаршы келер. Қамсыз отырмаңыз, - деп Мұқатай орнынан тұрды.

Оңаша қалған Ақмырза қатты қиналды. Жомарт - жанына балаған қимас досы еді. Жерден тарлық көрген құрдасын осы Арғанатына бастап келіп, қыстау мен жайлауды бөліп бергізген де өзі болатын. Талай рет ортақ жауға тізе қағыстырып бірге тиген құрдасы ешқашан көңілін қалдырмаған. Сол қалмаған көңілдің қолқасы Көктұйғынды сұратқан. Жомарт та досының қолын қақпай Тілеуберлі бидің асына дейін жаратып,

бәйгеге қосып, сол жерде бермекші боп уәде еткен. “Енді не болмақ? Уәдесі қайда? Уәде - сөз. Айтылды - кетті де, әлде алтын көрсе періште жолдан таяр. Жомарттың да тайғаны ғой. Сонда... Ас өтсін дегені - қашыртқаны екен-ау... Ендеше, өз қылғанын өзіне жасайын”.

Ақмырза сол түні еңгезердей жігітін жеке шақырып алып, елеусіз суыт аттандырып жіберді...

...Көп ұзамай Жомарт аулы Арғанатыдан ауа көшті. Қалың жылқы Қаратауды бетке алып түйдек-түйдек шұбырды.

- Әй-әй, болдырды-ау! Өлетін болды-ау, жануар. Бота шіркін шыдар ма алыс жолға? Уай, қатын, ақ інгенге ие бол. Бұл бір босаса, шүу деп туған жерге бір-ақ тартады. Әй-әй, әбден тесік өкпе болды ғой ботақаным. Бұ шіркінде жазық жоқ. Аяғы мәймиіп ілесіп келеді әзірше. Рабиға, сен ботаны енесіне теліп емізіп алып отыр. Әй-әй, білесің бе сен, бұл өзі анау-мынау жай бота емес, Рабиға. Ал енді мен кетейін. Жылқышылар іздеп жатқан шығар. Келем ғой, тағы бір айналып соғармын, Рабиға. Ботаны аштан өлтіріп алма, - деп Тәсібек көш бойы күн аралатып келіп, айнымай айтатын “жарапазан” тауып алған. Рабиға ашуланды.

- Барсаңшы. Сенен басқа кісі мал көрмеп пе еді!

- Әй-әй. Көп бас қатырмай түйеге сақ бол. Біле білсең сен екеумізге ақ інген мен ботақаннан жақын ешкім жоқ, Рабиға. Осымды ұмытпа, Рабиға. Солай, Рабиға.

КҮЛТӨБЕНІҢ БАСЫНДА КҮНДЕ КЕҢЕС

...Арту-арту бел келсе,
Атан тартар бүгіліп.
Алыстан қара көрінсе,
Арғымақ шабар тігіліп.
Алыстан жанжал сөз келсе,
Азулы сөйлер жүгініп...

Бұқар жырау.

1

1710 жылдың, қазақша барыс жылының мизам айы туғалы жапсарлас шоғыр отырған көп ауылдың қыстауға көшер алдында жыл сайынғы Күлтөбенің басына жиналатын мәслихатқа қауырт дайындалған қарбаласы күшейген. Бұл шақта маңайдың оты шайылып, жер жүзі сарғылт түске бейімделіп қуаң тарта бастаған еді. Аяқасты болмай сүті семіп сояулanған өлі шөптерден басқа айналаның тықырланып құрғап бара жатқаны күз лебінің жақындағанын анық сездіреді.

Бір топ үзеңгілесі мен қарулы жігіт-сарбазын ертіп, Теректідегі аулынан Жомарт батыр да атқа қонған еді. Маңдай тірер жері - Ташкент шәһарының түстігіне қарай қырық шақырымдай жердегі Ахангиран өзенінің теріскей жағалауындағы Күлтөбедегі Тәуке ханның “Ханабад” атты рабаты. Бұлар жолшыбай асықпай қона-түстене жүріп, үш-төрт күнде келіп жеткенде, төбе маңы ығы-жығы қарақұрым халыққа толып кетіп еді. Хан жарлығы бойынша қазақтың игі жақсыларының басын қосатын кезекті диуанға жиналғандар әрқайсысы өзді-өзі тобымен ошарылып келіп, арнайы тігілген үйді-үйлерге орналасып жатыр. Кейбіреулерінің атақ, байлықтарына сай күні бұрын жіберілген ақ боз шаңқан үйлер Күлтөбенің етегін жағалай, дөңгелене тігілген екен. Үш тұстағы үш шоғыр уақытша мекеннің жігін айырып, шашақты үш зер байрақ баяу желбірейді.

Жан-жақтан сойысқа - үйір-үйір жылқы, қора-қора қой, сусынға саба-саба қымыз келіп жатыр. Алдын-ала әзірлеп әкелген қызметші, сушы, отыншы қауым да шетінен сайдың тасындай. Әрқайсысы өзінше бөлектеніп, сән-салтанатымен бір-біріне ұқсамайды. Өйткені әр өңірдің, әр рудың өз қолтаңбасы, өз өнері әлгілердің киімдерінен анық байқалып, ерекшеленіп көзге түседі. Тұс-тұстан көтерілген қалың тұяқ шаңы ыдырай сейіліп, сойыс малы қалмақша маталып, қойлар үйтіліп біткені де сол еді, даланы тағы да тұтасқан қалың қара шаң бүркеді. Батыс пен шығыстан, оңтүстік пен солтүстіктен дүниенің төрт бұрышын түгел дүрілдетіп, ағылып-құйылып жеткен қиырсыз кең сахараның билері мен батырлары бастаған қазағы еді бұл. Жыл сайынғы диуанға Тәуке ханның бұйрығымен әр батыр өз сарбазы мен қолын түгел ертіп, бес қаруын тегіс асынып-тағынып келетін. Өйткені диуан дау-дамайсыз тез біткен жылдары хан жасағымен біріккен бүкіл қазақ қолы соғыс тәсілдеріне машықтанатын. Мәслихат арада бір күн өтіп, келесі сәскеде басталатындықтан, есепшіл кәрілердің дәл бүгін тасыған қар суындай бір-ақ лықсып, нөпір келуі де сондықтан.

Дәл төбеден ауып түскен күн көп тұяқтан баяу көтеріліп, тұтаса молайып, аспанды торғын пердедей торлап алған қою шаңның арасынан сарғая көрініп, үлкен жез табақтай әлсірей қапты. Қанша үңіліп қарасаң да, көзіңді шағып түсер көнігі өткірлігі жоқ. Жердегі мол дүбірлі жиынды кірпік қақпай аңдып тұрған алып жанар сияқты.

Барлық топтың тірелер бағыты көк байрақты биік ұстын болса да, сонау құмырсқадай қыбырлаған тобыр төбенің етегіне жетер-жетпестен күтуші жігіттердің жөн айтып, жол көрсетулерімен тұс-тұсқа шашырай бөлініп, үйді-үйге бұрылып тарап жатыр. Тек қана төбенің күнгей бетінде көп үйлерден оқшау биікте

тұрған сарайға қарай бөгелмей өтетін жүргіншінің қарасы шағын. Әр топтан екеу-үшеуден жырылып шыққан дүмділер сарайға жебе жетер жерде аттарынан түсісіп, жол соққан денелерін қайқаңдата қозғап, кібіртіктеп, киреленделеп қана ілгері жылжиды. Сонау бір күндерде бұлардың әрқайсысы әр ауылдан екпін-дерінен дауыл тұрғызып, құрығы мен құшағы жетер аймақтың еркек кіндік азаматын алдына салып айдап, шілденің қауына еркін түскен қара өрттей дүрілдей лаулап келіп-келіп, дәл мына ақырғы сәтте бар сесінен, барлық қауқарынан кілт айырылып, тәлтіректеп қалыпты. Қарсы алдынан үскіре соғар суық лепті аңғарғандай бәрінің де ылдилана бүріскен сиқы бар. Биік өкшелі сақтиян шоңқайма да, күмістенген кең қоныштысаптама етіктер де, мәуіті шалбардың жырық балағынан анда-санда бір көрінетін ою бастырған жұмсақ мәсілер де қара жерде тайғанақтап, ілгері басқан адымды кейін тартып жүрістерін өндірер емес. Түстіктен ескен қоңыр самал бірінің маңдай алдынан желпіп, шып-шып шыққан ащы терін үгіп, майдай жақса, кейбірінің дәл желкесінен көк сүңгідей қадалып, берекесін қашырады. Балға зәр қосып беретін ала-құла заманның о да болса бір сұрқылтайы тәрізді. Тізелері бүгіліп, нар көтермес салмақты әлден-ақ сезіп келе жатқан сыңайлары бар.

Сарай маңында қыдырыстап жүрген қадау-қадау топ кілең ығай мен сығай, жайсаң мен жампоз еді.

* * *

Жыл сайын қоңыр күзде осы төбенің топырағын қанша басса да, Жомарт батыр хан рабатын жаңа көргендей қызықтауға бір тоймайды. Төрт құбыласын сұрықсыз, реңсіз жалаңаш жазық дала көмкеріп жатқан бұл төбенің сыңсыған ағашы мол. Қолдың саласындай етіп шаршылап еккен жеміс ағаштарының дәл ортасындағы үлкен сарай ерекше көркем. Көк күмбезі - киіз үйдің шаңырағындай әсем төңкеріліп, кімді болмасын көз қиығын түсірмей өткізбейді. Сарайдың дәл алдында жиегін ақ мәрмәрмен

шегендеген аумақты хауыздың мөлдір суы тұнып тұр. Батыр әдейілеп жақындап келіп хауызға және бір қарап өтті. Дәл былтырғы қалпы, су деңгейі бір елі не жоғарылап, не төмендемепті. Хауыздың төрт бұрышындағы қоладан құйған төрт айдаһардың құйрықтары су бетіне тиер-тиместей қалпын сақтапты.

Тәукенің қабылдауханасы дәл көк күмбездің астында, кең сарай-бөлмеде болатын. Сарайдың төріне көк мәрмәр таспен сатыланып көтерілетін биік орында хан тағы бар. Тақтың төрт жағындағы кішірек-кішірек төрт бағанды ақ мәрмәрге қара мәрмәрден қиып ойып, өрнектеп жасаған. Екі қапталдағы бағанмен бағанның арасы жіңішке мәрмәр тастармен кілемнің ою-өрнегіндей қиысып, торкөзденіп қосылыпты. Торкөздердің жалғасқан жеріне қызыл мәрмәрден қызғалдақ орнатыпты. Алаулаған қызғалдақ ақ пен қара түсті ерекше айқындап көздің жауын алады.

Сарай іші қоңырсалқын, сонау күмбез астынан қиғаш түскен күн сәулесі біркелкі шашырап кетіпті, жарығы ұяң: тым қаракүңгірт те емес, тым шақырайған ашық та емес.

Сарайдың күмбезін көтеріп дөңгеленіп шеп құрған ақ мәрмәр шомбал бағандарды жағалай көк мәрмәрден сәкі қойыпты. Келгендер өз атағына сай тиесілі орындарға жайғасты.

Жомарт отырғандарды көз қиығымен шолып өтті. Қыбыр еткен жүз, қас қаққан көз көре алмады. Әрқайсысы ішімдегіні тап дейтіндей томсырайып алып, биік тақтағы Тәукеге қадалып қапты.

Батыр да жұрт ыңғайымен ханға бұрылды. Үлкен, кесек денелі Тәукенің мәслихат үстіндегі сергек отырысында маңайындағылардың мысын басатын сесті айбыны болушы еді. Қазір сол сұсты түсін жылытпай, тіп-тік шаншылып отыр. Ат жақты бет пішіні сонау омырауға қарай сүңгіген үшкіл шоқша сақал мен етегі айбалтаның жүзіндей қайқиған оқалы оқшима қалпағымен ұзара тұтасып, онсыз да жағына пышақ жанығандай етсіз басын тым сопайтып жібереді екен. Терісі жұқарған беттің әжімі көп, қиғаш-кисық торлапты. Өңін алдырмаған өткір көздері ғана. Иегін

еңкейте тесіле қарап, әлденені бағып қапты. Бір сәт оң иығына сәл ғана басын бұрып, орда қызметшілеріне ғана түсінікті әлдебір белгі берді.

Үнсіз иек қаққан топ бірін-бірі қайталап, әлгі қимылды төменге қарай сырғытқан еді. Отырғандар енді түгел сол тұсқа еңсерілді.

Оң жақ бүйірден қос жармалы кең есік сықырсыз ашылды да, сарайға шағын топ кірді. Жүріс-тұрысы өзгеше, ақшыл сары өңді, ықшам киімді кісілер еденге төселген қорасан кілемнің түгін жапыра дыбыссыз басып келіп бас киімдерін сыпырып, оң қолдарын жерге тигізе кеуделерін иіп, ханға тәжім етті. Жомарт батырға келгендердің әдеттегідей тізе бүгіп бүгежектемей, түрегеп тұрып сәлем еткені ұнап қалды.

Сол екі арада ханның оң иығына әлдекім келіп тұрып алыпты. Қарабұйра сақалын уыстай сипап қалып, даңғырлап сөйлеп кетті.

- Ұлуғ мәртебелі ақ патша ағзам Петрдың елшісі - Уасилей Көбек оғланы құзырыңызға құлдық етеді, зор мәртебелі хан ием!

Тәуке үнсіз ғана бас изеді. Елшіге одан артық емеурін де, ілтифат та білдірген жоқ. Василий Кобяковты бұрыннан танитын. Осыдан он сегіз жыл бұрын ол қазақ даласына Андрей Неприпасовтың елшілігімен бірге келген болатын. Сол кездегіден өзгерісі шамалы. Қалың қаба сақалы сәл бурыл тартып, өзі аздап толысыпты. Кобяковтың кең иықты палуан тұлғасынан басқа өзгешелік сезілмейді. Енді мына келісінде патша елшісі өткен күндердің ұзақ оқиғасына Тәуке ханды қайта жетелегендей болды.

Қазақ пен орыс арасындағы қарым-қатынас өте ертеде, он алтыншы ғасырдың басында Әз Жәнібек ханның баласы Қасым ханның тұсынан басталған-ды. Батысындағы ноғайлы ұлыстарына өз билігін жүргізіп, мейлінше дәуірлеген қазақ хандығы Алтын Орданың бұғауынан енді-енді босаған шіңжәу Мәскеу патшалығының назарын еріксіз аударып еді. Өйткені құрығы ұзын күшті хандықпен келісімде болу - екіленген Ресейдің Шығысқа көз тіккен жаулаушылық жоспарын жүзеге асыруға үлкен кепілдік беруге тиіс-тін. Ал орыс мемлекеті мен қазақ елінің тұрақты

байланысы Қазан мен Астрахань хандықтары құлағаннан кейін ғана мықтап сабақталған еді.

Дәл сол кезде бас көтерген Мәскеу Кама жолы арқылы ұлан байтақ Сібірге, оңтүстік-шығыс жолы арқылы - Жайықты құлдилап Атырауға баруға мүмкіндік алған болатын. Осы екі қасқа жол алып құстың қос қанатындай жайылып, қазақтың кең шалқар даласын қаусырмалай келіп, Ресейдің құшағына қысып жібертуге дайын болатын.

Қасым хан өлген соң, біртұтас хандық шытынап, қасиетті қазақ иелігі анталаған ашкөз көршілерінің қоршауына түскен еді. Сонда да үнсіз мойын сұнбай, азаттық деп арпалысқан қайсар ұлтын қайта түлетіп, он алтыншы ғасырдың екінші жартысында көшпелі елін үш жүзге біріктірген Қасым ханның ұлы - Хақназар хан күшейіп алып, Кіші Бұхараға тізе бүктірді. Сібір ханы Көшімнің, Ноғайлы ұлыстарының, Орта Азия хандықтарының керегесін сықырлатып, кек қайтарды.

Қасым ханның тұсындағы қаһарлы айбынын қайта тапқан қазақ хандығымен Ресей мемлекеті жан-жақты байланысын қайта жандандыруға тағы ұмтылды. Өйткені шығысқа жылжу - орыс көпестігінің қарқындап дамуына өте тиімді жағдай туғызған еді. Бірақ өткел бермес асудай боп екі ортада Сібір хандығы жатқан-ды. 1572 жылы өзінің оңтүстігіндегі көршісі - қырғыздарды басып алған Көшім хан Мұртаза ұлы енді Пермь өлкесіндегі ұсақ халықтарға қырғидай тимесін бе. Ал бұл аймақта атышулы алпауыт Строгановтардың вотчина - иелігі бар болатын. Осы иелікпен іргелес татар, башқұрт, манси-вогулдардың жері жатқан еді. Ресей бодандығына таяуда ғана енген бұл халықтардың Мәскеу қысымшылығына деген наразылықтарын Көшім хан мықтап пайдаланғысы келмей ме. Ендеше бұл ұлттардың көсемдерін ақ жабулы арғымақ мінгізіп, алтын зерлі шапан кигізіп, өзекке теппей, өзіне тартпай ма. Содан кейін-ақ Мәскеу мен Сібір хандығы арасындағы шиеленіс одан сайын өрши түспей ме.

Мәскеу патшасы қаһарлы Иван ағайынды Яков пен Григорий Строгановтардың жәрдем күткен өтініш-

арыздарын ескеріп, Третьяк Чебуков бастаған бір топ елшісін айбынды Хақназар ханға жөнелткен ғой. Орыс-қазақ одағы күшейіп кетсе, өзіне үлкен қауып төнерін сезген Көшім хан 1573 жылы Тобыл қаласының маңында қазақ ханына жеткізбейін деп осы елшілерге тұтқиылдан шабуыл жасап, оларды түгелдей дерлік қырып салған-ды.

Бұл кезде қазақ хандығының оңтүстік көршісі - жауынгер Жоңғар мемлекеті мықтап күшейіп, қазақ пен ойраттың қанды қақтығысы жиілей бастап еді. Осындай халықтар арасындағы шиеленісі көп қиын жағдайлар Ресей мен Қазахияның бұрынғы сауда, саяси және дипломатиялық қарым-қатынасының уақытша үзілуіне әкеп соққан болатын.

Сібір хандығының біржола құлауымен бұл қарым-қатынас қайта жанданды. Өйткені кең байтақ Сібір арқылы бөгетсіз сауда жолы ашылды. Ресейдің Тобылдан шыққан жүк керуені Ертісті өрлеп отырып, Есілдің жоғарғы жағына жететін. Одан әрі Ұлытаулатып Сарысуға тірелетін де, осы өзенді бойлап, етектегі Түркістанға құлайтын. Ал Түркістаннан Сырдария арқылы Бұхараға барып, ат басын іркетін.

Мәскеу мемлекеті мен қазақ хандығының байланысы Әз Тәукенің тұсында қайтадан күшейген еді. Алғаш рет екі елдің арасындағы және шекара бойындағы ұсақ-түйек қақтығысуларды біржолата жоюды көздеген ұлы хан 1687 жылы қолға түскен орыс тұтқындарын қосып беріп, Тобылға өзінің елшісі - Тәшім батырды жіберген еді.

Елшісін аттандырып тұрып Тәуке хан әлгіге қадау-қадау бұйрық еткен:

- Ел арасы ерегіспен жақындаспайды, емеурінмен табысады. Қандыауыздың қашыртпа сөзін емес, елінің бітім сөзін әкел, батыр. Сауда-саттық - ел арасын біріктіретін дәнекер, осы жағына көңіліңді көп бөлгейсің. Орыс іріленсе - сен қорғаланба, тең тұрып, тең тұтып сөйлес. Жолың болсын! - деген-ді.

Осыдан кейін де бейбіт тілек тасыған хан елшілері тыншымаған. 1690 жылы Қабай бастаған бір топ елшісін хан Мәскеуге шығарып салған-ды.

Сол 1690 жылы Сары мен Келді дейтін билер

Жәміш көлінің маңайына келген Тобыл губернаторының Павел Шурыгин бастаған өкілдерімен хан атынан келіссөз жүргізбекші боп асығыс аттанып еді. Тәукенің елшілеріне әдейілеп тапсырғаны - Ресей мен Қазақ елі арасындағы тұрақты сауда келісімін жандандыру болатын. Бірақ Сібір әкімшілігі әлдебір кездейсоқ себептермен Келді мен Сарыны тұқынға алып, абақтысына жауып тастайды.

“Адам Ата, Хауа Анадан басталған адамзат тіршілігінде әлдебір ұры-қарының өтеуіне бола бір елдің арнайы елшілерін тұтқындағанды кім көрген? Елшілерімді тез босатыңыз, - деп Бірінші Петрге Тәуке хан ашына хат жазған еді. - Қасқырсыз - орман, қарысыз - қала болмайды. Сөлекет ұрының пәлекет қылығын ел харакетіне саймайық. Қисығымызды біз түзейік. Қынжылысымызды Сіз басыңыз”.

1692 жылы Сібір губернаторы Салтыковтың Түркістандағы Тәуке ханға Андрей Неприпасов, Василий Кобяков, тілмаш Жолай Шаманаев бастаған елшілері келген еді. Елшілерді диуанда қабылдаған хан Андрей Неприсовтың екі елдің арасындағы қақтығыстар жайындағы арызын селсоқ тыңдап, салғырт жауап қайтарған. Қыңыр сөйлеп, көрнеу көзге қисық тартқан. Бұған себеп - ол кезде түрмеде Сары би өліп, Келді би әлі тұтқыннан қайтқан жоқ-ты. Ашуға ашу, сеске сес, деді ме, әлде айналасындағы сұлтан мен азулы билердің астамсынған Ресеймен барлық қарым-қатынасты үзілді-кесілді тыю керек деген біржақты шолақ пікірі ашынтты ма, хан орыс елшілерін Келді би қайта оралғанша, аманат қып ұстап қалған болатын.

Содан бері бірде үзіліп, бірде жанданып отырған елшілік, міне алдына тағы келіп тұр.

Тәуке әнтек иек қақты.

Василий Кобяков кафтанының қойнынан шиыршықтап ораған қағазды шығарып ханға ұсынды. Ширатпаны беріп жатып, селт еткен жүзді, қалт еткен көңілді көрмеді. Содан запыланды ма, тез-тез сөйлеп кетті. Тілмашы әрең аударып тұр.

- Бүкіл күнгей қазақ даласының аса мәртебелі ханы! Сібір губернаторының тапсыруымен ұлы мәртебелі Руссия патшасы Петр Алексеевичтің сәлемін

ала келдім. Орыс - бейбіт ел. Бірақ сол бейбіт ел іргесінен тыныштық қашты. Слободаларымыз талан-таражға ұшырады. Күн сайын кісі өлімі көбеюде. Осыған тыйым бола ма? Хан көңлі ала болмаса, тілегімізге құлақ асар. Құлақ асар да құп алар. Ал егер бұл іске дем беруші өзі болса, оны да айтсын дейді, - деп тағы да тізе бүкпей, иіліп тәжім етті. - Қолыңыздағы хатта бәрі жазылған. Жауабын тосамыз.

Тәуке үндеген жоқ. Іштей: “Жандары қандай тәтті еді, ә! Өзгелерді де өздеріндей көрсе ғой” деп түйді де, әлі де түсін алдырмай, суық қалпында шаншыла қарап отырып, әнтек басын изеді.

Ханның оң иығында тұрған манағы қарабұйра сақалды адам “қабылдау бітті!” дегендей ишарат көрсетті.

Елшілер асықпай басып шығып кетті.

Сарайда құлақ кесті тыныштық орнады. Үнсіздік ұзарып бара жатқан соң, отырғандардың ішінен кең иық, қынай бел, қиық мұрт дембелше жігіт лып етіп түрегелді. Күнге күйіп тотыққан сұлуша жүзді орта жасқа еніп қалған жігіт ағасының қимылында, өжет қарасында ұшқырлық, елгезектік мол екен. Қылпылдап тұрған қанжар жүзіндей өткірлікті байқаған Жомарт батыр әлгінің хан сарайында қалыптасқан диуан тәртібін бұзғанын жақтырмаса да, сүйсініп қалды. Жігіттің басқалардай емес ханға қаймықпай тура қарап, қарашығын толық көрсетіп, мізбақпай қадалып тұрған бар бейнесінен, жіптіктей сидаң бойынан жараған бәйгекердің сыптық жеңілдігін және бағамдады. Жұмыр сом мойнын, шымыр денесін үстіндегі көк берен сауыты әдемі айқындайды екен. Тама руынан шыққан Есет батырды Жомарт енді ғана шырамытты.

- Дат, тақсыр! - деген Есеттің даусы күмбезді сарайды күмбірлетіп жіберді. Кішірейіп жәркештенбей, тасырланып дандайсымай, тал бойына жарасқан оқшау қозғалысымен түгел жиынды үнсіз мелшитіп, ханның да, қасындағылардың да зейінін өзіне бұрып алды.

- Ә, сөйле, Есет батыр! Табаныңа - от, арқаңа шоқ басқандай ширыққан түрің бар екен, - деп кезексіз киліккен батырға Тәуке жылы шырай білдірді.

Ханның белгісін күтіп тұрған жас батыр әлгі сөзден кейін тез серпіліп, ілгері қарай бір лықсып қалып, ақтарыла жөнелді.

- Табанға от, арқама шоқ басқаны да рас. Уау, алдияр! Аға деп, адалдық тілеп әрекетін бақсақ, бала деп менсінбей арам қарекетін көрсететіндер күн сайын көбейіп, көптігін жасайды. Қысасын азсынғандай қайта айналып келіп, иттігін жасайды. Қорлыққа батқан көңілдің құм болғанын түсінер бар ма? Ашынған қайраттың кіжінумен сойқанға бастарын ұтынар бар ма? Ішке сыймай қайнаған кекті шерім бар, сыртқа ақтарылып төгілсе, ұятынан, қарғысынан өртенердей көремін. Өртенбей және болмаймын. Шаласын тастап, қоламтасын көсеп, өрісімді өртеген - өзге емес, өзімнен шықты. Өзегімді қара пышақтай қансырата тілгілеп, туыстықтан түңілтумен келеді. Зарлаған елің бақташысыз қойдай өз бетімен өрбіп, жеке-жеке жер шолған бір емес, жеті бірдей аз ру. Зарлатқан - тағы да өз елің, азулы Әлімұлының айбарлы Алшыны. Өткенде желекті келінімді қайтармай бір жасытты. Енді бүгін айдап жылқымды, байлап түйемді алды. Жесірімді жігітіне қосты. Жүйрігімді тақымына басты. Аз атаны тоздырып қыбырлатып, көп атаның құлқынына тығындармысың? Жоқ әлде, “тетігімді тап, тынымымды бер” деген көз жасын иермісің? Аунатып бір асап, домалатып екі жеп келеді. Біріне - “мықтым, тектім!” деп, екіншісіне “жуасым, жүндібасым!” деп қарама. “Егіз туған екі елім, екі ағайыным” деп қара. Зорлыққа жол бермей, қорлықтағыға қол ұсын. Шабыс пен шабылыс тыйылсын. Білекке білек шыдамаса да, намысқа намыс алдырмайтын. Алдырмаймын деп алқынған тесік өкпе, ығыр жауырын, сөгілген қолтығымды көр. Көр де ала таппай, дауа тап, алдияр. Бөле шешпей, бүтін кес. Онсыз да ел іргесі сөгілер, ер ұйқысы бөлінер қастықты тек ағайын мен жақыннан ғана көріп қоймай, анау дұшпан, жаттан тауып жатқанымыз да аз емес. Сырттан жау төнгенде, іштен дау іздегеніміз болмас. Күпсініп, күш айтар есебім де емес бұл шырылым. Тепсініп, теріс азулыққа салар кесектігім де емес бұл арыным. Момын елдің мұңымен, жылаулы елдің зарымен алдыңнан өткенім.

Арылғаным да осы. Жылатсаң да, жұбатсаң да ендігі билік өзіңде, хан тақсыр! - деп Есет сөзін шорт кесті.

Отырғандар жым-жырт. Бір сәт еңселі сарай оқыс еңкейіп кетіп, еңсені басып бара жатқандай кәдімгідей тыныс тарылды. “Рас-ау! Әлсізге мықты - қашанда жау. Нашарға ағайынмын демейді. Қалай аларын, қайткенде асарын ғана ойлайды. Әйтпесе, анау Жағалбайлы, Кердері, Тілеулер мынау Алшынға қандас туыс, жақын жамағайын емес пе. Момынды шырылдатып жей бергенде, ынтымақты қудаламағанымыз-ау” деп үнсіз томсарған топ Есетті іштей қолдайды. Текті атаның тәкаппар тентектігі жай кезде сырт көзге шалдуар еркеліктей көрінсе, осындай сын кезенде сұмдық озбырлығымен түгел ашылады екен. Соны қапысыз ұққанда Есетке тілеулес көңілдер кебейгенімен, хан ыңғайын бағып, кеуделерде бұғып жатыр. Тәуке хан өткір көзін сызаттандыра сығырайтып, терең ойға батыпты. Әміршінің сонысын бақты ма, әлде қыбырлай қоймаған Әйтеке биден күдер үзді ме, Қарабек даусын кенеді. Шағи шапанының екі өңірін қаусырынған қараторы жүзін қорасан дағы шалған кісіге Жомарт тіксіне қарады. Келелі сөзге келісімнен басқа кертартпа билік болушы ма еді, Қарабектің сөз сұрағанын жақтырған жоқ.

Бидің дауыс кенеуінен емеурін танытқанын біліп, шошаң еткен қамшымен бірге Тәуке хан басын изеді. Өз ішінде түйгенін жан-жақты екшеп барып шешетін әдетіне сайып, алдымен басқаларды тыңдауға бекінді.

Қарабек шарт жүгініп алды. Қалың етті бітік көздері қанталап, Есетке шаншыла қарап жүйрік аттай жүйтки жөнелді:

- Бүлікші қасқа да, бүлінген басқа екен ғой. Шабылған елдің жұрт сабылтқан күнәсі бар емес пе? Оны неге бүгесің? Азбын деп алдарқатпа, ала алмадым деп әлсіздігіңді ғана айт. Жесір дауы, жер дауы - жеті ықылымнан келе жатқан жеткізбес дау. Аяқты мал ауанмен жусап, ақылмен жайылмайды.Желдеп түйе өрістейді, үркіп жылқы алыстайды. Аралас-құралас отырған ауылдардың бірде малы ауысып, бірде жаны ауысып жатпай ма. Малынды баға алмасаң, басқадан көрме, қатыныңды қаға алмасаң, етегіме жармаспа!

Үркіп келгенді де, төркіндеп келгенді де айдап апаратын, байлап беретін Алшын сенің құлың да, қызметшің де емес. Түстеп танып алып, тентіретпей тақымдап отыратын мал мен қатын сенікі. Үй арасында, от басында бітетін бітімнің бықсыған түтінін бұрқыратып, осы араға, мына үш жүздің қасиетті қара шаңырағына әкеп салғаның неткенің?! - деп тізгінді қиыстай тартып, сыңар езуленген Қарабек Есетке шұқшия түсті. Өзеуреген бидің күреңіткен жүзі Жомартқа бір қырынан көрініп, қожыр бетінің тікірейген бозғылт түгі жүрек шайлықтырардай әсер етеді екен. Орағыта сөйлеген түйдек сөздің мағынасын ұқпай, батыр ызыңын ғана шалып қалды.

Тәуке хан қолын көтерді. Басқалардан бәтуә тосқаны ма, жоқ әлде зіркілдеп сөйлеген бидің келеңін жақтырмағаны ма, жалт етіп шошаңдап барып, сұлқ түскен қолдың екпініне көз ілеспеді. Манадан бітік көздер Есет батырдың өңменінен өтердей шаншылуда еді, оқшау қимылды шалып қалған-ау, Қарабек кілт тоқтады.

Хан сол тік отырған күйі кірпігін де қақпастан сөзін жай, саябыр леппен бастады.

- “Ашу - алды, ақыл - соңы“ демеуші ме еді. Өрекпіп сен қабынсаң, өкпелеп Есет бүлінсе, ағайынды екеу, арызың бітер ме? Бірің зарыңды шақсаң, бірің зорлығыңды айтасың.Жай айтпайсың. Зорлықпен өрбіген қылмысыңды қымтап, көптігіңді бүркеп, епсектегенептілігіңді айтасың. Әділ би, әділетің осы ма? Тура биде туған жоқ. Еп іздемей, сеп көздемейсің бе? Өршіген өртті қуалап сөндірмей, алдын алмайсың ба? Жан-жағыңнан шегендей құрсаулап, қысып келе жатқан қас дұшпанды ұмытқаның ба? Ірітіп ыдыратып алып, біріктіре алмай жүрмейік ел іргесін. Қисынды іске қыңырлық жасап отырсың, Қарабек би! - деп ашулы жүзбен қадалып өтті. Содан кейін маңайындағыларын тегіс барлап келіп, сол қанатта отырған толық денелі, дөңгелек жүзді әжімі аз кең маңдайлы, биік қыр мұрынды Қаздауысты Қазыбекке көз тоқтатты. Тілге де, ділге де жүйрік биінен мына даудың әрі шешімін, әрі кесімін күткен сыңайын білдіргені сол еді. Қазыбек бағанадан бері Қарабектің шиыршық

атып, сырғанатып бара жатқанын ұнатпай отырған, ханның иек қағысы қамшы салғандай жорғалады:

- Қыран жетпес қияға қызыл тіл жетсе безеніп, безеріп беттен ар кетсе, бала шығар ойқастап, әкеге садақ кезеніп. Жақын деп қаныңа тартпа, - шеттігін жасар. Жатым деп бетінен қақпа, - көптігін жасар. Күш жию - ес жию емес. Төрт құбылаңа түгел шашар шаңың жоқ. Ендеше, абыройыңды айғаймен жаба алмассың. Береке етер әрекетіңді көрмедім, Қарабек би. Сонау Алшын елің, сонау алты ата Әлімұлы жақынан жат, ағайыннан аламан тауып әкел деген жоқ шығар. Таразыға түсіп отырған екі жақтың сүттей ұйыған ынтымағы еді. Ат-сойылын сайлантар арсыздыққа бастама. Қандас, жатырлас ағайыныңды достыққа, бірлікке баста, - деп біраз қадала түсіп аз тоқтады да, қыбырсыз жиынды тек өзіне қаратып алып, қаз дауысын саңқылдата соза, ойын таратып әкетті. - Жақсылар мен жайсаңдар! Бүгіп айтпай, ұғып айтар төбе билік жасайын деп тұрмын. Атыма сын, әділетіме баға болар. Біріңе бұра тартып, біріңе кінә артып та кете алмаймын. Көп тілегі ол емес. Сол көптің бетке ұстары сендердің көңілдерің де оны қаламайды. Тізеге салып июге де болады. Түзетуің қиындайды онда. Зар үні запыран төккенде бұрылмай кетсек, тілек сөзін тыңдағанымыз қане? Мына сырдың астарын ұқтыңдар ма? Ұқсаңдар, қалай барладыңдар? Ұрпаққа өнеге болар деп барладыңдар ма? Ендеше, осы сынның асуы қандай? Артына сын тастамай, мін тастардай ма сол? - деп тағы да аз кідіріп ойын екшеді. - Іргеңнен шаң бұрқырап тұрғанда, арманды ағайын, аулыңнан лаң шыққаны қабырғаны қайыстырып барады. Өз қолыңмен өз қоңынды кескілепсің. Өз ішіңнің қынжылғанын көремісің? Дауға - дауа, жараға дәру табайық. Анау аңыраған жұрттың өтініші осы. Тыныш, тату күнде шұрқырасып табысып, аяқ астынан жанжал іздеп, жағаға жабысып жатқанымыз лайық болмас.

Арыздаса сөйлеу - ағайынды ел емес, араздасқан жау сыңайы. Келісетін сөзді неге шығармаймыз? Қарабек, сол ынтымақ сөзін сен айтпасаң, мен айтам. Қара күш, кер зорлығыңды бетіңе баса айтам. Анау жеті ата: Табын, Тама, Кердері, Керейт, Жағалбайлы,

Тілеу, Рамадан атынан айтам. Ағалықты сен алсаң, інілікке бұлар табылады. Құрмет тұтып, қадірлеп табылады. Бал татыған базына қылықты, кермек татытып керіске саймайық. Сен Әлімұлы болсаң, бұлар Жетіру болсын. Бұрын қапталыңа да жақындатпай келіп ең, бүгін енді тізелесім, тұрғыласым деп қатарыңа ал. Бөлек-бөлек күн кешкен жеті ру емес, біріккен, күрт өскен Жетіру болады. Бұрын бытырап келген құмалақтай шашыранды ағайындасың, міне, құралып келіп иықтас іңіңе айналды. Аға бол да, жаға бола біл, Әлімұлы! Іні болып тынысыңды кеңітеді ендігі Жетіру!

Уа, Есет, “халқым!” дейтін, “халқымның қарызы мен парызы” дейтін жігіт екенсің. Ағайынға нала, қарындасқа қарғыс атқызбас ер деп білем. Сенгенім де осы. Мына жаңа Жетірудың ағасы мен панасы бол. Баста өзің! - деп тоқтай бергенде отырғандар түгел дуылдаса дабырлап қалды.

- Әй, әділ! Әділ-ау!
- Бәрекелде, төбе би, төрелігіңде мін жоқ!
- Е, бәсе, бітім сөзі осылай айтылса керек еді.
- Байұлы, Әлімұлы, Жетіру - жарасып кетті!
- Билігіңе шеттігім жоқ.
- Разымыз, Қазыбек!

Жамыраған көп дауыстың қошеметтеуін тез тыйып, Қазыбек саңқылдаған қаз дауысын тағы созды. Жомарт батыр бұл тұста аса риза кейіппен қас қақпай қадалып, биді ынтыға бағып қалыпты. Оқалы шапан, құндыз бөркін де, кесек денесінің келбетті келісімін де іштей ұнатып отыр. Тәуке ханның Қазыбекке бұрыла түсіп, құптай бас изегенін де мүлт жібермеді. Осындағы бар жиынның: анау сұлтандар - Қайып, Барақ, Әбілқайыр, Тұрсын, Батыр, Болаттар: билер - Төле, Әйтеке, Көкім, Сасық, Жайма, Қарабектер; батырлар - Саңырақ, Бөгенбай, Жәнібек, Қабанбай, Қуат, Бөрте, Хангелді, Аралбай, Түйте, Есеттер дәл қазір би сөзіне ден қойып ұйып қалғанын да анық сезді. Ойы жүйрік, көңілі сергек бұл топ бірі қызғанып, бірі қызығып қалып және тыңдауға бейіл берді.

Жаңағы дуды іркіп алған Қазыбек алдына қарап отырып, тағы бір жүйелі ойын жалғастырды.

- Көші мен қонысы билеген ел жан қамын ойламайды, мал бабын қамдайды. Аяқты мал шығандап шеттеп, жауға да бастайды, дауға да тастайды. Күнім - арай, жүзім - шырай дейтін хауас сәлим шақты бұзатын да, үзетін де мал дауы. Ағайын, араласыңнан береке көрем. Сол берекең барымта мен сырымтадан сырғақтап кетпесін. Күміс сақинадай дөңгеленіп келген бірлестігіңе сызат түспесін. Сызатты сырлаймын деп сындырып алу қиын емес. Желеу бар жерде желік бар. Сол желеу тағы да мазасыз малдан табылып отыр. Сіміргенін сіңіріп кетер желіктілерге желеу боп табылып отыр. Бұл бір көп қинайтын, көп қынжылтатын үрдіс екен. Тәтті сөзіңе ащы ұрыс енгізетін тәубесіз қылық екен. Дәл осының ұшығына шығардай шешім табуды мойнымдағы қарызым деп төрелік айтайын деп отырмын. Барға береке, жоққа қанағат болар деп түбір сөз айтайын деп отырмын. Пәле басы барымта болса, ұры кеппе қау бөріктің алдын алар қақпаным да осы. Әр жүздің ұран, таңбасы бар еді. Бұдан былай әр ру малының меншікті өз ен-таңбасы болсын! Сол ен-таңбамен түкті-тұяқтысын түптеп түгендеп, алалап айырып алып отырса, ел ішінде дау-дамайдың азаярына кепілмін. Үш жүздің игі жақсылары, осы жобамды қолдарсың. Қолдарсың да, кейінгіге жора етерсің. Мен біттім! - деп Қазыбек сөзін түйіндеді.

Отырған жиын бұл шешімді де түгел келісе қабылдап, бас изесіп құптады.

Жомарт ұзақ ойға шомды. Жаңағы келісім мен келелі бітімдер қуантса да, уантар емес. Анталаған ой көп. Көп ойдың қақпақылдап тосуы да көп. “Әр өлкенің аузымен құс тістеген азуы алты қарыс мықтылары мұнда отырып бас шұлғып, шыға беріп көз алартпасын кім білген? Көкірекке нан пісіретін қызбалық бұдан кейін сабырлық табардай уәж айтылды. Дәл соны осындағылардың түптегені көп пе? Дыттағаны артық па?

Толыны шайқап төгіп, майға бөккен қордалылар сонау кең даланың ырғап ішер ырысын шақтап сыздықтатар ма? Қу мініп, құлан құрықтаған пысықтар көрнеу көзге момын мен жуасты қырқыстырып қойып,

өзінше қыр басынан қиялап кеп жөн айтар, сол төрелігінің төлеміне қырқа матап мал айдар жолынан оңай тайсақтар ма?” Қамалаған ой көп. Көп ойдың қиналтуы да көп. “Елуге басқан жасы бар екен. Елу күн тынышы болмапты. Белін шешпей елі үшін белдесуде жүргенде сол елінің бет алысын бағдарлар деп сенген сұлтандар түрі анау. Алысқа қиялар қаршыға көз төңірегін ғанаториды. Аңдығаны - өз іргесі. Бірі табандағы түяқтай ата-баба даңқын түптесе, бірі тегеуріні төрт елі барлығы мен батырлығын діттейді. Сағымдай құбылып қарақтайтындары - хандық. Қарақан қара басына қажетті тақтан өзгені қаламайды. Бақ қонған, бата дарыған ірілігін салғастырғанда сабаларына симайды. Бірлікке бірақ табылмайды”. Талмаусыратқан ой көп. Көп ойдың кібіртіктетуі де көп. “Шын көңлімен елім десе, жерім десе, көзден бір-бір ұшқан Жетісу қайда? Алыстан мұнартқан асқар Алатау қайда? Жеруйық Арқа, алтын Алтай қайда? Бөтеннің боданында жүрген анау аға баласы Ұлы жүзді шеп құрып барып неге құтқармайды? Ұлы жүз ханы неге қатыспайды мына диуанға? Саптаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған ұябасарлық әбден түпке жетпеп пе еді. Әлгіндегі орыс елшілерінің айтқандарында талай шындық бар-ау. Ерлік пен елдік - сес берген қоқан -лоққылық пен қомағай қорқаулық емес, халық пен халықтың күй-халі ұғынысу мен түсінісу ғой. Күнгейің мен теріскейіңді торлап жатқан торғауыт қалмақ пен жоңғар ойрат әлдеқалай бірігіп кетіп, далаңа ақтарылса, үй арасындағы іріленуің кімге айбат. Шабынан түрткендей көрші орыс селендеріндегі қара шекпенді тоқал ешкідей қылып шауып алдың дейік. Ертең айналып келіп, кім білсін, дәл сол ормандай мол орыстан көмек сұрардай болсаң, түйе кекірік қылығың алдыңнан шығар бетперде болмас па?” Қалжыратқан ой көп. Көп ойдың шытырманы тіпті көп. Жомарт батыр солардың ұшығына жете алмай, шамырқана сілкініп қалды.

Мәслихат жуық арада бітер емес. Отырғандар бірінен соң бірі суырылып, хан алдына шырғалаң сырын тартады. Мал мен жанға бай беделді рудың бетке ұстарлары шеңгеліне толмайтындарды қыжырта

сөйлеп, қамырдай илесе, қайсыбірі жалаңаш қолмен от көсегендей шыжбалақтай бастайды. Бір мен екі емес, бәрінің түбегейлеп келіп түптей қозғайтыны - тағы да мал дауы, жер дауы. Сызданып қабақ түйгендер де, шырылдап жан тартқандар да өз сөзін, өз тілегін өткізіп қалмақшы. Өрісі тарылып, жайлауы жұқарған даланың етек-жеңін күн сайын қысқартып бара жатқан жаугершілік заманның жан алқымға алып, қысқаштай қысып тұрғаны бұл жиынға ұйытқысы бұзылған елдің дау-шарымен қоңыраулатып жеткендей. Қазақтың біраз ауылын ата-бабаның ежелгі қонысынан ығыстырып, Жайықтан қуып шыққан торғауыт қалмақтың жаз жайлауын Ырғыз, Жем және Елек өзендерінің бойына сырғытқаны жанға қатты батады-ақ. Хандықтың бұл күнде шығысы мен күңгейі тіпті шолтиып-ақ қалды. Қара Ертіске жылқысын жалдатқан қаһарлы Жоңғар хандығы бұ күнде Балқаш көлін де жалғыз иемденіп алды. Терiскейден шошқа тұмсықтана тіресе ұмтылған Ресей патшалығы бұрын-ғы Сібір қазақтарының жерін де сол тұстықтағы қазақ хандығының жерін де көсіле жамбастап, қорсылдап еніп келеді. Бұрынғы іргесі алшақ-алшақ қоныстанған ауылдар енді кеп ұлтарақтай жерге үйелей ұйлықса, ши шықпасқа амал бар ма. Ағайын қанша амалдайын десе де, жан сиысқанмен, мал сияр емес. Кешегі ашылған алақандай кең иеліктің бұл тұста оймақтай ғана шұқырына үймелеген қалың ел біріне-бірі ала жылан аш бақадай көз аларта бастаған. Сондықтан да үркін ел хандықтың орталығы Тәукенің әкесі - Жаңгірдің тұсында иелік еткен Түркістан қаласының маңайы мен Жиделі Байсынға сығылыса келіп орналасқан да, көп батырдың көші-қоны жапсарласа қалған-ды. Бір қиындықтың бір жақсылығы да бар. Әсіресе батырлардың шоқтала жиналып, Жетісуға жанаса шоғырлануы - ойрат жолын уақытша болса да кесіп, қазақтардың соғыс күшін, ат-сойылын қамдауда біраз жеңілдік туғызды. Түркістанның шығысындағы Талас пен Арыс өзенінің арасын жайлаған хан ордасына шектес, Боралдай өзенінің бойында, Қаратау сілемін етектей мекендеген қалың Қыпшақ пен Жомарт батырдың жері көрші жатыр. Түркістанның

күңгей тұсы - Шыршық бойы Матайдың Бөрте батырының иелігінде. Шу өзенінің солтүстік-шығысы - Керей мен Арғынның біраз атасының көші-қоны. Бұл рудың атақты батыры Бөгенбайдың қыс қыстауы - Шу бойы да, жаз жайлауы - Сарысу өзені. Арғын, Керейдің жазғы жайлауы - Сарысу өңірін құлдилап, батысында Кіші жүз Алшын жерімен шектеседі.Шу бойында Уақ,Керей, Тарақты руларының да қонысы бар. Бұлардың да басын қосқан Тәуке ханның өзі болатын. Әму мен Сырдарияның аралығы Жетірудың қысқы қоныс орны. Бұлар күңгейінде Байұлының Алшынымен қойындасып кетеді. Ұлы жүз Ошақты Саңырақ батырдың жері де Түркістан иелігімен иектесіп жатады. Арғын мен Найманның қалың көпшілігі Ырғыз, Торғайды мекендесе, орта жүз Қоңыраттың тоғыз руы да Арыс пен Сырды Ұлы жүз-бен бірге жайлап, бірге қыстайды.

Әбілқайыр, Қайып, Мамай сұлтандардың қонысы Ноғай жолына шығатын қара жолдың басында, Елек өңірінде жатыр. Әбілқайырдың Ырғыз бойында да жайлауы бар еді. Барақ сұлтан Иқан қаласы мен оның төңірегін мекендесе, Ұлытау маңайы - Арғын Қазыбек би бастаған Қаракесектің қонысы болатын.

Бір сәт жиын тағы да тым-тырыс бола қалған еді. Ендігі иек қышытқан дәме басқа бір салаға, тың арнаға қарай ойысты. Қорабалы, қоңы қалың жандардың іштен тынып, бір-біріне бұрылмастан-ақжер танысып қалғандарын ұққан Тәуке хан да сыңай байқатпай, аз-кем үнсіздікке бақты.

Осы жиналған топ бүкіл қазақ даласының барлық тың түйін, шытырман шырғалаңын үйіп-төгіп әкеліп отырғандары да рас. Бірінен-бірі жасырғанмен бәрінің бірлесе отырып шешетін кей түйіні анау даланың жайы мен жағдайы екені де рас. Дәл қазір сол мәселеге тірелерде, мүшесінен буынғандардың есеп пен есеп салыстырып, ұпайдан ұпай асырмақ болған ниет-терінің ақ-қарасын саралау да оңай емес.

Тәукені қинайтын да осындай мысық көмбе қылық. Құйрық-жалсыз күн көретін құлан ғана, ханның оларсыз күні қаран. Ал соңынан ерген сұлтандардың арасынан құйрық пен жал болар ыңғайлыларын тап

басу - қиынның қиыны. Бірін асырса, екіншісін жасытып алмақ. Жылы жүз, оң қабақ андысқан топтың бәріне жете де бермейді. Жеткізе алмаса, мынадай соқпа дертті ығыр кезде ел бірлігін сақтап қалам деп жанталасқа түсуі, тозақтағы от шашып ойнаған күнәкарлар қышығынан кем болмас.

Хан қабақ астынан сығалай қарады. Бәрі кірпік тасалай сығаласып бұған қадалыпты. Назарын аударған Тәуке тәуелділерінің тілемсектенгенін елемейтін түр танытқысы келгендей түсін суытып, қос қолымен шоқша сақалын уыстап саумалады. Сол қалпында төмен еңкейсе де, Әбілқайырдың түр-түсін елестетіп отыр еді.

Әбілқайыр - Кіші жүздің сұлтаны. Арғы аталарына хандық тимеген Үсік, Бөлекей-Қояндардың ұрпағы. Әз Жәнібек ханның тоқалынан туған Үсік сұлтан ағыны тас ағызған Қасым мен Жәдіктермен тайталасып, үйірге түссе де, қасиетті таққа отыра алмай кеткен. Қасымнан туған - Хақназар, Жәдіктен өрбіген Сығай, Тәуекел, Есім, Жәңгір, Тәукелер алма кезек ауысып, атадан мирас хандықты мұралап келе жатса, ықылым заманнан басынан бақ, астынан тақ кетпеген үзеңгі бауы алты қабат Жәдік тұқымымен таласып, бой көрсетер мінезге жеткен азулы Әбілқайыр бұл күнде Үсікке емес, Жәнібекке сыйынады. Айналасына Есет, Бөкенбай, Жәнібек сияқты беделді батырларды топтастырған сұлтанның анау-мынаудан онша қысылып-қымтырыла қоймайтын әжептеуір білігі мен қауқарлы білегі бар. Қол бастайтын көсемдігі де соңғы кездері дақпыртқа дақпырт қосып, бәсекелес сұлтандардан мұның шоқтығын асырып бара жатқан еді. Оның үстіне Жайықты өрлеген торғауыт құба қалмақтың елімен жері қоныстас, аулымен аулы іргелес болғандықтан, маңайына шоғырланған жасағы мен нөкері де көп. Адал ниетіне қарай Тәукені жақын тұтып, жанаса жағалап жүр. Әзірше бура тартып, бұйда үзіп бара жатқан тасырлығын көрген жоқ. Кім білсін, әлдеқалай ашынтып алса, арындаған шіркін айылын жимас сыңар езулікке барудан да тайынбас. Ырқынан шығармаудың Тәуке хан бірден бір жолын да біліп отыр. Бірақ сол жолға үңіреңдеп таласқан мына

Қайып, Барақ сұлтандар тұлан тұтып мөңкіп кетсе, және қиын. Жіліктің майлы басын соруға әркім-ақ құштар. Бәрінің де қалқайып хан болғысы келеді. Қайып - Сығайдың тұқымы, мұның немере інісі. Хан тағына өзін анық мұрагер санап, қиялмен отырып та қойған. Дәмелілердің ішінде Тәукеден кейін өзіне тең тұрар, ешкімді таппаса да, Қайыптың қатты сескенетіні - Болат сұлтан. Болат - Тәукенің бел баласы. Жігерсіз әрі ынжық, дімкәс әрі боз өкпе ұлына Тәукенің өз көңілі де толмайды. Бірақ ата дәстүрін бек ұстаса, Жәнібектің алтын тағы тек осы үлкен баласына ғана мұра.

Ұзақ үндемей отырып қалғандағы Тәукенің іштей көп толғанып, көп бағдарлағаны осы жағдай еді. Бір мінез, бір әдісінен қапы соғып, шалыс алдырса, оңбай жығыларын ұлы хан мықтап сезеді. Жақыным десе - Қайып пен Болаттың бірін, сүйенерім десе - Әбілқайырды мұрагер хан сайлауы керек. Солқылдақ қалаудың қай-қайсысы болса да көңілден табылмай, тізесін бүккізер зілдей салмағымен нығарлай жетіп отыр.

Бір сәт түпкі ойын түгел екшеген хан түбірлі сөзін бүгін шығарғысы келмеді. Көп жиыннан оңаша бөліп алып, жеті жарғыш биімен ақылдасып шешкісі келген пікірін кемейінде бүгіп қалды. Ол ойы - осы үш сұлтанның үшеуін де: Әбілқайыр, Болат және Қайыпты хан көтеру. Түптің түбінде үшеуінің арасынан ұлы ханды ел таразысы жаңылмай өзі таңдап алар деген дүмбілез тілекке сайды да, отырғандарға емеурін білдіріп қана мәслихатгың бүгінгі кеңесін аяқтады.

2

Қырман басында екеу отыр. Әлгінде ернін жымқыра ысқырып жел шақырған мосқал диқан ағаш күрегімен бидай ұшырып шаршап қалыпты. Қалжырай тізе бүгіп, асықпай насыбай атып, самбырлаған Тәсібекті пейілдене тыңдайды.

Тәсібек қырмандағы қызыл дәнге көңілдене карап қойып сөзуар әдетімен есіп сөйлейді:

- Өзіңіз айтыңызшы, Құлеке, атсыз жігіт - қанатсыз қыран емес пе? Әй-әй, ғұмыр бойы бір ат маңдайға бітпей, тамсана-тамсана таңдай құрғап, қу тақым өтіп барамыз. Әйтеуір, батырдың жылқысын бағып, қылқұйрықты жүгендегеніміз дәтке қуат. Әйтпесе, қыл шылбырмен буына салар едім, Құлеке. Солайы солай, Құлеке. Осы деймін, сіз ғой талай жасқа келдіңіз. Жер тырнап, арық қазып, су тартып, тырбанасыз кеп, тырбанасыз, Құлеке. Сонда деймін, осы ішіңіз бір пыспай ма? Әй-әй, жер түрте беру қиын ғой, қиын. Құлеке, сізді аяймын. Айналайын, ағажан, құдай қаласа, түптің түбінде мен де айғыр үйірлі жылқыға ие болады екем. Сонда сізге айғыр демейін, құдай алдында бір тай берем. Әй-әй, өзім таңдап, өзім жетектеп әкеліп, белдеуіңізге байлап қоям, Құлеке. Қазақ атсыз тұра алмайды. Әлденеге ренжіп көңіліңмай ішкендей кілкіді ме, жылқы жануарға мін де шап! Бәрін заматта ұмытасың. Ат үсті - желік, Құлеке. Одан өткен ем-дом жоқ. Әне, соны айтыңыз. Жылап барасың ба, ағындаған ескек жел бетке ұрып көзіңнен жас шығарды ма, ешкім байқамайды. Ал сен солқылдап егіле бер. Кеудең бір босаса, жаның бір жадырайды, Құлеке.

Құлнияз үнсіз шұлғып қойып, жымия түседі. Қоғалы көлдің құрағындай жайдары Тәсібекке іші бұра береді. Тіпті немере қарындасы Рабиғаға үйленбей тұрғанда да осы Тәсібек момын Құлнияздың тәуір көретін адамдарының бірі болатын. Көңіліңде иненің жасуындай қараулығы жоқ аңқылдақ жанды жыл тәулігінде бір көргенде туған бауырындай сағынып, қуана қарсы алатын. Қазіргі құлан бүлкіл әңгімесі де кеуілінен шығып, ақ пейіл адалдығымен ұйытып барады.

- Әй-әй, жүдә жолым болар-ау. Құдауәнде түс көріп жүрем, Құлеке. Түсімде ылғи қамшы ұстап жүрем. Перзент сүйермін дейтіндей Рабиға екеуміз ол жастан өттік. Бермеген балаға таласам ба? Ендеше қамшы ұстағаным - ат мінетін болғаным ғой. Құлеке, маңдайға басқан бір атың болу дегеннің не екенін білесіз бе? Ойбай-ау, ол - тұсауың алынып, шідерің шешілгенмен бір ғой. Әй-әй, шіркін тезірек сөйтсем

екен! Мен өзім уәдеге берікпін. Әрқайсына бір аттан беремін деген достарым көп. Уәдемді жұтпаймын. Айғыр үйірді топырлатып қайтем. Үлестірем бәрін. Бұтартарым болса, жетеді. Солай ғой?

Құлнияз күлімдеп бас изейді. Тәсібектің әңгімесіне де, Рабиғаның беріп жіберген сыбағасына да дән риза. Сүр ет жеп, бүгін бір кекірік атса, көз алдында үйілген қызыл дән - байлық боп және тоқмейілсітеді. “Артына бір қап бидай бөктертіп жіберсем, аштан өлмеспіз. Әдейі туыс тұтып сонау ит арқасы қияннан келіп отыр. Батырға ілесіп кеп қап ем дейді. Келген соң құр қайтпасын”.

- Тәсібекжан, дұрыс айтасың. Артық байлық - арам ас. Бойға жұқпайды. Сен екеуміз оны түсінеміз. Алпысқа жеткенше ат мінбесем, енді қартайғанда қай ұшпаққа шығармын. Рақмет бейіліңе, онан да қашан қайтасың, соныңды айт?

- Әй-әй, Құлеке, тым аққөңілсіз. Беріп тұрғанда, тай да болса ала бермейсіз бе? Ауыздан қағылмаңыз өйтіп, Құлеке! - деп Тәсібек қылқұйрықты тап қазір белдеуге байлап тастағандай өршеленіп отырды да, ойына әлдене түсті ме, тез басылды. - Менде ақ інген болып еді, енді қара атан ғана қалды. Өсімі зекетке кетті. Түйе малы өсімтал емес. Әйтеуір мал деген аты. Әй-әй, Құлеке, дүние шіркін қолдың кірі.Бірде бітеді, бірде кетеді. Ол уайым емес. Аман болайық.

Әлдеқайдан абалаған иттің даусы естілді. Абалаған ит даусын жасырып ат тұяғының түсірі тақалып қалды. Тәсібек елең етті.

- Әй, әй, мыналар қатты келеді! Шабысы керім екен! Әне қазақтардың жүрісі! Бәсе, осылай құйғытса керек еді! Алдыңғы баран аттың аяқтастауын қарашы! Күндік жерге терін де үкпей тың жететін дүлдүл ғой, шіркін! Құлеке, шақшаңды тасташы!

- Әу, Құлнияз! Арам өлгір Құлнияз, тағарыңды[1] неге төлемейсің!

Ат тұяғынан тас шашырата кілт тоқтаған алдыңғы адам Құлнияздың қол созып берген сәлемін елеген де жоқ.

[1] Тағар - әскер жабдығы үшін алынатын салық.

- Шырағым, шаруаның ыңғайы билеп... Егінді енді жинап...

- Әй, шал!.. Мен сенімен мұнда тәжікелесуге келгем жоқ. Астығыңды тез өткізесің, бұл - бір. Содан кейін бір ат бересің!

- Қарағым-ау, атың не? Ондай салық жоқ еді ғой, - деп Құлнияз біреу пышақ сұғып алғандай шар етті.

- Сөзді қой! Хан жарлығы! Атты да, астықты да үш күннің ішінде қолға тигізесің!

- Қарағым-ау, туғалы тулақ көрмеп ем, ол атты қайдан табам? Ең болмаса астықты базарға апарып, саудалап...

- Қысқарт, шал! Хан жарлығын бұзатын кім едің!

- Қарағым, ханыңды көргем жоқ. Жарлығын бұған дейін өмірімде естігем жоқ. Босқа шырылдата берме...

- Әй, қу қақпас! Аш көзіңді! Анау тұрған Болат сұлтан диуанның шешімімен бүгіннен бастап хан атанды. Тәуке ханның тақ мұрагері! Хан айтпаса, сол айтты. Мына жігіттер - сұлтанның нөкері!

- Өл дейсің бе енді маған. Барымды берем, жоқты жерден қаза алмаймын...

- Қыршаңқысын сасық күзендей шақылдаған кедейдің!

Сол-ақ екен, төртеу қамшы үйіріп Құлниязды тулақтай сабады.

Тәсібек орнынан апыр-топыр түрегелді.

- Әй-әй, тоқтаңдар! Қойыңдар, жігіттер! Обал мыналарың, обал! Тұп-тура ханның өзіне айтам. Ойламаңдар мені осал екен деп. Қойыңдар!

Сөз тыңдар жігіттер жоқ. Тәсібек жерде жатқан қақ сойылын көтере ұмтылды.

Әп-сәтте қызыл бидайдың үстінде Құлнияз диқан мен Тәсібек жылқышы қан-қан боп айқасып құлап жатты.

- Сұмдық қой, сұлтан! Сұмдық қысас қой!..

Болат сұлтанның қасында тұрған жас жігіт дірілдеген күйі астындағы ақ бозын бауырға бір тартып шаба жөнелді.

- Ұнамай ма екен, ә!.. Әлі саған бұдан да зорын көрсетермін! Саспа! - деп Болат жігіттерін ертіп, аяңдатып кетті.

Құяр жауын аспаннан,
Қара бұлт торласа.
Пәлекет елде көбейер...
Жігітті жігіт қорласа...

Ақтамберді жырау

Қанды ауыз бұқар қара мылтық оқыс күрс етті. Тау жаңғыртқан оқшау дыбыс үзілгенше, ұңғыдан бүркілген бір шөкім көк түтін де сейілді. Қол мен көз жітілігіне қапысыз сенген Қуат жүрелеп отырған жерінен созалаңдап асықпай көте-рілді. Тар қолтықтан ілкім жоғарылата қос өкпеден қолмен қойғандай сақ етіп қадалатын жалғыз оқ сілтегенін сұлатып түсіретін. Бұл жолы мүлт кетті. Бунақ-бунақ тік мүйізді басын кекірейте, кең танауын делдите аңырған ақбөкен мергенге оқшырая қарап қапты. Әлденеге сес қылғандай алдыңғы тіп-тік сидаң аяғымен жер тарпыды да, бері қарай екі-үш аттап келіп, тағы көлденеңдеп тұра қалды.

Алғашқы оғы айдалаға лағып кеткеніне намыстанған Қуат қара мылтығын қайтадан оқтады. Әлгіндегідей қапы кетпейін деді ме, шитісін жазып жерге тіреп, өзі де етпеттей жатты. Ұзақ көздеді. “Атсаң ат!” дегендей тапжылмай тұрған ақбөкен көзіне бірде бұлдырап алыстап, бірде үлкейіп шалынып, қарауылға көпке дейін түзу ілінбеді. “Қарақасқа атты Қамбар пірім! Өзің қолда!” дегенді ернін болар-болмас жыбырлатып айтқан жас батыр, білтеге от тигізді. Дүрс етіп төңірек түгел дүңгірлеп кетті. Дүңгірге қоса тыпырлаған аңның тұяқ серпкен тысырын естірмін деген Қуат басын көтеріп алды.

Ақбөкен орнынан да жылжымапты. Әрі-беріден соң дік-дік басып, баяу қозғалып, аңшының өзіне қарсы беттеді.

Қуат сескеніп қалды. “Бұл не? Аң киесі, тағы иесі ақбөкен болып көзіне көрініп тұр ма? Апырмау, тақыр жауырынның көбесіне тіреп қойғандай етіп, бір емес қатарынан екі атып дарыта алмауы қалай? Әлде қас

жауына оқтанар қандыауызды жазықсыз жануарға бекер бұрды ма? Киелі аң кесапат қылықтан сақтандырайын деген шығар. Әне, мүлде таянып қалды”.

Құралай көздері мөлдіреп, әлі де болса бір басып, екі басып өзіне қарай келе жатқан ақбөкеннен Қуат кәдімгідей шошынайын деді. Жеделдете аттап сай табанына құлдилады. Артына бұрылып қарамастан келген бойда қаңтарып қойған атына қарғып мініп, тебініп қалды. Содан кейін жалбағайын шешіп алып, бетін, көзін сүртті. Күреңіткен жүзін тер жуып кетіпті. Жон арқасына дейін бусана жіпсісе керек, сырма бешпетін жел кеулеп, денесіне сұп-суық боп жабысып, тітіркентіп жіберді. Көп ұзамай сайдың қарсы бетіндегі иініне шоқытып шыға келді. Алдынан ақбоз атты әлдекім қарсы кездесті. Тізгінін тартып жолын тосып тұрған жап-жас жігіт екен. Қиғаш түскен күн сәулесімен жез дулығасы жарқырап, кіреукесі жалт-жұлт етеді. Сақал-мұрты тебіндемеген өндіршін көрбала сияқты. Бірақ есік пен төрдей тұрықты ақбозын тықыршыта көлденеңдетіп, бұған қадала қараған түрі айбатты көрінді.

- Жігітім, түсің қашып кетіпті. Жол болсын? - деген даусы да балаң бозбала үніндей шіңкілдеп естілді.

Қуат есін жиды. Кімде болса қату айтпай, тату тіл қатқан жолаушыдан сырын жасырмай, шынын айтты.

- Түсім қашардай жай көргенім рас, шырақ. Туғалы кездеспеген түйткілге жолықтым. Аң иесі болар, бір ақбөкенге екі атып оқ дарыта алмай пұшайман болып келем.

- “Қорыққанға қос көрінер” деген. Қолдың дірілін ескермегенсің ғой. Сырты түк, іші тоқ анда қай бір киелік тұр, - деп жігіт аз кідіріп, Қуаттың ту сыртына күн салып қарап қалды да, тез сөйлеп кетті.- Киелі бөкенің анау емес пе?

Қуат артына жалт бұрылды. Жаңағы тікмүйіз ақбөкен сайдың қарсы бет қырқасына шығып қалған екен. Жазбай таныды. “Сол!” деп бас изегенінше жас жігіт иығындағы қос жауырын садағын қолына алып, адырнасына сарыжасынды тірей бастады. Қимылы ықшам да епті. Көп сығалап көздеген де жоқ. Ат

үстінде ағаш үзеңгіге шіреніп тұрып, сарыжасынды зу еткізді. Зу еткен үн басылғанша, қырқаның дәл ернеуінде тұрған бөкен әлденеше домалап сайға құлап түсті.

Осының бәрі қас қағымда етіп еді. Әлі де болса, Қуат ақбөкенді іштей ажалға қимай тұрған. Жас жігіттің кеудемсоқ тасырлығын жақтырмай ашулана бұрылып еді, әлгі ақбозын сипай қамшылап ұзап барады екен. Қуат қуып жетпек боп, атына қамшы басты.

Қасқыр текірекке салып ұзақ жортты. Бөкен желіспен бүлкілдетіп бара жатқан жігітке жау қуғандай тасыраңдатып шауып баруды ыңғайсыз көрді. Мына жүріспен аралары тұтамдап қана жақындайтын сияқты. Қуат өз сәйгүлігіне көңілі толық болатын. “Өзіңнен зор шықса, екі көзің сонда шығар” дегендей алдындағы ақбоздың аяқ алысына ырза. Бөкен желісі желдей ескен арғымақ шоқытып кетсе, жер апшысын қуыратын нағыз дүлдүлдің өзі.

Осы кезде алдарындағы аласалау адырға төрт-бес атты шыға келді. Сәл шоғырлана қалған топ жалғыз қараны жеке қалдырып, басқа төртеуі бері салды.Соны көргенде жігіт ат басын іркіп, Қуатты тосып алды. Бұған бұрылмастан лекітіп келе жатқандарға қарап тұрып:

- Жігітім! Қызық үшін ойын көрсетейік. Бір кісілік қауқарың бар ма еді? Бар болса, ана төртеудің таңдап тұрып бірін ал да, қалғанын өзіме таста. Мықтымсынған немелер ғой, шетінен жаяулатайық, - деді де, енді Қуатқа сынағандай оқыс бұрылып көз тікті. - Қару жұмсама. Аударып таста да, атын әкет!

Қорықпа, жауабын өзім берем!

Жігіттің өктем сөйлеп, бұған бұйыра тіл қатқанына намыстанған Қуат қатты кетті.

- Шырақ жөн білмес тасырлыққа ұрынба! Шалалығымды сыйламасаң да, ағалығымды сыйласаңшы. Кеудеге қақтырмайын деп жүрген екеудің бірімін! Кимелеуің жетті! Жетті де жер етті!

- Кешір, аға! “Іні зордан, аға бордан” деушілік еді менікі.

- Олай болса, шырақ, таңдап тұрып өзің бірін ата

да, қалған үшеуін маған шығарып бер. Құрыстырысымды бір жазайын.

- Аға, бұның зорлық қой. Әділет!

- Әділет десең, оң жақтағы екеу менікі, сол қанаттағы екеу сенікі. Ал кеттік! - деп атын борбайға бір тартқан Қуат дүрсе қоя берді. Қалыңға талай кірген жырыңды батыр қаперсіз келе жатқандарға ойпаң-тойпаң араласып әрі өткенде, жетегіне екі атты ілестіре шықты.

Соңынан жеткен жас жігіттің де қос қапталында екі сәйгүлік бос келе жатқан еді. Бұлар сол екпінді шабыспен жалғыз қараға жетіп бір-ақ тоқтады.

Төрт аяғымен жер тарпып бір орында бәйек таппай ойнақшып тұрған бәйгекердің үстіндегі адамның ала-құла киімі Қуаттың көзіне бірден шалынды. Қара жалбағайдың сыртынан құндызбен көмкерген үкілі бөрік киіпті. Үстінде жеңі мен жағасына оқалы зер ұстаған жеңіл биқасап бешпент. Бешпент сыртында қысқа жеңді тоғыз көзді шолақ сауыт. Ләмбек шалбардың кең балақтарын биік өкшелі, тұмсығы қайқиған мықшима етігінің сыртынан жіберіпті. Күміс қақтаған кіседе күміс қыналы көк семсер еп-ерсі салбырап тұр.

Өзінің атқа отырысы да өзгеше. Тобылғы сапқа жез сақина салғызған сарыала қамшысын қос бүктеп ердің қасына тіреп, бір жамбастай қисайған бойда, сол жақ қарына дөңгелек қалқанын іліп алыпты. Пошым-бітімі не серіге, не батырға ұқсамайды. Серіден де, батырдан да жабу мен жарақты жырмалап алып, тал бойына жарастырар үйлесім таба алмай әлекке түскен жан сияқты. Соның бәрін азсынғандай дөңгелете сақал қойыпты.

- Бұның не? Назың ба, мазағың ба? - деп қамшысын кезей жас жігітке шүйілді. Қуатты көзінің қиығына да ілмеді.

- Назым да, мазағым да емес, тақсыр! Наз етердей қылығым өткен жоқ. Мазақ қылардай айдыным тағы жоқ. Төрт аяғы тұсалған тоқты-торымның жан берерде тұяқ серпкеніндей әлсіз бұлқыну ғана шығар, - деген жігіттің күрсінгенін Қуат естіп қалды. Естіп қалды да, іш тартып қасына жақындай түсті.

- Жетер! Қысасқа қысас жасардай, әттең жолың жіңішке, - деді де, үзеңгіге шіренген дөңгелек сақал енді Қуатқа бұрылып саңқ етті. - Әй, құйысқанға қыстырылып жүрген кімсің өзің? Сор түртіп келген бейбақ болармысың!

- Нығыз сөйлеп, қыр көрсетуіңе қарағанда, көп сұлтанның бірі шығарсың. Ел менен қара халықтан ірі емессің. Мен сол көптің өкілімін, тақсыр. Ал енді айта бер айтарыңды, - деп Қуат қорғалақтамай тік қарады.

- Айтсам, аттан түс те, тізеңді бүк! Кісенді мойныңа салып, алдымнан өт!

- Айыбым не? Неңді бүлдіріппін! - деп Қуат қатулана қабақ түйді.

- Жел жағымнан жүрмейтін тоң мойын құл, нөкерімді жаяулатып бұдан артық төбемде ойнаймысың! - деп тіксініп, анау дауыс күшейтті.

- Айдалаға айқай мен аттан салардай, тақсыр-ау, сізге не көрінді? - деп үнсіз тұрған жас жігіт келеге келіп еді, “тақсыры” оған да қыңбады.

- Түс аттан! - деп тақымдай берді.

- Е, аттан сен мінгізіп, сен түсіріп жүр ме едің? Ал түспедім! - деп Қуат айылын да жимады.

- Ұста! Соқ мына итті! - деді әлгі сол кезде Қуаттың ту сыртына иек қағып.

Қуат өздері домалатып кеткен төртеудің тақалып қалғанын көрмеп еді, қапыда қалды. Қатар жармасқан сегіз қол ат үстінен жұлып түсірді.

- Таңындар аяқ-қолын! Шықпыртыңдар аямай!

Төрт жігіт дес бермей Қуаттың қолын шылбырмен буып тастады. Содан кейін қамшыларын ысқырта үйіріп шықпырта жөнелді.

- Тақсыр! Мына зорлығыңды тоқтат! - деді жас жігіт.

- Араласпа!

- Тақсыр! Босқа арандатпа! Жазықсыз жазаңды естіген ел тегіс наразы болады.

- Айтқаным айтқан, бар жазығы!

- Олай болса, өзіңнен көр, Болат сұлтан! - деді де, жігіт қатты ашуланып алып, қынабынан қылышын суырды. Сол сәтте атын тебініп келіп, төртеудің

ортасында бір тіл қатпай сұрланып алған Қуаттың қолын таңған шылбырды қиып жіберді. Қиып жіберді де, қылышын ұстатып:

- Батыр, намысыңды қорға! - деп қатарласа берді.

Дір-дір етіп ызамен дуылдай өртенген Қуат қылышты жалаңдата ұмтылды. Төрт жігіт төрт жаққа безе қашты. Өңі бұзылған Болат сұлтан ат үстінде көгере сазарып мелшиді де қалды.

- Уай, Болат сұлтан! Ел арасында телі мен тентек көп еді. Сен солардан да асып түстің. Ноқталы басқа бір өлім, иманыңды үйір! - деп Қуат қылышын жарқылдатып төніп барды.

Араға жас жігіт көлденеңдей берді.

- Батыр, намысың бар екен! Ашуыңды маған бер. Енді арандама!

Қуаттың іркіліп қалғанын көрген соң ес жиған сұлтанның тілі шықты. Қайтадан зәрленіп, сарыала қамшысын сермей сөйледі.

- Бөгеме, Зылиха! Аямасын зәндемі! Тоңмойын құлдың томырық мінезі ғой құтыртып тұрған. Жеті қабат жер астында шірітпесем, өзім көрге түсейін-ақ!

- Апырай, нені естідім?!. Зылиха дей ме?! Хан ордасындағы атақты сұлу Зылиха ма? Рас па? Сен бе едің, қалқам? - деп Қуат енді зіркілдеген сұлтанды мүлде ұмытып, “жігіт” деп жүрген серігіне таңырқай бұрылды.

- Иә, батыр, мен - Зылихамын. Ұзақ арман тілеп, бітпес зар алған ұрғашы ғанамын. Түлеп ұшам ба деп талпынып, түңіліп құлап тынған төменетек қанамын. Тотыдай құлпырған қыз байғұстың құрылған торы дайын тұрады екен. Жем беріп сайратып, қапасқа байлап ұстайтын иесінің ермегіне айналады екен. Мен де сол көп мұңлық қарындасыңның бірі -Зылихамын, - дегенде от шашып тұрған уытты көздердің нұры өшкендей күңгірт тартты. Жез дулығасын шешіп, ат үстінен еңкейіп Қуатқа басын игенде, қолаң шашы толқындап төгіліп түсті.

- Апырай, ә! Зылихамын де!.. Ендеше... Айып менен, Зылиха! Манағы бір ұшқары сөздерімді зіл алма! - деп Қуат қыздың ақбоз атының жалынан ұстай алды.

- Шынға шындықтан басқа орай емес. Өзіңіз де

жөніңізді білдіріп кетіңіз, аға! - деп Зылиха тағы да сәл бас иді.

- Асыл Зылиха! Атың мен көркіңе сыртыңнан әбден қанық ем. Мына қысылтаяңда кездескеніме ғана қапамын, құрбым. Өзіңнен жасырар еш түйткілім болмас. Міне, мынау саған деген жүрек жарған ілтифаты Қуат ағаңның! - деп қос қолын кеудесіне қойып, иіліп тағзым етті.

Қуаттың атын естігенде қыз жүзі құбыла толқып кетіп еді, тез басылды.

- Қуат аға! Атағыңызды сырттай естіп, бір көруге мен де құмар едім. Сол іңкәр құмартумен өтермін де, - деп сөзін бітіргенде көзіне мөлтілдеп жас үйірілді. Жас арасынан тұнжырап ұзақ қарап қалып, атын тебініп, бұрылып жүріп кетті.

Ерге қонған Қуат батыр үздік-создық кеткендердің соңынан көз алмай дел-сал күйде қыбырсыз қала берді.

4

Көктеп мінген еріннің
Астында көп жүгіртер күлік бар.
Көк садақтың ішінде
Көбе бұзар жебе бар...

Доспамбет жырау

Жомарт батыр диуанның түскі мәслихатынан өзі түскен үйге түнеріп оралды. Жайшылықта да көп сөйлемейтін тұйық кісі жетесіне жеткенде мүлде тығылып, булығып қалады екен. Түтігіп кірген бойда зіл батпан кісесін ағытып жіберді. Мол пішілген биқасап шапанын иығынан асығыс сыпырды да, сылқ түсіп қисая берді. Жастыққа шынтақтаған күйі жонын көрсетіп үнсіз қалды.

Әлгінде батыр үйге енгенде орнынан ұшып тұрып жастық тастап, ізет білдірген Қуат әлі де отыра қойған жоқ еді. Жомарттың бүлк-бүлк қозғала түсіп, әлденені уайымдай ойлап, қапаланып жатқанын сезіп, тоқырап тұр.

Батырды мазалаған ойды бөлгісі келген ниетпен даусын кенеді.

- Жәке, жол қамына дайындық жасата берейін деп едім. Ташкенге соғатын шығармыз?

Жомарт батыр Қуатқа оң иықтан бетін бұрды. Жаралы аңдай ыңыранып қалды да, жанарын қайтадан тайдырып әкетті. Қыртысы көп қыруар ойдың қай ұшығын табардай епсек еді. Бірақ қырыстанып қашанғы жата берсін.

- Арыстанның аузында асыр салғаның не осы сенің? - жай айтса да, үніңде кесек зіл бар еді.

- Не істеппін, Жәке?

- Бүлік тастап бүлдіріп жатсаң, одан артық не істерсің! -деп басын көтере берді де, жақтырмай теріс айналды.

- Апырай, сізді қиналтардай түк кінәм жоқ сияқты еді, -деп Қуат күмілжи бастады.

- Ендеше өз түбіңе өзің жетіпсің. Түңілдірген де сол мені. Болат сұлтанның шабынан түртердей саған не көрініп жүр осы?

- Жолымды бермеймін деп жонымды қамшысына төсегенім - шаптан түрту болса, әділеттен мен де түңілдім онда! - деп жас батыр сылқ етіп отыра кетті. Кешегі аңшылап жүріп ұшырасқан жағдай аңдаусызда алдынан тосар деп еш ойламап еді. Опырылып босап түсті.

- Әділеттің төркінін сен қайдан білуші едің? Күштінің қаруы, әлсіздің қорғалауы емес пе еді бүгіндегі әділет. Соны білмесең, жорғалап өмір сүруің қиямет болмас па, - деп Жомарт күрсіне бас шайқады.

- Күштінің зорлықшыл семсерін қағып тастар болат қалқан болмаған әділет адыра қалсын ендеше. Жорғалаймын деп жолымнан тая алмаймын, - деп Қуат орнынан көтеріле берді.

- Жә, отыр! Не оттап барасың! - деп батыр шамырқана басын көтерді. - Таймасаң, таптың! Алдың аларыңды! Тобылға жүресің. Тап ертең жүресің.

- Е, неге? Не деп жүрем?..

- Қайындатып жібереді деп пе ең? Қанішері, жендеті етіп аттандырады хан Тәуке. Ағайынмын, адаммын деген еліңнің еңіреген ерін байлап-матап

әкелесің. Осы жол - сенің түсер сының, тағып қайтар мінің де болады. Соған барасың сен.

- Бармасам ше? Жаулықты жауыма жасаймын десем ше? - деп Қуат та ширыға сөйледі.

Жомарт орнынан көтеріліп, бір тізерлеп отырды.

- Жаспысың деген осы-ау. Алды-артыңды ойлау жоқ. Айналаны анталап жау торығанда, ішіңнен еліріп елің бүлінсе, қиюы кеткен күрделі іс қиналтып басқа түспей ме. Жаным шырылдағанда, еріксіз Тәукені қарғаймын. Сырт айнала беріп, сол Тәукені және қолдаймын. Оның да жанталаса сеп іздеуі көп. Сергелдеңі де бір серпілтпей келеді. Ыдыраған елі белін сындырардай. Бұлт етіп бөлініп, бұрқ еткізі лаң тастайды, - деп аз-кем бөгеле беріп, сөйлеп кетті. - Орыс елшілерін көрдің ғой. Реніш айтады. Ренішінен де бұрын орынды тілек-талабын артады. Барлап тұрсам, ешқандай зорлығы да жоқ сияқты. Таланған елінің, шабылған жұртының мұңы мен мұқтажын қуып кеп отыр. Шындап үңілгендей болсам, анау орыс селендерін талан-таражға салды деген бүлікшіл қазақ жігіттерінің қиянаттан шеккен қорлығынан өрбіген тәуекелшіл өрлігін де көргендеймін. Жетпіс жеті атасынан бері жайлаған ата мекенінен айырылып, еріксіз қоныс аударған жазықсыз сабаздардың өз жерінен айдап шыққан қара шекпендерге қарсы бұл да болса тұяқ серпкендей, кек атқандай харакеті де шығар. Содан ушыққан, ұшқындаған орыс пен қазақтың, екі елдің арасындағы жайсыз тірлік ханның қолын амалсыз байлап отыр. Анау іргеңнен төніп тұрған ойратқа қарсы ұмтылар күні ертеңгі әрекетінде көмек тілер медеуі - орыс патшасымен көп кикілжіңге келе бермей, бір уақ соның өтінішін орындайын дейтін де болар. Тәукенің сені Сұртайға жұмсап отырғаны да содан. “Бүлікшіні не көндіріп, не көміп кел!” демек. Алыс жолдың ауырлығы да сонда. Құрдымына тартып әкетер иірім-иірім тереңі көп. Етіңнің тірілігіне сенсем де, тірлігіңнің түрінен жерігендеймін. Қиыннан оңайлатып өтетін ақыл-айлаң шарғы ма деп уайым жеймін де. Өзіңе өтініп айтарым: Сұртайға сұрланып барма. Түптің-түбінде оны қинаған ел жайы болар. Шұрайлы жерінен зорлап орыстар

қуған соң еріксіз қимылдаған тәрізді. Істің іргесін ушықтырмай, ебін тап. Жақсы ер-азамат еді, жалғызілік көрмесін. Көңіліндегісін қозға, көкейдегісін қоздат. Өзіңе де сақ бол. Мына сергелдең сапарың Болат сұлтанның тарапынан туып отыр. Әкесіндей емес - безбүйрек жан еді - қапыңды аңдыр қанжар қосып жібермесін қайдан білесің. Жарайды, ол жағын Тынышбайға тапсырармын. Әйтеуір, абай бол, - деп Жомарт тыныш қалып, қайта қисайды. Ендігі жатысында манағы диуанда өткен мәслихатты көз алдына қайта тізіп әкеліп еді.

Күмбезсарайға есендік-саулықсыз төңірегіне ызғар шаша енген Тәуке күндегісінен мүлде бөлек ажармен сұрланып алыпты. Мәжіліс нобайы да біржақты, басқаларға ырық бермес тізе күшімен қыңырайып шешіле бастады. Әдеттегідей ақыл қосып, уәж тосып, келісіп түйіндер мәмлеге жоламай, сөз жобасы кеу-демсоқ ашумен долбарланып пішіле бастасымен, Жомарт биікте отырған ханға ажырая қарап, наразылығын анық білдіріп қалған-ды.

Тәукенің тұлан тұта бүліне қалуына себепкер болған Болат сұлтан еді. Кеше кеште бәйгекерін қансорпа ғып жетіп, әкесінің үстіне сұраусыз кірген. Кірген де күңұзынғы жалғыз қарашыдан - Қуаттан көрген қорлығын шағына айтқан.

- Әке, қит етсек, ел-ел деп белден басқыза береміз бе? Жоқ әлде ең болмаса бір мәуріт билік пен хандықтың қарымтасын қайтарар күн болар ма? Қашанғыдан бұрын кім көрінгеннен қаймығып, қорғалақтап-ақ өлетін болдым. Сізге қарайлаймын деп-ақ қапымды өткізіп барам. Бірін - анауым, бірін - мынауым еді деп бетінен қақпай қара халықты әбден басындырып жібергенсіз. Мына бүгінгі қорлықты тыйыңыз. Әйтпесе, әкем хан еді деп қашқақтай берер шамам жоқ. Қарысып қарсы шабам, - деп ашу білдірген.

Тәуке хан баласына жақтырмай қабақ түйсе де, кейінгі кездері көп биі мен батырының өзімшіл менмен әрекетінен түңіле бастаған түрі бар еді. Сұлтан ширығысы дәл сол өзінің кіжінген көңіл күйіне дөп келді. Орда ыңтайынан тыс кетіп, шырық бұзған кейбір ожарларды бұғалықтап бүрістіріп қоймаса, хан

тыйымы мен әмірі тоқылдақтың тәубесіндей бос сөз, ақ көбік деп ұғып, жүгенсіз кетер. Ондай күнде құбылған заманның болдырған көкшолағын митыңдатып қайда барарсың. Сондықтан да бір қисықты бір қыңырмен аямай соғар. Соғар да екеуін соққысына жығар. Бақташысыз бетімен кеткен қой емес, қағушысы бар дөңгеленген ел екенін білсін. Білсін де тынсын. Екіншіден анау тентегіңді түзе деп ақ патшадан дүбірлетіп қайта-қайта келіп жатқан суық хабарды тыншытар хан жауабы да осы болсын.

Тәуке хан биіктегі тағынан отырғандарды түгел шолып өтіп, саңқ етті.

- Осы біз елміз бе, малмыз ба?

Жиналғандар аң-таң қалып, бастарын төмен тұқыртып иек көтеруге жарамады. Ханның әдеттен тыс ашулы түрін көргендері осы. Сарай дәстүрінде дәл бұлай астарсыз ашық сауал қою бұрын-сонды болып көрмеген жағдай. Оның үстіне Әз Тәуке аталған алды кең Тәукенің аяқ астынан ширығуын кездестірмеп еді. Тұс-тұстан күмілжіген еріндер күбірледі.

- Елміз.

- Ел - мал бола ма?!

- Әрине, елміз!

- Жоқ! Ел емеспіз. Ұрлық пен қарлық - елдікті даттайтын бадырайып тұрған масқаралық. Әзәзілге ұсынар жолым жоқ. Сұртай батыр бір емес бірнеше бүліктің басы бопты. Өзгені еліктіріп, бүтінді бүлдіріп бітті. Беті бері қарап бейімделген келісімді, орыс пен қазақ арасын тоқайластыратын орайды қиындатып, елден елді бездіріп кетер қылығынан да түңілдім. Соқпа дертке өкне жүрмейді. Өзегіме өңмеңдете қылыш сұққандай әрекетін құптамаймын. Қарғыс айтамын. Сұртайды осында алдырамын. Айыбы болса, басымен жауап береді, - деп барып сөзін сұрақпен бітірді. - Қане, батырлар, қайыссың барасың?

Серпіле қозғалып, ілгері кеңірдек созған ханға батырлар қарай алар емес. Бұларды мына зәр шашқан суық жүзден гөрі сонау Сұртай халі көбірек қынжылтатындай. Тесікке тығын етердей ханның шіріген жұмыртқа қып шығарып салып тұрғаны елінің еңіреген ері, халқының қадірлі ақыны еді.

Тәуке әлі де сол ілгері лықсыған бойын тіктеместен көздері шатынап саңқылдай сөйледі.

- Неге үндемейсіңдер? Ақ бұйрыққа көлденеңдеп қарсы тұрар пенде емеспін. Сұртай үкімін өзі шешіп, өзі кесіпті. Өз қылығымен, кінәсімен кесіпті. Байламымды мен де өзгертпен. Жомарт! Сенің соңыңа ерген Қуат деген жас батыр бар екен. Бұл байламды соған тіредім. Ат-қаруын өзің сайла! - деп суық ата қарап, қадалып тоқтады.

Манадан ажырая карап отырған батыр бұл тұста қатты шіміркеніп, хан жүзіне тайсалмай тіке қарады.

- Тақсыр, өлімге жұмсардай Қуаттың мен білмейтін күнәсі бар шығар. Ол сұмдығы мына бұйрығыңыздан сезіліп тұр. Бірақ албырт жастың аңғырт қадамын кешірер үлкендігіміз қайда? Жолын ашпаған ұланды жыртқыштықпен ауыздандырмайық. Қайтып алыңыз мына үкіміңізді. Мен-ақ барайын. Мен-ақ болайын семсеріңіз. Қуатты бұзбаңыз, - деп қалды.

- Жөн!

- Қуатты қинамайық!

- Барсын Жомарт батыр!

Шуылдасқан дабырды хан шорт тыйды.

- Аздырма жұртты! Арандатпа, батыр! Қуат барады. Басқа сөзім жоқ.

5

Біраздан бері жаймашуақтанып тұрған ауа райы кілт бұзылды. Күн екіндіге құлай аспанды қалың қара бұлт тегіс бүркеді. Алдымен суық жел дүрілдетіп өте шықты да, кешікпей көк төсінен ұсақ тамшылар секіре бастады. Сол-ақ екен бірнеше тәулік толастамай ұзақ сіркірейтін қолайсыз ақ жауын жер мен көктің арасына өрмегін құрып тастады.

Күлтөбені айнала төңіректеп, қоршай орналасқан киіз үйлердің күндегі қарбаласы мол жиын-жыбыры жоқ. Түндіктері тегіс жабылып, жым-жырт мүлгіп қалыпты.

Жаңбыр суылын күшейтіп, ымырт үйірілді. Әншейінде батып бара жатқан күннің алқызыл шапағына

бөленетін “Ханабад” сарайы бүгін қарауытып қана шалынады. Сөнер күннің ең соңғы шұғыласы күмбездің ұшар басындағы алтын жалатқан жарты айды ерекше жарқыратып, жалындатып жарқ-жұрқ еткізіп көз шағылыстырып барып, бір кез жоғалып, өшіп кетер еді. Бүгін оның бірі де жоқ. Тек айнала төңірек тез қаракүңгірттеніп, көбесін жаңбыр тамшысы тесердей бүрісіп, кішірейіп барады.

Ахангиреннің ағысы баяулана қалатын тереңдеу тұсында тұңғиыққа төніп тұрған шоқының үш жағы бірдей түйетайлы келген де, іргесінен өзен ағып жатқан күнгейі қылышпен тілгендей тік жарғабақ. Сол шоқының үстінде әлдекім төмендегі суық болаттай өзен суының баяу ағысын үнсіз бағып отыр. Тынымсыз билеген ұсақ тамшылардың айдын бетін бұрқ-сарқ қайнаған қазандағы қара сорпадай көпіршітіп жіберген ұйқы-тұйқы көрінісіне көз тігіп, мелшиіп алыпты.

Бір сәт әлдеқайдан мұңлы әуен талықсып жетті. Сыз бүркіп тұрған майда жауын елжіреген жүрегінен бастау алған нәзік әніне себелейтіндей әнші даусы онша қатаймайды. Әлденеге күрсіне өкініп, әлденеге риясыз қуанғандай кезектесіп өрбіген толқынды ырғақтан екі түрлі өрнек айқын сезіледі. Жұбаныш күткен іңкәр тілек үні, өткенін аңсаған дірілді сағыныш мұңы қара құстың қанатындай боп қойнау-қойнауға ұйлыға тығылып, орнай бастаған түннің қойнындағы суық даланы сәл-сәл серпілткендей, сәл-сәл желпігендей баяу қалқиды.

Бұл шақта нобайы білінер-білінбес қарауытқан шоқ ағаш, киіз үй, топ-топ малдардан басқа ештеңе де айқындалып көрінбейді. Әлгіндегі әлсіз сылдырап аққан өзен дыбысы да еміс-еміс жетеді. Не басылмай, не нөсерлетпей майда жаңбыр ғана біркелкі сіркіреп тұр.

Дірілдеп барып ән үзіліп тынды. Белгісіз әнші жан жүрегін шымырлатқан өтінішін жеткізе алмас қытымыр заманынан жеріді ме, әлде қиялында талпынған үміт саусағымен көңіл пернесін дөп басып, сабасына түсті ме, нәзік әуен қайта өрбіген жоқ. Түнгі жаңбыры дым бүріккен ауада қанатына су тиген көбелектей мұңлы саздың жаңғырығы да тез өшті.

Күнде бұл уақытта төбені жағалай қоныстанған көп үйдің алдынан тұтаса түтін будақтап, сырт көзге даланы қара өрт басқандай сескентіп жерошақ оттары лапылдар еді. Ерсілі-қарсылы үй мен қазан-ошақ басына дамылсыз ағылған даяшы жылпос жігіттердің қылаң ұрған жүрістері көңіл аударып, әзіл-қалжыңы жарасымды жайраңкөз жеңгелердің еменжарқын күлкісі естіліп жатар еді. Сол өмір көрінісіндей харакеттен де еш белгі қалмапты. Тасқа шылп-шылп соққан суық майда жауын соның бәрін қылғып жұтып қойғандай.

Кенет жалғыз шоқының етек жағынан әлдебір тықыр естілді. Қыбырсыз отырған адам енді солай қарай көз тігіп қалды. Келе жатқан кісі осынау оңаша халіне қиянат жасардай көре ме, демін ішінен алып, үнсіз бақылайды.

Әлдекімнің ұрлана басқан епті жүрісі шөп қуалай, тықырсыз аттайды. Кім де болса, мына жеке отырған адамды біліп, әдейі іздеп келе жатқан тәрізді. Бөгелмейді де бұрылмайды.

Төмендегі адам есік пен төрдей кеп кідірді. Шоқы басындағы жігіт орнынан жалмажан ұшып тұрды.

- Кімде болсаң, бері өрле! Тоқтама!

- Шамырқанбаңыз, батыр! - сыбырлаған жіңішке дауыс түнеріп тұрған түн қойнындағы майда жаңбырдың шылпылындай нәзік естілді.

- Апырай, Зылиха болармысың?!

- Осыншама сіз шошырлықтай құбыжық па едім, Қуат батыр! - деп еркелей күлген қыз бетпе-бет келіп тоқтады.

Қуат шапан бүркенген Зылиханы иығынан сүйей демеп кесек тасқа отырғызды да, өзі қасына тізе бүкті. Әзілге әзілмен тіл қатардай шамасы жоқ. Кешегі күтпеген кездесуден кейін “оңаша сәт тауып, Зылихамен бөгде көзсіз сырласар ма еді!” деген кеудесінде оянған тәтті тілеуі бар еді. Күндізгі Жомарт батырдан естіген жайсыз хабардан соң елгезек көңілі жабырқау тартып, іштей кекселене самарқауланып қалған-ды.

Қарсысындағы қызға қаншама қадалғанымен, жұлдызы бүркеу даланың көзтасасы діңкесін құртып отыр. Ойда қалған елестің өрмегімен ару кескінін көңіл

жайлауына қайта қондырғандай түгендеп кетті. Анау өзен нобайындай доғаланған қап-қара жіңішке екі қасын да, кіршіксіз аппақ жазық маңдайын да, қою ұзын кірпігі көмкерген үлкен мойыл көздерін де, жұқалаң қырлы мұрнын да көрмесе де анық танып, біліп отыр.

Қыз көп сыр айтты. Қуатты жалғыз қара тұтып, жатырқамай, жан тартып шешіле сөйледі. Зылиха әңгімесінен Қуат көп сырға қанды. Осыдан жиырма жыл бұрын Жәміш бойына Сары және Келді деген екі адам сапар шегіпті. Білекті ер емес, білікті билер ханның елшілік міндетімен тығыз аттаныпты. Түркістаннан ат басын босатқан елшілерді орыс патшасының Тобылдағы кеңсесінің белгілі стольнигі Павел Шурыгин Жәміш көлінде күтіп алса керек екен. Екі жақтың келіссөз жүргізер жеріне аман-есен жетіпті. Елшілер қазақ жері арқылы Орта Азия хандықтарының сауда керуендерінің Ресейге бөгетсіз өтуіне кепілдеме жасаған Тәуке ханның қолхатын тапсырып, көп кешікпей кері оралуға тиіс екен.

Артта жалғыз жар - Сары бидің халал жұбы қалады. “Жолаушының кешіккенінен сүйін” дегенмен, аяғы ауыр жас келіншек жар төсекте жалын атып, уақыт озған сайын көрер таңды көзімен атқызыпты. Уайым торлаған қапас көңілдің селт еткізер жұбанышы азайған соң, ыстық асты үрлеп ішкендей көкірегін күйдірген мұң-шері көбейіпті. Көз алдында көлбеңдеген көп елес Сары бидің жұбайын небір азапқа салғызып, күннен күнге мүжілтіп, сегіз қанат ақүйден аттап шықпастай дертке душар етіпті.

Оның үстіне айы, күні де жетіп, тосырқау күйіне және бір ілгекті жадаулықты қосып кетеді ғой. Тірегі сынып, тілеуі сөнгендей болған әйелді Тәуке хан өз ордасына алғызыпты. Алғаш ордаға түнеген түні тұмса келіншек іңгәлаған нәрестесінің үнін естіген екен. Қасиетті қара шаңырақтан шерлі ана сол түнде келешегінен үміт күткізер жақсылықтың белгісін көргендей ырым етіп еді. Алданыпты. Жары оралмады. Нәрестесі - қызы әке еміренуін көрмей өсіпті. Бұлғаңдап, хан қыздарымен бірге бойжетсе де, шеше еңіреуімен басталған күйікті шер қыз басына да

бұйырған екен. Шалқытып жүрген ерке таңын бұлт тез шалып, шуағы баяулап сөнеді. Хан қадірлеп сыйлағанымен хан әйелдерінің себепсіз қызғанышы қыз анасын көрге ерте тығыпты. Тәуке әйелді өз қарындасындай мол құрметпен ақырғы жолына шығарып салады. Жетім қыз желкілдеп өсіп келе жатыпты. Сөзге өткір, мінезге бай жайдары, жарқын бойжеткен Болат сұлтанның көз құртына айналғаннан бастан қыздың ашық аспаны күңгірт тартыпты.

Осыларды сабырмен, орайлы шынымен бүкпей айтқан Зылиха бір сәт бүркеніп отырған шапанын төмен сырғытып жіберіп, ауыр күрсінді. Солығы басылмаған күпті көңілдің ұзақ, ақтарылып лықсып шығатын запыран демімен күрсінді.

- Сенделе ойлауым көп. Ойламауға тағы амалым жоқ. Тәнім сау. Бірақ тән саулығынан пайда не, өксіген жанымның сау тамтығы қалмаса. Көрмеген қызығым көп қой, зар тілегіммен ең болмаса біреуіне жетермін десем де, сағым алдаған айдаладағы жолаушыдай үнемі жалғыздық сезінем. Сәт сайын ұлғайған белгісіз сағынышымның түсін, түрін бағдарлай алмаппын. Қыз байғұстың бірімін - үркейін де көнейін десем, оған да ебім жоқ. Кейде бір күлетін шағым болады, - бірақ қуаныш таппаймын. Кейде бұлқынайын десем, ыза-кекке бастар құдірет иесі де емеспін. Бықсимын да басылам. Тығырыққа тірелген бейкүнә еліктеймін. Егілем де қатаям. Қатаям да тағы еңіреймін. Меңіреуден жарық іздеп сандалып жүрген мұңлықпын, - деп тоқтады.

Қуат батыр тіл қата алмай үнсіз ғана бас изей берді. Өз ішінде қыз сырына үндес бір сезімі тұтана бастап еді. Зылиха тағы да сөйлеп кетті.

- Жұбаныш етер бір ілікті далбасалап қарманғандай болам. “Менен де сорлы, менен де гөрі нахақ күйген мұңлықтар аз ба? Солар құрлы бір дәурен кешермін” дегенді талшық етейін деймін. Бірақ өз басым озбырлық қамытын кисе, айналамдағы дәл сондай шерлі халдегі құрбыларымның көптігінен уаныш таба алмаймын. Сол бейбақтарды жұтқан суық құшақ, қатал тірлік - менің де барар жерім, алар төрім болса, “құдай жазды, мен көндім” дей қоярлық түрім жоқ.

Тыпыршимын да тыншимын. Тыншимын да қайта тыпырлаймын!..

Мана алғаш ашыла сөйлеген қыз үні Қуат кеудесінің берік бір қақпасын нәзік тықырлата жетіп еді. Бұл тұста айқара ашқандай бопты. Барлық шерін ақтарып, қалтарысын қалдырмай жұбаныш күтіп, шынын қотарған қызға бұл да жүрек жарды түйінін шешті.

- Құрбым Зылиха! Шыр-шыр еткен зарыңды ұқтым. Бұған дейін менің ой жүгіртіп, бой салып еңбеген бір тас қорғаным екен. Өзің бастап, өзің кіргіздің. Көп сырды дақпыртпен долбарлап, сырттай орағытып кетеді екенбіз. Мына жетектеуің жаңа арнаға жол салғандай болды-ау. Сен көп ойлансаң, ал мен сол ойдан қашушы ем. Осы бүгін ғана оңаша қалып өткенімді еске алдым. Өзге түгіл өзім түшіркенерлік, өзім қуанып елестетерлік белгі қалдырмаппын. Жақсы көріп, от боп тұтанардай қыз да кездестірмесем, мына сенімен көріскелі бергі сәтім қатты ұйқымнан сергітіп оятып, кеудемнің таң сәрісін алаулатып тудырып бара жатқандай көрінеді. Ұзынды-қысқалы тілеулі шағымда өзіңе құптатардай нәрім аз да, татымсыз мәнсіздігім асып түсіп, тіл байлар қорғалақтауды көбейтетін сияқты, - деп Қуат қыз қолынан ұстады.

Салалы ұзын саусақтардан діріл нышанын сезді. Сол діріл енді екі жасты бірдей баурады. Күзгі майда жауын сирек себелесе де, сұп-суық. Бірақ мына діріл, үдеп бара жатқан діріл жауған дененің тоңазуынан емес, іштегі жалын атқан халдің ширығуынан туған еді. Зылиха еңкейе түсіп, жігіттің алақанының сыртына маңдайын тигізді. Осы бір елеусіз қимылы жас батырға деген ілтипаты мен сеніміндей сезіліп еді. Қуат қызды сол қолымен икемдей құшақтап, кеудесіне қысты.

- Бұл ғұмырда ұмытылмас шақ кештім десем, Зылиха, ол шақ - дәл мынау түнім екен. Қаншама тілеу етсем де, түп-түйініне жетпестей тәтті елесімді өзің ұстаттың. Өзің ендігі тірлігімнің қолдаушысы да бол! Талабымды шет қақпай, жүрек тілімен үнімді ұқсаң - бар мұңың мен шеріңе де, бар қызығың мен қуанышыңа да ортақ боп табылармын! Бір жүрекке

тыйым салар құдіретім бар еді. Сол құдіретпен өзімді өзім көндіргендей сабырлылық шақырып отырғанымда, өзің келдің де, көңілімді ұйқы-тұйқы етіп жібердің. Қай жағына қалай бұрсаң да, әділіңе арыз етпеймін. Тек көз жұмып, шырағым өшкенше қадірлеп, аңсап өтерім - жалғыз ғана өзің боларсың, Зылихам! - деп жігіт үміт есігін ашты. Қинамаса да, қиналатынын, жалынбаса да, жалғызсырайтынын жасырып қала алмады. Бұған дейін баяу аққан анау өзендей өмір ағысына бір дүлей толқын араласыпты. Араласыпты да, бұрқ-сарқ тасытып, бұрқ-сарқ долдантып, дүбірлетіп кетіпті. Құшағына құшағы табысқан жас сұлуға соны жиі ұрған, алқынып ұрған жүрек дүрсілімен жеткізді. Жеткізді де, жауабын тосып және бөгелді.

Қара бұлт ыдырай бастапты. Көмескіленіп әр тұстан шоқ жұлдыз бұлдырады. Тастай қараңғыны сәл де болса серпіп жіберген осы күміс теңгеліктер қыз жүзіне сәулесін түсіріп, үлкен қара көздерді айқындады. Қуат Зылиханың әлденеге жүдеп қалған өңіне телміре үңілді.

- Батыр, бар түйінді маған қалдырдыңыз-ау... - Кідіріп барып, жалғап әкетті. - Мен оны шиелер болсам, келмес те едім. Атыңызға әуелден ынтық құрбыңыз едім, затыңыздың одан кем соқпасын көрдім. Басқа не айтайын. Еркімді ырқыңызға байлаудан артық бақыт таппайтынымды ұққандаймын. Ылайым, сеніп өтермін бір өзіңізге. Момын ауылға қол бастап барып қан ағызар ұрдажық көп еді. Ұранды батыр аз еді. Жүрегінің дірілі бар, сезігі мол, ар-ұяты билер батырым деп өзіңізге назыммен келдім, - деп қалды да, - Сапарға шығарыңызды білем. Көп тосып, жолыңызды көп күтермін. Жалықпай, талмай күтермін. Аман барып, сау оралғайсыз! - деп ынтызар тілекниетімен тоқтады.

Зылиханы етекке дейін қолтықтап демеп келіп, Қуат құшақтасып қимай қоштасты. Әдеппен иіліп тәжім етіп, ұзап бара жатқан қыз соңынан көз алмай қадалған жігіт Зылиха қараңғыға сіңіп кеткенше орнынан қозғалған жоқ.

Дәл осы сәтте есік пен төрдей жерде, шоғырланған

түп бұтаның тасасында жалғыз қара тұр еді. Қаққан қазықтай сіресіп қалған жігіттің қос өкпесінен көздеп, садағын шіреніп тарта берген. Төменнен аяқ тықыры естілді. Іле дауыс шықты.

- Қуатпысың? Қайда жүрсің, қарағым-ау! - деген Жомарт батыр екен. - Көз шырымын алсаңшы. Алаңелеңмен аттанасыңдар ғой.

Жалғыз қара бүкжеңдей қалды. Жебесін асығыс қорамсаққа сұңгітті. Ұрт етін кірш тістеді. Аузы толған қанды түкірікті түкіріп тастап, бұрылып кетті.

Т О Ғ Ы С У

1

Қатқақты сауырлаған ат тұяғының қатқыл дүсірінен шаң ұшпайды. Сүле науқастың ку сүйек денесінен таспаланып жоситын көкөрім тамырлардай боп күзгі күңгірт даланы тарау-тарау тілгілеген жолдардан бейсауат жүргіншінің қарасы көп шалынбайды. Қуат пен Тыныштайды жігіттерімен қосып алып, Күлтөбеден қайтқан Қазыбек бидің бар жиыны отыз шақты атты шағын тобы екі-үш күннен бері қатар бұзбай, қара үзбей түйдек келеді. Аласа алқүрең бетеге мен көде, жыңғыл мен жусан жасылын азайтып, аспан түстеніп сарғыш реңге ауысыпты. Салқын тынысты сахара бойкүйез делсалдыққа ұмсынып, тымырайып бұғып жатыр. Сояуланған кәрі азудай әр жерден бір шаншылып құрай сыңсиды. Сол бәйек сыңсудан бастау алып, тіленіп оянғандай суылдап жел көтерілді. Әлгінде қылт етіп үстіртке иек артқан суық күн құрық бойы өрмелеп кетіпті, жылусыз шуағы шашадан шық кешкен ат тұяғында сәуле-шұғыла боп құбылып ойнап тұр.

Ерте жүріс, мазасыз жел, сұрқай дала еңсе біткенді езіп, жүргіншілердің жүзіне көлеңкелі мұң шырмағандай көпке дейін айналаға үнсіз көз жібертіп, жақ жаздырмай бұйығы қалыпта ұстап келе жатыр еді. Ойдым-ойдым түлейлерді айналып өтіп, тау бөктерлей құлдилаған қара жол қара желдің өтіне желке төсетіп, ықтасынға маңдай тірелткенде сапар ұзақтығы мен мезгіл жүдеулігін бірер сәт сейілтіп жіберер ермегі басталды. Атүстінің жол-жөнекей митыңын елетпейтін елегезек дәстүр жастар арасында ән мен жырға кезек берсе, алдыңғы үлкендер әңгімесі ұзынсонар кеңеске ұласатын ыңғайға сайды.

Астындағы жал-құйрығы төгілген нардай жүрдек

торысының жүйтку жорғасын тежей түсіп, қайырма жағалы шапанының бір жақ етегін тақымының астына қыстыра беріп Ақтамберді жырау Қазыбекке күлімсірей тіл қатты.

- Қазеке, үндемес ойнағандай тымырайып жымжырт келеміз. Аға тұрып іні сөйлегеннен без дейді ғой. Арамыздағы жеті-сегіз жасты базынамыздың садақасына бұйырып, бірер сауал берсем айып етпеңіз!

Манадан атының басын өзгелерден оздырыңқырап мүлгіп келе жатқан Қаздауысты Қазыбек би жайнаң етіп бұрылып, тізгін ірікті. Қою сұлу сақалын дір еткізе келісім танытып, бас изеді де, мұңлы көзін әнтек қысыңқырай қарады.

Ақтамбердінің тостаған жанарлы нұрлы жүзін, қайратты қасын, етті келген толық ернін, шалғылы қияқ мұртын жаңа көргендей бір-бір шолып өтті де, оң жамбасына қисайып, сол қолымен ердің артқы қасын таянды.

- Е, сұра, Ақтамберді. Сауалың қандай еді?

- Ендеше бар ғой, Қазеке, тас шатқалдан тамшылап ағып, жылымшылап басталатын таусылмас тұмадай тулайтын ойларым бар. Сонымды айтайын.

- Айт! Айта бер, жырау.

- Осынау елсіз жотада атаусыз мола көп. Жер қайыстырған қалың қол осыдан жүз жыл бұрын да, екі-үш жүз жыл бұрын да адырнасын шірене тартып, көк найзасын көкке білемдеп өткен. Сонда да бір тыншымайтын аласапыран тірлік. Шанда бір бітім орнаса, шаңдатып тағы бүлік басталады. Керуен жолында ұбақ-шұбақ шұбырған кісендеулі құл, күңіренген күң таусылмайды. Мың сансыздың ортасында жалғыз мұңды мен бе десем, қасірет шегіп жас бұлаған жанар көп. Дүниеқоңыз белшесінен алтынға батса, баққұмарлар шек-шекпеннен кенде емес. Сонда да екі аяқты пендені іштен жарылқайтын құдірет - қанағат бір жетіспейді. Соларды еске алғанда тасыған көңілім шөжіп қалады. Сонау айбынды Қасым кезінде, қаһарлы Хақназар хан тұсында жұмған жұдырықтай бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған бірлік енді неге ұйымайды? Әлдеқайда жым-жылас жоғалып кеткендей сол ұйымшылдық неге қайтып оралмайды?

Оралмауына себеп не? Осының мағынасы қандай? Қанды қасапқа айдап салар, аямай қуар дабыл қуаты жүрек соғуынан, жүрек қабынуынан да күштірек болғаны ма? Дүние-жалған көрген түстей көзден бір-бір ұшарда, “үзеңгі сыңғырына ұластырып күлкі күліп, қылыш жарқылынан от тұтаттым” деп айту үшін ғана жорық пен шапқыншылық жасау керек пе? Әйтпесе асқар тауды жайлап, желілеп бие байлап, ойпаң жерге он отау, қыраң жерге қырық шатыр тіккізіп, қазанды оттан, ауылды топырдан айырмай, “жігіттің көркі - жылқыда” деп мал бағып жатса қайтер еді? Қай қырға шықсаң - қырылған елдің моласы тосады. Қай төбеге шықсаң - бүлінген елдің обасы тұрады. Ықылым заманнан бері жыл сайын көбейіп, молайып, аяқ аттасаң адаспастай белгі боп туып жатыр. Сол қорым мен қорғандар жұмбақ сыр бүге ме? Жұмбағымды ұғып, жылау, зарлауынды тый дей ме, таусылмайды. Керней шалып, дауылпаз жаңғыртқан өң мен түстей жорықшыл мағынасыз өмірде дүдәмал үрей билеген заманның әлде көлденең тартар күдік-күмәні көп сыбағасы осы ма? Көкірекке аяныш ұялатпай, ібіліс пен әзәзілдей абыройынан жұрдай болған пенде шіркін жағаласып жалбағай жыртып, беттесіп перде сыпырып, екі көзден ерегіс шоғын төгіп өте берер ме? Ел жүрегіне қадалған ортақ мұң темір тікеннен де тұтқыр еді ғой. Өмірбақи қыр соңымыздан қалмайтын бұл неткен сиқыр? Түсіндіріңізші осыны! - деп ақырын қоңырлата бастаған үнін қызу леп, шапшаң екпінмен бітірді. Бұл тұста артқы топтан бөлініп бұл екеуінің қатарына Аралбай, Түйте, Қуат батырлар жақын келген еді. “Не айтар екен? Қалай шешер екен?” - деген шыдамсыз жүзбен олар да би аузына кірпік қақпай қадалып қалды.

Біразға дейін ойлана бас шұлғи түсіп,көп сауалды іштей қайта бір шолып өтті ме, Қазыбек көзін жұмып тұрып сәл ыңыранды. Содан кейін машықты әдетіне тез ойысып, ұзақ кеңеске кетердегі қалпымен тамағын қырнады. Көмейден қаз қаңқылындай әсем үн төгілді.

- Қатал үкім, қатты кесім айттың-ау, Ақтамберді. Қызуың басылмай, сабырың ұстатпай тұр-ау. Жадырап жаз шыққан, күлімдеп күн туғандай мерей тірлікті

айналаңнан көре аласың ба? Жоқ қой соның өзі. Жазды ызғар буып, күнді мұнар торлап жатыр-ау! Әйтпесе желілеп бие байлап, желектеп келін сайлағанға не жетсін! - деп ақырын күрсініп қалды да, атын бірер тебінді. Қабағына кірбің оралғанда, көзіне мұңлы нұр жүгірді. Әлі де үзіле қоймаған ой желісі іштей ширықтырды ма, енді қарашығы үлкен ойлы жанарын қасындағыларға кезек төңкеріп, сөйлеп кетті.

- Шапқыншылық - шабылғандықтың қарымтасы. Жорық - жоғалмаудың айласы. Рас, тірліктің тірегі олар емес. Мал бағып, жан күйттеу, бейбіт тұрмыс қаракеттеу жақсы ғой. Бірақ оны бізге кім берген? Ел арманы, ер кегі, туған топырақ жоқталса - қайралған қылыш пен ұшталған найза қолдан түсер ме?! Сен, Ақтамберді, жағаласып жалбағай жыртып жүрміз дедің. Ал мен айтсам, кердеңдеп кері кетіп барамыз деймін. Әлгінде Қасым мен Хақназар тұсындағы бірлікті жақсы атадың. Ал мені қинайтыны сол бірліктің бүгінгі іруі. Татулығы ыдыраған ел жаман. Ол амандықты да, адалдықты да ұмытады. Күннің батысында Еділді еміп, шығысында Ертісті өрлеген, теріскейінде Тобыл мен Есілде ерулеп, күңгейде Қытайдың ұзын аққан тас қорғанды қабырғасына құрығын сүйеген қайсар қазақ ек. Шалқысақ - шалқар боп, жайылсақ - жазық боп, асқақтасақ - аспан боп дүбірлеген кезде Қырымда қиқулап, Көк ордада көк жалын ойнатқанбыз. Хунуды батысқа тықсыра қуып, манғұлды матап тастағанбыз. Ал енді кімбіз? Тарбағатайың тарыдай бұлдырап талауға түсті. Алтай мен Алатау алыста жау қолында қалды. Еділ-Жайық тел өзен тентіреген торғауытқа кетті. Сібіріңе орысың орнықты. Арқандағы Арқада аламаның отыр. Осыларды ойлағанда омырауымды қан жуып, өңменіме оқ қадалады. Елдің күйкі күйі күңіренген ішімнен шер-шемен туғызса, шыңнан аққан бұлақтай ұзап шығып сол шерлі зар алыс-алыстан естір құлақ, көрер көз табар ма деп далбаса іздеймін. Ел мұңын қашанда ер көңіл дөп басқыш. Сезімді ділден сазды әуен туғыш. Қапысыз шапшаңдықты сендерден - ақын, жыраулардан күтем. Оқыс сабыр ой байлайды, қол матайды. Сен сабырға тартпа, елдікке бірлікке, татулыққа бастайтын сазға

ойыс. Іргеден шаң атып, ірілік айтып жатқан анау көп жауыңа қарсы қаһар табардай, дертті жүректің қыл пернесін еріксіз сарнатар шабытты шақпақ жыр тарат! Ел қолтығын сөккізген кереғар тіршілігін көзіне шұқып отырып, өлі аруаққа бағыштамай, тірі жанның тірегі мен тілеуі болар тұрлауын айт. Төренің төмендеп, сұлтандардың сыпыра сырғақтап сыбыс аулап, сырдаң қағып сүлесоқтанып жүргенін түсіндір. Үш жүз боп бірікпей, үш жақ боп бөлініп, шетінеп, шытынап бара жатқан тұтас халқыңның туын көтеріс! Кіші жүзді жіліктеп Әбілқайыр мен Батыр сұлтан жүр. Барақ пен Тұрсын, Қайып пен Болат Орта жүзді бой-бой етті. Ұлы жүздің біразы ойрат уысында. Бойлауық аттай бой бермей әрқайсысы әр төбеден қылтияды. Әз Тәукеде мәз күй жоқ. Мазасыз күні көп. Төбедегі төреңнен далаңдағы қарапайым қараң артық. Өйткені ол түйілсе - екпін. Шамырқанса - толқын. Соларды қайрай біл. Ғаламаттық ханда емес, халықта. Топтанса - тот баспас асыл, талпынса - дауыл. Ыдыраса - тезек. Онда тұяқ та таптайды, жел де мүжиді. Адалын ұмсындырып қойып, дәмелендіріп келіп, көзі талған сол бейбақтарды махрұм қалдырып бара жатқан хан, төре, би мен бек көп. Талабы мұқалмаған үміт мінсіз. Мен ұсына алмағанды, Ақтамберді, сен көрсет. Аралбай, сен таныт. Түйте, сен ескерт. Қуат, сен тапсыр. Қыздырманың қызыл тілі басқа бейнет, ұлға тұсау, қызға бұғау боп талайдан өткен. Адасып азапқа түскен еліңді, талпынтып азаттыққа бастаңдар. Жамандықта жасымаған жұртың, жақсылыққа қуана білер. Қуанар еркін күнін мегзеңдер. Құлдық бұғауы жоқ көкірегі тазаның көзі де, өзі де таза болар. Сол таза көңілді сенен тапқандаймын, жырау. Мына ширығуың тегін емес. Тектеп, түптеп жүрер ішіңді ашты. Иншалла, ылайым артқы айылдың қатты батқанын дәл осылай ұғып өт! - деп сүйсіне қарап тоқтады. Сөз аяқталғанда семіз жирен қасқа ат басын шұлғып қойып жүрдек шоқытуына басты. Осы сәт сәскеге тырмысқан күннен шоқ сәуле жыраудың нұрлы жүзіне құйылып түсті. Бәденді толық кескін қызғылт нұрға малынды. Әңгімемен айнала дүниені тегіс ұмытқан ба, шаң-шұң шыққан қырылдаған

өңештің қарлығыңқы үні алдарынан оқыс естілді. Ақтамберді жырау ұмсынып қалды да, түсін тез суытып, сырт айналды.

Арқан бойы жерде төрт-бес атты бір жаяуды сабап жатыр екен. Тебіне түсіп, тапап кетердей боп шапшыған аттарын ойнақтатып, қамшыларын құлаштай қайырып ырс-ырс сілтеген төртеудің ортасындағы бишараның жалбарынған дауысы бұрын шыққан болар, қазір жымдасқан еріндердің көбесі сөгілмейді. Қанталаған көздің ыза-кегі, ұшқын-шоғы ғана атылады.

- Асадалла қожа ишанның дарубастындағы арықтан сұраусыз су бұратын немесің ғой, көзіңе көк шыбын үймелетейін!

- Жаман шарықпен қаранды[1] басынып біткені ме! Күнәға батқан сорыңды қамшының өрім-өрімімен шығарайын!

- Көзінің еті өскен әбден! Мір - Қарасу арығынан өткенде де осылар су тартып жүрген!

Ысылдаған қамшыдан бетер зәр шашқан мешіт жасағы -арбаб жендеттерінің өктемдігі үстерінен түскен жүргіншілерді қатты тіксіндірді.

Түйте атын тез лықсыта тебініп қалып, ақырып жіберді:

- Тоқтат! Тоқтаңдар, жауыздар!

Дауыс шыққанда іркіліңкіреп сәл бөгелген төртеу танымайтын жігіттен айылын жимай, қамшыларын қайта сілтеді. Осы кезде екінші жақтан Ақтамберді шұғыл жетті. Жетті де, ләм деп тіл қатпастан, басына дағарадай сәлде ораған қара бұжыр жендетті тартып-тартып жіберді. Өзегіне қорғасын құйған дырау дойыр жан қойсын ба, әлгіні ат үстінен домалатып түсірді.

Енді Түйте де ақыры ұмтылды. Сәлден соң ат бауырына тығылған төртеу араша тілеп, ебелек қақты.

- Жан сауға! Ағатай, жан сауға!

Манадан үнсіз бағып тұрған Қазыбек би ат үстінен “тимеңдер!” дегендей белгі берді. Сол-ақ екен төртеу асып-сасып ерге қонып, әне-міне дегенше құйындатып ұзап кетті.

[1] Шарық, қаранды - шаруа-арендатор. (парсыша)

- Уа, тәңір тілеуің бергірлер! Нашардың да көз жасын иетін күн бар екен-ау! Уа, жағың түспей жамандық көрмеңдер, ағайын! - деп басының, бетінің қанын тарам-тарам ағызып тұрып шаруа алғыс-батасын үйіп-төгіп жатыр. Зыр қағып жүгіріп келіп біресе Қазыбектің, Аралбайдың одан соң Түйте мен Ақтамбердінің қолын алып сөйлей жүріп рахметін жаудырды. Сөйлей жүріп өгіз жеккен арбаны жетектеп келді. Арба үстінде теңкиіп-теңкиіп жатқан алаша қаптарды бір-бір сипап қойды. Қайта айналып соғып қан аққан ернін зорға жиырып езу тартты. Езу тартып тұрып тілім-тілімі шыққан жұрым-жұрым қима шапанның әлдебір қуысынан шақшасын суырды. Тыңқ еткізіп тығынан ашып, қаракүрең насыбайды тілінің астына тастап жіберді. Мерейленіп шырт-шырт түкірді. Содан кейін түк болмағандай жайдары жүзбен жолаушылардан жөн сұрады.

Қазыбек бұл кезде батыс көкжиектен көтерілген сұрғылт бұлттарға мұндана қарап тұрып қысқа жауап қатты да, маңдайдан шаңыта тұрған ызғырықты бар тұлабойымен сезініп, құрыстанып қалып, әлгінің өзіне сауал қайтарды.

- Ал енді өз мәнісіңді айтшы. Арбаң не? Әлгілерің кім? Айдалада неғып жүрсің?

- Е-е, ол ұзақ әңгіме. Жүре сөйлейін. Анау қырдың астында кішкентай ғана ауыл бар. Тұрағым сонда, - деп иек қағып алға нұсқады да, өгізді жетектеп алды. Арба шиқылы өгіз митыңын үстегендей қатқақ жолда әндете жөнелді. Аттарының тізгінін тұқырта ұстап, Қазыбектер шаруаға қатарласа ілесті.

- Осы Түркістан уәлайатына келгенімізге де он шақты жылдың жүзі толды, - деп шаруа бір жөтеліп алып жай-жағдайын баяндап кетті. - Ертеде Ертіс бойын жайлаған Найман едік. Ойрат деген ойран шығып, қырдан біз құлап, ойдан Арғын шұбап осы төңірекке кеп паналап жатырмыз. Арғы түбіміз Қаптағай батырдың әулетінен тарайды. Содан бытырап, шашылып қалған аз жатақ боп шабан-шардақ әрекет етеміз. Күн көзі жылтырап көктем келе, жер қазған суырдай тімтініп, әрбір сайға дән сеуіп, жан сақтар ырзық-несібе егеміз. Бұрынғы жаз жайлау, қыс қыс-

тауы көзден бір-бір ұшқан соң дәл біз сияқты қаражаяу қаңғырып келіп, талшығын егін мен бақшадан тауып жүрген ел-жұртыңның көбі осы Түркістан, Сауран, Сығанақ, Тараз төңірегінде. Тік көтеріліп өре тұрар кешегі ереуілдеген қайратым жоқ. Тақымға басар тулақ бітпеген бүгінгі жоқ-жітік халім қол байлайды. Әйтпесе, әлгіндегідей қорлық көргенде екі қолымды төбеге қойып тентіреп кетсем де, бір әрекет етуге шарқ ұрамақ. Әй, бірақ байыз және таппаймын. Ата-анамның кіндік кескен жерінен топырағы бұйырмай ма деп запыран ішкендей талтиған таз кебіме налимын да назаланам. Азын-аулақ тай-тулақ бар еді. Талан-таражға түсті. Ендігі бір алуан тірлік - осы жер төсін тырналау боп тұр. Бұл өзі бір жағынан біз сияқты нашарға тиімсіз де емес. Базары, кенті жақын. Сауда жасасаң, ас суыңнан артылғаны иініңді жабарлық кәдеге де жарайды. Екінші жағынан анау қырда қоныстанған түз қазағы астыққа мал айырбастап және тіс шұқытып қояды. Өзіңіз ойлаңыз. Естуімше мына біз сияқты елден, жерден айырылған кешегі ұбақ-шұбақ көшіп-қонып жүретін жұртшылық тіпті көп екен. Жер емшегін солармен бірге еміп, пішен-саламын базарлап жүріп жатырмыз, - деп жай жапсарды бір қайырды да, ызалы мысқыл аралас күлкісін бүлк еткізді,-Ал енді сіздерге осынау “жұмағымның” дозағын да мәлімдеп берейін. Ауыр бейнет азабымен бірге зейнетін де әкеледі екен. Аз күн жер қазып алаң болсақ, күз түсе, бейілденіп-ақ қаламыз. Мына елбесіп-селбесіп отырған өзім сияқты еңбектес ағайынға бөтендігім жоқ. Арғыны да, Найманы да, Қыпшақ, Қоңыраты да, Үйсін, Қаңлысы да бар. Бөлектенбейді. Бәрінің бүгінгі руы - ауылы мен тірлігі. Қаракет-күйбеңі - қыл өтпес татулығы. Бірақ кемтар көңіл кәріптікте, қапалықта өтсін дегенді жазмышта маңдайға жазып қойған ба, айналдырып соғар сорымыз да қалың. Енді жаңағы төртеудің жағдайын мәлімдейін. Егінді тер де, су да суарады. Әй, тер көп-ау, бірақ су тапшы. Жердің де иесі шағын ғана топ. Жалға алған тоқымдай жер топырлаған бала-шағаңа ырзықтық нәпақа береді-ау. Ал соған су қайда? Мәсе-

ленки менің бөлігім - Қожа Ахмет Яссауи мешітінің иелігіндегі жер. Уакуф дей ме, әйтеуір, куәландырған фирман қағазы бар. Алған өнімнің тең жартысы дерлігі мешіт имамына түседі. Ол ол емес-ау, бәрінен де бұрын су тапшылығы әбден қинайды. Осы маңайда Қожа тұмасынан жырылған Яңыш арығы, Мірқарасу арығы, Қара бұлақ, Созат бұлақ, Ақтөбе, Ұржар, Мыш, Ақзіл-Қия сияқты арықтар көп. Көп болғанымен әй, бізге пайдасы жоқ. Әлгі аталған арықтардың иесі - мешіт маңайындағы шайх ислам, мутауали, қазы, молда, хатиб деп шұбырып кете беретін өзімізге таңсық дінбасылар. Біз сияқты райяттарға сипатпайды. Бір рет суарсаң - сұрамайтыны жоқ. Әлгі Мір-Қарасу арығынан жап тартып, пайдаланғаным бар еді. Бергенімді азырқанды ма, мутауали жасауылдары бүгін базарға шығарған мынау ақырғы астығыма таласып, әкеткелі жатқанда үстінен шығып, құтқарып қалды-ңыздар, - деп қиыс бұрылып бара жатқан көк өгіздің бас жібін жұлқа бір тартып қойды. Ұзақ сөйлеп таңдайы кебірсіді ме, тағы да шақшасын суырды. Қолын құлшына сілтеп, қыр үстінде келе жатып айналадағы шым үйлерді, егістік жерлерді, бау-бақшаны және ымдап қалды. Жүдеу жүзінде әлгі көрініс-терге деген мейірім бар. - Әне қараңыздар, осы отырған түгел мен тәрізді жер емген шаруа - райяттар. Әлгілер “шарық”, ”қаранды“ деп атайды. Әйтеуір тас қайрақтай онда да, мында да жұмсайтын болған соң шарық деп айтатын шығар.

Аралбай сыр шертсе де, мұң шақпай ер көңілдің дәрменімен бұйығыланбай ащы шындықты арымай көтеріп, ақтарып келе жатқан барын місе ғып, жоғын жоғалтпай көксеп, үміт қуған шаруаны іш тартып қалып еді. Енді өзі сұрақ қойды.

- Отағасы, дәрмен тауыспаған түріңізге сүйініп келем. Шапаныңыздың тесігі көп болғанымен, кеудеңіз бүтін, ыза-назасын ұрлатпапты. Қамықпаңыз. Ертіске де жетерміз. Алтайға да оралармыз. Еруліге қарулы деген. Бауырда беріш көбейсе, кегі өседі. Сол өзі еселей түссінші. Әйтеуір, бір бұрқ етері даусыз, - деп тұрды да, қамшының сабымен сусар бөркін көтеріп

қойып және сөйлеп кетті. - Мына егістік жер мешіт уакуфы' дедіңіз. Сонда сіздер не төлейсіздер?

- Қарағым, оның несін сұрайсың. Оны айтсам, санына шашым жетпес, - деп жымиып тұрып, шырт еткізіп түкіріп тастады, - Ең алдымен “хараж” деген алымы бар. Өнімнің оннан үші - соның үлесі. Бұны бір де, “Мал - жиһад” дейтін салығы және қосылады. Ол да онның бірі. Одан кейін “мердікер” дейтін бәлесі бар. Мердікерге жұмыс істейсің. Арық қазасың, көпір саласың, жол төсейсің. Ол да жер жалдағаныңның төлемі. “Қоналғы”, “жамылғы” дейтін де алымның бір алуаны және үстемелеп жүр. Ол енді кей-кейде өнімнің жарым-жартысына жетіп қалады. Бұған енді “зекетті” қос. Әскер жабдығына қажет деп “тағар” дегенді тауып алыпты. Осыларды түгендегенде осы бізде не қалады деп сұрамайсың ба онан да, - деп зілмен түйілген ашулы қабаққа кейіс қоюлатып Аралбайға бұрылып қарап қалды.

- Ал енді не істемексіз? Әлгілер тағы бір соқпас деймісің? - деп Ақтамберді иек көтерді. Бұл кезде жүргіншілер ауыл үстіне еніп қалған. Қоқсық қордадай үйме-жүйме орналасқан жертөле, жыртық лашық, шым үйлерден жүгірісе шығып, сығаласып қараған бала-шағаның панасыз күйлеріне жырау жүдей көз жүгіртіп шын аяп, қапаланып айтты. Шаруа “бұл үйренген кебім” дегендей үнсіз күрсініп қойды да, алдынан сәлемдесе шыққан балаң жігітке өгіздің бас жібін ұстатып, сәл аялдады. Кездей шыт орамалын алып бетінің қатқан қанын сүрткен болды. Елтірі тымақты көтеріп, тықырлатып алдырған төбесін сипады. Содан кейін Қазыбекке жақын барып шылбырына оралды.

- Ақсақал, жасыңыз үлкен болмаса да, жолыңыз үлкен ғой деп жорамалдап тұрмын. Мынау сарышұнақтай ін қазған тұрмысымызды қолай көрсеңіз, аяқ суытып, дәм татып кетіңіздер. Барымды ірікпесем, жоғымды іздемессіздер. Құдық қылған тірлігім болса да, айдын шалқар көңілім бар. Түсіңіз, шын пейілім осы, - деп қолқа салды.

[1] Уакуф - меншігі деген мағынада.

- Отағасы, жақсы сөзге жә деген, көңіліңізге тойдым. Жомарт жоққа тоқтайды. Рахмет! Жолдан қалмайық. Мынау топ-тобырымыз біршама, сізге ауыр тиерміз, - деген би біраз бұлталақтатса да, дос көңілдің шын бейілін қимай аздан соң келісім берді.

Сырты қораш шым үйдің іші әжептеуір кең, әрі таза екен. Үш-төрт ошаққа бөлініп түскен қонақтардың сыйлысын өз төріне шығарған шаруа жағалай көрпе жайып, шынтақтарына бөстек тастады. Қолтығына жастық басып ойға түсіп кеткен биден отағасы есіктен марқа жетектеп келіп, бата сұрады.

Қызылкүрең бауырсақ, ыстық шай жолаушылардың маңдайын жібітіп, құрыс-тырысын жазды.

Үй иесімен қонақтары енді ғана танысты. Мейман-дарының аты-жөнін естігенде Жұмабек атанған шаруа ұшып кете жаздады.

- Апырай, Қазеке, ат-атағыңызға сыртыңыздан тәнті едік! Тіпті бар ғой, мына мен байғұстың ойламаған қонағымыз болдыңыздар! Тар лашық, тал босағамның табалдырығын анау хатибтың жасауыл-дары да менсініп аттамаушы еді. Ал... сіз...бүкіл Орта жүзді билеген сіз... Ә,ә... Тілеулес көңілдеріңіз өзімдей екен. Пақыр Жұмабектің бүгін өлсе де арманы жоқ енді! - деп кейіс, қиясты түгел ұмытып, азын-аулақ талшығын түбінен тік көтеріп дастарқанына кең пейілімен бірге төгіп жатыр. Майысқақ, маймаң келетін жуан ортаның сырдаң мезіреті емес, адал жанның, ішіп-жемі болса, төрт құбыласы түгел жайдарылығын танытты. Кісі босағасын тоздырумен өткен тесік өкпе халін ұмытып, мына меймандарын өзімсіне баурап әкетті.

- Айтпақшы, мана жасауылдар қайта айналып соғар деп едіңіз-ау, жырау. Иә, жемтігіне оралмас қорқау болушы ма еді? Оралады да. Жә, алғаш көрген құ-қайым емес. Ұра берсе құдай да өледі деп, ет үйреніп кеткен соң, бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде деп жүре береміз де. Зіл салмағы түсе-түсе ауырым - жеңіл, жеңілім - желұшық боп кетпеді ме. Оның несіне дағдарам. Әйтеуір, бөтеннің боданында емес өз отанымда отырғаным дәтке қуат. Жымық көз ойраттың сотқар сойқанын бастан өткерген бұл жаман

ағаң ел сағынып келгенде енді бетті қайда бұра алар? Өрттен қашып жеткенде, шоқтан ыға қоймаспын. Жасаған ие жарылқаса, жаз жайлау, қыс қоныс еткен Ертісті де көрерміз. Суына шомылып, көңіл кірін жуармыз. Жуармыз да, аунармыз. Сол кезде қуа-ныштан жарылып кетер жүрегім барын сезінем. Осы үмітім тірі тұрғанда, қоқаңдаған екеу-үшеудің үй арасындағы тентектігін шіркеу ғып несіне бүлінем, - деп Жұмабек өткір көзін тік қадап тоқтады.

Содан кейін “осындай реті келгенде сұрап, біліп қалайын” деген ниетпен меймандарына тосын сұрақтар қойды. Жабы шаруаның жайдақ әңгімесін күйттемей, шынайы тәуірдің әрі-берідегі жайларға құлақ түргіш келелі пікірінен сабақтайды.

- Қазеке, “Өлдің Мамай, қор болдың!” деп бармақ тістеген бабаларымыз налыған екен. Арзан атақ, бәтуасыз бақ қуған аздың абыройсыз қылығына қынжылғаннан айтқаны шығар. Тағы да “өлі арыс-таннан тірі тышқан артық” дейміз. Ал осымыз қате. Арыстанның ісін тындыра алмаған тышқан тырбаңы кімге қажет? Ханға халық сенсе ғана ереді, сенбесе жан-жаққа өреді. Елді ел ету қолынан келмеген хан - басқа түскен ноқта, аяққа түскен кісен болар. “Жан - құрбан!”деп аттандағалы тұрған ағайынды, апырау, төбесінен баса бергенде не қайрат бар? Әз Тәуке алжиын деген бе? Құдай күпірлік көрмесін, күй-гендіктен айтам ғой. Кешегі ой мен қырға бірдей көк болат құрыштан жасақ шығаратын құдіретін ұмытқан ба? Анда-санда болса да қынабында жатып тот баспас үшін жауының үстінен жарқ-жұрқ алмас ойнатып, сес көрсетіп қоймай ма бір, тәйірі. Осы бұйығылануымыз қалай? Әрекетке қашан саямыз? - деп кернеген дертті шеріне жауап тосты.

“Не айтсаң да адалын, әділін айтарсың” деп Қаз дауысты Қазыбекке салмақ сап тосты.

Мына көптің көңлінде сарсудай кілкіп, запырандай тұнып жатқан алуан-алуан тұспалдарды туралап жеткізіп құлақ түрген Жұмабекке ризалықтарын қабақ астынан білдіріп, би жауабын үнсіз күткен серіктерінің күйін баққан Қазыбек бұқпалап қалуды жөн көрмей қуарыңқырап, ақсұрланып отырып сөйлеп кетті.

- Жұмеке! “Пышағыңды мұқалтпа, не кеспесті біліпсің, сырын білмей сыр айтпа, не деспесті біліпсің” дейтін әркімге жартылай кешірім, жартылай келісім жасайтын сіз бен біз болмайық. Не айтсақ та жалтармай ақтарылайық” дейсіз ғой. Дұрыс. Бек мақұл. Сахарада шаң көп, - аң да, жау да, дау да шұбыртады. Қиянат пен зорлық - күштіден, қырғын мен сүргін жаттан. Бөрінің тірелер жері - халыққа сын. Алмағайып уақыт айналамызға темір құрсауды құрып тастады. Қай жеріңнен ыдырасаң, сұғынып кіріп кетем деген шетінен аңдыған қызылкөз жау. Жоңғарда Сыбан-Рабтан хонтайшы, қалмақта - Аюке хан, Хиуада - Жәдігер хан, Қызылбаста -Сұлтан Құсайын шах, Ресейде - Петр патша, Қытайда - Кан-си хуанди отыр. Кеміріліп келе жатқан жеріңнің шет пұшпағы осылардың әрекетінен күн санап азайып барады. Азайтып бара жатқан басқа емес - өзіміз. Қарауылдың жаманы алдырғанда өкінер деген. Күпілдеп көкірек танытып, аяқтан шалып, тамақтан орып бір-бірімізді жұлқылаймыз. Әйтпесе, Ұлы жүз жауда қалар ма еді?! Құлқыны үшін құлынын құрбан еткелі жүрген сұлтандарды көргенде қан жұтып, сор қабам. Әлгілердің әрекетін бес жақтан тартқан бес кесел, қырық бөлген қырсық көрем де, іштей қынжылам. Қалың қазақ қауымы - жылқы тектес халық еді. Түптің түбінде бақташысын өзі тауып, өз кегін өзі қуар. Менің құбылам да, қағыбам да - көп көкейіндегі көмулі сыр. Күңіреніп ашылса, құдіреттеніп өре тұрар. Бұйығып қарап та жатпаспын. Құлақ ілгенге сөз қосып, қол жеткенге сойыл ұстатармын. Бір өмірде екі өлім әділет емес. Жеңіліп, жетімсіреп отырып жетілдім деу - тірлік емес, - деп шаршап күйзеліп тоқтаған Қазыбек қыр мұрында жіпсіген терді ұзынша біткен сұқ саусағымен сыпырып тастап үнсіз отырып қалды. Көп сұраққа тосыла жауап іздеп, өзі де таба алмай қинала ма, қобалжуын жасырмай ауыр күрсінді. Ішкі мұңын паралап, тынымсыз ой-толғақтан байыз көрмеген көңілімен суық қарманғандай жайсыз ғана қозғалақтап қалды да және үн қатты. - Сарқыла тілек қылар жасқа жеткенде ет-жүректі елжіреткен сағыныш үйелейді екен кеудеге. Ол шіркін сенделген ойдың

қалжырауынан болар. Бірақ ол алданыш емес. Сандырақ ауыздан сан-сапалақ сұмдық өрбиді. Кей-кейде сол сұмдық шындыққа айналады. Соны түйсінгенде күдігім құбыжық боп кетеді. Бұл сапар сондай түйткілге анық кездескендей болдым. Қапамен тұншығып, жарылып кете алмай әрең отырған ханның халі үрей үстегендей бойыма ызғар енгізді. Бақастық балалап, күншілдік күшіктеп жатыр ғой. Әй, бір жарға соғар-ау. Қаупім сол! Жауабым да осы! - деп қатты үһілеп қалып сөзін бітірді.

Аздан соң тамақ келіп ауқаттанған соң, бидің ауырлап кеткен сыңайын таныған Тынышбай домбырасын алдына өңгерді. Шебер саусақтар жүгіріп, екі ішек емеурін білдірді.

- Тарт!

- Жырлап жібер - дескен көтермеші үндер үй ішінде үдеп кетті.

Содан кейін қоңыр саз қоңыраудай сыңғырлады. Қоңыр қаздай мамырлады. Бипыл әуен көкіректерге бал тамызды. “Саймақтың сары өзені” сарқырап ағып, “Ноғайлы - қазақтың айрылған күйі” көлеңдеп өтті. Көлеңдеп өтті де, көп кірпікке шық түсірді. Бұлардан соң қоңыр күй кең толғап, “Асан қайғыға” “Балуан жігітті” ерітті. Бірер сәт “Тепеңкөк” итіндеп желіп, “Қос қыздың жылағанына” ұласты. Сырлы саз отырғандарды тегіс баурап алды. Сергек әуен кеуделерден шер саумалап, аңыздан әңгіме өрбітті. Өткеннен сыр қозғап көлденең тартты. Егес серпіндей шамырқанып толқын атты. Күйініш зардай сүйек сырқыратты. Өкінішті армандай ер азаматты күйзелткен ел әбігерінен хабар әкелді. Қыз болып жылады. Жігіт боп кек қуды. Абыз ата Асан боп жерұйық іздеді. Ажалдан тайсалмай аспандағы айға қол созған ұланды жоқтады. Ел бірлігін аңсады. Қоңыр саз қоңыр қаздай мамырлады.

Қазыбек қозғалақтап кетті. Жасаңғыраған жанарына әлдене сыр тұнғандай. Өңі құп-қу. “Сыр шашпайтын көздердің осыншама егіліп кеткені қалай? Неден жасаурады екен?” деген алаң көңілмен биге назар аударған күйші саусағы жаңылысып барып, тоғыз пернеден тың сарын саумалады. Ұрлана ескен майса самалға түйдек жеткен дауыл араласқандай

қатқыл үндер жамырап, жаңғырығып қосылды. Жаңғырып қосылып “Ала байрақ” атой берді. Астыңғы ішектің екіленіп шыққан жедел шертісінен ат тұяғының дүбірі туындады. Алғаш жеке құйғытқан сайгүліктің зымырауына бірте-бірте мың сан тұяқтың ұлы түсірі жалғасып, ұлан даланы қым-қуыт дүбірлеткен жорық шаңын бұрқыратты. Дабыл қағылып, керней боздады. Керуіш пен дауылпаз сарнады. Жер мен көкті ұрандаған дабыс кернеп, жер мен көкті атой үні алып кетті. Шеру тартқан қолдың қаһары қарыс сүйем қара жер қалдырмай қалтыратып, дірілдетіп барады. “Ала байрақ” асқақтап тұр.

Қазыбек еңсесін тіктеп апты. Әлгіндегі дымқыл басқан көзде енді ұшқын атады. “Е-е, бәсе, көбікті көп сөзден гөрі керегі осы күй екен-ау! Мен айта алмасты айтып, арнап кеткен ойы, мен өнері жүйрік, сабаздар, сендерде не арман бар! Тіліме оралмайтын кекті екі ішекке байлап кетіпсіңдер. Талай жорыққа бастаған мына “Ала байрақ” барда қазақты алар дұшпан, табанға таптар жау жоқ қой. Жоқ! Жел қуық сәуріктей босқа үркіп жүр екенбіз. Е, бәсе! Осылай қан дуылдатып қояр құдірет болсашы! Жігіт те керім екен! Жомарт батырдың ұлы деп еді-ау. Туар! Тегіне тартады-ау! Басты қосса, осынау “Ала байрақ” қосарақ! Неткен күш! Мынау азат қазаққа ғана тән еркіндік аңсау ғой. Бұғалыққа көнбеймін деп аспанға шапшу дәл осы болар!”

Тынышбай күйді екі қайырды. Бармақ астынан уілдетіп бәйек үн қосып отырды да, екпінді өктем ырғақты селдетіп төгіп жіберді. Таусылмас, сарқылмас жігер уытындай қайрақ серпін шанақты жарып жіберердей дүбірледі. Шанақта ойнақтап жүрген қол емес арғымақ тәрізді. Ыстық ағым, қиял мен елес дәл мынау шанақ үстінде бас құрайды. Уәзінді сарыннан түшіркене қуат сіміргендей елтіген тыңдаушы жұрт ала байрақтың соңынан көк құрыш құрсауланып сап-сап, лек-лек боп жөңкігендей сергек бір халге көшті.

Қазыбек би қалың ойға шомып кетті. Қияқ мұрты салбырап қыбыр етпейді.

“Мұншама әралуан ән-әуені бар халық тегін емес. Бір әуені шер төксе, бір әуені қажыр қосқан. Кейі

жылатса, кейі уатқан. Бірі өлсе, бірі жоқтаған пендедей көзден кеткенмен көңілден кеткізбейді екен. Ендеше, жеке ерлік - тұтас бірліктің бастауы болар. Жүректен қайғы да, қуаныш та шығады. Шығаратын әні мен күйі. Екеуінің жебеушісі тіл ғана. Туған тіл- туған жер тірегі. Ол барда құлдық жоқ, қырғын жоқ. Атадан мал қалмаса да ән, күй қалады. Домбыра, қобыз қалады. Жұрт болған соң малшы мен егінші де, көсем мен шешен де, күйші мен үйші де, батыр мен ақын да керек. Қаншама адамның соншама мінезін ұқса ғой. Онда сағыныш мұңы болады, лүпіл қаққан қан тасуы болады, баянды достық, назды сүйіспеншілік, алғыр өжеттік болады. Жат тілеу жауыздық шақырса, нұрлы өлең кең дүниеге бастайды. Әніңді ұмытсаң, жаныңды ұмытарсың. Күйіңді ұмытсаң, күйігіңді арқаларсың. Қайран, домбыра-ай! Қазақтың қуанышы мен қайғысындай қабаттаса жүретін көңіл күйін қос ішегінде қалай ғана ұстап қалғансың! Құлақкүйіңді қайыра білу - ат құлағында ойнаудан қиын-ау. Тиегін дұрыс қойып, пернесін доп баса алсаң, аспапты аймалаған он саусақ он түмен, он лек қолдан кем бе! Анау, анау бір дірілдеген ешкі ішегі әлем үні боп дірілдеп тұр. Үзіліп кетпесе екен! Мына уіл жоғалса, шаһит боп кеткен жандардың тіріліп келіп, табысып жатқан сәті бірге үзіледі-ау! Тоқтама, кідірме, домбыра! Бір ішегіңнен туған жерге сүйіспеншілік білдірсең, екінші ішегіңнен жауға деген өшпенділігіңді айғақтадың-ау! Азынаған күй аза әуені ғана емес азаматтың шамырқануы да ғой. Ол болмаса көк майса құлпырып, намыс дуылдар ма. Ай-хай-хай! Барлық әуен саздың айнымас қайталауы! Қайғылы жырда да, мөлдір нақышта да даланың салқар кеңдігі боп шарықтап туады-ау! “Ай-хай!” деп жар салып өткен де бар. “Ай-хай-хай!” деп күңіреніп кеткен де бар. “Ай-хай! Пай!” деп таңданып отырып сұқтанғандар бар. Соның бәрі кеңдікке қуанып, кеңшілікте бұлықсыған. Мұнша ғажап әсемдікті қуыс бойыңа сыйғызған, көне аспап - қарағай домбыра, - көңіл хоштығы да, ықылас-ынтығы да, еміреніп-егілуі де бір өзіңнен табылған қазақтың өзісің!.. Құланиек таңда бесік жырымен ана көкірегінен құйылған ұлы махаббат алдымен сүндет

тойын, содан күйеу кезіңді, қынамендені, айт пен тойды түгел тірілтіп, жүрер жолды нұсқаған сенің күмбір-күмбіріңнен есейіп кеткенде қайта оралады екен-ау! Тоқтама, домбыра! Қазақтың төбесінде - күні, табанында - топырағы тұрғанда ән мен күйі тоқтамас! Күйі таусылғанда - күні сөнер. Әні біткенде - топырағы таусылар. Жүректің үні жоқ дейміз. Ол бекер. Жүрек тілі - әні мен күйі. Егіз тілі, егіз екі сиқыры. Көл - тұмадан, сай - жырадан, ел - ұланнан құралады. Ендеше, кішкене деген ұғым жоқ. Ол ұлының бөлшегі. Ал мынау домбыра сол ұлының өзі. Өйткені осыдан үш жүз жыл бұрын кеуделерге құдірет сіңірсе, осыдан үш жүз жыл кейін де осынау іңкәрлік тас түйілген жұдырықта туған жердің қасиеті деген сағыныш уілімен кек қайтарады. Өйткені, қара домбыра - сабаудай тақтайға шандылған кепкен тандыр ішек емес, халқымның сыры, ат-атауы, салт-дәстүрі, тал бесіктің іңгәсі, қоңыр кештегі ана әлдиі, айлы түндегі алтыбақан әуені, тар төсектегі жар ыңқылы, ереуілдегі ер дүбірі - қысқасы қазақтың жүрек соғуы, қан тынысы! Домбыра тайпалғанда еңкейген бас, құлаған қанжар, сұлқ түскен қол болмайды. Тік тұрып өлген дене қанжар қарманып сүйеніп қалса керек! Домбыра жорғалағанда тағдырдың талқысы боп сынға салатын тауқымет нардың нарын құлатқанмен, еркектің еңсесін езе алмаса керек! Сайра, домбыра! Жүрекпен, мінезбен, әдетпен, тірлікпен тапқан көңіл-күйін, жан сезімін аялай бер! Жас үйірілген жанарды сенім беріп, тұтатып кет! Ойсызды шайқа. Саналыны шамырқант. Егіз ішегіңнің тұтастығындай намыс пен қайрат сеп! Қол қышысын, тақым қызсын, қан тасысын! Жасыққа жігер құй, жігерліні жебе! Тоғыз пернедей тоғыз тараптан үндесіп, үйлесіп келіп бір арнаға саятын, тілсіз табыстыратын туыстық әкел! Әр бұлақтың түбінде, әр төбенің үстінде, әр қорғанның астында қалған аталардың аруағына бас игіз. Төбеден күн ауғанда, қорғанға көлеңке түскенде, бұлақ сылдыры жапан түзді жаңғыртады. Ол жаңғырық - тыныштық тілі, қаза тапқан батырлар сыбыры. “Қараңғы түнек мені бүркегенмен, сені жаппасын, тірі жүрген әулетім! Түбінде қара жердің қойнында кездескенде, қара бет

боп теріс айналмас үшін, топырағыңды қаныңмен суар, тірі жүрген әулетім!” - дейтін өсиеті. Шаршама, домбыра! “Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда” дейді қариялар. “Еркіндігіңе қамыт түссе, елдігіңнен не қайыр” дер едім мен. Тауда тіл жоқ, жаңғырық бар. Бірақ тыңдаған жанға жаңғырық та жар салып тұрады. Алатау айқайлап ән салған жігітті алақайлап аспанға көтеретін. Сол Алатау оқта-текте жаңғырық атады дейді. Айқайлап ән салған еркін қазағын іздейтін болар.

Толқындар тулайды. Бірақ толқынның тулауында бұлқыну болса керек. Балқаш көлінің бақанастарына қарай шапшып секіріп, көбік атқаны алыстағы ауылды аңсап аңырағаны болар. Жау қолына тірі түскісі келмей жалаңаш тәнін суына атқан қазақ сұлуын әлдилеп, жұбатқаны да болар. Ей, домбыра, сен осыларды да айт! Ешкім, ешнәрсе ұмыт болмасын. Ерлік таразыға тартылмайды. Ел есінде, жұрт жадында қалса - содан артық ерліктің құрметі жоқ. Сен соны да тарат. Бағзы күндерде өзен өксіп, құм жөңкіген. Ол өксу - жағасынан жұрты кеткен Жайықтың жат табанынан жеріген жыры болар. Ол жөңкілу -құм Нарынның құландай жосыған азат құлындарын аңсауы болар. Сен соларды да күйіңе қос, домбыра! Тұтас қазақ даласы - бір дененің бірі сауыры, бірі бауыры еді ғой. Сауырыңа қамшы батқанда бауырың, өкпең, қолқаң, жүрегің ауырмас па. Сырқырап жатқан бақайшақтан басқа дейінгі тұла бойың - туған жерің, атамекенің емес пе! Әңгімеден артық аңыз, шындықтан қымбат - хикая көп. Соның бәрі саған саяды, домбыра! Сол аңыздың бірі әлі есімде...

...Артынан жау қуып, алдынан құз кезігіп, бір топ қазақ дал болса керек. Қатыгез дұшпан таянып келіп қалғанда жігіттердің бірі қоржыннан сені шығарып алдына өңгеріпті дейді, домбыра!

- Есің ауысқан ба! Садақ тартатын қол жетпей тұрғанда күй шалып қай адасқаның! - деп қолбасы ұрысқан екен.

Күйші жігіт үндемепті. Әлгінде өздері кешіп өткен, тереңдігі ат тобығынан ғана келетін өзеншіктің жағасына барып, күй аңыратқан дейді.Сонда жел суылдап,

тас атқандай бопты-ау. Сонда тау көшіп, жер сілкінгендей бопты-ау. Содан өзен буырқанып, долданып, суы көпіре қаптап, қуа келген жауды ат-матымен толқынына қағып алып, жұтып жіберіпті-ау! Ат-матымен домалатып қырып жіберіпті-ау! Бір ғажабы күй шалған жігіттің аяғын аймалаған өзен суы бұрқамапты. Сылқ-сылқ күліп, құрық тастам ұзай беріп, долылық атыпты. Үлкендер айтады: туған жердің топырағы киелі, суы киелі. Дұспанға - оқ, өзіңе - қалқан. Тілін таба біл! Қасиетін сақта! Киесін аттама!

Домбыра үні баяулап басылғанда, өзен байырқалап сабасына түсіпті дейді. Сел тоқтап, күн ашылыпты. Қара жартас қақ айырылып, жол беріпті дейді.

Қайран, домбыра! Көл-көсір дүниеде сенен ардақты нәрсе табар ма екем!? Аңызың арманға жеткізсін. Азаттыққа бастасын!..”

Қазыбек би күрсіне беріп, сақалын саумалады.

“Ала байрақ” аттандатып барып тоқтады. Тынышбай домбырасын іргеге сүйеп, бетінің терін сүртті. Көз астымен елеусіз ғана отырғандарды жағалай сүзіп өтті. Сілтідей тынып қалған серіктерін де, үй иесі Жұмабекті де қатты тебіренткеніне өзіне өзі сүйініп марқайып отыр еді, құрдасы Қуат арқаға қақты.

- Мұңсыз бол!

Осы алғыс мына жұрттың бәрінің тілінің ұшында тұр екен. Ду етіп дүрк көтеріле ұшқан топ құстың қанатындай үй ішін кернеп кетті. Сол дабырдың тыншуын күткен Ақтамберді жырау даусын қырнады. Қол созып іргедегі домбыраны алды. Содан кейін Тынышбайға бұрыла түсіп, шапшаң өлеңді шұбырта жөнелді.

Балпаң, балпаң кім баспас,
Басарға балтыр шыдамас,
Батырмын деп кім айтпас
Барарға жүрек шыдамас,
Жалтара қашсаң жау қашпас,
Жауды аяған бет таппас,
Уа, жігіттер, жандарың
Жаудан аяй көрмеңіз
Ғазрейіл тура келмей жан алмас! -

деп түйдек-түйдек төгіп тастады да, сабырлы дауыспен түйіндеді.

- Адам жорғалау үшін тумайды, самғау үшін асқақтап туады. Сен соны күйіңмен айттың, бауырым. Әсерлі айттың. Бес саусақ бірдей емес. Бірақ бірінсіз бірінің күні жоқ. Жұмылған жұдырық бол дедің. Мен сенің “Ала байрағыңнан” қыран саңқылын естігендей болдым. Азат құс әманда аспанда жүреді. Асқақ жүреді, - деп кідіріп қалды да, оқшау тілеу білдірді. - Сен, Тынышбай, қияға баулығыш құдіретің барын білесің бе? Мына күйіңді байрақ қып өт. Қайда жүрсең, атойлаған ұранын болсын, шерте бер! Қанша тартылғанмен теңіз құрғамас, қанша шөккенімен асқар аласармас. Ендеше мен жырыммен, сен күйіңмен, Қазекем дуалы сөзімен, сонау мұғдарлы жұрт тілімен, ділімен қозғай түсіп, көпке қоз салса, кек өрті тұтанайын деп тұр-ау! Сол өзі тұтанып лаулап кетсе, төре мен сұлтан қайда барар. Халық меңіреу емес. Меңіреу кеудеден мынадай сырлы толғау тумайды. Тағы да ендеше дейін, кіндік жұртты сен де, мен де, бәріміз де елі үшін туған жерді көкірегіне қысып мәңгібақи жатып қалған қыршын ерлердің көзімен ғана көрейік. Солардың сүйіспеншілігімен аймалайық.

- Дұрыс айтты!

- Әдемі айтты.

- Осыған әумин дейік!

- Күй бастап, жыр қостап жақсы байлау жасады.

Бәрінің тілек-кесігін Қазыбек шегеледі.

- Осыдан он жыл бұрын Сыбан-Рабтанның ордасына елші боп бардым. Сонда тұтқында жатқан жас батырмен кездесіп ем.Тауын сұрады, даласын сұрады менен. Жерін сұрады, елін сұрады менен. Тауым туралы айттым. Далам туралы толғадым. Елім туралы егілдім, жерім жайында жырладым. Жеткізе алмадым білем. Көзіне әнтек жас үйірілді. Белбеуімде түюлі бір уыс Арқа топырағы бар-тын. Соны ұстаттым. Жігіт топырақгы ұзақ иіскеді. Тіліне тигізді. Бір сәт еңіреп, егіліп ұзақ жыласын. Мен жеткізе алмаған тау мен дала келбеті, ел мен жер қасиеті топырақтан көрінсе керек. Сонда дүниенің ең асылы, ең киелісі, ең қымбаттысы, ең таптырмайтыны - туған жердің топырағы

екенін жаныммен ұққандай едім. Содан бергі дұғам да, сыйынарым да, табынарым да, ардақтарым да сол.

Жігіт солығын басып тіл қатты.

“Кермек дәмі бар екен...”

“Топырақ болған соң кермек татымаушы ма еді?”

“Жоқ! Тердің исі, тезектің исі, жусанның исі даламнан аңқушы еді. Сол үшеуін қабат тұшынып, көңілім босады.”

Жігіт алақанындағы күреңсе топырақты уқалап ұзақ отырды.

“Қызыл екен-ау, жарықтық!”

Жосалы белдің асығыс алынған бір-ақ уысы еді. Үндегем жоқ.

“Атамның қаны, даламның қызғалдағы, қалыңдығымның орамалы түстес екен. Әттең-ай, кеш ұққаным-ай!”

Кеш ұқса да, атамекеннің ата-бабалардың маңдай тері мен қанына суарылғанын, сол қан мен тердің тамшыламай, сауылдап құйылғанын жігіттің бүкіл жанымен түйсінгенін көргенде, тамағыма түйдек келіп түйнек боп қалған жасты әлі күнге дейін жұта алмай жүрмін. Содан бері белімнен бір уыс топырақ қалмайды. “Топырақ бұйырмасын!”, “Топырағың шашылмасын!” дейтін қарғыстан ауыр қарғыс жоқ. Қайда жүрсек, ақ топырақтан жарылқасын. Топырақ жарылқау үшін туған жерден ажырамайық. Тыңдаушы құлақ, естір көз жеткілікті. Ақтамберді жырау, әлгінде әдемі айттың. Жүдеу елдің күйінен күңіренген ызасы қоса атылады дедің-ау. Атылады. Шапшып, тулап атылады! Тұншығып шыққан өксікті үнді шермен көмбей, атоймен аспандат дегенің дұрыс. Жер ашуын ел-жұртқа дат етер мезгілді қапы жібермелік.

- Көкейдегіні дәл бастыңыз, Қазеке!

- Шыны осы!

- Күңіренумен дал болып едік, дүрілдеп бір тұрайықшы енді!

Тағы да түннің бірталай уағына дейін жыр мен күй кезек алмасып, дуылдап тарасып жатты. Әрідегі “Қорқыт” пен “Ақсаққұлан” бертіндегі “Боз айғырға” жалғасты. “Атшағырдың ащы күйі” ашынды. Көнеден тіріліп Қазтуған, Қотан жыраулар тілдесті.

Жұмабектің қанталаған әжімді жүзіне қиғаш діріл жүгіріп, еріні кемсеңдеді. Аралбай ағасының иығына иығын сүйеп алған Түйтенің көз жанары ұшқындап кетіп отыр. Қуаттың кішірек уытты көзіне тұманданып буалдыр мұнар оралды. Ол мұнар - сағыныш па, өкініш пе өзі де білмейді. Нені аңсап, кімді іздерін анық сезбей бірде он саусаққа, бірде бүлкілдеген көмейге ұзақ үнсіз қадалады. Көп зардан мол сырлас күй ұға ма, кең маңдайына екі сызық тереңдей түсіп, айқындалып барады. Сол қос сызық келешек сапарының алысқа бастар даңғыл жолындай, қасқая созылып, жоғалар емес.

Ертемен атқа қонған жүргіншілер енді қозғалғалы тұрғанда мұтауалли жасақшылары сау етіп жетіп келді. Бұл жолы оншақты боп сауыт-саймандарын жасанып, сай боп шығыпты. Келе әй-түйге қарамастан Жұмабекті ортаға алып қалды.

- Астық қайда? Дереу алып жүр!

- Харажынды да түгел төлемегенсің.

- Міне мұтауаллидің фирманы, тез қамдан!

Аралбай батыр араға түсті.

- Жігіттер ! Сабыр етіңдер, уәжге келейік те.

- Килігетіндей кімсің өзің? Бұйрықты орындамаудың не екенін білесің бе? Әзіреті сұлтанның меншігіне сұраусыз қол сұғудың қайда соғарын ұғасың ба өзің? Дін мұсылманға ғайри ғайбат жасаған немені арашаламақ ойың бар ма әлде!

Қазыбек көшелі жиренқасқасына мініп алған еді, ақырып жіберді.

- Әй, мұтауаллиіңе айт! Енді мына Жұмабек пақырдың бір тал шашы қисаятын болса, онымен мен сөйлесем. Әз-Тәукенің алдында сөйлесем. Орта жүз бегі - Қаздауысты Қазыбек би осылай деді деп айт! - деп ат үстінен жасауылдың қолындағы ширатпа қағазды жұлып ап, ұсақтап жыртып, желге шашып жіберді.

Жасауылдар тіл қата алмай, үнсіз түнеріп қайтып кетті. Әлгілердің қарасы үзілгенше барынша жиренген наразы қараспен мұң толы көзін айырмай бағып тұрған Қазыбек Жұмабекке бұрылды.

- Жұмеке, зорлық бұйрық бір бүгінмен тыйылар

ма? Ұғыс, келіс келуден қалған қожа мен молда әлі талай әңгір таяғын орнатар. Бұл өзі іштен шалып, етекке жармасқан тағылық пен бөрілік қой. Жә, анау Қаратаудағы Жомарт батыр білікті кісі еді. Сен Жұмабек соған көш. Ұзамай көш. Сәлемімді айт. Тынышбай, әкеңе сен де жеткіз. Арыма, азаматым! - деп бір байлау жасады.

Осы кезде үйден жеті-сегіздердегі қыз бала тостағанға құйып айран алып шықты. Ұзақ жолға қамданған биге ақ көңіл баланың ілтипаты еді. Қазыбек тостағанға ернін тигізіп, ыдысты қасындағы Аралбай інісіне ұстатты.

Еңкейіп қыздың атын сұрады.

- Аршагүлмін, ата.

- Қолың жай, Аршагүл қызым, батамды берейін.

Тұрғандар түгел елең етісіп, қолдарын жая бастады.

Үнсіз қалған топтың ешқайсысына көңіл бөлмей өз-өзінен қатты толқып, қаршадай қызға бейілі түскен би, әлденеден ойы уланып, дәрменін билеп ап кеткен ерік бермес өзгеше бір батаны шұбырта жөнелді.

Күңіренген еліңнің
Балқыр күнін көр, балам
Суалып қалған көліңнің
Шалқыр күнін көр, балам.

Тоғай толған теректен
Өрт шалғанда, тал қалсын.
Баурыңда өскен бөбегің
Бәйтерек болып жалғансын.

Ата қоныс жұртыңа
Ырғалып қайта қонарсың.
Рулы елдің өрбіген
Анасы өзің боларсың! -

деп бетін тез сипады да, қанжиреннің тізгінін қағып қап, қозғап жіберді.

Қарақат көздері мөлдіреген бұлдіршін Аршагүл би сөзінің көп мәнісіне түсінбесе де, үлкен адамның жас баладай мұңая жасаураған жанарын көріп қалып еді,

әлденеге алай-түлей сезім буып, жігіттердің бірі ұсынған тостағанды бауырына қысып, біразға дейін қимылдаған жоқ.

Жүргіншілер түс шамасында Түркістан шаһарының айнала қоршаған қыш қорғанына таянды. Қорғанның төрт тұсынан төрт қарауыл мұнара - төрт қақпа көрінді. Олар - Мұсалла қақпа, Есек қақпа, Дарбаза қақпа, Ниат ата қақпалары. Дарбаза қақпадан қалаға енген жолаушылар базарға бет түзеді. Ирек-ирек тар көше, шым дуалдарды ұзақ жағалап, аяңмен келеді. Тоқал там, сұр кесек, ақшыл аспанда қимыл-қозғалыс білінбейді. Жүргіншілерден басқа қараңдаған кент адамы шамалы. Дуал басындағы бірен-саран балалардың айқай-шуы болмаса, үлкендер тым аз. Базарға тақала бергенде ғана ерсілі-қарсылы шұбаған жұрт көбейді. Сәлден кейін тар көше кеңейе жайылып, үлкен алаңмен жалғасты. Көшелердің кеңеюін тарау-тарау атыраудың шалқар көлге құйылған кезіне елестеткен Тынышбай құрдасы Қуатқа тақала түсіп, үзеңгі қағыстыра қатарласты.

- Жаудан шайлықпаған жүрегің, мына шудан сескенді ме, құрдас-ау! - деп Қуат әзіл тастады.

- Тегі, біз қызықпайтын тірлік екен.

- Мүмкін, қалыңдық сатып аларсың.

- Сатып алған жар бола ма, тартып алған қол бола ма?!

- Ендеше, жүрегін жаулап аларсың.

- Мен жаулайтын қыз базарға түспейді.

Осы екі арада төңірек әлем-жәлем байлаған диуананың асасындай алуан түспен құбылып, көз қарықтырып жіберді. Дүниенің төрт алабынан түгел құйылған сан пенденің құрамы бар базарда.Бірі қоңыр, бірі ақшыл, бірі сіліңгір қара - адамның да ала-құласы болады екен. Хорезмнің, Бұхардың саудагері, Қытайдың жібек маталы кездемешісі, Самарқанның бармағы майысқан зергері, Түркістандық әмбебап дихан, далалық ақ сойыл малшы, орыстың қызыл шырайлы көпесі, қызылбастың сеңсең бөрікті құл сатушысы, Хорасанның кілемшілері, Кашмирдің жібек тоқушылары, қазақтың он саусағынан өнері тамған шеберлері - бәр-бәрі осында. Тіпті арабтың сахарасынан келген

бәдәуилер де көрінеді. Татар мен башқұрт-естектің қолөнершілері де аз емес. Әркім әр үнмен, әр тілмен әр жерден азан-қазан айқайлап затын мақтап, бұйымын бұлдап, тауарын тұздап өткізіп жатыр.

Кең жаймаларда тай-тай жібек, тең-тең жүк, асыл тас, алтын бұйым, күміс ыдыс-аяқ, кәрлен шыны, былғары мен шұға, жеміс пен жүзім, алма мен алхор. Бұрқыраған палаудың, ыстық қуырдақ, шыжғырған кәуап пен бастырманың исі мұрын жарады. Ана шетте қора-қора қой, үйір-үйір жылқы, оншақты түйе тұр. Әрқайсының қасында безек қаққан заржақ делдал ешкімге ауыз аштырмайды.

Найзасының қыл құйрығы желкілдеген сарбаздар аттарын орғыта екпіндеп жүр. Тәртіп орнатудың орнына осылардың өздері көбіне-көп өктем қараулық жасайтын тәрізді-ау, жасауылдар барған тұстан запылана сөйлеген, зәбірленген үндер андағайлап өршиді. Осы арадан төңкерілген тостаған күмбездері көз аулап Әзірет сұлтан сағанасы көрінді.

Жүргіншілер енді соған бұрылды.

Жақындай беріп аттарын тежеді.

Сағананың күтушілері Қазыбекті танып, елпелектеп алдынан шығып, шылбырға оралды. Атынан көтеріп түсірді.

Бас қақпа жай қозғалып, сықырсыз қақ жарылып ашылды. Есік ашылғанша бұрын мұнда талай болған Аралбай, Түйте, Ақтамберділердің байсалдылығынан мүлде бөлек күйде Қуат та, Тынышбай да сүйектен салған өрнекке таңдана қарап қапты. Сап таза күміс тұтқалы жақтаулы есіктің тістесер жерінде үш арыстанның қола басы тұр еді, арасы алшақтап бара жатқан қос жармадан бір-біріне шатынай қарасып, айбар атып жатқандай елестеді.

Табалдырықтан аттаған қонақтар орталық бөлмеге аялдамай оң қолдағы “қазандық” бөлмеге кірді. Ортадағы кісі бойынан да биік қола қазанды көргенде, Тынышбай тағы да шегін тартты.

Қазыбектің ымдауымен Аралбай батыр қойнынан буулы түйіншек алып, қазанға тастады. Содан кейін көп бөгелмей тысқа шықты.

Қуаттар Қазыбектен бөлініп, басқа үйге түсті.

Күн екіндіге құлай суық ызғар маңдайдан ұрды. Лезде ауа райы сабындай бұзылды. Ызғырық жел беймазалана суылдай жөнелді. Алыс жол мен мекенсіз дала елең-алаңнан атсоқты жүрісте қажып келе жатқан жүргіншілерді амалсыз көңіл жадаулыққа бейімдеп, өркеш-өркеш бұлттарға үнсіз қадалтады. Сұрғылт аспанда сең жүргендей аударылып, жөңкіп көшкен ауыр бұлт әлден-ақ өткір шыңылтырымен бет қариды.

- Қар жаумаса нетсін!
- Тезірек бұлақ басына жетіп алайық!
- Осы жөніміз... бағытымыз дұрыс па?

Осынау шашау күдік ой-бойға шырмауықтай шырматылып, ақшыл, сұрғылт сәулесі тез азайып, қара-күңгірті қоюланып бара жатқан айналаны көп көзбен тінткізіп келеді.

Түйте бастаған сенімді жолшыл жігіттері бар, бір емес талай жүрген жерлерінен адаса қоймайтынын білетін Қазыбек әлі бір үн қатпай, шұбырған топтың дәл қазір орта тұсында келеді. Күйініші жоқ, сүйініші де аз бір халде. Бей-жай. Үзік-үзік елес буған көңілмен қатқақ жолға анда-санда самарқау көз тастайды. Бұл кезде керуен Бетпақты айналып өтіп, Сарысуға жақындап еді. Ат-көлігі әндемді жолаушыға Ұлытау-дағы қыстауына дейін үш-ақ күндік жол қалған. Таянған сайын ауылын, үйін сағына ма тамағы кеберсіп, көзіне бір қылаулы буалдыр перде орала береді. Содан айығайын дей ме, хан ордасын, билер диуанын жиі-жиі ойлап кетеді.

“Жеті жарғы”... Елге бірлік, жұртқа тұтастық, халыққа қайыр әкелсін деп ұзақ ырғасып, ұзақ толғасып қабылдаған тәртіп пен үрдістің, дау мен дамайдың жарғысы. Қазақ даласының заң, низамының жобасы... Жеті даудың билігі. Қазақта дау жетеу емес, жетпіс жеті. Қайсыбірін түптей берерсің. Ықылым заманнан даланың жер дауы, су дауы, жесір дауы, мал дауы бір үзілмеген. Іздей берсең - дау көп. Дауды шешіп, тұйықтан шықпақ боламыз - шештік пе, шиеледік пе, бір аллаға аян. Ойраттың “Цааджин бичиг” жарғысы бар. Ол, ол - қатаң, қатал жосық. Бас қосу үшін әмсе

қаталдық керек-ау. Әйтпесе, бөлек жайылып, дара жусайтын сұлтандар көкжасыл туға қол жалғамайды. Әбілқайыр - алғыр. Бірақ алғырлығы арамдыққа да бастайды. Оқшау көшіп, оңаша әрекет етеді. Түсіңде аярлық, ішінде сұмдық жатыр ма? Елді шегендеп өріп, шегелеп мәмлакат қылам деген Тәукенің бір шырғалаңы да дәл осы сұлтанның шырқап өсіп, шығандап жатуынан өрбиді де. Сәл-сәл жел үрлесе, керегесі шытынайтын жоламайдай неге шошытады хан сарайы. Қантөгіс пен қарғыстан ығыр болсақ, мақсат қуып бір мүддеге неге құлаш сермемейміз. Әлде сермелген құлаш бір-біріміздің басы-көзімізді қанталатып жатыр ма? “Бірік!” десе, ат басын қасарыса тежеп, “қырқыс!” десе, тізгін босататын алауыздық қашан ғана құрыр? Ал, ол құрымай далаға күн туып, таң атар ма? “Жеті жарғы” сол бірлікті орната алар ма?

Орыс патшасы мықтап күшейіпті деседі-ау. Швед дейтін теріскейіндегі ежелгі жауы - көрші патшалығын жеңді деп соқыр Иван айтып еді. Ол біледі ғой. Арқа-басын кеңіткен қазіргі дүрдиген Ресей жұртымен бет жыртыса бергенде не табамыз? Дүлей аюдай бір-ақ шайнап тастаса қайтеміз? Көп қорғалай бергенше бір әлді патшалыққа арқа сүйеп, қас дұшпан - ойраттан кек қуып, жер қайтару ләзім емес пе.Тағы да бүлік Әбілқайырдан шығыпты. Башқұрт елінің жайлауына шабуыл жасаған. Туыстас жұртты жұрдай қылған. “Бар тілеу- бейбіт тірлік” дейтін ана әлдиін қалай ұмытады? Еңселі еліміздің есе тілегіш ерегіспен әлсіреуін қалай ма сонда ол? Қарекетіне қайран болып, бас шайқамасқа әлдім жоқ ”...

Кеш бата жүргіншілер бұлаққа жетіп еру жасады.

Тездетіп от жағылды. Тездетіп жоламай құрылды.

Аспан бүркеу болғанымен, қар жауа қойған жоқ. Бірақ ызғырық толастар емес. Аздан соң қостағылар ұйқыға кірісті.

Түн ортасында дабыр-дүбір дауыс естілді.

Жүргіншілер үрпиісіп түрегелді.

- Не болды?

- Жайшылық па? Неге айқайладың?

- Ана тұста бір көш көрінеді. Беті - осы бұлақ.

- Е, көш болса келер.

Көш келді. Үш-төрт ауыл босқын көш екен. Көш еру боп, жайғасқан соң Қазыбек, Аралбай батырдың өзі барып, ертіп келгендерден жай-жапсар сұрады. Көш басы - көне көз Алдоңғар қария сұрлана қабақ шытып, еңкейіңкірей түсіп сөйлеп отыр.

- Не болды, қалай болды деріңіз бар ма, Қазеке. Кіші жүз - Тамамыз. Баспанасыз қаусап, құрып келеміз. Бас құрасып ел болудан қалдық па, сілемі шала көрінген құба жонның құлан тірлігін кешудеміз. Анау көш - бірі ауру, бірі - сырқау, бірі - мүгедек, бірі - мертік, өңшең кем-кетік. “Ел іші алтын бесік” деп ойға құлап, қырға шұбап, сол алтын бесік болар ел ішін таба алмай жүрміз-ау. Не жер, не қоныс, не күнкөріс жоқ. Мал талауда, жан тонауда кетті. Сай іздеп сайғақ та сандалады. Сая тауып паналайды. Ал бізде ондай да үміт қалмады. Қалмақтан қашып, Елек, Жемнен бір ығысып едік. Ырғыз бен Торғайға кеп тығылдық. Алшын ағамыздың тізе батыруына шыдамай бірде Ырғызға, бірде Торғайға кезек қонып жүргенде, одан тағы айырылдық. Солардың зорлығына көніп, барды місе, азды қанағат тұтып жүре берер едік. Құдай тағала соның өзін көпсінді. Әбілқайыр сұлтанның жігіттері башқұрт ауылдарына барымтаға бармайсың деп барлы-жоқты қылқұйрығымызды бір айдап әкетті. Олар шапқан башқұрт барымташылары қуып кеп тағы да бізді шапты. Содан, несін айтасыз, қыз-қырқынды шулатып айдап олар кетті, көз жасымызды бұлап, қан жылап біз бері шұбырдық. Дүниеде өзгеден емес өзіңнен, қазағыңнан көрген қорлық жанға батады-ақ екен. Жаудай боп талап, жауды әкеп үстіміздің түсіріп қинағанын қайтейін. Содан ылғи түнде көшіп, күндіз тығылып келе жатқан бетіміз. Артымыздан Алшынның, не Әбілқайырдың қуғыны бар ма. Білмейміз. Қояндай қашқақтаған түріміз де, күйіміз де осы, - деп Алдоңғар “не істе десеңіз де көндік, осыған ақылыңызды айтыңыз” деген ыңғаймен жауап күтті.

Қазыбек қамшысын екі бүктеп мықынына тіреп отырды да, ауыр ыңыранды. Әлі күнге дейін көріп келе жатқаны ылғи бір мұңлы, жаралы, жылаулы жұрты. Ұшынып тұрған ел іші ымыра таппай, қиырға

тартып, қыңыратқып барады. “Қызыл тілді безенгенмен ел дертіне ем болар дауа табармын ба? Қай қияда жол бар, қай асуда өткел бар? Қырық пышақты қырқып түсер бір қылыш керек пе? Саяқты да, асауды да, қашағанды да қуып әкеліп, үйірге қосатын қатал құрық қажет пе? Тауарих не дейді? Қанға шылап, тақымына қылбұрау салып, шашырағанды сығып ұста демей ме. Хандық жолына аз құрбандық шалынып па еді. Иман мен арды да осы зар тілек - қу бірлік, қаһарлы босаға, қатаң қол, шаңырақты мәмләкат деп тосып жүрген жоқ па едік. Ауыз бірлігі жоқ Жәдіктің бес бөлтірік сұлтаны тұтас ұлысты бес отау ғып, бөліп-бөліп әкетпек. Оған Бөлекей-Қоянның бөрісі және таласса, амал нешік. Жабыдан туып тұлпар болдым дейді. Таразының басы тартпай тұрғанымен шаруасы болмай, мәрелеген жерге жетпей, өріске бастар ұланды қырқыстырып, терiске айдайды. Өлексе аңдыған құзғын тірлік дәл осы емес пе. Әбілқайыр Кіші жүзді бас қостырар еді, Барақ сұлтанға сенбейді. Барақ бір атаның баласын әр құрықпен айдап сап отыр. Ноқта мен қамытты мойыннан қашан сыпырармыз? Бытыраған қазақтың сақ етіп санына, кірш етіп кеудесіне тимеген сойыл мен қанжар қалып па еді. Ел шетіне жау тигенде жаудан бетер өзін-өзі қабады. Үш жүзді үш бөліп, үш төбеден, үш арнадан төрелер жел бермек. Қолының көптігімен жол билігін және қармамақ. Халықтың қан-жыны араласқанда, қанжығада кездесерміз деп кергіп тұру қай аңғарға саяды. Аршылмаған өкпе, айтпаған наз, тақпаған кінә қалмай барады. Насырға шабар іс қылып, күшке салар мезгіл ме? Ақылмен тоқтап, уәжбен бітісер еді-ау. Ол жоқ, жоқ қой ол. Бітеу жара, сыздаған ісік сырқырап жан азабын тартқызғанда, мазақ болған қазақ міскін халін өзі ғана көре алмайды”.

Қазыбек қамшысын алдына ұстап, жетім шегесін бармағымен басты. Дәл осынау жалғыз шегедей нық қадалған беріктік таппай қынжылды ма, қамшыны қасына тастай салды.

- Есет батырдың Жетіруды біріктіргенін естімеген екенсіңдер. Жә! Енді беталды ыға бермеңдер. Ханның өзінен қаһар шықпаса, басқаның домбытпасынан

сескенбеңдер. Мықты болса, Әбілқайыр ерлігін хонтайшыға көрсетсін. Сендерге енді тиісе алмайды. Тиіспек тұрсын, маңайларыңнан жүрмейді, - деп қойнынан алып, фәрман ұсынды. - Шығып қалған екенсіңдер. Шұбыра беріп бала-шағаны үсітіп аларсыңдар. Сарысуды өрлеп Аба, Ортауға жетіңдер. Сол жерде қыстауға лайық қойнау көп. Жолдарың болсын! - деп сөзін бітірді.

Үш күннен соң Ұлытаудағы ауылына жеткен Қазыбек ту бие сойғызып Қуаттарды қонақ қылды да, қастарына Қазымбет баласы бастаған бір топ жасақты және қосып беріп, жас батырды аттандырып салды.

- Қарағым, мына сапарыңды өз басыңа сын сапар деп түсін. Сұртай - ел қамқоры, жігіт ағасы. Батырлығынан да ақындығы бұрын естіліп жатушы еді. Адаспаған шығар ол. Айласы құрып, шарасыздықтан сөзге ілініп кетуі мүмкін. Сонысын аңғар. Сұртай сорақылық жасап, дөрекілік етті дегенді осы уаққа дейін үлкен-кішінің бір де бірінен естімеп едім. Естімей өтейін. Соны да қадағала. Қамшы мен шоқпар кей-кейде ашынып сілтеніп, ызамен үйірілетін. Көзге шұқиын десең, сылтау табу оңай. Намысқой ерлігіне бағып елі үшін жерін даулап, сұғынып енген орысқа ұрынып бір әрекет жасаған шығар. Ердің арысы, елдің намысы ортаға түсіп тұрғанда, әділетіңнен ауытқып кетпе, - деп алғаш келген күні Қуатқа кеңес берген-ді.

- Ақылыңыздан ауытқымауға тырысармын, Қазеке. Өзіңізден сұрармын деп жүрген жайларым бар еді. Реті келді-ау деймін. Құп көрсеңіз, Жәңгір ханның ойратқа тұтқын болуын, жалпы Жоңғарияның Қарағұлдан кейінгі хонтайшысы кім болғанын айтсаңыз екен. Осы әрнені сыртынан құр дақпырттай береміз. Олар да біз сияқты халық қой. Діні қандай? Тәңірі не? Осыларды түсіндірсеңіз екен, - деп жауап тосты.

Қазыбек қаз дауысын кенеді. Қуаттың көз алдында аударылып-төңкеріліп неше түрлі суреттер тізілді.

Сол шұбыра тізілген өткен күндер қойнауына біз де үңілейік, оқушым.

3

Бұғана басын өрт алды...
Жүректің басын дерт алды...

Халық өлеңінен

Даланың алды үміт, арты өкінішпен сабақталатын шаң басқан сүрлеуі көп. Ирелеңдеп созылып шығып, кер қайқаңнан ағараңдап асып түседі де, ызым-қайым жоғалады олар.

Бұлтсыз аспаннан күн шуағы мол түскен кең адырдың күңгейі көк бұйра. Бәйшешегі бой жазып, бойлап өсіп, тұнып тұр. Жазғытұрымғы жұпары аңқыған адырды алқымдап екі атты қылаң берді. Шынашақтың ыңғайымен шырқ айналатын қара айғыр қос жанары қанталап, жүріс тілеген әдетімен басын жиі шұлғып қояды. Жолдан жол тауысып, сүрлеуден сүрлеу оздырып, артқа тастаған жер танабы бірталай. Құлқынсәріде атқа қонған екеудің бірде құйғыта шапқылап, бірде аяңға ауысып, намаздыгерді қоңырлатқаны да осы. Қазіргі тұста алқызыл күн күрең тартып, көлеңке басы ұзарып, ақ түске торғын бояу мол араласты.

Қаракер айғырдағы қараторы жігіттің түр-түсі бөлек. Кесек денелі сойы жанындағы тұрымтайдай жігіттің қасында маймақ бота ерткен нардай. Үстіндегі бүкіл киімі де мол пішілген. Жағасы мен өңіріне бұлғын терісінен әдіп салған жұқа көкшіл биқасап шапанының омырауын ашып тастапты. Кеудесін жел сипап келеді. Алты сайлы елтірі тымағын шешіп, қанжығасындағы бөктерулі қоржыннан жекей бөркін алып киді. Салтанаты мен сәні келіскен жігіттің бір сот тізесі ат қолтығын соғып қап, босап кетті. Көзі-қасы тегіс күлімдеп серігіне күлімсірей тіл қатты:

- Әшімтай, “аты жүйріктің - көңілі жүйрік” деген. Сол рас екен. Кең даланы бүгін сен екеуіміз біраз дүбірлеттік. Лүпілдеген жүрек өз іңкәрін сағына аңсай ма, құрбымның назын естігелі көңілімнің алабұртуы көбейді. Сол ұмсынған үміт саусағындай мына күйім, құдай-ау, сайрап кеткелі тұр ғой! Ең болмаса, менің діліммен айтар осы халімді, Әшімтай, сен әніңмен

салып бере алармысың. Айтып көрші! Шырқашы, сен! - деп көктеммен сыланған жасыл төңірекке қарап тұрып жас жанының елтуін жасырмай, жалындап айтты.

Әшімтай серігінің қолқасын құп алып, оң жақ қанжығасына еңкейе берді. Күйіне келсе, күмілжитін бұл емес. Көктемнің мас қылар жайсаң көркіне өзі де қызыға қарап, іштей ыңылдап келе жатыр еді, серігіне ілтипатын іріккен жоқ. Кішкене домбыраның қос құлағын қайта-қайта бұрап, тыңқ-тыңқ шертті де, тез күйттеп алды.

- Көңілмен танысқан құмарлы шағыңды көз алдыңа әкелейін. Саған керегі иық пен иық тиіскенде, жасқанған жанардың үндемей ғана тіл табысуы болар. Қалтыратып, дірілдетіп, өн-бойыңды он орап алар бір жалын, бір ызғарға салмасам, жез таңдай, күміс көмейдің барынан жоғы. Ән құдіреті дәл бүгін құрып қалмаса, босамаған буын-буыныңды қоймаспын!- деп күлім қақты.

Жүйріктің делебесі дуда қызады. Әншінің арқасы селт еткен көңілмен қозады. Әшімтай өзіне сенген еді. Домбыраны безілдете шертіп-шертіп жіберді. Ән алдында бабына келтіре ұзақ нөсерлетеді екен.

Нөпір үн, толқын ырғақ... Сылқ-сылқ күлген қыз үні... Лүпілдеп соққан жүрек тынысы... Ұрланып шыққан қос жүректің әрі зарлы, әрі құмарлы ынтық сөздері... Сыбдырмен, тықырмен жетер дем шарпысуының алдындағы сәл-сәл толқуы, қорқуы... Қуануы мен күмілжуі...

Домбыра жорғалай жөнелді. Жорға бипыл уайымы аз, үміті көп жастықтың тілегін айтады. Өртеніп айтады, өртеп айтады. Именіп бет басқан қыздың жалғыз тамшы жасының тырс етіп тамғанына шейін жасырған жоқ. Баяулап кетіп, қайта шалқиды. Бірде өрт, бірде мұз.

Домбыра үніне он сазы мен махаббат сөзі өріліп шықты.

Серт беріп, серт алысқан бал тілдің дәмімен қайталанды. Іштегі сыр үні, іштегі ынтызар көңілдің рахат сәулесі мөлдіреді. Ісініп шыққан ұзақ, үзіліссіз бір демдей күйдіре созылды.

Домбыра безілдеп кетті.

Жүрек үні тіл кдтты. Ерітіп, балқытып сай-сүйекті шымырлата күмбірледі.

Шарықтап шалқып ән тұр.

Қаяусыз жанның айта алмай әлсіреген құпиясы сабырын таусып алғандай бытырап шықты да, қайта өрледі. Имек қасын айға теңеп, имек қастан тылсым сыр аңдыды. Рахым күтер көңілдің ғиззатын ашты.

Домбыра безілдеп келеді.

“Жас жастың тілеуі бір”... Айнымай кел де, аймала!” дейтін жүрек дүрсілін дүбірлете шертеді.

Ән қалықтап тұр.

... “Жібектің түйіні бір”. “Тар төсегің - жұмағым” дегенді шымырлап еріген тұла бойдың ыстық лебімен жеткізеді.

Жас баланың қос жұдырығынан әнтек қалқың-қылау басын шалқайта беріп, Әшімтай әнді үзді. Сығырайып серігіне бұрылды.

Кесек тұлғасымен түгел ойысқан нар жігіттің “қалтырап дірілдемеген” өн-бойы жоқ еді. Әншіге шын разы, анық тәнті боп бой ұрды.

- Қайран, Әшімтай-ай! Сен айтасың-ау! Бар аңсарды толқындай дөңбекшітіп, алас-күлес шақтағы дүлейдей тербетесің-ау. Әттең шіркін, он саусақтан сыр төгіп, күміс көмейден бал тамызған дәл сендей бір шақ кешсем, арманды зарлы болар ма едім. Жан беріп, жан алған құдірет хақтан нең кем! Сонау бір көлеңкесіне зар болған қимас күйімнің қызыл-жасыл дәуренін көз алдыма ойнатып, ойнақтатып қайта әкелдің-ау! Әкелдің де, дәл сол алғаш көрген, алғаш елтіген халіме енгізіп, тағы табыстырдың, тағы сәлемдестірдің-ау! Разымын. Бек сүйіндім өнеріңе, Әшімтайым! - деп ат үстінен аударылып келіп қол-тоқпақтай-ақ жігітті тік көтеріп алып, кеудесіне ұзақ қысты.

Бұл екі арада кеш түсіп, ымырт үйіріліп еді. Жолаушылар жүрісті ширатты. Жаңағы ән салған тұста аяңға ауысқан аттарының қолтығын жазып, біраз шоқытып алды.

Барар жерге бүлкекпен отырса, сүт пісірімдей уақытта жетіп қалатынын Әшімтай сезді де, ат басын

тежеді. Жазық бітіп, көрбілте сүрлеу аласа белеңге қайқая тартқан. Екеуі бел үстіне шыға берді. Қараң-ғылық бірте-бірте ұйып түсіп, батыс беткейді белдеулеп жапқан кешкі шапақтың ақырғы торғын жолағын қос қапталдан жұтып жатқан-ды. Бірақ көз байлана қойған жоқ. Биікке шыққан жігіттер көлденендеген қырқадан қиялай берген әлдекімді шалып қалды. “Ауыл итінің құйрығы қайқы”, жалғыз атты да екеуді көріп, бері бұрылды. Зор денелі екен, апақ-сапақтағы қарасыны тіпті керемет.

- Жол болсын?

Танып тұр. Таныса да сәлемдескен жоқ. Екеудің неге, кімге, қайда келе жатқандарын да білетін сияқты. Жақтырмай қарады.

Әшімтай құрдастығын бұлдады.

- Ержол-ау, сен бе едің? Құрдас-ау, сәлемің қайда? Жөнімізді біліп тұрып, жолымызды сұрағанша, саулығынды айтып, қонақасынды атамайсың ба.

Ержолда оң қабақ берер түр жоқ. Томырық қалпы дүниенін, бар құрдасын тегіс жиып келсе де, ашылардай емес.

- Ат ізін суытпай араласып, сыртта қолтықтасып, іште қойындасып жүрген соң, ауыл-үйдің адамындай болып кетпедіңдер ме. Жусауымыз бөлек те, қота-нымыз бір ғой. Біреуміз барға мәз боп сырттай ырға-лып жүргенде, екіншіміз ұрланып келіп, жырғап жүрсе, бөлек отау, бөтен төсек деген ұмытылса, еншілес күйдің еншілес денсаулығы өздеріңмен ортақ та шығар. Есендік сұрамағаным да сел, - деп қырыс сөйлеп, қисыққа тартты.

Әшімтай жігіттің кіді кеткенінен сырын ұқты. Ұқты да, тез жосыды.

- Ержол-ау, жөн-жосық ашумен атылып, өкпемен өктеуші ме еді? Сабырмен, ақылменептеуші еді ғой. Ақылшы бола ма десек, аңдушы болып алқымдап барасың ғой өзің. Сен соншама қиналатындай қисы-ғымыз көп емес еді. Қисындатып қараулаттың. Тәйірі деген, тал бойдан таза тілек күткен жолымызды кес-кестегенің не?! - деп тоқтады.

Ержол томырық ашумен қатты кетті.

- Жә, Әшімтай! Сенімен таласар жайым жоқ.

Қызыл тілге жүйріксің. Сенің сауарың да, қаузарың да сол. Ноқталап ерткен қараң жоқ. Бір қызыл тіл мен бір қызыл өңештің күре тамырды күдірейте сарнауы мен зарлауы болмаса. Дау қуған сөз қуушы еді, ән қуғанның, сөз қуғанын сенен көрдім. Сенің қызғыштай қорғағаныңды, қасыңдай қарғаған былайғы жұртты неге ескермейсің?

Әшімтай “мынау не дейді?” дегендей жанындағы серігіне бұрылды. Тосылып қалып, аңтарыла көмек күткен сиқы бар.

- Жапақтама! Кірнеңді тап бастым. Ауырсынсаң да адалын айт. Алаламай ақтығын айт, құрдас! - деп Ержол тықақтады.

- Жапақтап тұрған мен жоқ. Жалтартар сен емес. Көк түйнектей бүріп барасың. Бұғалық түскенде бұланкер де дәл мендей бұлталақтамас. Босатшы, сәл босатшы уысыңды!- деп әзіл-шыны белгісіздеу етіп Әшімтай шыжбалақтап қалды.

- Босатсам сол, мына жүрістеріңе зауқым жоқ. Теріскен де көзге шыға берсе, ығыр қылатын. Ығыр боп біттім.

- Е-е, солай де.

- Иә, солай! Дәл солай, Жәңгір сұлтан!

- Қой, қой, Ержол...

- Қоятыны жоқ. Қорлығымнан әбден өлер болдым!

- Тарылмашы, Ержол.

- Тарылтқан өздерің! Өртеген де өздерің! Айттым. Ақтара айттым. Барым осы, ал! - деп бұрылып, желе жөнелді. Ызамен, кекпен кетті. Қалған екеуі көпке дейін үндеген жоқ. Ыңғайсызданған жігіт Әшімтайға да қарай алмай. еңкейе берді.

- Несіне жасыдың, сұлтан. “Мен жетпегенге сен де жетпе” деген әлдекімнің қоқанлоққысын елегеніміз бе. Жүр! Бас қамшыңды! - деді Әшімтай.

- Әшімтай-ай! Осы адам ойының оңынан туар күні болар ма? Теңің емес деп тілегеніңе қоспайтын адуын әке бар. Тілемегеніңе үйір алардай телитін тағы да сыңар езу әке бар. Тағдырға тәбділ жоқ екен деп мойынсұнғандай боп жүргенімде, жас жүрегімді жалындатып кездесіп еді іңкәрім. Ынтығып табысып едім. Әуелде-ақ төңірім жазған жалғыз сыңарым осы

жан ғой деп желікпен емес, іштегі өртпен табысып едім. Иыққа қайғы түсіп, тұйыққа тіреліп, міне тағы сенделіп тұрмын. Естір құлақ болса, ұғар сөз айтылды. Өз ішімнің құпиясы көрген қуанышым басқаға зорлық боп тиіпті. Енді қайтем? Сен айтшы? Қиянатым болса, әулекі, арсыз деп айтшы. Әйтпесе, тұрып қалған бойымды, тынып қалған ойымды жетелеп, қозғап әкетші. Ұшырсаң да, түсірсең де, төрешім өзің болшы! - деп Жәңгір досына жалына қарады.

Әшімтай ат басын жолға салып ілгері жүре берді. Осы бастауымен мұны да жетелейтінін сездіргендей.

- Қиналатын түгі жоқ. Қуаныш беріп, қайғы алатын да ретің жоқ. Жаңа айттың ғой, тәңірім жазған сыңарым деп. Ендеше, тәңірден басқаның таласы жоқ. Мен білер Ержол болса, емексіткені басқа. Қу бастан қуырдақтық ет алатын ысқаяқ емес пе. Көмейін толтырсаң, күлкісі тау жаңғыртар, бас қамшыны, бас, сұлтаным!

Аздан соң алдарынан ит үрді. Жылтырап от көрінді. Күні бойы жол шеккен екеу бес-алты үйлі шағын ауылға ел жата жетіп, ат басын тіреді.

* * *

Ержол ұзақ жортты. Бет алысы белгісіз. Жұлдызы самсаған тұңғиық түнді жамылып, сар желіп келеді. Қысас көрген қоңылтақ көңілдің бәрібір бабы жоқ. Шолақ құйрықторысының желісі де бұрынғыдай емес. Лоқылдап ішек-қарынды сапырып мазасын қашырды. Жортуыл жасаған талай түндерде тобықтан ұрғызып, томардай құлағанында да дәл қазіргідей тоқайраған жоқ екен. Сүлдесі ғана қалып, сесі жоғалған. “Бұрынғы қыбы қанған күндері қайда? Рас, ел билеп көрмепті. Зорлыққа да көнбепті. Ер егесте шапайылды бек тартып, түнделете жортқан. Тау асып барып, мал алған. Түн қатып барып, жан алған. “Сырттан Ержол”, “Қандықол Ержол” атанған”.

Көзі түскен қызылшырайлы қызы бар еді. Сырттан емексіп қалың беріп, енді-енді оң жаққа түсірем деп жүрген. Басқаға талай қиянат жасаған басы қиянатқа

өзі кездесті. “Қалыңдығы” қарғыбаулы екен. Алдымен жыбыр өсек жетті, артынан күбірлі қауесет тарады. Көп көзі қиракезік шақты айнытпай тауып, бұны құпияның үстінен түсірді. Түсірді де тулатты. Аш бөрінің азуы арыстанға өтер ме. Қанталаған көз, күдірейген жота айбат атқанмен, атылуға батпады. Ел билігін тізгіндеп ұстаған еңсегей бойлы Есім ханның тақ мұрагер ұлы - Жәңгірімен тіресер күш, таласар қуат таба алмай, іштен тынған-ды бұл. Бірақ тындым дегені бекер екен. Іште қозған жегісімен аяусыз алысты. Алысты да ақыры бүгін айып-кесімін сұлтанға ашық айтып тынды.

Түн ортасы ауып кетсе де дала жым-жырт. Сасыр мен шайырдың, жас жусан мен түйе жапырақтың кермек иісі аңқыған өлкемен жаны ауырған жалғызды беймәлім жүрістің беймәлім соқпағы жетелеп келеді.

Бірте-бірте жұлдыз азайды. Мағырыптан көтерілген қара бұлт аспанды тұтаса жапты. Сол-ақ екен июқию азынап жел тұрып, қаһарға басты. Дүрілдете сарнап дауыл жетті.

Ержол одан сайын үңірейе жалғызсырады. Дәл бұлай үрейленіп көрмеп еді, бүгін өзіне-өзі қайран. Тымағының бауын тарс байлап алып, елсізбен салдыртып келеді. Іштегі күйрек күйі табиғаттың тыстағы ызың-шуымен араласа күшейіп, құлағын азынатып жіберді.

“Бейқайыр тірлік берекесіз болса, берекесіз өмір сағын сындырды. Барар жер қайда? Айналып соғар алданыш үміті не? Селт еткен көңілдің құлазыған орнын немен толтырар? Толтыра алмай өтсе, толғақтай қинаған мына халі әлде бір жарға, әлде бір сорға соқпас па?..”

Дүрілдетіп нөсер құйды. Милығынан су өтті. Денесі тоңазыды. Айдалада дірдек қаға сарнаған жалғыз құрайды сұрқай күзде көп көруші еді. Өзі айнымаған сол болыпты.

Ат үстінен аударылып түсіп, сыз жерді кеудесімен құшақтай құлады. Ес білгелі жылағаны осы. Бүрісіп, бүктетіліп өксіп жатыр. Жаңбыр мен жас жуған беті айғыз-айғыз...

Қара жерге маңдайын ұрғылай берді.

Бір кезде үстіне тау құлағандай, езіп түскен ауыр салмақты сезді. Қылғындырған қыл тұзақ бір жұтым ауаға зар қылып, алқымынан сығып бара жатты...

* * *

- Сендер көпсінген қу тірліктен өзім-ақ безгем. Өлтіре беріңдер. Қорықпаймын одан. Бірақ мен өлім тілеген бір жанға сендердің де жібімейтіндеріңді білем. Қарсы алдымда жар тұрса қарғып, ор тұрса орғып өтетін атышулы Ержол көкжал мен едім. Екі айтқан жерім жоқ. Сен он ойраттан қорқып, опырылып та тұрғам жоқ. Ер десеңдер, сеніңдер де дәл қазір соңымнан еріңдер. Қатын десеңдер, қарамаңдар. Қарап қылып, қанымды ағызып, кете беріңдер. Қазақтың қару көтерер бір баласы азая берсе де олжа ғой сендерге. Өзегімді тілген шеріммен мен анау адамға қастық етпекпін. Бірақ ақыретте адалмын. Өзімнен де бұрын соның амандығын қорғар қадірлім еді ол. Жалынға күйген жаным оны бірақ амалсыз оққа байлап тұр. Қиналсам да қидым соны... қолбасымды. Еріне әлден зорлық жасаса, еліне әлі-ақ қорлық әперер ол. Сол ғана медеуім. Ақылым мен арымның жұбанышы осы ойым ғана. Сатқаным емес сұлтанды, сақтанғаным. Садақа еткенім! Қазақтың тұтқасы - Есім ханның ұлы - Жәңгір сұлтанның үстінен оңаша түсірем дәл қазір! - деп Ержол өзін байлап алған ойраттарға суық қарап тұрып ашына сөйледі. Қатты ширыққан ызалы ашумен оқыс байламға келген еді кекшіл көкжал.

* * *

Домбыра безілдеп тұр. Алғаш кібіртіктеп, қожырап шыққан берекесіз тыңқыл енді-енді түзеліп алғандай құйылып кетті. Ықылым заманнан қазақтың қайғысы мен қуанышын тербеген көне аспабы оқшау топты үнсіз мүлгітіп, түп-түптен қозғап барады.

Мүлгіген жүздер қыбырсыз, еңкейген бастар сұлқ

қалған. Әлдебір сырды шым-шымдап тартып қозда-татындай күй үні баяу былпып кетіп, лез аңыраған кейуана сазымен қоңырланады. Әуелде ошарылған топта қобалжу мен тықыршу бар еді. Мына тұста бар сесінен айырылып, үнсіз бой ұсынған кейіп тауыпты.

Ақ ордада айналып ұшқан қара шыбын болмаса, бәйек таппаған тірі жан жоқ. Бәр-бәрі домбырасын еміне құшақтап алып, ортада отырған Әшімтайға қадалып қалыпты.

Домбыра күмбірлеп жатыр. Домбыра сөйлеп отыр. Ғарасат күннен хабар әкелетін көнігі үні бар. Бірде селкілдетіп, бірде қалшылдатып, тұлабойды өксікті мұңымен, қапалы шерімен құрсаулап алатын зілзала үні бар.

“Ақсақ құлан жосыған, балаң өлді, Жошыхан! Нанасың ба осыған, Нанбайсың ба осыған”.

“Ақсақ құлан” күйі оғыланды осылай жоқтайтын. Қыр кезген жалғыздың қырда қалған қу-толағай басын әкесіне осылай естіртетін. Еңіретіп, егілтіп келіп, қу дүнияның баянсыз өткінші елесінен көрініс беретін. “Туған мұрат емес, өлген - мұрат. Әжімінде үйірілер сыңар тамшы жас, әз Шыңғыс, қара таудай қайғыңның басқанынан да болар. Қайтерсің, кімнен өтпеген, кімнен қалмаған бұл тірлік!” дейтін сонда сол күй.

Домбыра солқылдап кетті. “Сен асынған қылыш, басқаның да белінде жүр. Сен кіжінген бір ашу, жауыңның да қабағынан төгілер. Беркінген бекемің озбырлықты құдірет тұту болса, өңменіңнен өкпеңді суырардай мың жылау, қан жылау аз болмас әлі де”...

Домбыра салқын саз тербейді. Қайғы бұлтын дүр-кіреге қуып әкеліп, долы нөсерін төге салар жел хабарындай баяу есіледі.

“Сол қу құлан, ту құлан. Ақсақ құлан жосыған!.. Нансайшы, ханым, осыған!”

“Ақсақ құлан” осылай зарлайтын. Жыпық көзде бірде өкініш, бірде ашу, бірде ыза ұшқындаған Шыңғыс ханның өнебойын шымырлата баурап алып, үнсіз бай-байлататын. Ауыр өксікпен қанды жас ағызып, ақ бұйрықтың аманатын жеткізетін.

Ал мына бүлінген күй “Ақсақ құлан” емес. Бірақ “Ақсақ құланнан” кем де емес. Тіл айтпасты шер

айтып, зар айта алмасты мұңлы сарынды жедел ырғақ аңыратып отыр.

“Көк бесті мініп көп жортқан, көк бөрідей түн қатқан ерлер қайда бастамақ? Арғымақ мінсе қатырып, қалмақы ерін батырып, батырлар қайда бастамақ? Бұғана басын өрт алса, жүректің басын дерт алса, аямай соқса тас кесер алмас болат балдағын морт бөлген де қидырып. Өзім бір деген алашқа, аласы болса сақтаған, шықшырдан шыққан бекзаттың салғаны елге қиғылық. Мұнарадан жол алған салиқалы би болар. Ұтымды сөзге жетпесе, ұтырлы іске өтпесе, бөдене бүрген күй болар. Қылышыңнан қан тамса, ақша беттен әр қашар, ойлаймысың, ей, ханым?! Өркеш те өркеш, өркеш тау. Бауыры толған көп бастау. Мүжілер де сарқылар. Алыстан дұшпан іздесең, ет жүрек - кесек мұз десең, ақ шашын жайған анаңның, қып-қызыл қаны балаңның төгілер де сарқырар. Ағайын кетсе бірліктен, пәтуа қалмас тірліктен, қасиетің қарғыс па? Аямасаң өзіңді, жау шығарар көзіңді, озбырлық деген қол қысқа. Сен қаптасаң, ол қаптап, сен таптасаң, ол таптап, қылыш жанай жүгірдің. Қақ маңдайдан салғызып, қойыңның оғлан алғызып, тайсалып қалып кідірдің. Құдіреті қайда төңірдің, таласып өту шараң ба? Татулықта тәуба бар, жерімеші арамға...”

Домбыра осылай сыр шертеді. Күрсініп қалып, майда жорғалайды. Өркөкіректі бұрқ-сарқ қайнататын ашуы қайда? Есім ханның жүйе-жүйкесі босап барады. Иіп барады. “Ғұмыр-тірлік толарсақтан саз кешкен ұйқысыз, күлкісіз жортуыл емес екен-ау. Апырай, солай ма еді? Әзәзілдей азғырған мені күй ғой. Күйші ғой!.. Қабырғадан келген қан алмаған оғланды қаң-ғырған жау алыпты. Қасірет тұтып, бүрісіп жата бермек пе? Күй не дейді? Күйбендеуді діттей ме..”

Сен қаптасаң, ол қаптап,
Сен таптасаң, ол таптап...

Домбыра күмбірлеп отыр. Домбыра ашынып, ашы-лып сөйлеп отыр. Салқын сазда тұлабойды құрсаулап алатын зілзала үні бар. Мұңлы шер үні бар.

“Сай-сүйек неге сырқырайды? Жаңғірімді жоңғар

тұтқындағанын қорлық тұтып, қопарыла түрегелетін адуын айбарым қайда? Алқынып біткені ме? Алдырып таусылмағаны ма? Илікпес көңілімді күрт сындырғандай әлемде құдірет бар ма еді? Күмілжіткен күй ғой. Күйші ғой!..”

Домбыра көй-гөйі тынар емес. Бір мұң, бір шермен ертіп алып, әлдилеп өкетіп, тербетіп отырды да, жан дүниені астан-кестен арпалысқа салып, ұзап, ұлғайып аспанға шапшыды.

Татулықта тәуба бар,
Жерімеші арамға...

Күй күңіреніп кетті. Ақ сақалға кесек-кесек жас тамшылады. Қос тамшы жас. Қасірет жасы. Ер жасы...

3

Түстікте қыш қорғандай көлденендей көсіліп Сауыр жотасы жатыр. Терiскейде Алтай таулары бұлдырап қана көрінеді. Осы екі сілем жотаның арасы - Қара Ертістің кең алқабы. Жыңғыл мен терегі, қайыңы мен мойылы аралас өскен төбелер шөккен түйедей әр жерден бір қараяды. Қылтиып дүзгені серейген құм шағылы тікенек қылды таздың басындай. Сылаң қаққан түп-түп ши толқып кетеді. Сауырдың солтүстік батысына қарай аласа жоталы Маңырақ орналасса, батысында паң Тарбағатай жайбарақат созылып жатыр. Салқын Сауырдың биік тұсы - Мұзтаудан басталатын тұщы бұлақ көп. Көк таспадай көк тұма - сол көп бұлақтың бірі, төмен құлдилап ағып, ұзап кеткен. Туманы бойлап келе жатқан жас жігіт үнсіз құлақ түреді. Бұлақ сылдыры сөзі жоқ ұзақ әнді бастап кетіп, тауыса алмай әсерлене ыңылдайтындай. Қоймай, тоймай әртүрлі мақаммен қоңырлата әндететіндей. Жігіт кеудесін лүпіл қуаныш билеген. Он жетіге толыпты. Осы он жеті жасында дәл мына жаздай ғажайып жазды көрмеген екен. Есін алған тасқын қуанышын бар ғаламға жария етіп, жар салғысы келгендей бұлақ әнінен көңіл күйіне үндестік іздейді.

Алдына сылдыр етіп қиыршықтас түсті. Жігіт жалт қарап, жас қызды көрді. Сылқ-сылқ күлген бойжеткеннің жұқалаң ақсұр жүзіңде қан ойнайды. Толық қос бұрымын кеудесіне сұлатып бір тарқатып, бір еріп жақындап келеді. Сазды жердің талшыбығындай солқылдаған талдырмаш дененің қылдырықтай аш белі жеңсізбен қынағанда, бір-ақ уыс боп үзіліп кеткелі тұр. Қызыл оймақ еріндерін еркелей бүрістіргенде, тұңғиық көздерінің қарашықтары ұшқын атқандай жайнаңдап кетті. Сол сәт ақ бәтес қос желпейлі көйлегінің етегі бұралаң етті де, тыншыды. Дәл қазіргі қыз бейнесі бүр ашқан қызғалдақтай. Жігіттің өзіне қарай тура келе жатқанынан сескенді ме, қақпанға түскен еліктей лез үрке қарады. Соны сезген жігіт қалт тоқтады.

- Маржан, сені келер деп күтпеп ем.

- Келдім ғой... әрең шықтым, - қыз үні сыбызғыдай сызылды. Содан кейін өзіне тақала берген жігітке қолын көтерді.

- Жақындамаңыз.

- Қорқасың ба, Маржан?

- Қорықсам келем бе,- деп қыз езу тартты.

- Рас па?! - деп балаң жігіт су жиегіндегі қойтасқа жайғасты. - Кел, мына жерге отыр, Маржан.

Маржан үнсіз жақындап, кең етегімен тізесін қымтай отырды.

Бұдан әрі үнсіз қалған екі жас біріне бірі тіл қатуға бата алмай, әлденеден бөгеле береді.

- Маржантай, ән салшы, қазақ әнін сондай ұнатам.

Маржан дауыс кенеді. Оймақ аузын ә деп ашқанда жылан арбаған торғайдай ұмсынған жігіт сол бейнеден көз алмайды. Ақ жүздегі толқып шыққан сәулеге ынтығып қалыпты.

Әдемі өрнекті ән шарықтап кетті. Бұл сәтте жігіт әнді ести отырып, көз алдына көлбеңдетіп көп суретті тізіп әкеліп еді, өзін-өзі ұмытқандай күйге түсті.

“Күн ашық, әуе тұнық... Сұр пердедей созылып бұлдыр сағым ғана толқындайды... Сол толқында қызғалдақ ырғалады. Қызғалдақ қыз бой түзейді. Асыға басқанда дүрия көйлектің қос етегі дөңгелеп дірілдеп, жылтыр кебісінің кішкене іздерімен күреңсе белге

өрнек салып кетіп барады. Бір сәт көз ұшына көз тігеді. Ыстық сағынышымен алыстағы ел-жұртқа, туған жеріне сәлем жолдайды”.

Жігіт Маржанды ұйып тындап қалды. Дала жым-жырт. Бар шуынан, суылынан тыныш тыңдайды әнді. Сыңсып біткен сәмбі тал, тал арасындағы әнші құс елти мүлгиді.

Ән біткенде Маржанның ұзын кірпігінен үзіліп түскен жалғыз тамшы жасты көргенде жас жігіт елжіреп аяп кетті. Ән айт деп орынсыз қолқалаған өзін де іштей кінәлап отыр. “Тұтқын... Қыз да болса тұтқын. Елінен, әкесінен айырылған қапалы қыздың әні де мұңды болғаны-ау!.. Бірге өскенмен, әлі бөліспеген сыры көп екен ғой. Бірге жүргенмен, мұңшерімен Маржан бөлек екен”. Осыларды ойлағанда, бауырына құшып жұбатқысы, қыз көзіндегі жасты кеудесіндегі ыстық жалынымен құрғатқысы-ақ бар. Бірақ уыз жастықтың секемшіл ұяты ма, әлде қызды секентпейін деген аяушылық па - әлдебір түйсік қыбыр еткізер емес. Дәл үстерінен тасырлатып біреу түсті. Жігіт жалт қарап, немере ағасын таныды. Анау ақай жоқ, тоқай жоқ келген бойда қызды жонарқадан қамшымен бір тартты. Содан кейін безіп ала жөнелген Маржанға қарамастан інісіне төніп келді.

- Жүр тез!

Ағасының алдына түсіп, ауылға енген жас жігіт өз үйіне бұрыла беріп еді, ағасы атын омыраулатып дөңесте шоғырланып тұрған топқа қарай ығыстырды.

- Былай жүр!

Балаң жігіт топқа имене тақалды. Тұрғандардың көбісін жақсы таниды. Анау тік қабақ, шұңғыл көз, айдынды һәм қомақты кісі - Қарағұл хонтайшы. Одан берірек маңғаз ғана қас керіп, кірпиязданып тұрған торғауыттың ханы - Хо Ұрлық. Мынау кәрі шал - хошоуг Күнделен. Шымшық торғайдай шықылықтап тұрған бәкелтек сары адам - Шоқыр тайша болса, түр-түсі келіскен, сыпайы, сергек шал - Талай тайша. Осыларды көзімен түгендеп шыққан жас жігіт ортадағы өзі қатарлы он бес жігітке онша назар аудара қойған жоқ. Тибеттен келген лама Шаған-Номын бұның қолынан ұстап әлгілердің қасына жетектеп әкелді.

Атын сұрады. Ұнатпады ма, тыжырынып басын шайқады.

- Атың енді Зая-Пандита болсын. Менімен бірге Лхасаға барасың. Оқисың, - деді.

Жас жігіт үндеген жоқ. Дәл қазір не айта қойсын. Әлденеге Маржанды есіне алды. Қыздың әлгі бір әні енді мұның өз күйіне үндескендей, құлағына ыңылдап оралды.

Осыдан он шақты күн өткен соң Зая-Пандита әнеукүні дін оқуы - тойныға қабылданған әкімтайшалардың балаларымен бірге алыс Тибетке аттанып кетті.

Тірлігіне күліп келген жайраң жазы бар еді. Кеудесіне күліп енген қызулы қызығы бар еді. Көңілінің әдемі таңын атырған көк тұманы тауып еді. Көк тұмадан көмейінен әні төгілген Маржанды кездестіріп еді. Соның бәрі бір ғана сөтте артта қалды. Күліп келген жалынды жазымен міне егіле жылап қоштасып барады. Көк тұма сықылықтап ағушы еді, булығып жылағандай ұзап алыстап, үні өшті. Бүр жарған іңкәрі Маржан болса, ынтық әнін ғана қосып жіберіп, қол бұлғап үнсіз қала берді. Ұзап қала берді.

* * *

Тибетте жиырма екі жыл оқыған Зая-Пандита 1639 жылы қырық жасында Жоңғарияға қайтып оралды. Қасиетті Лхасадан геген-кутухта - төрт түмен ойраттың бас ламасы деген құдіретті діни лауазыммен келген оның атақ-абыройы ойрат - манғұл жұртына дабырайып кең жайылды. Көп ұзамай-ақ ол Халха хандарының шақыртуымен алдымен Жасақты Сүбідей ханға барды. Одан шығып Төшет ханда мейман болды. Махсымади - Шешен ханның ордасының да бірер ай қадірлі қонағы болған Зая-Пандита 1641 жылы жеті хошун Халханың осы үш хандығының да бас ламасы сайланып еді.

Пенделік ғұмырының мәңгі ұмытылмас, орны еш толмас Маржаны бар деуші еді ол бұрын. Бұл күнде соның бәрі көнере ескіріп, бәрі ұмытылған. Туған

аулына алғаш оралған кезде белі бүкшиген, ашаң жүзіне мол әжім түскен, үстіндегі киіміне қырық құрақ жамау бастырылған қартаң әйелді көргені бар-ды. Әйелдің ақсұр еңінен Зая-Пандита әлдебір таныс белгілерді, әлдебір көзге емес, көңілге жылы нышандарды еміс-еміс аңғарғандай сезініп еді, жыға танымаған соң қасынан бөгелмей өте шыққан-ды.

Бірде еңірей зарлап, бірде күрсіне армандап шері мен мұңын жел менен жерге ғана шаққан Маржанның ерте қартайып, тез мүжілгенін бүкіл ұлыстың ықыласы мен пейілінің төрінде жүрген аскақ жан қайдан білсін. Зая-Пандитаға жасты көзін сығырайта қадалған Маржан да тіс жарып тіл қата алмаған. Иегі ғана кемсеңдеп, иығындағы тезек толы қабы жерге құлап, тізесі бүгіліп кеткен. Ешкімге өтініш ете алмайтын мүсәпір халін біледі. Тірі жанға өкініш арта алмас міскін күйін де біледі. Шыр бітірмеген өзгермес күңдігі бар. Әні мен зарын тыңдар шешесі қара жердің қойнына енгелі мүлде меңіреуленіп, тілін тістеген Маржаңды Маржан атын ұмыттырып, “Үндемес” атап кеткен бөтен жұрт бейбақ әйелден үй маңайын да көпсінгендей ұзақ күн тезек тергізіп қоятын. Ал сол бейбақ міскіннің атамекен, туған ел, кіндік кескен жасыл даласын ойлағанда, көңілде қалған еміс-еміс суреттердің көлеңкесін дірілдетіп туғызып, жаралы жүректің елжіреген сағынышымен үнсіз тебіренетінін бір адам білді ме екен? Тиянақсыз бұлдыраған үмітін күрсінуімен көміп тастап, іштей ah ұра дыбыссыз егілетінін бір жан көрді ме екен? Алыстап қалған көгілжім көктемі болғанын, көк шалғыны бой жасырған жасыл жайлауда бұның “Көке!” деп құлдыраңдағанын бір жан иесі білер ме екен? Жалаңаш денесіне түйе жүн шекпенді жамыла салып, құрақ ұшқан еңгезердей адамның жалпақ алақанында аспанға атылып тік тұрғанын бүгінде бір пенде сезер ме екен? Сондағы түсі суық жанның көз айналасына үйірілген ұсақ әжімнің аталық мейіріммен жапыр-жұпыр ұйыса қалғанын Маржанның ешқашанда ұмытпасын ескерер бір адам бұл пәниден табылар ма екен?

Уақыт та, тәңір де айықтыра алмас сонау жалғыз ғана “Көке!” деген сөзбен көкірегіне ұйып қалған

қорғасын шерді өзі ғана біледі. Күннен күн оздырып, тереңдеп дендеп бара жатқан мәңгі үзілмес сағыныш дерті қара жерге өзімен бірге көмілерін өзі ғана біледі.

Тезек толы қап жастанып жатып, көрер таңды көзбенен атыра, кей-кейде дірілдеген көз жасындай жұлдыздарға қадалады. “Кіндік қаным тамған сағымды даламның үстінде жыпырлап тұрсың-ау! Ыстық құмына табаным бір тиіп, боз көдесін құшырлана құшақтап жатып жантәсілім берсем, құдая, арманым қалмас еді-ау!” дейтін ынтызарын кім білді екен?..

Зая-Пандитамен ол содан қайтып кездеспеп еді. Бүкіл ойрат пен манғұлдың пір тұтқан құдайдан құдіретті ламасынан бойын тасалап, көзіне түспеуге неге тырысқанын өзі де білмейді. Тәуекелді серт етер еркек кіндік болмаған соң, еркінен тыс құрсаулаған тіршілігін шайқап жіберер әрекет таба алмаған мазлұма пенденің баянсыз ғұмыры өзгеріссіз өтпегенде қайтсін. Зая-Пандитаның елге оралғанына да екі жыл толды. Сол екі жылда Маржан мүлде қартайып кеткен еді. Қара көздің нұры біржола тайып, жағы мәңгі суалғанды. Қара шашқа ақ шуда қыс келіп түскен-ді. Бір кездегі тал шынар солқылдақ нәзік дене екі бүктеліп, арқадағы ауыр қабы мен қара жерге жасаңғырай қадалған жанардың икеміне беріліп, сынып тынған-ды.

Ердене-Батыр ханның ауылындағы бүгінгі қарбалас әдеттегіден мүлде өзгеше. Қара құрым халық сендей соғысады. Еңсесі биік орда алдында оқшау тұрған құндыз бөрікті, атлас дәлилі, ою бастырған қайқы тұмсық гутул-етікті хан мен тайшалардың маңайына жақындай алмай, ылдилай жылыстап, ұзай бере қойқандап, айбарынан жел естіріп, Алтай тауын арқалап келгендей қоқиланып, шырт түкіріп жүрген желікбастар көп-ақ. Әсіресе, ауылдан оңаша тігілген қоңыр отаудың жабығынан сығалап өтіп, бір-біріне жамырай сөз тастаған шеріктердің[1] күпсінген кеуделерінің желігі аспанды алып түсердей шеңбірек атады.

[1] Шерік (цирик) - ойрат, манғұл сарбазы.

- Жәңгір ханзада осы ғой? Әлгі атақты Салқам Жәңгір?

- Иә! Қазақтың еңсегей бойлы Есім ханының нағыз тақ мұрагері!

- Ә-ә, тақ мұрагер де!.. Енді оған тақ пен бақ табытта ғана оралар!

- “Мықтымен алыспа, жүйрікпен жарыспа” дегенді білмеген ғой, бұл Салқам сұлтан немесі.

- Әй, көзін көрдіңдер ме, көзін! Ақиық бүркіттің жанарындай тұп-тура қан қызыл от төгіп тұр-ау! От шашып тұр!

- Мақтамасты мақтайтын белгілі Наран емеспісің сен. Әйтпесе ол ханзадаңның қорыққанынан түсі бұзылып, көзі қызарып кеткенін білер едің-ау! - деп мойынсыз күбі кеудеге жапсыра салған қазанбасын әнтек шайқай қарқ-қарқ күлген сіліңгір қара әлгі Наран атанған жігітке сүзіп тастардай төніп барды.

- Әй, сен осы үрейге бойыңды алдырып тұрғаннан саумысың? Ердене-Батыр ханның қапысыз, сергек шерігі деп сендерді мақтап жүрсек, қазақтың бір бошалап келген бозөкпе ұлынан жүректерің шайлығып қалыпты. Байқаңдар, бұл Жәңгір сұлтан анау-мынау тұтқын емес, қастасқан қазақтың іргелі елінің іргесін кеңейтер тұтқыры болатын. Айрылып қалмаңдар!

- Ойбай-ау, о не дегенің?!

- Баққанымыз бен тапқанымыз тұтқын мен тұтқын жайы емес пе. Тұрса - кісен, отырса - қазық болармыз.

- Е, сөйтіңдер. Берік болыңдар, түге!

Жапырлаған тобыр ақ пен қызыл арасында, бейуақта тарады. Отау қасында екі-үш жігіттен басқа қара-құра қалмады.

Қабын арқалап жақындаған Маржанды әлгі күзетші шеріктердің бірі кеудесінен итеріп, ығыстырып бара жатыр еді, Наран әлгінің қолын қағып жіберді.

- Бейшарада нең бар? Неге жұлқылайсың!

- Жайшылықта осы маңайға келсе көзің көрмей ме? Қамаудағы қазағы болған соң, қаны қызып жүр. Бұл қазақтардың кемпіріне шейін бауырмал, - деп күзетші теріс бұрылып кетті.

“Қазақ” дегенді естігенде Маржанның буын-буыны

босап, тұрған жерінде сылқ ете түсті. Күлгін көзді сығырайта ашып, Наранға жалына қарады. Кемпірдің ыңғайын таныды ма, жігіт те тізе бүкті. Құлағына сыбырлады.

- Есім ханның ұлы - атышулы Салқам Жәңгір сұлтан. Бүгін ұстап әкелді ғой. Ал енді, шеше, бұл арадан кетіп қалыңыз. Біреу-міреу көрсе, сөз етіп жүрер. Кәне, қабыңызды арқалатайын, - деп әйелді орнынан тұрғызып жіберді.

Кібіртіктей басқан Маржанның жүрегі дірілдеп, алқымына тығылды. Құрғақ ауа өңешіне кептеліп, тынысын тарылтып барады. Дем арасында жанталаса ентігіп, танауы қусырыла, өңі қуарды. Бір сәт тізесі бүгіліп, бүктетіле құлады.

“Жәңгір сұлтан!” дейді. Қапыда канатынан қайырылған қыранымды қайтадан ұшыра алсам ғой шіркін! Уай, тәңір! Көк тәңір! Бір тілегімді берсең, дәл осы зар тілегімді бер!” - деп көкке қос қолын созып, қыбырсыз отырған сол тілеуқор түрі қара түнге мелшие төніп тұратын тас обадан аумай қалған еді.

Біртіндеп түнгі аспанның жұлдыздары туды. Сол жұлдыздардай көз ашып әйел кеудесінде қиял елестері біртіндеп тізбектеліп өтіп жатты. Алаңсыз балалықтың аңғал тірлігі көрген түстей көп еске түспей, елегізітіп қана оралды. Одан бергі жастық көңілдің әлсіз талпынысы бір жалт етті де, сағымдай сусып ұстатпай кетті. Содан кейінгі өксікті күндердің бір-бірінен айырмасы шамалы екен. Бір ғажабы: ғұмыр бойы селт етпей булығып жүріп, дәл бүгінгі оқыс оянғандай алай-түлей халіне Маржанның өзі де қайран. Кеудесінен толқындап шығып бетке ұрған алаудай болып, жылы-жұмсақ көктем түні балбырап тұнып тұр. Қызыл іңірден бастап жан-жақтан құрылдаған бақалардың “әні” тиылғанына да бие сауым уақыт өтті.

Маржан тұтқын қамаған отауға таянғанда, манағы үш күзетшінің күбірі естілді.

- Осы жым-жырт отырысымыз не? Қол-аяғы кісендеулі біреуге бола үшеуміз бірдей неге ұйқыдан қаламыз?

- Рас-ау! Мен шырмаған арқанды сиқыршы да шеше алмайды!

- Жә! Қойыңдар! Сан соғып қалмайық, - деп манағы мойынсызы көнер емес.

- Қойшы, осы сен-ақ тұтқырымсынбай! Онан да бізді жібергің келмейтінін айтпайсың ба.

- Кірпігіме бар ғой тас байлап қойғандай. Ашылмайды-ау, ашылмайды!..

Маржан одан сайын тақала түсті. Сәтін салғанда, үшеуі тез келісіп, дәл есіктің алдында қарайып біреуі қалған еді.

“Наран болмаса игі еді”. Ішінен ғана айтты. Неге айтқанын білмесе де, далбаса үмітімен жақындап келеді.

Күзетшіге есік пен төрдей келіп тоқтады. Түп шиді қалқалап біраз отырды. Күзетшінің Наран емес, манағы өзін кеудеден итерген жігіт екенін де байқады. Маржан әсіресе, топай құлақ осы жаннан көп қорлық көріп еді. “Байдың асын байғұс қызғанадының” керін келтіріп, әркімнен бір сөз еститін сорлы күзетші Маржанды ошақ басына жолатпайтын. Ол ол ма, “таз ашуын тырнадан алар” дегендей “күң!” деп “зәндемі жау!” деп көзіне түссе көпіре жөнелетін. Дәрменсіз жанның кек қыжылы іште жиналып, қозданып бықсып жатушы еді. Ақыры сол кектің лап етіп тұтанар кезі келген еді. Әлгінің қалғы бастағанын көрген соң Маржан күндердің күніне деп бойында сақтап жүрген кездігін оңтайлап тақалды...

Қыл арқанмен шандып тастаған сықырлауықты әрең ашып, қазақша сыбырлай тіл қатты:

- Секенбе, шырағым. Өзіңмін!

Сипалап келіп, үй ортасындағы қазыққа байлап тастаған жігітті иығынан ұстады. Тез қимылдап жіпті кесе бастады.

Кісенді әрең ағытты. Дес бергенде, кілт күзетшінің қалтасынан табыла кеткені.

Жәңгір енді ғана тіл қатты.

- Кімсіз? Адамбысыз, перімісіз?

- Үндеме. Мен бір бишара жанмын.

Маржан есікке жете бере артына бұрылды.

- Күте тұр. Қазір келемін.

Сүт пісірімнен кейін ат жетектеп оралды.

- Міне, балам! Елге сәлем де.

Жәңгір сұлтанның үзеңгіге аяғын сала бергені сол еді, әйел саптама етікті бас салып, құшақтай алды. Сұлтанның жүрегі шым етті. “Ойпырай, кім де болса осы өзі тегін жан емес! Шаужайыма жармасқаны несі?”

- Балам, жаяу келдің бе, атпен келдің бе?

- Шешей-ай, мені өз еркімен келетіндей... ұрын барып, тойлап жүр дейсіз бе бұ жақта. Аяқ-қолымды байлап әкеп, діңкемді құртты ғой! - деп Жәңгір ағынан жарылды.

- Сәл кідірші, - деп Маржан етікке жабысқан балшықты жаулығының ұшына сояудай тырнағымен шертіп түсіре бастады.

“Пақыр-ай! Сағынышың неткен мол еді! Туған жердің топырағын аңсайды екенсің-ау. Аңсағын! Кіндік жұрттың көкірегімді ашардай жұпар иісін менің де сағынғанымды білсең-ау!”

- Кел, шеше! Мінгесіңіз.

- Жоқ, балам! Әйел жолы - жіңішке. Қиыныңды құрсаулатып қайтем. Ат беліне ауыртпалық түспесін. Жолың болсын, сұлтан!

Ауыл үстінен дүсірлетіп шауып өтпей, бүлкілдете жөнелген жігіттің соңынан қадалып қарап қалған Маржан жаулығының шетіне түйілген бір шөкім насыбайдай топырақты кеудесіне қыса басып, қаққан қазықтай мелшиіп тұр.

Таң қараңғысы ұйып түсті. Сол таңмен бірге ұйып қалған қалың ойын серпіп жетіп, әйел кеудесіне медет берердей бір үміт сәулесі саңылауланып енген еді.

* * *

- Бурханға мықтап таңып тастап, тас төбесінен тырс-тырс тамшылатып қана суық су ағызу керек!

- Қырық қысырақтың қыл құйрығына таңып, бытшыт ету керек!

- Кескілеп турап, сасық қазақтың сасық етін итке тастау керек!

- Тірідей көму керек қақсал қаншықты!

- Шөл далаға тыр жалаңаш қаңғыртып жіберген дұрыс!

- Қазыққа отырғызып, аузын апандай ашқызу керек зәндемінің!

- Аяғынан төмен асып қойып, сұр жебемен шабақтағаннан артығы жоқ!

Шуылдасқан топ бірін-бірі тыңдамай, ақ ордаға ереуілдеп тақалды.

Ердене-Батыр хонтайшы мен Зая-Пандита лама бастаған төрелер ордадан сыртқа шықты. Жамыраған дауыс су сепкендей тыйылды.

Ортаға Маржанды дырылдатып сүйреп әкелді.

Зая-Пандита әйелге қадала қарап өтіп, тез тайқыды. Осы жолы анық таныды. Нұры сөнген қара көздің жүректе қалған бір ұшқыны кеудесін шарпығандай сезінді. Хонтайшыға баяу бұрылды.

- Босатып қоя беріңіз. Бұ пенде елі үшін өз басын қатерге тіккен екен. Ерлікті дін қудаламайды, қастерлейді. Ел-жұртының шебіне жеткізіп салғызыңыз, тақсыр.

Зая-Пандита одан әрі бөгелмей, ордаға кіріп кетті. Өзі ұнатқан сонау бүлдіршін Маржанын мәңгі жоғалтқанын білген еді.

4

Қынаптан қылыш суырмай,
Қарысқан жау бүлк етпес.
Жумай қастың қанымен,
Намысқа тиген кір кетпес.

Ақтамберді жырау

Жәңгір хан таң қараңғысынан оянды. Шатырынан жалғыз шығып, сарбаздарын үнсіз аралап жүр. Мына шырт ұйқыда жатқан тәуекелшіл жігіттеріне көңілі толғанымен, алты жүз қылыш қана көтерер аздығынан және жүрексінеді. Сонау Батыр-хонтайшы мен Хо-Ұрлық және Алтын ханның баласы Омбо-Ердене тайшалар жер қайысқан елу мың шерігімен келе жатқанын ертәуілдерінің хабарынан біліп отыр. Яғни бұның бір сарбазына жүз шақты шеріктен тиеді екен. Осыны ойлағанда қара бақайына шейін сұп-

суық тер шықты. Қоңылтақсыған көңілін жалғыз ғана демдер сылтауы-тұрған бекінісі мығым. Асу бермес екі сілем жотаның түйісе қап, сүзісе тірелген жеріндегі терең тар шатқал ыңғайын тауып әбжіл қимылдаса, біразға дейін жауды бері өткізбей ұстап тұруға әбден қолайлы-ақ. Оған дейін Самарқаннан көмекке шыққан Алшын Жалаңтөс баһадүр жиырма мың қолымен жетіп те қалар ма еді.

Шығыстан таң құланиектене Жәңгір хан сарбаздарын тұрғызды. Шолғыншылары мен қарауыл төбеде тұратын жігіттерін бөліп алды да, қалған қолын шашау шығармай тар шатқалдың бірнеше күннен бері қазып жатқан тілдей табанына төгіп жіберді. Жіті қимылдап, бұлшық еттерін буылтық атқызып өршелене жер қазған сарбаздар ұзыны елу көлденеңі он, тереңдігі жеті құлаш орды бүгін бітірді. Дем алып, тамақтанып, ес жиған қосын кісі бесін шамасында тағы да екіге бөлінді. Қарауыл төбелерден көтерілген алау-оттарға ілесе құйындата жеткен шолушы көкжиекті көк тұмандатып келе жатқан жер қайысқан хонтайшы жасағын көрген еді.

Жәңгір сұлтан үш жүз сарбазын ордың бергі кіре беріс қалқасына орналастырып, қолдағы барлық от алғыш қару-жарақты соларға қалдырды. Екінші үш жүзді өзі бастап шатқалдың ар жағына өтіп, желке тұстағы қос қапталда дайындалған ор-бекініске жайғастырды.

Ұлы бесінде түйдек-түйдек шаң көрінді. Ағындап, өңмендеп ұмтылып келе жатқан Батыр хонтайшының қалың қолы еді бұл. Жер тітіренткен көп тұяқтан ұшқан шаң көк аспанды көлбеңдеген көлеңкелі мұнарға бөледі. Түгі май, суы бал Жетісуды жамбастай құлаған қалың ойрат дәл сол сапарында он мың Алатау қырғызын тұтқындап алған-ды. Нөпір тасыған қар суындай лықсып, толқындап, лепіріп келе жатқан шеріктердің дәл қазіргі айбаты ғаламат. Есірік қуған аңшыдай екіленіп, қозыкөш жерден аттарын құйғыта ілгері сұғынып, тар шатқалға қарай жүйтки аққан тау суындай сүйірлене құйылып-құйылып кетті. Алдарында тоскауылдаған жауына сұс ата ма, ағындап келе жатқан бойда кейбіреулері ат үстінде шырқ

айналады. Жатаған жеңіл көлікті құбашап қолдың ұшқырлығы керемет. Сайын даланы жаңғырта ұрандаған қоңыр үндері тұтаса шығып, жақындаған сайын төбе құйқаны шымырлатардай үдей түседі. Дәл осы бетіңде мына бір шөкім топырақтай аз ғана топты “үп” деп үрлеп ұшырып жіберіп, ерегіссе, жалпақ жалғанды бір ғана түйіп қап, жапырып жіберетіндей әсер туғызған еді.

Тосқауыл топтағы қазақтарда үн жоқ. Білтелі қара мылтықтарын оңтайлай ұстап қадалып қапты. Толықсып, толқындап есіріп келе жатқан алғашқы дүрмекті бір тоқтатса, ар жағын тағы көре жатар еді. Соған бекінген олар біріне бірі тіл қатпай, іштей бекініп, бір-бірімен іштей ғана бақұлдасты.

Әлгі суылдаған ұшқыр жебедей зуылдаған жау жасағы тар шатқалға іркілместен қасқайып жетіп, сұғынып ене берді. Дұшпанының дәл осы ұрымталдан тосарын білсе де, Батыр хонтайшы шеріктерінің шапшаңдығына сеніп, қыл қайқаңнан лықсып өте шықпақшы еді.

Кенет... Құйындатып келе жатқан алдыңғы шоғыр жер жұтқандай опыр-топыр жоқ болды да кетті. Түйдегімен жеткен бойда қазылған орға құлаған алдындағылардың үстіне үйме-жүйме топырлап жатқандары тіпті көп.

- Аллажар! - Осы озан кеуделерде өрекпи тірілді.

Тарс-тұрс мылтық үні, зу-зу садақ оғы тар шатқалды жаңғырықтыра саңқылдап кетті. Алдыңғы толқынның іркіліп, үйіріле жұтылып жатқанына қарамастан кейіннен екпіндетіп жеткендері де алғашқыларының аяғын құшты. Оққа ұшып, о дүниелік болғандары да бірталай.

Күн көкжиекке құлдилады. Сәлден кейін көз байланып, тар шатқал бейуақ шапанын жамылды. Осы сәтте екі қапталдағы өз жасағына белгі берген Жәңгір қос жауырынды садақты безілдеткізіп, сарыжасынды қардай боратқызды. Үш жақтан оқ астында қалған ойраттың әп-сәтте ұйқы-тұйқысы шықты. Үсті-үстіне келіп жатқан арттағы түйдек-түйдек қол мидай араласып, бірін-бірі ажырата алмас күйге түсті. Жаудың осы сасқалақтап қалған сәтін қапысыз баққан

Жәңгір сұлтан аз жасағымен тұтқиылдан тап берді. Тақымның астынан суырып алған айбалталар жарқылдап, талай бас допша домалады. Қалыңға көп кірмей шет пұшпақтап араласқан қазақ жауынгерлері тірсектен алған бөрібасардай қауып-қарпып, қаша соғысып, жауларын ондап-жиырмалап құлатып жүр.

Қас қарая екі жақ та кейін шегініп кетті. Жәңгір қолында әзірше шығын аз. Ердене-Батыр хонтайшының жүзі сұлық. Қасындағы Хо-Ұрлық пен Омбо-Ерденеге де бұрылмай алтын шатырдың қақ төріндегі өз орнында обадай боп отырғанына біршама уақыт өтті. Манадан ұзынша сақалын шиыршықтай уыстап, өткір көздерін оң жақ босағадан сәл жоғарырақ тұрған биік ұстын үстіндегі киізден істеп, алтын жалатқан құдайы -бурханға қадап қапты. “Сиынғаным дәл сен болғанда, алғаным қайсы? Адуындап ұмтылып, арындап жүргеніммен, оңымнан шығып жатқан істерім шамалы. Төрт түмен ойраттың басын қосам деп “Цааджин бичигті” бекіттім. Бірақ сонымнан да онша береке болмай тұр-ау. Сиырдың бүйрегіндей қырық бөлек боп басы бірікпейтін тайшалар әр жаққа бір тартады. “Чулған жарғыдан” Байбағас хан кетіп еді, баласы Абылай тайша арпалысып тағы табылды. Шәуілдеген күшіктей қыр соңымнан қалар емес. Көкнорға бекініп алып туған ағасы Күнделен тайшаны бөрліктіріп Төре-Байхы Күшік хан ол жатыр. Мына Хо-Ұрлықтан да жете қояр көмек аз. Ит арқасы қияндағы бес айлық жолдық Еділ-Жайықты мекендеген бұ шіркін аттандап шықсаң, алыстағы дауысынды да естімейді-ау. Көңіліңнен табылғанымен, көз алдыңа уақытында жетпеген соң мысың құриды ғой. Әлде осы торғауыт қалмақты ауа жайылтпай, Еділден бері қайтарсам ба екен? Мына сәтсіз жорықты тәмамдап елге аман оралсам, былайғы бар шаруам - шашыраған елді жұмған жұдырыққа сиғызу болар. Алдымен саяқ кеткен Талай тайшаның балаларын шөкелетсем, Көкнордың бетін бері қаратсам, Күнделен мен Абылайлар қайда қашар дейсің”.

Осындай ойлар буған Батыр хонтайшы ол түнді ұйқысыз өткізді. Ертеңінде сойқан шайқас таң қараңғылығынан басталды. Күн арқан бойы көтеріле

бере қазақ қолына тың күш келіп қосылды. Алшын Жалаңтөс баһадүрдің жиырма мың қолы араласқаннан кейін ойраттардың қырылуы тіпті ғаламат болды. Кешке дейінгі ұрыста хонтайшы жасағы кәдімгідей сиреп сала берді. Тосқауылы жоқ ашықтан ентелеген қалың қолды суылдаған жебе мен бораған оқ баудай қырықты. Жосытып өңмендеп жетіп, жөңкіліп жасқанып шегінген жау қарасы көрнеу көзге азайып барады. Қалың селді тойымсыз жұтар құрдым бар екен. Құныққан сайын өңеш құрғатар емес, қылық еткізіп қарайды да тұрады. Осыны ұққан Батыр хонтайшы шайлыққан жүрекпен өкіне бармақ тістеп, ендігі кек пен қызылды артындағы өзіне ермей қалған көп тайшаларға салмақ болып, кейін шегініп кетті.

Дәл осы 1643 жылғы екі күнгі қанды қырғын соғыста он мың қолынан айрылған хонтайшы сол кеткеннен мол кетті. Жай кетпеді, жолындағы момын елді қирата шауып, мыңғырған малды дүркірете айдап қайтты.

Соғыс бітті. Қазақтардың шоқтығын көтеріп, қалың ойратты жер жұтқан майдан тарқады.

Жеңіліс тауып, жан жарасын сыздатып оралған Ердене-Батыр хонтайшының амалы құрыды. Маңдайдан мықтап соққызған ол ордасында бірер күн есеңгіреп жатты да, жым-жырт бойкүйездіктен тез арылып, Талай тайшаның балалары мен Күнделенге қарсы жорығына жәрдем сұрап алыстағы Хо-Ұрлыққа жаушы жөнелтті. Бірақ 1644 жылы Хо-Ұрлықтың черкестермен соғыста қаза тапқанынан, ал өзі жұмсатан жаушысын жолшыбай Күнделен тайша ұстап алғанынан Батыр хонтайшы хабарсыз қалған еді.

Қанына қарайған Батыр хонтайшы Кузнецк төңірегінен қару-жарақ, құрал-сайман, кіреуке-сауыт сатқызып алып, өз қыштымындағы қырғыздардан қос-қос жылқы қуып әкелді.

Сонымен 1646 жылдың көктемінде Батыр хонтайшы мен Өчирте-Шешен ханның біріккен қолы Бороханжир тауынан асып келіп, Көк өзеннің (Хуху-усун) бойындағы Қаратал деген жерде, Күнделен тайша мен Талай тайша балаларының әскерімен тоқайласқан ғой. Екі жаққа да тау суындай тұс-тұстан келіп, құйылып

жатқан жасақта есеп болмапты. Алғашқы ұрыста хонтайшының аруағы асып, Күнделен жеңіліп қашады. Жеңіс дабылын қағып, мерейі үстем боп келе жатқан Батыр хонтайшы мен Өчирте хан Жайықтағы торғауыттан оралған Зая-Пандитамен кездеседі ғой. Төрт түмен ойраттың басын біріктіре алмай дал боп жүрген геген-кутухта ойраттардың өзді-өзді қырқысқанын естіп қатты ашуланады. Бірақ ашудан түк өнбесін білген лама енді екі жақты татуластырудың амалын қанша қарастырса да, және ештеңе шығара алмаған екен. Әсіресе, Күнделен тайша ғаламат өрекпіп: “Байлықтан, барлықтан жұрдай болған мен пақырға байлық берем дел қызықтырма енді, геген-кутухта. Сый-құрметтен мақұрым қалған мен байғұсқа атақ пен даңқ әперем деп босқа әуре болма, әулием менің. Бір қисық іске қыңырайып ілескен екем, түзесем де, сындырсам да өзім ғана бітірермін!” демей ме.

Еділ бойындағы торғауыт қалмақтың қайта оралмағаны тауарихтан мәлім. Алдымен Хо-Ұрлық хан, көп ұзамай Батыр хонтайшы қайтыс болған соң торғауыттың Жоңғарияға қайта оралуы мүлде қиындап кеткен еді.

Жоңғария тағына Батырдың ұлы Сеңгі (Сенге) отырысымен бақталастық, тақталастық одан сайын өршіген. Ел ішіндегі әртүрлі ұсақ кіркілжіңнен ірі қақтығыс туып, кешегі қаһарлы хандық қақ жарылмасын ба. Чорос руының өзі екіге бөлініп, Сеңгіге қарсы шыққан сегіз аға-інісі әке тағы үшін күресті күшейтіп жібермесін бе.

Ел ішін елірме тірлік жайласа, бетке шығар беделділерміз дейтіндердің қаны қызбай тұра алар ма. Берекелі бітімге бармай, білегін сайлап алып, қиялап кеп қосылып, қоюлатып келіп сөз байласатын да солар болатыны ежелден аян. Шешендік салыстырып, селбеулік қарастырып бірін-бірі үркітіп, біріне-бірі сес көрсетіп, ерегістің көбейе, қоюлана беруі де - солардың іштарлығынан өрбитіні ежелден белгілі. Іркіліп тайсақтамай, іріленіп кек сақтағыш араз ағайын әр заманда-ақ ел қамын өз бабына жығып берген ғой. Абырой мен атақ, даңқ пен бақ тілеген сүт бетіндегі қаймақпыз дейтіндердің қылығы бәтуасы

қашқан бейберекет кезеңнің қақпасын мұнда да ашып тастаған ғой. Қыз беріп құда болысып, қалындық алып күйеу атанған ойрат мықтылары қызды жауға беріп, қатынды қастан алғандай “келсең келге” басып, жаңа бір сұрапыл сойқанның бұлтын өз көгіне өздері шақырады ғой.

Әкесі Байбағас ханның алтын тағын көксеген Өчирте-Шешен туған ағасы Абылай тайшаға қарсы әрекетінде туған күйеубаласы Сеңгі хонтайшыға арқа сүйемек болса, Байбағас ханның үлкен ұлы Абылай тайша Сеңгіге қарсы қол жинаған хонтайшы ағаларының туына кеп қол жалғамасын ба. Сол-ақ екен төрт түмен ойрат қарама-қарсы екіленіп, жасақталған екі қосын боп бетпе-бет тұра қалған ғой.

1657 жылдың жазы жеткенде әр жерден бір түптеніп шыққан дерисун[1] онша бойлап өсе қоймай сарғыш тартып, сары даланың бедерсіз келбетіне сіңіп кеткен. Көктемде күркіреп, гүрілдеп тасыған Емел өзені бұл кезде жынын алдырған бурадай үнсіз жылжып, таспалана үзіліп, әр жерде бір оймақтай болып, қыбырсыз мөлдірейді. Сонау сарғыш аспанның шаңытқан сәулесін айдынында анда-санда бір дірілдетіп қойып, баяулап тартылып, таусылып барады.

Сол мүлгіген Емелдің екі жағалауынан тапал мінгіштерін теңселтіп, садақ, найзаларын оңтайлап, төніп-төніп тұрған бір-бірінен аумайтын, қаралары да шамалас екі қосын - Сеңгі хонтайшы мен Сеңгінің ағаларының қолы. Бұрынғы тұтас елдің таласып келіп тоғысқан тар қолтығы - титықтап жатқан кәрі Емелдің тақыр табаны болар деп кім ойлаған.

Оң жағадағы биіктеу жерде оқшау тұрған Сеңгі мен Өчирте бастаған он шақты адамның қасындағы ақ боз аттылы жас жігіт - Қалдама - Өчирте-Шешеннің жалғыз ұлы еді. Тіп-тік шаншылған сұңғақ денесін кейін шалқайта үзеңгіге шірене беріп, қолын кеудесіне баса хонтайшыға тіл қатты:

- Аха![1] [2] Алғашқы жекпе-жектің кезегін маған беруіңізге өтіл білдірем.

[1] Дерусин - ши (ман).

[2] Аға (манғ).

Осыдан бірер жыл бұрын ұлы жекпе-жекте қазақтың Салқам Жәңгір ханын жеңген жас батырдың мықтылығы мен шапшаңдығы әлден-ақ аңыз бола бастаған еді. Қалдамаға қатты риза болған Сеңгі сүйсіне құптады.

- Кезек, әрине, сенікі болады, баһадүр!

Осы екі арада қарсы беттен әлдебір қарлыққан дауыс оқыс саңқ етті.

- Жекпе-жек!

Дәл осы дауысты күткендей манадан гуілдеп тұрған екі жақ та жым-жырт тына қалысты. Қаншама қан тілеп қатуланып келсе де, өлімге бетпе-бет кездесерде қалтырамас жүрек болмаса керек. Әсіресе, мынадай туыс ағайын арасы аяқ астынан әйкәпірленіп шыққанда, төгілер қан мен шетінер жанның өкініші бітер ме. Тұрғандар соны ойлады ма, әлде жекпе-жекке шығатын өз батырларын асыға күтісті ме, шегін тартқан сұлық күйде біраз үнсіз қалды.

- Ал, мен кеттім!

Қалдама соны айтты да, атынан дік етіп секіріп түсті. Қарындағы дөңгелек қалқанын ер қасына ілді де, қанжығасындағы қоржыннан әлденені суырып алып, жаяулап жарғабақтан асықпай төмен түсе берді.

- Қалқаныңды ұмыттың, ұлым!..

Өчирте-Шешен ханның үні құлазып шықты. Қарлығаш болып қанатымен су тамызар соңғы тілек үні дәл осылай естілетін болар. Мүмкін тәңірінен тілеп алған тұңғышына деген аталық сүйінішінің алдағы белгісіздіктен түршігуінен де болар. Теріс айналып, қасындағылардан жасырып, екі көзін тез-тез сүйкеп өтті.

Қалдама артына бұрылып қараған жоқ. Сұңғақ денесін ширақ қозғалтып төстабандағы құм шағылға жетіп тоқтады.

Қарсы жағадан да жас шамасы Қалдамамен тұстас бозбала бері салды. Ол да жаяу. Ол да қару-жарақсыз. Оның да қолында ораулы түйіншегі бар.

Бұл Абылай тайшаның баласы - Шешен еді. Екі жігіт үш-төрт қадамдай қалғанда қалт тоқтап, содан кейін сәл қозғалақтап барып, біріне-бірі құшақтарын жая ұмтылды.

Қос жағадағы қалың топ аң-таң. Жекпе-жектің аяқ астынан өзгеріп кеткенін күтпеген сыңаймен, аңтарылған күйімен қолбасыларға жапақ-жапақ қарасады.

Немере жігіттер көп бөгелген жоқ. Тұрған-тұрған жерлеріне отыра қалысып, орауларын ашты. Қалдама өзі әкелген шахмат тақтайын жайып, Шешен шахмат тастарын шығарып құрып, сол бойда ойынға кірісіп кетті.

Өчирте-Шешен тұманданған көзін қолының сыртымен сипап өтті. Қос тамшы жас домалап-домалап түсті. Бұл жолы жасырынып сүрткен жоқ. Соноу қос балақан-балапандарға әкелік мейіріммен елжіреп қарап қалған еді.

Абылай тайша да жүйе-жүйкесінің тегіс босап, тұлабойымен түгел иіп бара жатқанын сезді де, қамшының сабын ер қасына тіреп, екі бүктетіліп сүйеніп ала қойды.

Ойда жоқта жол тапқан екі жас жасанып келген екі жақты ұрыссыз тоқтатып, келісіммен бітістірді.

Сеңгі хонтайшының айдыны асты. Ағалары алдына келіп, тізесін бүгіп, айыбын жуды. Аз уақытқа болса да елде тыныштық орнады. От басынан алдағы күнін уайымдап шыққан байғұс араттар аман-есен қалпында өз ошақтарына оралды.

5

- Лубсан, алдыңа мен барсам ғой, армансыз азаптар едің. Алғаныңнан салмағың аз болса да, кісәпір дағдыңнан жаңылған бір күнің жоқ. Қорқаулық пен қараулық та басыңнан әсте арылған емес. Сені тарылтқан, біле білсең солар. Сонау ықылым заманнан басталатын сасық өркөкіректік мына сенен, сенің ата-бабаларыңнан шыққан. Төрт түмен ойраттың атасы -құл, анасы - күң емес-ті! Оның да арғы тегі қасиетті ұлы Шыңғыстың соңына ерген қалың бұқарасы болатын. Иыққа құс шығарып, етекке ит жармастырған мына сендер, -Халханың Алтын хандығы екенін ұмытқаның қалай, ә! Кібіртіктей-кібіртіктей әбден кіріптарланып болдық. Ендігі кесек өркөкіректікті көркөкірек боп

қалған тап мына біздер жасаймыз. Біздер! Ылдилап, бүрсеңдеп жүрген күнімізде сендермен аққан теріміздің ғана сөйлесіппіз. Ләм деп жақ жазбаппыз. Жазғызбапсыңдар! Көп асқанға бір тосқан. Бүгінгі керді енді сендер көресіңдер. Қор қылып, көндіріп отырып көрсетеміз, көрсеткенде де! - деп аяқ-қолы танулы тізерлеп отырған Лубсан тайшаға биік тақтан шаншыла қарап, сөзін қадап-қадап сөйледі Сеңгі хонтайшы. Жіңішке, шіңкілдек дауыстың ашу араласқанда шытынаған әйнектей оғаш сықыры болады екен. Қос шықщыттан қос шеге қаққандай зырқ-зырқ қадалады. - Шолай-Обашы хонтайшы ойратты “бұқтырам, ықтырам!” деп бұта паналаған бозторғайдай қылып, басымызды көтертпеді ғой. Жасытпаған, шошытпаған күні жоқ еді бізді оның. Бар болсақ “асты!” деп, жоқ болсақ “састы!” деп, жүндеуін, жұлмалауын қойды ма? Қоймады. Ендеше міне жетті зауал сағатың, соқты зілзалаң! - деп отырған орнынан атып тұрып, қолындағы жуан қамшысымен Лубсанды бастан тартып-тартып жіберді. - Мә, мынау бабаң Шолай-Обашыдан көрген зорлығым үшін! Ал мынау әкеңнен келген кемдік кебім үшін! Мынау қыңсылаған күшіктей балтырыма жармасқан тап сенің иттігің үшін!

Қанша намыссыз, жетесіз туған ез болса да тап мына қорлыққа шыдамаса керек, Лубсан шырмауын үзердей бұлқынып, аюдай арпалысып, аузынан айдаһарын атқытып жатыр. Басылар кеудесі, бағынар түрі жоқ.

Манадан үнсіз қарап тұрған Сеңгінің адамдары жабыла кетіп, тайшаны тырп еткізбей басып тастады.

- Ә, зәндемі, туларсың! Тыпырларсың!

Сеңгі хонтайшы орнына отырды. Түнере түтігіп, шатынаған көздерімен сүзіле қарағанда маңайындағылардың бүгежектеуі көбейді.

- Жаңғырық әкеліңдер!

Хонтайшы әмірінің қашанда айтылуынан орындалуы жылдам болатыны мәлім.

- Иттің қолын шешіңдер!

Қыл арқан быртбырт кесілді. Кесілген құлаш-құлаш бөлігі ирелеңдеп құлаған оқ жыландай аяқ астында үзік-үзік үйіліп қалды.

- Оң қолын жаңғырыққа төсеңдер! Менің сыбағамды жемекші еді ғой бұл!

Лубсан тайшаны ханның нөкерлері бір-ақ шоңқитып әкеп, оң қолын жаңғырықтың үстіне салды.

- Шап шынтақтан!.. Сыбағамды қалай жегенін көрейін.

Алмас қылыш доғалана жарқ етті. Шоршып кеткен білек хонтайшының аяғының астына ұшып түсті. Қолды теуіп жіберді.

- Итке апарып тастаңдар!.. Сол иттің етін сонсоң мына итке жегізіңдер! Бар, әкетіңдер!

Осыдан кейін орданы біраз үнсіздік басты. Хонтайшының ашуы басылды-ау деген кезде Өчирте-Шешен хан есік жаққа иек қағып еді, сырттан қолдары кісендеулі он бес еркек пен үш әйелді нөкерлер топырлата кіргізді. Алдыңғы үшеуі - үлкені жиырмада, ортаншысы он бесте, кенжесі ондардағы Лубсанның ұлдары еді. Бұлар басқа түтқындардай хан неге бас иіп, тізе бүккен жоқ. “Білгеніңді істе!” дегендей бедірейе қарап тұра қалды. Сеңгі соны көргенде “бөрінің бөлтірігін қанша бақсаң да, тауға қаша берер” деген, бөрілігіңе басып тұрсыңдар-ау! “Тірі жібермеспін!” дегендей мырс етіп, қалғандарына бұрылды.

- Әй, өңшең ұры көті қуыстар! О баста менімен тіресіп шықпап па едіңдер. Мына сүмірейіп тұрыстарың қалай? Неге үндемейсіңдер? Соғайын ба дүрені?

Тұтқындар жақ жазуды күнәнің үлкені санаса керек, “ұсынған мойынды қылыш кеспес’’деген көнбістікті мықтап ұстап қапты. Сеңгі хонтайшының аяғын құшақтай құласты.

- Ә, жан тәтті ме екен? Соны ертерек ұқсаңдар, бұл күйге түспес едіңдер-ау. Жарайды. Қасық қандарыңды қидым, - деп аз үнсіз қалған тақыс хонтайшы тұтқын қандастарын өлтіріп қанқұйлы атанғанша, осыларды босатып қана қоймай өз маңында қалдыруды да ойлап отырған еді. “Жағаласа берсең, жау көп. Жыртқыштық - жанкештілік емес. Ендеше сонау сайын даланың шаңын бұрқыратып лаңдатып жүрген көп бүліктің алдын алар бір айла-амалым да осы болсын. Күнәсін түсінген тәрізді, құр босқа кінәраттай

бермейін. Кейде биліктің билігі - кендік болар. Алды тар жанның артынан қаңқу сөз ғана өретін. Бықсыған өртті су сеуіп басқандай бір әрекет жасайын. Қарапайым арат емес, әр рудың білікті жайсаңдары ғой. Жақсылығымды ұмытпас”...

- Тұрындар! Өчирте, сен мыналарды жақсылап сыйла. Қатесін енді қайталамас. Алдына мал сал, иелігіне қоныс-құдық бөл. Бүгіннен бастап мен бұларды үзеңгі достарым деп білем.

Әлгілер кетісімен хонтайшы манадан үнсіз тұрған үш әйелге бұрылды.

- Сендерге мен ешқандай қиянат жасамаймын. Қысылмаңдар! Сен берірек жақындашы! - деп қарақат көзі мөлдіреген жастауына Сеңгі күлмеңдей қарап, иек қақты.

Әлгі қыз Лубсанның Самор атты жалғыз қарындасы еді, бір-екі аттап, кібіртіктеп тоқтады. Тік жаға жасыл жібек дәлиінің етегін бүре ұстап, қолға түскен киіктің лағындай хонтайшыға жапақ-жапақ қарайды.

- Атың кім сенің?

- Самор...

- Нешедесің?

- Он алтыдамын... - қыз үні баяу естілгенмен нәзік сыңғыры Сеңгіге ұнап барады.

- Қолыңа күн ұстатсам қалай қарайсың?

- Күйіп қалмасам...

- Ол өзіңе байланысты.

- Ұстап көрмеп ем...

- Үйренесің ғой.

- Үйрене алмасам қайтем?

- Онда қараңғы түн берем.

- Іздегенім де сол еді.

- Қыршаңқы екенсің, қырсық шалмасын.

- Басыма қара жамылдым ғой. Одан жаман не бар еді?

- Желкілдеген желек киесің.

- Тілеп кимей, жылап киермін.

- Киерсің де, күлерсің әлі-ақ! Әкетіңдер! Бөлек отау беріңдер. Самор-хатун[1] болады! - Хонтайшы көзі

[1] Хатун - ханша деген мағынада.

күлімдеп, талдырмаш денені босағаны аттағанша тінте, тіміскілей қарап шығарып салды. - Әлгі Еренек байды тез келтіріңдер!

Ортаға етегі қайқиған ақ киіз қалпақ киген, өңіріне оқа жапсырған кең батсайы шапаны бар жас шамасы отыз-отыз бестердегі жігіт ағасы кірді. Қол кусырып басын иіп, тәжім етті де, хонтайшыға иесінен ас дәметкен кәнігі төбеттей монтия қарай қалды.

Хонтайшы Еренек байға ұзақ қадалды, Тұлабойынан көңіл тойдырарлық бір қасиет табардай көз алмайды. Қырғыз байы қаратерге түсті.

- Еренек, етегімнен ұстапсың. Жатырқамаймын, мына екі әйелді сен ал. Кешегі сені құл, әйеліңді күң етем деген Лубсан тайшаның нақсүйерлері. Күң қылсаң да, қатын қылсаң да өз еркің. Шолақ қол Лубсанды да сен әкет! Құл қыласың ба, қазық қыласың ба, бір кәдеңе жарар. Бар, бара бер!

Осыдан кейін орда іші біртіндеп босап, біраздан соң Сеңгі жалғыз қалды. “Жеңдім!” дегенімен өзінің де бауырының сау тамтығы жоқ. Астында жатып та алысып, азуын кірш-кірш сала берген жауы әлі мығым. “Қапыңды қайтсек те табамыз!” деп аңдыған ағаларының сыры да белгілі боп барады. Қансыратып қаузап, өзгелерге құбыжық танытып алып, бір-ақ аунатып кетер сын сағатын тосумен жүр олар. Әсіресе, дәл осы жорыққа бұны айдап салған ағаларының аяр тірлігі осының айғағы. Енді оңашада барлап отырса, жар үстінде жалғыз аяқтап секірген екен. Жығылмағаны, омақаса құламағаны әзірше төрт елі маңдайының төрт батпан талайынан болар. Батпанның да мысқалдап таусылары анық. Ендеше қапысыз харакетті неге бақпайды?”

Осыдан он күн бұрын Тұзатпа-Батыр (Цзотьба-Батыр) дейтін ағасынан суық хабар жеткен. “Енесайдағы сенің қарауыңдағы қырғыздарға Лубсан тайша жасақ жіберіпті. Бізден бөліп әкетіп, өздеріне күштеп бағындырып алмақ. Әкеміз Батыр хонтайшының жоқтығын басынғаны ғой. Әйтпесе, жұғын жалаған Халханың Алтын хандығы қай уақытта тұнықтан жүзіп ішіп еді? “Қорқамын, олармен қарсыласа алмаймын”

десең оныңды айт, сенің-ақ дегенің болсын. Ауыздағы асты басқаға жырып беріп, жым-жырт отыра берейік. Мұныңды да хонтайшылығыңның қырсыздығы дейік. Әйтпесе, ит сарыған ата намысын қанмен жу! Лубсанды алдыңа шығарма!” деген.

Енді мына Лубсанды жеңіп келген абройлы сапарда сол ағалардың намыс қуған түрін көре алмай қайтты. Мұның абройы асқанда, ағаларының еңсесі түскен кеуделері елгезек ханның жаңа бір сезігін қоздатып жіберген еді.

Ұзақ ойланып қалған Сеңгі бір сот күтушісін шақырып, ас алдырды. Сүйіп жейтін тамағы - қан қосып пісірген жас миды біраз қарбытты да, жас отауға - Самор-хатун отауына карай адымдай жөнелді.

6

Қазыбек бидің аулынан түс ауа аттанған Қуаттар онша ұзамай, қозыкеш жерде ат белін суытты.

Түн ұйқысы қатты. Дамылдап жатқан жүргіншілерді даланың көзге түртсе көргісіз жұлдызы бүркек қара аспаны қалың көрпедей қымтап тастапты. Оты сөнген қостың маңайы құрық бойы жерді түгел жасырып, ештеңені көзге анық шалдырмайды. Жолаушылардың екі-үш жолым үйін теңдеп келе жатқан төрт-бес түйенің жалқау күйіс қайырғаны болмаса, түнемеден сергектіктің еш нышаны байқалмайды. Тіпті күзетшіге дейін мүлгіп кетіпті. Қатты қорыл буған бұл төңіректен сар-сар аққан өзендей, гүр-гүр гүрілдеген күркіреуіктей кеңсірік дыбысы ғана бір үзілмейді. Аңдып кеп бас салатын жау болса, шағын топтың бір де бірін тірі жібермей, оп-оңай ұйпап тастар еді. Бейқам қос беймарал ұйқы құшағында.

Тынышбай осы көп мазасыз қорылдан оянды ма, жаппа ішінде көпке дейін қайта мызғып кете алмай ұзақ дөңбекшіді. Қасындағы Қуат құрдасының тәтті ұйқысына қызығып біраз жатты да, болмаған соң, шапанын бүркеніп тысқа шықты.

Дала - тас меңіреу. Алыстан бұлақ сылдырайды. Тымық түннің ызғары білінбейді.

Тынышбай аулақтап ұзап барады. Барып-барып қойтасқа құйрық басты.

Түн қараңғы болғанымен алуан үнді. Ентігін басқан жігітке алыстан сыбдыр естілді. Үзіліп кетіп... Тағы естілді. Содан кейін тұтаса жеткен тұяқ дүбірі алыстап барып жоғалды. Ол - жабайы шошқа тысыры.

“Әуп-әуп! Әуп!” - Әлде зарлаған, әлде сайраған әупілдек ол.

Тағы басқа тықыр. Тағы өзгеше сыбдыр. Тағы бөлек суыл. Түн тас қараңғы. Бірақ қараңғы түннің әралуан үні бір тыншымайды.

Тынышбай ойға шомды. Көз алдына Гүлдарайым бике оралды. Гүлдарайым бике ақ бетін тотықтырып күн шалған, мойыл көзін ұшқын билеген, қара қасын садақ қып тартқан, оймақ ернін қызғалдақ қып бүрген он алтыдағы сұлу келіншек. Гүлдарайым - омырауына он түйме қадаған кеудесі тар, етегі кең көйлек киген, қынама жеңсізі аш белін аймалаған, зер кесте төгіп, алтын алқалы төстік таққан келіншек. Гүлдарайым - бетмоншағын мөлдірете салбыратып, қарқарасын ерекше жарқыратып, жібек жамылғышын желбіретіп сәукеле киген -Бекболаттың сұлу нақсүйері. Гүлдарайым бике - күйші жігіт Тынышбайдың дом-бырасын елжіреп, елтіп тыңдаған тілеулесі.

Тынышбай күңірентіп күй шалғанда, Гүлдарайымнан ерік қашқан-ды. Тынышбай өз көңілімен солай түйсінеді. Өз ойымен солай болуын қалайды. Қазір де елес дүниесіне шомып, кейінде қалған бикенің түр-тұлғасын көз алдында тірілтіп отыр. Қараңғы түнді тұңғиық қара көзге теңейді. Бұлақ үнінен келіншектің сиқырлы күлкісін аңдиды. Әупілдек әуенінен әсершіл жанның өкінішін іздейді.

Түн тастай қараңғы. Қараңғы түннің тыныс-дыбысы да әр алуан. Әне, көз ұшынан тықыр естілді. Артынша-ақ алыстан дүсір жаңғырды. Тынышбай елең ете, ден қойды. Алданбапты. Жалғыз аттың тұяқ тықырын анық естіді. Жүргінші, әлде қуғыншы осылай қарай келеді. Тура келеді.

Қараңғы түннің баршаға бірдей пердесі болмайды. Көзге емес, оның көңілге шалынатын сәулесі болады. Тынышбай әнтек ұмсынып қалды. Бір-екі күннен бері

өне бойын жаулап, баурап алған жұпар иісті құшырлана сезінді. Шолпы сыңғыры кеудесінде жаңғырды.

- Гүлдарайым!

Қараңғы түннің одан әрі басқа үн, бөтен уәжбен тілқатуға шамасы келмеді. Бұлақ басында ұзақ та тәтті ыңқыл, үнсіз де шешен тіл сайрады... Бұлақ басында екі кеуденің алқына булыққан демі, шарпысқан ыстық лебі үздік-үздік ақтарылды... Бұлақ басында тұншыға шыққан көмей бүлкілі су сылдырына араласты. Бұлақ басының бар-бар табиғи дыбысын көміп тастап, әсем бір дыбыс емін-еркін төгілді. Бұлақ басы сәлден кейін жым-жырт қалды. Көпке дейін булыққан үн, алқынған дем, шарпысқан тыныс естілмеді... Жаңғырмады...

Қайтадан түн дыбыстары қат-қабат өрбіді. Тыншыған бұлақ ылди қуалап, мекерлене күле қашты. Әлдебір тұяқ дүбірі әлдекімнен сескенгендей тастақ тепкілеп ұзап барады. Әупілдек әлденеге өкінгендей қинала әупілдейді.

Гүлдарайым ентіге сыбырлады.

- Мені неге келді деп болжалдайсың ғой...

- Жоқ. Байыптай қоюға ақыл дәрменсіз, Гүлдарайым.

- Өкінішің өзек тырнайтын шығар онда?

- Білмеймін. Өзіңе талпынғаным күмәнсіз.

- Күттің бе?

- Айта алмаймын. Тіпті дәл ондай сенімім болмап та еді. Әйтеуір бір еміс-еміс үміт сауғаным рас.

- Неге келгенімді сезесің бе?

- Қайдам? Емексітіп еш емеурін білдірмеп едің, не дей қояйын... - деп Тынышбай таза көңілдің ағымен жарылды.

- Өзіңді осылай іздеп келгенімді неменеге жоримысың?

- Жоруға жоқпын, Гүлдарайым. Әркімді де бір дөңбекшітер, оқыс әрекетке бастар жан ширығысы болатынын ғана білем. Сол ширығысың біреудің арын құрбандыққа шалып әкеп тұр ма, әлде сол ар қуып әкеп тұр ма? - маған ол жұмбақ. Бірақ алысар қол, айтысар серт жолына бастасаң да, дайынмын мен!

- Жоқ! Еркін өскен ерке қыз емеспін. Ақ некемен шырмалғам. Азабын алып, күйігіне төзген күнім

жеткілікті. Қайта оралтпайды қапасынан. Мен бейбақтың сілкінгендегі бар қолынан келгені - осы ғана! - деп Гүлдарайым үнсіз қалды.

- Азамат ердің қадір-қасиетін былғаудан артық азап бола ма, Гүлдарайым? Осы біз әлгінде не істедік? - деп Тынышбай бүкіл денесімен құрыстанып, өрт құшқан қылығына енді ғана ой жүгіртіп, құбылып кетті.

- Азамат ердің қадір-қасиеті деймісің?! ЫІнтығым деп ыстығымды берген азаматымды кім өлтіріп еді? Аңсағанымды кім аяп еді? Мен бәрінен түңілгем. Содан бері мен үшін азамат ары дейтін қасиет қара жерге қоса көмілген. Арман еткен кезім көп. Бірақ арманым азабыма айналған соң, жол тосып сарыла күтер сәтім жоқ. Орайы жеткенде, қапымды мүлт жібергім келмегені содан, - деп Гүлдарайым қатқыл жауап қайырды.

- Апырай, Гүлдарайым, жұмбақтамай түсіндірші. Не деп кеттің? Түк ұқсам не дерсің? - деп Тынышбай дегбірсізденіп келіншекке тақала түсті.

- Жұмбақтайтын құпиям жоқ, Тынышбай. Осыдан бір жыл бұрын он бесте он бес нөкер қызы бар бұлғақтаған байдың қызы едім. Гүлдарайым дегенде бөрік кигеннің аузының суы құрып, өлең арнамаған ақын мен жырау қалмаған-ды. Сала құлаш бұрымымды бұлаққа да теңеген, тұзаққа да теңеген талай боздақты тыңдағам. Ауылға ошап кеп жатқан небір өнерпаздың домбырасы бебеулеп, қобызы сыйқырлаған, өлеңі ойбойды ұрлап, тынышымды тонаған кездері де болған. Жамбы атып, найза салысып күш сынаған батырлар да, байлығын айтып, сый-сияпатын жасаған байбағландар да ауылымыздың төңірегін ақ топыраққа айналдырып еді-ау. Қаншама сайгүлік сай-жырада қаңтарылып, түн торыған қаншама жігіт сойылға жығылмады. Соның бір де біріне көз қиығын да салмаған Гүлдарайым бике едім. Ойламаған жерден опырылып түстім. Менің еркімді билеген домбыра болды. Домбырашы жігіт болды. Астында мінер жүйрігі де, алдында айдар малы да, артынан ерер атағы да жоқ қарапайым ғана күйші жігіт еді. Он саусақтан күй төккенде бар еркімді құрсаулап, жетелеп алатын. Жетелеп алып, көз жасымды ағыл-тегіл ағызатын. Сонау он саусақ өн бойымды құдіреттей шырмап, екі

ішектен менің бар-бар қызығымды, бар-бар мұңымды, бар-бар арманымды саумалай тартып, шұрқыратып шығаратындай сезілуші еді-ау. Ол барда бірде күліп, бірде өз-өзімнен еңіреп, қарап отырып жүз құбылатынмын. Нөкер қыздар жайына қалып, бұрынғы сән-салтанатты азайттым. Кеудемді дүбірлеткен күй ырғағы құлағымнан бір үзілмей, ақыры жаңағы сен айтқан ант пен сертті күйшіге бергізді. Атағына қызыққам жоқ, байлығына еліккем жоқ. Өнеріне сүйіндім. Одан ыстық батыр да, бағлан да көзіме көрінбейтін.

Не керек! Күйшімен арамыздағы тосын сыр алдымен ауылға жайылды. Аралап алысқа кетті. Ақыры жігіттен айрылдым. Шыңырау құдықтан өлігін тауып, әлдекімдер елсізге елеусіз жерлей салыпты. Содан жүрегімнің қылы үзілді, жанымның тиегі сынды. Бекболаттың тұғырына мұңлық құс боп қондым. Кейін білсем, күйшіні өлтірткен болашақ күйеуім екен. Азамат ары дедің. Азамат ары әркімге алалап тиюші ме еді? Кейбіреудің қан арқалап иемденген арын сонау өнерпаз жігіттің бір ғана шынашағына теңгерер ме едім. Тынышбай, мен сенен сені іздеп келгем жоқ, ант алысып, қан құйысқан сонау алғашқы арманымның сұлбасын іздеп келдім. Сенің домбыраңнан сол жігіттің үнін естігендей болғам. Енді міне, әйтеуір, ішке сыймаған бір құсалы шерден арылдым, - деп тоқтаған Гүлдарайым алақанымен бұлақтан су іліп алды. Тамшылатып қайта төкті. - Су екеш су да тоқтамайды. Сені іздеуімнің тағы бір сыры бар. Әкең Жомарт батырдың Арғанаты тауынан Қаратау өңіріне неге көшкенін білесің бе?

- Еміс-еміс бірдеме естігем. Бірақ онша түптеген жоқ едім.

- Ендеше, Арғанаты тауындағы бір жайлауға талассып Арғынның батыры Ақмырзаны өлтірген соң, әкең Жомарт батыр жөңкіле көшкен. Содан араға менің би қайынатам түсіп, қанға қан дейтін кек тұтатпай, ымырамен бітістірген. Арғынның Найманнан ала алмай жүрген кегі бар. Қанына қарайған сол Арғынның әйелін тағы бір Найман жігіті баурына басса, сонау жазықсыз өлген күйшінің есесі қайтатындай сезілді де тұрды. Ол да болса он саусақ тұтқындаған ішкі

ынтызарымның қайта лықсыған әлсіз бір лебінен шығар. Енді мүлде тоқтадым. Ішім де босады. Мен қазір дәл мына қараңғы түндей суып барам. Сау бол, Тынышбай. Тірі жүрсек кездесерміз. Аман-есен жүр! - деп Гүлдарайым атқа қонды. Қалай тосын келсе, солай шұғыл аттанды.

Тынышбай алыстап бара жатқан тұяқ дүбірін өз жүрек дүрсілімен аулап біраз уақ тұрып қалды. Гүлдарайым сөзінен кейін кеудесінде кешігіп тасыған тау өзеніндей буырқанған алай-түлей сезім оянды. Мына Гүлдарайым алғашқы үнсіз, тілсіз, тек ыстық құшақпен табысқан Гүлдарайымнан он есе, жүз есе артық та, ыстық та тәрізді. Ақ түсін күн шалған, аш белін жеңсізі аймалаған, ақ маңдайын сәукелесі айқындаған сұлу Гүлдарайым емес, асылзат, қайсар, қымбат Гүлдарайым; асқақ, азамат Гүлдарайым кеудеден түсініксіз толқын аунатқызып, шиыршық атқызады. Өң мен түстің арасында оралған саналы келіншектің салмақты әңгімесі тұлабойын қыз-қыз дуылдатып, лапылдаған жалынмен шарпиды.

“Өнерлі жігітті сүйдім” деп еді, өрекпіген жүрегі шын жақсыны айнымай тапқан-ау! Адалдықпен өмірбақи бір-біріне сенісіп кеткен жандар қатты азапқа қандай күйгіш! Сол от жалын күйінен жақындап келді де, маған да от тастады. Өшпестей етіп, өз күйімнен, өз домбырамның шанағынан тамызық салып отырардай етіп дуалап тастады-ау! Жаңа күй, тосын сыр шертер ме екем? Гүлдарайым жүрегінен ескен леп пен демді берер ме екен? Бере алар ма екен сол күй? Көкірегінде бұлқынған тылсым сырын өзі айта алмай, ақтара алмай, мен арқылы домбыраның қос ішегіне табыстады-ау Гүлдарайым! Азамат атын, қыз намысын күңірене жоқта деді-ау. Соны емексіттің-ау, Гүлдарайым! Қайран Гүлдарайым! Ұмытпастай сыр арқалатып жіберген, ақ бұлақ, сен де дейсің! Қараңғы құшағың талай-талай жұмбақ бүккен, қара түн, сен не айтасың! Мәңгілік ғұмырға жоғалмай жетер із тастай алармын ба? Тылсым дүние ортасынан әлсіз шырақ боп тұтанған қыз жүрегін келешек күндерге сәуле ғып жеткізе алармын ба? Сау бол, Гүлдарайым! Ұмытпа, Гүлдарайым! Ұмытпаспын сені!..”

ШАТҚАЛАҢ

1

Арғымаққа оқ тиді
Қыл майқанның түбінен.

Доспамбет жырау

Бұлт керуені асығыс. Аумағымен қопарыла түйдек-түйдек жөңкіліп, бірін-бірі кимелей өңмеңдейді. Балқытқан қорғасындай сырғыған қарасұр кейбіреулері тым төмендеп кетіпті, бауырымен жер сызардай, ызбарлана жылжиды. Қарқыны баяу болғанымен ішке бүккен қаһары мығым. Еңсені басардай молайып, көк аспанды бірте-бірте кеміріп таусып, тұтасып барады.

Күздің қысқа күнін бұлт басқан соң қалайыға малғандай сұрғылт төңірек әп-сәтте қара кеугім тартып, көп кешікпей көз байланды.

Ақшағылдың кең тақырынан жылжи көшіп, Керегетастың қолатына келіп қонған шағын ауылдың қазіргі көрінісі тым жүдеу. Жаздай ен жайлаудың бір пұшпағына еркін жайылған азын-аулақ төл үй-үйдің ығын паналап бүрісіп, бүрсеңдеп қалыпты. Оты шайылған сарыкідір қыраңның иінінде бірен-саран жылқы қараңдайды. Түтін көтерген түңлік те көп емес. Шабан әйелдің шүйкесіндей әр жерден бір жіңішкеріп шыққан түтіннің бастары қосылмай, ызғырық жел өтіне түсіп алып, тез сейіліп кетіп жатыр.

Ортадағы боз үйдің басқалардан еңсесі биік болғанымен, салтанаты артық емес. Үзік-туырлығының жамау түскен тұстары: “Адырам қал-ау! Шекірейіп қайда барасың. Иығыңа жармасқан маңайындағы мына құрым үйлерді бақсаңшы. Елден ерек оқшауланар сиқың барма еді!” дейтіндей анадайдай көзге ұрады.

Сегіз қанат үйдің іші де көңілсіз. Ортада маздап жанған ақ жапаның қызуы анау төрде мүлгіп жатқан

Сұртайдың суық жүзін жылыта қоймапты. Кебу тезек бықсымай жанады. Баяу жалынның әредік сумаңдаған қызыл тілі мосыға асылған қара шойынның қап-қара түбін бір жалап, бір шалқып, қайта жанаса жалап, үй ішіне жас еттің хош иісін аңқытты. От басында отырған ақсұр келіншектің де іреңі бәсең. Шым-шуырымен отты қағыстырып, тезек қалап отырып, ауық-ауық күрсініп қояды. Шажамайына шытыра салған, жуа-жуа өңін алдырған кимешегінің де түсі оңып кетіпті.

Сұртайдың төрдің алдында аюдай сұлап саржамбас боп жатқанына да бес-алты айдың жүзі өтті. Алпам-садай дененің бұ күнде саудырап құр сүйегі қалған. Қаңбақтай. Жел қуып, құйын үйірген құла түз, қу медиеннің түпсіз құрдым шыңырауына шым батып кеткендей қазіргі ескерусіз күйінің қаңбақ халіндей екенін батырдың өзі де сезінеді.

Келіншек асты түсірді. Ыс шалған, ернеуі кетілген ағаш табақты батырдың алдына орамал жайып, қоя берді.

- Қолыңызды шайыңыз...

- Атау керемді жейін бе? - деп Сұртай запыс көңілдің қыжылын төге беріп, әйелінің жүдеген жүзіне көзі түсіп кетіп еді. Жазықсыз жаутаң қарасымен кінәлі жандай тұқыра қалған кейпін көріп, аяп кетті. - Жейін. Мына қорлық кебім бір сәтке болса да созыла түссін. “Көрсін, білсін. Білсін де көнсін!” деген жазмышым бар екен. О жаққа барғанда да көретін дозағым бұдан артық болмас. Көрейін де көне берейін.

Батырдың көптен бері айтпай, іштей тынып, булығып келген ащы өкініші еріксіз ақтарылды. Келіншек соны ұғынды да, бетін бұра беріп, еңіреп жіберді. Дыбысын шығармай саусағын тістей қыстығып екі иығын селкілдете егілді.

- ...Күнтай!..

- Бірдеме де-ей-йсіз бе, батыр? - әйел солығын баса алмай булыға тіл қатты.

- Жоламанды шақыршы.

- Қазір...

Келіншек тысқа шығып кетіп, сәлден кейін есіктен үш-төрт жасар ер баланы қолынан жетектей енді.

Табалдырықтан аттай бере іркіліңкіреп қалған баланы алдына қарай шығарып, желкесінен демеп, ілгері ұмсындырды.

- Бар. Бара ғой көкеңе.

Жоламан кібіртіктей басып кеп әкесінің алдына тізерледі. Ойын баласы “қай жерімнен кінәлі болып қалдым” дегендей шешесіне бірер жаутаңдай қарап қойып, айбарлы ауру ата алдында жылап жіберуге шақ тұр. Сауыс-сауыс көйлек-дамбал алқам-салқамданып, одан сайын сүмірейте түседі.

Сұртай ұлын оң қолымен қаусыра құшып, маңдайынан ұзақ иіскеді. Сезімтал бала осы қимылдан ата мейірімін сезді ме, кішкене қолдарымен бұ да жабыса құшақтап, батырдың төсіне басын төсей берді.

- Көке, көкетай! Жазыласың ғой. Тұрасың ғой сен, көке... Анау Тұрсыннан құлжамды әпересің ғой, - деп әкенің ширақ қимылынан көңілі өсіп, марқайып тұрып, өз өксігінің бір түйінін бұ да айтып қалды. Осы ауылдың бишікеш шалының Тұрсын деген сотқарлау ұлынан көрген зәбірі еді ол.

Батырдың тұлабойын шер қысып, қатты түтігіп, түнеріп кетті. Сезгені: өзін асқар таудай пана тұтқан ұлының алдында денесін меңдеген дертінен де ауыр жегісі бар екен. Шипасы, уытын қайтарар ем-домы жоқ айласыз мүшкіл халі екен ол. Көзі жұмылып, көңілі сөнгенде артында қалар жесір қатын, жетім ұлға қол ұшын берер дейтін ағайын-туманың түрі анау; жатырлас, қандас туыс болмаған соң, қайрылып келіп, қарайласын ба. Әлден-ақ сырт беріп, өзді-өзі сыбырласып, садақалап шығарып салып отырған жоқ па бұны.

- Бар. Ойнай ғой, құлыным. Жазылдым. Әлі-ақ тұрып кетемін. Тұрсын тұрмақ одан зорғысы да маңайыңнан жүрмейді, - деп Жоламан ұлды тұрғызып жіберді.

Баласы шығып кетісімен, теріс айналып шидемін бүркеніп алды. Суып қалған асты ши ішіне апарып қойып, Күнтай батырдың аяқ жағында үйме-жүйме болып бүрісіп отырып қалды.

* * *

Ол кезде Сұртай дыңдай еді. Қасына үйірілген сайдың тасындай жігіттері де мол болатын. Көмейлеп озан-ұран тастаса, өктемдеп оза шауып алдын орағытар шетінен қылқан қырыққдндай ұрыпбермелер.

Өткен күз батырға өзгеше жүк арта жеткен-ді. Тара қаласынан үш күнде жететін Тобыл өзенінің бойындағы атақоныс жайлауына орыс селендері босып келіп, орнығып алған еді. Алғаш Сұртай күш көрсетіп, қол жиып біршама айбат атқанымен, линия бойының казак бекінісінен келген сотник Астафьевтың штуцерлы[1] жүздігіне қарсы шаба алмай, амалсыз тайқыған. Содан жайлау-жұртынан айрылып, ішке жылжыған көп ауылға жаңа қоныс бөлінгенде батыр ауылына Ақшағылдың күнгейіндегі Қасқабұлақ өңірі тиген-ді. Тобыл бойындағы көктемгі жайылма судан кейін қаулап өсетін көк шүйгіні мол бұрынғы жайылымдай болмағанымен Қасқабұлақ айналасы атшаптырым құйқалы жер еді. Көрген де, келіскен-ді батыр.

Мамыр айын орталата жер бусана бастасымен, бөктер-бөктерде қызғалдақ құлпырып, сарғалдақ желкілдей өсіп, бой көтерген. Алты ай қыс әр қыстауда жадау-жүдеу күн кешіп, бірін-бірі сағынысқан ағайын-жұрт асығыс көпшіп, жайлауға қарай жөңкіліп берген-ді.

Сұртай батыр да аулының көшін бастап, Қасқабұлаққа бет алған. Көктемнің көңіл көншітер кербез көркін қызықтап, жүйрік бозын жорғалатып, көңілі соққанда көмейден ыңылдайтын әніне басып Қасқабұлақтың қайқаңына шыға берді. Шыға берді де, басынан біреу салып жібергендей үні өшті. Жүзі суып, шарасы кең жайнаң көзде суық от ойнап шыға келді. Мұрты тікірейіп, ентіге тыныстады.

Үйіріле тоқтаған топта үн жоқ. Анау етекке, Қасқабұлақтың құйқалы сауырындағы көгалға қонып жатқан бай ауылды, бар ауылды олар да бағып қалыпты. Қомына кілем-кілше жапқан түйелі көші - кішігірім бір керуен. Алды тоқтап, жүгін түсіріп, керегесін жайып жатса, соңы әлі де болса көз ұшында қыбырлап, енді-енді таянып келеді.

[1] Мылтық.

- Кім екен?

- Жол мен жөнді ұмытып, төпелеп жетіпті ғой!

- Барлық сенің жолыңды сұрап қайтсін. Байлық сенің жөніңді жөндеп қайтсін.

- Иә, қысастық қарысып келетін, жарысып жеңетін!

- Жеңгені сол, әне, желкеңе желкелеп мініпті!

- Әй, сен, желіктірме! Жөн сұрасайық...

- Жөн сұрасайық... Білмей келді деп пе едің! Біліп кеп, бүлік боп келіп отырғаны бұл!

- Бара көрейік дедім ғой, - деп кемиек шал атын тебініп, оза берді.

Төбедегілердің екпіндеп қатты келе жатқанын көріп, етектегі ауылдан бір топ адам қарсы беттеді. Аттарын онша алқындырмай, баяу аяндап таяна берді. Ортадағы - Тұрсын сұлтанның қайын атасы Тілеуқабақ бай екен. Көшелі жуанаяқ күрең айғырды тізгінін шірене тартып тоқтатты.

- Ау, жай жүрсіңдер ме?

- Ассалаумағалайкүм! - деп әлгі кемиек шал ат үстінен ербең етіп сәлем берген нышан танытты. Мына суық ажарлы бай сұсынан қаймығып қалған ауылдасын көз қиығымен осып түскен Сұртай боз жорғасын ілгері сұғынтты.

- Жай жүретіндей еріккен ешкім жоқ. Елімізді алып, жерімізге көшіп келеміз.

- Оу, көшкені қалай? Бұл жақта қоныстарың бар ма еді? - Тілеуқабақ іргесін әріден салып, “түк білмедімге” құрық созды.

- Тілеке, сіз білмейтін нәрсе жер үсті тұрмақ, жеті қабат жер астында да жоқ деуші еді. “Ал!” дегенде сақұлақ, “бер!” дегенде салпаңқұлақ бола қапсыз. Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар. Үнемі талай бермей, әділетке орай беріңіз, - деп Сұртай ашына сөйледі. Қайнар ашумен байды бір емес бірнеше рет көктөбетке теңеп алғанын да ескермесе керек. Тілеуқабақтың түгі түгел сыртына шығып, түтігіп кетті.

- Тәйт! Жөніңе бақ! Иық тіресетін кім едің?!

- Иық көрсеткен біз емес, сізсіз, байеке. Иін тіресіп елбесіп-селбесіп жүрген ағайыныңды өртесеңіз, өзіңіз біліңіз. Бірақ жер біздікі!

- Қай атаңнан, қай әкеңнен қалып еді, ә! Бірінің обасын, бірінің моласын көрсет! Көрсет те, көзіме шұқы! Қарсы дау айтсам, қарабет болайын. Әйтпесе, килікпе! Қайтар анау көшіңді! - деп қайқанда иіріліп тұрған көшті нұсқап қолын қылыштай сермеді.

- Күші жеткен күйсізді күңірентіп өтсін, әлсіз бен малсызды күйдіріп өтсін деген әділет жоқ шығар, Тілеке. Бұл жерді былтыр бізге меншіктетіп бөліп берген. Бір жылағанды мың жылатпаңыз, - деп ымыраға шақырды.

- Зорлықшылға қырлы болсаң, анау жеріңді тартып алған қара шекпен орысқа неге көрсетпейсің ең алдымен соныңды. Әлде таландым, тоналдым деп өксіп келіп өзгеге өңмеңдесем, алдымнан тайқып шыға берер дейсің бе, - деп Тілеуқабақ шірене түсті.

- Жылда қонсаңыз бұрын қайда қалып едіңіз. Қасқабұлақтан кетпейміз, - деп Сұртай да қасарыса қалды.

Қасқабұлақ - Тілеуқабақтың ертеде көшіп-қонып кететін жайлауы болатын. Соңғы жылдары жапсарлас қоныстанған орыс-қазақ арасындағы тоқайласудың көбеюінен запыланған бай екі жағынан да бірдей қауіптеніп, шекараға таяу бұл қонысына жоламай кеткен. Өткен күз хан бұйрығымен Қасқабұлақты Сұртай аулына берді дегенді естіп, көп бүлінсе де, іштей бір амалды мықтап түйген. Жамбасына бір басып алса, құл-құтан мүлде иемденіп кетер деген қауіппен бай қар суымен үдере көшіп, осы бүгін Сұртай көшінің алдын алып қойған еді.

- Жылда келмесем, жайлауым мол, шөбім шүйгін-ді. Биыл келсем, шүйгінім тықырланыпты. Жайлауым тақырланыпты. Ау, ағайын, қарап жүрмей харакеттеп жүретінің-ақ жаман. Зорлықшыл осы мен емес, Сұртай шырағым, тап өзің емеспісің, - деп әжуалай мырс етті.

- Тілеке, енді нетіп, мына көш нетіп... келіп қапты. Біз қайтеміз? Әлде нетіп, көш десеңіз көшейік... Нетіп, сіздің келетініңізді білмей... - деп кемиек шал ылдилай сөйлеп, жүні жығыла күмілжіді. Бір көзі Тілеуқабақты бақса, екінші көзімен Сұртайды аңдып, ымдап, жөтеліп белгі берген боп “үндеме” дегендей әлек.

- Есе бермесеңіз, ел келесіне салармыз. Сіз барған ордаға біздің де аяғымыз бір жетер. Көкте құдай, жерде

хан бары рас болса, береке тілеген пендесінің көз жасына қарар, - деп Сұртай ат басын бұра берді.

- Өй, ант атқан! Өй мұндар неме, нетіп қайтеді. Тілеке, нетіп көңіліңізге алмаңыз, - деп кемиек шал бәйек боп жатыр.

Манадан ызғар атып күдірейіп тұрған Тілеуқабақ хан Тәукенің атын естісімен күрт түсті. Күн ұзын іштей Тұрсын сұлтанға арқа сүйеп нығызданғанымен, ертең хан құлағына мына әрекеті сыбыс боп тисе, оңбай-тынын біледі. Осы Қасқабұлақты сонау Түркістаннан хан елшісі келіп, бөліп беріп кеткен-ді. Кілт өзгеріп, бұлаң құйрық мәймөңкеге көшті.

- Бәке, жігітің қызбалау екен. Құдайға шүкір, бір атаның баласымыз. Көңіл жарасқан жерде көзге түртуім болған емес. Биылша келіп қалдық. Мал екеш мал үйренген жайлау еді. Сіздерді де құр тастамайын. Ақшағылдың теріскей ылдиына қоныстаныңыздар, - деп күреңін тебініп қалып, ілгері лықсытты.

2

Федосий Махов Тобылдың жарқабағынан төмен үңіле төніп тұрған. Арт жағынан дабырлаған көп дауысты естіді де, жайлап бұрылды. Деревня стар-шинасын қоршап бес-алты адам жақындап келеді екен. Киген киім, жүріс-тұрысы әдеттегіден өзгешелеу көрінді.

Федосий әлгілерге таянды.

Старшина жігітпен келгендерді таныстырды.

- Федосий, қонақтарды қабылда. Көршіміз екен - қазақ шаруалары. Біздерден егін егу жайын үйренуге келіпті.

Махов күлімсірей түсіп бас изеп еді, келгендердің ішіндегі еңгезердей адам қос қолын бірдей ұсынды.

- Аман, тамыр, аман! Менікі Сұртай, - деп оң қолымен төсін нұсқады. - Жақсыны көрмек үшін деген. Әдейі келдік. Ниеті бірдің - тірлігі бір. Жүзің жылы екен. Жігітім, көңілімді түгелдей көлденең тостым. Білгенінді сен үйрет, көмегімді мен аямаймын, - деп сәл бөгелді де, қасында тұрған жас жігітке ым

қақты,- Әй, Расих шырақ, осы сөздерімді дұрыстап жеткізші.

Расих - башқұрт жігіті еді. Үстінде қазақы түйе жүн шекпен, басында төрт сайлы түлкі тымақ. Аяғында байпақты қара саптама. Өзге жігіттерден айырмасы шамалы. Бір тәуірі орысшаға жетік. Сұртайдың сөзін бұлжытпай аударып берді.

Федосий тағы да құлшына бас изеді. Жанары - жасыл жапырақтағы шыққа күн нұры түскендей жылтырады. Қолын қайта ұсынды.

- Дұрыс, Сұртай дос. Алақан әрқашанда алақан тосып ашылсын. Көмегіңе рақмет. Оған зәруміз. Жылы жүздің шуағы көңіл емірентеді. Білегіңді сен қоссаң, жүрегімді мен де аштым. Жүр, біздікінде қонақ бол.

Сұртай шынтағынан ұстаған жас жігітке сүйіне қарағанымен, сәл тартыншақтап та тұр.

Расих түсіндіріп жатыр.

- Шырақ-ау, ақпейіл ниетін ұғып тұрмын ғой. “Көңіл көңілден су ішеді” деген рас екен. Ә дегеннен-ақ жатсынбай жарқын қабағын бергенін көрмеймісің бұл орыстың. Мен үркіп тұрғам жоқ, кілкіп тұрмын. “Қонақ қойдан жуас”, дейді қазақ. Алдыма ас тартқанда, қолды қусырып қалай отырам. Мені тежейтін сол арасы ғой. Қожа-молдамыз қоспайтын тағамынан дәм тата алмай, дастарқанынан аттап кетем бе деп қиналудамын, - дегенде кесек мұрынның қос қапталынан тер саулады.

Сұртайдың неге кібіртіктеп қалғанын Расихтан естігенде Федосий де, жан-жақтан келіп қосылған мұжықтар да құшырлана күлісті.

- Расын айтты-ау!

- Әй, адал да аңқау көңіл-ай!

- Сәбидей пәк жан екен! - деп аласа бойлы жирен шашты мосқал адам үш саусағымен сіңбірініп қалды да, шәркейімен табанының астындағы майда топырақты бұрқылдатып қойды.

Қазақтар да орыстардың не дегеніне түсінбесе де солармен қоса жымиысып, бас изесіп, көзбен күлім қағысты.

Сол түні Сұртай Федосий Маховтың жеркепесінде түнеп шықты.

Ертеңінде егіс даласында күнімен бірге болды.

- Нағыз құнарлы топырақ осындай болар. Өзен тасығанда әкелетін жердің тұнбасында не жоқ!.. Үйрене бер, Сұртай. Астықты, әсіресе алдымен тер суарады. Мұжықтың екі қолы сау болса, өзін-өзі асырай алады. Әттең көлігіміз аз. Өгіз болса ғой. Тіпті жылқы да осалдық етпейді, - деп Федосий көкшолағын айдай түседі.

- Әй, Расих, Пәдеске айтшы. Түсіндіріп айт. Менде өгіз жоқ. Өгіз түгіл Зеңгібабаның тұқымы мүлде жоқ. Оны қазақтар мал демейді. Ал бірен-саран қылқұйрығым бар. Соның бір тоқпақ жалдысын сыйлайды де. Әрине, бар болса, мол болса -бір-ақ қарық қып тастар едім. Қысқа жіп күрмеуге келе ме. Азсынбасын. Кешеден бері өзінің бізге құлаған ықыласына-ақ әбден тойып келем. Құдай-ау, ырзықтың аяқ астында жатқанын білмей, құр күпсініп - айды аптап, күнді күптеп, босқа тыраштанады екенбіз-ау. Сондағы сенгеніміз - анау екі-үш тұғыр мен он шақты тоқты-торым. Оны бағып-қағып та жарытып жатқанымыз шамалы. Қасқыр жер ме, барымташы әкетер ме, аяқты мал бүгін бар да, ертең жоқ. Шын момынға нағыз несібе - егін екен ғой! Көзімді аштыау!

Федосий Расихқа келіспеген раймен басын шайқады. Соны көргенде Сұртайдың түсі өзгеріп кетті.

- Не дейді? Не деп тұр?

- Алмаймын дейді.

- Әу, онысы жөн емес. Шырақ, сен дұрыстап түсіндір. Адам көңілі бір атым насыбайдан да қалады. Мен барлығымнан шашылып жатқам жоқ. Күйі бірдің - күні бір, өзін өзімдей сезіндім. Бұл шіркін де бір қолын екеу қыла алмай, жанын жалдап, титығы құрып жүр екен. Соны көре тұрып, қол үшін неге жалға-маймын. Алмаса - дос та, тамыр да болғысы келмегені. Онда өкпемді сыздатам да, ат басын кері бұрам. Қолқам - қол қаққанды көтермейді!

Расихты тыңдап болып, Махов үнсіз жымиып келіп Сұртайды құшағына қысты. Кешеден бері өзі ұққан, өзі ұнатқан екі сөзді қазақшалап қайта-қайта лықытып жатыр.

- Тамыр, дос! Дос, тамыр, Сұртай!

- Е, бәсе! Осылай жөніңе көшсеңші, Пәдес қарақ! Әйтпесе, енді болмағанда тұяқ астынан бұрқ еткен шаңымды ғана көрсеткелі тұр едім. Өкпемді өзің тарқаттың. Тегің жақсы-ау, азаматым! - деп батыр тұлғасымен түгел исініп, бұл да күшағын қысып-қысып жіберді.

Сұртайлар тұқымдық бір қап, жарты қап астығын аттарына теңдеп екі-үш күнде ауылына қайтты. Ырза болып, жаңа көршілеріне тәнті болып қайтты.

Келген бойда Сұртай ауыл ақсақалдарын жинап алды.

- Не айтары бар, ішкен - мәз, жеген - тоқ деп құр жүре беріппіз. Екі қолды қоярға жер таппай босқа күрмегенше, бұдан былай тірлік қамдайық деймін, ағайын. Өнегелі елдің үлгісін көріп келдік. Ала білгенге, бере білетін тәлімі көп екен. Көз де, көңіл де сүйінді. Бір тапқаным: “Еңбегіңмен өнерсің!” дегенді қанына сіңірген халық екен. Жалғасып жәрдемдесіп, іргелесіп іліктесіп кетелік. Жүзіңді тура бұрсаң, жылуын шашар күн тәрізді шаруа күйттеген жандарды біртүрлі жан тартып қайттым. Әне, тұқымдық бидайын да ақысыз-пұлсыз өңгертіп жіберді. Ағайын, адалын ұсынған адамға ағынан жарылатын қазақы мінезіміз өздеріңе ежелден аян. Шеніңе келгенге беретін ерулігің болмаушы ма еді. Сол сыбағаны сараңдық жасап жұмырықта сығымдап қалмайық. Мен бір ат қостым. Кім не шығарады, қане? - деп айналасына назарын қыдыртты.

- Қарағым Сұртай, осы сен елден ерек бір жосық шығарады да жүреді екенсің. Ау, о заманда, бұ заман жер тырналаған қай атамызды көріп едің? Құдайға шүкір, мал емшегі ақ боп кетпесе, бар қазаққа напақаға жетіп жатыр. Туған жерден түріп қуған орысқа бүгін құлап түсіп, бекер алданбайық. Кеше ғана барып, бүгін аяқ астынан басқа рәсім тауып кеп отырғаның қалай? Ау, сонда жасамаған кәсіпті жасаймыз деп босқа рәсуа болмас па екенбіз? Ал, егін егейік. Соны дұрыстап өсіре алармыз ба? - деп бишікеш кемиек шал қараборандата жөнелді. Кішкене тышқан көздерін шүйілдіре қадап, зымиян күлкімен жауап тосты.

- Әй, Бәке-ай! Баяғы бір жырыңыз таусылмайды-ау сіздің. Бұрын екпесек, бүгін егеміз. Оның несі айып? Оның несі шам? Білмегенді білсек, көрмегенді көрсек, “байып кеттік, болып-толып кеттік” деп өзімізді өзіміз тежегенде қай ұшпаққа шығармыз. Дастарқаныңа бауырсақ түсіп, ақ шелпек алдында жатса, теріс пе еді. Аузы-басының түгі түксиген орысты емес, түсінбегенімізді ұғындырып, жетпегенімізді жөндеп отыратын, өз еркімен, өз ықыласымен көмектесіп отыратын тілеулес тауып келмедік пе. Солардан неге алыстатпақ боласыз? - деп Сұртай шұқшия үңілгенде Бәкен би теріс айналып қыбыжықтай берді.

- Оу, оу, кім қашыртты? О не дегенің, Сұртай. Егін егем десең, мен тоқтатам ба. Маған десең бүкіл Ақшағылды тегіс жыртып таста. Ал, анау әлгі ерулік-серулік дегеніңе қарсымын. “Орыстан досың болса, айбалтаң қолында болсын” деген. Бір ені ішіндегі бұларға сенім жоқ. Басы артық малым жоқ. Айналдырған бір үйір жылқыны қайтіп көбейтем деп үш ұйқымды төрт бөліп жүргенде, жалғыз түгін тілі, діні бөтен кәпірге неге ұстатайын. Сілекейін сүртіп, шуын сыпырып өсірген тай, жабағымды көзімнен бір елі таса қылып көріп пе едім! - деп қопаңдап отырды да, тізесінің үстінде жатқан бөркін милығына баса киіп, орнынан тұрды. Кете беріп, үшкір иегін оң иығының тасасынан бір қылтитты. - Мен бұл ісіңе жоқпын, Сұртай, жоқпын!

Басқалары көп даурықпай келісімге тез келді. Ертеңінде қасына үш-төрт жігітін ертіп, он шақты жылқы айдап, Сұртай деревняға қайта оралды.

Федосий тамырын тағы да екі күн қасында ұстап, өз білетінін ұғындырып бақты.

Анандай жерде деревня старшинасы - бет-аузын ұйысқан жирен сақал-мұрт басқан Дементий Астахов жаңадан ауып келген бір мұжыққа күле сөйлеп тұр еді, Сұртайдың назарын аудара берді.

- Калиныч, сірә, нағыз дихан боларсың. Алақаныңнан танып тұрмын. Қимылда, бауырым. Илья Муромецше бір сілкінші, тұп-тура астық теңізі толқысын!

- Рақмет, Дементий! Ырыс іздеп келгеніміз рас.

Қырсаулық қыр соңымыздан қалмап еді, әй, енді бір түзелерміз. Әне, соның бір айғағы қол ұшын берген қазақ туғандардың көмегі емес пе. Ендеше, мен неге аянайын, - деп Калиныч зипунының қалтасынан аузы бүрмелі кисетін шығарып темекі орай бастады.

Әлгілердің сөзін Расих аударып бергенде Сұртай қатты ырза болды. “Азаматтар екен! Мәрт жігіттер шетінен! Бұлармен достасуға әбден болады!” деп қатты сүйініп қалды.

Кеш түсе бұлар Федосийдің жеркепесіне шаршап оралды. Маховты күрк-күрк жөтел буды.

“Е, байғұс! Суық тиген-ау өкпеңе!”

Жас досына жаны аши қарайды.

Өткен қыстың ауыр зардабын Махов шынында да аз тартқан жоқ. Оның алдында да қаншама зәбір-жапа шеккен еді ол. Осыдан үш жыл бұрын он сегізге толған жап-жас жігіт шағында Воронеж маңындағы посад адамы болып жүріп Федосий зорлық-зомбылықтың неше алуанын бастан кешкен-ді. Алдымен рекуртқа шақырылды. Орыс-швед соғысы қызып жатқан солтүстік майданына өзінің де барғысы келіп жүрген жас жігіт жалғыз шешесі мен Маринушка сүйіктісін қимаса да, шақырған кезде онша күйзелмеген еді, бірақ комиссияда рекурттікке жарамай қалды.

Шешесінің қуанышында шек болған жоқ. Маринушка болса, ұнатқан жігітінің соғысқа алынбай, деревняда қалғанына іштей мерейленіп, көңілді күлкісі үзілмей, оңаша кештерде ылғи жымия қарсы алатын болды.

Бірақ Федосий Маринушкасынан аяқ астынан айырылып қалды. Маринушкасынан айырған алпауыты шитісімен атып өлтіріп, кегін қайтарған. Содан кейін тығырыққа қамалған жігіт 1707 жылдың күзінде Дон бойында бұрқ ете қалған Кондратий Булавиннің көтерілісін естіп, посад[1] адамдарына ілесіп, атаманның жасағына келіп қосылған. Князь Долгоруковтың армиясына мықтап соққы берген ерікті дон казагы Булавиннің жасағында Федосий Махов Черкасск қаласын басып алуға қатысқан-ды. Булавиннің

[1] Қала төңірегіндегі қолөнерші.

отряды Царицын мен Воронежға қарай бет алғанда, Маховтың дегбірі қалмап еді. Воронеж түбінде еруде тұрғанда деревнясына барып, анасын көрді. Маринушка бұл кезде күйіктен қаза салған еді. Анасын алып отрядқа қайта оралған Федосий, Булавин жасағы ақыры князь Шереметовтың армиясынан жеңіліс тапқан соң, қолға түсіп, мыңдаған адаммен бірге осы Сібірге жер аударылған. Бұларға Тобыл өзенінің бойына қоныстануға рұқсат етілген болатын. Дәмтұздың жазуы деген осы.

Бұған дейін қазақ деген халықты Федосий көрмек түгіл естімеген де еді.

Араласып кетісімен-ақ, еңбек адамдары бірін-бірі көптен бері білетін, сағынысып қосылған туысқандарға ұқсап кетті.

Махов биік столдың қасындағы үлкен қара сандықтың үстінде малдасын құрып алып, Матрена шешейдің құйып берген ыстық шайын рақаттана сіміріп отырған тамырына біртүрлі елжірей қарады. Содан соң Расихқа бұрылды.

- Айтшы, сұрашы батырдан. Қазақта да помещик, бай бола ма?

Сұрауды түсінгенде Сұртайдың мұрты жыбырлап кетті. Шырақ шамның әлсіз жарығы үлкен көздің қиығында алаулады.

- Е-е, елдің бәрін мен көреді-ау бұл Пәдес. Сұрағаны жөн. Басқа басқасын айтпайын. Қостағы жылқының да маяжон айғыры болады. Тісті, тұяқтысы алдына үйірді көп ұстайды. Ал, әлі келген адам алып та жейді, шалып та жейді. Бай неге болмасын. Аз емес олар. Біздің Тілеуқабақты алайық. Бір өзінде он екі мың жылқы бар. Бірақ соны көпсіне ме ол? Қайда? Шеңгелге сығымдаған сайын, ынсабы кеміп, “қармап қалайын, толғап қалайын!” деп құныға түспей ме. Сондағы малшы, жалшыға жасайтын зорлығы тағы қаншама. Қыс құрығын сүйретіп, қоспен бірге шығаңдап ұры мен бөріден қорғап, жаз асауы мен тағысын үйретіп жанталасатын жылқышы байғұсқа сол Тілеуқабақтар не көрсетпейді. Мал сілекейін ұстатар ма! Несін айтарсың. Әйтеуір, кедейдікі - өлместің күні

ғой, - деп сәтте жүдей түсіп, кейи сөйлеген батырдың сұлу жүзіне көлеңкелі мұң ұялады.

Матрена шешей да, Махов та үнсіз келіскендей бас изесіп, баяу күрсініп қойды.

Федосий Расихқа қарап сөйлеп кетті.

- Жоқшылық - бар жерде де жорғалатады екен, кедейлік - ылғи да қорғалатады екен. Бір көзім жеткені - сол... Аспаннан тілемей, біз жерден еміндік. Еміндік те еңіредік. Көрінгенге көз саттық. Аларымыз бен табарымыз аз болды. Біреуде жер көп, басқаларда шер көп. Жасымыз жаңбырдай төгілді. Қуанышымыз күздің кеш ашылған шуақты бір күніндей ғана. Сейілуінен бұлт қоршауы көп. Сонда қазақ жалшысы да өзімдей, орыс кедейіндей екен-ау. Көп жоқты онда қол ұстасып іздерміз, бірігіп табармыз, Сұртай, - деп алабұртып тоқтады.

Досының әңгімесін Расих аударып бергенде батыр көзі жасаурап, біраз үнсіз отырып қалды.

- Апырай, шынын айтты-ау. Көрген зәбірін жасырмады. Запыраны көп екен іштегі. Жоқтық елің мен халқыңа қарамайтын болған-ау! Шын орыс өзің екенсің. Қалтарысыңды тегіс ақтардың-ау! Ұқтым ғой сырынды. Ұғындым ғой жаныңды. Қайырылып келіп қара табысар тірегіміз де, қайырлап келіп қабысар үміт-тілегіміз де түбінде осы сен тәрізді қара мұжық, қарапайым шаруа болар. Сендер әділет пен ізгілікті әлден-ақ кеудеме сіңіре бастадыңдар ғой, Пәдес тамыр! Дәл осы тәлімің ұлым мен ұрпағымның да еншісіне айналар. Алар да үйренер. Жақсылығыңа, жақсы тірлігіңе қызығып келіп, құнығып келіп бас қояр.

Қайта-қайта бас шұлғыған Матрена шешей дастарқандағы дәмдісін қонағының алдына ысыра түседі. Іштей: “Неткен сезімтал жан! Федосиымның ағасы дерлік. Көңілі таза!,” - деп еміреніп отыр.

Сәлден соң Махов орнынан тұрды.

- Аздап мызғып алайық. Жауын ашылса, ертемен тұқым себуге шығамыз.

Төсекке қисайған Махов тық-тық жөтеліп, қалың ойға шомып кетті.

Жаяу-жалпылап көп күн шұбырған еді бұлар. Арбасы сынып, ат болдырса, бала-шаға сұлай кететін.

Табанға шөңге кірсе, тобықты тас қағып әлекке түсіреді екен. Алыс жолдың арты қатал, алды беймәлім. Шұрайлы жер табар ма, үңірейген көр табар ма? “Жүргенге жөргем ілінерді” басқа елдің тілінен тапты кейін. “Жатқан тастың астынан су ақпасты” бұрыннан білетін. Солар дәтке қуат. Бірақ шұбырған жолдың өне бойындағы жас балаларды бауырына басқан төмпешік -қабірлерді көпке дейін ұмыта алар ма... Жерұйық! Қайда арман шыңы - жерұйық? Ақыры мол сулы өзенге жетіп маңдай тіреген. Жерұйығы осы болғай да.

Келе сала анаусы шым ойып, баспана қалқайтып, мынаусы жертөле қазып, күші жететіндері маңайдағы тоғайдан ағаш қиып әкеліп бес қабырғалы үй тұрғызып, көп ұзамай-ақ Тобыл жағасын жандандырып жіберіп еді.

Көп арасында нешетүрлі адам кездеседі. Федосийге көбіне-көп Феминий ұнамайды. Ылғи бір тезірек басып қалайын, молырақ алып қалайын дейтін жыртқыш ниеті барлық қимыл-қаракетінен жасырынбай ашық, айқын көрінетіндіктен, жұрттың көбі одан сырғақтап, сырттап жүретін боп алды.

Феминий үш-ақ бас. Момын әйелі, көрікті қызы бар. Басқалардай емес, деревня старостасынан қоярда қоймай қыңқылдап жүріп екі үлес жер бөлгізіп алған. Құдайдың қу жазығын аясын ба, староста: “Биылша бір үлесті игерсең де жетеді, Феминий! Күш-көлігің аз, әйелің мен баланды көтерем етерсің” дегеніне де көнбеген.

Феминийдің бойжеткен қызы ұзақты күн егістіктен шықпайды. Басына салған орамалын көзіне түсіре байлап, толық ақ балтырын күнге күйдіре, желге қақтыра елең-алаңнан қызыл іңірге дейін соқаға жегілген атты тәлтіректеп жетектейді де жүреді.

Федосий осы Груняны алғаш көргенде есі шыға толқыған. Өйткені, мынау Груня өзінің сүйікті Маринушкасының сыңарындай еді. “Апырай, адамға адамның айнымай ұқсай беретіні бар екен-ау. Мынау қыз сондағы алтын бұрымды, үлкен көкшіл көзді, күлгенде маржандай тізілетін аппақ тістері түгел көрінетін Маринаның өзі ғой. Сол ғой! Жұқалаң қызыл ерніне болар болмас күлкі енгізіп, мойнын сәл бұра

қиғаш қарағанда отты жанарында ду ете қалатын ұшқын тұлабойымды қыздырып жібермеуші ме еді. Тіпті сол қимылына дейін дәлме-дәл қайталайды-ау! Сонда бұл не тылсым? Маринушкам, сүйікті Маринам мені жалғызсыратпайын деп мына Груня тұлғасында өмірге қайта оралып, қайта жаңғырып туғаны ма? Мен соны күтетін тәріздімін ғой. Мынау Груняны емес, Груняның бейнесіндегі сонау арманда кеткен Мариннаны ұнатам ба? Әйтеуір бұл қызды ұнатарым анық. Анық-ау". Осы тілек ынтықтырып шырмап алғаны сондай, Федосийді күн сайын ұзақ дөңбекшітеді.

Федосийде мал дегенде жалғыз көкшолақ бар. Ол өзі көкшолағын жанына балайды. Өйткені сонау атаман Булавинның жасағында жүрген кезінде осы көкшолақтың арқасында Федосий бір өлімнен аман қалған-ды. Бірақ оны әлі тірі жанға тіс жарып айтқан емес. Айтпайын демейді. Айтуға ұялады. Ол жай былай болған: Царицынға шабуыл жасаған кезде алдымен Булавинның кавелериясы қалаға дүркіретіп ат қойған. Сол топта Махов та бар еді. Қикулай лепіріп жүйткіп келе жатқанда көкшолақ әлдебір інге аяғын сұғып алып, сүрініп қалғанда, Федосий ерден ұшып кеткен. Атын ұстап мініп, бұл кейінгі топпен жеткенше, ұзап кеткен алдыңғы лекті Шереметов отряды жусата қырып салған-ды.

Содан бері жансерік атымен шығарда жаны бір.

Федосий бірде көкшолағын суарып, отқа қоя бермекші боп, Тобылға жайдақ мініп кетті. Өзеннің жағасындағы қамысына жол түсіп, жапырылып қалыпты. Содан қиялап түсіп кеп, ауыздығын алып, атын суға жалдатты. Бір кез оң жақтан қамыс арасын әлдене сылдыр еткізді. Федосий жалт бұрылды.

- Кімсің?

Қамыстан Груня шықты.

- Мен ғой.

- Неғып тығылып жүрсің?

- Тығылғам жоқ. Шелегім домалап кетіп еді, әрең тауып алғаным.

- Груня, түнде шығасың ба?

- Білмеймін.

- Шықсайшы, Груняша. Анау балканың қасында күтем, - деп Федосий жалынды.

Груня күлімсіреді. Басын сәл иіп, келісім берді. Ақ балтыры күннің сәулесінде топ-толық боп ұзап барады.

Груняшамен күніне он кездессе де көпсінбес еді...

Федосийдің жертөлесі деревняның шет жағында. Желдің өтінен, жаңбыр суылынан қалқа жоқ. Түнімен төпеген жаңбырға қосылып өкпесі қысылған Махов тық-тық жөтеліп шықты. Шешесінде де, Сұртайда да ес қалмады. Қап түбіндегі бір уыс ұнын ыстық суға салып быламық пісіріп әкеліп, ұлының аузына тосып байғұс ана бәйек боп жүр. Түнімен денесі бір ысып, бір күйіп сандырақтап шыққан жігіт таң біліне жадырап ұйықтап кетіп еді, шешесінің сырттан дауыстай жылап енген үнінен шошып оянды.

- Қайырымды жандарым-ау! Енді не істедік?! Шауып кетті!

- Не болды? Сабыр етші, мама! - деп Федосий тез-тез киіне бастады.

Ақ шашы жалбыраған Матрена апай иконаның алдына тізерлей отырып алып, шоқынып жатыр.

- Не жаздық? Айтшы сен, Мария - құдай анасы. Қайыр сұрап кеткеннен басқа неміз қалды!.. Өлімімді қалайсың ба?.. Ұрлады... Тып-типыл қылып кетті!

Атымыз жоқ! Жоқ, енді атымыз... Көкшолағымыз!..

Матрена солқылдап, егіліп ұзақ жылады.

Федосий мен Сұртай сыртқа шықты. Күн ашылыпты.

Көктем күні жаймашуақ. Сонау қарабарқынданып қыртысы қақ айырылған егістіктен созалаңдап бу ұшады. Күндегісінен гөрі ылайланып аққан Тобылдың да түсі өзгеше, қоймалжың сарғыш тартқан. Даладағы абыржу, у-шу орасан екен. Топ-толық балтырлары жалтырап әйелдер безек қағып жүр. Үлкендердің жүздеріндегі қобалжу мен кіжінуді көрген ұсақ балалар әлденеге корқып, шешелерінің етегіне оралып үнсіз жылайды.

Мұжықтардың ортасында шашы дудырап Дементий Астахов әлдене айтып тұр. Федосий қастарына таянды.

- Мұжықтар, атсыз, көліксіз күніміз қараң. Онсыз

тісті тіске басып пеш үстінде бұралып жатып өлім тосудан басқа шара жоқ. Қандай ақыл қосасыңдар?

Шаруалар шуылдасып кетті.

- Ұрыларды ұстау керек!

- Басурмандарға бекер сенеміз!.. Бекер.

- Қу даладан ұйытқыған құйынды таба қоярсың?

- Киргиздарды шетінен қыру қажет!

- Енді не істейміз?

- Қап, жердің дымқылы ұшып кететін болды-ау!

Амалдары таусылғандай бірінің сөзін бір тоспай құр даурығысып жатқан мұжықтарды ащы дауыс оқыс тоқтатты.

Саңқ еткен Сұртай еді. Қолын көтеріп, көздерін шатынатып алыпты.

- Әй, Расих, айтшы мұжықтарға, босқа қажымасын. Ұрыны да, ұрының сойын да мен білем. Бұл басқадан емес дәл Тілеуқабақтан келген зұлымдық. Ежелден кегім кетіп жүр еді, енді бір аямай қамшы сілтейтін кез туыпты. Барам да айқасам. Малына мал, тұяғына тұяқ әкелем. Сөйтіп басам мұң-шерін бұлардың. Сөйтіп табам тоналған ар-ұятымды. Қап! Менің де бестімді қолды қылғаны-ай! Жарайды. Сұртай жаяу жүріп те намыс жырта алады. Әй, менің жігіттерім, кәне еріңдер соңымнан! - дегенде бұларға деревнядан біраз адам және ілесті.

Сұртай Маховпен қатарласа алда келеді.

- Бекер шықтыңдар, Пәдес дос. Өз тентегімізді өзіміз тыйып беретін едік. Анау жылқышы байғұстар сендерді қайдан білсін. Жұмсаған соң бас шұлғып үйреніп қалған сорлылар Тілеуқабаққа қарсы келе алсын ба. Оның үстіне жерінен айырған қарашекпендерге олар әлі ызалы. Саспа, әлі солардың бәрі мен сияқты сендермен достасып кетеді. Өйткені, ойбай-ау, тірлік-қаракеттеріңді үйреніп алса, егін егіп, өз күнін өзі көретін халге жетсе, Тілеуқабақтарға пысқырып қарар ма. Түу! Қап! Түсінбейді екенсің-ау! Әй, үйренермін тіліңді, Пәдес дос. Әйтпесе бір-бірімізге сыр ашу үшін қашанғы Расихке жүгіре берерміз. Пәдес! - деп досының арқасынан қағып қойып, саптамасының қонышынан шақшасын суырды. Тығынын ашып, көршісіне ұсынды. Анау бас шайқады.

- Жарайды. Атпағаның да дұрыс. Бұл шіркінге үйір болмай-ақ қой. Үйрендің-ақ бәлеге қалғаның. Таусылды дегенше, тамағың қаңсып, көзің кіртиіп, тілің аузыңа симай мәңгіріп біткенің. Бүгін құдай жолды берсе... Әй, берер-ақ. Соншама жұрттың көз жасын көрмес пе. Сендер бекер ілестіңдер-ау. Тілеуқабаққа жауапты өзім-ақ берер едім. Жарайды. Бара көрерміз.

...Жаяу шұбаған топ Ақшағылға жеткенде күн ұясына батқан еді. Осы арада тынығып, тамақтанып алмақшы болған Сұртайлар қисая кетісті. Федосий Махов шеткерірек тақыр тасқа шекпенін төсеп етпеттей жатты. Қозғалар емес. Қалың ойға шомды.

Ол сәтте де қара мылтықтың құндағы мына қара тастай төс сүйегіне қатты батқан. Суық ажалдың жалғыз жанарындай сұсты ұңғы жаңа үйленген екеудің оң жағындағы қаба сақал қара смокинг киген алпауытқа қадалған-ды. Қаба сақалда қатер жоқ. Қасындағы алтын бұрымды әсем қызға әлдене айтып күлімсірейді. Көзі кіреукеленіп, бәсеңсіп томсарған жүзден қуаныш реңін таба алмай тыраштанып келе жатса керек. Маринушка болса қос қапталдан қоршаған қалың жұрттың арасынан әлдекімді іздейтіндей жиі жапақтайды.

Федосий шардақтың саңлауынан бәрін көріп жатқан. “Маринушка, сүйіктім! Жазғырма! Қолдан келгені осы болды”. Сұқ саусақ шүріппені басып қалды. Түтін сәл сейілгенде алпауыттың теңселе беріп, шалқалап құлағанын көрген Федосий шардақтан секіріп түсіп, үйіне кірген.

Ұлының түсінен қорыққан Матрена апай жаманшылық сезген жүрегімен тіл қатпастан қара мылтықты ұлының қолынан ала беріп еді. Федосий әлденеге торығып қалды. Аузы құрғап, денесінде әлсіз діріл жүгірді. “Құлыным, енді қайтып қолыңнан қару көрмейін. Адам деген қандала емес. Қаны тартады. Анаңды ойласаң, бәрін ұмыт. Маринаны да ұмыт! Әлі-ақ жасауы көп бай қалындық тауып әперемін” деген-ді анасы.

Пендешіліктің дәмін көп татқан жігіт әуре-сарсаң ой құшағында мызғып кетіпті. Әлдекім иығынан түртіп

оятты. Сұртай екен. Апақ-сапақ шақтағы кешкі күрең жолақтар көз қиығында ойнап тұр.

- Әне, қаптатып келеді! Тілеуқабақ байдың қосы! Жылқыларды әкеткен де солар.

Арасында тай, құлыны мол бір қос жылқы Ақшағылдың теріскейіне таман қиыс өрістеп келеді. Бұлар бас бағып күтіп қалды. Томсырайысып, үндеспей, әлденеге іштей бекініп отырған жолдастарының дәл мына сұсты түрлері жігіт жүрегін тітіркентіп жібергендей.

Табын жылқы пысқырып, жүре оттап таянып қалды. Құрық сүйретіп, жайбарақат келе жатқан жылқышылар көп емес. Үш-төртеудей.

Махов пен Астаховтың арасында жатқан Феминий қарауылын көп сығалап кетіп еді, мылтық дауысы күтпеген жерден шаңқ етті. Кешкі тымық ауаны шайқап жіберген қатқыл дыбыс тау-тасты жаңғырықтырып, алыс-алысқа шығандап барады.

Оқыс үннен селк еткен Федосий Махов мылтықтың үні басылғанда ат үстінен опырыла құлаған адамды көргенде, демі шықпай бұлығып, көмейіне әлдене тығылып бүрісе берді. Енді бір сәтте жолбарысша бірақ атылып, Феминийді бас салды.

- Ах, қаныпезер! Қарақшы! - деп салалы саусақтарын алқымға көміп жіберді.

Қапелімде не болғанын аңғармай қалған мұжықтар тез ес жиып, қырылдап бара жатқан Феминийдің үстінен Федосийді көтеріп әкетті.

Қып-қызыл боп қол таңбасы қалған тамағын сипалай түрегелген Феминий Федосийге оқты көзімен ата қарады.

- Саспа, сенімен де, сен қорғаған киргиздермен де әлі-ақ есеп айырысармын!

Жылқышылар жаралы адамды атқа өңгеріп, тайқып шыға берді.

Сұртай айқай салды.

- Әй, тоқтаңдар! Бұл менмін - Сұртаймын! Қорықпаңдар! Сендермен сөзім бар.

- Аузы түкті сары орыспен бірге жау боп тиген сенде біздің сөзіміз жоқ!

Жылқышылар қарайламады.

Басқа бас етіп, отыз шақты атты Сұртай өз жігіттеріне ұстатты да, мұжықтардың алдына салып берді.

- Ал, жолдарың болсын. Істеріңе береке қонсын. Енді біз де аулымызға қайталық.

Қол ұстасып қоштасқан батыр одан әрі артына бұрылып қарамастан ұзай берді. Федосий досының соңынан әлі қарап тұр. “Тірлігі бірдің - тынысы бір!” деп еді. Мынау ісі сол сөзінің алғашқы шындығындай бопты-ау. “Ақылды екен, шын ер екен” деген оймен көпке дейін қозғалған жоқ. Ой көзі, көңіл көзі кеңігендей кең сахараның түнгі ауасын рахаттана сімірді. Мол сіңірді.

* * *

“Аттандап” дүбірлетіп келген жылқышылар Тілеуқабақ аулын шырт ұйқыдан дүркіретіп оятты. Қанына қатты қарайған бай сол бойда маңайдағы ауылдарға хабар жіберіп, кіші сәскенің шамасында қырық жігітті соңына ертіп алды.

Суыт жортып кеш түсе Сұртай батырдың аулына таянды. Жер бұдырын тасаланып қиғаштай тартқан қол ауылдың іргесіндегі төбеге жетіп тоқтады. Осы арада соңындағы жігіттеріне қадау-қадау бұйрық етті де, Тілеуқабақ аттан түсті. Тасаланып барып ауылға көз тікті. Сам жамырай жігіттерін өргізді. Жаңа туған айдың қиығын ту желкеге қондырып алып, қиқулата ұрандап, бейқам қаракеттегі апақ-сапақ қарбаласта жүрген ауылға ағындатып төгіліп-төгіліп кетті. Тұтқиылдан сау етіп құйылған екпінді қол ес жиғызбады. Араласа беріп, жолындағыны қайың сойыл, шоқпарларын шырқ көбелек айналдырып, ат омырауымен соғып, ұйпап кетті.

Бұл екі ортада ес жиып, құрал-саймандарын жасанып үлгерген Сұртайлар да сай тұр еді. Ойқастап ұмтылған он шақты жаяуды теңіз тасқынындай қайта лықсыған адуын қол тоз-тоз қылып жіберді. Қара сойылын көлденең ұстап екіленіп жүрген Сұртайдың қаруы керемет. Денесіне сойыл дарытпай, қарсы

кездескеңдерді шыдатпай арпалысып жүр еді, бір кезде қатар сермеген екі-үш шоқпар батырды көміп кетті.

3

Көбік қар жапалақтай жауғанымен, жер бетін тегіс ағарта алмай тұр. Ақ көбелектердей қонуы көп те, еруі және жылдам. Қарала тоқымдай ойдым-ойдым қарауытқан қыр-қыраттар кешкі алакеуімге бірте-бірте сүңгіп, сіңіп барады.

Терезе алдында Зылиқаның үнсіз тұрғанына да көп болды. Алғаш қар жауғанда биік ағаш төсектен көтеріліп келіп, қарап еді. Әлі тұр. Дәл қазір жүзі қуаң, қаны қашып, жүдеу тартқан. Үстіндегі ақ шәйі көйлектің сыртынан сыпырылып түсердей бір жеңі мен алдыңғы етегі салбырап кеткен камзолын да көтермейді. Қимылсыз, қыбырсыз мелшиіп алыпты.

Бірнеше күннен бері әлденені дегбірсіз күткендей еді. Сол тосқаны - мына алғашқы қар екен. Ақша қар екен. Енді соны көргенде Зылихада тыншыған көңіл болмады. Қар жауды, қыс келді, бірақ жұбаныш та, уаныш та әкелген жоқ. Үміт тірегі одан сайын сықырлап, жарыла шатынағандай сезілді. Әр мезгілдің өзінше алдарқатуы бар екен, ілез өте шығады да екен. Көптен әлденені зарыға аңсап, енді-енді жетем бе дегенде әлгі көмескісі бұлдырап ұстатпай кетті. Қалықтап көрініп түсіп, заматта еріп жатқан дәл анау ақұлпадай. Соншалық қапаландырып жетіп, бұл сәтте оқыс құлазытып кеткен өкініштің орны үңірейіп-ақ барады. Қанша қарманғанымен тірелері тығырық қана. Ендігі өксікті ғұмырда ынтықтырып жетелер ілігі де қалмапты. Үрку мен үрейленуте толы діріл тұла бойды құрсаулап алды.

Үй іші күңгірт тартты. Күтуші әйел - әжім торы ерте мүжіген мосқал әйел - үнсіз жақындап, Зылиқаның иығынан сусып бара жатқан камзолын дұрыстады. Екі-үш жердегі балауыз шамды тұтатты.

- Күнім, жатшы. Қисайшы төсегіңе.

Зылиқа селк етіп оянғандай күтушісіне ажырая қарады.

- Тоңазыдың ғой. Күн де суытып кетті, - деп әйел бәйек боп қолына жармасты.

- Қазір...

Зылиқа терезеге қайта ойысып, көз байланып бара жатқан сыртқа үңілді.

- Қар әкеп беріңізші.

Әйел Зылиқаға бажырая қарап қалыпты. Сәлден соң бәсең тіл қатты.

- Барайын, күнім, барайын... - Айтарын айтса да, аяғы жабысып қалғандай орнынан қозғалар емес.

Зылиқа өтінішін тағы қайталады.

- Кішкене қар әкеліңізші...

- Әкелейін, күнім, әкелейін.

Әйел тез оралды. Тостағанға толтырып қар салып алыпты.

- Мінекей, күнім.

Зылиқа ұлпа қарды тұңғыш көргендей үш сау-сағымен бүре ұстады. Алақанына су ақты.

- Еріп кетті. Жоқ боп кетті...

Төсегіне барып, сылқ құлады. Жүзі бір ағарып, бір бозарды. Ұялы көзге мөлтілдеп жас іркілді.

- Келмеді. Көп кешікті. Еріген қардай оның да шынымен жоқ болғаны ма? Ұмытқаны ма?

Осы түнде Зылиқаның қызуы көтеріліп, тынымсыз сандырақтап шықты. Таң атқанша кірпік ілмей күзет-кен әйел қыз жүрегінің құпиясының үнсіз ғана куәсі болды.

Күтушісі аласұрған қыздың көрпесін жауып, басын сүйеп, таңдайына су тамызып көрер таңды көзімен атырды. Бұқа көзденіп, шырт-шырт түкіріп,екпіндеп енген Болат сұлтаннан да ыққан жоқ. “Кейін келерсің. Сен бітіретін жұмыс жоқ мұнда. Ауруға маза бер!” деп тізе бүктіртпестен шығарып салды.

Әсіресе, сұлтан аты естілгенде құты қашып, бір уыс боп бүрісе қалатын Зылиқа сырын анық ұққан-ды. Болатты көп байыздатпай қуғаны да содан.

“Апырай, тасыр жанның көрсоқыр болатыны несі екен? Көре тұрып жазықсыз кинайтыны, біле тұрып шала бүлінуі қиянат қой. Қолмен жеңіп, күшпен көндіріп алам деу неткен зорлық еді. Ит пен мысықтай күн кешіп табар қызығы қандай болмақ сонда.

Көзіндегі жасын, жүзіндегі көлеңкесін көріп отырып қандай қуаныш-қызық таппақ? Әлде қиянаты өскен сайын қомағайлығы арта түсер тағылық пен қорқаулық ірілік пен дөрекіліктің еншісі ме екен?”

Әйел ұзақ ойға шомды. Өзінің де шері мен дерті көп мұңлық жан бұл сәтте мына жас арудың күйзелген күйіне қамыға қиналып, кеудесінен тілеулестік іздеумен болды.

Таң ата Зылиқа ес жиды. Басын көтеріп, жастыққа арқасын сүйеп отырды.

- Келмеді ме?

Қыздың кімді сұрағанын білмесе де, әйел жауабынан іркілген жоқ.

- Келеді де. Жер тайғақ, жол алыс. Жете алмай жүрген шығар.

- Көре алмаспын. Көп жылап, сарғайып өлермін деуші едім. Жаза баспаппын. Осы түнім, ақырғы түнім болды. Қайтейін, тым болмаса бір көре алмай кететініме ғана өкінем. Одан басқа арманым да, зарым да жоқ, - дегенде кеудеден күрсініс ытқыды.

- Күнім, уайымдама. Жазыласың әлі-ақ.

- Апатай-ай, жазылмас дертке ұшырамап па едім. Айықпастан дүниеден өтермін. Бір тілегім, ендігі жалғыз тілегім осы ғана.

- Зылиқа, сабыр етші, қалқам.

Одан әрі үй ішінде тыныштық орнады.

Әжімді жүзі сарғыш, күңгірт реңі жүдеу болғанмен күтуші отыздан жаңа ғана асқан келіншек еді. Ағайын-туыстан тұлдыр, жалғыз бас әйел ерте қартаймағанда қайтеді. Оның үстіне шешеден жастай жетім қалған. Жылқышы әкесі екеуі қара қоста күн кешкен. Қырық құрақ көйлектің етегінен тізесі көрініп, қара сирақ болып кетсе де он төртке толғанда булығып жылап, бұлықсып өсіп еді. Жалтаңдатқан өмір, қорғалатқан кемдік ауыр бейнетке телісе де, бірде күліп, бірде күңіренетін. Тірі пенденің тірлігі - үмітінде ғой. Үмітке ұйыған қыздың езу тартары сирек бір күнінде ауылға айдынды топ келіп еді.

Ауыл ақсақалы жәркештене жүгіріп, сұлтан алдында құрдай жорғалаған. Үлкен-кіші кірпік ұшында қимылдаған. Соның аяғы бұны қайта-қайта жуындырып, тұла бойына жұпар сепкізіп, таза киіндіріп әкеліп оңаша үйдегі сұлтанның қасына кіргізіп жібертумен тынған-ды.

Әтина алғаш ештеңені онша ұға қоймап еді. Өзін қайта-қайта ысқылап жуындырып, жылы сумен шомылдырып, жалаңаш тәніне жұпар сеуіп бәйек боп жатқан әйелдерге риза көңілмен жалтаңдап қарап қойып, ішкі қуанышпен мерейленіп қалып еді. Есіктен кіргізіп жібергенде секем алды. Қараңғы үйде саңлау аз екен. Еміс-еміс қана әлдене көзге шалынады. Бір кез жасқаншақтана басып бір-екі аттады. Осы сәт төрдегі ағаш төсек ақырын сықыр етіп дыбыс берді. Әтинаның жан даусы шықты. Қасқыр көрген қозыдай жүрегі дірілдеп кетті.

- Көке! Көкетай!

- Үндеме! Бері кел. - Әлдекім аптығып сыбырлай сөйледі.

- Бұ кім?! Сізге не керек.

- Қорықпа. Адам жегіш емеспін, - деп әлгі адам кеңкілдей күлді. Қорбандап таянып қалды.

- Жақындамаңыз. Кімсіз өзіңіз?..

Сәумеңдей ұмтылған қарауытқан дене үстіне төне берді де, иығынан бүре ұстады. Саусақтары сығымдап қысып әкетіп барады. Балғын уыз тәнді қанды шеңгел аямай бүріп алды.

- Ағатай-ай! Қоя беріңізші-і...

- Қорықпа. Ештеңең кетпейді.

Жандәрмен бұлқынған қыз сәл босанып кеткен еді, іле-шала темір құрсауға қайта түсті. Әлуетті қолдар аш белден қаусыра құшақтап апарып ағаш төсекке алып ұрды. Дем алуға мұршасын келтірмей қысқаштай қысқан бойы ауыр денесімен бауырына басты. Қыз есін жиғанша болған жоқ, тұлабойы оқыс шым етті.

- Көке...

Көміле шыққан жалғыз сөз ауыр мұңның жалғыз күрсінісіндей түн қойнына сіңіп жоғалып кетті. Жас жүрекке тікен қадалды. Жас тәнге жара түсті. Ұмытылмас, кемімес уайым мен шер боп осы түн жауқазын гүлді көктей жұлып түсті.

Әтина сүт пісірім қимылсыз жатып, ес жиды. Алғаш

тіліне оралғаны да жалғыз сөз, жәрдем күтіп асқар тау панасына балаған сөз.

- Көке!..

Сорлы көкесі, ашынған көкесі көпке ұзамай дүние салды.

Күйіктен өлді ме, кәдіктен көз жұмды ма, ол арасын білген Әтина жоқ. Сол қатыгез түннен кейін Болат сұлтанның ордасындағы көп күтуші әйелдерінің қатарына қосылды да, осы шарасыз халге душар болды.

Содан қайтып ашылған қабақ, тұшынған көңіл тапқан емес. Ішке запыран боп сарқылып құйылып, беріш боп орнаған қасіретімен күйбең тірлікті үнсіз қабылдаған еді.

Талай рет өзіне өзі өлім тілеп, әлдебір әрекетке де қарманған. Бірақ сол тілектің соңғы түйіні - қос адым жерге томпайып түсер оңаша қабірден басқа көңіл түйсіндірер жұбаныш бермейді де екен. Содан соң-ақ салқын тірліктің салғырт таңы қызықсыз атып, күңірентіп бата берді. Қамырығы көбейген Әтина күннен күн өткен сайын қамкөңіл, бей-жай сарынды бұзуға да бір талпынбап еді.

Арада өткен жылдар сонау қапалы түнді қорқынышты түстей оқта-текте жалт еткізіп елестеткенімен, бұрынғы сұмдығын онша тірілте алмайтын. Бірақ зорлық қиянат өшпейді екен. Енді мына Зылиқа басындағы ауыр сырымен қайта еселеп оралды. Күшейіп, ұлғайып жетті. Жетті де, жым-жырт сарылумен салғырт күн кешкен момын жанды оқыс әрекетке бастады. Бейуақ шақта бейкүнә кеудеде бейуақыттай ой туды.

Сұрғылт күздің бұлыңғыр таңы сызат берді. Үй ішінде алакөлеңке көбейді. Бұрыш-бұрышқа үрке қашқан қою қараңғылық сәл-сәл сейілді.

-Қаталап барам. Сусын беріңізші.

Зылиқа сыбырлай сөйлеп, осы сөздерді аса қиналып үзіп-үзіп әрең айтты.

- Қазір, күнім. Қазір әкелейін.

Әтина бөлмеден шығып кетті. Қайта оралып Зылиқаға күміс кесені ұсынғанда қолы әнтек дірілдеп еді. Шайқалған ыдыстың ернеуінен екі-үш тамшы жерге тамды.

- Іше ғой. Ем болсын.

- Ем болар ма екен?..

Зылиқа кеседен үш-төрт ұрттап қайтарып берді. Сол сәт құлап бара жатып күтуші әйелдің жаңағы сусынды сарқып ішіп жатқанын көрді.

Екі мұңлық айқаса құлады.

- Ем болды, күнім. Таза, пәк қалпында әкеттім, күні-і...

Әтинаның одан арғыға тілі келмеді.

4.

Сұртайдан мүлде әл кете бастады. Жарасының аузы ашылып, сырқыратып таңды-таңға ұрғызды. Аяқ жетер жердей жанашыр дос-жараны көңілін сұрай келіп кеткеннен бері бұл үйдің кермесіне қылқұйрық оқта-текте бір байланатын. Ақынды жасытып мойытатын да, қинап тарылтатын да ағайын-туыстың осы жадау шағындағы суық қалыстығы еді. Соған запылана ма, үй-ішіне жылы қабақ көрсетпей теріс қарап жататын әдет тапқан. Тек рабайда бір ауыр күрсініп қалып ішкі запыранын ақтаратын.

Осындай сүреңсіз кеште бір топ қонақ үйге сау ете түсті. Тілеуқабақ бай бастаған он шақты кісі екен.

Көңіл сұраған боп, әр әңгімені бір бастаса да сөздері жалғаспай түннің бір қатар уақытын алды.

Бұл келгенде Тілеуқабақтың ұпайы толық болатын. Кедей ауылмен сонау мамырдағы қақтығыстан кейін тәсілқой бай сұмдық әрекет жасаған еді. Сол әрекеті діттеген жерінен шығып, асығы алшысынан түсіп мерейленіп отыр.

Бір-ақ түнде жігіт жинап крестьяндардың бірнеше аулын шауып кеткен де өзі болатын. Онда да қулықты әріден ойлап Сұртай аулының тұсынан із тастап барып, қоламтаны батырдың дәл іргесінен көмген-ді. Намысты ердің осал жерінен ұстап, көршілер арасына ірткі салып отқа айдаған. Күндердің күнінде бүлік туралы ханға хабар жетердей болса, пәле басы Сұртай деп айдар тағып, ұстап берерін елестеткенде жаны жай табатын. Қазіргі келісінде де арам ниеті алдына түсіп, жетелеп жеткен. Қонақасыдан соң семіз денесін ырғай отырып сөз бастады.

- Қарағым, Сұртай, сыртыңнан сүйініп жүруші ек. Дабысың мен дауысыңа тәнті едік. Ер еркелігін елі көтерер. Иншалла, көтердік. Ағайыннан айналайын, алдыңнан шыққан жоқ. Батырым деп бауырына тартты. Ақыным деп алақанында ұстады,- деп ыңыранып жан-жағына қарады. Отырғандар бас шұлғысып, иек қағысып, шуылдасып кетті.

- Иә, сөйтті.

- Аянған жоқ, алалаған жоқ.

- Нетіп... Тілеке, дұрыс айтасыз. Нетіп, ниетіңіз түзу екен.

- Әділін айтып отырсыз.

Тілеуқабақ енді Сұртайға тіке қарап отырып сөйледі.

- Айтсам, Сұртай шырақ, саған біз бұл жолы өкпе таға, кінә арта келдік. Біз айтпасақ, кім айтады? Бүлініп шықтың да, ақыры бүлдіріп тындың. Екі иығыңды жұлып жеп жай жатқан ормандай орысқа барып соқтықтың. Бөрідей тидің. Бөрліктіріп тидің. Тапқаның не сондағы? Араға от салдың. Өрт тастадың. Қорсылдаған сары немелерің енді аянар деп пең. Аянбайды. Уау, ертең Тәуке хан екінші жақтан кеп, “жөнсізді, жолсызды тап, құрық сал, бұғалақтаста!” дегенде сені таппайды, ел иесі деп мені табады. Табады да, тақияда тамтығымды қалдырмайды. Оған не дермін. Анау қаба сақал қара шекпендердің мылтығынан арысы өліп, суаты семіп отырған ағайындар бетіне қалай қарармын. Қасық қаны қияметте сені табар, саған шашырар. Құн сұрамаймын. Құдай жолына саламын. Асқанға тосқан, қиянатқа зауал бар еді. Мына күйің, мына күнің сол зауалың-ақ шығар. Табалағаным емес, Сұртай шырақ, қаныма қарайғаным. Еріксіз зарлағаным бұл. Ағайынның өтілін айта келдім. Бізді арандатпа. Ер елдікі болғанымен, жер біздікі. Ертең дау шыққанда, жау шапқандай мені шабады. Еліңді аясаң, бұл жерден көш. Сені біз білмейік, бізді сен көрме, - деп тоқтады.

Бұл тұста Сұртай батыр сұрлана түсіп басын көтеріп алды. Жарасы қинады ма, жарадан ауыр бай жазасы қинады ма, қарыс маңдайды шып-шып тер жуды.

- “Арсыз қолым істеді, арлы бетім ұялды” деуші еді. Байеке, сізде арлы бет те қалмапты-ау. Өз жасаған

қылмысыңызды өзгеге итеріп салуға шебер-ақ едіңіз. Бұл жолы бірақ мықтап алданғаныңызды білмедіңіз. Сіз шапқан мұжық дереунәсінің бірінде дәл сол түні менің түнеп шыққанымa орыстар куә. Әй, бірақ... Қан сорғышым ғана емес, жан сорғышым да бопсыз ғой. Бұқпалап келмей, тықпалап неге айтпадыңыз. Ұлтың бір болғанмен, сұрқың бөлек зорлығым екенсіз. Көрсоқыр елімнің қорлығы екенсіз. Әттең хал бітіп, қайыра тұра алмас шақта кеш ұғындым. Менің жауым анау сіңірі шыққан орыс мұжық емес, сілікпемді шығарған қасымдағы қазақ сіз екенсіз. Менің дертімнен гөрі жан-жақтан жау анталағанда сіздей ел ағалары бар елім дерті күшті ме деп қалдым-ау. Қайтейін. Тауым шағылып, табаным тасқа тиіп отыр. Опырылып отырмын. Өкінішім сол ғана, - деп теріс бұрылды да, қайтып жақ жазбай қойды.

Қипақтаған топ бұл үйде одан әрі қалудың амалын таппай, жүруге қам жасай бастады. Түлкі тымағын сілкіп-сілкіп қалып көзіне түсіре киген Тілеуқабақ орнынан тұра беріп Күнтайға бұрылды.

- Күнтай! Киін! - деді. Өктем бұйрық айтты. Жиен қарындасына келгелі тіл қатқаны да осы.

- Қайда барам? - Әйел даусы шырылдап шықты.

- Қалдырмаймын. Алып кетем. Құтты орныңа дұрыстап қондырамын.- Тілеуқабақ әлі де қадау-қадау сөйлеп тұр.

- Бармаймын. Сүйегім осы босағадан шығар, - деп Күнтай дауыс қылды.

- “Шашы ұзын, ақылы қысқа” әйел шіркін,- деп бәсендеген бай сөзін зілмен бітірді. - Қоймаспын. Әкетермін әлі-ақ.

Үш жерде үнсіз бүріскен үшеу ол түнді ұйқысыз өткізді. Ауық-ауық шошып оянған кішкене Жоламан “көкелеп!” батырға тығыла берді. “Кетпеші, апатай! Бармашы!” деп бұрылып шешесіне жалынды. Дәл қазір айырылып қалардай бала жүрек үрей құшағына шомып еді.

Осының ертеңінде азын-аулақ қолымен Қуат та келіп жеткен еді. Маздап жанған кебу жапаның қызулы отына беттерін тосып енді екеуі бірін-бірі ұғысып, бірін-бірі түсінісіп мәжіліс құрды. Дастарқанды жинап алған Күнтай ши түбінде астына тайтері тулақ төсеп,

бір шүйке жүнді шынашағына қондырып алып, ұршық иіріп отырып, қоңыр үнмен кеңескен екі батырдың әңгімесіне үнсіз құлақ қояды.

Кеудесінің сырылы көбейіп, көзі үңірейіп кетсе де Сұртай дәл қазір аса көңілді. Қабағы жадырап, қонағына ырзалық білдіреді. Енді бірде өз халі, өз күйінен сыр тартып кетті.

- Қарағым Қуат, жас та болсаң білігің бар інім екенсің. Оны ұққандаймын. Зарға құлақ салардай құлқынды көрдім. Мұңымды, жоқ жітігімді айтайын енді. Тірсегі қиылған бөлтіріктей бұралаңдап отырғаным мынау. Болдыртып кеткен тағдырым, шоң-қайтып кеткен о бастағы жазмышым десем де, әсіресе осы мынау қорлығыма көбіне көп өз ағайын, өз тумам кінәлі,-деп күрсініп қалды. Ойын іштей екшеп жатыр ма, біраз бөгеліп барып қайта есілді. - Көрген құқай құдайды да ұмыттырар бопты. Кей-кейде жасағанға жәбір айтардай запыс болам. Қайтейін, о да болса, шарасыз жанымның ширығуынан шығар. “Батыр - бір оқтық, бай - бір жұттық”. Кешегі атпал азамат, бүгін - аруақпын. Азып біттім. Мешеулікпен өш едім. Мешел боп тұсалып тоқтадым. Тоқтатқан тағы да өзім -Тілеуқабақ бай. Саяқ қып айдап тастап отыр. Күні кеше күшім барда сойыл соғары болсам, күшімді алған бұ күнде күшік құрлы құрметім қалмапты. Қайдағы бір сұмдықты бастап, ел қарғысына ұшыраған қарақшы ғып алалағаны-ақ батады-ау. “Орыс пен екі ортаға дау тұрғыздың, лаң шығардың” деп сені маған жіберіп отырған Тәукеге арызым жоқ. Солай деп Тілеуқабақтар көзтүрткі еткен ғой. Бір кекпен сау жүрсем түйіліп түсер де едім. Есе қуар хан да, қара да қалмай барады. Талай шұрайлы жер қара шекпенге кетті ғой... Бүйтіп ендей берсе қазақты інге тықпай қоймас та деуші ем. Енді мына төсек тартып көп жатқан күндерімде сол ісімнен жеріп те шықтым. Күні, күйі бір мұжықты түсініп жерідім. Солардың мұңы мына айналадағы жоқ-жітіктің мұңынан кем емес екен. Атысып-шабысып өлетін де, көр қабатын да қайда болса да қу тақыр кедей екен. Айдап салар, сойыл-шоқпар қылар мықтылар екен. Осы күйдің өмір-құдіреті ауыртып жетіп, көңіл көзімді ашқандай болды.

Сұртайдың ұзынсонар әңгімесін тыңдап отырып Қуат батыр көп-көп ойға шомды. Баққаны: зорлықтың айнымай, өзгермей қайталап келетін түп-тамыры әр жерде де бірдей екен. Бұндағы Тілеуқабақ, Тұрсын сұлтандар, анау орыс алпауыттары, өз еліндегі Жабағы бай, Болат сұлтандардың озбырлық туысындай, жуандық ағайынындай зіркілдеп елестеді. Билік бар да, зорлық пен барлық күш өктемдеп тұрғанда әділет, жанашырлық дегендер қабат жүрмейді екен. “Күштінің қаруы, әлсіздің қорғалауы - әділет қой” дегенде Жомарт өз түйгенінен айыпты-ау. Дәл сондағы батырдың ішіндегі жиреніш уын қалай сезбеген бұл?

Қуат батырдың келгеніне үшінші күн ауғанда Сұртай үзіліп тынды. Ызалы өксігімен, орны толмас өкінішімен жаңа жас досының көз алдында мәңгі көз жұмды.

- Көрмесем де, естімесем де іштей аңсап күткен інім болдың, Қуат. Артымдағы жалғызымның жәутең көзін басқаға телміртпе. Аларып кеткен Тілеуқабақ ертең ақырып келіп Күнтайды өңгеріп әкетер. Кішкенеден көңіл жығыспай, серігім болған бұл байғұсқа енді берер жәрдемім де жоқ. Туысы ғой Тілеуқабақ. Шырылдатпас. Мені қинайтын кішкентай Жоламанымның қамы болып жатыр. Сен соны өзіңмен бірге алып кет. Алыстан аты естіліп, абройы асып Жомарт батыр маған да жетіп жатушы еді. Екеуіңе аманатым болсын. Жылатпассыңдар, - деп соңғы тілегін өсиет қып айтқан.

Күз өте, қыс түссе Түркістанға оралған Қуат Тәуке ханға соғып, шаруасын бітіріп, кері қайтқанда қасында сәби Жоламан жүрді. Зылиқасының қайғылы қазасын естігенде бірден бір дем бергендей болған төрт жасар ұлдың жәудір көзқарасы еді. Сүйген көңілді ортайтып, ауыр дем тынысы ұзақ дірілмен көміліп шыққанда да, арманды тілегі өшіп, дертіне дерт жамап алып, үнсіз егілгенде де, көз алдында жас баланың ерте есейген жанашыр жүзі тұрған-ды.

Теректідегі қыстауында отырған Жомарт батырдың аулына келіп, Сұртай батырдың өзіне тапсырған аманатын қысқа ғана жеткізіп, тұлпар тұяғы - Жоламанды баулығыш, білгіш ата құшағына үмітпен табыс етті.

Ш Ы Р Ғ А Л А Ң

Атадан алтау тудым деп
Асқынып жауап айтпаңыз.
Атамның малы көпті деп
Атты басқа тартпаңыз.

Асан қайғы

1.

Әз Тәуке Түркістандағы Әзіреті Сұлтанның сағанасына қойылып, ел-жұрты жылап қоштасқалы алты жаз өтіп, алты рет кірбең тартқан күз оралды. Тақталас Әбілқайыр сұлтанның әдейілеп жұмсауымен (жел болмаса шөп басы қимылдар ма, үнсіз томсарған жүздердің оңашада сұлтанды жазғыра бүлкілдеген еріндері, сірә, қателеспес болар) тақта отырған Қайып хан әлдебір қаныпезерлердің қанқұйлы қанжарынан жазатайым қаза тапқанына да төрт жылдың мұғдары болыпты. Ел үстіне Әз Тәукенің ынжық Болаты хан болып отырысымен жыл сайынғы Күлтөбеде өтетін диуан шақырылмай, мемлекеттің бұрынғы машықты қаракеті бая-шая болғалы Жомарт батыр тіпті үйкүшіктеніп алған еді. “Барсың ба, жоқсың ба” дейтін маңайында жан баласы қалмағандай сезініп, хан, сұлтаннан аулақтап күн кешкен тірлігін өлі мен тірінің арасына балап, ешкімді өзі де көргісі келмей тым-тырыс жатқан күндердің күнінде ауылына шапқыншы келді. Асықтырып суыт келді. Жылан тіліндей сумандап, арыстан тырнағындай тарбиып жеткен ауыр зіл батырды еріксіз атқа қондырды.

Бұл - 1722 жылдың жазы болатын. Тәуке ханның көзі тірісінде-ақ шытынай бастаған бәтуалы бірлік бұл кезде сиыр бүйрегіндей жіктеліп, ел ішінде “аруақ!” деп аттандастырып, “намыс!” деп сойылдастыратын сылтаулар көбейіп еді. Сол-ақ екен “Кегім кетті” деп

бүлік бастаған жуан кеуде әне жерден де, міне жерден де дүркіреп шығып, ауыл мен ауыл арасын шаң мен қан жапты. Барымта күшейіп, малды қойып жанға ауысты. Желекті келіншек, шолпылы қыз қолды болды. Айғайсыз, байбайсыз ышқынып көтерілгендер де, көкала қойдай боп жонына қамшы салғызған кіріптарлар да күн өткен сайын молая түсті.

Осы биыл жаз шығысымен Жомарт батыр кенжесі -Жауынбайды аяқтандырған еді. Алыстан құда боп қыз іздемей, он шақты жылдан бері қоңсы боп келсе де ағайын, ет-жақын туысындай боп кеткен Жұмабектің Аршагүлін баласына қосқан. Сонау бір жылдары уәлі ауыз Қазыбек би бата беріпті дегенді естіген батыр Аршагүлді өзі қалап, қолына келін ғып түсірді.

Кенжесінің тойын айта қалғандай етіп өткізбек ниетпен жақын жерге ат жіберіп, алыс елге хабар салғызған. Қалың жұртты қапысыз сайрандатып, өзі де көп қызық көріп,кәрі көңілді бір демдемекші болып еді.

Бірақ ат жеткен жерден жұрт көп келмеді, хабар салғызған алыс аймақ тым-тырыс қалды. Той тобырсыз өтті, қызусыз тарқады. Кім білсін, атақты Жомарт батыр баласына аталы жерден қалыңдық әпермей, қоңсысының қызын түсіртті дегенді кінәраттады ма жұрт, асып-төгіліп, көл-кесір думан жасаймын деген далбасасы орындалмай, жайдақ той желпілдеп өте шықты. Сойысқа бөлген қойы көгенде, жылқысы желіде қалды. Саба-саба қымыз сапырылмай, жүлде таратылмай, жүйкесі құрып жүрген Жомартқа мына хабар әрі тосын, әрі іздегенге сұрағандай дәл кезінде жетті.

Қасына ерке немере Жоламанды, Тынышбайды және арнап шақыртып Қуатты ертті.

Бұрын ел кезіне түсем деген кеудемсоқ дәмемен тоғыз ұлды түгел шұбыртып, тоқсан жігітті топырлатып ілестіріп шығатын. Қазіргі келте тобы он шақты адам.

Әрқайсысының астында тоқ жарау ат. Жомарт өзінің әйгілі қара айғырын мініпті. Қара айғырдың сәні келісті. Құранды ерінің сыртын қалың көк сауыр былғарымен қаптап, екі жақ етегін тоқым ғып салбыратып жіберіп, айнала жиегін барқытпен көмкеріп қойыпты. Қайыңнан иіп жасалған үзеңгісін

темірмен құрсаулапты. Темір құрсаудың бетіне күмістен әшекей жүргізген. Қос елі былғары құйысқанға құйма күмістен өрнек сапты, күн көзінде жалтжұлт етеді. Аптап қарып, ыстық өтіп бара жатса да, батыр қоржынындағы жібек кежімді алып қара айғырдың сауырына жабар емес. Батырды құрсаған мазасыз ой көп.

Осы сапарының себебінен-ақ көп жайды үнсіз аңғарады. Содан ба, кей-кезде ат үстінде өз-өзінен қатты күбірлеп қалып, қинала бас шайқайды.

Жас Жоламан Қуат батырды әбден сағынып қалған екен, Сүлікқарасын сумаңдатып әрнені тәптіштеп сұрап бірде желіп, бірде шоқытып топтан бөліне берген соң, Жомарт сәл кейіндеу келеді. Қатарында Тынышбай, қалғандар артта.

Тынышбай қатқыл әкеден қаймығып жүретін. Сыр ашып шүйіркелесіп сөйлесіп көрген емес. Ал бүгін көмейіне бір сауал тығылып еріктен тыс қинап келеді. Соны бағып қалған Жомарт ауыр денесімен баласына ошарыла бұрылды.

- Әй, Тынышбай, бірдеме сұрағалы манадан оқталып келе жатырсың ғой. Ер адам тайсалмас болар. Айт! - деді.

Әдеп пен іземтен аса алмай отырған Тынышбай әке бұйырған соң ақтарылып кетті.

- Көке, осы біздің Арғанатыны жайламауымыз қалай? Бұрын көші-қонымыз сол жақ болыпты ғой.

Жомарт баласының бетіне бағжия тіктеп қарады. Сынап тұр ма, кінәлап тұр ма, беймәлім. Содан кейін еңкейе ілгері лықсып, қара айғырдың ұйысып тұрған жалын бір сипады да, тізгін қақты.

- Ол ұзақ әңгіме, балам. Әріде болған бір оқиға себеп еді. Оны қайтесің? - деді.

- Еміс-еміс жеткен сыбыстың өтірік-шыны қабаттаса жүреді. Анығын өз аузыңыздан естісем деп ем, - деп Тынышбай әке жүзіне тура қарады.

- Е-е, оның жөн. Жөн екен, Тынышбай. Қауесет сөздің қатесі көп болатыны рас. Арғанатыға барып жайлап жүргенімізде сен алты-жетілердегі бала едің. Оған да бір талай заман өтіпті-ау.

Ел арасы жиірек отырған кез ғой ол. Ойраттан

лықсып Ұлытауға қарай шұбай көшкен қалың Арғынға ілесіп барып қалып ек. Шет қақпай жасамады олар. Жаз жайлау, қыс қоныс ап, бірге тұрып жаттық. Ұзын сөзді қысқартып айтқанда, арыс ағайын Арғыннан жамандық, жаттық көргеміз жоқ. Жақсылық пен игілікке ол туыс, бұл бөтен деген жік болмайды. Көңіл табыстырса, құшақ қауышады. Кеудеге алалық кірсе, жұдырық жүгіреді. Бірді айтып бірге кеттім бе, балам онда сөз түйініне көшейін.

Ақмырза дейтін абзал досым болды. Өзі керім батыр еді. Талай жорықта тізе қосып, жауға бірге шабатынбыз. “Шәй!” дескен күніміз болмаған. Құдай пендесін бұздырмасын де. Құдай бұздырса, тарының дәнін бөліп жеген достың да таудай өкпесі қозады.

Хош. Сол Ақмырза менің бір жүйрік атыма қатты қызықты. Дос көңілін мен де қимай, көктемдегі бір асқа бәйгеге қосып, содан кейін оған бермекші болғам. Көктұйғын деуші ем. Тұйғын десе тұйғын-ақ! Алдына қара салмай көмбеге оқ бойы дара келетін.

Бір күні Көктұйғын ұшты-күйлі жоғалды. Қазақтың аты -қанаты, кеудесі - даласы. Сұрау салғызсам, Ақмырзаның үйірінде жүр дейді. Шайтан азғырды ма, жалған намыс буды ма, Көктұйғынды Ақмырзаның үйірімен қоса айдап кеттім.

Содан арамызға жел кірді. Суық араласты. Екі дос бір-бірімізді көруден қалдық.

Арғанатыдағы қопалы бұлаққа бұрын жылда мен қонатынмын. Ауылды солай көшіріп әкелсем, бұлақты бір басқа ауыл жайлап отыр. Ақмырзаның жақын ағайындарынікі екен.

Көшті иіріп қойып, ауыл ақсақалымен сөйлесейін.

“Ұлытаудан жайлау алатын болдың. Батыр, көшіңді кейін бұр”, дейді. Ыңғайларын байқасам, Арғын біткеннің ауқымы солай дөңгелейтін тәрізді. Қанымa жаман қарайдым. “Жалғыз да болсам жастығымды ала өлейін” дейтін бір қызба желік тұла бойымды дүрілдетіп, ес жиюға келтірмей барады. Содан Ақмырзаның аулынан бір-ақ шықтым. Жалғыз бардым. Ақмырза да күтіп отыр екен, аймаңдай атын ойнақтатып қарсыма келе берді.

Кейін ойласам, қас ниетпен қастандық тілеп

барыппын. Ет қызумен айқасып жүріп, Ақмырзаның қамшыдан басқа қарусыз шыққанын аңғармаппын. Күрс етіп құлап түскенін бір-ақ білдім. Ашу - дұспан деген сол. Ақмырза жұлдыз туа жантәлісім берді. Ел бетіне қарағысыз қарабет боп мен қалдым. Ақыры Қаздауысты Қазыбек би бітуаға келтіріп, құн төлеткізіп бітістірді. Бірақ құн дегенің сонау адал досым ақ берен Ақмырзаның бір күндік күлкісіне татыр ма?! Содан бері ішіме қан қатып, менің де күлкім жоғалды. Досқа досша, жауға жауша қыр керек екенін бұрын білсем, осындай орны толмас өкініш арқалап өтер ме едім. Сөйтіп жүріп ел бірлігі, ел кегі дегенді айтып, қол бастамақ боламыз. Аңырып барып тоқтаймыз. Әйтпесе, әркімнің ішінде жатқан бір кірнесін тазалай алсақ, шілдің қиындай тоз-тоз бытырап жүре бермес едік қой. Ер - егесте, балуан күресте танылады. Одан артық таразы жоқ. Әйтпесе, дүниеде көрбалалық қаптап, көмусіз қалатын кезге жолығамыз. Осымды ұғын, балам, - деп тоқтады.

- Көке, Ұлытауға қашан барар екенбіз. Көп боптыау сіздің де сол жаққа жолыңыз түспегеніне. Ана жылы асығыс болып, еркін аралай алмап едім, - деп Тынышбай әлденеден сыр білдіріп алмадым ба екен дегендей сырт айнала берді.

- Барармыз. Бір барармыз түбінде. Ұлытау - қазақтың түп қазығы ғой. Көрем, аралаймын дегенің дұрыс, ұлым, - деп Жомарт айғырды тебініп қалды.

Тынышбай Ұлытауды айтқанда алдымен Гүлдарайымды еске алған. Сонау күнгі түнде беймезгіл жолыққан бике сыры әлі күнге түйіліп көкейде жүр, тығылып домбыраның шанағында жатыр. Сыр ашылған жоқ, домбыра сөйлеген жоқ. Анау-мынау тепірекпен жасық-жарым күй шалғысы келмейді. Өз ойынан шығардай күй де тумайды. Қат-қабат тірлік кешіпті. Бірақ дәл сонау келіншек сырындай ұмытылмас із қалмапты артында. Шанда бір сол күзгі түнге қиялмен айналып соққанда өз-өзінен бүлініп, байыз таба алмай, оңашада домбырасына емінеді. Оңашада әр күйдің басын бір шалады. Ондайда ерні күбірлеп, көзіне жас үйіріледі. Ашынып адуын “Ала байраққа” басады. Қоңырлатып “Кертолғауды” безілдетеді. Күңірентіп “Қос қыз жылағанды” созады. Бірі де ыңғайға келмейді. Үйлеспейді. Ойымен, сезімімен, мұңымен бөлек Гүлдарайым өзгелерден оқшау биіктеп, басқаша өрнек күтеді. Көлденең көздің қошеметін аңсағыш күйшінің әсершіл жаны оңаша қапастан бұйыға ма, селт етіп ашылмайды.

Тылсымдай түнде тылсымдай тағдырымен ашылған Гүлдарайым сыры өз орнын сезім дүниесінен ойып алғысы келетіндей басқа ешбір күйге ұқсамай қойды. Ұқсамай қойды да, екі ішекке шырмалып, аманат қалпында өлі күнге шейін жігіт көңлінде аландатқыш беріш боп ұйып жатыр.

Жомарттар Қаратау асып Телікөл жағасына келгенде, кең жазыққа жағалай тігілген ақ шаңқан үйлер тұс-тұстан ағылған қонақтарды сіміре қабылдап жатқан еді. Төрт тараптан топтанып шұбап келген батырлар мен билер ру-руымен өздеріне арнайы бөлінген ордаларға түсті.

Қонақ тосушы жігіттер шетінен жөн білетін тіс қаққан жандар екен. Кілең жорға мініп, тайпалта жүріп, даяшылар да дамыл таппайды.

Бұл жиын - үш жүздің түгел бас қосқан жиыны. Тігілген ауыл - Арғындікі. Сылтау - той-томалақ емес, ас та емес. Сөз ұстаушылар - құн дауы, жесір дауына шақырылған мәмлегер ақсақалдар. Дәл осы жолы тұтас ұлттың туын көтерген бірнеше ру не шетінеп сынып, бүлініп кетеді, не татуласып табысып айрылысады. Ара тірлік жоқ. Сондықтан да мына Төлікөлге дүрліге ошарылу - қазақ жұртының ең қиын жерінен ұстап, талмау тұсынан қадалып тұр. Қазірдің өзінде-ақ көпшіліктің жік-жік боп бөлініп, үй таңдап, ыңғай танытып жатулары тегін емес-ті.

Бұл жиынның айыпкері - қалың Арғын. Даугері - Найман. Осы екі ұлы тайпаның түгел канын қыздырған бір егес таяуда ғана басталып, далада өрт боп дүрілдегелі тұрған соң осынау кеңестің әдейі шақырылғаны содан.

Орта жүздің басқа рулары таластағы екі ағайынға тең бөлініп, әрқайсысы өзі ыңғай берген жақтарына кеткенде, Кіші жүз бен Ұлы жүздің ақсақалдары ақылдаспай, келіспей-ақ бір жерге түсті. Онысы ара

ағайынбыз, ортақ туыспыз деген байламын танытқандары еді.

Сойыс малының ең семіздері таңдап сойылып, саба-саба қымыз үйеңкі тегенелерде құлаштай сапырылды. Лапылдап от жағылып, қойлар тұтас үйтілді. Семіз байталдардың туырылған қазысы айналдырылды. Әркімнің ат-атағына қарай мүшелі сыбаға салынып, қылаң қаққан даяршылармен астау-астау ет үйді-үйге жөнелтілді.

Бұл күні дау-дамай шығатын рай білінген жоқ. Аткөлік амандығын сұрасып, есендік-саулық білісіп, ел мен жер жағдайы, қоныс пен құдық туралы сөйлесіп, қарабайыр әңгімеге көшкен кәнігі кәрілер бір-бірінен сыр аңдыды. Қабақ бақты. “Анау не дейді, мынау қалай мөңкиді? Кім алашақ, қайсысы берешек? Көп ыңғайы қайда саяр? Мен не ұтам? Ұтар жағым қайсысы?” дейтін тақыс есеп әлден-ақ пайда көздетіп, кейбіреулерді ішімдегені тап дегізіп, паңсынтып жатыр. “Ел арасы бүлінбесе, ынтымақ кетпесе екен” деп шын күйзелгендер де аз емес. Қонақасыға тойып, тостаған-тостаған қымыз тастап алған соң бір жерде қысыр кеңес, бір үйде жаймашуақ әңгіме-дүкен, келесі шаңырақта қисса басталып, әлеумет әртүрлі қаракетке ауысты. Түн бүркеу болса, көп жұрттың ойы тіпті мың перденің тасасында. Саңлау-сызатын тапқызбай, көңіл топсасын босатпай, оңайлықпен ашылмайды ол.

Телікөл - ұлыстың үш жүзінің үш жақтан кеп түйісетін арнасы. Өйткені осы көлден үш тарауға үш жүздің шендескен жері кетеді. Телікөлге оңтүстігінен күркіреген Шу өзені келіп құласа, шығыстан сыбырлап Сарысу өзені және жетіп жығылады. Қос өзенді тел емгендіктен қазақ Телікөл деп атаған бұл көлдің ұйқысын аққу сыңсуы әлдилеп, майда торғын леп күміс толқынын тербетеді. Айдынынан құсы үзілмей, тұнығында балығы жүйткіп, қалың қамысында қабаны жосиды.

Телікөл - бүгінгі жиынның ордасы.

Түс қайта үш жүздің игі жақсылары төбе басына жиналды. Дені білікті би, атақты батыр мен от ауыз, күміс көмей ақын-жырау. Хан мен сұлтанның бірі жоқ. Халық хабарды ханға емес қарасына беріпті. Қорғансa - қалқаны, шапса - қылышы, сауын айтса - ұраны болған батыры мен ақынын шақырыпты. Орта жүзден Арғын батырлары: Бөгенбай мен Кәрсөн Аралбай, Керней Түйте, жас пері Олжабай, Шақшақ Жәнібек; Найман батырлары Қабанбай, Жомарт, Бөрте, Қуат; Ұлы жүзден жас серік Дулаттың Бөкейін ерткен Райымбек батыр, Ошақты Саңырақ пен Дәулен; Қыпшақ Маңдай, Уақ Сары, Тама Есет, жыраулар: Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқарлар келіпті.

Жомарт батыр бір жағына Қуатты, екінші жағына Тынышбайды алып, өзгелерден оқшау шығып отырды. Онысы - қазіргі кеңесте исі қазақтың ел ішіне не бір оғаш бәле тұтатар, не табыстырар дауына, Арғын мен Найман арасының өткен жаздан бері ұлы дүбір, үлкен тартыс туғызған керісіне қосылмаймын деген іштей наразылығы еді.

Мәселенің күрмеуі былай. Найманның ақ тотыдай үкі қадап, мәпелеп өсіріп отырған ақ тамақ қызын күйеуі ұрын келетін түні Арғынның сертке берік бір жігіті алып қашады. Найман жағы қатты бүлінеді. Ызалы тайпа жаулық көргендей дүрлігіп, ат-сойылын қамдап, Арғынның біраз аулын шауып алады. Арғынның да атқа қонған намысшыл жігіттері екіленіп, қарсы шабады. Екі жақтан сойылға жығылып, найзаға түйрелгендер бұ күнде жүздеп саналады. Бүліктің алдын алып, тездетіп мәмлеге келмесе, бүйірі қызған Арғын, Найман ат құйрығын шорт кесісіп, соғысуға да дайын. Намысқа қызған қос рудың атақты батырлары бұрынғы бір-бірімен үзеңгілес күйін ұмытып, гулетіп найза қағып, шақылдатып қылыш шыңдап, жаулық әрекетке мықтап кірісіп жатқан-ды.

Бүгінгі төбе билік - аға баласы Ұлы жүзде. Қалың шоғырдан бөлек отырған Дулат Ошаған би ұйлыға өскен қалың қасын қос саусағымен ерсілі-қарсылы сипап өтті де, қолын көтерді.

- Жә, ағайын! Билікті маған беріпсің. Осыңмен екеуіңе де бұрмай, әділін айтар деп сеніп келіпсің, жүдә тегі. Ел тыныштығы деген зар тілек үстінде отырғанда біріңді қолдап, біріңді қарғап кетсем, ояқ-бұяқтағы анау қалың елдің қамын ойлағаным бола қоймас.

Жүдә тегі, түйінді шешер, шиені ағытар адал ниетім болмаса, осында келмес ем. Алдыңа келген соң аңғарларынды түйдім. Ұлан-айыр іс болғалы тұрған зілді ширығу бар екен кеуделеріңде. Түбінде толқып кетпес тұрлаулы сөзіңді беретін болсаң, аянарым жоқ, әкем тегі. Ел арасын әманда егес бұзады, бітім түзейді. Сендердің үйде жатып аужайларыңды көптен көп түйіп ем. Ерегістен туындаған әлдебір желұшықты жалаулатып бара жатқан сияқтысың екі туыс ағайын!

Битке өкпелеп тоныңды отқа салармысың? Қолыңды босқа кесермісің? Кеден кеден болды, кедергі неден болды? Алқынған демнің де көз байлары болатын. Соны ұқтындар ма? Дүрілдеп көтеріліп, ереуілдеп кетсеңдер, екеуіңе де осы отырған былайғы көпшілік қол ұшын бермейді. Уай, “тентек!” деп, “телі!” деп алалап шығарып салады сонсоң. Түптің түбінде онда екеуің де ел қарғысына ұшырайсың. “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би” дегенге ұйысаң, әділет іздеп, адалдық қуам. Мынау отырған жақсылардан да тек соны талап етем. “Бүлінгенді жақтама, бірлігімді мақта!” деп әр он түнінің бір түнін алаңсыз ұйықтамаған қазақ тосып отыр. Ер құны - ел құны емес. Он, тіпті жүз ер - ел емес. Ел деп анау қалың жұртты атайды. Сол жұрт бүлік іздей ме екен? Бүлінуді қалай ма екен? Ендеше, қойыныңа тас тықпай, жеңіңе қанжар жасырмай, көңіліңдегі көмбеңді қалтқысыз ақтар. Сенде де, сенде де түйткіл қалмасын. Арғын, Найман - бірі аға, бірі іні. Ежелден тойда - дастарқаны, шаңдуылда шаңы біріккен, жүдә тегі. Дастарқанды қанмен, татулықты лаңмен былғама! - деп қаба сақалын уыстаған күйі біраз топшылап келіп, сөз орайын екі жаққа тең бөлді. Екеуіне де салмақ сала, ойланта отырып, елдік биіктен тосты.

Соны сезінген Арғын, Найман тобынан ешкім суырылып шыға қоймап еді, екі топтан бөлектеу отырған ұшқыр жігіт ағасы ұшып тұрып қамшы тастады.

- Датым бар!

- Сөйле, Бұқар!

Жомарт Бұқарға кірпік қадады. Батырға әсіресе осы жырау өзгелерден көбірек ұнайтын. Қазір де іштей бар зейінімен тілектес боп отыр.

Бұқар тұрған жерінде бір тізерлеп алып термелей жөнелді. Ашық даусы тау бүркітінің саңқылындай отырғандарды түгел елең еткізіп баурап барады.

- Ер жігітке жарасар
Қолына алған найзасы.
Би жігітке жарасар,
Халқына тиген пайдасы.
Ақсақалға жарасар
Тілеуқорлық айласы.
Келіншекке жарасар
Емшектегі баласы.
Қыз он беске келгенде
Шашынан көп жаласы.
Бұл жалғанда бір жаман
Ағайынның аласы, -

деп түйдектетіп барды да, шешіліп кетті.

Сонау-сонау заманда Жәнібек пен Керей қазақ мәмлакатының дербес отауының керегесін жайып, уығын шанышып, шаңырағын көтергенде сан тараптан, сан елдің арасынан, шалғайдағы Моғолстан мен Мауреннахрдан, Хиуа мен Астраханнан іздеп кеп азат халықтың бас құрағанын баяндап өтті. Қасым кезінде хандық құрып, Хақназар тұсында қабырғалы ел болған қазақтың қырандай қалықтап, құландай еркін жүйткігенін, кешегі Әз-Тәукенің де “бірлік болмай тірлік болмас” деп әр қияны бір шалып, жыртықты жамап, тозықты бүтіндеп өткенін мәлімдеді. Атадан балаға ерлік мирас, елдік енші екенін, қызғаныш пен кеселдің қарғыстың туы боларын оны көтерсең, ордаң ойрандалып, ортаң ыдырайтынын күйзеле отырып жеткізді. Содан кейін осыдан жеті жыл бұрын Аякөзде аяққа басылған намысты көптің көз алдына тосты. Сол жолы ойратқа қарсы шыққан отыз мың қолды хандыққа таласқан Қайып пен Әбілқайыр қатар басқарам деп алынбаған атақ пен бітпеген даңқты бөлісе алмай, масқара жеңіліске ұшырағанын айта келіп:

- Қаншама ұлың, қаншама боздағың қара жерде жертезек боп қалғандай қазақтан қауһар біржола

қашқаны ма? Жоқ! Қашқан жоқ. Кезінде Жәңгір хан алты жүз сарбазымен ойраттың елу мың шерігіне төзіп бергенде, отыз мың қазақ екі түмен жаудан оп-оңай жеңілуі қалай? Ол - басынан бәтуасы қашқан елдің алауыздығының кесірі. Ендеше алалық таппай, дауа табайық. Бітімге, бірлікке келейік. Ұл ұяға, қыз қияға қонады. Жат жұрттыққа жаралған бір қарындас өз теңін тауыпты. Бір жігіт отауын көтеріпті. Ел бүлінетін қылмыс емес қой бұл. Жау қолында, ат көтінде кеткен сан қарындас кегін қусақшы онан да. Солардың қанды жасын, шер-мұңын, сағыныш-іңкәрін ұқсақшы. Солардың күндікте, қорлықта шемен боп қапа-құса жұтқан күңіренген зарын тыңдасақшы! Шын сын болар тосқауылға тірелгенде, жоқты сылтауратып әділет таппай әрекет қауып жатқанымыз қалай? Дау саумай, тірлік қамдайық, ағайын. Менің айтарым осы, - деп Бұқар қиналып тоқтады. Тізерлей-тізерлей ортаға барып қалғанын жаңа көрді де, орнынан тез тұрып қамшы тастаған жеріне кетті.

Алғыр жыраудың көпшіліктің ойындағы бітеу жараны сипап-тырнап кеткені жүздерінен көрініп тұр. “Шекісерім де, бекісерім де осында” деп шіреніп келген қаукөкіректер әлгі сөзден кейін сылқ түсіп, ұялыс тапқандай бас тұқыртып шөгіп барады. Соны көрген Бөгенбай қамшы тастады.

- Сөйле, Бөгенбай!

- Бұқар жырау дұрыс айтты. Әділін айтты. Қай-қайсымыздың көздегеніміз ел қамы. Айқайлағанды жөн көрсек, батыр деп бақырған түйені, байбаламдаған қатынды да айтуға болар. Ошаған ата, тұтастықты сынға салғанда “сыныңынды үлкейтіп, сызатыңды кеңейт!” деген жоқсыз. “Арыңа жүгін, адалыңды ұста!” дедіңіз. Мен қамшы ұстап дау іздемей, қылыш сілтеп жау қуған жанмын. Билік айтар білігім аз, шешендігім тіпті жоқ. Шама-шарқымша түсінгенімді айтайын. Екі жас емеурін білдіріп, екі тілегін бір жерден қосыпты. Жақсы үмітпен жалындап қосыпты. Адам болған соң арман аңсамай тұра алмайды. “Жас жұтам, қайғы алам, қасіретте өтем” деп тумайды. Қыз-қыршын бәрімізде де бар. Ұл-ұрпақ бәрімізде де бар. Мына жағалай

көптің тілегі “екіжасты ажыратпаса, айырмаса!” екенге саятын тәрізді. Ендеше, талас-тартысты доғарып, ағайын арасы аласыз боп татулассақ деймін, - деп айналасына қарап өтіп, құптау күтті.

Осы ұйғарымға тоқталар дегендей Ошаған би мекіреніп тамағын қырнай беріп еді, шапшаң қозғалып Ақтамберді жырау қамшысын асығыс бұлғап қалды.

Ошаған би иек қақты.

Ақтамберді орнынан атып тұрды. Батыр тұлғалы дененің жуан кеудесі іштегі қайнар ызадан қарс айрылардай дірілдеп, жүзі күреңітіп кетіпті. Мына жиында енді Бөгенбайдан басқа ешбір жанды көрмейтіндей әлгіге шаншыла қарап қалып, түйдек-түйдек лекілдетті.

- Құяр жауын аспаннан,
Қара бұлт торласа.
Пәлекет елде көбейер
Жігітті жігіт қорласа.
Ақбөкен келіп жығылар,
Алдын қазып орласа.
Дұшпап қорлап не қылар
Бақыт басқа орнаса.
Қынаптан қылыш суырмай
Қарысқан жау бүлк етпес.
Жуылмай қастың қанымен
Намысқа тиген кір кетпес.
Шабыссаң, қане,шығып көр,
Жау емессің күш жетпес.
Дарабоздай қолбасы
Абыройын кірлетпес!
Ұрын келген күйеу қайда,
Жесір қайда тіл өтпес?
Жендетті көрсет көзіме
Желіккен басты кім кеспес!
Еліңді жүндей түткізіп,
Қанды көбік жұтқызып,
Жайратамыз осы кеш!

Уай, Бөгенбай, зорлығыңды өткізіп алған соң, мәймеңкемен көрбілтелендірмек екенсің ғой. Ұл - ұрпағың, қыз - қонысың дегенді бүгін біліп, кеше

таскерең қалғаның қалай? Әйтпесе, сенікі ғана ұл да, менікі күл болғаны ма? Ұл отау көтерді, қыз жар тапты деді Бұқар. Отауды қалай құрып, жарды қалай алыпты? Қан төгіп, құн артып алмап па еді. Қыз азсын-ақ. Азамат неге бүлінеді? Ұрын барған күйеуді өлтіріп, қалыңдығын тартып әкеткен, Арғын, сен емес пе едің?! Арысымды өлтіріп алауыздықты алдымен бастаған, Арғын, сен емес пе едің?! Алты арыстың ағасы деп алдыңнан өткенде айылыңды жиып па ең? Теңдігімді беріп пе ең? Кешегі қисық түтінің бүгін қалай тік ұшып отыр. Тура көтеріліп отыр. Дәліңді айтшы. Әлде тағы да бір құлық сауған айлаң ба? Ат-сойылды әуелде қамдамай, ақылға келсең, Найман ауыздық тістер ме еді? Арындауға бағар ма еді? Өзгеңді өзге дейін, Бөгенбай, өзеуреп ұмтылған кешегі орайынды бүгін қалай ұмытарсың. Рас, татулық пен бірлік - ел ырысы. Сен қолдаған елдікті мен іздемей ме екем? Анау Аякөзде қан жұтып, қорлық көргенде сен екеуміз жылаулы елдің жасымен анттасқанда, өз бауырымнан қас табам, қастандық көрем деп ойлап па ем? Ендеше, анау қапыда қаза тапқан қандасым қарғысымды қалай айтқызбас екен. Қасіретімді қалай тартқызбас екен. Қан төкпей қоя алам ба? Кек алмай тоқтай алам ба? Сен шақырған аруақ Найманда құрып қалды деймісің. Дарабоздан тартқызсам, қазық боп төбеңді ояр. Қабырғамды қайыстырған қапамды ортаңа салдым, ағайын. Жат қорлығы өз алдына, жақыннан жатбауырлық көргенде, еңіреген жаныма маза жоқ. Жесірімді қайтарып, жендетімді қолыма бер. Атам ба, асам ба, шабам ба - өз еркім. Қылыш кесер түйінді қисынсыз билікпен шешем деп әуре болмайық. Тізеге сап, қиыс бұрсаң, әділ би, әділетіңді өзің әлсіреткенің. Менің тоқтамым - өлімге өлім! Қанға қан! Ішімде қатқан қанды жібітпей тынымым жоқ! - деп зіркіл қағып түгел жиынды түршіктіре қатал байламын атады.Содан соң адымдай басып кеп Дарабоз-Қабан-байдың қарсы алдына тоқтады. “Айтқаныңа түгел қосылам” деген раймен ауыр денесін шайқалта ырғап қойып, Қабанбай үнсіз бас изеді.

Жай сөзбен жамырасып отырған көпшілік мына ауыр талапты естігенде су сепкендей тыншып, лезде

бұйығып, еңселері мүлде түсіп кетті. Сезімтал жүздерде: “Мәмлеге келердей жұмсақ басталып, бір бәтуаға жақсы ниетпен ойыса бастаған дау аяқ астынан қайта ширығып, ұлы дүрбелеңге жол ашқаны ма? Мына ытырыну - жай қоқанлоққы емес, шегіне жеткен ашынудың долдана бұрқ етуі ғой. Мына ыңғай -кіналасу емес, ашық жаулыққа аянбай бет бұру, соған бару ғой” дейтін тіксініс жүздерде тұнып қалыпты.

Ошаған би жан-жағына қарағыштап, қою қасы тікірейіп, шарасыз ашудан күйіп отыр. Бұғалық салғызбас қашағандай мөңкіп, екпінді ызғармен маңайлатқызбай шапшыған Найман жағына сұмдық көргендей сұрлана қарап, бөркін шешіп алды. Тақырлатып қырғызған төбесінен жылтырап шыққан терін қытайы маңлық орамалымен сорғыта сүртіп тастады да, қолын мықынына таянды. Қалай ырғыса да тізгінін ұстатпай қиналтып, әлекке салған Ақтамберді жыраудан ата көңілмен безініп қалды. “Адам аласы іште-ау!”. Өкініші осы. Алғаш хабар тигенде Найман дауын Ақтамберді ұстайды дегенді естіп, билік етуге тез көнген-ді. Өйткені, осы жыраудың қалың қауым мүддесі үшін дейтін бір шырағының алдында қалт-құлт жанып жүретінін білетін. Басқа басқа болса да, дәл осы Ақтамберді солға жығылмай, жөнге қисаяр деген үлкен сенімі де болатын. Сол сенген жырауы шеңберден секіріп кеткенде суық тер өнебойынан шып-шып атты.

Үмбетей жырау екі-үш мәрте тамағын кенеп, белгі беріп кезек күтіп отыр екен. Ойланып кеткен Ошаған би, тез сілкініп әлгіге рай берді.

Үмбетей жеңіл денесін қаршығадай қомдап, жаңағы Ақтамберді тұрған жерге шықты да, Қабанбай мен жырауға бұ да шаншыла қарап жыр жолдарын төпеп кетті.

- Ей, Ақтамберді, Қабанбай!
Суытпа босқа түсіңді.
Қайрама онша тісіңді.
Сырт тазасы не керек,
Тазарт әуел ішіңді.
Салмақтасаң айта ғой,

Жұрт алдында күшіңді.
Елімді иесіз деймісің,
Ерімді киесіз деймісің,
Алты арысқа білдірмей
Басып жеймін деймісің?!
Батпан, батпан мінің бар
Қабынбай бітім қылыңдар.

Уа, Ақтамберді, Қабанбай! Сендер дау қуа келмей, жау шыға кепсіңдер ғой. Арылған сайын бізді алаша тұтып, адым аштырмай барасың. Әлде анау қарақыпшақ Қобыландының Ақжол батырды өлтіріп, елге ылаң салған кебін іздеймісің. Сен сол қарақыпшақ Қобыландыдан артық па едің?! Оны да тұқыртқан мына отырған Үш жүздің батырлары болатын. Сол ата-бабаның нәсілге сын ғып, мирас қып кеткен өсиетін алмай, қасіретін атқан кесірін ұстап қалғаның қалай? Жамау сала алмай, құрсау таба алмай отырған жыртық пен тесікті бой-бой айырып, дар-дар жыртқандағы ойың не? Қазақтың көрген құқайы әлі де аз, бұдан да гөрі сорлай берсін, құри берсін дегенің бе? Ант пен серт бергенде жеткізбейсің, бірлік пен ірілік дегенде аузың аузыңа жұқпайды. Онан да анау жау табанындағы Алтайды, Ертісті жоқтасақшы. Қанға қан дейсің? Еріңді өлтіріп пе едік? Алдынан шығып кескестеп жолын бөгеген соң, қолын байлап, ауыл іргесіне тастап кеткен қауқарсыз немеңді қасқыр жеп кетерін біліп пе екен біздің жігіт. Егер қасқырға ағайын, жыртқышқа жамағайын десең, құныңды анау бөріден де сұра. Жол айрыққа тірелдім десең, “қара қазан сар баланың обал-сауабын да арқалап өтем!” деген нарлығыңды көрсет. Әйтпесе, қазақтың онсыз да желпілдеген түндігіне жел үстеме. Құйын шақырма! Дос борышы оңай емес. Қанқұйлы қас дұшпаннан бетер қаскөйлігіңді көлденең тоспа! Сабыр ет! Ошаған ата, не айтсаңыз да, билігіңізді күтеміз! - деп Үмбетей сөзін доғарды.

Ақтамберді тағы көтерілді.

- Уай, Арғын, арғы-бергіні тірілтіп алдыма тосқанда, жүйемен ұтам дейсің-ау. Түршіктіріп түңілтіп, жатырқатып жаннан бездірер сұмдығыңды өзің қалай

ұмытқансың? Қарақыпшақ Қобыланды Ақжол батырды өлтіргенде құн дауламай, қан даулап өре тұрғаныңды есіңе салайын. Ен далада еркін жортқан еліңнің тұтқасы Қобыландыны да өлімге байлап берген кесігіңді сен атағанда, менің найза шаншар қуаты, желі байлар суаты жоқ әлдебір құнсызды құныкер қылғаным неге шамыңа тиеді. “Алдымен бөріден есе ал, есе алсаң, менің де басымды кесе ал!” деуің қай бұлтағың. Байлап бергенің - бауыздап бергенің емес пе. Шырмап бергенің - шығарып бергенің емес пе. Қолын байлағаның - қаруын алғаның еді ғой. Қаруын алғаның - қорлағаның еді ғой. Жемтік жеді деп қасқырмен айтысам ба. Қасқырға сілтеді деп жөнімнен қайтысам ба. Жоқ! Талабым - талап! Кесігім - кесік! Келісер болсақ, керіске бармайық. Айтқаныма тұрасың!

Әр жерден жамыраған дауыс лап-лап шықты.

- Әбден қисайған екен!
- Қыңыратқыған екен!
- Жарға жығар екпін ғой мұнықі!
- Мынау от сөндіру емес, өрт салу!
- Аямай, аянбай салу!
- Жиын отырған жұртты жырым-жырым ету!
- Иә, жаулық! Қаскөй жауыздық екен іздегені.

Ошаған би қолын көтерді. Ыңыранып сөзін бастады.

- Уай, жайсаң жақсым! Қауыңа - өрт, дауыңа серт араласты. Өрт өшіріп, сертті жұмсарта алармысың, өртті өршелендіріп сертке кек жалғармысың, әйтеуір құрық әкетіп тұрсың, жүдә тегі. Көш бастаушың - жігерің, кек қайрарың -намысың еді. Жігерің басыңа, намысың досыңа түсіп тұр. Өкпең қабынып, өтің жарылып тұр. Алысыңды аңдамай, аумағыңды шолассың. Шекеңнен соғып шебіңді азайтып, темір қазықтай іргеңді шегелеп жатқан ашқарақ ақ патша бекінісі ауылыңның шетіне орнағанда, зіркілдеген зеңбірегі түйеңнің боздағанын, жылқыңның кісінегенін жұтып жатқанда, бір-біріңнің кеңірдегіңді жұлып жердей тура соқпақтан адасып, сойылға жармасқандарың - мына кәрі қойдай зар күнімді көзіме бұлдырық жаспен дөңгелентіп әкеліп отыр, жүдә тегі. Ал, атыс та шабыс!

Сойылдас та шоқпарлас! Қызыл қанды судай ағыз! Бауырыңды балтала, пақырыңды пышақта! Сонда не ұтар екенсің? Содан кейін бірің Әбілқайырға, бірің Болат ханға құйрығынды бұтыңа тығып, сүмірейіп бар. Біріңді біріңе тағы айдап салсын олар. Уәжға тоқырап, келеге келмесең, солай бүлін! Әкем тегі, пәтуа бермесең, мен не дейін. Анау жау жамбастаған Алатаудай асқарымды алыстан барлап, бармақ тістеп кетермін. Белін буар, қанжарын суырар, кек қуар десем, кебенектеген текедей біріңді-бірің сүзесің, жүдә тегі. Қай тентегіңді қайырып қақаңдай берем. Арам ойды ертерек ойласаң, адалыңды өзің өлтіргенің де. Өлгеніңді қалай тірілтем! - деп лажы қылмай басын салбырата таусылып тоқтады.

Бөгенбайдың қасында Қаз дауысты Қазыбектің үзеңгілес туысы, Қаракесек Аралбай батыр манадан үнсіз отыр еді. Қарт би сақалын жуардай тоқырағанда шыдай алмады. Ортаға шапшаң шығып, қамшысын жыланша сылқ еткізді.

- Ей, ағайын! Уай, үш жүздің түгел төрт көзі! Сауға сұрап бүрсеңдеп жан сақтағанша, сол жанды елдігімнің садағасы етсемші! Талай тайғақ тар асудан тайсалмай өткенде, тулақтай төбеге шыға алмай, тұралап қалғанымыз қалай? Тілі, діні бөлектердің тұс-тұстағы тұтқиылдан тосқан қауіптерін ұмытып, төтеннен пәле іздеп әуре болмайық. Ақтамберді жырау исі Найман атынан байлауын айтты. Қатты айтты. “Қарсы тұрысам, мызғымай тіресем!” деп атады. Мен де Арғынның бір ұлымын. Ендеше, байлауын қабыл алдым. Өкінбеймін деп қабылдадым. Тәңірім тату бол дегенде пендесіне қатулықты қоса берсе, сол қатулықты қанмен жұмсартпақ далбасам болсын. Мен тұрдым сөзіңе, Ақтамберді. Сол кесіктен сен айнымайсың ғой?

- Айнымаймын, Аралбай батыр!

- Ағайын, естідің. Куә бол. Енді менің шешімімді тыңдаңдар. Адамзат ұрпағын “өмір сүрсін, қанат қақсын, өрісін кеңейітсін, бағын ашсын, тұқымын қалдырсын!” деп армандап туғызады. Адам ұрпағын ”тез солсын, он екі де бір гүлі ашылмай сынып, семіп түссін!” деп аңсамайды. Бақиға жазған жұмағын

пәниде жасасын, өмірін қызықтасын, тірлігінде сайрандасын деген азаматым бар. Әне, анау тұр! - деп Аралбай қолын сілтеп он жеті жасар ұлын көрсетті. - Аты - Жандыр. Жандырым - адасқанда жұлдызым, шөлдегенде - жалбызым. Ей, Ақтамберді, сен қан тіледің. Аңсағаның шын қан болса, міне, менің ұлым! Ел тыныштығы үшін садағыңа қададым!

- Астапыралла!

- Не дейді!? Сұмдық екен!

- Шарасыз халі ғой байтұсты шырмаған! - дескен мол шуды тағы да тыйып тастап, Аралбай батыр саңқ-саңқ етті.

- Сен бөрі өлтірген ұлыңды менің жылы қаныммен тірілпексің! Бөрінің аузы қанды болғанмен, көзі - соқыр. Жемтігінің адал-арамын таңдамайды. Бөріңді шығар да, көзін таң! Жандыр, сен атқа мін де, анау тастың қасына барып тұр! Жүдеме! Ал, Ақтамберді, адамыңды шығар да, байлауыңды орында. Арамдық жасама. Көзін өзің таң! Саған сенем! - деп Түйте атасының білегінен ұстап ап, екі көзі от шашып тұрған ұлының қасына барып, маңдайынан үш қайтара сүйді.

Жандыр ұлан әке кесігін үнсіз қабылдап, басын баппен иді де, дік етіп атына отырып, көкесі нұсқаған қара тастың қасына барып, қасқайып тұра қалды.

Күн ұясына еңкейген еді. Еңкейген күннің қызыл сәулесі көл бетінде шағылысып ұланның ақсұр жүзінде ойнады. Ақсұр жүзді ақырғы рет аймалады. Көлбей ұзарған жүрдек көлеңке сұмдық шешімді алыс еңіске ала-ала қашты.

Ақтамберді орнынан созалаңдап тұрды. Қамшысын екі бүктеп алып, айналасын тез-тез шолып өтті. Содан кейін Арғын тобына көзін тіктеді.

- Уа, Арғын, бәріңнің шешімің осы ма?

Аралбай қадала қарап басын изеді. Бөгенбай теріс айналды. Үмбетей жерге шұқшиды. Түйтенің тамағына өксік түйілді. Бір ауыз сөз - сонау ұланның жаналғыш Әзірейлісіндей боп көмейлерінде кептеліп жатыр. Бірақ үндемегенмен серттен тая алар ма...

- Шешіміміз осы...

Кім айтқаны белгісіз, төмен тұқырған бір ерін әлсіз күбірледі.

- Уа, Арғын, “көңілде кірбең қалмасын! Ағайын аласыз табыссын” деген шын ниетің осы ма? - деп Ақтамберді және дауыстады.

- Иә, осы болсын!

- Тағы қайталаймын. Осы жолы бітісіп, татуласып қайтамыз деп Найманды шын бауыр тұтып берген шешімдерің бе?

- Иә, байлау осы болсын!

Ақтамберді камшысын беліне қыстырды. Екі қолын тік жоғары көтерді.

- Уа, жағалай жұрт! Мен үш рет сұрадым, Арғын үш рет жауап қатты. Түгел естідің. Мен кек құдым. Сен сертте тұрдың. Ағайын арасын алалап бүлінбедің! - деді де, Жандыр ұланға бұрылып, қасына барды, жетелеп әкеп аттан түсірді де, бұ да ұланның маңдайынан үш қайтара сүйді. - Адам бол, Жандыр балам! Жүрегің жаудан, тілегің елден қайтпасын! Бар көкеңе, бара ғой.

Уа, ағайын! Мен дау қуып сынға түскенде, сендерді сынамақшы болғам. Аз нәрсеге ала өкпе білдіріп араздасып кетерміз бе, әлде туысқан боп зілсіз араласармыз ба деп екіұдай келген едім. Рақмет, ағайын! Көңіліңде бүкпе, жүрегіңде дық қалмады. Арғынға да, Найманға да бұрмадың. Жұмыр басты адамның пәле-қазасы әртүрлі. Адасып өлген ұлдың әуресімен апырақтап алдарыңа келгенде арыз тыңдап, әділетке жүгіндірдің. Арғын алты арыстың ағасы еді, ағалығын анық жасады. Адалынан ауытқып кеткен жоқ. Жағам - жайлау, көңілім - жаз, жадырап тұрмын. Ішімнің кірнесі түгел айықты. Қылаусыз, қылсыз айықты. Ел бірлігі дегенде ерін оққа байлаған ағайын қай сынымнан да табылады екен. Осымен бітістім де татуластым. Өткенге салауат.

Ошаған ата, билігіңізді біраз бүлдіре жаздадым. Түйе бастаған бір тоғыз айыбым бар! Тәңірі алдында енді ешкімге таласым жоқ. Арғын, Найман туыстығын дәлелдеп шықты. Мен разымын! Бек разымын! Тоқтадым! - деп орнына барды.

- Е, бәсе, Ақтамберді жырау осылай десе керек еді!

- Бір түлек емес нағыз мұзбалақ екенін таныттыау!

- Жаса, жырау! Тәңір жар болсын!

- Абыройың аса берсін!

- Қайда жүрсең осындай келеге кеңес киргізген адалыңмен өт!

- Уай, Аралбай, саған да мың да бір рақмет! Еліңнің серкесі, халқыңның еркесі бол! Жағың түспей жамандық көрме!

- Мен үшін Аралбай батыр сенің Ақтамбердіңнен де асып түсті-ау!

Ошаған у-шуды тоқтатты. Ақтамберді мен Аралбайды қасына шақырды.

- Ал, аға Арғын, інісі Найман! Екеуің екі жағыма отырыңдар. Аталы сөз иесін де, жүйесін де тапты. Дауларың қаңтардай қысып кеп, жаймашуақ жаздай жадыратып жіберді-ау, жүдә тегі. Бейбіт берекесін табар елдің кеңпейіл мінезін көрсеттің екеуің де. Бұрынғы көп жолдан лебі басқа шырай көрдім бүгін. Иншалла, жақсылыққа жорып, марқайып аттанармын. Арғын, сені де, Найман, сені де мінемеймін. Мен айтар алғыс-ризалықты анау көп-көп халқың, жұртың айтып отыр. Әкем тегі, осы татулығыңнан таймаңдар. Тірі аруақ боп қуыс кеудем сүйретіліп қайта ма деп қобалжып қалғаным да рас. Бекер қобалжыған екем. Өзі бұзып, өзі түзейтін елім барда белім қайысар ма. Қамқорлық айтып, жан - иман, ант - аман деп момындығымды, ағалығымды бетке ұстап кеп ем, бетіңді дұрыс бердің. Енді осы бүгіндігімізді тағы да батамен бекемдейік! - деп қолын жайып күбірлеп ұзақ қайырды да, қос алақанын біріктіріп әкеліп бетін сипады. - Ақтамбердіжан, билік салмағын менен кем білмейсің, қинадың да сыйладың. Осының неге тұрады! Түйе бастаған бір тоғыз айыбыңды маған берме, мынау жиылған жұртқа той жасап, бәйгесіне тік. Көңіл көтеріп, думандатып тарқасын, - деді де, Ақтамбердіні босатып, Аралбайға бұрылды. - Аралбай батыр, қолыңды жайғын! Батамды алғын! Маңдайың кере қарыс, көзің алау от екен. Ырысың төбеңнен асып төгіліп, көзіңнен таусылмас күн шашырасын! Сенен үміт күтер ағайын, алашың әрдайым қасыңнан табылып, сенімін артып өтер. Артып өтсін, ылайым! Әулетіңнен ақын да, батыр да шықсын. Жетінші

буынында ақиық жыршы да, әйгілі күйші де туар. Айналып сен сонда қайталанарсың! Сыныққа дауа, кеселге ем бол! Мына алған бетіңнен жарылқасын! - деп бата берді.

Аралбай аса қатты толқып, есеңгірей түсіп, қосыла бетін сипады да, әлсіз күбірледі.

- Айтқаныңыз келсін, Ошаған аға! Алла разы болсын! -деп бетін басып, кемсең қақты. Күн ұзын іштегі ширыққан күйі осы сәт сыртқа лап етіп атылды. Сонау төменде тұрған сүйікті ұлы - Жандыры көзіне бұлдырап қана шалынып, су ішерлігі таусылмаған тірілігімен, амандығымен еріксіз қуантып, бой-бой босатты. Сонысын жұрт көзінен жасырмақ боп сырт айнала беріп, еңкейіп бір уыс топырақты бүріп алып, маңдайына тигізді.

Билік бітті. Дау шешілді. Қабақтар ашылды.

Осыдан кейін Телікөлді керемет жайдарылық биледі. Бітім сөзі жұрт аузында әрқилы аталғанымен, әйтеуір татуласты деген сүйініш хабар анау төмендегі көз тіккен бар-бар адамды тегіс елең еткізіп, қуантып жетті. Осы әдемі хабар сәлден кейін тұс-тұсқа құйғыта жөнелген жас жігіттердің дүбірімен алыс-жақындағы, ой мен қырдағы ауыл мен рулардың жасы мен кәрісіне, кедейі мен байына, бала-шағасына тегіс тарап, жайылып жатты.

Жомарт батыр иығы қомданып, көзі жайнаңдап осыларды қуақы, қунақ көңілмен тез барлап, тамсандырған алуан ойға шомды.

“Бүгінгі күн - ертеңгі ұзынсонар аңыздың, даңғазасы көп ұлы дақпырттың тұсау кескен күні. Биліктің дүрілдеген дүбірі талайдан талайға кетер-ақ. Алдымен Арғын, Найман дауы деп айқындала басталып, содан әрі талай қоспа, талай жамау жапсырылып ұзынырғасы баяндалар. Сонсоң шатқаяқтаған Найманның шап тіреп, қасарысып жатып алғанын, Арғынның біраз арындап барып ақылға келгенін, Жандыр ұланның қайсарлығын тәптіштеп, ауыздан сілекей ағызар. Оқшауланып, ерекше тұлғаланып Ошаған ата мен Аралбай батыр аттары жүрер. Аржақ-бержақтағы небір оқиға - ұл туған, қыз қашқан, ас берген, ел шапқан, барымта

алған сияқты тіршілік белестері осы күнмен айқындалар. Сонда, тап сонда ел бірлігі деген бір тудың шайқалып барып қисайып кетсе де, жығылмай қалғанын есте тұтар. Ертегі, аңыз қып айтып, дастан қып жырлап әріден әріге, ұрпақтан ұрпаққа әкетер. Хан таппаған қасиетті мінезді қара тапқанын халқы ұмытпайды, жауы ескереді. Ендеше тобын көбейтіп, шоғырын нығайтып өтер ел кәдесі қай дәріптеуге де, қай қолпаштауға да сияр. Мынау жайлау-жазығы, ой-өлкесі мол Телікөл үш жүздің атын осы жолы бір шығарар. Жақсы атап, табынтып, елжіретіп шығарарау. Ынтымақ - ырыс алды деген. Ынтымақ тапқан мына күнді ынтық көрген жұртым, әне, той-думанына да әзірленіп жатыр”.

Осыдан кейін Телікөл жағасындағы тойға дайындық қауырт басталып кетті. Жан-жаққа, алыс-жақынға хабар айтып, баптап отырған жүйріктерін алғызды. Белгілеген балуандарын келтірді. Ел беті күреңітіп, ер қабағы қатуланып, бала-шаға жасқаншақтап қалғанда аяқ астынан жұрт жадырап, қабақ ашылып, көңілді күйге көшкен қан жайлау әзіл-қалжыңнан, күлкі-қылжақтан тұнып тұр.

Жоламан Жандырдың қайсарлығына қатты қызыққан. Әсіресе, ұланның қасқиып ат үстінде оқ тосып тұруын бұл өзінше бар ерліктен артық көріп, жас жігіттің кеудесін жаугершіл ердің жүрегіне балаған. Содан бері достасып кетудің ретін таба алмай жүр еді, бүгін екеуі оңаша кездесіп қалды.

- Армысың, Жандыр ер!

- Бар бол, жас батыр.

Екеуі әзірше үлкендерден үйренген сөздерімен тіл қатысып қалды. Біріне-бірі көз жүгіртіп тұрды да, біраздан соң жастық көңілмен еркін араласып кетті.

- Жандыр, бір нәрсе сұрасам, шыныңды айтасың ба?

- Сұра, Жоламан, өтірік айтқан жерім жоқ.

- Мен айтсам, осы сен үш күн бұрын атқа мінгенде қорыққан жоқпысың? Ең болмаса, сескенген шығарсың? - деп Жоламан қалта қарап, шын көңілден сұрады. Тіпті ауыздан шыққан демі бет шарпып, түгел естіп қалайын дейтіндей ентелей жақындап тұр.

Жандыр сәл ойланып барып, жүзіне қуаң рең жүгіртіп, бас шұлғыды. Көп мүдірген жоқ.

- Сескенбек түгіл жаным мұрнымның ұшына келген-ді. Өлімге бас тіккенді кім жақсы көруші еді. Бірақ көкемді ұғам ғой. Сен менің көкемді білмейсің. Ондай адам аз. Көкемнің мен дегенде шығарда жаны басқа. Әлі күнге бір рет ұрмақ түгіл ұрысты ма екен. Ал анау бар ғой, қасыма келіп маңдайымнан үш рет сүйгенде көзіне көзім түсіп еді, сондағы үндемей жылағанын, түгел ішімен егілгенін көргенде бар ғой, Жоламан, дәл мына жеріме, тамағыма бір қорғасындай ап-ауыр түйнек түйдектеліп келіп тұрып қалды. Сонда көкемнің қалай қиналып, қандай езіліп тұрғанын сезіндім. Сезіндім де, көкем үшін көзімнен жас шығарғым келмеді. Қорыққаным рас. Сұмдық қорықтым. Күн бар ғой, сол батып бара жатқан. Телікөлде сәулесі ойнады. Ойпырмай, сондағы көлдің әдемісі-ай! Туғалы көрмеген сондай ғажайып дүнием еді ол! Әй, Жоламан, сонда бар ғой осы көлге ең болмаса бір сұңғи алмадым-ау деп өкіндім. Неге екенін білмеймін, апамды еш ойлағам жоқ. Өкінішім осы көл болды да тұрды. Соған бір сұңғісем, арманым түгел орындалатындай көрінді. Ал көлді кейін барып қарасам, онша-мұнша түгі жоқ. Ал анау жерде, ат үстінде бар ғой, күн мен көл сұмдық ғажап болып еді. Аңсарым ауғаны сонша, “көлге бір сұңғіп келейінші!” деп биден сұрамаққа оқтанып-оқтанып қалғаным бар.

Қорыққам... Қорықсам да тұрдым. Көкемді аядым. Ал көкем амалсыз соған барса, басқа шарасының қалмағаны ғой. Қорқынышымды аянышыма жеңгіздім, - деп Жандыр ақтарылып салды.

- Бәрібір сен батырсың, Жандыр, - деп Жоламан жаңа жолдасын арқасынан қағып қалып, құшақтай алды.

Осы кезде асқақтаған ән көтерілді.

Екі дос ән шыққан тұсқа ойысты.

Сегіз қанат ақ ордаға жастар жиылыпты. Алқақотан отырып ойын-сауық құрып, ән салып жатыр.

Ортадағы қыз бен жігіт өлеңмен шарпысып қалды.

- Батырлық деген немене?
- Алқынбай шығу төбеге.
Жаншылған жауды есептеу
Жарамен түскен денеге.

- Батырлық деген немене?
- Шақыру жұртты келеге,
Атадан қалған селебе,
Анадан қалған өнеге.

- Батырлық деген немене?
- Кек жолын қуған - немере.
Шайқалмаған - шаңырақ
Шаншылған- уық, кереге.

- Батырлық деген немене?
- Бас ию жақсы көнеге.
Асқынған жауды қашырып,
Алқынбай жету сөреге.

Дауыстар лап-лап шығып, риза қошеметін жаудырды.

- Жарадың, жігіт. Сүй! Аянбай бір сүй!

- Мықты айтты. Тауып айтты, ә!

- Ендігі кезек Айкүміс пен Қожақтікі.

- Иә енді сен екеуің ортаға шығыңдар.

Ойын өз ретімен жалғасып жатыр. Жандыр мен Жоламан шеттеу, есік жақтан қызыға көз тігеді. Мына ойынның да өзгеше өрнегі бар сияқты. Жандыр бұрыннан таныс болса керек, ал Жоламан аса ынтыға елтіп отыр.

Ортадағы екеу кақтығысты сұрау-жауаптан бастады.

- Батырлық қайдан шығады?
- Жаужүрек - оның тұрағы.
Ақ бата - ұстар жалауы,
Ананың көңілі - шырағы.

- Батырлық қайдан шығады?
- Татулық оның ұраны.
Топтасып шебін құрады.
Бірлігі - бекем құралы.

- Батырлық неден туады?
- Атқан таңның шуағы
Таудан аққан су әні.
Қайғысын қанмен жуады.

Тағы да басқа екеу ортаға шықты.

Қыз бірден әнге басты. Сыңғырлаған ашық даусы аспандап барып сорғалап құйылды.

- Асқар тауда бұлақ бар,
Бұлақ ағар жамырап.
Ақ тақырда лақ бар
Лақ тұрар маңырап, -

деп жұмбақтай толқындатып жігітке наз толы көзін төңкерді.

Жігіт домбырасын күмбір-күмбір қағып жіберді де, тез қайырып жұмбақтың шешуін айтты.

- Асқар тауда бұлағың,
Үміт шығар кел деген.
Маңыраған лағың -
Мен болармын шөлдеген, -

деп ақ тістерін көрсете сақылдап күлген жігіт домбырасын көршісіне ұстатты.

Сәлден кейін жұрт тыншып жүрдек домбыра құлақ күйіне келді де, күй толқындала жөнелді. Көңілді ырғақты жылдам қайырып, желікті күй отырғандарды түгел желпінтті. Жұптаса орналасқан қыз, жігіттер бір-біріне үнсіз көз тастап, күй үнімен тілек білдірісті. Күй сазымен сыр ашып, күй жебеуімен қол қысысты, орамал алысты. Қозы Көрпеш - Баяндай, Жүсіп - Зылихадай боп іштей серттесіп, жанармен табысып, қой көзде, қара көзде ұшқын атқызды. Алыс-жырақтан келіп бас қосқан әр рудың сұлу, сүйкімді жастары бірін-бірі жатсынбай, көз алартпай, қанжарға жармаспай әдемі бейілмен қызғылт тартқан реңдерден қызығын аулап, қымсына күлген қызыл еріндерден қостау тауып, тілек байласып жатыр.

Ұзамай қыз, бозбала далаға шығып бәйгеге қосқан жүз жүйрікті тамашаласты. Одан балуандар күресін

қызықтап, ақыры жамбы атуға ыңғайланды. Енді жастар бәсекесінің өз кезегі жеткенде қызу желік тіпті күшейді.Әсіресе жігіттердің ішпен біліскен қаракөздері тілеуін тілеп, құлшына сиынғанда жүз қадам жерге орнатқан бақан басындағы күміс жамбы әркімнің бір лүпіл қаққан жүрегіндей боп жарқырап көрініп, бұлдырап-жоғалып кетеді.Ендігі үміт пен тілекті арман - осы тайтұяқ жамбы. Жамбыны түсірген арманына жеткенмен бірдей. Өйткені жастар ыңғайын бағамдап қалған Ошаған би оқшау байлау жасаған еді. Түйіні мынау: тоғыз бастаған жүлде талайдан белгілі. Оны алғанның да, алмағанның да көштен қалып, қатардан озғаны жоқ. Осы той айта қалғандай болу үшін естен кетпес бәйге тағайындау қажет. Ол - жүрек қалауының іске асуы. Осындағы көп жастың өздері икемдеп, жұптарын сайлай бастағандары сыралғы кәрілерге айғақ бопты. Соны бір жақсы дәстүрге айналдырса деген ниет бар. Жамбыны атып түсірген жігіт (әлбетте қыз келісімін алмаған мерген бұл жарысқа қатыспауы керек. Ал жастардың келісімін білу өздеріне тапсырылсын) сүйгенін қалыңсыз, құдалықсыз, дәл осы думан үстінде қолына қондырады. Көп елдің алғыс-батасымен, шалқыған ән, көңілді күймен екі жас жұптасып қосылады. Отау көтеріп, мал салады алдына, жасау жинап ауыл ғып шығарады. Көп түкірсе - көл. Көп тілеуі осындай байлауды қалайды.

Бұл шешімді естісімен жастар қуана лепіріп, алақандарына түкірісіп, сәт сағаты соғуын бар жан-тәнімен қаласып, мергендерді іріктеп жүрген жігіт ағасы Түйтеге сыбырлап сырын айтып, қатарға тізіліп жатыр. Біраздан соң әлгі Түйте батыр оңаша топтанған қыздар қауымына барып, әрқайсымен жеке-жеке сөйлесіп, олардың келісімін және алды да, қариялардың рұқсатымен жамбы атуды бастап жіберді.

Бұл топта Жоламан мен Жандыр жоқ. Ол екеуі алғашқы қарқынмен жақтарын ыңғайлап, жебесін сайлап, жарысқа түсуге ден қойып еді, бәсекенің кейінгі оқшау шарты қолдарын еріксіз байлап, қатардан шығарған. Көзбен тауып, көңілмен қалаған кермекастары болмаған соң жарыстың тәртібін бұзбай, сырттай берген-ді.

Осы кезде топ қыздан бөлініп, қос бұрымын жер соқтырып Ошаған бидің құралай көзді немересі екі жігіттің қасына келді. Көзі от шашып, жай атып тұрған ойнақы қыз қос құрдасқа көктен түскен хор қызындай сезіліп еді, бойжеткенге ұмсынысып қалып, тіл қата алмай және тоқтасты.

- Оу, қос жігіт! Үміт саумай жым-жырт тұрыстарыңыз қалай?

- Басқаларға кезек берейік деп ек.

- Жандыр мырза, басқа басқа болса да, дәл сіз алдыңызға жан салмасаңыз керек еді, - деп қыз тілек білдірді ме, қайрады ма, ұзын кірпіктерін жапыра төмен құлатты.

- Қарындас-ау, босқа арамтер болам ғой. Жарыстың шартын естімеп пе едіңіз? - деп Жандыр тез тұтанып, енді қыз жүзінен көз алмай әлденені асыға күтті.

- Сол шартты естіп, ескеріп кеп тұрмын. Сіздің әнеукүнгі ерлігіңізге де қанық боп, ниетіме қол қақпас деп кеп тұрмын, - деген қыз жігіттің көзіне тура қарады. Жай емес, анықтап, барлап қараған сәтте ақ жүзіне діріл аралас қызыл жүгірді. Сол діріл айқұлақ алтын сырғада ойнап, күн көзінде сан құлпырды. Сол сәт ойнақы қыз Жандырға сондағы күн батар кездегі көлдей ғажап сұлу боп көрінді. Әлгі анық діріл енді кірпік пен қасқа ауысыпты. Сергек діріл сыршыл іштің аласапыран толқыны боп бетке, қасқа, сырғаға тұрып қапты.

Жоламан Жандырды жайлап түртті де, тез сергітті.

- Жандыр, сен менің сарыжасынымды ал. Өзіңнің садағың жақсы. Мынау сарыжасын керемет ұшқыр, жамбыға сақ етіп қадалмаса, қара да тұр, - деп қыз сырын бұ да тез ұғып, жолдасын асықтырды.

Жандыр қызға қараған күйі үнсіз бас изеп келісім берді де, алгүл жайнап, тұла бойы түгел дуылдап, өртеніп кетердей қызынып аттап бара жатты.

Бұл кезде жиырма шақты жігіт кезек-кезек жамбы көздеп, жақ тартып алғашқылары тигізе алмай сандарын соғып, мысы құрып кетіп жатқан. Бойды билеген діріл мен ойды алған жалын әзірше бірде бірінің оғына анау бақан басындағы жамбыны шалғызбай қойған еді.

Дуылдасқан көпшілік қайрау сөзді әр тұстан лақылдата леп беріп, осындайда өз руының ұранын жамыраса айқайласып қалады.

- Ойшыбай! Ойшыбай!
- Алатау! Алатау!
- Бөрібай!
- Қаптағай!
- Қарақыпшақ Қобыланды!
- Ұйбас!
- Ақжол! Ақжол!
- Қарқабат!
- Манатау!
- Аруақ! Уа, әруақ!

Оны азсынғандай үш жүздің намысын көтеріп жатқандары да бар. Үш тұстан үш толқын атой сарылдады.

- Бұқар!
- Құндыз!
- Тұлпар!

Ән мен күйсіз той бола ма. Екіленіп домбыра бебеулеп, желдірмелетіп жыр төгілді. Арқасы қызған думаншыл қазақ жеңілгенін де кек көрмей, азайып бара жатқан жас батырлардың қатарын көтермелей жебеп, тыншыр емес.

Жандыр Жоламанның сары жасынын уыстап сипап кеудесіне қысты да, иіліп Ошағаннан кезек өтілді. Кәрі би сәл басын иіп, рұқсат берді.

Жандыр балғын денесін көк шыбықтай солқылдатып тіктеді де, жамбыға бұрылды.

Түйте қуанғанын жасыра алмады.

- Е, бәсе! Қатардан қалды-ау деп уайымдап ем, - деп інісінің арқасынан мейірлене қағып қап, ілгері лықсытты.

Аралбай әке іштей алласына сиынды. Жоламан дос жанын қоярға жер таппай, демін ішінен алып тұрған, қасындағы қызға көзі түсті. Қыз болса өте сенімді екен. Соны көріп, бұ да қобалжуын тыйды.

Сары жасын зу етті. Ақшыл жамбы күн сәулесінде топшысы қиылған үйректей қызғылт нұр ойнатып құлап түсті. Жұрт шу ете қалды.

- Уай, өркенің өссін, азаматым!

- Дәл осылай қайда сілтесең, қадап өт, қағып өт!
- Атадан ұл туса, сендей тусын-ақ!
- Өткенде ерлігіңмен, бүгін мергендігіңмен сүйіндірдің-ау!
- Жандырдай балаң бар, Аралбай, сенде арман жоқ.
- Еліңе тұтқа бол, өренім!
- Тәңірім төбесіне көтергей!
- Шуламаңдар! Жамбыны кімге берерін көрейік!
- Иә-иә! Айтпақшы сонысы бар екен-ау!
- Таңда, Жандыр шырақ! Қосағыңды өзің ата, баршыным!
- Ақ батамен ақ отауыңды осы қазір көтереміз!

Жандыр асықпай барып жамбыны алды. Жағалай жұртқа ақсия күліп қарап, жеңіл торғын шапанын сусылдатып, жекей бөркін сыпырып, келісті ақсұр жүзін төмендетіп иіліп сәлем етті. Қолын төсіне басып көпшілікке алғысын білдірді. Сонан кейін Ошаған бидің қарсы алдына келіп тоқтады.

- Ата, “әке көрген - оқ жонар” дегенмен, атама тарта алдым ба, оны өмір көрсетер. Әкем - сұлтан, бабам хан емес, қара ғана. Қараның тілегі - халық тілеуі, менің тілеуім. Содан табылайын! - деді де, басын иді. - Ата, өзіңіз байлау айттыңыз ғой, рұқсат етсеңіз, мына жамбыны анау қарындасыма берейін.

- Апырай, не дедің балам?! - деп Ошаған би оқыс ыңыранып қалып, қабағын түсіріп жіберді. Жандыр нұсқаған қыз - бидің немересі Бексана болатын. Жігіт талабы өзінің бір тілегін қиып түскендей сезінді би. Ошақты Саңырақ батырдың әкесімен екеуінің Сайрам түбінде байласқан уәдесі бар-тын. Оған да, міне, отыз жылдан асып барады. Ойраттың Сыбан-Рабтан деген қолбасы 1689 жылы Сайрамды шапқанда көп сарбазбен бірге қолға түскен Ошаған биді қарғыс тырнағынан құтқарған Саңырақтың батыр әкесі еді. Елу шақты адамды батырдың аулының үстіне айдап әкеліп түнеп жатқан бір топ шерікті түн ішінде ол түгел байлатып тастап, Ошаған бидің қол-аяғын шешкен болатын. Бидің акылымен жауларын биік құздан суға лақтырып, түнделетіп әлгі ауыл удере көшіп еді. Ылғи да көш соңында он шақты жігітімен тосқауылда жүрген батыр бірде ауыр жараланып келіп,

бидің алдында көз жұмған. Мықтап тапсырғаны екі жасар ұлы - Саңырақ болатын.

- Адал дос болдың, Ошаған. Балам саған аманат. Жетімшілік көрмесін. Тірі болса, жаудан кегімді алар, - деген.

- Аманатыңды құп алдым! Жалғыздық көрмес! Кіндігімнен туған ұлдардың бірінен қыз туса, құдай алдында ант еттім, келінің болар. Қанды көйлек достығымыз қан қосысқан туыстыққа жалғасар, - деп уәде еткен еді. Содан Бексанасын көргелі немересін тоқалдық күйге қимаса да, уәдесі орындалатын сәтті күнді асыға тосып жүрген. Мына ұланның талабы қыл майқанның түбінен қадалған жебедей тұтқиылдан тиіп, ойсыратып тұрғаны содан еді. Ұлындай болып кеткен Саңырақты аяғанмен, өз сөзін өзі жұта алмай, қол жайып, келісімін берді.

Осыдан кейін той дүрілдеп басталып, жас отау жасыл құрақ үстіне шаңырағын көтерді.

Келесі күні сәске түстің шамасында тойдың нағыз қызған кезінде үсті-басын майлы шаң басқан қос атты шабарман жетті. Асығыс күйде белін де шешпестен Бөгенбай батырды іздестірді. Шектінің батыры Тайманды Бөгенбай анадайдан танып, құшақтай алды.

- Не болды? Жайшылық па? - деді Бөгенбай, екеуі ауыл сыртына оңаша ұзай бергенде.

- Әбілқайыр сұлтан сәлем айтты. Тез келіп кетсін дейді.

- Е-е, соншама асықтыратындай не бопты? - деп Бөгенбай жақтырмай қалды.

- Беке, сұлтан сұмдық қумаса ішкені бойына тарамайды. Сені шақыруының мықты себебі бар.

- Е, ол не себеп? Әбілқайыр соншама саспаушы еді ғой?

- Састы ма, саспады ма оны Әбілқайырдың өзі ғана білер. Бұл жолғы іздетуі өте асығыс.

- Хан мен сұлтанның асықпайтын күні бар ма еді. Соны, Тайман батыр, сен екеуміз білетіндей-ақ боп едік-ау.

- Ол рас қой, Бөгенбай. Хандыққа таласқан Әбілқайыр дәл қазір у жеген қасқырдан кем емес. Қайып өлгелі ұлы хандыққа талас тіпті күшейіп тұр. Болат

хан ата жолымен ғана таққа отырды. Сәмекенің орта жүзге хан болғысы-ақ бар. Найманның Барақ сұлтаны да содан қатты дәмелі. Сілекейі шұбырып бітті. Әбілқайырды қазақ хан көтергенімен билік қолдамайды. Жәнібектің тоқалынан туған Үсіктің бұтағы сұлтаннан артыққа өскен жоқ. Әбілқайырдың қазіргі ширығуы да содан. Осыдан төрт жыл бұрын Петр ағзамнан көмек алу ниетімен Әбілқайыр сұлтан Шиба мен Бахадур батырды Тобыл жандаралы Гагаринге Ресей патшалығымен одақ құрып, көршілік ынтымақтық пен сауда-саттықты жолға саламыз деп жібергенін өзің де білесің. Әбілқайырдың сол ойын сезген Қайып хан да Петр патшаға Байбек пен Төлебайды “Жоңғар хонтайшысына қарсы соғысқа бірігіп аттанайық” деген тілекпен жұмсамап па еді. Әсіресе, “бір-біріміздегі тұтқындарды олай-бұлай алмастырайық” дегені Қайып ханның ақ патшаның боданына кіріп, өз дәрежесін өсірмекші мақсатынан тумап па еді. Осы екеуінің орыс патшасының қол астына кіреміз деген өзімшіл талабын қолдаған ру басыларын көрдің бе? Еркін қырдың құланындай ерке жайылған тірлігіне бұғалық түсердей шапшып, тулап шықпап па еді шетінен.

- Ол түсінікті, Тайман батыр. Бөтеннің боданына тәуелді боп кетуден боз даласында тоз-тоз боп өлуді артық көрген көптің бірі мына мен едім. Бірақ дәл сол қалау - қазір басқа ноқта, аяққа кісен боп түсіп, жоңғарға өзімізді өзіміз оққа байлап береміз бе деп қорқам, - деп Бөгенбай шақшасын шығарды. Саптамасының өкшесіне дік-дік ұрып, тығынын ашып, алақанына насыбай төкті. Қол тосқан Тайманға да лықсыта салды.

Тайман қарақоқшыл ашқылтымды тілінің астына тастап жіберіп тез жауап қатты.

- Бөке, дұрыс айттың. Әбілқайыр сені тез шақыр дегенде осы мына бүгінгі жағдайды екшеп отыр, - деп таусады да, еріндегі насыбайды қос саусақпен бүріп ап, сілкіп тастады. -Қытай хуандиы - Канси Сюань-Е өлді.

- Қой! Рас па!?..

- Қойы жоқ. Өліпті.

- Е-е! Сыбан-Рабтанның онда қолы мүлде босаған екен. Енді бізге біржола шүйіледі десеңші! - деп Бөгенбай құп-қу боп бозарып, бас шайқады.

- Аюке Сыбан-Рабтанға елші жіберіпті. Әйгілі Цаған-Манжуды!

- Цаған-Манжу?!

Тайман Бөгенбайға сынай қадалды.

- Иә, Цаған-Манжу! Нағыз түлкі ғой ол. Көрнеу-көзге біздің тосқауылдан құтылып кетіпті. Ендігі ол Сыбан-Рабтанның ордасында отыр.

Бөгенбай ықылық атты ма, өкініш білдірді ме, ауыр ыңыранды. Іштей “жауды аяған жаралы” деген мақалды екі-үш мәрте күбірледі.

Осыдан үш-төрт жыл бұрынғы оқиға еді ол. Еділ - Жайықтан бері жылжыған қалмаққа Әбілқайыр шабуыл жасаған. Бір қолды онда әлдебір себептермен Бөгенбай бастаған. Қазақ жасағы көп олжамен кері оралғанда, Бөгенбай батырдың үлесіне біраз тұтқын, мың қаралы жылқы түскен. Тұтқындарды аралап жүрген батырдың көзі бір сұлуды маржандай жылтыратып шалып қалған. Қыздың сырт әлпетінде көрген жанды еріктен тыс пәруана қылып байлап тастар сиқырдай бір күш бары сезілген. Содан қауіптенген батыр сүйкімді жүзден арбалған көзін айыра алмай тұрып жасағының бір беделді жігітіне:

- Мына сұлуды тездетіп ұлысының шетіне апарып таста! - деп әмір еткен.

- Ол не дегеніңіз, Бөке-ау! Ашылмаған гүл, жарылмаған бүр емес пе! Қалайша қолдан апарып береміз?!

- Сөз таластырма. Айттым, бітті. Тездетіп аттаныңдар! Енді қайталарым жоқ.

- Апырай, ең болмаса бір түнге қарайламас па екенсіз?

- Былжырама! Дереу қозғал!

Қыз Бөгенбайға кірпігін қадаған. Жүзінде қатты таңдану бар еді.

- Уа, батыр! Олжаны қайта апарып тастаған кімді көріп едіңіз?

- Мен олжа емес, адамды апартып тастамақпын.

- Менің ағаларым қызға олжа деп қана қарайтын.

- Ол бөлек жыр. Әр елдің әні басқа.

- Мүмкін, мені сол басқа ән елітсе, қайтесіз?

- Мүмкін емес, сұлу қыз.

-Айтып көрейін онда. Тым болмаса тыңдаудан қашпассыз.

Дәл сол кезде көп тұтқынның ішінен бір жігіт жұлқынып ортаға шыққан еді.

- Уа, Бөгенбай, бұл қай қорлығың! Қайтарсаң, бәрімізді қайтар. Әйтпесе ән-жыр деген әуреңді аулыңа барған соң бастарсың.

- Сен кімсің?

- Цаған-Манжу - менің атым. Харачудың ағасымын. Біздің ән - біздің елде ғана айтылады.

- Еркің білсін. Мен ешкімді қинамаймын.

Қыз Харачу ашулы жанарын ағасына қадап өткен.

- Адамына кездессе ән айтыла береді. Уа, Бөгенбай батыр, тыңдаңыз.

Ән айлы түнде ширатыла созылды. Түсініксіз тілде ұзақ сыңғырлады. Ән аяғы оңаша шатырда аяқталды. Бөгенбай арудың қара шашын аймалап жатып:

- Харачу, не қалайсың? - деген.

- Бөкем, мені шынымен қайтармақ болдың ба?

- Иә.

- Онда бір-ақ тілегім болсын. Жолбасшыға Цаған-Манжу ағайымды бер. Өзің ашқан пердемді былай шыға жігіттеріңнің бірі қайта көтермек боп, әурелеп жүрер.

- Тағы бірер еру жасаған соң, алды-артыңа серік - нөкеріңді қосып аттандырсам ба деп едім, Харачу, - деді Бөгенбай алғашқы түннің уланған қызығынан босана алмай.

- Батыр, әр нәрсенің дәмін бір-ақ рет татып көрмеуші ме еді?

- Ә-ә, солай екен-ау. Айтқаның болсын, Харачу.

Цаған-Манжу қыздың ағасы емес айттырған жігіті болып шыққанын Бөгенбай кеш білген еді. Цаған-Манжу “өзегіне құрт түскен алманың қасиеті қашады” деп Харачуды қостан ұзап шығып бауыздап кеткенін кейін естіген. Содан бері кейде қараңғы түнде түсініксіз тілде әсем ән салған арудың сыңғыр күлкісін еститіндей талай шошып оянып, әлдебір сағынышпен көп өкінетін. Сол өкініші Цаған-Манжу бастаған қол

ауылын шауып кеткенде де жанын жегідей жеген-ді. Осы сырды білетін Тайманның Бөгенбайға қадала қарауында соңдай мән болатын.

- Не мақсатпен кетті екен?

- Цаған-Манжудың бір нөкері қолға түскен еді. Соның айтуына қарағанда Аюке Сыбан-Рабтанмен одақ құрып, қазақ жеріне қос өкпеден қанды қанжардай қадалсақ дейтін көрінеді.

- Онысы рас болса, сұмдық екен!

- Рас болады. Сыбан-Рабтанның Қытайдан қолы біржолата босады. Ресейдің бізге берер көмегі жоқ. Ойратпен олар әзірше ара қатынасын бұзғысы келмейді. Қайта ойрат пен қазақ бірін-бірі жаулап, әлсірей берсін дейтінін өткенде бір әпесері мас болып отырып айтып қойған.

- Әбілқайырдың қандай ойы бар?

- Әбілқайыр дәл осы қарбаласты мықтап пайдаланбақ. Ойраттан оның мүлде қаупі жоқ. Жер арасы шалғай. “Жетісу, Сыр бойын жайлайтын Ұлы жүз бен Орта жүзді Сыбан-Рабтан жаулай берсін. Мен асықпай Аюкені шабам. Бүлінген ел өзі келіп аяғыма бас ұрса, кешегі қимаған хандығын да берер, абыройымды да көтерер” дейтін зымиян бүкпесі бар оның, - деп Тайман бір сырдың шетін қылтитты. Әбілқайырдың батыры болғанымен, халық басына күн туғанда есеп салыстырған сұлтан қылығын жақтырмайтын тазалығынан жазбай тұр.

- Болат хан біле ме бұл хабарды?

- Біледі. Бірақ ол өздігінен ештеңе айта алмады. Сәмеке, Барақтардың бет алысын күтетін тәрізді. Одан да, ханнан да саған шабарман келіп қалар.

- Мені шақыртқанда не істемекші?

- Сен атаққа ілініп жүрген батыр емессің бе?! Артыңа ерген руың да, жасағың да көп. Халқыңның қаны судай төгілейін деп тұрғанда, үнсіз қарап жатпассың. Артыңа ерген Арғының көп. Ел боп ұрандап көтерілер болсақ, сені бетке ұстаған қай хан, қай сұлтанның беделі артпасын. Болаттың да діттегені сол. Әбілқайыр да сенің қасында болғаныңды қалайды. Аюкенің ұлысына шабуыл жасағанда жездесі саған сүйенбегенде кімге сүйенеді ол?

Бөгенбай үндеген жоқ. Тайманға “кете бер” дегендей иек қақты да, төбе басында жалғыз қалды.

Батырды шырмаған ой көп. Ол көкірегіндегі ел тағдыры, жер тағдыры деген мұңлық шерге ұласады. Енді байымдаса: хан ордасы мен орда төңірегіндегі таусылмас тартыс сол шерді ұлғайта түсетін көп шырғалаңның бастауы да екен. Ол шетінен бұл шетіне сұңқар қанаты талып жететін, тұлпар тұяғы сынып жететін ұланбайтақ даласының күннен күн өткен сайын азайып, бөтенге өтіп, тарылып бара жатқаны да осынау көп сұлтан мен хандардың бақталас бәсекесінен туындайтынын жаны күйзеле түйсінді. Ел тарихын ер басы, ерлік жолы жасаса, осынша ғұмырында бұл өзі көбіне көп сол тарихты жасаушы емес, хандар қолындағы тақ таласында сілтер қол шоқпары ғана боп келіпті.

Шарасызданып Телікөлге қарады. Айдыны жылтырап, леп-толқынсыз баяу мөлдіреп қалыпты көл. Халқының қазіргі күй-жағдайы тап мына көл әлпетіндей. Дауылы жоқ, тымық күнде тереңін жасырып, сабырын сақтап, іштей тынып жатады. Халық дәл сол. Ал дауыл тұрса, бұрқ-сарқ долданып, айдынын шайқап, нар толқынын сапырар еді. Тұңғиығына қауқарсызын шым батырып, көбігін қара жартасқа шылп-шылп лақтырар еді.

Бөгенбай ұзақ отырды. Төмендегі ән-жыры шарықтап, домбыра мен қобызы безектеген думанды ауылды үнсіз барлайды. Қазіргі көріп тұрған шадыманы кенет батырға соңғы қоштасу қызығындай сезілді. Осы қиянатшыл ойдан селк ете тіксініп, енді көз алдындағы көл-көсір тамашаға әлден-ақ өзегін өртеп ала жөнелген сағынышты мұңмен елжірей қадалды.

“Қайран қазақ! Көңілденсең - баладай пәк, анадай мейірімдісің-ау! Барыңды түбінен қотара салып, бүгін-ертеңді ойламай, бар ықыласыңмен берілесің-ау. Неткен албырт халықпыз! Неткен таза халықпыз! Түгел қуанып, түгел қайғыра аламыз. Әлде бұл қасиет жау келсе - үркіп қашып, жау қусақ - дүркіретіп айдап, көшсек - тайлы-таяғымыз қалмай бір-ақ жөңкіліп, қонсақ - қауым-қарындасымызбен шоғырланып

жүріп, сонау ықылым заманнан қанымызға, сүйегімізге сіндіріп алған әдетімізден бе екен. Бізді бөлетін де, ыдырататын да, әлсірететін де хан-сұлтандар-ау. Сенгіштігімізді, адалдығымызды пайдаланып, бірімізді-бірімізге айдап салып, шетімізден қырғындаумен келеді”.

Той аяғы тарқарда Бөгенбай Ошаған биді оңаша шығарып, Әбілқайыр хабарын естіртті.

Тағы да батырлар бас қосты.

Жомарт қамшы тастады.

- Ағайын, ойын-күлкі осымен тынды. Мына азуын ақситқан қауіпті барлығың сезіп отырған боларсыңдар. Өгей анадай түнерген аспаның тағы да бұлт бүркеніп, төбеңнен төніп келеді. Топырақ суырып, сүйек жалаңаштап қазақтың сары даласына сұмдық қуып келе ме, жанымды ызғар соғып өтті. Атадан балаға қайғылы арманы ғана қалар ма? Ел болып бел бусақ, біз де бір әрекетке жарармыз ба әлде? Қашанға дейін үрке береміз. Анау Болат, Әбілқайыр, Сәмеке, Барақ, Тұрсын өз ордаларының ішкі тартысынан аса алмайды. Халық қырылғанмен олардың ұпайы түгел. Бұхар, Самарқан, Хиуаға ауып кетсе де, сорламайды. О жақта да төре тұқымы көп. Қазір Түркістанда қанішер Абылайдың Уәлиі отыр. Кешегі Әз-Тәукенің Ақ Орда - мәмлакаты бүгін бая-шая. Сарбаздары тоз-тоз. Хан, сұлтандардан үміт жоқ. Мынау төрт көзіміз түгел отырғанда, оларсыз-ақ бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын пәтуаға келейік, ағайын, - деп ауыр салмақты пікір тастады.

Көмекейі бүлкілдеп Бұқар жырау ұшқырлық танытты.

- Рас айтасыз, Жәке! Тағы да тар кезеңге тап болдық. Тасыса - теңізге құяр, сарқылса - құрдымға сіңер тас бұлақтай халық кегін қайда, қалай бұрармыз? Ел иесі табылмай, осылай ауа жайылып жүре береміз бе, жоқ әлде, ешкі асығы деместен сақа қып шиіріп, хан-сұлтанның біріне ауамыз ба? Мына тым-тырыс торығуымыз жаназаға жиылған молдалардың қара қабақ түріндей түршіктіріп барады. Жабыдан айғыр салсаң - жауға мінер тұлпар жоқ. Жапалақты қолға қондырсаң - түлкіге түсер сұңқар жоқ. Тұлпарды -

мыңнан, сұңқарды -қиядан іздейміз бе әлде? Не ойың бар, жамағат? Үндемей үркектеп құйрық қысып отыра берермісің? Үрейіңді өсіріп, иығынды басып үдеп келе жатқан зелзаланды көрермісің? Салпаң құлақ бөрібасар да бойынан әлі кетпей қорадан қой бермейді. Ең болмаса сол бөрібасардай болмағанымыз ба? Емізіктеген сабаң төгілейін деп, емшектегі балаң еңірейін деп тұр. Үнсіз тасқа тіл қатсаң, жаңғырық шығатын. Жаңғырық болса да - жауабы болатын. Не дейсің ағайын? - деп толқып барып тоқтады.

Ошаған сақалын саумалап отырып бір ыңыранып алды.

- Уай, жиылған жақсы інілерім! Қазақтың төресі мен қарасы, шоңы мен шорасы сүрлеу таппас бір тұйыққа шын тірелген мына түрің, кешегі-кешегіден де қиын боп тұрғанын ұқтым-ау, әкем тегі. Талай-талай шаң шыққан, талай-талай аласапыран соққан далаңнан долы соғар дауыл көтеріліп келе жатқанын сезем-ау. Не дей қояйын мен. Арғыннан - Қазыбек, Үйсіннен - Төле, Алшыннан - Әйтеке сияқты шын жүйрік шабатын қия жолға шорқақтап жортып, шаршап қалам ба, мүлдем тегі, арқа басым құрсанып, жотамды мұздай тер жуды. Дуайдай дуай сәлем айтар болсаң еліңе, Ұлы жүздің бар шаңырағына жетер бір қобыз-сыбызғымды мен де боздатармын. “Қапы қалма, өрісіңді алдырма, жайлауыңды жапыртпа!” деп гөй-гөйлеп аттан-ұран салармын, жүдә тегі. Маған салсаңдар, енді қарап жатпай, қарекетке көш деймін баршаңа. Қаруыңды сайлап, атыңды баптап, қанды майданға осы бастан дайындал деймін.

Тап, тап биыл болмағанмен, келер жаз далаңда қанды құйын ұйтқыры анық-ау, әкем тегі. Сонда қырда ұзап, ойда жайылып үзік-үзік кетпесеңдер деймін-ау. Тағын, тағы тапсырарым да, тілерім де осы! - деді.

Аралбай да би сөзін мақұлдады.

- Ошаған ата, әділін айттыңыз. “Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас” деген - төренің тілі. “Құмды илей білсең - қала болады, қараны билей білсең - пана болады” дер едім мен. Бойдан биік секіруге болмайды деген бос сөз. Тарыққанда таудан да ырғып кетеді адам.

Осы кезде сөзге шапшаң Ақтамберді жүйки жөнелді.

- Рас айтасың, Аралбай батыр. Хан таппағанды халық табады. Талпынып табады.Хан айтты деген мұңшер жоқ. Халық шығарған зар көп. Әнімен қайғысын ұзатып, әнімен көңілін жұбатқан жұрт әніндей асқақ жанын қапасқа қаматпайды, торға түсірмейді. Торға түскен көңіл - тот басқан темір. Қазақ қандай қырғынға ұшыраса да көңілін торықтырған емес, оның көңілі - алмастың жарқылы, алдаспанның жүзі. Ұстай білсең - шаба да біледі. Жауының жүрегін қапысыз таба да біледі. Кәләм шарифте топан су баспай, тобықтан қан кешсе де, қазақ аты жойылмас деген бар. Адам кеудесіндегі ары азбайды. Ары азбаса - ақылы тозбайды. Тоздырмайық дегеніміз тобымызды бөлмейік. Келер жазға дайындық жасайық. Үш жүзге осы бастан сауын айтылсын! - деді.

Осыдан кейін жан-жаққа тарап жатқан жұрт, қуанышпен қайта оралар күн тілесіп, суыт аттанысып кетті.

Жоламан Жандыр мен Бексананы қозыкөш жерге шығарып салып, қимай қоштасты.

Бексана дәл айрылысарда ән салды. Дос көңілінің уәзипалы тілегін әнімен айтты.

Телікөл бір-ақ күнде қаңырап қалды. Жағасындағы кішкене төбе бұдан былай “Үлкен кеңес” төбесі деп аталды. Кейбіреулер “Қамшы тастаған” деп те атайды.

Қос құда - Ошаған би мен Аралбай батыр қатарласып келеді. Аралбай құдасын ауылына әкеле жатыр. Екі-үш күннен бері әңгімелері таусылар емес. Қарияның білері көп. Тың жайдан сабақтап бастап, ұзақтан түптеп желілеп тартады.

- Әкем тегі, не көрмедік, Аралбай-ау! Осы ойратында да сан рет болдық. Небір хикаясын естідік қой.

- Ошаған аға, ойраттың Қалдан ханы туралы айтсаңыз екен. Еміс-еміс білгенше өз аузыңыздан естиін! - деп Аралбай жақындай түсіп, атының басын ірікті.

Қанжиренін қатарластырған Түйте де үзеңгі қағыстыра ентелеп, бейіл білдірді.

Ошаған атаның тартымды әңгімесі арқылы өткен күндер қойнауына сүңгіп кеткен Аралбай мен Түйте батырларға ілесіп, біз де сол тарих қатпарын парақтап көрейік, оқушым.

2

Желсіз шыңылтыр аяз бет қарып, тісті-тіске тигізбей сақылдатып, жалап тұр. Құсотан өзенінің батыс жағалауына түскен кешкі күннің көлеңкесі жар қабаққа қарай баяу өрлей жылжып, ұзарып барады.

Өзен бойлаған екі атты әлгінде ғана ер тоқымды кейін ысырып жіберіп, көліктерінің қызулы жалаңаш арқасына тақым қысып сәл бой жылытқан еді. Енді ерлерін қайта түзеп мініп, түн оралғанша Сеңгі ханның ордасына жетіп қалуға суыт жүріп кетті. Алдыңғы аттағы - Зая-Пандита, тұрымтайдай-ақ. Жып-жинақы. Ашылып-шашылып отырған қасындағы еңгезердей серігіне бұрылып қарамайды. Қос құлағы елеңдеп, танауынан будақ-будақ бу атқан мама биенің жайлы бүлкегінде ұзақ ойға шомады.

Өзара татулығын тілеген халқы бар еді, өзара таласып ығыр қылды. Ұлысын дінге кіргізгенмен, ұлы тілегін әлі бір арнаға құя алмай әбігер. Жамау жапсырса, бүтіні бүлінеді екен. Бүтінге жамау түссе, бедері қашады екен.

Зая-Пандита ақшулан сақалын саумалап сипап қойды. Сүңгі қатқан сирек сақал шақша басты алып түсердей аумақтанып қалыпты. “Қартайдың. Қайратың жоқ. Тындырдым дегенің - шала-шарпы”. - Күні бойғы өзін-өзі қажаған ішкі жегісі осы.

Шашау шықпастай етіп байлағысы келетіні көп еді. Бірде жіп жетпей, бірде қол жетпей-ақ қойды. Төрт түмен ойраттың өзгенің өктемінсіз өз алдына дербес отырғанын көрсем деп еді. Сонау Ордос пен оңтүстік маңғұлдарындай Қытайдың - Цин империясының ықпалында қалтылдап кетпегенін тілеуші еді. Тілегі алыстап, тірегі сықырлап барады. Оған кінәлі өзге емес, өз қандасы. Араз ағайын мен бақас бауырлар.

Тап осы сапарында да Зая-Пандита ат белін

суытпай ел аралап жүріп, арадағы суық сөзді су сеуіп басып, қазір Шера-Моудөн қыстауындағы Сеңгі хонтайшыға араз ағаларының бітім сөзін әкеле жатыр. Тұтанған өртті үрлеп сөндіргендей өлермендігін діттеу үшін ендігі үлкен міндетті Сеңгіге салмақ. Салмақ та, туыстарды татуластырып, бәрін бір жетекке шоғырламақ.

Геген-кутухта ордаға кіргенде Сеңгі хонтайшы мен Сеңгінің үлкен ұлы - Сыбан-Рабтанның қасында Тобольск воеводасы И.Репниннің елшісі А. Бурчеев отырған еді. Сиынған пірі теріс орыс өкілін көргенде Зая-Пандита кірпіше жиырыла қалды. Қабағы түсіп кетті. Сол тыжырайған қалпын өзгертпестен тізе бүкті. Тамаққа қол созбады. Хонтайшымен оңаша қалған бір сәтте шаруасын қысқа айтып, таң қараңғысында серігін ертіп қайтадан атқа қонды. Жадыраңқы көңілі жүдеп қайтты. Бірақ мықты түйін түйген-ақ болып еді.

Осылай алыстан жақсы ниетпен шырмалған бір түйінді қараниет бүркенген түнде Дүзотба (Цзотьба)-Батырдың қанқұйлы қолымен хонтайшы кеудесіне қадалған алмас қанжар қиып түскен еді.

* * *

Әдеттегінше жауған бетінде еріп кетпей 1670 жылғы қарашаның алғашқы қары қара жерді тегіс бүркеді. Ойпат түс пен сай-саланы ғана емес, тіпті Құсотан өзенінің кең астау аңғарын да мелдектете толтырып еді. Ұар күреп, жол тазалағандардың қимылы Шакир-Шера-Моудөн қыстауындағы Сеңгі ханның ордасындағы бүгінгі әбігер-қарбаласты одан сайын күшейтті. Оған себеп хонтайшының көптен араздасып жүрген екі ағасы Дүзотба-Батыр мен Шешен тайша және немере туысы Болат манжының ойламаған жерден ордаға келіп, ат басын тіреуі еді.

Бұрынғы қырғи қабақ қырбайлық араларын суытып, алыстан ғана хабарластырып жататын. Мына келістерімен ағалары көңілдегі жайсыз күйбеңді жуып-шайып кеткендей болды.

Сеңгі бәйбішесі Ану-хатунды оңашалады. Көзінде нұр ойнады.

- Ханым, асыңды қамдат. Көптен көңілімді күпті қып келген дүдамал күман шешілгендей. Бүгін барыңды аяма.

- Артық айтсам кешір, тым сенгішсің, хан ием! Осылардың елпілдеп кетуінен қорқамын. Сақ болғайсың, - деп Ану-хатун семіз денесін саспай қозғап, орнынан көтеріле берді. Сабырлы, кесек мінезді сұлу бәйбішесінің күдігі ой салды. Хонтайшы бірақ ұрғашы сөзін жөнге ала берер ме. Қатайып қажыр көрсеткен абзал.

- Тек, бақастық пен бақтың арасы жер мен көктей екенін ескер. Олар бықсыды деп мен тұтанбаймын. Құшағын ашқанға құшағым дайын. Әкем Батырдан қалған таққа жалғыз таласқанда да жеңілмегем. Енді дүрілдеп бел алып тұрған шағымда етегіме жармасқан екі-үш бұралқы төбеттен сескенгеніме жол болсын. Халхадағы Шолай-Убаши хонтайшы орнатқан Алтын хандығын құлатқанымда кешегі Лубсан тайшаға көрсеткен кебімді өзің де білесің. Маған деген харакет қарсы алдымнан келетін. Келетін де, қаймығып кері бұрылатын. Ал, мына үшеуі... Бұлардан қорықпаймын да, ықпаймын да. Бар, асыңды қамда! - деп ағалары отырған үйге жадырай кірді. Сол әлпетімен есік-терезені сабалап, тұмсық сұғар тесігі болса тепкілеп кірердей тыстағы арыстанша ақырып тұрған боранды елетпей жібергендей жылы шырай білдірді.

Бірін-бірі қабақ астымен бақылап, іштей аңдысқан туысқандар тамақ жеп, аяқ босатты.

Ас жинала бергенде Сыбан-Рабтан орнынан көтерілді.

- Әке, мен жылқышыларға кеттім, - деді баласы ханға сырт киіміне қол созып жатып.

Дүзотба-Батыр ағасы Шешен тайшаға жалт бұрылды. Қысық көздің қиығынан жалт еткен ұшқыны тарғыл мысықтың қараңғыда жарқ еткен жанарындай от шашып тұр екен. Шешен бетін қалқалай қойды. “Нохойдың[1] ұсқыны неткен жаман еді! Өңменімнен өтердей ғой!” деп күбірлей беріп, бала жігітке бұрылды.

[1] Нохой - ит (маңғ).

- Күннің түрі жаман екен, Сыбан қарағым. Осы бүгін үйде-ақ болсаңшы, - деп бәйек болғансыды.

Ану-хатун да баласының шалғайына оралды.

- Аяқ астынан әлденені шығарып жүретінің-ай, балам! Жеті түнде желпініп жын шақырды ма!

Екі немере ағасының ыңғайымен Болат-манжы да өзінше ақыл-кеңес айтқансып, баланы көндіре алмаған соң, қолын бір сермеп кейін сырғыды. “Пұл болмасаң, күл бол. Саған сөз өтпес саппас екенсің” деп күбірлеген сөзінің соңын жұтып жіберді.

Ану-хатун әлі де қояр емес.

- Адасып кетерсің, балам.

- Адаспаймын. Қара төбеге бір іліксем, арғы жағы тиіп тұр. Түн ортасы ауа қосқа жетіп барам, - деп Сыбан шымыр аттап шығып кетті.

Бір ұйқыдай уақыт өткенде тұс-тұстан қорылдаған дыбыс орданы басына көтерді. Тыстағы ашулы боран шуылы мына мүлгіген тыншу шақтың әлдиіндей, мүлгіген мақау күйдің көй-гөйіндей. Бірде қатаң қатқыл азынап, бірде баяу, сылбыр есіліп, толастар емес. Ертеңгі дүрбелеңнің бүгіннен басталарын сезіп, елегзи өрекпіген жүректің аласұрған дүрсіліндей ұлы соғып тұр.

Кенет әлдекім басын көтеріп, қараңғыға тесіле көз сүзді. Өрмекшінің торындай өріліп, қараңғыда тірілген қап-қара ой қатал суреттердің, қатыгез елестің ірімтіктерін өрбітті. Дүзотба-Батыр оң жамбасына аунап түсіп, қара санын сипалады. Жалаңаш тәніне сұп-суық алмас қанжардың қыры қарып тиді. Қол дірілі жүрек соғуындай емес, онша білінген жоқ. Қаталдықпен көз ашқан жанның қиырдан қиыр кезіп кеткен зымиян ойы дәл бұл сәтте сап тиылды. Ендігі зұлым ойды да, зілді ойынды да қанды қол, қарғыс үкім жасамақ.

Орнынан өңкеңдеп ауыр көтерілді. Бұрынғы ептілік пен елгезектік қалмапты. Айбарлы жанның мысы басқан ба аяғының сіңірі тартылып, алақанымен сипалап біраз отырды. Одан соң жүндес омырауына салалы саусақтарын көсіп жіберіп ұзақ қасынды. Зіркілдетіп оқыс кекіріп қалды. Ондайда селт етпес жүрек болар ма, тұла бойы мұздап сала берді. Қарап

тұрып құсқысы келді. Өкпе-бауыры тік көтеріліп, көмейден лықсып шығардай алқымына кептеле тығылды.

Сәл есін жиып, төрт тағандап төрге озды. Біреудің аяғын, біреудің қолын езіп кетті. Қарайлаған жоқ. Өз серіктері өлтіріп жатсаң да үндемейді. Оған сенімді. Бір кез әлдекімнің қысқаштай қолы қанжарға жармасты. “Қап, біліп жатыр екенсің ғой, зәндемі!” деген үрей санасын солқ еткізді. Басқа ой-дәрмен кумады. Өкініш ұшқыны найзағайдай жарқ етті де, тез өшті. Жігері морт сынды.

Не бұлқынбай, не тіс жарып қарсыласпай қанжарды тастай салды. Ұрлығының үстінен түскен ұрыдай мойынсұнып, сылқ құлай берді.

- Батыр тайша, бұл мен ғой.

Сыбыры дүбірдей дүрілдеген Болат манжының даусы құлақ жарғағын соқты. “Патшағар не сұмдықты бастап жатыр. Күшіктің қолыма жармасқаны несі?”

- Ұйқылы-ояу шатасып... Сені басқа біреу ме деп...

“Азбан айғырдай кісінейді. Пақырды бауыздап қана бақырта салар ма еді? Айқайға аттан қосқандай даңғырлауын! Қосақ арасында қосыла шаптым дейді-ау ертең әлі...”

Дүзотба-Батыр қайта тұрды. Қарулы қол алмас қанжарды шеңгеліне қыжырлана қысты. Одан әрі көзді ашып-жұмғанша іс те тынды. Қара қанжар қызыл қанға боялды. Сеңгі хан төсегінде ақтық рет ышқына қор етті де, соңғы рет тұяқ серпті. Жүзінен қан тамған қанжарды жалап алған Дүзотба тайша енді ғана жағын жазды.

- Бітті! Әттең, күшігінен айырылып қалдық! Оның да зауалын бір табармыз. Атам - Қарағұл, әкем - Батыр хонтайшының қасиетті тағын арамзадан ада еттік. Бүгінгі сүйініш сол ғана!..

Түн қойнына, қарлы боранның құшағына сүңгіген үшеу қарауытқан қаралы қыстаудан алыстай берді.

3

Сары аязда қата ма,
Қайнардың аққан тұнығы.
Қап түбінде жата ма,
Болаттың асыл сынығы.

Ақтамберді жырау

Жер бетін самал баяу желпіп тұр. Бетегесі жаңадан ғана бой көтеріп, көгере бастаған күнгей беткей ерте көктемге ентелеп ене бастапты. Даланың жасылы аз да, өткен күздің өлі шөбінен сарғыш тартқан құбақан алаңқайы көп. Бірнеше күннен бері бұл өңірдің кәнігі суық желі азынай соғып, қыстың ақтық ызғарымен қоштасып тұрған еді, бүгін сап тыйылыпты. Майда самалда бетке лықси соққан жып-жылы леп бар. “Күнәң аз болса, күн есепте” деп қариялар күрсінер. Сар далада сау желдіртіп келе жатқан жиырманың нығыз бел ортасындағы қияқ мұртты дембелшең жігіт шуақ төккен күнді де, көгіс тартқан жерді де елейтін емес. Ауыздығын қарш-қарш шайнаған арғымағын еркіне жібермей, тізгінімен алысып келеді. Қанталаған қысыңқы көзді алдындағы шошақ төбе мен аласа адырға жиі қадап, иек астын тінте қарап қалады да, тағы алысты шолып кетеді. Бірақ түзден оқшау дыбыс сезілмейді.

Күн ұлы сәскеге тырмысты. Дәл төбеге бозторғай көтерілді. Көтерілді де, қос қанатын кезек қайшылап, кесек тастай бір орында қалықтап тұрып, құс қанатымен құлпырып оралған көктемді жырлады. Жел қанатымен жасарып оянған жаңа тіршілікті мадақтады. Жер қойнынан жарық сәулеге талпынып көз ашқан, қол созған мың сан жас өркін, жас ғұмырдың сәлем-назын жолдады.

Жігіт бозторғайды тыңдаған жоқ. Жігіттің өз жүрегі әндетіп, өз жаны жырлап келе жатқан-ды. Ән ерлікті айтып, жыр өрлікті толғады. “Өрліктің шырқар өрісі қия мен қиында ғана. Қиялдағы қысталаң, ойыңдағы озбырлық өңменінді серт пен кекке ғана суаруы керек. Ерлік жасар азамат гүл теріп, қызғалдақ қуалап кетер

қыз емес. Шуақ іздеп, құрысқан денесін күн көзіне тосар шал да емес. Айқасар жауы, айтысар дауы бар. Дауда озбаса, жауды алмаса, шіміркенер ұйқыдан, түшіркенер күлкіден баз кешпек. Онсыз күлкі арсыз. Онсыз ұйқы нөрсіз көрінеді.”

Бір кезде астындағы аты шұғыл елеңдеп қамыс құлағын қайшылап, осқырынып тұрып қалды. Жігіт алдына қанша мойын созса да ештеңе көре алған жоқ. Соған ыза болды ма, бұзаутіс қамшыны ысқырта сілтеп, аттың жалпақ сауырына көміп жіберді. Өлі жүн таспалана бұрқ етті. Төрт табандап қасарысқан арғымақ ілгері баспай-ақ қойды. Жігіт осы кезде оң бүйірдегі қойтастың қалқасында тұрған аюды көрді. Қорбандаған шіркін екі артқы аяғымен тік тұрып, қазандай тасты көтеріп алыпты.

Жігіт аттан секіріп түсті де, тізгінін бір бұтаға шала салды. Садағын асығыс оңтайлап, серіппесіне сауытбұзарды тіреді. Кезене бергені сол еді, өзіне қарай атылған тасты көрді. Жалмажан ырғып түсті. Тас жігіттің ойысқан орнының шаңын бұрқ еткізіп, апандай жерді аударып тастады. Аю өкіре-бақыра айбат атып, бері салды. Жігіт ұзақ көздеген жоқ, өкпе тұсқа бағыттаған сұр жебесін сумаң еткізді. Ыңыранған ащы дауыс айдалаға аңырап жоғалды. Аю тоқтаған жоқ. Қапелімде сасып қалған жігіт жандәрмен қанжарын суырды. Үстіне төніп келген хайуанның жүндес құшағына кіре берді де, шалт қимылдады. Сол сәт жауырынын бүре уыстаған тегеуірінді шеңгел сүйегін уатып жібергендей көрініп еді. Екеуі де ұмар-жұмар құлады. Бірі өліп, бірі талып құлады. Жылымшы қан жігіт төсіне шапшып жатты.

Ұзақ жатып, есін жиды жігіт. Аюдың сіресіп қалған шеңгелінен әрең босанып, екі-үш аттап барып, сылқ етіп отыра кетті. Сонда ғана аспанға назар тіктеді. Жалғыз қалықтаған бозторғайды көрді. Әлгінде ғана Дзон-Кабаның-тәңірінің қасиетті мекеніне біржола ұшып кете жаздаған өз жүрегіндей сезінді жұдырықтай құсты. Сол-ақ екен бойын құрсаған қорқыныш ыдырап, көңілін сол бозторғайдың әсем әніндей көңілді саз биледі. Мынау дала - бесігі, шаршаса - төсегі, қажыса -

серігі, тіпті енжар тартқан денеге оқыста қауіп-қатерін тосып, қан жүгіртер жебеушісі де екен-ау!

Ат тұяғының тықырын естіп, басын көтерді. Қиялап жақындап қалған төрт-бес аттыны көрді. Ортадағы шұбар биеге мінген сақал-шашы аппақ құдай шал қасындағылардан дараланып, үзіліп шықты.

- Жауың жайрап, өзің масайрап отырсың ғой, Қалдан ұлым, - деп аттан түсіп кеп, құшақтасып амандасқан шал, іле қамқорси сұрады. - Жалғыз жүрісің қалай?

- Қасиетті баба, өз елінде жалғыздық білінуші ме еді, - деп жымиған жігіт, тез серпіліп шал сөзіне тура жауабын қайырды. - Нөкерім соңымда. Ұшқан құс, жүгірген аңнан басқа маңайда қыбырлаған жан жоқ. Осы өңірді өзіңізбен оңаша кездескелі әдейі таңдап едім.

Аттарын жаяу жетектеген екеу қалың шоғырлы өзекке қарай ылдилап, әңгімелесіп келеді. Бірінен-бірінің жасырары жоқ. Айтары ұшан-теңіз. Жонарқасы ауырған жігіт жауырынын ырғай қозғалтып қойып, ұзақсонар шиырлы кеңесін суыртпақтай бастады.

- Қасиетті баба, қыл мойныма бұғалығын толғап үлгерген адуын қол бар еді. Одан өзің босаттың. Босаттың да, сол қол иесінің мойнына қыл арқанды өзің тастадың. Дүзотба-Батырдың басын кестім. Бас сүйегіне қанын толтырып ішіп, кек қайырдым. Мүмкін сол әрекетім - сыңараяқ сүрлеуімнің даңғылға ауысқан белгі-нышаны шығар. Шешен тайшы мен Болат манжыны тоз-тоз қылдым. Тозығы жеткен күліс шапанның бой-бойындай ыдыратып, қанды кектің тағы бір сусынын қандырдым. Алыстағы ажалым жаныма жеткенше, жақындағы жауымды бір-бірлеп құртып келем. Әуелде үмітім үзілді ғой дегенде - өзің қол бердің. Қол бердің де, көздегенімді іздеуді үйреттің. Көз көрер, аяқ жетер жерде болса, мен алмайтын шексіз бақ пен биік тақ жоқ сияқты. Дүние түгел бір менің қамымды жейтін тәрізді. Жалғыз таққа бәсекелестердің бұл күнде көлеңкесі де көрінбеуге айналды. Ақ киізге көтеріліп хан сайландым. Төрт түмен ойраттың жалғыз билеушісі де, илеушісі де - бір өзіммін. Көңілге күдік түсірердей кірбеңім жоқ

дейін десем де, қасиетті баба, іштей саған қарыздар болам да тұрам. Сен хандыққа қызықпайсың, байлығың мені он орап алады. Қарымтаңды қайтара алмасам, қабағым ашылып, еңсем көтерілердей емес. Қасиетті баба, мені қолтығымнан үнемі демейтіндей саған қандай қызметім өтті? Соны айтшы. Түсіндірші бір! - деп жігіт көзі шоқтай жайнап, қасындағы серігін жаңа бір арнаға жетеледі.

Зая-Пандита (шал геген-кутухтаның өзі еді) жігітке қадала қарады. Шоқша сақалы дірілдеп, көзіне жас үйірілді. Алақанымен жігіттің басын еңкейте беріп, маңдайынан сүйді.

- Жақсы айттың, Қалдан қалқам! Дұрыс айттың. Сен бастадың, мен жасырмайын. Көптен ашқалы жүрген сыр еді. Ыңғайын өзің келтірдің. Енді тыңда. Тыңда да ішіңді бер. Жасырмай, құптасаң да, қорғаласаң да, ашығын айт, - деп шал тоқтап, көк бұйра бүртікке жайғасып отырып алды. Қалдан хонтайшы шалдың қасына тізе бүкті.

Шал ұзақ сөйледі. Алыстан орағытып, әңгіме желісін әріден бастады. Жүре сөйлескен екеу отырып қалған кезде манағы үш-төрт қара бұларды алыстан бағып, жақындаған жоқ.

Қалданның өзгеріп кеткен өңін дәл баққан Зая-Пандита жымия түсіп, күліп сөйледі.

- Әріден бір шалып, беріден тағы із тастап осы шал не сұмдықты шығарып отыр дейтін боларсың, Қалдан балам. Қартайғанда ой ауырлап, бойды сабырға жеңдіріп бошалап кететініміз бар. Енді сенімен кездеспек болып, әдейі айтқалы келгенімді тыңда.

1634 жылы Қарағұл атаң өлген соң әкең Ердене-Батыр төрт түмен ойратқа хонтайшы болды. Сен әкеден жастай жетім қалдың. Тибетте, Лхасада оқыдың: әкеңнің көп қырын көзің көрмеді, көп сырын ойың сезбеді, сондықтан дұрыс естуің де, бұрыс естуің де мүмкін. Әкең нағыз атпал азамат еді! Соңына ергенін жарылқап, бұра тартқандарға бұғалық салып, бөгелек тигендей тыпырлатқан да сенің әкең - Батыр хонтайшы болатын. Мұз үстінде жүйткіген қызыл судай ел үстінде көбік бұрқыратқан талай мықтыларды мықшыңдатқан да сенің әкең. Қызғаныш деген

көрсоқыр қорқау бар. Ол өзінде барды жасырып, басқада барды көзге ұратын сұмдық басы. “Шайлықтым, безіндім” демейді қызғаныш иесі, “шайлықтырам, бездірем!” дейді ол. Ол жетсе - іштен шалады, жетпесе - балтырдан қабады. Оның әні - ырылдаған иттің ауыз кекжитуі. Оның құралы -сырттан баспалап келіп, көкжелкеден қонжитатын қастандық.

Сенің әкең - қыран еді. Қияға қанат сермеді. Алтай мен Алатауды, Тяньшань мен Тарбағатайды қанат суылымен дірілдетті де. Ордостағы хошоуыттар мен Еділ бойына кеткен торғауыт Хо-Ұрлықпен де қатынасын үзбеді. Қыз беріп, қыз алысты. Хо-Ұрлықтың сұлу қызы, сенің шешеңнің келін боп түскен тойын да көргем, - деп шал сол бір кезді есіне түсіргісі келді ме, аз-кем кідіріп қалды. Қалдан хан осы үзілісті пайдаланып, ұзақ әңгімені шорт кесіп, тосын сұрақ қойды.

- Қасиетті баба, одан кейінгісін өзім де білем. Әкем айдahар жылы[1] құрылтай шақырып, сол құрылтайда атақты “Цааджин бичіг”[2] жарғысын қабылдады. Оның бәрі рас, шындық. Жеті хошун Халха, төрт түмен ойрат, Еділ бойы қалмақтары қатысты ғой. Ал сонда оңтүстік маңғұлдары неге келмеген?

Зая-Пандита жігітке ұзақ карады. Сақалы қанша сирек болса, қасы сонша қалың екен. Қысық көздің үстінен төніп, жарқабақтан көлге үнсіз мелшиген нар қамыстай мүлгіп қапты. Оқыс ашу атып кеткендей жанар болса, өр қылының көк сүңгідей көтеріле түрегелетін түрі бар.

- Асықпа, балам. Бетінен қалқымай, тереңнен сүзе біл. Сенің білетінін, бер жағы. Түп тамырдың қалай-қайтіп солқылдарын бақпапсың, - деп даусын қырнады. - 1640 жылы, күзде әкең Батыр хонтайшы өзінің Көбік-Сауыр дейтін қаласына келді. Бұл қаланы Бұхар сарттары салған. Айналасы тұнған бау-бақша, төгілген егістік. Жер жыртып, астық өсіруді де төрт түмен ойратқа хонтайшы әкең бастатқан болатын. Балам, сөз тыңда. Сол айдahар жылы Көбік-Сауырда тұп-

[1] 1640 жыл.

[2] “Дала ережелері”.

тура қырық төрт тайшаның басы қосылды. Халхадан Жасақты-Сүбетей хан мен Төшет-Көмбе хан, Шолой-Шешен ханның балалары тағы басқа тайшалар келді артынып-тартынып. Балалары мен туыстарын бастап Көкнордан Төре-Байху жетті елдей көшіп. Бұл кезде оған Тибеттің далай-ламасы Гуши хан деген атақ берген болатын. Көп ұлының қоршауында, қошеметтеуінде күн-түн қатып Еділден Хо-Ұрлық келгенді. Жер қайысқан қалың қол кең далаға симай, күн көзін бірнеше күн шаң жапқан. Асылған ет, тартылған табақтың қисабына жан жетпес еді.

Құрылтай сол жолы жарғы қабылдап, заңы мен жоралғысын мықтап бекітті. Ақ шараға қан құйып, қол малып, бата қылды. Батуаласып тарасты.

“Цааджин бичіг”, балам, халқыңның алтын жаға, ақ кіреукесіне де айналды. Жауға шапса - ұраны, жау тигенде - аттаны да болды. Елің осы жарғымен татуласып бірікті, осы жарғымен шеріктері тізе қосты.

“Цааджин бичіг”, балам, - “дегенім болсын, көгенім толсын!” дейтін аз ғана мықтыны көп үстінде көлбеңдете дүрілдетті. Қарашың малыңды бақты, өрісіңді кеңейтті, жауыңды шапты, жау-жарағыңды жасады. Қолыңдағы жарғың - аратыңның мойнындағы азабы мен тозағы да болды.

Тыпыршыған Қалдан хан тағы да сөз қыстырды.

- Баба, сұрағыма жауап бермедіңіз ғой.

- Менің саған бүгінгі арнайы келуім де сенің осы сұрағыңа жауап емес пе, балам. Әлгінде сен оңтүстік маңғұлдары құрылтайға келмепті дедің. Рас, келмеді. Келмеді емес-ау, келе алмады. Олар ол кезде байтақ қытайды билеген манжүр императорының қол астында болатын. Басыңа ноқта түсіп, бұйдаңды басқа біреу жетектесе, жүре бермейсің бе құр ілесіп. 1661 жылы Хуанди Канси Сюань Енің хандық құруымен қытайдың Цин әулетінің үстемдігі басталды. Қырсық қылғанда Сюань Е бірден-ақ маңғұл елдеріне көз тікті ғой. Өктемсінген қытаймен ешқандай қарым-қатынаста болмаған әрі жәркештенбеген сенің әкең Батыр хонтайшы ғана. Ал қазіргі жағдайды мақтап та, ақтап та шыға алмаймын. Жеті хошун Халха салындыдай қалқып қытай хуандиінің ықпалына еріп

барады. Сені қолдайтыным да, қорғайтыным да қара басымның қамы үшін емес, бір тіл, бір діндегі әлсіреген ойрат-маңғұл еліңнің ұйтқысы болар ма деген зар тілектің орындалуы үшін ғана, - деп өз ішін аша бастаған шал жүйемен ұтпақ боп әңгіменің ашығына көшті.

- Әкең өлді. Ағаң Сеңгі хан болды. Жайлап бастаса да, жалындап келе жатыр еді. Қапыда қаза тапты. Қыры жоқ, қасиеті шамалы ағаларың хандыққа таласты. Қара бастың қарақан қамын күйттеді. Азып-тозған елді одан сайын ыдыратпаса, нығайтар олар емес еді. Сен жеңдің. Жеңдің де, желкілдеп шықтың. Әкең мен Сеңгі ағаңның жолын қудың. Көзіңнен от, сөзіңнен шоқ көрдім. Көрдім де сендім. Сенгенім сол, ендігі бір тілдегі ойрат һәм маңғұл жұртыңды, Халха мен Жоңғарияны бір тудың астына топтастыр. Қытай иектеген халқыңды қайырып қанатыңның астына ал демекпін. Қарымта десең - мықты қарымтам да осы. Созған қолым - созған. Жығылсаң - демеймін, жықсаң - жебеймін. Лхасаның да айтары осы еді, ұлым, - деп шал үнсіз қалды.

Бұған дейін Зая-Пандитаның не айтарын жорамалдап отыртан жігіт дәл бұл тұста томырық тартты. Ығып қалғаны рас. Ықтырып бара жатқан кетік шалдың сесі мығым. Иығына қабырға қайыстырар салмақ салып отыр. Көтеріп әкете алса жақсы. Бел омыртқасы үзіліп, бұраландап құлап түссе, бұдан да гөрі бұғанасы берік біреуге аударып теңдей салуы мүмкін. Онда бақ та, тақ та басқаның тақымында ойнақтап кеткен арғымақтай өзіне қайта оралар ма? Ойлап барып айтар келісім мен іс екен, бірақ бойлап тартып шал бой берер емес. “Көн де, келіс. Келіс те кіріс!” дейді. Ақай жоқ, тоқай жоқ белімді будым дейін десе, тәуекеліне серік етер сенімі шамалы. Алдын ат басын тірер тұйығы кескестейді. Бел алдым, жер шалдым дегенімен, із өкшеде ұйық жатыр үрейлі. Бір атадан он еді, оған Сеңгіден қалған үш-төрт ұл тағы қосылды- Ата жолын қуса, алтын таққа анық мұрагер Сеңгінің ұлы - Сыбан-Рабтан екен. Бүгін ол бұның ырқынан шықпағанымен тап ертең сойыл соғарға келгенде бұлт етпесіне кім кепіл? Сүйеніш болса

жақсы, күйінішке бастар бәле басы тағы сол Сыбан-Рабтан болса қайтпек.

Шалдың айтқанынан қайтудың да, қорғалаудың да еш реті жоқ сияқты-ау. Осал емес, ірі деп сыбағалы салмақ салды бұған. Жасырмай, сенімін де білдірді. Ендеше, сенімімен нық бастамақ қой. “Дініміз бір, тіліміз бір” деді. “Осы бір тілді, бір дінді екі елді біріктір!” деді. “Ойрат-манғұл боп Қытайдан тысқары өз алдыңа ту көтер!” дегені де қисынды екен. Түбінде, осы істің үдесінен шыға қалса, атақ пен абройдан қашса құтылмас-ау.

Қалдан ханның шарқ ұрған ойы осы пікірді діттеп еді. Өз есебімен аларын да, жоғалтарын да өлшеп кеп, нар тәуекелге табан тіреді.

- Сөз осыған сарқылса, баба, ол сөзді сіз айтсаңыз, қорғалап күмілжір нем бар. Өзіңіз мені лайық көріпсіз. Сеніміңізді ақтауға тырысармын, - деп бас изеді.

Осы кезде алыстан шаң көрінді. Лекіте шапқан он шақты атты төбеден асып түсіп, бері құлдилады. Зая-Пандита да, Қалдан хан да орындарынан атып-атып тұрып, садақтарына жармасты. Анандай жердегі төрт-бес адам да жүгіріп қастарына жетті.

Қалдан күн сала қарап кейінде қалған нөкерлерін таныды. Ақ бақай аттағы немере інісі Сыбан-Рабтан өзгелерден оқ бойы озып шықты. Тұрқы ұзын, көшелі бестісінің күржік жотасына көлденең тастаған біреуі бар. Жүйткіген жүйріктің біркелкі ырғағымен әлгінің қол-аяғы ербеңдеп қалады.

Құйғытып келіп кілт тоқтаған Сыбан-Рабтан алдындағы адамды ағасының аяғының астына атып ұрды.

- Сенің қапыңды табам деп жүргенде, бұның қапысын мен таптым. Өз қолыңмен өлтір, аха! - деп ұшқын атқан көздерімен шаншыла қарады.

Қалдан әлгіні бірден таныды. Көптен қолына түспей жүрген қас жауы - Өчирте ханның әккі жансызын көргенде, Қалдан қайқы қылышын суыра берді. Сол-ақ екен Зая-Пандитаның сіңірлі қолы мұның қарына жармасты. Хан жалт қарап, ызғарсыз жүздің қысық көзінің өңменнен өтердей қалт қадалуынан қарадай қалтырап қоя берді. Қолы сылқ түсті.

- Қалдан, аңдығанын алмай қоймайтын ыспандияр жансыз бұл еді. Бұралып алдында жатыр міне. Айыбын кеш те, соңыңа ерт. Саған қарсы сермелген семсер еді, енді осы семсерді сен пайдалан. Пайдалануыңа мен кепілмін.

Геген-кутухтаның сөзін естіген жансыз сүйретіліп тұра бастады. Әлгінде тірліктен күдер үзген кеудеде жылт еткен үміт шоғы тұтанса керек, бәкене шалға жалбарына қол созды.

- Қасиетті баба, бәлекеттің басында торғайдың миындай ми болса, санасына жетер деп айтқан шығарсың. Жетті! Семсер екенім рас. Бір қол қақты, бір қол көтеріп алды. Сілтесін. Аямай сілтесін! Қасық қанды шүберекке түйген жан едім, әзір таусылмас тұздәмім болса, айыбымды ақтап алармын.

Зая-Пандитаның айтқанына үнсіз көнген Қалдан қылышын сары ала алтынмен аптаған қынабына жайлап сала бастады.

Осы тұста аттан секіріп түскен Сыбан-Рабтан жансыздың қасына жетіп келді. Үстіне төнген қандыбалақтан қорғалаған көжектей бүрісе қалған тұтқынының иегінен бүре ұстады да, қанжарымен қыл кеңсірікті бір-ақ орды. Үстіне шапшыған ыстық қаннан да шімірікken жоқ, бүктетіліп түскен жансызды гутулының[1] ұшымен бір түртті де, еңкейіп барып қанжарын көк шөпке екі-үш сүйкеп, қынына салды.

- Атам - Батыр, әкем - Сеңгі жауына сенбейтін. Кешегі жауым бүтін жаушым бола алмас!

- Қап, балам, бекер еттің ғой! - деп Зая-Пандита жаңа көргендей Сыбан-Рабтанға тесіле қарап тұрып қалды. Бір тұтам дененің қауқарын шамалады ма, жігіт айылын да жиған жоқ. Қаршыға көзінде кекесін тұнып, мұрнының астынан жай мырс етті.

- Бекерін сенен сұрамаймын. Қарсы келгенді қара жерге кіргізбей бетімнен қайтпаспын. Сен, шал, жөніңді біл!

Қалдан інісін жақтырмай қалды. Кесек үнмен зіркілге басты.

-Тоқтат! Жөніңе бақ! Адалыма сен арашашы болма!

[1] Гутулы - етік (манғ).

Арамыма ортақ емессің. Көзіңді аш! И басыңды. Алдындағы - Зая-Пандита!

Сыбан-Рабтан ағасына ренжіп қалды. Өкпелегенін білдіріп қайрылып бір бұрылды да, атына қарғып мінді.

- Зая-Пандита болса қайтейін.

Аспанға шапшыған ат ойнақтай жөнелді.

4

Сыбан-Рабтан биыл жиырма беске шықты. Әкесі Сеңгі өлгенде он жетіде еді. Содан бері де сегіз жыл зымырап өте шығыпты. Ағасы Қалдан ханның дәурені Сеңгі хонтайшыдан да асып түсті. Чулған жарғыдағы бұрынғы қос биліктің тізгіні бұл күнде еншісіне жеке көшті. Қос басшысының бірі - хошоут Өчирте-Шешен ханды саяқ қуғандай иықтап қуды да, быт-шыт қылып тоздырып жіберді. Оның үстіне осы биылғы 1675 жылдың көктемінде Шығыс Түркістанды жаулап алып, Қалдан Башықты Бесоқты[1] атанып және айдынданды. Бұрынғы бұрынғы ма, Турфан мен Жаркент қаласынан алатын күкірт пен селитра Қалданды енді қару-жарақпен қамтамасыз етті. Арпа мен бидай, күріш пен жүгері қамбасына сауылдап құйылды. Ол аздай құрық пен сырық астындағы жылқы мен қой, түйе мен сиыр мың-мыңдап жер мен көкті шаңға бөлеп ағылып жатты. Хонтайшы дастарқанында қыз жанарындай мөлдіреп Жәркенттің тәтті шарабы, тіл үйірер өрік-мейізі, жұдырықтай жаңғағы сіресіп тұратын болды.

Кіші Бұхар аталған Шығыс Түркістанды жаулап алу -шығыспен сауда-саттықты да күшейтті. Өйткені Жоңғарияның иелігіне өткен Теректі керуен жолы Азияны Қытаймен жалғастырса, Бадақшанның қара жолы Шығыс Түркістанды ежелгі Бұхарамен қосатын. Ал бәрінен де артығы - Қарақорым өткелі Тибет пен Үндістанға жол ашатын жалғыз қақпа-тын.

Тоғыз жолдың торабында жатқан Шығыс Түркістанның орталық қаласы Ақсу осы өңірдің барлық шаһарымен ығы-жығы байланысып жататын.

[1] Бесоқты - (Бошохтуу) - қасиетті (манғұл).

Солтүстік жолы Тянь-Шаньнің шығыс етегін қиялай Боркөл, Үрімші, Ілеге өтетін. Осы Іле өлкесіне оңтүстік жолы арқылы батысқа қарай Пичан, Турфан, Үрімшіні басып баруға да болатын еді.

Қалданның осы дәуірлегені немере інісі Сыбан-Рабтанға да қолайсыз болған жоқ. Тектінің тентектігі де кекті болмайды ғой. Сондықтан оның көзі қызығып, көңілі ұнатқаннан қолы қағылған емес. Қызу қанды бірбеткей жігіттің кей шәлкес қылықтарын жақтырмай қалатын кездері болғанымен, хонтайшы ағасы бұның еркіне бұғау, еркелігіне тыйым салмаған еді.

Соңғы кездері Сыбан-Рабтан көп ойлайтын, толқып, дөңбекшіп ойлайтын құпия бір сезімнің тұтқынына түскен еді. Әсіресе Өчирте-Шешен ханның Ахай бике деген немересінің сұлулығы жайлы ауыздан суы құрыған талайдың әңгімесін естігелі жігіттің көзін жасаурата елітіп, қиялдата еліктіріп тұратын бір ынтызар тілегі кеудесіне айықпай орнамасын ба. “Барса қайтеді, сол қызды бір көрсе нетеді?” дейтін ынтықтық оты бойын шарпымасын ба. “Ақ торғын тамақ қандай болады екен?” деп аңсағанда, бұрын-соңды ел естіп, жұрт көрмеген таза іңкәрлік суретіндей елесті көз алдына әкеле алмай ұзақ күрсініп қалатынды шығармасын ба. Өчирте хан жеңілген соң көрші отырған қыз аулы қиянға ауып кеткелі сол арманы тіпті ұлғайып, жас тайшаның күдігі мен үмітін арпаластырып қоймасын ба.

Інісінің көңілсіз жүргенін көрген Қалдан бір күні оңаша шақыртып алды.

- Осы сен неменеге жүдеп барасың?

- Білмеймін, аха.

- Ал, айтсаңшы!.. Жар сүйгің келетін шығар?

Атасының өз ойындағысын айтқызбай ұққаны ұялтты ма, Сыбан-Рабтан жүзі нарттай қызарды. Жауап қата алмай, төмен қарап жер шұқи берді.

- Жасырма. Ойыңдағыны айт. Тап ертең тойыңды жасатайын.

- Аха, әзір асықпайық.

- Жоқ, асығу керек. Ұзамай Халхаға жорыққа аттанам, -Қалдан бастырмалата түсті. - Емеуіріңді ғана білдірші.

Бұдан әрі сырын жасыра берудің реті жоғын сезген Сыбан-Рабтан жастық дәуренінің Шолпаны туып, көкжиегінен рауандап көрініп келе жатқан шұғыласы барын айтты. Сол тылсымдай арбаған шұғыласын кейде бұлт басып, тұман торлайтынын да көңіл күдігімен қоса жеткізді. Сағынып тапқан қуанышының сенделтіп ұстатпайтыны өкініш екен. Булықтырып жүрген ой толқыны, сезім шарпуы да дәл осыдан екен. Бой тежеп қорқақтатып, ой шалқытып сабырсыз тентектік аңсататыны да содан екен. Құбыла түсіп, дірілдеп толқып, тебірене түгел ақтарылды.

- Е, соншама қиналғаның осы ғана ма? Қамдана бер онда. Оғат демеймін тілегіңді. Бөгет-қатерін де өзім көтеріп алам. Тез жөнел. Бар мұрат-арманың осы болса, орайы келген екен. Қапы соқпа. Қайта бұрылтпастай халіңді көрдім. Бұрылмағаның да дұрыс. Сен көтерген ақ отау - менің алтын ордамның бір берік қазығы емес пе. Бар! Бөгелмей жет! - деп Қалдан бұлтартпай осы байлауға біржолата ден қойғызды.

* * *

Көдесі көлдей, боз бедесі бойжеткендей ырғалған, бірін-бірі тотай лақтай қуалаған марқажон жоталары жарыса ұзаған шалқар даланың талма түстен ауып түскен шар табақ күні мейірбан жанардай сезіледі. Әсіресе қоңыр майда самал ұяң желпігенде, жаз лебі рақат әлдиіндей сезіліп, айналаң кір шалмаған, дақ түспеген,жас отаудың жасыл жібек пердесіндей түріліп сала бермей ме.

Дәл осындай шақта тұнық бұлақтың басындағы көк шалғынға қонып отырған хонтайшы ауылына ұзын салқар көш келіп енді. Жас келін, Ахай қыздың көші еді ол. Күміс әбзелді, күміс қақтатқан ертоқымды ақбоз атын билете бастырған Сыбан-Рабтан өз нөкерінің қоршауында оқшау кеп түсті де, шоғыр топтың ортасында тұрған ағасы Қалданға басын иіп сәлем берді. Жарқылдай күліп шыққан шешесі Ану-хатунның алдына жүгіріп жетті. Мейірленген ана ұлының маңдайынан емірене сүйді.

Жас келінді қарсы алған ақ шашты кейуаналар Ахай бикені қадірменді қайынағаға әкеліп көрсетті. Бетін бүркеген ақ торғынды серпігенде, ақ маңдай піл сүйегіндей кіршіксіз екен - жарқ етті. Қара көз тұңғиық екен - жұтып жіберді. Ақша беттің толық қызыл ерні, уылжып піскен шиедей екен - “жабыс та сор, сор да жабыс!” деп тұрғандай.

Қалдан қанын да, демін де ішіне тартып, тыншып қапты. Әлденеге өкінгендей, әлденеден мақұрым қалғандай әлсіз бір күрсінді. Сол-ақ екен сабырдан баз кештірер есірік сезімнің алай-түлейлі құйынына ілесіп кеткенін де сезбей қалды. Ақыл-ойды ұрлаған мылқау, басасау долы дүлей күш тұлабойын құрсаулап алды да кетті.

Ордасына да мең-зең боп оралды. Көзі кіртиіп, алдына келген шарапты үсті-үстіне сіміре берді. Сыр ұғар, қабақтан таныр көне көздерді де мана маңайынан сырғытып жіберген. Қызара бөрткен сайын көзі қанталап, қабағы түйіліңкіреп барады.

- Сыбан-Рабтанды шақыр!

Бүгіліп кіріп, бүгежектеп шығып жүрген көп орда қызметшілерінің бірі жүгіре жөнелді. Үні жоқ, келісімі бар, дыбысы жоқ, елгезек қимылы бар көлеңкедей қызметшілер қыбырлап еніп, жыбырлап кетіп, тындырып жатыр.

Тазысы түлкі алғандай балбұл жанып Сыбан-Рабтан кірді. Күнұзын ұясына қондыра алмаған жайбасар күні бар еді. Шашырап барып мың найзадай сәулелері сарт-сұрт сынған сол пақырды әлгінде кешкі шапаққа орап, қыр астына ұзатып салып кеп отыр емес пе. Сонда да ыстық деммен қызара бөртіп, шыдамы таусылып қараңғы түннің қойнындағы оңаша отауға жеткенше асық. Көзін жұмса, Ахай ханыкейдің ақ торғын тамағын құмарлана иіскеп жатқандай, өнбойын елжіреткен тәтті елестен айықкдн емес.

- Сыбан, саған бір тапсырма бергелі отырмын, - Қалдан шарап шаққан қос шекесін қысып апты. Қанталаған көздері інісін ін ішінен жылтыраған шоқтай шарпып өтті.

- Айтыңыз, - деп Сыбан-Рабтан көңіліне күдік алмай жайдары қарады - Көп болса, біреуді шауып,

біреуді қырып кел дерсіз. Тайсақтаған күнім жоқ. Тұптура жылы төсектен таң ата атқа қонармын!

- Жоқ! Тап қазір кетесің!

- Қайда?!

- Дархан-хасиха қашып кеткен. Бүгін үшінші күн. Беталысы - Ганьсу. Сюань Еге жеткізбеу керек. Соны қайтсең де ұстап әкел! Ат құйрығына байлап әкел! Бұл іс сенің ғана қолыңнан келеді. Енді бір сәт те кешікпе. Осы ордадан шығысымен жігіттеріңді ал да, атқа қон! - деп Қалдан қарсы уәжге ыңғай бермес суық қабақ танытты.

Сыбан-Рабтан ойланып қалды. Келісе қояйын десе, ақ отауда аққудай толықсып Ахай ханыкей күтіп отыр. Сонау көрген күннен бері ынтығып өліп-өшіп келіп дәл мына тар төсекте табысар сәтте тағы сапарға шығып кету - жас жүрегін тілгілеп жібермей ме. Келіспеуге тағы болмай тұр. Дархан-хасиха Өчирте-Шешеннің оң қолы. Көктемгі бұларға қарсы жорықта Өчирте екеуінің ерлігі мен қарсылығы Қалдан хонтайшыға қырын қарап жүрген көптеген тайшаның айызын қандырған-ды. Сонысын кек тұтқан Сыбан-Рабтан жекпе-жекте Дархан-хасиханы өзі түсіріп, байлап алып еді. Шамасы, бұл жоқта қашып кеткен ғой. Қытай императоры Сюань Еден көмек сұрамақшы болса, еліне деген ашу-ызасы өбден асқынған екен-ау.

- Барайын, аха!

Басқа тілге келмей, жігіт ордадан созалаңдап шықты. Көп ұзамай ауыл үстінен дүсірлетіп өткен қалың тұяқ дүбірі қара түннің қойнына сіңіп, жаңғырығып барып басылды.

Үркер туа жас отауға жалғыз қарайған жасырынбай еркін енді. Іле-шала үйден бір топ қатын дүркіреп шыға берді. Беттерін шымшып, үнсіз бас шайқасып, бірін-бірі жетелеп тарап бара жатты. Қара түнде оқыс қаза көрген жандар да дәл осы әйелдердей күрт мойымас еді. “Қысастық, қысастық!” деп үрке соққан жүректері ғана үнсіздікті бұзып, кеуделерін ұрғылап жатқан-ды.

Ахай ханыкей бетін көлегейлеп қолын көтере беріп еді, ауыр салмақтың астында қалған тұлабойы оқыс шым етті. Есінен танып қалды.

Сеңгінің тірі кезіндегі күнін аңсап жиі күрсініп, жиі ойланып қалатын әдетімен Ану-хатун босағадан ренжіп аттады. Бұрынғы қабақ ызбарымен ғана айдайтын есікші, күтуші, құлтекілер бүгінде айылын да жимайды. Әсіресе, жынына тиіп, жетесіне жеткен Қалдан хонтайшының Нейчун-Омба деген нөкер жігіті еді. “Алып кел, шауып келге” мықты, егесінің емеурінін еріннің жыбырынан ұғатын жырынды неме хонтайшының талай жасырын істерінің жалғыз куәсі де болғандықтан өзінен қорқатындардың санын күн озған сайын көбейтуге тырысатын.

Ану-хатун аса жүдеп, ілбіп кеп жалп етіп отыра кетті де, кеудесін кере қатты күрсініп салды. Сол-ақ екен үнсіз солқылдап ұзақ егілді.

Сонау кеткеннен Сыбан-Рабтаннан әлі хабар жоқ. Қуаныш қызығына, жұбаныш-жұлдызына балаған келіні - Ахай ханыкей - бұл күнде Қалдан ханның нақсүйері. Жылап жүріп өзі жұбатып, булығып тұрып қайнысының босағасына өзі енгізіп берсе де, келінін іштей өзгеге қимаған. Қимағанмен қолдан келер шамасы жоқ. “Кемдігім, қорлығым ғана тапсын!” деген үнсіз қарғысын ғана арнап келіп еді, бүгін ақыры шарасынан асып төгілді. Оған да себеп Нейчун-Омбаның қолымен қимылдап отырған Қалдан қайнысының әрекеті.

Ану-хатунның пана тұтқан немере ағасы аяқ астынан көше жөнелді. Өйткені Нейчун-Омба әлгінің қызметшілеріне күн көрсетпей, ұрып-соғып, ұрсып-боқтап қырына ала берген ғой. Оның үстіне Сыбан-Рабтан оралғанда не болары беймәлім мына дауыл алдындағы тымырсықтай мүлгіп, өлік шыққан үйдей сұлқ қалған ауыл тірлігі бір жағынан қорқытып, екінші жағынан күн сайын ұлғайып бара жатқан жорық пен жортуылдан зәрезәп болып, жылыстап ірге бөлуге сылтау таппай жүрген бейбіт аратты бас сауғалатып тым-тырақай жөңкілткені де содан еді. Алдымен Өчирте-Шешен хан қуғын көріп, безіп кеткенде, ағайынды жұрт бір-бірінен айрылып, зар еңіреп қалып еді. Бірі құдасынан, бірі қызынан, бірі қайынжұрты

мен нағашысынан жырақтап, тұтас ел қақ бөлінген болатын. Содан бері тура жыл тәулігі өтіпті. “Сол бос-қын тірліктің құйындатып өткен лаң сүрлеуі тағы бас-талмаса қайтсін?” дейтін күдік Ахайды аймалаған Қал-дан ханның озбырлығынан кейін тіпті көбейген-ді.

Сырттан Ану-хатунның кіші ұлы екі-үш серігімен дабырлап, күле сөйлесіп үйге кіріп келді. Жас шамалары қатарлас, құрбы-құрдастар әзілдесіп, қалжыңдасып, жарасты күлкімен еніп еді, Сонам-Рабтан шешесінің көңілсіз түрін көріп, босағада қалшиып тұрып қалды.

- Көңілсіз отырсыз ғой...

- Арсызға күлкі, ойсызға ойын көп. Әйтпесе көзімнен аққан қанды бұрыныраң көрер едің-ау! - деп Ану-хатун ұлына ашумен түйілді.

- Не істе дейсіз сонда маған? - деп Сонам-Рабтан күмілжіді.

- Жетесіз болмасаң, жеңгең қайда? Намыссыз болмасаң, нағашың қайда? Әлде “атаңды жау шапса, бірге шап!” деген қарғысты ұстап қалып па ең, байғұс балам?!

Сонам-Рабтанның түсі өзгеріп сала берді. “Шы-нында да, көрсе де көрмегендей, білсе де, ұқпағандай болыпты-ау. Әйтпесе, аттандап шабудың орнына тым-тырыс қалуы - сүйекке таңба салғызған екен-ау. Қорғалай берсе, қаумалай берер тауқыметті тағдырын ескермепті-ау. Жоқ! Сіресіп сілкініп, тіресіп тепкілесіп бағар-ақ енді!”

Осыдан екі-үш күн өткенде Қалдан хонтайшы бір топ нөкерімен аңға шыққан еді. Ұзақ күн құлан қуып, қырдан қыр асып кеткен қалың шоғыр кеш түсе жалғыз айғырды қоршап алған-ды. Сол-ақ екен суылдаған жебе ажал күйінің көкейкесті бәйітін үздік-создық зуылдата жөнелсін. Сол есірік махаммен қым-қиғаш зулаған саржанның бірі Қалдан хонтайшының сол бүйірінен ілкім ғана бұрыс кетсін. Жазымға жаза жоқ қой. Сонда да қалт қадалған хонтайшының өткір көзі абдырай сасқалақтаған інісі Сонам-Рабтанның бей-берекет қимылын шалып қалмасын ба. Күдікшіл жанға көлеңкесі жау көрінер болса, амал не, лепірген көңілі су сепкендей басылған ғой. Желіктен туған

қызбалық әні де әлгіндегі дуылдаған қанымен бірге жүгірмей шорт үзіліп түскен ғой. Күнұзын көз алдында көлбеңдеген небір әдемі суреттер кешкі сұрғылт бояумен күңгірт тартып барып, бірге өшіп кеткен ғой. Көңілдің шырағы сөнсе, заматта қара құйындай өрекпи көтеріліп, кеудені зұлымдық пен қастандықтың ызалы кегі басатын қашаннан әдеті емес пе.

Хонтайшы аңнан түнеріп оралды. Жас тоқалдың аңсай ұмтылатын ыстық құшағы да жадырата алмады. Ахай ханыкейдің ұстаған сайын ұнататын құлын мүшесі тас құшқандай әсер етіп, жар төсегінен жаудай қуған ғой. Атлас дәлиін желбегей жамылып тысқа шығып қызметшілерінің бірін жұмсап, Нейчун-Омбаны алдырады. Ұзап барып екеуі ұзақ күбірлеседі. Нығарлап шырт еткізіп түкіріп жіберіп, нығыз басып Қалдан хан үйге енеді. Содан ол ұлы сәскеде бір-ақ оянады ғой.

Оянса, тыста аңыраған дауыс естіліп тұр екен. Ыңыранып оң жақ бүйіріне аунап түсіп, хонтайшы тағы да көз жұмса керек. Бір қашқан ұйқы қайта оралсын ба? Кірпігіне кергіш тірегендей айқаспай-ақ қойыпты. Өйткені сонау аш бөрідей ұлыған азалы дауыс көрден де қуардай, әрі налыған, әрі назаланған кеуденің шерлі топансуын төңкеріп жатыпты ғой. Ашынған ананың толассыз ақтарылған көз жасына жетер құдірет болар ма. Дөңбекшітіп, тітірентіп жетіп, Қалдан хонтайшыны көз көрмес тылсым қыл-шылбырмен бүрістіре шандып, тас құрсаулап бүріп әкетіп бара жатыпты.

Қасіретті көргеннен гөрі ұққан ауыр. Соны ұқтырар қапалы жүректің запыран гөй-гөйінен төгілген шер-менде ене көкіректің тыншымас зары болса, қаратас жүрек те кәдімгідей қобалжып, әлем тапырық күйге енеді екен. Қалданнан күй қашыпты. Тұлабойын сұп-суық тер жуған ол шамырқанып орнынан көтеріле берген екен, әлденеге буын-буыны босап сылқ құлапты.

Сол түні аяқ астынан қайтыс болған Сонам-Рабтанның неден өлгенін білген жан болмаса да, жас жігіттің қазасының кімнен келгенін жормалдамаған пенде қалмап еді.

Ордасынан шыққан Қалдан ханның көзінен мөлт-мөлт жас көргенде, күпірлікке барып, күдік білдіргендер өздерінен сескеніпті. Шытырманы көп, шешуі жоқ тәлкек тірліктің тізгінінен ұстай алмайтын сол қарабайыр көпшілік өзіндегісін көзінен, көзіндегісін өзгеден жасырып, жым-жырт тарасқан екен.

Дархан-хасиханы қуып жете алмай, арада ай аралатып арып-ашып оралған Сыбан-Рабтан ойраны шыққан отауын, аңыраған анасын, інісінің моласын көреді. Көреді де, Қалдан ағасынан жеріп кетеді. Қайта оралмастай мұз боп қатқан жүректің: “Бездім! Безіндім! Жауым сен! Жауыздықта - сен!” деген кесігімен кетеді. Сонау қаралы түнде Құсотан өзенінің бойындағы Шера-Моудон қыстағында серттесіп басталған кедір-бұдыры, ауытқу-бұрылуы болса да ілгері қарай сұғына тартып, қайқаңдай өрлеп бара жатқан ағалы-інілі екеудің тізе қағыстыра салған қасқа жолы енді екі айрылған еді. Екі мың аратымен Сыбан-Рабтан Қалдан хонтайшыдан ірге бөліп, ат құйрығын шорт кесіп, кек түйіп кеткен еді. Қайта оралтпас арада шыңырау жатқан-ды. Қысастық пен жуандық, зорлық атты шыңырау еді ол.

6 .

Бұл жаз - Қалдан Бесоқты ханның әбден күшейіп, әбден толысып алған кезі еді. Дүниенің енді өзін елең еткізер еш ғаламаты жоғын, қайта ерегіссе сол ыржаңы мен жеңіл ырбаңы мол ғаламға оқыс шек тартқызардай тылсым күш пен құдіретке ие болғанын сезетін. Өйткені кеудесін лықсып соғатын өктемдік атты ішкі жалынның лебі әміршінің еркін тұсап, тізгінін шынашағына байлап алған еді. Өзімшілдіктің екпіні күшті, ағыны қатты толқынына бір түскен соң екіленген хонтайшы зымырап ілесіп кете барды.

Көршісі, қандасы - жеті хошун Халханың екіге бөлінгеніне оншақты жыл өтіпті. Бірімен бірі соғысып, тұтас Халханы екі бөлген Жасақты хан мен Төшет (Тушету) ханның бақталастығын пайдаланып, манжүрлік Сюань Е хуанди Солтүстік Манғұлияны өзіне

қосып алған болатын. Қалдан хан барлап қараса, бүгін енді Қытай империясының қолына түскен Солтүстік Манғұлияның бас жібін өзіне қайтарар қолайлы кез туған сияқты. Өйткені император Сюань Енің бұл тұстағы халі тым мүшкіл болатын. Мәнжүрлік үкіметке қарсы көтерілген Қытай тағына үміткер - У Саньгуймен оншақты жыл арпалысқан Сюань Енің керегесі шайқалып, уығы сырқырлап-ақ қалған-ды. Хуандидың дәл осы есеңгіреген шағын пайдаланып, Қалдан хан ойындағысын орындап шығуды күйттейді ғой. Бірақ ол үшін жауының қапысын табар қыл көпір керек-ақ. Сыныққа сылтау таппай киліксең, көзіңе шұқитындар жаттан да, жақыннан да табылары анық. Сылтау болса, сыналап кіріп, сұғынып ену оңайдың оңайы.

Осындай мүмкіндікті Қалдан хан кешікпей тапқан еді.

1661 жылы Қытай мемлекетінің үкімет басына келген манжүрлік Сюань Е біртіндеп Тибеттегі далай-ламаға ықпалын жүргізе бастаған болатын. Солдаты оның көздегені ат төбеліндей Лхасадағы далай-ламаның төңірегі емес, Лхаса арқылы сонау шалқар дария байлықтың көзі - Халханы иектемек болған еді. Осы ойын жүзеге асырмақ болтан Сюань Еге алғаш Зая-Пандита бастаған бір топ ламалар мықтап қарсылық көрсеткен болатын. Оның үстіне өрекпіген Жоңғар хандығы Қытаймен ешқандай қарым-қатынасқа келмеген-ді. Енді мына соңғы жылдары Сюань Е сол бөгеттің бетін қайтара бастағанда, Халханың өзара қырылыса қалуы тағы да қолын байлап тастаған еді. Оның үстіне жеті хошун Халха мен төрт түмен ойрат тіл табысып, түптің-түбінде бірігіп кеткендей болса, дүрілдеп келе жатқан Қалдан Бесоқты ханның бел алып кетуі әбден мүмкін. Осыларды екшеген Пекин басшылары 1686 жылы далай-ламаға Халханың қырғиқабақ болып жатқан екі қанатын мәмлеге келтіру үшін құрылтай ашқызған-ды.

Сол жылдың сегізінші айының жиырма екісі күні Күрең Белсер деген жерде манғұлдың алпыстан астам мықтысы -тайша, ноян, зайсандарының алдында далай-ламаның елшісі -Галдан-ширету деген адам Сюань-Енің маңғұл жұртын татулыққа шақырған

жарлығын оқыған еді. Жеті тулы Халханың игі жақсылары осы құрылтайда бірімен бірі татулық белгісін көрсетіп - төс қағысып, мұрын тиістірген болатын. Жасақты хан мен Төшет ханның құшақтасып, бәтуаға келген сәтін ойламаған жағдай аяқ астынан бұзып жібермей ме. Халханың бас ламасы Жебезен (Джебдзун) Дамбо кутухта сол құрылтайда бір іс жөнінде далай-ламаның елшісі Галдан-ширетуге қарсы кеп, әлгіге күштілік танытқан ғой.

Құдіретті далай-ламаның беделіне нұқсан келтіретін бұл тасыр қылық Қалдан Бесоқты ханды қатты шамдандырмай қойсын ба. Жөнсізді тезге салуды өтініп, ашулы хан Сюань Еге дереу хат жолдасын. “...Сіздің сарай уәзіріңіз менің қабылдауымда болғанында, аса құрметті ұлық мәртебеңіздің сары тақия киген жандардың[1] заңы мен жоралғысын бек қатты қолдайтынын айтқан еді. Ал ол жандардың дінінің берік кепілі - далай-ламаға кепиет қарас білдіретін сенімсіздік көрсек, олигей мемлекеттерінің[2] құдіретті әміршісі болған Бізге бұл жай оңай тимей отыр. Қасиетті заңымызға қаракүйе жаққан бұл жағдайдың ақ-қарасын Өзіңіз ашып беріңіз”.

Ашулы ханның пәрменді бұйрығымен тағы да бір топ елші Жебезен Дамбо молдаға (кутухтаға) екінші хатты әкетіп бара жатты. “Күрең Белсер құрылтайында қасиетті далай-ламаның елшісі Галдан-ширетуге тілің тигендей сен кім едің? Галдан-ширету лама - қасиетті Дзон-Кабаның[3] мекен-жайында орны бар әулие жан! Оның өкілдігі - құдіретті далай-ламаның өкілдігі еді. Сен соны ескермедің. Алдыма келіп, тездетіп айыбыңды жу!”

Екі хатына да жауап алмаған соң қанына қарайған Қалдан хан келесі жылдың жаз айында Халханың оң қанатын билейтін Төшет ханның иелігіндегі манғұлдарға Шешен-убаши деген кісісін жіберіп, құрылтай өткіздіреді. Құрылтай Төшет ханның билігін жойып, оң қанатты да Жасақты ханның қарамағына қосып

[1] Сары тақиялы деп ламаизм дінін тұтынатындарды айтады.
[2] Олигей мемлекетгері - ламаизм дінін тұтынатын елдер.
[3] Дзон-Каба - ламаизм бұтағының тәңірісі.

береді. Қалдан хан онымен де тынбайды. Отыз мың қол жинап, Жасақты ханмен қосылып Төшет ханның иелігіне басып кіреді ғой.

Тешет ханнан пана таппасын білген Жебезен-Дамба кутухта жылыстап кетіп, алдымен өз алдына жасақ жинамақ болады. Бірақ онысынан да ештеңе өндіре алмай, ақыры Қытайға қашып барып паналайды. Сюань Еге хат жолдап, қашқынды қайтарып беруін сұраған Қалдап тағы да жауапсыз қалады. Бұл кезде Пекиндегі Сюань Е үкіметі бұрынғыдай бей-қаперсіз жата бермей, шұғыл дайындыққа кірісіп кеткен еді. Қалданның Халха тайшыларын ойсырата жеңуі - тарихқа құдіретті жаңа манғұл мемлекетін тудыруға себеп болатынын түсінбесе несіне үкімет басшылары атансын. Ал енді оған ойрат Қалдан Бесоқты хан мен ламалық дін иелері басшылық етіп кетсе, қытайлықтарға ауыздағы астан айрылдық деп сан соға беруден басқа амал болмас.

Осыларды діттеген соң манжүр, ішкі манғұл, қытай әскерлері тездетіп жабдықталып, Халхин-Гол маңайына тұс-тұстан төгіліп жатты. Азық-түлік, ат-көлігін сайлаған Цин империясы Қалдан Бесоқты ханмен аянбай соғысуға қызу әзірленіп кеткен еді.

* * *

Аяқ астындағы Өлкен (Улхун) өзені шарадағы қымыздай тұнып, желсіз, тымық кеште сұрғылт аспанның суретін шайқамай көшіріп алып, сұлқ жатыр.

Манадан өзенге үнсіз қадалып тұрған Қалдан хан жағаға келіп, еңкейіп суға қолын малды. Осы кезде ту сыртындағы көп шатырдың бірінен хұрдың[1] безілдей шыққан үні естілді. Қыл ішектің күңіренген күйі күйікке шалынған жанның күрсінуіндей екен, алпыс екі тамырды түгел иітіп құрсаулап әкетіп барады. Сағынған ұлдың санамен сарғайтқан уайымы ғана дәл осылай жүректен төгіліп, көңілге ұялайтын күй

[1] Хұр - манғұл, ойраттың музыкалық аспабы.

шалатын. Сезімтал жанның сергектігі бармақтың басында, тілінің ұшында, жүрегінің ыстық қанында. Сондықтанда ол сыр шертсе, егіліп шертеді. Елжіретіп тыңдатады. Еркіннен тыс ертіп кетіп, қай-қайдағыны үйіріп әкеп кеудеңе құя салады. Тымық кештегі мына хұр әуені дәл сондай. Ана әлдиімен сіңген адал қасиет Туған жерге деген тұрымтай жүректің дірілі болса, оны да тыпырлата тулататын осындай ой билеген кездегі оқыс кездесетін мұңлы саз ғана.

Қалдан хан жалпақ бетінен сырғанап бара жатқан қос тамшы ыстық жасты сезді. Уыстап алып суық сумен жүзін шайды.

Жалғыз отырып қалған хонтайшы ауыр ойға шомды. Бір тіл, бір діндегі ұлы маңғұл мемлекетін құруды о баста бұл емес Лхасадағы далай-лама төңірегі бастап еді. Сол биік мақсаттың көңіл лепірткен хурдың желдірме суылындай бір күйі бұның да кеудесіне айықпай орнаған болатын. Бірақ бүгінде тығырыққа қамалғандай жайы бар. Егер Төшет хан Сюань Енің талабын мойындап, Қытай бодандығын қабылдаса, ендігі соғыс ойрат пен Халха арасындағы соғыс болмай, Қытай мен Жоңғарияның ірі қақтығысына әкеліп соғады екен. Осылар ойын ауырлатқан хан, “Болары болды ғой, енді бетімнен қайтпаспын!” дегенді ішінен берік түйді.

Алыстан бебеулеп шыққан сарын жетті. Манағы гөй-гөйі көп хурдың қайта сарнаған ұзақ уілі екен. Ойы көп, опырылуы көп жұдырықтай жүректін, басына әлдебір мұң балауыздан сорғалаған тамшыдай осы күймен тырс-тырс таматындай. Алыста жүрген ұлдарының үміт жібін жалғап тұрған туған даланың дүбіріндей таныс әуен көп-көп қайырмаланып, ұрланып жеткен қоңыр кештің самарқау қойнына сіңіп, жоғалып жатты.

* * *

Ақырғы шешуші айқасқа дайындалған Сюань Е қыруар қолымен бері жылжып шыға берген еді. Күндіз тынығып, түнде аса сақ жортқан қытай хуандиы

Қалдан хан шегініп кетіп, әскері сусыз, елсіз, мекенсіз Гоби шөліне ұрынып қалмасын деп қауіптенген еді. Сондықтан да Сюань Е елшілерін бірінен соң бірін жұмсап, қайткен күнде де Қалданды тоқтата тұрудың амалын қарастырды. “Алдаусыратып айламен бөгей беріңдер. Келісім жолын іздеген боп, алдына түсе беріңдер. Оған дейін әскерді бастап өзім де жетем. Қазіргі ең қас жауымыз - Қалдан хан! Оны біржолата құртпай бізге тыныштық жоқ!”, деген хуанди өзінің бас министрі Арани бастаған жиырма мың солдаты бар авангардын Өлкен өзенінің бойында жатқан Қалданның дәл үстінен түсірген еді.

1690 жылдың 21 шілдесінің таңы ақтандақ көкжиекке үшкір от найзаларын шаншып-сұққылап шыға келді де, аздан соң алқызыл бояу тұтаса ұйысып, жарты аспанды жалқындата орап алды. Әлгінде ғана жер мен көктің жігін айырмай ұйып түскен таң қараңғысы жел желпігендей тез сейіліп, өзеннің батыс жағасын қуалай жантайған таудың ұшар басына қызыл торғын жапқан алтын шапақтың тасасында қалды. Сол өрт жалын бояу бірте-бірте биіктен төмен сырғанап, ақыры сонау етектегі сыбырсыз, толқынсыз баяу ағып жатқан Өлкенге жапатармағай сүңгіп кетті де, қос жағасын салғырт қана шылп-шылп жалап жатқан өзенді қанға толтырғандай қып-қызыл етіп жіберді.

Артынша-ақ қызарып күн көрінді. Қан аңсап таң атты.

Дәл осы алау шапақ құйылған сәтте Аранидің қалың әскері Қалданның бекінісіне шабуылын бастап кеп берген еді. Өзенді жағалай құрылған мол шатырдан оқшау бірнеше киіз үйде Қалдан жасағының балашағасы түнеп жатқан-ды.

Таңғы тәтті ұйқыдағы жым-жырт ауылды үркітпей бас салуға әбден машhүр болған Арани қарауылдағы күзеттің көзін жоюға Ішкі Манғұлияның әскерінен ең таңдаулы деген екі жүз жігітін іріктеп алды да, осындай аласапыран сәтте тез қимылдап, олжаға түсер мал-мүлікті жинап-айдап әкетуге Халханың бес жүз шерігін және бөлді. Қалған әскер қарулы шайқасқа әзірлікке кірісіп те кетті.

Алеханба[1] Аранидан бұйрық тиісімен сар желіп кеткен маңғұлдар бейбіт ауылға бүйідей тиді. Ен олжаға кезіккен Халха мен Ішкі Маңғұлияның шеріктері басшыларын тыңдамай, бейберекет қимылдап, бірімен-бірі олжаға таласып, қатын-бала, мал-мүлікті әр жаққа айдай қашты. Тізгіннен айрылып қалған Арани оларды тоқтата алмай еріксіз кейін шегініп, ендігі қауырт қимылды өзінің бекіністе қалған екінші бөлігінен күтіп еді. Бірақ қолбасының ол үміті де ақталмады. Әскерін иілген садақтай екі қапталдан сұғынта ұмтылған Қалдан қара мылтықтан оқты қардай боратып жауын бірден қусырып әкетті. Тау асып, тарыдай құйылған ойрат қолы дулығасы таң нұрымен шағылысып, дұшпанының мысын басып тастады. Есін жиып, етек-жеңін жинақтаған Арани шабуылға қайта шықты. Бірақ бораған оқтан зәрезап болған Халха әскері ілгері жылжымай кейін жөңкіле берді. Шайқастың ең қызу кезінде бір шеті түрілген соң ішкі маңғұлия әскерлері де қарсы беттей алмай, кері жылыстап кетті. Сол-ақ екен ұрыстың бет алысы айқындалып, Қалдан хонтайшы қолы жеңіс туын көтерді.

Екінші алеханба өліп, ал бас сауғалаған Арани он бес-жиырма шақты нөкерімен әрең қашып құтылды. Мыңдаған тұтқын, бес жүзден астам жүк толы арба ойраттардың қолына түсті. Ұлы бесінде Қалдан Бесоқты ханның жаршысы даланы дүбірлетіп жеңіс дабылын қақты.

Бірақ сыздауықтай сыздатқан ішкі жегісі ханға қанағат тұтқызбады. Шығысқа сыпыра шығандап кеткенін кеш ұқты. Артынан келер көмегі жоқ. Өйткені өзі жоқта Сыбан-Рабтан бұның орнына хан сайланып, елі мен жерін иемденіп алған-ды. Әрине әркім өз қысасының қарымтасын алады десе де, бәрінен де бұрын інісінің Ахай ханыкейдің ақ төсін аймалап жататыны есіне түскенде, ұрт етін кірш-кірш тістеп, қан түкіретін. Алғаш мұнда келгенде Қалдан хан ішкі Маңғұлияның зайсандарына сеніп келіп еді. Қандас ел, тілдес бауыр мәнжүрге қарсы көмек беріп, қол

[1] Алеханба - қолбасшы.

ұшын тигізер деп күткен-ді. Қайда-а ол. Бір тіл, бір діндегі ағайынның сүтке тиген күшіктей көсеу ала ұмтылғаны шымбайына әбден батты ғой. Бұл жақта енді көп айнала берсе, соңындағы мына азын-аулақ әскерден де айрылатынын ұққан Қалдан Өлкендегі шайқастың ертеңінде ат басын кері салды. “Жендім, мерейімді асырдым!”, деп кетпеді. “Амалсыз бұрылдым. Шарамнан аса алмадым”, деген шарасыздықпен жүні жығылып қайтқан-ды.

Ойрат әскерінің шегініп бара жатқан хабарын естіген Сюань Е Қалданға тарту-таралғы, сый-сияпатын кішігірім керуендей етіп жөнелтіп, елшілерін қайрап-пысықтап жіберген.

“Асықпасын, сәл аялдасын деңдер. Қалдан Бесоқты ханға басқа адамды салмай, өзімнің туған інімді, мәртебелі ақсүйек бекзаданы жіберетінімді жеткізіңдер. Тоссын. Екеуі бітім, келісім жайлы кеңінен сөйлесер дегенге қайтсе де сендіріңдер! Иландырыңдар! Қалдан хонтайшы ұзап кетіп жүрмесін. Уысымыздан осы жолы шығарып алсақ, екінші рет мұндай сәті келе бермейді”.

Өлкеннен батысқа қарай, Керөлеңге бет түзеген Қалдан жол-жөнекей көп бөгелмей, үдере көшіп, ілгері тарта берді.

Бұл кезде жүз елу мың қолмен Сюань Енің інісі мен баласы ханды өкшелей куып, таянып қалған еді. Қалданның көзін жоймай Халханы иектеу - Цин империясы үшін құмға сарай салғандай сусымалы тірлік боларын Пекин басшылары жақсы сезеді. Құтырған қасқырдай азуын ақситып Халха даласында Қалдан хонтайшы кезіп жүргенде, өткел аузындағы тапырақтаған түйедей ілгері бір баспай, шіреніп кейін шегінетін Халха мен Ішкі Маңғұлияның бүгінгі жуандары хуандидың ызасын әбден келтіріп біткен еді.

Тамыздың алғашқы таңын Қалдан қосыны Ұлан-Бөтен деген жерде қарсы алды. Көліктерінің белін босатып, жасағына тыным берген хан түйелерін жағалай тіздеп шөгеріп, қалың шіліктің ішіне орналасты: онысы кездейсоқ қуғын болса, қапыда қалмаудың қамы еді.

Оқшау төбе басында Қалдан жалғыз отыр. Бөрі құрсақтанып үңірендеп жүрген қолы қызуы енді-енді

күшейіп келе жатқан қырық күндік шілденің сәске шамасында лаулатып от жағып, қақтап ет пісіріп, ас қамына кірісіпті. Қыбырлаған жігіттерін хонтайшы алыстан, аулақтан байқап, барлап отырса, даурыққан дыбыстың бұрынғы әзілқой, аңқылдақ желігі жоқ екен. Қайта бірін-бірі аңдыған, біріне-бірі өшіккен ырылдақ үндердің ызыңы ғана көбейіпті. Зер салған ханға сол ызың сонау маң даладан ызылдап айналып келіп, жанды жеріңнен шағып кетер бармақтай-ақ араның пәлеқор, бақастық тірлігіндей сезілген ғой.

Қалдан екі шекесін қысып, алғаш жер сүзіп отырып қалып еді сонда. “Сенген шеріктерінің түрі анау болса, олар әлден-ақ емірден үмітін үзіп, сағаты таусылған, кесігі айтылған жандардай жазмышқа мойынсұнып қалыпты. Соларды серпіп кетер, бықсып өшіп бара жатқан қоламта жігерін қайта ұшқындатып әкетер құдірет қайда?” Мына оңаша ойында соған жауап таба алмай, хан қос уыс болып бүрісіп барады.

Қосынның үстін көк түтін көлбеп алды. Желсіз тынық ыстық жалынды қоршаған шолақ тымақты, ұзын дәлилі шеріктердің бетін ұп-ұсақ маржандай тер жуып, шаршаған денеге тыныштық тілетті. Әркімнің әр жерге көлеңке қуалап, қисая-жантая кеткендері сол еді, әлдебір ащы дауыс аттандап шықты. Сөйткенше қарауыл шоқыдан алаулап жанған от та көрінді.

Қалдан хан жүгіре басып шатырына тез жетті.

Бұл екі ортада талма түс болған еді.

Екі бөлініп, қос бүйірден жақындап келіп қалған қытай әскері дәл осы кезде зеңбіректен атқылап, жайбарақат жатқан қосынның ұйқы-тұйқысын шығарып жіберді. Ыдыраған жасағын айқайлай бұйырып, тез жиып алған хан манағы тіздеп тастаған түйелердің тасасына құйылтып, тас түйін бекітті. Бұл тұс - қорғанысқа аса ыңғайлы, биік төбенің балақтап өскен шілік-талды қолаты. Алды - кішірек батпақты өзеннің тік жарқабағы. Енді ойрат жақтан да оқ пен жебе бұршақтай жауып кетті.

Шаңқай түстен бастап зауал шаққа дейін соғысқан екі жақтан шығын да көп болды. Жаудың сол қанатының дүмпуіне шыдамаған Қалдан әскері алғашқы бекінісін тастап шықса, оң қанаты беріскен

жоқ еді. Үсті-үстіне атқылап, қарсы келгенін тік жардан төмен домалатып, бір де бір қытайға аяқ бастырмады. Оның үстіне өршелене ұмтылған талай жауынгерін батпақты өзеннің ұйығы тартып әкеткен соң қолбасшысы кеш түсе кейін шегінді. Келесі күні де екі жақ текетірес түсіп, жеңісе алмай айырылысты.

...Көп шығынға ұшырап, ауру мен аштық жайлаған қолының жартысын қырып алған Қалдан хан 1691 жылдың басында Кобдаға қайта оралған-ды. Сан мыңдаған малынан, бұқара жұртынан және айырылып, ақпан айында Хан аулы (Хан-ула) тауының маңына жетіп, керегесін жайып еді.

Цин империясы Қалданға қарсы соғысқа әзірлікті одан сайын күшейтуге кірісіп кетті. Жауынгерлерін әскер өнеріне жаттықтырып, қару-жарақты еселеп толтырды. Солтүстік-батыс жолының бағдарлары сызылып, Хуанхэ өзенімен кеме жүргізу жедел қолға алынды. Осындай шұғыл жұмыстармен қосанжарлана Долоннор құрылтайына дайындық та аяқталып, 1691 жылдың 1-мамырында осы құрылтайда Халха хандығы, яғни Манғұлия Цин империясының құрамына қосылды. Төшет хан империяның жаңа бөлігінің билеушісі болып мерейленіп таққа отырды.

Бұған керісінше Қалдан алған бетінен қайтпай Халханы қайткен күнде де өзіне бағындыруды ойынан шығарған жоқ. 1692 жылдың күзінде ол Долоннор құрылтайының шешімін естімеген жанның сыңайын танытып, Сюань Еден Төшет хан мен Жебезен-кутухтаны ұстап беруін талап еткен еді.Ол аз болғандай Халханың тайшалары мен зайсандарын өз жайлау жұртына тездетіп қайтаруын және тапсырған-ды. Осының бәрін ол өзінің Халханың айбарлы әміршісі ретінде бұйыратынын баса көрсетіп еді. Бірақ Хуанди міз бақпаған.

Барар жер, басар тауы қалмаған, оның үстіне Сыбан-Рабтаннан мықтап қысым көрген Қалдан Бесоқты ханның алақанның аясындай Кобда оазисінде көп тұрақтай алмай, шығысқа, Керөлен мен Төле өзендеріне қарай қозғалатынын білген Сюань Е қапысыз бақты да отырды.

1695 жылдың жарқырап жазы шыққанда жапырлай

атқа қонған ойрат әскері Керөленге жеткен еді. Жеткен еді де, сол арада еру жасап, әрі қарай аттап баспай, Халханың дәл жер шебіне тұмсық тіреп жатып алған-ды. Ендігі әрекетті Қалдан хан Халханың, Ішкі Маңғұлияның, Көкнор мен Ордостың беделді, білікті тайшалары мен зайсандарына астыртын жөнелтілген жансыздар мен жаушылар арқылы жүргізбек еді. Сөзбен ұйытып, дәлелмен иліктірген Қалданның бұл елшілері маңғұлдың талай мықтыларының бетін бері қарата бастап та еді. Бірақ хонтайшының астыртын әрекетін сезіп қалған Цин империясы барлық жол, барлық ұлыстарды қатал бақылауына алып, ойрат пен маңғұл арасында жандана бастаған байланысты үзіп жіберіп еді.

Цин империясының қол астындағы маңғұлдар қоныстанған барлық иелікті Қалданның бөліп алмақ әрекеті мәнжүрлік өкіметті қатты шошытқаны рас. Қалдан ханның мынау итжанды әрекеті Қытай мемлекетінің қол астындағы басқа ұлттардың да ұлт-азаттық көтерілісін тосқауылы алынған тоғандай ғып тасытатынын Сюань Е қасындағыларына түсіндіріп, қақсаумен болған-ды.

Шығыстан да, орталықтан да, батыстағы Ганьсудан да таудан үш тарау боп құлап ағып, гүрілдеп бір арнаға құйылатын ағыны қатты өзендей жөңкілген төрт жүз мың әскер көкек айының ортасында Гоби шөлін көктей өтіп, Керөлендегі Қалданның қосынына бес күндік жолдай жерге жетіп, еру жасады.

* * *

Көкек туғалы күннің райы ашық. Айнала тегіс жамырай көктеп, жасарып оянған тірлік атаулының жарық пен жылуға қол созған сәби кезі. Төрелжі өзенінің жағасындағы жайлау да қызғалдағын құлпыртып түлей бастаған еді. Бұл атырапта шөкім бұлт көрінбей күн шуағының үзбей төгіліп тұрғанына да көп болған.

Қалдан Бесоқты өзеннің құлама жағасындағы қойтаста әдеттегіндей жалғыз отыр. Беймаза көңілдің де кей-кейде шүкірана оңашалық қалайтыны болады.

Әсіресе дәл мынандай балауса дүниенің қылтиып шығып, қылаңытып бой жазған өскелең шағы жадаулық көрген жаныңның мың жарасын сипап жазғандай әсер етпей ме. Бойды сергітіп, жеңілдететін туған жердің туырлықтай аспаны дәл төбеңнен көкпеңбек боп төңкеріліп тұрса, кіндік қаның тамған киелі топырақ аяғың астында жатса, сылдырап аққан өзеннің мың сан әнін елжіреген жүрекпен ұғатының кәміл.

Үнсіз ойланған ханның қасына Елагөксен (Ила-гугсун)-кутухта келді. Бір уыс бетін қуалап өскен бес тал сақал-мұрты тікірейіп кетіпті, ұсқынын алып тұр. Көз шарасы әуелден ұясына симаушы еді, қазір тіпті боталап кетіпті, әрқайсысы кішігірім тостағандай боп бақырайып шығып барады.

- Не болды, кутухта? Өрттен қашып келгеннен саумысың

- Өрттен де күшті дерт қуып келді-ау, хан ием!

- Қорқақ болсаң, дәл осы сен маған келмес едің. Сюань Еге жер соқтырған сендей жанның қорқары не екен? - деп Қалдан жымия күліп, қасынан орын берді. - Отыр!

- Апырай! Айналаң қусырылып, тынысың құрып бара жатса да былқ етпейтінің бар-ау, Қалдан. Сюань Е қолы Керөленге жетіпті. Ертең-бүрсүгіндері осы араға келеді. Бұған дейінгіміз ойын жолы болсын, ендігіміз зілзалаға кезігуден басқа түк емес. Мені қорқытқан да, шошытқан да осы.

Айтарын айтып қалғанымен, әміршісінен гөрі інісіне көбірек ұқсайтын жанның қам көңілін қалындата түстім-ау деп запыланған Елагөксен-кутухта сойдақ тістерін әрең жасырып тұрған дүрдік еріндерін үш саусағымен бүріп ұстап “аямаған аузым сен ғой” дегендей құныса қалды.

Манадан өзеннің ағысына қарап отырған Қалдан хан көрер көзге бүрісіп, шөгіп бара жатты. Өзінің де күткен хабары осы болса да, осылай тез ести қоям деп ойламап еді.

- Мына даланың қан тамбаған, тер суармаған бір уыс топырағы бар ма, қасиетті лама? Ата-бабаның жансыз денесі қу сүйек боп құрап қалғанда да,

жауының ең болмаса атын бір сүріндіретін, жүрегін бір шайлықтыратын. Қимасынды ұрлайтын, сыйласыңды алатын соғыс әдеті. Қорғалап жан сақтамай, ұрандап ар шақырған Қарағұл атам мен Батыр әкем де қасиетті Дзон-Кабаның мекеніне кетті. Солардың тура жолын қуып келіп, қыл аяғында тайсақтап қалай жалт берем? Ендеше, сонау желкілдеп шыққан күндерім желдіртіп әкеліп дәл осы қиынымды алдыма тосқан екен, қиынсынбай көтеріп алам! Соғысамын! - деп енді кутухтаға тіке карады. Әлгіндегі сәтке босап кеткен күйдің тұманын ыдыратып жіберді.

- Қалай, қайтіп соғысасың? - деп шаңқ ете қалды лама.

- Айқаспай, шалыспай жүрген жау ма еді қытайың?! Соғысам да.

- Көп қой!..

- Көп болса қайтейін. Қаша ұрыс салам онда.

- Қаша алмай, кете алмай темір қақпанға өзің түсіп қалмасаң. Көпке топырақ шаша алармысың.

- Сонау қиырдан шөл асып келген әскердің халі белгілі. Олар үздік-создық жиналғанша, біртіндеп құрта бермеймін бе,-деп Қалдан орнынан тұрды.

- Сол үздік-создығының өзі сенің мына қолыңды он орап алатындай сияқты, - деп кутухта әлі де болса қауіпті көлденеңдете берді.

- Олай болса, жылжи беріп әбден титықтатам да, мысы құрып, кері оралған сапарында жаудың ту сыртынан тиісем. Әйтеуір сайланып шыққан соң алты жыл айқассам да, мәнжүрдің әскерін тауыспай қоймаймын, - деп өзгеден гөрі өзін сендіргендей лепіре сөйлеген хан майханына беттеді. Аяғын ауыр аттап, сылбыр қозғалып барады. Ойланып айтса да, оқыста далбасалық етіп, тал қарманғаны болса да, жаңағы жоспарының тиянақсыздау екенін сезетін тәрізді.

Осының ертеңінде, 13 мамыр күні генерал Бе Фянь-гу бастаған Батыс, Ганьсу корпусы Қалдан қолының маңдай алдынан шықты. Қашуға жол болмай қалған Қалданның еріксіз соғысуына тура келді. Күші мен қаруы артық Цин армиясы жеңіске жетті. Ойраттың екі мың адамын өлтіріп, жүз адамын тұтқындады. Қалғандары тоз-тоз боп ыдырап, жан сауғалап, жан-

жаққа таран кетті. Аздаған сенімді нөкерлерімен ғана Қалдан хан батысқа қашып құтылды.

Ойраттың бала-шағасы мен бүкіл көш-керуенін қолға түсіріп, жиырма мың жылқысын, қырық мың қойын алдына салған Сюань Е мұртын ширата масаттанып негізгі әскерімен 19 мамырда атының маңдайын аулына бұрған еді.

Елагөксен-кутухтаның айтқан зілзаласы тап келіп, қалдан Бесоқты хан маңайында қалған үзеңгілес достары - Рабдан, Данзила, Данзин-Гомбо және Елагөксен-кутухталарды ертіп Тамыр өзенінің бойына жарасын жалап жеткен-ді. Үйсіз-күйсіз, қаласыз-қарасыз бес мындай аз ғана тобырдың ендігі күні - қу медиен даланың күнесінде суық өтінде қалып, қалт-құлт теңселген қуыс құрай күйіндей ілдәлда жәй ғана болатын.

Елуден енді асқан ханның бұрын жүдеу көңліне алыстан болса да сәуле шашардай Көкнор мен Ордос ойраттарынан көмек күткен сенімі бар еді. Құрсаулап қоршап алған Цин армиясы сол үмітін де үрлеп сөндіріп тастаған соң қайрыла сынған қанаттың қайта оңалмас, кайта қағылмас күйреу дәуренін кешкенін анық сезінген-ді. Әсіресе қатты түңілтіп, түбі жоқ шыңыраудың ернеуіне желкелеп төндіріп әкелгендей болып Рабдан досы бір-ақ түнде мың адамын ертіп Сыбан-Рабтанға қашып кеткен еді. Содан кейінгі ұзақ-ұзақ түндерде ұйқысын ұрлаған мазасыз ойлар күңгірт тартқан көңілін тартқалы тұрған көрге, қапқалы тұрған қақпанға қарай жетектей берген.

“Рақымсыз дүниенің рақымсыз тірлігі әбден болдыртып, біржола титықтатып келіп тірідей нәрін сорып, тауысып барады. Игілігіне тұшынтар ісі жоқ екен. Исініп айтар ізгілік те жасамапты-ау. Үміті елес берердей дер шағынан да алыстап кетіпті. Енідігі күтері - өлім ғана. Тұяқ серіппей, тағдыр-талайына үнсіз мойынсұнып, келер күннің келер ұрпағына жетер-жетпес әлсіз арызының өтеуіндей ғып есімін ғана қалдырып, бұл фәниден өтуі, жарық жалғаннан жоғалуы керек-ау. Жақсылық дабылын қақса, осылай жалғыз қалар ма еді? Қақтым деген дабылы әлде қарақшылық па екен... Қылыштың жүзінде жүріп

ептілік жасаған алыс-жұлыста адалы мен арамы араласып кеткенін өзі де сезбеген болар ма. Медиен даланың меңіреулігі меңдеген өз кеудесінің қараңғысын серпи алмаса, көкірегінің сәулесін жоғалтып адасып жүрсе, түпсіз тұңғиыққа айнымай беттеген ендігі қалпын, ендігі қадамын кім тоқтатар?”

* * *

Тозығы жеткен майхананың төрт бұрышынан бірдей жел ессе де, Қалдан хан қымтануды да ұмытты. Төрде жатып төбедегі жұлдызды санауды әдет қып алған ол түннің бірталай уағын ұйқысыз өткізсе де, таң құланиектене шошып оянды. Сұрғылт сәуле сығалап жетіп, әлдебір тесіктен әдейілегендей мұның көз шұңқырына құйылды. Оң жамбасына аунап түсіп, ақырын ғана ыңыранды. Сай-сүйегі сырқырады ма, әлденеге қатты ауырсынды. Сығалап-үңіліп ойық-тесіктерге қадалды. Тесік көңілдің үзік-үзік ойларындай төбесінен төнген алба-жұлба бұлттарды көрді. Кешегі байлық пен барлықтың жұқанасындай үстіндегі бұлғын ішігіне иегін тығып алып, ұзақ жатты.

Ұзақ жатып, ұзақ дөңбекшіді. Қорғасындай ауырлаған денесін тітірентіп түршіктіріп бара жатқан жалғыздықтан қанша дөңбекшісе де қашып құтыла алмайды. Әсіресе басын сүйеп қасында отырар ұлы - Сәбден-Балжырдан айрылғалы жалғыздықтан үрейлендірген ойдың көрдей суық құшағына түскеніне де екі айдан асты. Содан бері қаусаған көңілдің зәрлі уын жұтып, селт етпейді. Тұрлаусыз тірлікке тұмшалана оранып, сергіп түрегелер бар қауқардан баз кешіп, опасыз оңашалықта опырылып барады.

Қол созып хан бас жағында ілулі тұрған ұлының жалбағайын жұлып алды. Қызара ісініп, кірпігі азайған көзіне әлгіні жақындата тосып, біраз қарап жатты. Бұрын осындайда ісініп жетіп, жадыратып тастайтын көңіл хошы болушы еді. Сонысын күтті. Бірақ ыршып шыққан қос тамшы көз жасынан басқа ештеңені көре алмады. Артынша-ақ қос иығы қушиып, ағыл-тегіл еңірей жөнелді. Тыстан әлдекімдердің жөтелген

дауысы естілді. Қалдан жалбағаймен бет-аузын ауырта уыстап бір сүртті де, қолын бұлғын ішіктің ішіне асығыс сүңгітті. Есікке қадалған қызамықтанып тұрған қос жанарда зәрлі қарастан басқа өкіну, өксу, ренжу, қайғыру атаулыдан із қалмап еді.

Сау етіп бес-алты адам ішке кірді. Данзила мен Елагөксен-кутухта бастаған үзеңгілестері екен. Тұрған жоқ. Аналардың сәлеміне жауап та қайырмады. Шатырдың шұрқ-шұрқ көп тесіктерінің біріне иегін көтере шаншылып қарап қалды.

Келгендер Қалданды қоршай отырысты.

Елагөксен-кутухта даусын кенеді. Қалдан жалт бұрылды. Өңіндегі әлгіндегі қаталдық жоғалып кетіп жалынышпен жәрдем күткен рай тіріліп еді. Кутухта соны көріп күмілжи берген.

- Айт, жасырма!

- Император Сюань Еден жаушы келді.

- Не дейді? - Қас дұспанының не дейтінін сезбесін бе, басын жастыққа тастай берді.

- Көкнор мен Лхасаға жіберген елшілерімізді ұстап алыпты. Бесоқты хан, саған хуандидың хаты бар еді.

- Оқы!

“Қалдан Бесоқты хан! Сенімен біздің арамыз қан төгіспей бітіспейді. Ал мәмлеге келу үшін сен екеуміздің бетпе-бет келіп, жүзбе-жүз кездесуіміз керек. Ол үшін егер сен мұнда келмесең, онда біз саған барамыз. Талшығымыз - қар, сусынымыз - мұз болса да, біз саған түбінде бір жетпей, алған ойымыздан ешқашанда таймаймыз.

Император Канси Сюань Е
Хандық құрғанының 36 - жылы”.

Отырғандар ләм демей қабақ астынан Қалданды бағып қапты. Дәл осы қазір әлгілердің ешнәрседен жақсылық күтпей, қиналып қауіп түйгендері жүздерінен анық көрініп қалған-ды. Әрқайсының кеуделерінде алыстан талықсып жетер қоңырау шылдырындай бір-бір үміті бар еді. Шаңытқан жол үстінде құйғытқан қосарлы аттың екпінді желісіне

шыдамай күңгір-күмбір сыңғырлап талып барып, айналмадан өтерде ақырғы рет баяу күрсінгендей жай ғана сылдыр етіп өшетін қоңырау үні болатын. Сол қоңырау-үміт те жоғалыпты.

Қалдан хонтайшы осы жайды анық ұқты. Кәрі көкжал қансоқта ізіне бөрібасар түсіріп алып, қашар жер, паналар бұта таппағанда ғана шоқиып отыра қалып, айдаланы аңырата, аспанға қарап ұлушы еді. Мұның өйтуге де шамасы қалмапты. Осыны түйсінгенде айласыз халіне қамшы тигендей, басын оқыс көтеріп алып, отырғандарға жағалай қарап өтті.

- Сәбден-Балжыр тірі болса, Лхасадан жақсылық хабар әкелер...

Елагөксен қозғалақгап қалды да, жүзін жасырып еңкейе берді. Кутухтаның әлденені бүгіп қалғанын сезген хан оң қолымен жағасынан бүре ұстап, өзіне жұлқи тартты.

- Айт! Не білесің?

- Хан, өзің айт дедің той. Айтайын, - деп анау ептеп Қалданның қолын жағасынан босатты. - Айтайын. Ұлыңыз Сюань Енің қолына түсіп қапты...

Қалданның өңі құп-қу боп бозарып сала берді. Ақырғы тірегі құлаған шер көкіректің күрсінткен ықылығы тынысын тарылтып жіберді. Көңілін алаңдатқан көп күдігі бар еді, көптен күткені әлдебір суық хабар болса да, дәл осындай сұмдық жаманат емес еді. Жат қолда, жат елде қалған ұлы мына кесапат күндерінің шешілмес түйінін одан сайын шиелеп кеткен екен. Өткен ғұмырдың жалғанды жалпағынан басқызған бүкіл ірілігі дәл мынау күйікті тірлігінің қасіретімен бір-ақ жойылып, жанашыр мейрімі жоқ қытымыр ғазабымен көңіліне түрпідей тиіп, жан-дүниесін құлазытып жіберді. Енді ешкімнен де жасырмастан ішіктің ішіндегі жалбағайды шығарып, иіскеп отырып қалды.

“Кімге, неге сенген? Артын өзі өртеп, алдын бітеп таусып отыр. Қапталында қара аз. Далай-ламаға сене ме? Оның да қол-аяғын тұсардай Сюань Енің әрекеті жеткілікті еді ғой. Манғұл тайшаларына қол жайып осыншама емінгені жетпеді ме? Ендеше бәрі біткен екен”.

Қатты сенделген Қалдан Бесоқты іштей егіліп, күлтілдеп ісік жайлаған көзін тағы да кутухтаға қадады. Сол қараспен: “Айт, айта бер. Сенің айтарың әлі де аз емес” дегендей сыңай танытты.

Елагөксен бұл жолы әдетінше жүзін тайдырмай тіке қарап отырып сөйлеп кетті.

- Бірінші айдың жиырма сегізінде Чахан-Толағайда Көкнор нояндарының туралы болыпты. Тибеттен Далай-лама мен дибаның[1] елшілері қатысыпты.

- Білем, - Қалдан хан қолын сермеді. - Білем оларды. Сөзге бар да, іске жоқ. Асқа бар да, күшке жоқ. Жиылып келіп, шуласып қайтатын. Айбатын атып, қайратына баспайтын шіркіндерді білем. Әттең, кешегі күнім жоқ, әйтпесе, ең алдымен солардың көзіне көк шыбын үймелетер едім!

Кутухта тағы да үнсіз қалды. Айтары көп болса да, жан-жақтан қысып келе жатқан көп ауыртпалықты жасырып отыр. Онысы ханды аяғандағысы. Ең болмаса осындай бір оңаша сәттерде өз мұңымен, өз шерімен жалғыз қалғанда күйзелген көңілдің нар көтермес жүгін қалыңдата түскісі келмеп еді. Данзила шыдай алмады. Күннен күн озған сайын аштық пен суықтан бірдей қырылып, азайып бара жатқан артындағы елі мен қолын ойлап отырған. Оның үстіне кеше ғана мың адамымен Рабдан Сыбан-Рабтанға кетіп қалды. Оның алдында Дазин-Гомбо жырылып көшкен-ді. Мына дел-салдық, белгісіздік үндемеске қоймады. Жіңішке даусы шыр етті.

- Уа, Қалдан Бесоқты хан, қасиетті хан! Не істемекпіз осы біз? Аштан қырылып, аурудан тозып, құрып бітеміз бе? Жоқ болмаса бас көтеріп, тірлік-харекет жасаймыз ба? Осы сен емес пе ең, не істесем де, Дзон-Кабаның әділ жолы, әділ заңымен істеймін деген. Қайда сол әділ жолың мен әділ заңың? Жолға - теріс, заңға - бұрыс келген тап өзің емессің бе? Жеті тулы Халха, төрт ойрат елің не тапты? Зар тапты. Жасы - көл, көкірегі - шер бұл күнде. Кешегі бай елің, бар елің азып-тозып, шіріп-құрып бітті. Астындағы тағың, қарауыңдағы елің қайда? Бірі де жоқ. Бұрын үндемеуші

[1] Диба - Тибеттің әкімшілік өкімет басшысы.

едік, бұрын алдыңа келіп ауыз ашпаушы едік. Бізді дәл бүгін сөйлетіп отырған, ашынтып отырған шыдамсыз дерт пен күйдірген іштегі өрт. Не істейміз енді? Осыған жауап берші?

Қалдан Данзилаға алара қарады. Жақ еттері буылтықтанып азу тістері қарш-қарш қайралды. Бірақ бірауыз тіл қатып, жақ жазбады.

Қалдан Бесоқты хан дөңбекшіп жатыр. Миы мен ойын шаққан қайғы мен қасіреттен басқа кеудесінде ешнәрсе қалмапты. “Құдіретті әмірші” деген алапат атағының орнын толтыратын, соған лайық болатын ендігі өмірдің қандай алданышы бар еді? Кешегі елдер мен халықтарды қабағының қимылымен қалтырататын ғажайып қуаттың сарқылып келіп, сарысудай ұйып, өкініші ғана қалса, жан тыныштығын сақтар үміттің үзіліп біткені емес пе.

Әсіресе, қинағаны әрекетсіздігі еді. Қалданды қасиетті Қалдан хан еткен алмас қанжардың жүзіндей қылшылдаған харакеті болатын. Содан қалып бара жатқалы кеудесін топырақ басқандай тынысы кем-кемдеп таусылып, тарылып келеді. Күн озған сайын бұрынғы құдіретті рухтың мысқалдап кеміп, үнсіз сөніп, үмітсіз өшіп бара жатқанын өзі де сезеді. Сезгенімен етер амалы, жасар қайласы жоқ.

* * *

Келгендер түгел шығып кетісімен, Қалдан жалбағайды тағы иіскеді. Кім білсін, ұлының исі сіңген бір кез шүберектен туған жердің жұпарын сезді ме, жүдеу жүзін жібітіп жас жуды. Ауыр кірпіктер айқасты... Түн мұнарын серпіп ашқан таң шұғыласына кезікті. Қол бұлғап, үзеңгісіне ақ сүт жағып шығарып салып түрған анасын көрді. Сонан соң ана әлдиіндей қоңыр үнмен ұзақ бебеулеген хұр сазын есітті. Шымырлатып тұла бойын исіндіріп әкетті. Балбыратып ұйытты. Қыл ішектің оқыста күңіреніп келіп, күрсіндіріп тұрып бір мүң, бір қайғымен ашылар сыры бар екен. Көңілдегі шердің, жүректегі шеменнің астан-кестен тірліктен таяқ жеп, талықсып тұрған кезіндегі

ауыр өксікпен айтар тілі екен ол. Зар-наласын, өкініш-опығын қосып, күйзеліп жылап, ширығып тұрып жетелейтіні тағы да сол бір ғана өлім екен... Хұр әуені бітпейді. Хұр солығы басылмайды. Қоңырлатқан ана әлдиі бір сәт қарлыққан жоқтауға, мол жылауға жалғасқандай.

Қалдан хан көзін ашты. Тесігі көбейген шатырдың күн сәулесін себелеткен қазіргі ішкі көрінісі де тым жұтаң. Хоймордағы[1] бұрхан[2] орны да қаңырап бос тұр. Үзіліп кеткелі тұрған үмітсіз кісінің енжар қарасымен соны бір шалып өткен хан айдалада ұмыт қалған құдайының бейнесін дәл қазір өз көкірегінен де аластағандай. Мына жатысында айналасындағы болмыс-дүние бұған еш қатысы жоқ, өз митыңы, өз ағуы бар баяу жылжыған өзендей. Сол өзен бұны жағасына лақтырып тастап, кете барыпты. “Сындың, сөндің, өштің!” деп аямай айғақ қып, өз қазасының тірідей азасына сүңгітіпті.

Осыдан кейін-ақ ол күрт босады. Жүрек тілгілеген жара да, сергелдең де сап тыйылды. Құлағындағы хұр үні де үзілді. Денесін жер тартып бара жатқандай ауырлаған аяқ-қолын ғана сезді. Басқа елегзу, толқу, тебірену сезімдері енді мүлде жоғалған-ды.

Бір кез бұлғын ішігін желең жамылып тысқа шықты. Алысқа ұзамай есік алдында тұрып қалды. Қан қашкан жүзінің сұп-сүр реңін жасырып, қаулап өскен сақал-мұрты ұйысып кетіпті.

Айналасына ұзақ қарады. Ойдым-ойдым қары еріп, алатоқымданып жатқан айналада қыбыр-қимыл жоқ. Ұясына батып кеткен күннің әлсіз шаңытқан кешкі алакеуім шапағында қол-аяғын бауырына жинағандай бүріскен даласы тарыла жақындап тұрып: “Мен де өлікпін. Төсімді дүбірлеткен тұлпардың тұяғын енді қайта көре алармын ба? Гүлі мен дәні ұшып кеткен балаусамның қар астынан желкілдей өсіп, құлпырып оянғанын қайта бір кешермін бе? Сылдырап аққан тас бұлағыма үн беріп, мұздай суына өзіңді қандырар дәуренім және бір болар ма?” дейтіндей.

[1] Хоймор - сол жақтағы құрметті орын.

[2] Бұрхан - киізден жасап, алтын жалатқан будда мүсіні.

Сұлқ төңірекке сұқтана қараған сұрықсыз көздердің сәтке ғана жалт ете қалғанын кім көрген? Меңіреу көңілдің мезгілсіз селт еткенін кім көрген? Осы бір қас қағым сәт бітеу көкіректің шерін түйдек леппен лықсытып шығарды.

- Қайран ғұмыр өттің-ау!... Үмітке жеткізбей, арманды ұстатпай кеттің-ау! Сергелдеңді серік қылғанмен түбінде бір бітерімді сезуші ем ғой. Артымда қарғаған халқым, зарлаған жұртым қалып барады. Бірақ, соларға: “көк аспаныңды көзіңді басқаға сүзбей еркін көр! Кең даланды бөтенге дар-дар айыртпай, өзің еркін көшіп-қон! Сахаранда көзін сатқан кірмедей болмай, өзің ғана сайранда!” дегеніме, туған жер, өзің куә бол. Айтылмаған, жұртыма айта алмай, түсіндіре алмай кеткен бір арманым осы еді. Аманатым да саған осы болсын! - деп кілт тоқтады. Содан кейін қайтып жақ жазбады.

Шатырға енісімен күміс кеседегі суға у салды. Шайқап-щайқап араластырды. Төсегіне отырды.

Сол қолына жалбағайды қысып ұстап алды да, кесені басына бір-ақ төңкерді. Содан кейін ернінен жылап ағып тамшылап тұрған суды ыдысына тосып ап, және жұтты.

Тұла бойы ұйып сала берді... Әлдеқайдан жұмсақ безілдеп хұр үні жетті. Ақ бесікті таянған ана әлдиіндей: “Ұйықта, құлыным, ұйықтай ғой!..”Әлдилеген күй саябырлап барып жоғалды. Қыл ішек тырс етіп үзілді... Мәңгілікке үзілді.

Кешегі елдер мен ұлыстарды қабағының қимылымен ғана қалтыратқан құдіретті Қалдан Бесоқты хан 1697 жылдың 13 наурызында Аша-Амтатай деген қыстауда елу екі жасында дүниеден өтті.

7.

Телікөлден оралған Жомарт батырдың алдынан тағы бір жайсыз оқиға күтіп тұр еді.

Суық хабардың қашаннан тез тарайтын әдеті. Қаратау өңіріне жетісімен-ақ: “Жомарттың өз қысасы аздай, енді бөлтіріктері шабатын күнге жеттік пе. Есе

тимей, қарындасын қайтара алмай Бекей би бармағын тістеп жүріп, өкінішпен өліп еді. Енді сол бидің інісі Мұқатай басы жарылып, мұрны қанап тұтқын боп Жомарт ауылында жатқан көрінеді, мынасы нағыз шектен асқандық. Ши түбінен көзін сығырайтып ағайын-азаматты қамап ұстады деген сұмдықты естімеп едік. Бұ да болса сор заманның бір кебі шығар. Әйтпесе, қолау тай, қотыр тайлақ үшін азамат сағын сындыратындай не туыпты” дейтін сөздер әркім-әркімнің аузынан естілгенде, батыр қатты күйзелді. Содан кейін күн-түн қатып Теректідегі ауылына жеткенше асықты. Жомарттың қатты ашумен түйілгенін сезген Қуат батырмен қоштасып, өзінің жайлауына баратын тұстан бөлініп, қыр астына түсісімен, атына қамшы басты. Ондағысы “қаһарлы әке ет қызуымен бір сойқан салып жүрмесін” деген қауіппен тез жетіп, Садырбайды көзтаса қыла тұру.

Жомарт ауыл үстіне кірісімен қотан сыртына аулақ тігілген қараша үйді шалып қап, ат басын соған туралады. Қолмен белгі беріп, қасындағыларды иіріп тастап кетті.

Есікті байлаған арқанды қылышымен турап-турап жіберіп, сықырлауықты серпи ашып, табалдырықтан аттады. Құрым киізге орап, сорайтып мойнын ғана қылтитып таңып тастаған тұтқын батырға ызалы көздің жанарын жалт еткізді де, теріс айналды.

Жомарт Мұқатайдың аяғын құшақтай құлады.

- Сен мұнда қор болып жатсаң, мен онда тірі өліп келдім, Мұқатай! Естідім, уа бәрін білем! Еркім өзіңде! Өкпеге қисақ та, өлімге қимаушы едік бір-бірімізді. Тізелесім, тұрғыласым едің. Бір күшіктің ылаңынан сені мазақ тапты, мені құдай атты! Мына тірліктің не сәні қалды? Неге өлмеймін! Аруақ қайда? Неге атпайды жазасын! - деп еңіреп жіберді.

Мұқатай жалт бұрылып, жүдеу жүзін тегіс көрсетіп иегін кемсендетіп отырды да, еңкілдей жөнелді.

- Уа, Жәке! Жасымашы батыр! Жер болмашы! Болмашы! Ойпыр-ай, бетке ұстаған сені мынандай азапқа салып отырып, өкпе артармын ба? Кінә өзімнен! Қолмен істедім, мойынмен көтерем! Сайтан азғырған мені! Сайтан! Сен... сен менің жасаған-

дарымды білсең ғой... Мен - нағыз итпін! Етегіңе жармасқанда, мынау... алтын басыңды... абыройыңды көре алмадым... Маған бола... құнсызға бола күйінбеші. Күйінбеші, батыр!..

Жомарт Мұқатайдың аяқ-қолын таңған шылбырды қиып-қиып тастады. Бауырына қысты.

- Мұқатай-ай! Қадірің артық ағайын-ай! Тентегімді де теріс деуге көндің қимады-ау. Қимады-ау! Әйтпесе, дәл мынау кебіңді қалай ұмытар едің. Ағайыннан азар көріп отырып, назарынды тіктеп қадағың келмегені - ірілігің, естілігің-ау! Сол ниетіңе-ақ құрбан неге шалмаймын, - деп Жомарт орнынан атып тұрып тысқа беттеді. Айғай салды.

- Садырбай! Уа, күшік! Жет тез!

Батырдың даусы шығысымен Жұмабек пен Тәсібек жақындады.

- Батыр, ат-көлік аман ба? Садырбай ауылда жоқ еді... -деп Жұмабек бастай беріп еді.

- Қайда кетсе де тез тауып келіңдер! Осы қазір дереу жеткізсін! - деп Жомарт одан сайын ширықты. - Сендерді не қара басты! Күшік неменің төйтіктігі тәйтік болсын, бәрің отырып ел арасын ушықтырар араздыққа қалай жел беріп жүрсіңдер?!

Тәсібектің танауы делдиіп кетті.

- Әй-әй, батыр! Жұрт апшысын босқа қуырма! Алдымен істің жай-жапсарына қанып ал! Содан кейін көзіме шұқы, мойныма төндір!

Осы кезде қараша үйден тәлтіректей басып Мұқатай шықгы. Шылбыр буған білегін уқалап қойып үһілеп алды да, жас жуған бетін жасырмастан Тәсібектің алдына келіп тізесін бүкті.

- Тәсібек, айып менен! Кешір, ағайын! Тентектің шоқпары алдымен менен шықты. Шықты да зорлық боп сермелді. Әлі де болса соның өтеуі қайтқан жоқ. Енді түсіндім! Түсіндім де, түстім пәле қуған һарам биігімнен. Айналайын, батыр-ай! Азамат көргенің арамза еді ғой. Арамың мен едім ғой! Қарғысынды маған ат! Садырбайға тікпе қаһарыңды. Қайтарма бетін екпінді жастың. Ол әділет деп тулады. Әділет деп араға түсті. Ағайын деп шын құрметтесең - осы жолғы ара-

шамды бер, - деп Мұқатай енді Жомарттың қолына жармасты.

Батыр Мұқатайды ордасына ертіп әкетті.

Мән-жаймен жата-жастана таныстық.

Жомарттар Телікөлге аттанып кетісімен Тәсібектің үйіне Құлнияз қонақ боп келген еді. Жайлаудың сары қымызын сіміріп, бағланның жас етіне тойған шаруа бір жұмадан кейін қайтудың қамына кірісті.

Аспан бозамық тартқан. Үй іргесіндегі төбенің үстінде отырған Тәсібек пен Құлнияз кешкі ауылдың қарбаласына қарап, әңгімелесіп отыр. Асау тайды үйретіп жүрген Жұмабектің баласы дәл қазір өзінің шапшаңдығымен мына екі қарияны қатты сүйсінтуде.

- Әй-әй, нағыз сырттан осы Жұмабектің ұлы-ау! Қараңызшы, Құлеке! Тырп еткізді ме! Тағыны тақымға қысатын дер шағымды көз алдыма оралтты-ау. Әне ат құлағында ойнап өскен қыр баласы!

Құлнияз шақшасын шекіп қойып, насыбай атты. Шырт түкірді. Құптап, басын изеді.

- Иә, өзі де от екен!

- Ертең жүресіз ғой енді?

- Иә, Тәсібек. Астықты жинайтын кез таяу. Амандықтарыңды көрдім. Қайтайын.

- Құлеке, мен сізге бір түйе берем деп уәде етіп ем ғой. Ана тайлақты мініп кетіңіз.

- Атама! Мен сенен алуға келгем жоқ.

- Әй-әй! Өкпелетпеңіз мені, Құлеке! Оныңыз не? Бар болса, айдатып жібермеймін бе. Оу, сіз сонау жақтан келіп қалған соң, бір тайлақ жетектеп кетпесеңіз, мені білетін жұрт: “Тәсібекке не болған? Сүйегін құр қол жіберді” демей ме. Жо-жоқ, Құлеке! Алмаймын деуіңіз - алыстадым дегеніңіз. Біз Рабиға екеуміз ақылдасып-кеңесіп, атап отырмыз.

- Ау...

- Аў” дейтін ештеңе жоқ. Болды. Ердің көңлі бір атым насыбайдан қалады. Қалдырмаңыз көңлімді, - деп Тәсібек ала-көздерін елжірете қадап, құйрығымен жылжып жақындай түсті.

Құлнияз еріксіз басын изеді.

Ертеңінде Құлнияз тай мініп, тайлағын жетелеп жолға түсті.

Түс қайта қызыл-ала қан болып ауылға жаяу оралды.

- Не болды?

- Қандай күйге ұшырағансың?

Құлниязды бар білері: тұтқиылдан тап берген екеудің ұрып жыққаны. Тай мен тайлақтың қолды болғаны. Ес жиып келіп тұрған беті.

Садырбай жан-жаққа кісі салды.

Ұрының Мұқатай аулынан шыққанын естіді.

“Апырай! Не боп барады? Ағайын арасының араздығы қашан тыйылады? Бітпес дау, таусылмас тартыс атадан балаға созылғаны ма? Қолқалап шақырып, қонақ қып күткен Мұқатай осы биыл ғана Жауынбайдың отау құрған тойында көкемнің оң жамбасында сыйлы адамы болып отырмап па еді. Енді мына қылығы не?” деген ойға шомған Садырбай Мұқатайға Жұмабек құдасын жіберді.

Мұқатай етегіне де отырғызбады.

“Қысасқа қысас! Ағам Бекей би өле-өлгенше өштесіп өткен. Жомарт оған жуандық танытқан. Қарындасымды көз көрмеске өткізіп жіберген. Кегім қайтқан жоқ!”

Садырбай әз бетінше қимылдай алмай, әкесін күтпек болды да, өз билігімен екі құр ат ұстап беріп, Құлниязды аулына аттандырып салды.

Арада үш күн өткенде жылқыға жау тиді. Қуып барған жігіттер, Мұқатай тобымен кездесті. Садырбай айқаста Мұқатайды байлап алып, аулына әкеп, қамап тастады.

Суық хабар ел-елге тарап кетті.

* * *

- Мұқатай, сен де бір ашуға құрық бердің. Мен де соған жармасыппын. Әйтеуір, түгел тулап өзді-өзімізді сырқыратып жатырмыз. Бекең үлкен еді. Кей-кейде жасын сыйламай алдын орағытып кеткен де шығармын. Аяқ жетер жерді тауысып, ауыз жетер жерді адақтап шыққанша ағайынға аброй іздесекші. Соны көп ұмыта береміз.

Мен Телікөлден бір жақсылық көріп қайттым. Ұғынысқан, түсініскен жұрттың жүрегінде кек, көңілінде дық қалмайтынын таныдым. Оның алары, табары көп. Соған ұйыйық. Әманда жақсылыққа ұйыйық, - деп Жомарт қонағына бір сыр ашты. Содан соң Қуат батырмен бірге оралған Садырбайды Мұқатайдың аяғына жықты.

- Саған қол көтеріп, әбестік жасаған тентек алдыңа келді, Мұқатай. Үлкен сыйламаған тексіздігін бетіме басқан таңба деп білем. Ал, бұған қандай жаза қолдануды өзің айт, - деді Жомарт түсін суытып ала қойды.

Мұқатай безек қақты.

- Жо-жоқ! Жомарт аға, осы бар ғой жердің тесігі болса, кіріп кетер едім. Шықпаған қу жаным ғана отыр. Егестің ірге бермеймін дейтін қырынан не таптым. Ұятымнан қарабет боп күйіп тұрмын. Адал жаныңды, бар шыныңды ұқтым! Жетті бәрі! Ашылмаған қақпам, сіңірмеген қуысым қалмады. Енді жолыңа жанымды құрбан қып өтермін, батыр! Садырбайға кінәм жоқ!

Жомарт Садырбайға бұйрық етті.

- Бар! Осы қазір барып, қостан бір үйір жылқыны өзің Мұқатайдың аулына айдап апар! Айыбыңның өтеуі - сол! Тез жөнел!

Кешінде Мұқатайды батырдың өзі қозыкеш жерге шығарып салды.

ҚЫСТАЛАҢ

1

Жауынбай Күреңтөбелге қамшы басты. Қары жаңада ғана еріп, миы шығып жатқан далада ат бауырын еркін жазып шаба алмай келеді. Оның үстіне үйірінен бүгін сәскеде ғана бөліп алып, табыннан кетерінде ұстап мінген айғырдың артына алаңдауы көп пе, жүрісі көңіл тойғызарлықтай емес.

Бұл шақ - күн еңкейіп, көлеңке біткен ұзарып, сорайып көрінетін зауал шақ еді. Көз ұшынан көлденең шалынар қара-құрасы жоқ йен елсізде жалғыз жүргенінен шошына ма, тақымға қысқан шоқпарды бүре ұстап қойып, айналасына бұрылып-бұрылып қарап алады. Туғалы ойы мен бойын алдырмаған дәл осы секемшіл құбылысына өзі де қайран. “Япырай! Маған не болды бұл?” деп тізгінін қымтай тартып, Күреңтөбелді түлкі бүлкілге салып алды. Атақты Жомарт батырдың “тоғыз бөлтірігінің” кенжесі Жауынбай - жайшылықта ұрынарға қара таба алмай жүретін ең бір жырындысы. Енді, міне, өз-өзінен бүлініп, бүрісіп келе жатыр. Қос құлағын кезек қайшылап, оқтын-оқтын пысқырып, елеңдеген атының оғаш сақтығы да бейуақ шақтың өлдебір қауіп-қатерін үнсіз тосатындай. Қамшылар жақ бүйірден таянып қалған оңаша төбеден сақтық күте ме, Жауынбай енді сол тұстан көз алар емес. Қызарып батып бара жатқан күн де қарсы беттен көзге ұрып, қараң еткенді қояма-қолтық келгенше көрсетпейін дегендей сіресіп тұрып қапты.

Жігіттің талай сүргінді көрген “бір қарыс қылы бар” дейтін жүрегі саз балшықты илеп келе жатқан атының аяқ басысымен жарысқандай дүрс-дүрс ұрып кетті. Дәл осы сәтті манадан бағып, аңдып отырғандай өкпе тұстағы жаңағы төбенің үстіне әлдекім қылт етіп шыға

келді. Оқыс елең еткен күрең де, Жауынбай да қатты секем алды. Қып-қызыл боп жалқындана құлдилаған күнді көлегейлей тұра қалған салт аттының қарасыны керемет. Аспан мен жерді тіреп алғандай. Кешкі шапаққа қарсы қанша шаншыла қараса да, бейсауат жанның түр-түсі де, дене-тұлғасы да анық байқалмай, бір ғана қарауытқан бояумен мұнарланып қана шалынды. Жауынбай бойын тез жинап алып, Күреңтөбелді тебініп қалды. Жырынды жауға ұрым-талын бермей қаша ұрыс салуда мығым болатын. Сонысына сенеді. Жауынбай қиыстай тартып бүлкілдете жөнелгенде, торушы адам құйғыта шауып, бүйірден қосылды. Жауынбай да Күреңтөбелге тақым қысты. Кәнігі күрең атылған жебедей бір-ақ ырғыды. Ә дегенше машықты шабысына түсіп созыла берді. Артына бірер бұрылып қарап еді, қуғыншының астындағы жадағай торысы жайылыңқырап қалыпты, төрт аяқ төрт жерден түседі. Қашып келе жатып өзіне өзі налыды. Бұрын-соңды жарым-жалғыз қарадан бой тасалап, желкесін көрсетпеуші еді, міне, бүгін мүлде қара басты. Күні бойы жүрегін билеген белгісіз үрей одан сайын үдеп, тұлабойын түгел құрыстырып жіберді. Қарсы бұрылып, айбар атар дәрменінен айрылып, Күреңтөбелдің тізгінін босатып, барынша көсілтуде. Бірте-бірте аралары да алшақтай бастады. Соған қуанғандай енді артына көп қарайламай зымғап бара жатыр еді, құлағының түбінен әлдене ыс етіп өте шықты. Қауырсыны кере қарыс сұр жебе екен. Есік пен төрдей алдына барып қара жерге кірш етіп қадалды да, дір етті. Жауынбайдың тұла бойы ышқына шымырлап, екі көзге суық тер құйылып-құйылып кетті. Енді бұл Күреңтөбелдің жалын құшып алды. “Құйғыта шапқан ат үстінен еркін көзделмей асығыс серпілген жебені аруақ шығар қаққан. Қас қағымда қан құсып, жер жастанып қала жаздадым-ау”. Қапелімде сәл есін жиып, артына бұрылып еді, әлгі адам өз жөніне кетіпті. Асығар емес, жадағай торысын ақырын бүлкекке салып, Ақтұмсыққа бет алыпты. Жауынбай Күреңтөбелінің тізгінін тартып, басын ірікті. Әлгінде ғана көз алды қарауытып, бар дүние үстіне төңкеріліп құлаған қап-қара қазандай сезіліп еді, енді апақ-

сапақта қып-қызыл қан бүркенген жарты аспанды көрді. Жүрегі лоблып, мұрнына қан исі келді.

Аты тұрып қапты. Иесінің де ештеңеге зауқы жоқ. Басы айналып, көзі қарауытқан екен. Тез ширығып оңалып алды да, тебініп жүріп кетті. Кеуденің түкпірінен қорлық тұтқан әлдебір сезімі лықсып түйдектеліп келіп, алқымға тығылды. Елсізде көзіне жас үйірілді. Ап-ауыр кесек-кесек тамшылар ат жалына тырс-тырс тамып жатты. Сол жасымен іштегі үрей қыспағынан да босағандай. Денесі сергіп, қос иық қомақтана түсті. “Апырай, йен далада әлгі екеумізге не жетпеді осы? Қыбырлаған тірліктің қос пендесінің тағдыр соқпағында кездесуі біріне-бірінің садақ тартып, сойыл соғуымен тынғаны ма? Құдауәнда, жалғыз қараның жөппелдемеде жортқан аң құрлы көрмей жотамнан көздегені шымбайға батады-ау. Әй, өзімде де бар. Жапан түз, жалпақ даладан бірлі-жарым өткен-кеткенді жез телпегін бөздей қылып талай бездіріп жібермедім бе. Зауалы соқпас па солардың. Күшіне сенген біреудің зәузатымды біліп алып, қарымын қайтарайын дегені де. Жүрек жұтқан-ау, сірә. Оңай олжалайын десе, жатқан орнынан қозғалмай-ақ, адырнасын ала өгіздей мөңіретіп бір-ақ тартса, сұр жебені төсіме құшып қала берер едім-ау. Ажалымның жоқтығы да шығар. Ит-ай, қолының қаруы неткен орасан еді. Соншама жерден талықсымай емін-еркін жетті ғой қозы жауырын сұр жебе. Сұр жебе демекші, соны барып алып қайтсам ба екен? Бейуақ кездің о да болса бір белгісі ғой. Кім біліпті, түптеп жүріп түбінде иесін де табармын...”

Жауынбай екі ойлы болып келе жатыр еді, Күрең-төбел құлағын тігіп, оңға бұрылды да, ақырын ғана пысқырып ес берді. Ат иесі шалт қозғалып, тақымындағы қара шоқпарды жұлып алып, маңдай тұсқа қадалып қалды. Ақшам жамырап, әлгінде ғана серейіп, бедірейіп тұрған шоқы-төбелер серек тұлғасынан айрылып, қараңғы тарта бастаған алакеуім шақға бұлдырай алыстап, жоғалып бара жатты.

Бұл жолы Жауынбай не де болса көріп алдым дегендей сергек тұр. Баданадай қой көздер шоқтай қызарғанда толық шықшытты беттен қан қашып, сұрғылт

тартты. Қою қара қастың әр қылы көк сүңгідей көтеріліп, қарсы шығар жауының мысын басар қаһарға мінді.

Құлағына еміс-еміс бір үн келді. Іле сол үнге қабаттасып, даланы жаңғыртқан дүсір естілді. Төрт тұяқтың бір жерден түскен әсем ырғақты шабысынан туған дүсір еді ол. Тақым қысып белгі берсе, ата жөнелгелі Күреңтөбел де елегізіп алған, бір орнында тықыршып, бұлқынып, оқтаудай түзу аяқтарының болат тұяқтарымен жер тарпиды.

Жауынбай елтірі құлақшынын жымқыра киіп, бауын шарт байлап алды. Жаңағы бір әзірде, тынысы тарылып дем алысы қиындағанда, түйе жүн шекпенінің омырауын ашыңқырап, кісесін босатып еді. Қайта буынды. Екі етегін тізесінің астына баса қымтанып алды. Тізгінді сол қолына уыстай қысып, сегіз таспа тобылғы сапты дырау қамшыны аузына кесе көлденендете тістеп, оң қолындағы қара шоқпарын ерінің қасына тіреп бағып қапты.

Сөйткенше, аласа адырдан әлдекім түсе берді. Тасырлата шапқан бетінде, “Көкелеген” даусы қоса жетті. Үлкен ағасы Садырбайдың бауырындағы інісі Жоламан екен. Сүлікқараны сумаңдатып кеп, ағасының алдын кес-кестей тоқтады.

- Көке, көкетай, сүйінші!

Жауынбайдың құлағына іні сөзі кірер емес. Бар білгені, зорайып көрінген Жоламанның кесек тұлғасын бағып қалғаны. Және қатайып, сіресіп тұрған бүкіл жүйе-жүйкесінің босап, жібіп бара жатқаны.

- Көке!..

Осы сөз алыстан талып жеткендей, құлағына енді еміс-еміс шалынып еді, қара шоқпары қолынан сусып шығып кетіп, ат тұяғына соғылып, сұлап түсті.

- Көке, түсіңіз қашып кетіпті. Не болды? - деп інісі жақындап келіп, ат үстінен еңкейіп, қара шоқпарды жерден іліп ап, Жауынбайға ұсынды.

- Жоламан, осы бүгін біздің ауылдан қонақ аттанды ма?

- Жоқ, көке! Мана жадағай торылы бір жоқшыны кездестіріп ем... - деп інісі жай бастап сөйлей бергенде, Жауынбай Жоламанның қолынан шап беріп өзіне қаратты да:

- Не дейсің?! Жадағай торылы дедің бе? - деп саңқ етті.

- Иө, көке... Оны неге сұрадың?

- Айта бер. Бөгелме, - деп Жауынбай өзінің оғаш қылығын білдірмейін дегендей қолын тартып алып, Күреңтөбелдің ұйысқан ұзын жалын тарамдай бастады.

- Жоқшымын, жоқ іздеп жүрмін дегеніне мен сенетіндей-ақ әрнені бір сұрады. Жоқшы болса сай тасалап, ұрланып жүре ме. Көке, дәл сол бар ғой, мен білсем, тап ұры-қарының өзі! Әсіресе, батыр атамды көп сұрады. “Тоғыз бөлтірігі” де көкжал еді, әй, сендерден келген шығар деймін” деп Сүлікқарамды көзімен ішіп-жеп барады. Көке деймін, ызам келгені сонша, кім де болса, дырау қамшыммен бір тартайын деп едім. Жасы үлкен ғой, аядым. “Жылқы тебінде, сенбесең барып көр. Жоғыңды содан ізде. Әйтпесе, бір айдың шамасында ауылға айдап әкеліп пішпе жасаймыз. Сол кезде кел” дедім. “Сен, бала, мені алдама. Қаратау асып, жайлауға көшіп кетіп жұрттарынды сипатайын деп отырсыңдар ғой” деп нанар емес. Батыр атам пішпе жазылмай қоныс аударамаймыз деп еді ғой, көке. Соны айттым. Ұялмайды, ұры-қарыны біздің ауылдан іздеген ұры дәл соның өзі! - деп Жоламан әңгімесін ашумен бітірді. Мына ағасының қасында тұрғанда топан судай қаптаған жер қайысқан қолға қарсы жалғыз шабардай доңайбат көрсетіп қояды. Сол ағасының бөріден безген бұқпа төбеттей қашып келе жатқанын қайдан білсін. Жоламанның ашуы тез тарқады. Езуіне күлкі жиылып, ағасына қуана қарады,

- Көке, көке-ау, деймін. Мен сені сәскеден бері тосып жүрмін ғой, - деп іштегі лепірткен қуаныштың лебімен енді жайнаңдап тұр.

Жауынбай бұл сәт Жоламанға сүйсіне қарап тұрып, шын қызығып мейірлене түсті. Әлденеге асыққандай жылы шыраймен тез тіл қатты.

- Жай ма, Жоламан?

- Көке, сүйіншімді бересің ғой, ә? Былтыр көктем тусын, жорыққа ертіп шығам дегенсің. Сүйіншіме соны орындайсың, - деп қуанышының себебін айтуды

ұмытып, іште жүрген ынтық арманын ағасына жеткізгенше асықты.

- Апарам десем, апарамын, Жоламан, - деп Жауынбай да қуана түсіп, жүрек лүпілімен өзі де әлдебір қуанышты сезіп қалғандай Күреңтөбелді лықсыта қозғап, алға оза берді.

- Аршагүл босанды ғой, ә?

- Айналайын жеңешем кіші отаудың құрық ұстап, сойыл көтерер тұңғышын әкелді! - деп мына тұста батыр атасынан естіген сөзін қайталап еді. Өз сөзі ғып айтқанына мәз.

Жауынбайға дәл осы хабармен дүниенің бүкіл қуаныш-қызығы үстемелеп жауғандай көрінді. Шалқалап аспанға қарады. Алғаш көз ашқан кешкі жалғыз жарық жұлдыз дәл маңдай тұсынан жарқырап шалынды. Іштей әлгіні ырым етіп, күбірлеп бата қылды. Жарық жұлдызды жаңа туған нәрестеге балады ма, енді барлап тұрса, қаракөлеңке тарта бастаған аспанда жапа-жалғыз қалыпты, соны әлденеге жорығандай жүрегі ырши тулап, дүрсілдей жөнелді. Осы ширығыста сегіз таспалы қамшы Күреңтөбелдің бауырына ысқыра тиді де, өлі жүнін бүрқ еткізіп алып түсті. Күрең жебедей суырылды. Ә дегенде ағасының оғаш қылығын түсінбей қалған Жоламан Күреңтөбелді қатты аяды. Сүлікқарасын бұ да ағыза қосылды.

Ілгері-кейінді созылған екеу ауыл қарасы көрінгенше сол шабыстан айнымады.

2

Жомарт батырдың тоғыз ұлы түгел үйленіп, өз алдарына ошақ құрып, түтін түтетсе де, енші алып, іргесі бөлініп кете қойған жоқ. Қыс аяғын күтпестен бұл ауыл Теректі өзеніне құятын Үлкентұра мен Кішітұраның арасындағы тар қолтықтан қайнап шыққан мол сулы бұлақтың қамысы нулы, ылғалы мол жайылма тұсына жақында кеп, қоныс тепкен.

Аттарының басын тежеп бөкен желіске салған Жауынбайлар ауылға келіп түскенде, ел орынға отырған жоқ еді. Ақтұмсықтан қызара бөртіп ай

туыпты. Арқан бойы көтерілген сол ай даланы ақсұт нұрымен ақ торғынға малып тұр.

Жауынбай ауылдың дәл ортасындағы үлкен ақ ордаға - әке үйіне кеп ат басын тіреді. Ауыр денесін ықшам қозғап дік етіп аттан түсті. Соңынан ілесе жеткен Жоламан Күреңтөбелдің шылбырын қамшысының сабымен іліп алып, жетектеп әкетті. Жігіт ат соққан денесін сәл-пәл керілте созып, құрыстырысын жазып ырғап-қозғап қойды.

Киіз есікті ашып үйден еңгезердей біреу шықты. Ақ жейденің сыртынан шапанын желбегей аса салыпты. Жомарт батыр екен. Денесі тіп-тік. Алпыстан асқан қартаңдығы анау еңсесі жоғары алып тұлғадан әлі күнге білінер емес. Бурыл сақалы көмескі сәуледе алқымын түп-түтел жауып кетіпті. Көзге бірден шалынды. Жауынбайға қарсы жүріп, жақындай берді.

- Жылқы қалай екен? Қандай хабарың бар?

- Бөтен хабар жоқ, әке. Жылқы күйлі. Келесі сәрсенбіге пішпе күнін белгілетіп келдім, - деп Жауынбай тез тіл қатса да, жадағай торылы бейтаныс жолаушымен кездескенін жасырып қалды. Жөнін, жолын білмей, әлгіден бетпе-бет кезігуден тайсақтап кеткенін әке алдында жайып салса, сүйекке таңба түскені емес пе. Осыншама жасқа келгенше алды-артынан оралып ешкім шықпаған кәрлі әкеге бұны есту - өркөкірегіне оқ атқанмен бірдей. Заман азды, намыс біткенге ит сарыды деп көрі жынын қоздатып ақырып түрса, сөждеге басын енді ұрып жүрген мына ақсақал күніне, ата күйіне жасаған зорлықтай болар. Жауынбай одан әрі үнсіз қалған. Жомарт батыр үйге қарай бұрыла беріп, қайта тоқтады.

- Күреңтөбелді үйірінен бекер бөлгенсің. Ауыл арасына бұт артар жаман-жәутік табылмады ма?

Күреңтөбел - Жауынбайдың бәсіресі еді. Қыстай ішқұста болып келген жас батыр жаз шыға басталар жорық күнін аңсап жүрген. Соған дейін күреңін баптап, жаратып алғысы келгенін дәл қазір мына қаһарлы әке алдында тағы да бүгіп қалды. Оның үстіне көкесі бала-шаға, жақын-туыстан ат қорып, шаруаға күйзеліп, мазасыздық танытпаушы еді, “қартаяйын деген бе?” деп түйіліп тұр. Баласы жауап қатпай қойған

соң батыр тағы қозғалды. Киіз есікті көтеріп басын сұға берді де, және тоқтады.

Әй, ана кішкентайдың атын Тасболат қойдым. Кәкір-шүкір бірдеңені таңып әуре болмаңдар. Жер дегдіп, пішпе аяқталып болысымен қырқынан шығарарда тойын жасаймын, - деп ішке кіріп кетті. Басқа сезге келген де жоқ.

Жауынбай дырау дойырымен саптама етігінің қонышынан салып қалды да, отауына қарай беттеді.

Бұл кезде отау ішінің оңаша қызығы басталған еді. Суық әкенің қаһарынан қаншама ыққанымен, тоғыз отаудың ең кішісінің бүгін тұңғышы дүниеге келіп, бұл ауылды қуанышқа бөледі. Үлкен үйдегі сегіз биенің сабасындай ет-жеңді ақ бәйбішеден күбір-күбір шұңкілдесіп-күңкілдесіп жүріп сегіз келін, сегіз абысын осы отырысқа рұхсат алған-ды. Қалжаға деп бордақылап отырған ту ісекті алып ұрып жайғап тастаған Жауынбайдың ортаншы ағасы Тынышбай енді қолына қарағаштың кепкен түбірінен ойып жасаған қара домбырасын алып, бас үйтіп жатқан келіншегіне қадалып отырып бір күйді ұзақ шертеді. Оттың қызуы күшті. Мол жаулығын төгілдіре ораған сұлу жүзді жас келіншектің екі беті де тобылғы түсіндей қып-қызыл. Қыр мұрнына жіпсіп тер шығыпты. Отағасының көз тастап отырғанын сезетіндей, өз-өзінен наздана жымиып қойып:

- Қаттырақ тартсаңшы, - деп сыпайы сызылады.

Тынышбай мәз. Құрдасы Қуат батырдың осы қарындасын алып қашқан сапары есіне түсіп кетті.

... Қаратау өңірін дүбірлеткен Сәрсекей байдың асы болатын. Жақ тартып жамбы атып, сайысқа шығып бәйге бермей осы Тынышбай аруақтанып ауызға ілініп еді. Сол аста Қуат батырдың да айдыны асып, ұстасқанын тымақтай үйіріп, лақтыра берген. Қаратаудан қайнап аққан қырық бұлақтың төсін арда еміп-өскен бұл екеуді ардақ тұтқан ауылдастары қызба қызбамен белдестірген еді. Ел іргесі таяу болғандықтан құлын тайдай бірге өскен екі жас қанша қашқақтаса да, үлкендер ауқымынан шыға алмай, еріксіз ортаға түскен-ді. Қабырғасы сай-сай, бура санды, сіңір қарынды Қуат жейдесін шешіп қарсы беттеген мұны

шап беріп, үйіріп-үйіріп әкеткен. Алғаш Тынышбай ойында біраз айналып-дөңгеленіп жүріп бір-бірімізді жықпай, келісіп айрыласармыз деген жайбарақаттық бар еді, досы бұны ә дегеннен бүре жөнелгенде, Тынышбайдың қаны ойнап бетіне шығып, күре тамыры білеуленіп ісініп, алапат ашуға бастаған. Сол сәт құрбысын кеудесінде лепірген долы күйдің жебеуімен үйіріп-шиырып әкетті. Ананың да қарсы қолданар әдісі басым. Қанша шиырып тастаса да, екі аяғымен дік етіп түседі. Дүние шыр айналып, аударылып-төңкеріліп жатыр. Жер қайда, аспан қайда белгісіз. Егіз қозыдай ойнақтап өскен екі дос дәл бұл сәтте қас жауларға айналғандай көздеріне қан құйылып, аянбай тіресіп жүр. Ес біліп, етек жапқалы, күреске түсіп белден ұстасқалы бүгінгідей шаршамапты да. Кішігірім көріктей қос өкпе шаңытқан ауаны ыс-ыс қабады.

Тынышбайдың көзі бірде әкесіне түсіп кетті. Қанталаған қос жанары кең маңдайға жапсыра салған бір-бір шоқша сақалдай қалың қастың астынан көк сүңгідей қадалып өтті. Намыспен өртеніп, қорлықпен күйініп тұрғандай сезілді. Қатал әкенің сол қарасы қамшы сілтегендей болды ма, Тынышбай іштей ғана күбір етіп “иә, аруақ!” деп қалды да, іле сол бойда Қуатты үйіре көтеріп әкетті. Ештеңені ұғар емес. Ой да, сезім де жоқ. Көз алдында тұрып қалған әке қарасы. Жомарт батырдың налығын түрі.

Жігіттің бойын адуын күш билегендей болды. Ширығып, ширатылып барып Қуатты алып ұрды.

Басын көтеріп, айналасына алақтап бұрылғанда ғана Тынышбай өз күйін ұққан еді. Бауырындай тату өскен құрдасын шаң-топыраққа бөлеп, сол қимылымен аяқ астына досының абройын, даңқын да құлатыпты. Шуылдаған, лепірген қошеметші үндерге қарайламай, топты қақ жарып шыға бергенде, әлдекім жалаңаш жотасына сүп-суық бірдеме жаба берді. Түксие бұрылып, жақтырмай қалды. Үндеген жоқ, қапелімде кім екенін ажырата алмады.

- Батыр, “орамал тон болмайды, жол болады” деген ата бабаның дәстүрі. Ықыласымызға разы болыңыз, - деп сызыла сөйлеп жап-жас қыз ақ шұғадан алтынмен оқалатқан абаны үстіне жауып жатты.

Тынышбай күңк етті. Рахметін айтқаны. Қыз жүзіне бағжиып қарап қапты. Тұрып-тұрып есіне түсірді. Қуат досының күні кеше қуыршақ ойнап жүретін жалғыз қарындасы екен.

- Апырай, Күнайымбысың? - дегенде жүзіне дағдарыс та, толқу да, таңдану да қабат тұна қалды.

- Күш атасын танымайды, аға. Бағыңыз жана берсін, - деп қағілез ғана талдырмаш денелі Күнайым киіктің лағындай ширақ қозғалып, көз алдынан ғайып болған.

Тынышбай ауыл сыртына ұзай берді.

Сол күні кешке, ел орынға отыра қара домбырасын алып, ұзақ-ұзақ күй шерткен. Бұрын-соңды кеудесіне оралмаған күшті сезімнің шарпуы ма, әйтеуір басқаға кезек бермей бір күйден соң бір күйді аңыратып еді.

Желпінген жұрт бұның демімен, ішкі алып-ұрып, қызып-жанып шыққан лебімен тыныстайтындай. “Тағы-тағыласып” лепіре сөйлеп, жазғы түннің рахат пердесін көтерген. Енді бұның көз алдына әке қарасы басқаша шыраймен келген еді. Кәрі тарлан ұлына сенген көңілмен қимылда деген екен ғой.

Жүрек тебіренсе, әлдебір жақсылықты сезеді. Ол сәттің мейірімі аялаған ана құшағындай. Ондайда еміренген көңілдің шалқуынан әлдебір күй лебі есетіні рас. Тынышбай соны шалып қалған еді. Тартып отырған күйі қожырап, он саусақ жаңылысып қала берді. Дәл бұл тұста ұзын сағақты өрмелей жүгірген сойылдай сол қолы өресін алмаған арғымақтай шоқырақ-шоқырақ етіп, көп кібіртіктеген еді.

Үй іші үнсіз қалған. Осы үнсіздікте үнсіз топтың күйшінің домбырасын қыса ұстап, әр күйдің басын бір шалып отыруынан әлдене күткен сыңайы байқалады.

Бөгеуі алынған тасқындай боп бір сәт күй төгіліп кеткен. Оқшау ышқынып шыққан жіңішке үн, сонау сағақтың шанаққа жалғасар жеріндегі қылдырықтай мойынына тас кенедей жабысып алған салалы саусақтардың көз ілеспес дірілімен шарықтап тұрып алған. Күміс көмей жас бойжеткен асық көңілдің іңкәр әнін қоңыраудай сыңғырлатып шырқап кеткен еді. Қалықтап қалқып, іле-шала тік шалқып серпіп, қайта

наздана ырғатылып сол оқшау, оңаша нәзік үн жан тілегін жолдап жатқан болатын.

Тынышбай сұрланып алыпты. Кең ашылған қара көздері отырғандардан аса шаншыла қарайды. әлдекімді іздегендей.

Күй одан сайын күшейіп, күңіреніп кетті. Енді шанақтан дүбірлеген тұяқ, ысқырған жел, ысылдаған жебе, сатыр-сұтыр нажағай, сарт-сұрт сойыл үндері бірін-бірі көміп жетіп, ақтарылып кетсін! Осы мол шуды, аласапыран аттанысты, ұрандаған дабылды, қиқулаған дабырды, қара жердің сауырын дүрс-дүрс тілгілеген ат тұяғының дүсірін қуа жетіп, алғашқы оқшау жіңішке үн үзік-үзік аңырасын! Үзіліп-құмығып шықсын! Сонау көп көмейден күңірене төгілген батырлардың айқай-жаңғырықтарына қабаттаса оралып, Қанды жорықтың қара жолына тәтті тілегін жолдаған қарындас сәлеміндей шұрқырай шырылдасын!

Отырғандар бойында дуылдаған қанмен өре түрегелген бір желік тұтанып еді. Өйткені атадан балаға мирас болған көне даласы, сол даланың ұлаңғайыр кеңдігінен туған халқының дарқандығы, жанын бермей жағасын жыртқызбайтын тәкаппар қазақ рухы дәл осы күймен, осы дауылдатқан құдіреттей үнмен сөйлеп кеткен ғой.

Бұл күйді Тынышбай - “Қарындас” деп атаған. Сондағы жап-жас қыз Күнайым бүгінде бас үйтіп, қызара бөртіп отыр да, сол Тынышбай “Қарындас” күйін пейілдене шертіп отыр. Дәл сол алғаш күнгідей қызу серпіні болмаса да, күй әлі де ерекше әсермен естіледі екен.

... Күнайым ертеңінде Тынышбайға келген.

- Батыр, күйші екенсіз! Кешегі күйіңізді жад еттім жаныма, - деген аттандырып жатып.

- Ол күйді саған арнап едім, Күнайым.

- Ендеше, күй мен күй иесі қалай ажырайды? - деп ойнақшыған қыз қылығы Тынышбайдың еркін алып еді.

- Алда, айналайын-ай! Солай екен-ау! Күйім боп өзің оралмап па ең, қалқам. Қалай қиярмын! Әкел қолыңды, Күнайым! - деп ат үстінен көтеріп алып, жарау бестісіне қамшы басқан-ды.

Көп ұзамай арттарынан қуғыншы көрініп, екі жастың дүрсілдеген жүрек дүбірін күшейтіп, жетегінде құнаны бар Қуат қуып жеткен.

- Тоқта, Тынышбай! Күнайым - жетім қыз емес. Қуат құрдасың - жетесіз емес. Тоқты-торымдай алдыңа өңгертіп жібере алмаймын, - деп атынан түсіп, құнанды қарындасының алдына көлденеңдете берді. - Күнайым, мін мынаған. Тынышбай, домбыраңды ал. “Қарындасты” шерт. Қарындасымды өз күйімен өзім бастап апарып салайын.

Қатарласа бет түзеген үш атты Теректідегі Жомарт ауылына жеткенше, сол атыраптағы бар ел, бар жайлау жұртын бір таңыркдтып, бір сүйсінтіп ән мен күйді кезек созған. Қос теректей қос батырдың ортасындағы жас шынардай бойжеткеннің үні де әсем ырғақты, сұлу сырлы әндерді Қаратау қойнына таратып жатқан еді-ау сонда...

Тынышбай күйін аяқтай бергенде, үйге Жауынбай енді. Сегіз жеңгесі сегіз жақтан жамырап жатыр.

- Кенжем, балалы болдың!

- Ат ұстарың өзіңе тартсын!

- Сен енді әкесің, Тетелес!

- Ғұмырлы болсын! - десіп жақындап келіп қамап алды.

- Көрімдігін өзіме бер, кенжем!

- Әйапа-ау, бұл жол менікі.

- Маған анау-мынау емес кашмирдің жібегінен жеңсіз, қытайдың торғынынан көйлек әпересің, Тетелес!

Жауынбай жеңгелерінің у-шуын әрең басып төрге озды.

Ағалары әйелдеріндей жамырамай інісінен жылқы жайын, пішпе күнін сұрап сөйлесіп отыр. Қысыр әңгімеге ілесе шай келіп, соңы етке ұласып, ауыздары босаған жоқ.

Жауынбай бұл тұста анда-санда жауап қатқаны болмаса, бар ынта, бейілі бір жанға - әкесінің Тасболат атаған ұлына ғана ауған.

Сереудей-сереудей болып дөңкиіп отырған мына ағаларының қатқылдығы да әкеден кем емес екен. Әрнені бір сабақтап, ұзақ созып, келеңсіз тірліктің

сүрлеу соқпағында кездескен, күйкентайшылап тышқан ілген тырбануын айтады. Жайшылықта үлкен өнеге, сабақтай білінетін бұл кеңес дөл қазіргі жүрек құйынына ілесе алмай отыр. Әсіресе лепірген сезіммен ұлының жүзін бір көруге асық. Күнұзын тұлабойын құрсаған бойкүйездік пен үрейлену дәл осы сәтке жетелеген тәрізді-ау...

Өз қанынан бөлініп, өз жүрегінің жылуынан жаралған ұрпағымен алғаш дидарласудан өтер ыстық дәурен табылмайтын да сияқты-ау.

Түн ортасы ауа аға-жеңгелері біртіндеп тарай бастады. Үйде Тынышбай, Күнайым, Аршагүл төртеуі ғана қалды.

Жауынбай әрең шыдап отыр еді, қорбаңдай қозғалып, төрт тағандай еңбектеп барып, Аршагүлдің оң жағында жатқан құндақтаулы нәрестені іліп алды. Енді сол бойында ортада шытыр-шытыр жанып тұрған от басына тақала берді. Нәресте болар-болмас тыпырлаған әрекет көрсетті де, шар етті. Сол сәт Жауынбай Қызыл шақа алжа-алжа жүзге тұмсығын көміп жіберіп ұзақ иіскеді, емірене иіскеді. Сонау бір бұлт құшағында жеткізбей жүрген елесі, міне, кеуденің жұрт білмес әлдебір мың сан бояуы жарқыраған шырақтарымен қолына түсіпті. Тағы да елжіреп, еміреніп көз жұмып еді... апырай... кенет дауыл тұрғандай құлағы азынап кетті. Құйын үйірген көңілдің жаңағы бір әсем сәулелері де жалп-жалп өшіп жатыр. Ыс-ыс етіп айдаһардың тіліндей сумаңдаған сұр жебе елестейді. Қара аспанның мың сан жұлдыздары да ағып түсіп жатыр, түсіп жатыр. Жұлдыздар құлдырап құлағанда тұла бойды шіміркендірер азалы үн шығарады екен. Маңай қап-қара түнек құрсауына түсіп, Жауынбайдың өн бойы өртеніп кетердей ысып сала берді. Жандәрмен қара аспанға көз тастап еді, жарық жұлдыз жалғыз қалыпты. Ол да жетімсіреп, көмескі тартып өшіп бара жатты...

Біреу иығынан сүйеп, ұстай алды. Күнайым екен.

- Төрежан, Төрем не болды?! Неге жыладың? - Сезімтал келіншектің қызыл күрең жүзі де сәл сұрғылт тартып, бота көздері дымдана қалыпты. Жауынбай тез серпіліп, Тасболатты жеңгесінің қолына ұстата салды да, ағасына бұрылды.

- Тынышбай, әкем мына күшікке Тасболат деп ат қойған екен. Құдай алдында сенің бауырыңа салғаным. Маған іні болсын. Өзің өсір, - деп ойындағы секемінен арылмаған күйі далаға беттеді.

Екі көзі аспанда. Жұлдызы самсаған мақпал түн әсемқоңыр. Көңілге дық саларлықтай өзгеше құбылыс білінбейді. Дөңгеленген тұтас ай батысқа еңкейіп қалыпты. Көп ұзамай Үлкентұраның дәл үстінен сырғанай ауып түседі. Оты тегіс сөнген ауылдың бейқам тынысы бір қалыпты соғады. Жігіт жеңіл аттап ауыл сыртындағы бұлақтың жоғары жағына өрледі. Арқандаулы Күреңтөбелін бір көріп қайтпақ.

3

Жоламан Садырбайдың баласы деп есептелгенімен, Жомарттың бауырында өсіп келеді. Көп ұлдарының кенжесіндей сияқты. Ерке, еркін. Атақты атаны арқа тұтып, ағаларына өктем сөйлейтін, бура тартып бұрылмай кететін кездері болса да, мінезді, қайсар баланы ағалары тегіс жақсы көреді. Әсіресе, жасына қарамай тез өсіп, ерте қатайған інісінің аңшылыққа жаны құмарлығын білетін олар жақсы ат, жүйрік тазыны қайдан да болса тауып беретін. Ағаларының осы ниетіне қарай Жоламанның да жолы болғыш. Саяттап қайтқанда қанжығасынан бірер түлкі, жалғыз-жарым қарсақ, қоян арылмайды.

Соңғы кезде ауыстырмай мінген Сүлікқарасының бап-күйі де өзінде. Батыр атасы сүйінсе сүйінетіндей, атының жалын әлі күнге бір үздірген емес.

Түс ауып, көлеңке басы ұзара бастапты. Бас салмаған қалың ши әлсіз толқыса, алақаракөк бүртік бетегелер даланы бұйралап тұр. Бұлтсыз аспан көгере алыстап, биіктеп кетіпті. Көз ұшында батырдың көлденең тастай салған кемер белдігіндей Қаратау мұнарта көлбеп жатыр. Түстікте жалғыз төбе оқшау серейеді. Етегін өрлей өскен қалың тобылғы төбенің орта тұсына дейін өршелене жетіп, сирен барып тоқтапты. Жоламан төбеге тура тартты. Сүлікқарасын тебініп-тебініп қояды. Төбеден аса бергені сол еді,

алдынан әлдене қылаң етті. Шоғыр түп тобылғының түбінен атып шыққан түлкі екен. Қапелімде сасып қалған Жоламан көккасқа тазысына “айт!” дегенше, Алғұйынның өзі-ақ қосылып берді. Тасырлатып Сүлікқарасымен Жоламан да жосылтты. Түлкі жан ұшырып безіп барады. Төрт аяғы анда-санда әр жерден бір тиіп қалықтап ұшатындай, жеп-жеңіл сырғиды. Алғұйынның да алымы күшті. Әу дейтін жерден қосылса да, бірте-бірте алдындағы аңын шалып қалды. Құйрық тістердей шаққа таяу. Жоламан балаң аңшы болса, Алғұйын да балаң тазы, үйіне биыл ғана жеткен. Бірлі-жарым түлкімен ауызданса да, әлі онша әдіс ала қоймаған-ды.

Түлкі бетін Ақтұмсыққа түзеді. Қалың жыңғылға бір кірсе, адастырып кетуі, не көп індердің біріне еніп кетуі көдік. Жоламан да соны сезіп қалып, қиғаштай тартып, алдынан шапты.

Жалтарып қашса, құтылмасын білген түлкі неде болса жыңғылға жетіп қалмақ боп, Сүліккараның дәл алдынан есік пен төрдей жерден кесіп өтті Аузын шұбалаң құйрыққа салар-салмас боп тазы да соңында барады.

Бірін-бірі қуған үшеу жыңғылға жете бере опыр-топыр болды да қалды. Осы тұста іні бар екен, түлкі сумаң етіп еніп кетті, тістері сақылдаған Алқұйынның тұмсығында шұбалаң құйрықтың мап-майда түбіті қалды.

Жоламан атынан түсіп асықпай қанжығасынан оттығын алды,алақандай құрым киізді тұтатып інге түтін салды. Індеткен аңын алмай кетпейтін. Күректей-күректей екі алақанына түкіріп-түкіріп қойып, құлшынып күтіп тұр. Арқасы жіпсіп, күрең жүзінде шып-шып тер моншақтады. Шығар ауызды бағып Алғұйын шоқиып отыр. Анда-санда қыңсылап дегбірсізденіп қояды. Бір кезде түлкі ата жөнелді. Аңдып тұрған ақ тазы екі-үш аттатпай бас салып бұлғап-бұлғап атып тұрды. Жоламан қамшының сабымен түлкінің тұмсығынан тық еткізіп, сұлата салды. Бауыры сарғыш, жоны сұртылт арланы екен. “Үйірімен үш тоғыз” деп қойып, терісін сойып алды.

Сүліккара әудем жерде тұр еді. Жоламан соған

қарай жүре беріп қалт тоқтады. Аяқ астында әлдене жылт етті. Еңкейіп еді, жебе екен. Жоламан аң-таң. Қолындағысы жоңғар жебесі екеніне әсіресе, қызыл бедерлі белгісі айғақ. Аударып-төңкеріп көп қарады. Бояуы оңбаған, қар астында қалған ескі жебелерге ұқсамайды. Жоламанның таң қалуы да осыдан. Сонда таяу күндерде бұл араға ойрат келгені ғой.

Теріні сілкіп-сілкіп қанжығасына байлап алды да, жебені қолынан тастамай атқа қонды. Жан-жағына абайлай қарап, сақтанып барады. Мына жебенің иесі бір жерде аңдып, бас бағып отырғандай сезінеді.

Аң алғандағы көтерінкі сезімі де жоқ. Сүліккарасын сипай қамшылап бұлаң құйрыққа салып алып, айналасын жіті барлап келе жатыр еді, манағы төбенің дәл үстінен бір қарайған көрді. Үрейлі жүрек секем алып, дір етті. Сонда да бетін бұрған жоқ тура тартып келеді. Жақындай бере таныды. Өткен күз Қаратаудың теріскейінен ат түйедей қалап әкелген батыр атасының емші шалы екен. Жас келіп, жыл ұлтайған сайын ыңқыл-сыңқылы көбейіп, құяңы жиі ұстап қала берген соң Жомарт ақсақал нағашы жұртының аулында кездескен осы жалғыз қаріп тәуіпті өзі барып алып келген.

- Ассалаумағалайкүм, - деп Жоламан аттан түсіп сәлем берді. - Жай жүрсіз бе, ата?

Шалдың бет аузын түк басып кеткен, қиық көздері жасаурап қызарып алыпты. Сақал-шашы тегіс ұйысып, шұбатылып жалбырап тұр. Үстіндегі қой жүнінен істеген күпісінің жүні сыртқа шығып, алба-жұлбасы ғана қалған. Қолынан бір түспейтін асасын сылдырлатып тақала түсті. Қысық көздердің өңменнен өтер сұсын бүгін алғаш көрген Жоламан әлденені көңіліне дық алып қалды. Сасқаны ма, әлде сес көрсеткені ме, оң қолындағы қамшысын ер қасына көлденең тастай беріп, манағы сұр жебені оңтайлай ұстады. Шалдың жанары да темір масақты қозы жауырынды шалып қалып еді, қалт тоқтады.

- Атаңа айтшы, бір киіз үйді тездетіп осы араға жібертсін. Тамыр дәріні таптым. Таң ата қазып алайын, - деп бұрыла берді.

Жоламанға тәуіп сөзі түсініксіз жұмбақтай көрінді.

“Тамыр дәрісі” не? Киіз үйдің қанша қажеті бар?” Әйтсе де, қайталай сұрауға батылы жетпей, шылбырын сүйретіп шалдың соңынан ілесіп келеді.

Күн еңкейіп барады. Көлеңке басы барынша ұзарып, күңгірттік қоюлана бастады. Ауадағы майда леп тыныштықтағы дүниені желпіп, сергітіп кетердей баяу толқып тұр. Меңіреу айналадан қыбырлаған төрт аяқ, төрт тұяқ серпіні ғана естіледі. Алғұйын етекте, төменде қалған. Қауқиған қаңбақ шалдан сескенетін сияқты.

Тәуіп артына жалт бұрылды. Бұрылған бетте тап берді. Қозғалысы мұндай шапшаң болар ма, сескенген Жоламан қапелімде ырши секіріп кетті. Әйтсе де шал бір-ақ қарғып кеп, сұр жебені мұның қолынан жұлып алды. Енді бір сәтте екі шетінен көлденең ұстап тұрып, ортаң қолдың жуаңдығындай қарағайдың бұтағынан істеген жебені қарш-қарш шайнап жатты. Өткір тістер сақ-сақ еткенде, ағаш бырт-бырт сынды. Қас қағымдай сәтте жебеден тамтық қалмады. Әлденені мұрнынан ыңылдай әндетіп тәуіп өз жөніне кетті. Тәуіптен де, тәуіптің мінезінен де жүрегі шайлыққан Жоламан атына ырғып мініп, желдірте жөнелді. Жатқан орнынан самарқау көтеріліп Алғұйын ілесті.

Кеш бата қоспақ өркеш атанға артып әкелген жолым үйді екі-үш кісі тәуіп көрсеткен “тамыр дәрінің” үстіне тұрғызды.

Келгендер қайтып кетті. Жоламан атасының үзеңгі жолдасы Тәсібекпен қатарласып келеді. Күні бойы ойын баураған жұмбақ сырды сұрамақшы. Бір сәт Тәсібектің қолынан ұстап, өтініш еткендей ыңғай білдірді.

- Ақсақал, көргеніңіз көп. Бірдеме сұрасам айып етпеңіз.

- Е, Жоламан қалқам, сұра. Сұрағаның дұрыс. Мен өзім білгенімді жасырмаймын, Жоламан. Ал, не айтайын деп едің? - деп Тәсібек түгел денесімен бұрылды. Әңгіме басталысымен аттар аяңға ауысып

- Ақсақал, осы киіз үйді неге тіккізді әлгі тәуіп? Әлде мен білмейтін бұның сыры бар ма? - деп Жоламан жақындай түсті.

- Иә, бағзы заманнан қазақ жұртының басынан жаугершілік тірлік арылмаған ғой, Жоламан балам. Айнымас әуен, аумас сарынмен шер төккен халқың қан аққан жарасына, сыздатқан балтырына ем іздеп өткен ғой. Сонда осы туған даланың құшағынан бәрін тапқан. Ағаштың жапырағын, шөптің тамырын күңірене жүріп, кәдесіне жаратқан. Жоламан, қарандыз дегенді естуің бар ма? Сол өзі көп ауруға ем. Жалбыз да талай аурудың дауасы. Ел ішінде көк ешкінің жапырағынан да дәрі жасайтындар кездеседі. Рәуғаш жапырағын бірде қаны тасығанда Жомарт атаңа өзім тауып әкеліп, суға қайнатып ішкізгем-ді. Сол шипасын салып атаң айығып кеткен. Мен өзім талай шөптің қасиетін білем, Жоламан.

Мына тәуіптің айтқан тамыр дәрісі - құяңның, домаланып қалған аурулардың мың да бір емі. Өзің көрдің ғой жаңа. Қып-қызыл моншақтай жемісі бар, ал түбінде саусақтың саласындай тамырлары болады. Әй-әй, аурудың иесі бар дейтін ырымға сенетінімізден бе, әлде расы солай ма, бұл тамыр дәріні қазып алу, қияметтің қиыны. Көрген бойда қымтап жауып қойып, үстіне киіз үй тігу керек. Жын-перінің сейіліп кетер мезгілі тәңсәрі болады. Алғашқы сәулемен таң жарыстырып қазып алса, тамыр дәрінің ем болмайтын кеселі жоқ, әне Жоламан. Әй-әй, осылай сұрап жүргенің, біліп жүргенің жақсы. Солай, Жоламан...

- Тәсеке, осы сіз көп білесіз. Батыр атам баламен кеңес құрмайды. Әйтпесе, сұрарым көп. Мәселен, мен ойраттың Қалдан ханы туралы білем. Оны елінен қуып шығып қазіргі Сыбан-Рабтан інісі хонтайшы бопты. Бізбен, қазақпен соғыса беретін көрінеді. Соның себебі, не? Айтыңызшы, ақсақал! - деп қолқа салды.

Тәсібек ат басын іркіп Жоламанға тура қарады. Шақшасын алып, тілінің астына бір шөкім насыбай тастады.

- Әй, әй, Жоламан балам, дұрыс айтып келесің. Жөн-жөн. Айтайын. Е-е, мен білем ғой, білем. Баяғыда Сыбаныңды да көргем. Атаң екеуміз Қаздауысты Қазыбекке ілесіп Жоңғар қалмаққа барғанда. Әй-әй, сонда бар ғой бір жағдай болған. Айтпақшы, оның саған қажеті қанша? Ал енді асықпай тыңда. Біздің

үйдегі Рабиға шешең кешіктің деп біраз дүрілдер. Ол үйреніскен жауым ғой. Бір сылтауын табармын. Азар болса қайнай-қайнай сорпасы шулығып кетер. Тіпті сол сорпасын ішпесем ішім кеппес. Тыңда, Жоламан. Осылай сауал беріп жүргенің дұрыс. Солай, Жоламан.

Жоламан Тәсібекке үзеңгі тиістіре жақындады. Өткен күндер қойнына енді біз де біраз үңіліп, еніп шығайық, қадірлі қимас оқушым!

4

Кесек тұлғасын қаққан қазықтай тік шаншып алған. Қозғалмайды. Сәл теңселіп кетсе, осынау қалың қабақ, қарасұр өңіне, жылқының қылындай едірейіп тұрған сұйық сақал-мұртына жиып әкеп, құрсаулап қойған айбары мен ашуын төгіп алардай көре ме, қыбыры жоқ. Қалың томпақ көз етінің ернеуінен атылған суық жанардың оқты қарасын сәтке болса да үзіп кетер кірпіктері де қайшыланып қозғалар емес. Үй айнала шаншылған найзадай боп қимылсыз серейеді.

Орда ішінде Сыбан-Рабтаннан басқа екі-үш адам бар. Манадан сұстанып, ызбарланып отырған ханға қарсы уәж айта алмай, бұлар үнсіз бұққан. Қашаннан әңгіме-кеңеске сараң әміршінің ендігі қатал сыңайын бағып қап, қып-қызыл еріндердің көбесі сөгілер сәтті кірпік қақпай аңдысады.

Ішке Ану-хатун бәйбіше енді. Баласы әкесінің мұра тағына отырғалы бұрынғы салиқалы паңдығы мен салмақты жүрісін қайта тауыпты. Қоңыр қаздай мамырлай басып келіп, ұлының оң жағына отырды.

- Балам, ел үстінде отырғанда белден басар салмақ та көп болады. Ақылмен шешіп, жөнімен қимылдасаң, ашу орнын аброй ғана басды. Түйілгеніңнен түңілмейін, көлденең кісінің кеңесі емес, өзің деген жақыныңның тілегі айтарым. Тілге кел, ішіңді аш, - деп шешесі ханды томаға тұйықтықтан бері жетеледі.

Сыбан-Рабтан шешесіне қарады. Бұрыннан да семіз денесі енді тіпті толысып, жуандап кетіпті. Сонысына қарамай Сеңгінің нақсүйері болғанын паш еткендей нұрлы жүзі әлі де мөрін жоғалтпай, қызылы қызыл

боп мөлдіреп тұр. Хан іштей ғана күрсінді. Бала күндегідей бауырына жабыса кетіп, анасының төсін иіскей алмайтын шаққа жеткеніне өкінетіндей. Өңі жұмсарып, кеудесі босап, тіктелген еңсесі сылқ түсті.

- Айта бер. Айт, ана!

- Айтсам, сен хуандидың тапсырмасын орында. Жанцихайды тезірек жөнелт. Күштімен алыспа, алып та жығады, шалып та жығады ол. Айтқанын істеп алдынан өте берсең, боғдаханның сенде несі бар. Сенің боғдаханда нең бар. Күшейіл кемеліңе келіп алған соң терезеңді теңестірерсің. Әзірше мынау өз ішіңдегі содыр-сойқандарды түзеп, хандығыңның қаз тұруын қамдастыр. Қатуланам, қарап отырмаймын десең, жау жетеді. Қалыңдығың - Аюке ханның қызын жолай ұстап қалып, сағыңды сындырған хан Тәукеге қарсы бар. Кегіңді содан ал. Мәнжүрге кеткен ел мен жер әзірше саған жоқ. Соның есесін қазақ даласынан толтыр. Осы менің айтарым саған, балам, - деп тоқтады Ану-хатун.

Сыбан-Рабтан анасына көз тоқтатып ұзақ қарады. Қасында жүріп қасиетін білмепті. Бұны қинаған кей жайды іштей екшей кеп, аналық адал кеңесін алдына жайып салып отыр. Артынан ерген мына бір топ азулылардың көзінше: “қайтесің, жоққа жүйрік жетпейді. Өз қолыңды өзің кесе алармысың. Шақшадай басыңды шарадай қыла берме. Бойыңнан биік секіре алмайсың. Ағайын-туғаннан келер өкпені азайтардай біраз алқынған, аласұрған халіңді ел-жұрт көрді. Тілге тиек болар бір далбасаң осы болсын” дегенді қисындырып білдіріп отыр. Хан шешесіне сүйсініп қалды. Қытай императоры Сюань Енің Қалдан хонтайшының суалған сүйегін сұрап дігерлетіп жатқанына көп болған еді. Қанына қарайған хуанди кешегі қас жауының шашылып қалған сүйегін өртеп, күлін қала қақпасының маңдайшасына қойғызбай, тыншыр емес. Бұған дейін Сыбан-Рабтан басқа жұртқа көз қылып, “ағамның сүйегін қорлатпаймын. Қытайға бере алмаймын” дегенмен келіп еді. Бірақ оқ жетпеске қылыш көтергендей бұл әрекетінен опық жейтінін өзі де сезе бастаған. “Ел ішінің қырық бөлшегін бірік-тірмей, қырықжамауын бүтіндемей тұрып, боғдаханға

қарсылық білдіруім - арыстанға айбар атқан көжектің кебіндей тірлік екен. Оның үстіне Көкнорға орналасқан Қалданның әлі күнге маған өш жауынгер серіктері тірі тұрғанда, хуандиды шаптан түрткендей биәдеп мінезді тастауым керек. Аз нәрсемен аузын алсам, түптің түбінде ол қытайдың алқымынан сығар күнге де жетермін. Әзірше цин империясымен қарым-қатынасты үзбегенім дұрыс-ау. Қалданның қызы - Жанцихайды да Бежинге жібергенім жөн болар. Қыз байғұс жат жұрттық қой. Жылар, жылар да басылар. Еңіреп етегін толтырып, жадырап жар сүйер бір шөпжелкеге бола шала бүлінбегенім абзал. Ойсырап қалған шабынды елімнің кем-кетігін толтырып алмай, күш көрсетуім орынсыз. Ендігі жорық батысқа қарай ауысар. Тәукеге қарсы шыққаным жөн. Мен емес, қазақ ханы өзі бастады. Қалыңдығымды тартып алды. Ендеше қалмақы ерді қара тақымда шірітетін күн туған екен!”

Сыбан-Рабтан қозғалақтаған көлеңкедей шайқалып қалып, Ану-хатунға бұрылып сөйледі.

- Айтқаның болсын, ана. Ханның сүйегін де, Жанцихайды да өзіңіз жөнелтіңіз. Қасына тоғыз жігіт, тоғыз қыз қосып беріңіз.

Отырғандардың бірі күңк етті.

- Күңге күңнің қажеті қанша...

- Уа, тілің шығайын деген екен! Жыртығыма жамайын демесем, қызымнан кем бе еді ол! - деп Ану-хатун әлгіні сөзбен тұқыртып тастады.

- Кешегі қаскөй Қалданның ұрпағы дегенім ғой, - деп анау күмілжи берді.

-Қалданнан туғанмен бауырымда өскен тұлым-шағымды тілдегенің не, өлде маған..

Осыдан кейін сөз тыйылып, отырғандар тарай бастады.

* * *

Сол жылғы яғни, 1698 жылғы қазақтармен соғысуынан кейін Сыбан-Рабтан тура он бес жылдай ешкіммен жауласқан емес. Жан-жағындағы көршілермен бейбіт бітімге келіп, ішкі тұрмыс қаракеттерін күйттей берді. Жер жыртқызып, диқандықты күшейтті.

Шеберхана көбейтіп, қолөнерін дамытты. Жыл сайын үш ай жаз бойы әр ұлыстан үш жүздей әйел алдырып сауыт тоқытып, кіреуке тіккізді. Сыбан-Рабтан соғысқа әзірлікті осылай бастады. Бабасы Қарағұл, атасы Батыр, әкесі Сеңгінің жолын қуып Еділдегі Аюкемен, Көкнордағы хошоут тайшалармен байланысын күшейтіп алды.1701 жылы Дармабала деген әйгілі сұлу қызын Аюкеге тоқалдыққа ұзатқан болатын. Сол жылғы жазда жиырма мың үйлі өз ұлысын ертіп, әкесі Аюке ханмен араздасқан Санжиб Жоңғарияға көшіп келгенде, қалмақтарды әр ұлысқа Сыбан-Рабтан өзі таратып бөліп, Санжибті қасына он шақты қызметшісін ғана қосып, еліне қайтарып жіберген-ді.

Орыс империясы мен цин өкіметіне деген келісімпаз саясатын өзгерткен жоқ. Күш көбейтіп, ес жиып алғанша бейбіт қарым-қатынасты бұзу - көпір басында ойнақтаған түйенің кебіндей болатынын ұққан хан осы екі үлкен мемлекетпен араны шиелендірмеуге барынша тырысып бағып еді.

Он сегізінші ғасырдың бас кезінде мол олжаға құныққан патшалық Ресейдің отаршылдық толқыны Ертіс, Енесай, Тобылдың саласына күрт жайылған еді. Ертіс бойындағы Чернолуцкая дейтін алғашқы орыс слободасы осы Ертіске Омь өзені құйылар жерден алпыс шақырымдай төменде жатса, кейіннен олардың слободалар мен бекіністері байырғы қазақ даласымен жоғары өрлеп, ойрат жеріне қарай сұғынып кіріп бара жатты. Бірақ 1710 жылға дейін Сыбан-Рабтан өңмен-деген орыстарға ешқандай қарсылық білдірген жоқ еді. Ресеймен қарым-қатынасты ушықтырмау үшін өз ұлыстары мен қол астындағы татар, қырғыз тарапынан туатын әрекеттерді өршітпей, сөндіріп тастап отырды.

5.

Қорабай үш қанат үйіне жүдеп енді. Балайымның ауырып жатқанына ай толды. От басынан сүр исі аңқып, қазанда қара су қайнамағалы да көп боптy. Сіңірдей боп таралып алған Қорабай үлкен денесін иіп әйелінің қасына тізе бүкті.

- Қалайсың, Балайым?

- Шүкір... Тұрып кетермін. - Балайым теріс қарай аунап түсіп, ақырын ыңырсыды. Төсек тартып жатқалы жас сорпа деп құмартқаны көп. Дәрменсіз Қорабайдың сойып беруге малы жоқ, іштей қынжылып жүр. Қазір де жұбайының ренжіп бұрылғанын сезіп, маңдайы терлеп қоя берді. Орнынан созалаңдап қайта көтерілді. Екі-ақ аттап тысқа шықты. Кермедегі атына мінді де, шоқытып кетті. Қимылы асығыс.

Қызылқоңыр күн көкжиекке төніп қапты. Аздан соң сам жамырайды. Одан кейін көп ұзамай маңайды қымтай бүркеп түн оралады. Қорабайдың күткені де осы түн. Неде болса туғалы бармаған қылмысқа дәл қазір бел буып бекініп келеді. Оқыс ширыққан ой жетелей ме, кәрі тұғырының қабысқан бүйірін тебінуі де көбейді.

Тепеңдетіп желіп белден асты. Бағыты Еренек байдың ауылы. Жомарт батырмен жекпе-жекте жеңіліп, еліне оралысымен байдың қатулы қабағына іліккен. Онсыз да өз тірлігінен түңілген Қорабай содан кейін іргесін Еренектен бөлек салған еді. Қотаны қомақты ақ боз үйлі сол байдың ауылы алты қырдың асында ғана. Осы шоқырағынан жазбаса, үркер туа іргесінен құлайды. Одан әрі тұғырын бір сайға қаңтарып тастап, жолы болса бір марқаны қолды етеді.

Қорқынышы жоқ. Бұрын біреудің барына, малына қызыға қараудың өзін күнә деп есептейтін шаруаның бұл сәттегі бар арманы - жалғыз ғана көпей тоқты. Қотаннан қалай да бір ебін тауып алып шықса, ертең әйелінің жас серпа ішеріне күмәні жоқ. Құдай сәтін салса қырын қарап тұрған сонау жүдеу тірлігі жанданып сала берер-ау. Шипасын салып Балайым бас көтерер, от басы аман болса, отағасының ұпайы түгел.Бұл да ел қатарлы тіршілігін күйттер.

Межелі жеріне жетіп, ат басын ірікті. Сүмбіленің суықтүні бойын тоңазытты. Жүні ұйысып, ірімтіктеніп кеткен күпісінің екі өкпе тұсынан суық білінді,

Созалаңдап тұғырынан түсті. Тізгінінен жетелеп сайлауға қарай беттеді. Көп ұзамай атын шідерлеп тастады да, ауылдың иығындағы төбеге ұрлана шықты. Етпеттей жатып тың тыңдады. Бір кез... көзі қарауытып

кетті. Қыл шылбыр буған қыл мойынды тыныс алғызбай әлдебір күш сығымдап бара жатты.

* * *

Қорабай есін жиғанда кіші сәске шамасы болған еді. Тұлабойы құрсаулап тастағандай қозғалтпайды. Айналаға көз салып еді, тастақты жерде жатыр екен, назарына жербауырлай тырбиып өскен аласа бұталардан басқа ештеңе ілінбеді. Серейіп-қарайып құз тастар ызбарлана төніп тұр. Қимылдаса, бас салатын ертегінің алып диюларындай мынау жым-жырт, меңіреу тыныштықта тіпті қорқынышты көрінді. Бір кез дәл үстінен суыл қанат сұқсыр ұшып өтті. Төмендеп биіктемей ұшады. “Әттең-ай! Қапысыз тірлік кештім дер едім. Ең болмаса бір қанат қағардай, еркін самғардай болсам-ау!”

Қорабай жылжып көрмекші болды.Денесінің сырқырамаған жері жоқ. Түгел ауырды. “Ойпырмау! Не болған!? Мынау тірі өлік хал, тірідей көмілу ғой! Енді қайтем?” деген ауыр күрсініс жанын шымшып өтті. Әлі де босқа күдер үзбейін дегендей, жан-жағына көз жіберді. Қыбыр еткен төңіректе бір қара болсайшы. Жоғарыға өртене өрлеген сайын қыздырып бара жатқан күн шыдатар емес. “Шоқ бұтаның көлеңкесіне бір жетсем! Апырау, адам түгіл тәңірге жазығым бар ма еді? Шолақ тілек еткенде, көңілде күпірлік жоқ еді ғой... Налыған зарымды жасағанға жалынғандай ғана бір үзік үмітпен айтпаушы ма едім. Орайын болдырмай, осылай ондырмастай етердей кінәм қайсы?” - деп қалып және толғанды. Соншалық өгейсіткен мынау даладан қуаныш пен бақыт қана тоспап па еді.

Әлсіреп жатып тағы есінен танды. Әлгіндегі кеудесін тырнаған өкініш пен өксікті ой еміс-еміс көмескіленді де, шым үзіліп кетті. Қорабай қимылсыз қалды.

Көгілжім аспанның өрт жанары - жалқын күн ұзақ жылжыды. Сонау тас төбеге шығып алып, біраз шақырайғанымен бедері аз бетпақ даладан көз сүрінер ештеңе таба алмады ма, запыланғандай тез сырғанады. Жылжи-жылжи келіп, бедірейген көкжиекті жам-

бастады. Ымырт түсті. Кешкі самал есті. Артынша жылаңқы жұлдызы жамырап, тұнжыр түн келді.

Дәл осы сәтте жалғыз атты әлдекім Қорабайдың үстінен шығып қалып еді. Адам исін сезді ме, жануар құлағын қайшылап, осқырып дыбыс берді. Жолаушы да қарайғанды көрсе керек, жаяулап жетіп, еңкейіп тамырын ұстады.

- Пақыр-ай! Тірі екен, - деп өзімен-өзі күбірлеп сөйлей жүріп, шал атының қанжығасындағы жанторсықты шешіп әкелді. Жігіттің қарысып қалған тістерінің арасынан аузына ақ тамызды.

- Дәм-тұзың таусылмаса, әлі-ақ оңалып кетерсің. Тақырда қалған тұяқ боп тітіркеніп өтерсің. Мүмкін, алыс қырдан алысқа ұзаған еліңді іздеп табарсың. Шерімді ғана қапқан мен бейбақ қу далада қаңыраған моланы күзетіп қалармын!..

Қорабайдың тау үңгіріндегі шалдың мекенінде жатқанына да бірталай болды. Шипалы шөптің түбі мен тамырынан дәрі жасап, қайнатып ішкізіп, майлап жағып, шал аурудың бетін бері қаратты. Жалғыз атын сойып тастап,жылы-жұмсағын аузына тосты.Жігіт әлі де тұрып кете қойған жоқ. Ұзақ күн үнсіз сұлық жата берді.

Қасында болатын кездерінде шалдың күбір-күбірі бір үзілмейді. Ән екені де, зар екені белгісіз, ұзақ, мұңлы, шерлі сарын кеберсіген еріннен бе, еріннен әріден бе төгіледі де тұрады. Қорабай үзік-үзік сарыннан тұтас сыр, түйдек күй құрастыра алмай, сонда да сол күйікті әуенге құлақ түруден бір жалықпай, ынтыға тындайды.

Қырық бір қара қазанда,
Сүйегі жатыр қырғыздың.
Қырық бір қара қазанға,
Көз жасы тамды ұл-қыздың.

Бабамнан қалған асқарға,
Қырық бір қайың тұрғыздым.
Бұйырар деп пем басқаға,
Балтасы тимей қырғыздың.

Қырық бір қара балтамды!
Жүзінен майырып жырғыздым.
Қара бір түнде қан тамды,
Қаны ма қалың қырғыздың?!

Жарығы сөнді көңлімнің,
Ағып бір түскен жұлдыз ба?
Жалыны семді көңлімнің,
Сөніп бір түскен қырғыз ба?

Шалдың үңгірде болуынан даланы кезуі көп. Күнұзақ жалақ ерні кеберсіп, шүңірек көзі іріңдеп қызарып, өзімен өзі күңіреніп жүреді де қояды. Тек қана ауру жігітке шипа жасап, ас берерде үңгірге бас сұғады. Ашылып бір сөйлескен емес. Іштей құсаланып, беріш көңілге көп запыранды қотарып құя беретіндей. Қамшының келте сабындай қысқа ғұмырында құрық бойындай қасірет сіміріпті. Күн өткен сайын күлге шөккен кәрі атандай ауыр зілімен тұралап барады. Аузын ашса, ah ұрған арманды өксік төгілері содан да шығар. Зары көп, зарығуы, аңсауы көп. Жеткізбес тілек, жермешел тірлік дүниені бүрістіріп әкеліп іріңді көздің сыңар тамшысына бұлдыратып сыйғызып қойса, амалы қанша. Тағылық далаға сыйғанымен, адамға саймаған ғой. Долылық буып, тағылыққа құрық берер кейбіреулерден о баста теткіп кетіп еді, ел-жұрттан безіп, оңаша тентіреуі содан кейін басталды. Дала кезіп, тауда түнеді. Мұңы көптің - шері көп. Түйдек-түйдек зарлы әуеннің кеудесінен қашан, қай кезде ағытылғанын өзі де білмейді, өзі айтып, өзі ғана тыңдайды. Өзіне шағынып, өзі елжіреп еңірейді. Соңғы күндері тым күйрек боп алды. Сыртынан көріп, дәтке қуат етер елі қасында жүр еді, Халқы бар еді. Ойраттың Зухар, Сандық Шыңбел деген үш зайсаңы Жоңғардың Сыбан-Рабтан ханының бұйрығымен бір-ақ күнде, бес жүз қолмен келіп, тік көтеріп көшіріп әкетті. Еріксіз күштеп ата қонысынан-Енесайдан алысқа ұзатты. Үш мың үйлі қалың қырғыз Тянь-Шаньға еріксіз шұбырды. Бұл 1703 жылдың қоңыр күзі еді.

Босқан елдің қаңыраған жұртын көрген сайын шалдың еңіреуі көбейді. Жазықсыз елдің жабырқатар

халі жүрегіне түскенде, жүзіндегі әжімін тереңдетіп, жүректегі шерін молайтып жіберген еді.

Қорабай бұл жайдан хабарсыз. Әйткенмен, осынау жүдеу шалдың мол зарынан әлдебір сұмдық сыңайын сезетіндей қазбалауды жөн көрмеді. Іштей күтіп, іштей амалдап, жұмбақ сырдың шытырманын тарқатып келе жатқандай да күйі бар. Шешері, түйсінері жақындаған сайын әлденеден күдіктенуі, қауіп тосуы және өсетін. Әсіресе, батар күнді ұясына қолымен қондырып, белі иіліп бүкшиіп оралатын шалдың кешкі от басында өңкиіп отыруы тіпті оғаш. Қарашығын шел басқан қысық көзде от сәулесі дауыл күнгі толқындағы жел-қайықтай бірде көрініп, бірде жалт ететін-ді. Не бір қас қақпай, не бір ауыз ләм демей мелшиіп қалған кәрі көкірек қарияның бір өшіп, бір тұтанған үмітіндей болып па, іштегі көр көңілдің булығып келіп оқыс ытқыған мұңлы жігеріндей, ширыққан ашулы өксік өтеуіндей болып па сол сәуле, әйтеуір қос жанардан көпке дейін үзілмейтін.

Бірде шал түнеген жоқ. Ол түні Қорабайда да ұйқы болмады. Тастай қараңғы үңгір іші суық лахатта жатқандай сезінтіп, әлдебір үрейлі ойларды қоздатып жіберген. Шал да, үңгір де, жаралы тән де бәрі-бәрі көрген түстей елес дүниеге айналған-ды. Кеудеден қысқан бет топырақты дүңк-дүңк басып әлдекім жақындаған екен дейді. Сол-ақ екен бір жіңішке дауыс анық-анық естілген-ді: “Сорпа! Жас сорпа ішем!” “Апырау! Балайымның даусы ғой?!”.

Қорабай ессіз, түссіз күйде таңды атырған.

Кешіне шал оралған. Үндеместен әлденені Қорабайдың алдына тастай берген. Әйел бұрымы. Үш талдап өрген жуан қара бұрымды Қорабай бас салды. Бұрымның ұшындағы өзі жасаған үзбелі шашбаудан Балайымның бұрымын таныды.

Шал от көсеп отыр. Жалын шалқып көтерілгенде көзіндегі көмескі сәуле айқын шалынады. Бұрынғы әдетін бұзбай шал зарлы әуенге басты. От басына төніп тұрған қараңғылық әрі ұзатпай әлсіз ызыңды құшағына қағып ап жатты.

...Қырық бір қара қазанға
Көз жасы тамды ұл-қыздың...

“Өлім... Мың жасаған кім бар? Алысын ойлаған қандай да құдіретті жанның алдынан торитын бір ғана қақпаны - өлім емес пе? Жағаласар жауыңды да, аяқтан шалар қасыңды да тұқыртатын - дүлей қара күш. Ал қара күштің қаруы - өлім. Кешегі Қалдан хан алтын тақ үшін ағаларын аяды ма? Аяған жоқ. Шетінен қырып салды. Ал сол Қалданды бұл да аямапты. Саяқ қып айдап шығыпты. Ендеше, бұның да қол созғаны -сол өлім екен”.

Ордасында хорасан кілемнің үстіне жайып тастаған жолбарыс терісін жамбастап жатқан Сыбан-Рабтан аяғын уқалап отырған Ахай-ханыкейге тесіле бір қарап қойып, артынша үнсіз мүлгиді. Бұл күнде өзінің сақал-шашына қырау оралса, мынау ханымда кешегі сұлу өң жоқ. Дүркін-дүрмек ауысқан жылдардың ауыр доңғалағы аяусыз шиырлап кеткендей әжімі молайған. Жалт етіп қиыла қарағанда, сылқылдап жадылап күлгенде тұлабойды өрт шалғандай оқыс күйге түсіретін сайтан қылығы, құдай-ау, қайда қалды екен? Түнімен от құшақтағандай күйіп-жанып, алтын таңды шаршап, сансырап атқызатын құмар шақ енді еске де көп түсе бермейтін бопты-ау. Жар төсекте жалындаған аңсарлықтың қызығы аздай қос тұлпарға мініп алып, соңдарынан ерген нөкерлерінен ұзап алыстап кетіп, айдалада тапа-тал түсте табысушы еді-ау! Қатты шабыстан ентігін баса алмай, екі беті нарттай қызарып алаулап тұрған ханыкейді аш белінен қапсыра құшып тік көтеріп алатын. Ақ торғын тамағына тұмсығын көміп жіберіп ұзақ-ұзақ аймалайтын-ды. Содан кейін көкмайсаға екеуі ұмар-жұмар құлайтын-ды.

Сыбан-Рабтан Ахай ханымға тағы қарады. Қазіргі толық, етжеңді әйелдің бір кездегі уылжыған келіншек болғанына сенбейтіндей күрсінді де, бұрылып кетті.

“Өлім... Көп ойлайтыны осы. Әлде тынысы тарылғанда ауа қармағандай қол созатын дәруі сол ма екен? Өліммен де өмірді ұзартуға болғаны ғой...

Дүрбен түмен ойраттың үшке бөлініп кеткені анау. Тортауыт Еділде, хошоут Көкнорда. Бірін орыс, бірін қытай иектеп кетті. Манғұл Халхасы хуандидың

тізесіне басын иді. Қасиетті Шыңғыстың аруағы азғаны осы. Тозғындаған елі қырық бөлек. Дін тірегі - Лхасадан да көмек аз. Цин империясының айдауына көніп, айтқанынан шықпайды ол бүгінде. Киелі Дзон-Кабаның аруағына сиынып, Тибетті дінсіздерден тартып алса қайтер еді? Ілгешек жоқта істің иініне жармасу қолайсыз. Ілгешек тапса, Лхасаны пайдаланып, сонау қыңырайып кеткен хошоут Гуши-ханның тентектерін бір бұйдалар еді-ау".

Сыбан-Рабтан аяғын бауырына тартып алды. Кезін жұмып, айыр сақалын қолының ұшымен қайырып әкеліп, аузына тістеді.

"Хошоут демекші, Тибеттің қазіргі дибасы, әкімсымағы Гуши-ханның немересі Ладзан хан ғой. "Боқмұрын баласына қызымды берген құдам". Қыз... Сүйікті сұлу қызы. Оны да көрмегелі оншақты жылдан асыпты. Елді қимай, булығып өксіп жылап кетіп еді. Ешкімге қарғыс-наласын айта алмай, қара көзін жаспен шылап, бұрын көрмеген, білмеген мекенге күрсініс толы шерімен аттанып еді-ау тұлымшағы!".

Сыбан-Рабтан күрсініп қалғанын байқады да, көзін кең ашты. Аяқ жағында мөлиіп отырған Ахайды көріп, қатын алдында күрсінгенін қабырғасын сөктіргендей сезініп, хан қабағын түйіп ала қойды.

- Әлі отырсың ба! Габан-Убашиды шақырттшы.

Ахай ханым аяғының ұшымен басып ордадан шығып кетті.

"Өлім!... Күні бойы сарсыла іздеген қапы соққызар қақпаны да осы екен. Оқыс келер күйінішті қазаның кейінгі көп әрекетке батыл бастар баспалдақ болатынын қалай білмеген? Үрпінен тараған үрім-бұтақтың көптігінің де осындайда пайдасы тиеді екен-ау. Әкесінің құдіретін өсіретін құрбандыққа жараса, қызының бір тамшы қанын кейін көл боп ағар қанмен қайтарар. Қайтарар-ақ!"

Есіктен бір-ақ уыс боп аттаған Габан-Убаши жалп етіп ханның аяғын құшақтай құлады.

- Шақырттыңыз ба, жер тәңірісі?

- Отыр, Габан-Убаши!

Ала көзінің қып-қызыл тарам-тарам тамыры адырайып, жансызы шоқиып отыра кетті.

- Лхасадағы қызым ауырып қалыпты.

- Сау еді ғой.

- Ауырыпты! Кешікпей Дзон-Кабаның қасиетті мекеніне сапар шекпек.

- Апырай! Мен жақында көргенде сап-сау сияқты еді...

Әшейінде әміршісін емеуіріннен ұғатын жандайшабының бүгінгі шалаесірік, көркөкірек халін жақтырмады. "Бұрай салса, мойыны балапанның мойынындай-ақ екен-ау. Құны да одан артық емес. Бірақ дәл осының қолынан ғана келетін бұл құпия істі басқа он адамға сеніп тапсыру қияметтің қиыны". Хонтайшы қазық айнала беруді қойды, төтесінен бірақ тартты.

- Сен Тибетке барасың! Қызымның ауруы керек.

- Түсіндім.

- Қазасы Ладзан ханнан ғана болсын!

- Түсіндім...

- Сезік тумасын!

Көп ұзамай Тибеттен қаралы хабар жетті. "Қызымды әдейі өлтірттің. Қысасқа қысастық!" деген Сыбан-Рабтан 1716 жылдың күзінде баласы Серен-Дондып бастаған қосынын Тибетке аттандырып жіберді. Келесі жылдың тоғызыншы айында Лхасаға басып кірген ойрат әскері Тибетті Жоңғарияның қарамағына қосып алған-ды.

Ссылай Тибетке үкімін жүргізген Сыбан-Рабтан енді цин өкіметінен төменшіктеп қаймыға беруді өзіне лайықсыз көрді. Қалдан Бесоқты ханның кезіндегі Жоңғар хандығына қарасты бұрынғы жерлерді қайтарып беруін талап етіп, Сюань Еге елшісін дүбірлетіп жөнелтті. Бұл тұста мұзбалақ қырандай түлеген хонтайшы айналаға ашқарақ көзін тіге бастаған еді. Қалдан Бесоқты ханның жорығы басталмас бұрын жоңғар шебі Хобда өзенінен әрі шығысқа, Улан-көмі мен Кема, Кемшік қыстауларына шейін сұғынып озып, Халха иелігінің жайлауларымен араласып жататын. Қалданның жеңіліс табуы Халха хандығының өрісін Алтайдың теріскей бетіне дейін жеткізіп, Ертіске төндіріп әкеліп еді. Ал Халханы қол астына енгізген соң цин империясы жоңғарларға өзінің ежелгі ата-қонысына

аяқ бастырмай қойған жоқ па. Солтүстігін қусырып, Ертісті жоғары өрлеп, еркіндеп келе жатқан орыс мемлекетінен ығысқан Сыбан-Рабтан Сюань Е хуандидан жер даулауға осылай еріксіз мәжбүр болған-ды.

Орыс пен ойрат арасының шиеленіскеніне бірталай уақыт өтіпті-ау. Алғашқы келіспеушілік алым-салық жинаудан басталған еді. Өз қыштымындағы елдерден жасақ жинауға шыққан хонтайшы қолы алдын орап кеткен Ресей шенеуниктерінің ылғи ізін басқан да отырған ғой. Содан соң арбалап таситын шіркін байлық орыстар өткен жерден дорбалап бөктеруге жарамай қалмай ма.

Әрине жоңғар ханы өз қыштымындағы билігінен өлсе айрылар ма. Сондықтан да Ертіс пен Енесайды өрлей орыс селендері көбейіп, ал әскери бекіністері ішке тіпті бойлай кіріп кеткен соң қару көтермей, қарсы тұрмай, оңайлықпен ығыса қойсын ба.

1713 жылдың жазында Сібір губернаторы Михаил Гагарин Сыбан-Рабтанға өз өкілі Чередовты жібереді. Өйткені осының алдында ғана Жоңғар ханының адамдары Бараба уезіндегі Ресей патшалығына қарасты елдерден жасақ жинап, Би мен Қатын өзендерінің аралығындағы орыс қаласына шабуыл жасап, үш күндік қоршаудан кейін острогты алып, тып-типыл талап кеткен-ді. Сыбан-Рабтан жаушы Чередовка жылы қабақ танытпай, сазарып отырып, салқын ғана жауабын қайтарған-ды.

- Бараба татарлары ежелден ойраттың қарауында болып келген. Орыс адамдары хандығымның сол қарапайым халқына қаһарын тіге келіп, зорлық пен өктемдігін қабат жүргізіп отыр. Сол үшін зорлығына орай зорлық жасадым. Би мен Қатындағы қалаларды біздің меншікті жерімізге салғансыңдар. Қасиетті Дзон-Кабаның қолдауымен ол қаланы жермен жексен еттім. Қайта салуға жол бермеймін. Томбы, Краснояр, Кузнец қалалары да менің хандығымның бір пұшпағында жатыр. Өздерің біліп кетпесеңдер, ол қалаларды да көп ұзатпай шапқызып алам!

Орыс-ойрат қатынасының шиеленісуі, әсіресе Гагариннің Шығыс Түркістанның батыс бөлігі - Жаркент төңірегін иемденбекші болған жоспарынан

кейін тіпті күшейген-ді. Жаркент төңірегінде алтынның мол қоры бар дегенге қатты қызыққан губернатор Бірінші Петрге Ертістен Жаркентке шейін салынатын бекіністердің жобасын жібереді ғой. Сібір губернаторының дәл осы арада ескермеген бір үлкен қатесі - Жаркенттің бұрыннан Жоңғария хандығына қарасты екендігі, ал ондай пайдалы жерді Сыбан-Рабтанның оңайлықпен бере қоймауы еді.

Жасағында үш мыңнан астам адамы бар, тағы бірнеше орыс көпестері қосылған үлкен топты бастап подполковник Бухгольц Тобыл қаласынан 1715 жылы шілде айында шығып, қазақ жайлаған бұрынғы сахараны бойлап, сол жылдың 1-қазанында Жәміш көліне жетіп, осы арада бекініс орнатып, қыстап қалған-ды.

Орыстардың Ертісті өрлей келіп, Жәміш көліне бекініс орнатуы - жоңғарларды қатты қобалжытып еді. Қазақтардан аударып алған жерінің бүгін іргесіне келіп орын тепсе, бұл қарашекпен ертең өңмендеп еніп, төрінен шығар. Одан кейін қысқаштың ортасына түскендей екі бүйірі қабысып: “шықпа жаным, шықпамен” отырса, көрген күні күн болар ма? Осыларды ойлаған Сыбан-Рабтан 1716 жылдың екінші айының 9-күні бір түмен қолын бастатып Серен-Дондыпты Жәміш көліндегі бекініс-острогты шауып келуге шұғыл жұмсаған еді. Серен-Дондып алғашқы қарқынмен тау суындай ақтарылғанымен, бекіністі бірақ ала алмады. Содан кейін бекіністі жағалай қоршап, ит тұмсығы өтпейтін темір құрсауға орап алып, қозғалмай жатты да қойды.

“Орыстар мен ойраттар бұған дейін бейбіт тірліктің хұрын шертіп келіп еді. Ал енді мына қасақы әрекеттеріңмен даламызға қала салып, сол бейбіт әуенге сілекейі шұбыра ырылдаған иттің арсылын енгізген сендер болдыңдар. Осы арада қыс қыстап, жаз жайлаймыз. Күз тудырып, тағы бір қысты қарсы аламыз. Бұл жерден қайтпаймыз. Ұшқан құс, жорғалаған жәндікті сендерге және өткізбейміз. Топырақ шайнап, құм асамасаңдар - түбінде топырақ пен құмға өздеріңнің айналатындарыңды да алдын ала ескертеміз. “Қайтамыз, енді оралмаймыз!” десеңдер,

қақпамыз ашық. Ақ құйып, аластатып тастаймыз. Одан әрі біздің хұрымыздың сырлы сазына сендердің гуслиларыңның құйқылжыған әні қосылады. Достықты, бейбіт өмірді ғана жырлаған екі аспаптай сонда ғана екі ел ерегісін тамамдайды" - деп Бухгольцқа Серен-Дондып хат тапсырған еді.

Артынан кешікпей келетін көмекке қатты сенген подполковник ол хатқа пысқырмап та еді. Амал не, келе жатқан көмекті ойрат қолы жеткізбей қырып жіберген болатын. Шарасы таусылған Бухгольц еріксіз кері кайтуға мәжбүр болған-ды. Қайтар жолында ол 1717 жылы Омбы өзенінің Ертіске құяр тұсына Омбы бекінісін салғызады. Осыдан кейін жыл өткізіп Семей, 1719-1720 жылдары генерал-майор Лихарев бастаған екінші отряд Ертісті өрлеп Зайсанға дейін ойраттарды тықсырып барып Железинская, Жәміш, Долон, Уба, Өскемен форпостарын орнатқан-ды. Енесайдағы 1707 жылы салынған Минусинск мен Обь өзеніндегі 1709 жылы орнатылған Бийск бекіністерімен бірікken бұл қалалар арқылы патшалық Ресей "қасірет белдеуі" атанған Сібір тізбегін күшейтіп алған еді.

Кері қайтқан Бухгольц отряды ойраттардың шабуылына жиі ұшырап отырды. Көптеген солдаттары қолға түсті. Әсіресе, осылардың арасында келген швед Ренаттың ойраттарға пайдасы көп тиген еді. Жоңғар иелігінің картасын сызып беріп, ойраттарға зеңбірек құюды үйреткен-ді. Қолға түскен тұтқын орыстарды бір араға жинатқызып, шеберхана ашқызып, кішігірім кеме жасауды да сол швед қолға алған-ды.Осы Ренаттың көмегімен көршілес елдердің (арасында әрине қазақ хандығы да бар) басты-басты қалалары мен батырларының қыстауларының картасы түсіріліп, оларға астыртын жансыздар жөнелтілген болатын.

Сыбан-Рабтанның Тибетті басып алуы - лама дін басыларының ойрат билігіне көшуі екенін түсінген цин империясы бұл кезде қарап отырған жоқ-ты. Күш жинап, әскерін қайта шоғырландырып, 1719 жылы Сюань Е Тибетке жорыққа өзі бастап аттанған еді. Көптің аты көп, ойрат қолы ойсырай жеңіліп, 1720 жылы Тибетгі тастап шығып, жылыстап кеткен-ді.

Урга кентіндегі хонтайшы ордасындағы бүгінгі кеңес ұзаққа созылды. Зарго[1] басталғалы ет пісірім уақыт өткенде, кеңеске қатысқан он зайсаңның тамақтары да қарлыға бастап еді. Ендігі даулары ысылдаған жыланның зәрлі ысқырығына көп-көп ұқсап бара жатты.

Сыбан-Рабтан кеңеске үнсіз құлақ салғаны болмаса, әзірше заргоға араласқан жоқ. "Цааджин бичіг" жарғысында "зайсаңдар сотына ешкімнің де көлденең билігі жүрмейді" деп жазылған. Соған қарайлай ма, әйтеуір, ұзақ күнге шешімге келе алмаған мына он зайсаңға кезек-кезек шұқшияды. Жайшылықта осындай қитұрқы істің түйінін тез табатын сұңғыла Шерендендік зайсан да бүгін күмілжіп, шешімін күлтілдетіп отыр.

Мәселенің қиын екені де рас. Әсіресе, қанап отырғаны, анау-мынау қарапайым қара халық өкілі - арат емес, пілдей бір әкімнің - тайшаның өмірі қыл үстінде тұрғаны ғой. Бір өзіндегі ұлысында отыз мың үй, жеке басында он мың жылқысы бар Сәренжіп тайша істі болып отыр. Өйткені соның кесірінен Шығыс Түркістандағы Жоңғарияға бағынған Хами, Турфан қалалары бұл күнде бөлініп шығып кетіпті. Ал осы -қалалардағы даруғалар, яғни қала әкімдері Сәренжіп тайшаның өзі қойған адамдары болатын. Ал дәл осы адамдар ел ішіндегі бүліктің қан тамырын дәл басып, бұған, тайшаға хабарлап отыруға міндеттітін. Бірақ тайшадан салғырттық болды ма, әлде бостандықты аңсаған мұсылман даруғалар тайшаның керуен-керуен боп келіп жататын тарту-таралғысына онша қызықпады ма, әйтеуір, осы өлкелердің ат құйрығын кесіп, бөлініп кетуіне себепкер болған ғой. Шығыста, Тибет жорығында жүрген ойрат әскері кері оралғанша, екі қала бұйда үзіп, жырылып кете барған.

"Цааджин бичіг" жарғысында былай жазылған: "Кімде-кім қаптаған қалың жаудың шапқалы келе

[1] Зарго - зайсандар соты.

жатқанын көрсе, білсе, ол жайында ешкімге хабарламаса, сол адам өлуге тиіс".

Қақ жарылған зарго бірі тайшаға өлім жазасын кессе, бірі айыпсыз деп танып, Сәренжіптің тағдырын осылай шеше алмай отырған еді.

Сыбан-Рабтан Сәренжіптің өлімін, әрине, қаламайды. Жаңғақша оп-оңай шаға қоятын бұл тайша осал жан емес. Құн даулап артынан өре түрегелетіндердің қарасы сұмдық көп. Онсыз да басын біріктіре алмай жүрген өз елін қатал кесігімен тағы дүрліктіргісі келмейді. Жазықтыны жазаламасқа тағы да жол жоқ. Бір ғасырға жуық уақыт бұрын қабылдаған ойрат-манғұл елдерінің қасиетті осы заңы бұған дейін бірде-бір бұзылып көрмепті. Ендеше хонтайшының да бұзуға әддісі жоқ. Тек бұзбай, сызат тауып, сыналап кіруі керек. Осыны ойлаған Сыбан-Рабтан Шерендендікке бұрылды.

- Биліктерің ұзарып, бітімдерің бытырап барады-ау, Шерендендік. Қасиетті "Цааджин бичігте": "Кімде кім біздің шекара ұлысымызды талан-таражға ұшыратса, айыпкерден 100 сауыт, 100 түйе, мың жылқы алынсын" деген баб бар ғой. Мына Сәренжіптің қылмысы, менің ойымша, дәл осы бабқа сай келетін сияқты-ау, - деп "арғы жағын енді өздерің шешерсіңдер" дегендей емеуірінін білдіріп, тысқа беттеді. Жаз өтіп, күз оралған соң жер құйқасы тықырланып қалған. Ызғырық жел бар. Тамырынан үзілген қаңбақтар ебелек қағып жарыса домалап барады. "Күйі бірдің күні бір" дегендей Сыбан-Рабтан қаңбаққа үңіліп қарап қапты. Тамырын үздірердей бір ғана шалыс басса, тағдырының дауыл өтіне түсіп алып, анау қаңбақтардай домаламасын кім білген?

Хонтайшы өз отауына беттеді. Таяуда ғана желегін желкілдетіп түсірген уыздай келіншегінің үйінде оны аса бір қадірлі қонағы күтіп отырған еді. Еділ-Жайықтан келген Аюке ханның елшісі Цаған-Манжу дархан ол.

Әңгіме-кеңес ұзаққа созылған жоқ. Ас үстінде үнсіз отырған екеу, дастарқан жинала, сыр бүкпей, ашыла сөйлесті.

- Цаған-Манжу, менің Аюкеге ықыласымның

түзу екенін білесің. Батыр атамның құшағында өскен ол хан, менің де жатым болмас. Өзімсініп тапсырар бір құпиям бар. Жүрегіңе құй да, ханыңның кеудесіне апарып ақтар. Бар өтінерім осы! - деп Сыбан-Рабтан елшіге айтарын ірікпейтінін ашық білдірді.

Анау болса, "құлағым сізде, қам жемеңіз!" дегендей күйрығымен жылжып, тақала түсті.

- Канси Сюань Е өлді.

- Иә, оны естігем, - деп сөз қосты Цаған-Манжу.

- Естісең, оның жағасында сіреskен қолым басады. Шығыстан, қытайдан әзірше қаупім жоқ. Ол жақта тұрған шеріктерімді бері жылжыттым. Көктем шығар-шықпаста Жетісуды басып, Сыр бойына жорыққа аттанам. Орыс пен хуандиға кеткен жайлауымды қазақтардың үлесінен еселеп қайтармақ ойым бар. Орайы да келіп тұр.

- Түсінем. Тәуке хан өлді. Қазақтардың дәл қазір қырық бытырап тұрған кезі. Әбілқайыр мен Қайып өзді-өздері кырқысып жүруші еді. Қайып хан ақыры Әбілқайырдың амалымен о дүниеге аттанды ғой. Болат ханнан тауфиық жоқ. Боскеуде жан ол. Ыңғайы әбден келіп тұр екен, - деп Цаған-Манжу жай-жағдайды жете білетінін танытып, хонтайшының алдын орап өтті.

- Бәрін дұрыс айттың. Саған тапсырарым да осы жағдайға байланысты. Келер көктемде қар суымен жорықты бастаймын. Сол кезде Аюке хан батыстан Жем, Елек, Ырғызға қарай жеделдете жөңкісін. Қазақтарды қос қыспаққа алайық. Сөзіме кепіл ретінде Аюкемен тағы да туыстасқалы екі ініме екі немере қызын сұраймын. Неке тойды жеңіс туын желбіретіп отырып, Жайық бойында жасаймыз.

- Бәрін жеткізейін, хонтайшым!

Келесі, 1723 жылдың көктемінде, сегіз түмен қолын қазақ даласына қаптатқан Сыбан-Рабтан қулықты әріден ойлаған-ды. Күн жылып, көк шықпай жайлауларына көшпейтін қазақ батырларының әрқайсысын өз қыстауларында бейқам отырған жерлерінде басып қалды. Шығыстан жер қайыстырып төгілген қарақұрым жау Қаратау мен Талас өңіріне сау етіп құйылды. Алғашқы соққыға ұшыраған батырлар - Боралдай өзенінің маңындағы қыстауында отырған

Жомарт пен Шыршықтағы Бөрте, Сырдың бас жағындағы Қаракесек батырлары - Аралбай, Түйте, Таңыбай болды. Қол бастап, жауға қарсы шығатын жиырма шақты ел серкесін осылай оңай олжалаған ойрат қолы зеңбірегін зіркілдетіп, қазақтардың Сайрам, Қарамұрт, Ташкент, Түркістан қалаларын басып алды. Өз сұлтандарының арасындағы іштен іріткен алауыздықты тия алмаған Болат ханның жасақ жинап, елін құтқарып алуға шамасы келмеді. Босқан ел шұбырындыға айналды. “Елім-айлап” қалың қазақ кек шақырды. Анадан қыз, атадан ұл айрылған ақтабан шұбырынды күйдің зары мен мұңынан туған күйігін кең даласына “Елім-айымен” таратты. Тоз-тоз боп бөлініп, дар-дар айрылған қаралы жұрт қаһар шақырып, қайратын “Елім-аймен” шыңдады.

ДҮРБЕЛЕҢ

1

Қоғалы көлдер, қом сулар,
Қоныстар қонған өкінбес,
Арыстандай екі бұтын алшайтып
Арғымақ мінген өкінбес.
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі сары белдің бойында
Соғысып өлген өкінбес.

Доспамбет жырау

Үлкентұра мен Кішітұра жоталарының сонау қозыкөш жерден шатқаяқтана басталып, бақаса жарыса ұзарып, қысылтаяң жерде текетірес сүзісе қалатыны бар. Бір-біріне көкірек көрсете аптығып жетіп, кінәраттасып қалған қос батырдай ентелеп келіп тұра қалған екі жартастың арасы қол созым-ақ. Бұл арадан ішін тарта аңырап жел еседі. Бауырын сүйретіп бұлт асады. Осы жерден жыландай жылжыған жалғыз аяқ сүрлеу сүйретіліп өтеді. Өтеді де, Үлкентұраның тіп-тік найзадай шаншылған шығыс жағындағы іргесінен шымырлап қайнап шығатын бастау-бұлақтың оң жағасын бойлай құлдилап, желіп кетеді. Сол сүрлеу барып-барып, неге екені белгісіз, көз ұшындағы көгеріп тұрған қалың құрағы аралас өскен ну қамысқа сұңгіп, зым-зия жоғалып тынады. Меңіреу даланың әлдеқандай мезгілсіз жүргіншісі болмаса, білтеленеген сыңараяқ соқпақтың қиыршық тас аралас шаңының көтерілуі некен-саяқ. Зәудеғалам қылт етіп қия асып келетін құлан ғана маусымның май шыжғырғандай аптабынан қаталап жетіп бастаудың бал суына бас қояр еді. Мұздай суды ұзақ сыздықтата сіміріп жатып, төменнен талмаурап естілген ән мен зарға бергісіз

ышқына әуелете салған үннен, лүп етіп лықсып соққан беймарал самалмен жеткен тер мен түтін исінен секем алып, аз-кем қос құлағын тікірейте одырайып тұрар еді. Енді бірер сәтте төрт тұяқтың тас жаңғыртып дүбірлетіп барып тына қалған дүсіріне жалғаса, қылаң етіп қия асып келген сол құлан әлгі ізімен қылт етіп қия асып түсіп, жоқ боп кетер еді. Көрбілте соқпақтың самарқау шаңы содан соң көпке дейін шұбатыла созылар себеп таппай, тыншып қалар еді. Ал, тығырық дала томсырайып сұлқ жатып тың тыңдаудан жалығар ма. Сондағы үнемі еститіні - еркелеп аққан ақбұлақтың еркелеп төгілген сәби күлкісі, сонау шаңытқан алқаракөк аспанның зәуіде бір бұлт бүркеніп, найзағай атып, күн күркірете бұрқан-талқан буырқанып кетуі ғана. Аса таяғын арсы-күрсі сартылдатып піріне жалбарынған шайқы-бұрқы диуанаңың ағыл-тегіл терлегеніндей, дәл сол сәтте көкірегін жаңбыр жуып, бұл дала да бір жасар еді. Бұл дала да меңіреу тылсым буған таскерең күйінен жаңылысып қап, төсіндегі мың сан бұлақтарды бұрқ-сарқ сапырар еді, мың сан терек-талдарын суылдата, ысқырта тербетіп, мың сан үнмен азынап, боздап, сыңсып, сырнайлатып кетер еді. Өзіндік сарыннан айрылмайтын, сабасынан асып-таспайтын, бір мінезден айнымайтын қағылез, елгезек ақ бұлақ қана десек те, ол да өзінше мінез танытар еді. Жіптіктей жерден сыздықтап басталып, қос арқан бойы ұзамай кең жайылып, кенересін екілене кеміріп, тентек қылығын жан-жағына тепсінте ұғындырып жатар еді. Үлкентұраның үрпінен жылап шықса да, теп-тез молайып, асау ағысымен кішігірім кей тастарды қақпақылдап әкетіп, тәлтіректете қуалар еді...

Дәл осы ақ бұлақтың арнасының кеңейіп, жайылып ағатын тұсын бүйірлеп Жомарт батырдың аулы отыр. Наурыздың аяқталып келіп, көктем күнінің жаңа ғана шартабақтай шақырая бастаған кезі. Алғашқы шуақ жазғытұрымның алғашқы көгімен сұңғыла жарасып, жайраң рең тауыпты. Жап-жасыл құрақтың жаңа ғана бой көтере бастаған етегіне сұғына қонған ақ шаңқан ордалы, ақ боз отаулы ауылдың бүгінгі тірлігі де жайсаң. Жеті құлаш жеті желінің желке тұсындағы жалаңаш тақыр төбенің үстінде бір топ отыр. Дәл

ортадағы қапсағай кеуделі, кең жаурынды жетпісті алқымдаған адамның тұлғасы өзгелерден ерекше көрінеді. Еңкек тартпаған еңсегей денесін әлі де тіптік ұстап, қос тізесін қомақтандыра бүгіп, шаншылып апты. Кең маңдайының терең әжімдерімен қатарласа қалған қалың қабақтың астынан қадала қараған қара көздер манадан кірпігін өлі де бір қаққан жоқ. Жылбысқыға жапыр-жұпыр жапатармағай ұмтылатын күшігеннің жемтік аңдығанындай емес, қиядағы қылт еткенді қапысыз бағып қалатын қыранның тас түйін бейнесі мәнзелдес осы отырысында жырындылық пен сезімталдық басым. Көк беренмен тысталған күзен ішігін желбегей жамыла салыпты, етегі шұбатылып от орнындай жерді алып жатыр. Ашылып қалған ішкі өңірдің бір қар басқан ата күзендердің кілең жон арқасынан құрастырған күрең қылшықты жүні күнмен шағылысып жылт-жылт етеді. Ішіктің түсіне сәйкестендіре көк мауытыдан кең балақ шалбар киіпті. Мәлескен бешпетін ышқырланып алып, күміс қақтаған былғары кісе-белдігін қынай буыныпты. Көзді күміс бұдырлармен сәнделіп, күміс шегелермен өрнектелген белдіктің күн сәулесімен шағылысып жарқ-жұрқ етуі де манадан қыбырсыз, үнсіз отырған қарияны одан сайын айдындандырып, айбаттандыра түседі. Биік өкше, үшкір тұмсық шоңқаймасы да әдемі. Өкшелігі мен оймасын кестелеп, өрнектеп тігіпті, қара санға қаусырмалай сұғынған көмкерме байпақ тырсылдап тұр. Жасы ұлғайып, жемсауы қайтып, орта құрсақ тартқан қарияңның еті қашпапты әлі. Сонау бұлшық еттері білемденіп буылтық атып тұрған қары мен санынан бастап атан жілік, қаптал төс, еңселі тұлға одағайлап көз тартады. Бұл қария - Найманның Садырының атақты батыры, тоғыз “көкжал бөрісі” бар, тоғыз көк перен ұлы бар - Жомарт ақсақал. Кең омырауын тұтас ұйыса жапқан ақшулан сақалын оқтаудай-оқтаудай кесек саусақтарымен салалап тарап әлі үнсіз отыр. Иманға ұйыған софыкеш тақуалардай мүлгіп қалған топта әлі тіл жоқ. Анда-санда қыбыр-қыбыр қипақтасып қап, жыбыр-жыбыр жорғалаған саусақтарымен шоқша сақал, қырма сақал, қауға сақал, қаусырма сақалдарын сипалаған болады. Бұлар да өз

бойына жарасар, өз тірлігіне үндесер біркиерін киіп алыпты. Бірі жамбастап, қайсыбірі тізерлеп, үшін-шілері малдас құрып отырған осынау шағын жиында ортадағы қариядан өзгешелеу бір сыйық бар. Қай-қайсысы болса да, дәл мынау кең даланың дарқан көкжалындай жалғанды жалпағынан басып, ештеңеден қысылып-қымтырылмай жайылып отырған батырға ұқсамай, өздерін жинақы да ықшам ұстайды. Онысы жол көріп, қол бастаған батырдың алдындағы кішілігін танытып, силастығын білдірсе, бір жағынан үстеріндегі іліп аларларын былғап алмаудан туған сақтықтан да шығар. Көнегін ұстап, құрығын сүйретіп бие сауып жүрген қызметшілерге де, қос етек дүрия көйлегі бұрала толқып, буындарын бос тастап, меруерт моншақ, жылтыраған үзбелі салпыншықтары мен шаштеңге, қоңыраулы шолпыларын сылдырлатып кербез басқан үй-үйдің арасындағы кермиық қыз-келіншектерге ұрлана көз тастап, барлап отырған бұл топтағы жас мөлшері жігіт ағасынан аса қоймағанда-рының көңіл құртын жыбырлатып кеткен көктем шіркіннің құдіреті де шығар. Әйтеуір, қарбаласы көп, әзіл-қалжыңы көп, күмбірлеген домбыраның құлақ күйі көп төмендегі ауыл еріксіз жалт-жалт қаратардай болса да, отырғандар іштен тынып, Жомарт батырдың қарысып қалған жағын бағып, ләм демейді. Тарлан батыр мана ертеңгілік астан кейін күндегі әдетімен осы төбеге шыққанда ақыл қосып, ақтарыла сөйлесер екі-үш үзеңгілесі ере келіп еді. Жомарттың шақыр-туымен тағы да оншақты білікті, білекті ерқара және қосылған. Содан бері де бие сауым уақыт өтіпті. Шан-шылып қалған батыр қозғалар емес. Желкесін Үлкен-тұраға беріп, күншығысқа тіктеген көздерін төбе-төбені жұмарлап асып барып, төңкеріле шаршап құлаған сона-а-ау көкжиекке қадап қалыпты.

Дәл осы тұста көзқұрым жерден шүйкедей шаң бұрқ етті. Бұрқ етті де, шудалана есіліп жоғарылап барып бір сәт сәл сейілді де, жүйткіте шапқан жалғыз аттыны қайқаңда қараң еткізіп бір көрсетіп қалды да, қайта жұтып жіберді. Шаң шұбалып есіп, тез-тез жақындай түсті. Қоюланып, будақ-будақ бұрқырап ат шаптырым

жерді алып, түтетіле түбіттеліп, жол жиегіндегі сар-ғалдақты, бүртікті бетегеге қалықтап қонып жатыр.

Жалғыз жүргіншіні елден бұрын шалып қалған Жомарт батыр ілгері қарай бір толқып қап еді, айналасындағылар жапырласа қозғалақтап: “Апырай, қатты келеді ғой!” “Жүрісі суыт неткен пақыр еді!?”, “Жақсылыққа болғай” десіп шуылдасып кетті. Жомарт батыр әлгілерді жақтырмаған кепиет қараспен бір шолып өтіп, қайта лықсып манағы қаққан қазыққай ішін бермес суық қалпына бақты. Маңайындағылар сап тиылды. Алыстан талып жетіп, ентіге соққан жүрек дүрсіліндей енді-енді ұлғайып бара жатқан тұяқ дүсірін ауылдағылар да естісе керек, үй-үйдің босағасына сүйеніп тұрып, қарап қалыпты. Сонау бусанып тынып, бұлдыр сағымын бұландатып жатқан далаға әлденеден сезіктене тесіледі. Көші-қонысы қысқа күнде қырық өзгеріп, құбыла мен теріскейді көктей шарлап шұбыра беретін еңку-еңку заманның ерқашты тіршілігінен запыланып қалған ба, осынау қынама белді, ақ жаулықты төмен етектілердің үмітінен күдігі басым жүздеріне абыржу табы сап-сап ұйып тұра қалды. Әлгінде әзілі мен қалжыңына жеңгізіп жүрек жарды бір күйді оқтын-оқтын шертпелеп отырған домбыра үні де марғаулана қап, күреңсе белдің қып-қызыл топырағына сіңіп кеткендей меңіреулік тауыпты. Тек қана желі басынан желігі басыла қоймаған жирен тай тапырақтай шауып шығып айнамкөлденіп жатқан жайылма суға қойып кетті де, мың-сан тамшыны шашырата шылпылдатып қайта орағытты. Қайта орағытып келіп кермеде қаңтарулы тұрған қара арғымақтың тұмсығына тұмсығын тигізе оқыранып қалып еді, дәл сонысын көз қиығына бір ілген Жомарт мырс етті. Кім білсін, атақ-даңқына пәруана болған қылмаң көз, кермиық келіншектің әлдебір оқыс қылығын есіне түсірген де шығар. Дәл соны күткендей отырғандар қақырына түкірісіп, жөткіріне жөтелісіп, босап қалды.

Бұл кезде жүргінші соңында шұбатылған шаңнан қара үзіп, оқ бойы озып кетіпті, енді анық көрінді. Тер буған қылшығын шаң қауып түсін өзгертсе өзі білер, әйтеуір жолаушының астындағы сайгүлігі

қылаңытып шалынды. Бұл маңайда иек артпада отырған ауыл-үй жоқ еді, жүргіншінің ат басын босатқан қазығы көмінде бір көш жер болар. Бірақ шабыс тың. Терін үгіп, делебесі қозған жүйріктің ауыздығын шайнап, тізгін жұлқа жүйтку тілеген түрін төбе басындағылар барлап қапты. Желмен жарысып, сағым қуып өскен сахара жігіттерінің мына шабысқа қыбы қанып отырғандары жүзінен төгіліп, көздері жайнап, жайтандап кетті. Жолаушы төбедегілерді байқап қалса керек, тізгінді қос қолмен сыңар езулете тартып, қиғаштай салып, қатты келген бойда Жомарт батырдың алдына жетіп бір-ақ тоқтады. Түксигеннің күңгейінде отыратын ағайындарының бірі Мұқатайдың тұңғышы балаң жігіт - Бесікбай екен. Тақымы қарысып қалған ба, екі-үш ұмсынып әрең түсіп, оң қолын кеудесіне басып дауыстап сәлем етті.

- Армысыз, Жомарт ата! Армысыздар!

Батырдың түйілген түсі жылымастан еріндері болар-болмас күбір етті. Беймезгіл шақта бейсауат жүрістің төркінін бағдарлай алмай отыр. Ақ көбігі шығып омырауға соқталанып ұйысып қалған шаңқан боздың сілекей-сілеміне, одан соң жігіттің қайырма жағалы сырмалы ләмбек шапанына, биік өкшелі тұмсығы қайқайып тұрған мықшимасына қарап өтіп, тұла бойын қыл арқанмен қысып-таңып, шаңдып буып алғанын көргенде, тағы да оқыс мырс етті. “Батыр болғаныңа бүйтіп. Дегбірің қашып, үріккен тайлақтай танауың делдиіп кеткен түріңе қарасаңшы, бәтшағар! Күйек байлағандай жер сыздырып осыншама ұзын қылыш тағармысың. Бәтуасыз ұсқының байбаламға жаралған жан болмасаң нетті!”.

Бесікбай танауы қусырылып, жағада қалып, ауа қармаған балықтай иегін кекшендетіп алды да, сәлден кейін ғана тіл қатты. Сәлемдескендегі даусы да өзгеріп, қыңсылаған күшіктің дыбысындай созбалаң сұңқыл шықты.

- Батыр ата, батырекесі! Ойбай, жау! Қаптаған жау! Қарақұйын қаптап кеп қалды!

- Тәйт! - деп манадан үнсіз отырған батыр зор дауыспен гүж етті. Дауыспен бірге қылышша серпкен оң қолы мына сыңсыма үннен зәрезап болған құлағына

тыншу іздегендей қатты сермелді. - Тәйт әрі, бәтшағар! Есің кетіп есаланданып қалғаның жол торыған екіүш қара шығар. “Қорыққанға қос көрінер” дегендей, айқасқан кірпігін аттылы кісі санайтын сендейлер не көруші едіңдер! Дүрліктірме!

Жігіт жыпылықтай қарап, ығысып қалды. Екі иығынан дем алып, қаратерге түсті. Секемін қолына ұстап, үрейден серпілтер сөз тілеп келген түрі сендіре алмай пұшайман боп тұр. Әлі де болса тіл қатпай сергек отырған топты жағалай сүзіп өтіп, әркімге бір жапақтай қарады. Көпті көрген көнелер емес пе, жігіт жүзіндегі үрей мен үркуді тап басып, елегзіп қалғандары да бар еді. Дүңк-дүңк хабары күнде жетіп, өздерінің қауіп ойлаған жерінен дөп түскен мына жайды өңдері сұрланып отырып тыңдады. Төскейде малы қосылса да, төбеде жентектесіп қалып, жөнге келмей итжығыспен жүрген қазақ пен ойрат бір жағы анық бел алмай, бәтуаласып тынбақ емес. Іргелес елден қорғалас күй күтіп қомпаңдасып отыратын бұларға мына хабар тыншу да, тың да еді. Қол жиып, қоқаңдап қыр көрсеткен хонтайшы Сыбан-Рабтанның іріленуіне Әбілқайыр мен Болат ханның іріткуі кереғар келгендей еді. Бір жағы қарамағындағы халқын шашау шығармай, жұмған жұдырықтай тастүйін отырса, екінші жағы бытырап, шашырап, өзді-өзді ырың-жырың боп, бақастық пен бақталастық қуып кеткенді. Осыны оңашада көп ойлайтын қамкөңіл қариялар қанша қопаңдаса да, жалпақ далаға тарыдай жайылып, жайлау жағалап, бұлақ қуалап, әркім өз көші-қонымен қапталдаса қонбай, қатарласа алмай жүрген өз күйлеріне іштей қыжырланып бармақ тістеуден басқа амал таппайды. Ішіне бүгіп қалған осындай сыры бар отырғандарды мына хабар қатты шошытып еді.

- Қашан көрдің?

- Құтырған ба бұ құба қалмақ жаз шықпай өре тұрып?!

- Шамасы қанша екен?

- Қай жерге келіпті? Қолбасысы кім екен?

Әр жерден бір жамырай шыққан сауалдарға Бесікбай жігіттің жауабы мардымды болмады. Бар айтары: қалмақтың қарақұрым көптігі. Жөңкіліп келіп

қалғаны. Елді таптап қырып, қырғындап жатқаны. Текекөзденіп ежірейіп ешкімге көз тоқтатып байыз таба алмай мысы құрып қалыпты. Жер тартып, ауыздығын қарш-қарш шайнап, еті қызынып алған сәйгүлік қана тізгінін сүзе тартып, мойымай тұр.

Кең етегін қолымен қаға бір тізелеп орнынан тұрған Жомарт қос жанарын көгеріп алыстаған көкжиекке, көлеңкелеп мұнар басқан көктөбеге қадап тұрып, ешкімге бұрылмастан сөйледі.

- Жә, аптықпаңдар! Қатынбысың қашатын?! Ат жалын тартып мінгелі айқасып келгенің ойрат қалмақ еді ғой. Соқталы шайқас ноқталы бастың сыбағасы емес пе еді. Ата-бабамыз қанымен суарып, кегімен өсірген алтын ұя, ақ бесігі емес пе бұл жер. Беркініп шықсам, бетегесі - баданам, боз жусаны -ақ беренім болған туған даланы бүлініп жеткен бөтеннің боданына тумаған ұлдай қалай қиып тастармын. Жығылсам - жерім құшады, жықсам - елім құшады. Қаскөй жаудың түсіне қан қатып, қатайып келгені бір бұл ғана ма. Қалтыраған бойдың тәлтіректеген ойын да, қалжыраған сойын да көрсетпеңдер. Алыстан әлдекімнің ақырғанын естіп, жан сауғалап жылыстап кетсем, ата аруағы мен кіндікжұрт топырақ киесі атар. Атар да, күңіренген ішімді бықсық күйігімен күйзелтіп, ботасынан айрылған бозінгендей боздатар. Бопсаға босар мен емес! Босағаныңды бозбұйдалап тағы да ұстамаймын!

“Сөз бітті, кіркілжің керісіңді өздерің қаужаласаңдар!” дегендей жүріп кетті. Тізесі дірілдер көкжасық шалың емес, кердең басар кеудемсоқ жүрісінен жаңылмапты әлі. Ылдиға қарай ентелей аттап бара жатып қалт тоқтап, артына бұрылды.

- Тәсібек! Қарагерді Қарауыл төбеге апар. Әруақтар көптен дәметіп жүр. Құрмалдық берем, - деп бөгеліп тұрып, Бесікбайға қарады. - Сен, қолаба қортық, аулыңа қайт! Іргесін бекер сөкпесін де, салындыдай ықпасын да! Хабарың рас болса, екі-үш күннің жүзінде атқа қонармын.

Бесікбай одан артық күтуден күдер үзді. Кірпияз шалдың шікәмшіл мінезін білетін еді, ақбозына сүйретіліп әрең мініп, тебініп қалды. Келген ізімен

құйғыта жөнелген аттың соңынан шумақтала шұбырып шаң көтеріліп,төбеден төбеге көпір боп құлады. Көпір боп құлады да, желі жоқ желең далада көпке дейін көлбеңдеп айықпай тұрып алды.

Жаяу топ ауылға беттеді. Иіні түсіп, иығы салбырап ілби басқан кейбір керауыздарының да жағы қарысып қалғандай.

“Үндегенде де айтсын? Қырғиы қыдыңдап, қарғасы қарқылдап жүрген тірліктің шөре-шөре дүрмегіне ілесе алмай пұшайман болды той. Жылт еткен пысық пен жарқ еткен жылпостың қайсысын ұстар? Бірін бақса, екінші мұндалап, мұңдар жанды марғаулатып бітпеді ме? Ерегіспен алда-жалда екіленіп шыға келсе, торалғы тартыстың түп тамыры өзін ғана солқылдатып, өзін ғана қинайтынын қайтерсің.

Бірлікті - береке тұтса, әрекеттері неге әрқалай? Бүгін төсіне-төсін тигізіп дос тапса, күні ертең үрген иттің арылындай бей-берекесі шығып, әлгі досымен аттандасып жататыны қалай? Досын қасындай көріп, ескі кектің ежелгі білтесін қайта-қайта түтетіп өзімен-өзі текетіресте жүретіні қалай? Атойын салып абыройын таппай, азанын айтып, аза тұрып, кең далада күңіреніп күн кешетіні неден? Алысы - қараңғы, қараңтысы - құрдым. Білікпен шешпей, білекпен кесер кердеңдіктің жетегінде желдеп кете беретіні неліктен екен? Батысы мен шығысын, түстігі мен теріскейін пұшпақтап жыртып, бой-бой айырып, қусырып-қуырып келе жатқан жау-дұшпаны тыныштық бермесін неге көрмейді? Еділ мен Жайықты көзден бұл-бұл ұшырып теріскейінде қара қалмақ, Алатау асып, Жетісуды жайлап құба қалмақ түстігінде жатыр ғой. Арты жағында лап бергелі шүршіті дайын тұр. Ертіс өрлеп қамалдары мен бекіністерін көбейтіп, арғы өңіріне қазақтарға қадам аттатпай орыстың озбыр патшасы Орынбордан бастап Зайсанға дейін темір доғадай құрсауын құрып алып, алақанына түкіріп ол отыр. Бірақ дәл осыларды ойлайтындардан ойламайтыны көп, көпірме сөзді көбік ауыз кей қазақтардың “жау таптымдап!” алысқа ұзап шықпай, өз қоңынан ет кескендей өз көршісін шауып алып, қайта

шабылып, азып-тозып жүретін күні тиылар ма? Тияр адам табылар ма?”

Батырды қинап келе жатқан осы ойлар еді.

Жұрт қара арғымақтың қасына ошарылып жетіп тоқтады. Қарагер Жомартқа бұрылып оқыранды да, алдыңғы серек аяғымен жер тарпыды. Қамыс құлағын қайшылап тостаған көзін төңкеріп қарады. Зәуіде бір ұзақ аттанысқа шығарда тақ асырып, кермеге қаңтарып тастайтын батырдың мінезін сезе ме, кәдімгідей тыпыршып тұр. Соңғы он жылдың ішінде иесін талай қанды сүргіннен аман-есен алып шыққан ат бес-алты айдан бері жүген-құрық тимей қоста жүрген. Жасы ұлғайып, шау тарта бастаған батыр тоғыз ұлын ұрыс-сайысқа кезек баулып келіп, соңғы кездері үйкүшік болып, ат үстін ұмыта бастап еді. Даңқы мен дақбырты талай қырдан талмаурай асып, талай ауыздың көпірме көбігін шашыратып, ақиқаттан аңызға айналып сыртынан дүңк-дүңк тарап та жатыр. Ізбасар тоғыз ұлдың соған енді тоғыз тараудай ерлігі қосылып, даңғара аңызды одан әрі көбейтіп, Кдратаудың күңгейі мен теріскейін түгел жайлап кеткен-ді. Аз-кем үнсіз қалған батыр осыларды есіне алды ма, күректей алақанымен Қарагердің күржік жотасын бір сипады да, шұғыл бұрылды. Айналып қараған жоқ. Көзімен Тәсібекке белгі етті де, асығыс адымдап келіп, киіз есікті серпи ашып, үш бүктетіліп үйге енді.

2.

Батыр атасының ақ ордасында оң жақ босағадағы асадалдан жоғарырақ тұста ұйықтап жатқан Жоламан оянғанда, үйі ішінен таң белгісі онша сезіле қойған жоқ еді. Күндегі әдетінше тез-тез киініп сыртқа шықты. Сыртқа шықты да, жарқырап туған жалғыз жарық жұлдызға - Шолпанға қарап керіліп-созыла есінеп, ентелей басып ауыл сыртындағы бетегесі тұнып, көкірек қауып тұрған жұпар иісті сайдан арқандаулы Сүлікқараны алып келді. Алыста қарауытып, иық таластырған Үлкентұра мен Кішітұраның қос шоқысына самарқау ғана көз тастап, Жоламан

қыбыр-қыбыр қимылдап жүр. Әлгінде ғана таң қараңғысы жоғарыдан ұйып түсіп, төңірек нобайын болар-болмас танытып, ұрланып жатыр еді, көк-жиектен белдеулене құлаған таң белгісімен сол түнек шашырап сейіліп кеткенде, жаңара қалыпты. Қылықты балаң жігіттің балауыз шамдай сұңғақ денесін, серек аяқ, сидаң бұт арғымақдың сүмбідей бойын ап-анық айқындап келеді. Топқа талай түсіп, ұрыс пен сайыстың тарланы атанған тоғыз аға мен айбынды атаның арқасында алшаң басқан ұланның киген киім, ат әбзелінде кеміс болсын ба. Ерінің алдыңғы қасына қарала капказдатып күміс қақтатқан екен, алғашқы сәулемен жылтырап көзге ұрды. Көксауыр былғарымен көмкерілген тоқымның, тартпа-таралғы, өмілдірік-құйысқанының күміс шегелері де мақпал түннің жымыңдаған жұлдызындай алғашқы шапақта жыпыр-жыпыр құлпырып кетті.

Жоламан адымдай басып үйге жақындады. Мол денесін қолапайсыз иіп, жарма есіктен әрең енді.

Жомарт төрде ояу жатыр екен. Шағи көрпесін шамырқана сілкіп жіберіп, кеудесін көтерді. Бас жағында, керегенің көгінде ілулі тұрған шапанын жұлқа тартып қалып еді, әлдене дар етіп, қақ айрылды. Көз салып қараған жоқ. Иығына жаба салды. Содан кейін назарын немересіне қадап біраз отырды. Қоңыр жүздің бір-ақ түнде әжімі қоюланып, кескіні қашқандай әсер етті Жоламанға. Бұрынғы сұсы жоғалған бұйығы реңі ұнамай қалды. Қамшымен сарт еткізіп осып жібергендей көкірегін қарс айыра оқыс шығатын үнілеуі де бүгін тым осал естілді. Қас құшақ әрең айқасып жететін кеуденің қазіргі дем-тынысы да онша мәз емес. Жоламан тосырқап қарап тұрып-тұрып адалбақандағы сегіз өрім бұзау тіс қамшысына қол созды.

- Тағы кеттің бе? - деген атасына жалт қарап еді, бет-аузы жыбырлап барады екен.

- Ақтұмсықтың қылқанына түлкі індеткем... Қараңғы түсіп, кеше ала алмағам... Аузын таспен бастырып қойғам.

Атасы үндемеді. Ашық есіктен алысқа шаншыла қарап, таңмен таласа оянған тіршіліктің әлдебір сұрқын бағып қалғандай. Отырып-отырып тағы үніледі.

Іштегі шемені түйілген шерменде күйік ықылық атқызып, кең көмейден ысқырып шықты.

- Отыршы!..

Жоламан сылқ түсті. Атасының пұшайман болған көңілінің мұңымен естілген жалғыз сөзінен сезіктенді ме, тұла бойы қорғасындай ұйып, ауырлап барады. Қозғалуға дәрмені қалмады.

Жомарт батыр төрт тағандай қорбаңдап жетіп, мұның маңдайынан ұзақ иіскеді. Бұрын-соңды өңін бермейтін тік мінез, суық атаның күрт елжіреуін күтпеген Жоламан жалт қарап, шүңірек көздің таңғы шықтай жылтырап, дымқыл тарта қалғанын көріп қалып еді, жан дүниесі алай-түлей дүрлігіп сала берді. Баланың байқап қалғанын аңдады ма, батыр төсегіне жантая бүк түсті. Қайтып тіл қатқан жоқ.

Жоламан орнынан мең-зең түрегеліп, есеңгіреген күйі үйден шықты. Жолбарыстай жоталы атасының қазіргі жұдырықтай боп бүрісіп қалған күйкентай халінен жүрегі шайлығып барады. Қып-қызыл болып төңіректі алаулатып өртеніп туған күнді де көрмеді. Сүлікқараға созалаңдап әрең мінді де, лекілдете жөнелді. Екі бетіне мұздай боп суық леп соқты. Оң қолының балаң үйрек саусағымен кірпіктерін бір сипап өтті. Мұның көзінде де жас бар еді.

* * *

Жомарт батыр жаралы аңдай ыңыранып көп жатты. Сегіз қанат ақ орданың даладай төрінен тарлық көргендей аунақшып, дөңбекши берді. Күндегі дағдысымен жалаңаш денесіне түйе жүн шекпенін жамыла салып, қарасауыр қайың найзасына сүйеніп, жадағай төбенің дәл үшкілінде қаздиып тұратын айнымас машықтай болған әдетін де бұзды. Бірінен соң бірі ордаға жақындаған тоғыз ұл табалдырықтан аттауға дәті шыдамай жабықтан сығаласып, ұнжырғасы түсіп олар кетті. Бұндайда батырдың қатулы көңлін майдай ерітіп, қорғасындай балқытатын тәштиген тәуіптің де төбесі көрінбей қойғанына да біраз уақыт болған-ды. Шөп пен гүлдің тамырынан дәрі іздеп, дала

кезіп тағыланып кетіп, апталап оралатын сол шалды ауыл-үйден жоқтаған да ешкім жоқ еді. Түндігі мен есігі тарс жабық еңселі ақ боз үйге сыртынан көз тіккен ауыл ертеңгілік айқай-шуын онша өрістетпей, өршітпей іштен тынған кейіпте тіршілігін күйіттеп жатыр.

Дөңбекшіген Жомарттың ойына қай-қайдағы оралып, бей-жай көңілдің ойран-топанын шығарды. Шалқасына аунап түсіп, кенет шаңыраққа қадалды. Күлдіреуіштің әлдебіріне зақым келсе керек, қақ бөлініпті. Шошынған жүрек содан да секем алып қалды. Күміс шеңбер-білезіктерімен құрсауланып жасалған қасиетті қара шаңырақ бабасының көзіндей көрінуші еді. Енді соған ақау түсіп, сызат алса қайтқан бақ, жоғалған атақтың басталғаны шығар. Батыр тағы күрсінді. Кеудеден желқом үйді желп еткізердей дем шықты. Көзін жұмды. Бір сәт мызғып кетіп еді, атасының аруағына арнап шалдырған кешегі қарагер ат арқырап-кісінеп келіп, өзі жатқан керегенің тұсынан қос аяқтап теуіп-теуіп жібергені. Теуіп-теуіп жіберіп, күлте құйрығы созылып зым-зия жоқ болып кеткені. Жомарт шошып оянды. Тұлабойын сұп-суық тер құрсапты. “Паруардігер паки дүние-ай!” деп даусын қоса күңіреніп, басын көтерді. Қарагерді ішінен қимай қалды. Неше ықылым заман өтсе де, көмескіленбес сүрлеудің қою шаңын бұрқыратып қайран дүлдүл қамшы салғызбаушы еді-ау. Енді ол да жоқ.

Солырқап соққан жүрек қабынып, әлденені сездіргендей, әлденеден жаманшылық күткендей шаншып ала жөнелді. Кенет киіз үйдің іші жап-жарық болып кетті. Шашырай құйылған сәуле түскиіздің төрткіл, үшкүл оюларымен тоқайласа қалды. Отағасының басын көтеріп үнсіз отырғанын жабықтан сығалап көрген бәйбіше түндікті ашып еді, енді самбырлай сөйлеп босағадан аттай берді. Жомарт бас көтеріп қараған жоқ, жақтырмаған сыңайын танытып, ытырыла қолын сермеді. Ақ кемпір аузын ашқан бойы состиып тұра қалды да, артымен жылжып, жанары жаутаңдап, қоқырайған күндігіне дейін оқыс жапырылып құлағандай бір шөкімдене бүрісіп ғайып болды.

Жомарт мүлгіп отыр. Көз алдынан ию-қиюлы

дәурені бұлт-бұлт өтіп жатыр. Ат жалын алғаш тартып мінген бозбала шағы... Ыстық-суығы басылмаған от күндер, өртең жылдар... Өзегін талдыра өрекпіп жетіп, өгейлетіп тастардай қол созып келіп, қайта жоғалады. “Опасыз өмірдің о баста келте шапқан келсаптай қысқалығына қарамай, қыдырып өтер жолаушыдай ғұмыр кешпек боптыТәубесінен тәуекелі көп тірлікте жағасы жақұт талай кіреукені тоз-тоз жыртып, талай тәнді жерге кіргізіпті. Ғұмырдың азабы мен тозағына көнсе де, мазағына төзбеген екен. Бірақ зерделеп тереңдесе, түшіркендірер шын ерлігі шамалы да, естігенді шошындырар ерсілігі басым боптыау. Соның бәрі қыздырманың қызба-қызбасымен қанын басына шапшытып, қаскөйлікке бастапты-ау. Дегенмен де ер Тәукемен аламанға атой тастап, ақ далада алты күн қырғын өткергені бар. Алты күн алты малтадан басқа қорек көрмегені де рас. Алты күн ата рухын, баба аруағын қоздатқаны анық. Сан құлап, сан тұрған сонда. Қан түкіріп, шаң қапқан. Дүбірлетіп жетіп, елді дүрліктіріп енген қалың ойратты жер шетінен дүркірете қуған еді-ау. Талайдан бері кеткен кек бір қайтып, талайдан бері айызы бір қанған-ды. Сондағы кек қуған дәурен, сондағы ел бастаған Тәуке хан қайда бұл күнде?”...

Жомарт қозғалар емес. Кең кеудеге ауыр салмағымен салбырай құлаған бастың екі жағынан көтерілген қос иық қарауыл мұнаралардай қылтияды.

Күн сәскеге тырмысты. Тоғыз қос қалың жылқыны топырағы шықпаған Төржайлаудың бағытындағы Күреңбелге айдатып тастаған батырдың өзі еді. Пішпе жазылғанша қоныс аудармай сарыжамбас боп жатуына да осы бір малсақтығы себеп болатын. Ерте көктемнің жіліктің майындай сары қымызынан кенде емес. Кілең жирен тоғыз айғырдың үйірін бөлек баққызып, сауын биелерді қалың қосқа қосқызбай ауыл маңында ұстайтын. Күн тұсау бойы көтерілмей сол сауын биелер шаңдатып қайтушы еді. Бүгін кісінеген, осқырынған кәнігі дыбыс естілер емес. Бірін-бірі басардай боп үйір-үйір жылқы ошап келіп, ауыл үстін азан-қазан әбігермен бір дүрліктіреуші еді, бүгін о да жоқ. Үй-үйдің арасында әлденеге таласқан иттердің ырылы ғана

күшейді де, әлдебірі оқыс қаңсылап ащы дауыспен айдалаға безе қашты.

Мосыдағы қарашәугім үш рет еселеніп, үш рет қайта қайнады. Батырдың ас қамын өзінен басқаға сеніп жасатпайтын ақ бәйбіше дастарқанын дайындап қойып, сырттап, үйге жолай алмай күйбеңдеп жүр. Бірінен соң бірі тоғыз ұлы тағы келіп, тоғызы да таңертеңгі қалпымен тілдесе алмай тағы кетті.

- Әлі отыр ма? - дейді. Бәрінің де айтары сол.

- Отыр ғой, - дейді шешесі ернін сылп еткізіп. - Бірдеме көрінген шығар.

Одан әрі тілін тістеп үнсіз қалады.

Батырдың тұлабойын билеген дүлей құрсау өзіне де белгісіз. Ұйыған денесі қара жерге қағып қойғандай көтертер емес. Еңсесін басып, еркін езіп бара жатқан салмақты сілкіп тастарлық халі де жоқ. Шығыңқы құс төс кеудесін ашып жіберіп, екі емшектің жүндес арасын мыта қысып тұрып, бір кез қатты осып-осып жіберді. Бұйралана ұйысқан қалың жүн қоғадай жапырылып, астынан күн тимеген аппақ денеге қан жүгіріп, бес саусақтың ізі бес тармақ боп салаланып келіп, бір арнаға құйылды. Тас түйілген жұдырық жарқ етіп кері серпілгенде, бір шүйке жүн бірге кетті. Шып-шып шыққан қан алақандай жерге ұйып қалды. Шалың қыңқ еткен жоқ. Жастықтың астына қолын тығып, таутекенің мүйізінен жасаған көкала шақшасын суырып алып, қара қошқыл насыбайды күректей алақанының кішігірім ағаш тостағандай аясына лекілдете төгіп, ернін толтыра тастап жіберді. Тастап жіберді де, шамырқана тамсанып-талғап сүт пісірімдей отырып қалды. Қыштылтым сілекей дәміне тұшынғанда маңдайдан тер жіпсіп, құрысқан денесі жазылушы еді. Сол босаңсуды күтті.

Сықырлауықты сыңғырлата ашып төрт-бес адам сау етіп кіріп келді. Жұмабек бастаған үзеңгілестері екен. Үлкендердің артын ала кең үйді тарылтып, сырықтай-сырықтай тоғыз ұлы бірінен соң бірі екі бүктетіліп, доғадай иіліп, табалдырықтан бері аттап жатты.

- Ассалаумағалайкүм батыр! Ұябасар болғанбысың? Бұл неменең тағы? - деп кәрі құрдас қалжыңымен аужар айта енді.

Жомарт үндемей “отырыңдар” деген белгі берді де, шапанының етегін қос қолдап тартып қаусырынып алды. Ешкімге тіктеп бұрылып көз де тастаған жоқ. Ашық қалған есіктен сонау жұмарлана алыстаған білем-білем балапан жоталардың үстіндегі сәл-сәл бұлдыраған мұнар-сағымды бағып қалды.

Отырғандар да үй ішін бүгін ғана көргендей жан-жақтарына үнсіз қарағыштап, қысыла бастады.

- Жоламан келмеді ме? - деді батыр бір кезде гүр еткен даусымен былайғыларды оқыс дүр шайқалтып.

- Жоқ. Келеді ғой.

- Аң деген ауруы бар емес пе...

- Қаңғыбастанып үйде тұрушы ма еді?

- Әбден еркеленіп бітті өзі.

- Бетіне жіберген соң, бет алды лағып жүре береді де.

Тоғыз ұлдың тоғыз түрлі жауабы бірін-бірі күтпей топырлап шығып, жамырай бастаған соң, жақ-тырмаған батыр басын тік көтеріп, тоғызына кезек-кезек шүйіліп өтті. Бірақ ілесе шыққан үнінде қатқыл дыбыс естілмеді.

- Қанша саяттар дейсің. Әйтеуір аман болсын, - деді де, тағы сұлқ қалды. Ішін тарта күрсіне берді де, лықсып келген ыстық жалын лебін көмейіне көміп қалып, қайта жұтып жіберді.

Жұмабек батырдың көкала шақшасына қол созды. Өзіне шақтап сыздықтата төгіп, бір шөкім қара бұйра насыбайды сол алақанының аядай шұңқырына салып алды да, екі саусағымен шөкіп қысып апарып, кеңсірікке итіне құлаған жотасыз бауырсақ мұрнының үңірейген қос танауына көміп-көміп жіберді. Содан кейін көзін жұмып, астыңғы иегін кегжеңдете беріп, ысқырта бір түшкірді. Көзін аша беріп, жүремелете және түшкірді.

Бөкелтек шалдың жас баладай әбігерін шығарып түшкіртіп-пысқыртқан насыбайға енді қалғандар да таласа ұмтылған еді. Тілге тиек етер тиянақ табылмаған соң, алдарына симай отырған екі қолға бұ да болса ермек екен. Қарақошқыл күшті насыбай былайғыларды да секіртіп-селкілдетіп тастады.

Әке сырын жасынан бағып өскен Тынышбай

батырдың еңсесі түсіп езіліп кетердей сәттерінде есін жиғызар жалғыз ғана құдіретті білетін. Ол - қара домбыраның қыл сағағынан даңғарадай қомақты шанаққа дейін ойнақтап жүгіріп кететін саусақтардың көз ілеспес құйындай ізінен төгілетін көй-гөй күйлері мен дауылдай қатулана шығар қаһарлы атойдай үндері еді. Сонысынан дәмеленіп келген Тынышбай қара домбырасын алдына өңгеріп алып, белгі күтіп дүмбілездеу тосып отыр еді.

- Әй, Тынышбай, “Кертолғауды” тартшы. Сергір ме екем? - деп Жомарт түзеліңкіреп тіктеліп отырды.

Ә дегенде домбыра үні маңқ-маңқ етіп маңқылдап, булығып, жаңылыса шығып, түзеле алмай қойды. Әкесінің мысы басқан ба, қанша күйттесе де, Тынышбайдың бабы келер емес. Төрт аяғын тең басқан жорғадай маймаңдайтын жүрдек саусақтардың кәнігі қимылы да жоқ. Текіректеп қалып, қайта оралып қазығынан босамаған сәйгүліктей шыр айнала береді. Қыл түбінен үзіліп шығандар оқшау үнге ілесе қосылар дүрмек дыбыстарды бастай алмай әлекке түсті.

- Күшіктей қыңсылатып күйдің берекесін алдың ғой. Бармақтан бал тамызарда, жұдырықтай жүректің қара қанын ұйытып, неғып былжырап отырсың! - деп нығарлай сөйлеп кейіген батыр тағы да есікке қадалды. Шұңірек көздер сонау өртеңжалдан одағайланып құйғытқан әлдекімді көріп қалған еді. Сағым көтеріп бірде қалқайып, бірде жоғалып қалып бір орнында жылжымай тұрғандай көрінген көз ұшында қарай-ғанның қатты жүрісін артынан шұбыра шыққан будақ-будақ шаңнан ғана танып отыр.

Тынышбай әке сөзінен кейін ширады ма, әлде күй сарынының сары адыр жолының бедерін тап басты ма, қос ішекті іліп тартып, термелей жөнелді. Шым-шымдап басталып, ширатыла созылған салқын саумал әуен үсті-үстіне үдей көтеріліп, үстемелете шығандап кетті. Отырғандар жүзіне сұс кірізіп, қаққан қазықтай қалшитып, кірпік қақпызбай тыңдатты.

Тынышбайдың қиыстағаны әкесі ғана. Түйдек-түйдек төгілген алғашқы толқын дүрмек үндерден кейін сыбызғыдай сыңсыған жіңішке сазды әуен бармақ басына дірілдеп үйірілгенде, қарт көзіне да

болар-болмас дымқыл жасаңғыратып оралды. Оралды да, батырдың күні бойғы қатулы жүзін кілт жұмсартып, көз шарасын елжіретіп жіберді. Кім білсін, аттың жалы, атанның қомында өткен ата қазақтың мынау аманат күйінен азаттық үшін алысып күн кешкен күресінің сүлдерін көре ме, алыстап кеткен өз өмірінің алғашқы айлы түнін, алғашқы тымық түнін, тұнжыраған мақпал көгін тани ма, ақ маңдайы жарқ етіп алыстан арбап, жақыннан жарылқаған күлімкөз кермиықтың жүрек лүпілімен тіл табысқан еменжарқын көңіл сүйінішін қайта кездестірді ме, өз көңілінде жаңғырып оянған, бар бояуы құлпырып түрегелген қызықты жастықтың қимас сезімімен қызуы жалындаған жалаңтөс жігіттіктің желікті күмары қайта табысты ма, әйтеуір, батырдың сазарған жүзі күреңітіп сала берді. Тынышбайдың алдында әлгіндегі бойын уайымға алдырған, екі иығы салбыраған шал емес, өрт-жалын лапылдап, тас-түйін бекінген, томағасын сыпырып тастаған ақиық қыран отырған еді.

Күй күшейіп, дауылдатып кетті. Бұрқ-сарқ атылған асау толқын сартылдатып көк жартасты ызалана соғып жатқандай ма-ау, теңбіл-теңбіл көк аспан бұлт құрсанып алып, ағыл-тегіл топан суын ағызғандай ма-ау, асау мен асау алысып, асауды асау ала алмағандай қиғылық сарт-сұрт, тағы да қиянкескі сарт-сұрт аласапыран араласқандай ма-ау, көн қайыстай қатайған жүйке мен құйқа тамырды шымырлатып алып, жігерінді еріксіз қоздатып, қанынды еріксіз қыздыратын ұранды атой мен мың сан аттан дүбірлеп тірілді ме-ау, он саусақ астынан дүние үні сөйлеп жатты.

Жомарт қозғалақтап кетті.

Шығандап барып долы күй шарт үзілді. Бастарын тұқыртып үнсіз қалған кісілердің төбесінде ызыңдап ұшқан қара шыбынның бейкүнә мазасыз тіршілігі ғана байыздамайды.

Осы сәт манағы көз ұшында қылаңытқан жалғыз қара ауыл үстіне жақындап қалып еді. Сонадайдан тынбай айқайлап келе жатса керек, қарлыққан дауысы еміс-еміс талып жетті. Сол-ақ екен, елең етіскен үйдегілер үркердей шоқтанып, тез аттап тысқа

ұмтылды. Алқам-салқам отырған батырдың қолына қара сауыр тоғыз буын қара найзасы қайдан іліне қалғанын ешкім көрмеп еді. Тұрғандардың үстінен қара найзаның қыл құйрықты шашағы желпілдеп, сес білдіретіндей.

“Аттан, батыр-екесі, аттан!” деген үн енді анық естілді. Жасынан жау тілеп, ер жастанып өскен жалпақ елдің жоталы ұлдарына сүтпен кіріп, сүйекке сіңсе де, тұтқиылдан тап болар осы бір атой-ұранның қазіргі елегзітуі ала бөтен еді. Дүрліге өре тұрған жұрт аяқ астынан әбігерге түсті. Шырылдап бала жылап, шабаланып ит үрді. Үй-үйден үрпиісіп шыққан қатын-қалаш дегбірінен айырылып, аздан соң шоқталып, топталып, батырдың ақ ордасына қарай құйылды.

Аттандатып жеткен Тәсібек екен. Ала көздері қанталап алыпты. Ат үстінен домалап опыр-топыр құлай берді. Қолымен жер тіренген бір қарыс дененің бір тұтам өңешінен қорқыныш толы үні ағытылды.

- Батыр! Ойбай, қапыда қалдық қой, қапыда! Жігіттерді жер жастандырды! Келіп қалды!

Алақтаған көздерін артына тастап-тастап қойып, алаөкпе болып барып-қайтып тұр. Самбырлаған үні әлі басылар емес. Сауын биелерді Өртеңжалдың күнгейіне қаптатып, таң қараңғысында ат үстінде мызғып тұрғандарында оқыс бас салған қара құрым жаудан айлакер жырындылықпен бір өзі ғана құтылғанын баса-баса айтады. Дәл мына жерде ұйқышыл байғұстың атымен бірге жеке жайылып шығандап кетіп, кездейсоқ аман қалғанын жасырып тұрғанын кім тексергендей еді.

Қырымнан қиқулатып тиген көп қолдан үріккен қос тырым-тырақай дүр еткенде, бет-бетімен лағып кеткен көп тұяқтың дүсірінен шошып оянып, ес жиған Тәсібектің хабар алып жеткені де осы болатын.

Әлгіндегі бейбіт ауылдың лезде астаң-кестеңі шықты. Қолына іліккен құрал-саймандарын алып, батырдың қасына топтанып қалған қара құрым да біршама. Екіленіп шықса, анау-мынау барымташыларға дес берместей. Жалғыз-ақ қорғалақтайтыны - мына қара жаяу қалың топтың бұт артар қыл құйрықсыз қалуы. Ен жайлауға көшпей, қыстаудан

аттап қонған бұл ауыл белдеуге ат байламай қаннен-қаперсіз бейқам отырған болатын. Қазіргідей қысыл-таяң күнде жер дегдімей, қар суы тартылмай жау күтпеп еді. Атадан балаға ауысып, әңгімеден аңызға айналған жаугершілік тірлікте ерте көктем ешқашанда ерегіспен, жедеқабыл ұрыспен басталып көрген емес-тін. Сол бейқамдықтың өзек өртеген қарымтасы бармақ тістетіп тұр міне.

Жомарт үнсіз шамалап еді, Өртеңжалдың күн-гейінде киліккен қолдың ауылға келіп те қалар уақыты бопты. Үдере көшіп, үрке жөнелуге жер тар, уақыт тығыз. Соны байыптаған соң не де болса, тосып алмақ болды.

- Тәсібек, атыңды маған бер де, өзің осы ауылдағы түйе біткенге дереу бала-шағаны мінгіз. Өте алсаңдар, арғы жаққа асып кетіңдер!

Осыдан артық сөзге келген жоқ. Екі бүйірі солықтап тұрған күреңбестіге белін қайқаң еткізіп дік етіп отырып алды. Иығындағы шапанын лақтырып тастады. Ақ көйлектің ашық омырауынан кеуде жүні қарауытып көрінді. Жауынбай үйге жүгіріп кіріп, әкесінің қорамсағы мен садағын әкеліп берді.

Осы екі арада қою шаң көк тіреп жотадан бері асып құлап түсті де, қара дауылдай қоралана қаптап, таянып қалды. Тұтаса қоюланып күнгей бетті түгел бүркеп алған будақ-будақ шаңнан ештеңені түстеп айырып болмастай. Тек дүбірлеген мың сан тұяқтың тасыры күшейіп өсіп, таптап өтердей жақындап келеді. Мынау айбаттанып еліріп келіп, қиқулап жылқы айырар барымта қылық емес, жасанып жетіп жер жастандырар қаскөй жау әрекеті екенін танып қалған еркектер жадағай төбеге қарай жөңкіле берді. Ондағы ойы - жайдақ жерден көрі ой-шұңқыры көп тасалау бекіністе қалың қолды бөгей ұрыс салып, бала-шағаны Түйеөркештен өткізіп жіберу еді.

Түйдек-түйдек құйғытқан алғашқы шоғыр атой беріп шаңдатып келіп қалды. Жаяу-жалпы шұбырып, бұлақ бойлай өрлеп, жоғары асып бара жатқан кілең ақ жаулық, ақ сәукелелердің ішінен жаубөрік көрмеген соң екіленген жасақ ақ тамақ сұлуларды қапысыз танып қап, қотанға түсер аш бөрідей жалақтап алған.

Бұл кезде бір-бір тасты қалқалаған Жомарт тобы қара мылтық пен өгіз терісімен қаптаған садақтарын ыңғайлап, адырнаны құлаш кере созып: “қанды басың бері тарт!” деп іштей қатайысып қалып еді. Кенет оқ жылан ысқырғандай зу еткен суыл естілді. Маңайын-дарға белгі беріп, нысанасын дәл баққан Жомарт батыр еді. Құлантөбелін құландай ойнатып, құмырсқадай құжынаған қалың қолдың алдында оқ бойы озып келе жатқан абажадай алып тұлғалы дәу қара оқыс шалқалай берді де, іле ілгері лықсып барып, атының оң жақ бүйірінен опырылып құлап түсті. Сол-ақ екен зу-зу, ыс-ыс етіскен қозы жауырын сұр жебелер жауып кетті. Лықсып келіп, жарға соғып кейін шапшыған нар толқындай қатарын сиретіп алған жау тобы кері айналып, кейін қарай жалт берді. Тағы бір дүркін суылдап ұшқан сұр жебе, суық қорғасын жеткендерін жұлып алып қалып жатты.

Күн тас төбеде тұр еді. Тымық ауада тұмантып көтерілген қалың шаң тұтасып, көк аспанды бүркеп алып, алтын табақты жұтып жіберді.

Қапыда тиіп, Жомарттың шаңырағын ортасына түсіреміз деп кеудемсоқ мінезбен малданып жеткен Лаузан-Шона өз батырының оққа ұшқанын естігенде қарая түтігіп кетті. Ондайда селдір сақалдың әр түгінін, түбіне қан ұйып, әр қылы сояудай боп шаншыла қалатын. Сол тікірейген қылдарды егей сипап, шырт еткізіп сыздықтата түкірді де, тайша тез-тез сөйлеп кетті. Жарықшақ даусы жаңғырығып ат шаптырымдай жерді алған қолға түгел естілді. Қосын үшке бөлінді. Сегіз жүзге таяу жасақтың екі жүзге жуығын бөлек екшеп ап, сонау көз ұшында шұбырып бара жатқан қатын-қалаштың көшінің соңына салды да, қалғандарын жадағай төбенің қос бүйірін қаусыра қаптатып жіберді.

Шонаның дәл осы ойын Жомарт батыр да алдын ала болжаған еді. Маңайындағы жүз қаралы шағын топты бұл да қақ бөліп, олқысын толтырып жатыр. Көп сөзі жоқ, шүңірек көздің жалт еткен қиығымен, жебеден босаған қолдың серпінді қимылымен берілген бұйрығы тез орындалады.

Өз тілінде шуылдасып, құмырсқадай шұбырып тағы

да екі жақ бүйірден лап қойған ойрат-қалмақтар төбенің етегіндегі қойтас пен ой-шұқанақтарға жетіп сәл бөгеліңкіреп қалғанда, жоғарыдан тағы да ысқырып ұшқан жебе мен оқ астында қалып, бес-ондап ат үстінен ұшып түсіп жатты. Бірақ сонда да азаяр да емес, іркілер де емес.

Жомарт бармақ тістей өкініп тұр. Тақымда сар даланың желіндей желігіп жұлқынар тұлпарлары болса, аянбай айқасып, шайқас салар еді. Жаяу қалып, жермешел күйде бақырайып отырғандары мынау.

Бір кез Үлкентұра мен Кішітұра жаққа бұрылғанда күреңітіп қан қатқан түсі боп-боз қуарып кетті. Көш соңынан құйындатып қуып бара жатқан жау тобын көрген батыр саңқ етті.

- Жауынбай, Садырбай! Қастарыңа екі-үш жігіт алып анау бос жүрген аттарды ұстаңдар. Бар! Болыңдар тез! - деді де, өз өліктерін ат тұяғымен жер тезек қылып өршеленіп өрмелеп келе жатқан жауына тағы бір жебені бағыштады. Тағы бір селдір мұрт, сирек сақал жер қапты. Тағы бір жауы кеміді. Тағы бір жанды қара жер бауырына алып, қомағайлана құшты. Тояр емес сонда да.

Күн батысқа қарай ауып түсті. Мұнартқан шаңнан шар табағының нобайы ғана көрініп, төменге тіксіне қадалып қалыпты.

* * *

Бұл кезде шеткі отауда Жауынбайдың жас келіншегі Аршагүл Тасболатты бесігінен шешіп алып, үй ішінде есінен танғандай күйде ерсілі-қарсылы жүгіріп жүр еді. Қарақат көзі мөлдіреп, қатерсіз күлімсіреп, ана құшағында еміреніп жатқан нәрестенің аққызыл бетіне тырс-тырс тамған жасымен бірге қолқасы үзіліп кетердей үздігіп сөйлейді.

- Құлыным, тас құрсағымды жібіткен тұла бойы тұңғышым! Не істейін? Аңырап қалар ма екем? - деп еңіреп жіберді.

Манадан қаннен-қаперсіз жатқан балбөбек анасының үні булығып шыққанда, оқыс шар етті. От

басқандай шырылдап, мұңлы іңгәсімен шер атып, аласапыран тірліктің баспалап жеткен қасіретті күнін сезгендей уанбай қойды.

Аршагүлден дегбір қашты. Әлгінде Тәсібек қатын-қалашты Түйеөркешке бастай жөнелгенде түнімен бесік таянған шалаүйқы тұмса келіншек көз шырымын алып, қалғып кетіп еді. Азан-қазанда шошып оянып, ауылда өзінің жапа-жалғыз қалғанын білген соң Тасболатын шешіп алған-ды. Содан бергі сенделіп жүрісі осы. Бірауық есіктен сығалап, қаптап жеткен қалың қолды көріп жүрегі тас төбесіне шықты. Сонау шаң қуып, топырақ атып толқындатып келе жатқан мол нөпір құрдымына қағып әкетер ажал құшағындай сезілген. Одан сайын мұңдық жанның көл-көсір жасы сорғалай төгілді. Бір сәт ұлын биік ағаш төсекке жатқызды да, қырқынан әлі шықпаған нәрестенің ұстара тимеген қарын шашын қырқып алып, әбдірені олай-бұлай ақтарып, тауып алған батсайының қиындысына тұмаршалап орады. Орады да, жіп тағып мойнына моншақ салғандай қарғыбаулап байлап қойды. Енді көкірек тұсындағы тұмаршаны қатты қысып тұрып қалғанын байқар емес. Тасболатынан айрылып қалып, ұлының ендігі жалғыз белгісі -осы бір жалбыраған шаш қана сияқты әлдебір сезімге шым батып бара жатқан-ды.

Сырттағы аттан-сүрен үдеп кетті. Біріне бұғалық тастап, енді бірін қайырып ұстап, бұл кезде Жауынбайлар жиырма, отыздай атты жетектеп оралып еді. Батыр сайдың тасындай қарулы жігіттерді іріктеп алып атқа қондырды да, тасамен батысқа қарай тура-тура шапты. Бағыты - Түйеөркеш-тін.

* * *

Жоламан Ақтұмсықтың қылтасына күндегі аңшылық әсермен лепіріп аттанбап еді. Содан ба Сүлікқараны аяңнан ауыстырмай ұзақ жүрді. Сай қуалай қарауытып алыстаған көлеңкесі де мазақтағандай қимылын онша сездірмейді. Алдында оқ бойы ұзап кеткен Алқұйынды анда-санда бір көріп қап, әрі-

сәрі жұмбақ күйінен босай алмай әлек. Кенет ақ тазы қаңқ етіп дыбыс берді де, замат зулай жөнелді. Сілкініп қалып, көз тіккен Жоламан тазының алдындағы жазықтан төбеге қарай қиялай салған арлан қасқырды көріп, Сүлікқараға қамшы басты. Тымық ауаны дауылдатып қаракер құстай ұшты. Көзінен парлап жас ақты. Қасқыр да, Алқұйын да бұлдырап-буалдыранып, бір жоғалып, бір айқындалып тіпті жақындатар емес.

Әлгінде тып-тыныш жатқан далада жел тұрғандай құлағының түбінен суылдап ауа есіп, лып-лып бетіне соқты. Жел кеулеген кең бешпетінің қос етегі тақымынан босап, ат бүйірін жалп-жалп сабалайды. Алыстан қараған жанға осы етектер ауыздықгы қарш-қарш шайнап құйғытқан сәйгүліктің жазылып-жиналған қос қанатындай көрінер еді.

Алқұйын арланға емін-еркін жеткенімен азуын баса алмай жүр. Көк қасқа жалын қарыс бойы тікірейтіп, күржік жотасын күдірейтіп шырқ айнала бұрылған арланнан тайқып кетіп, қайта қосылып, көп бөгеп, ұзатар емес.

Жоламан тазысының жасқанғанын сезіп: “Айт, Алқұйын! Айт!” - деп ес бере, қатты-қатты дауыстайды. Аралары да жақындап қалып еді, атының жымиған қос құлағы оқыс төмендеп кетіп, бозбала ұшып түсті. Дүние аударылып-төңкеріліп бара жатты.

Жоламан көп жатты. Әбүйір болғанда құмдаққа құлапты, еш жері сырқыратып ауырған жоқ, тек оң жақ шекесін әлдене жыртып кетіпті, сыздықтап қан ағып тұр екен. Бешпетінің етегін қайырып әкеліп, ішкі астарымен сүртіп тастап, орнынан тұрды. Тұра бере атасынан үйренген кәлимаға тілін келтіріп, құлаған жеріне үш қайтара түкірді.

Үсті-басының шаңын қақты. Баяу қиралаңдап, аты сүрінген жерге келді. Құмдауытқа тік бойлаған әлдебір іннің ернеуін жапыра құлатқан тұяқ ізін көрді... Иығына жұп-жұмсақ ернін төсеп Сүлікқара оралды. Екі көзі қанталап қос бүйірін соғып Алқұйын жетті де, бүктүсіп қасына жата кетті.

“Айдаладағы інге әдейілеп аяғыңды тыққандай, атым, саған не болды? Тақымымды босатардай мына маған не болды? Алдыңдағы аңыңнан айрылып, итім,

саған не көрінді?” деп іштей қынжылды ма, балаң жігіттің тік қабақ, отты көзі жасып қалыпты. Ақшыл жүзі, дөңес мұрны, қалыңдау біткен еріндері өкпелі сыңай тауыпты. Бұрынғы еркелік, еркіндік мінездің жалындап тұрар лебінен жұрдай боп, әлденеге жүні жығылыпты. Осы кезде тұяқ тықыры естілді. Жоламан атқа қонды. Енді байқаса, қашты-құдымен Ақтұмсықтан алыстап, Өртеңжалдың оң бүйірінен бір-ақ шығыпты. Жотадан шаңдатып асып түскен өз аулының жылқысын танып, ат басын соларға туралады. Топталып, шашау шықпай келе жатқан қостың беталысы қиыс. Жылқышылардың саны да әдеттегіден көп сияқгы, үш жақтан құрық көтеріп, қиқулап сойылдап келеді. Жоламан тізгінін тартты. Оң алақанын көзіне көлеңкелетіп күн салып қарады. Үйірлесін танығаң Сүлікқара да құлағын қайшылап тұрып арқырата кісінеді. Осы дыбысқа елең етіскен көп жылқы құлақтарын түрісіп, бастарын көтеріп-көтеріп алып, оқыранысып тұрды да, енді алдарындағы кес-кестеген құрықты кісілерді қабырғаларымен соғып, бытырап қашып, Жоламан тұрған еңіске қарай лап қойды.

Қалың жылқының алдын тосқан топтан жырылып, екі-үш атты бері салды. Әсіресе, тұрқы ұзын тобылғы күрең бесті айғырдың жосылтуы керім. Үстіндегі жапалақтай жарбиған неменің салмағы білінбей ме, жүген-құрық тимеген қырдың құланындай көсіліп келеді.

Тіксінген Жоламан мына “жылқышылардың” жау екенін анық байқады. Сүлікқарасын жалт бұрып, тебініп қалып, бұ да жосылтты. Ойда жоқта кезіккен жау қарадан зәресі ұшқаны да рас. Атына сеніп алдырмасына марқайғаны да рас. Бірақ көңілінде кінәмшіл түйткіл бар. Артына қарап қойып оқшау бөлінген тобылғы күреңдегі жарбиған жалғыздың өлермендігінен запыланғаны да рас. Оңаша кезіктіріп, әлгімен сайысқа түсейін десе де, бұған дейін қанды додаға түсіп көрмепті. Күдікшіл секемі қолын тұсап келеді.

Ұзақ көсілген екі ат та бауырын жазып алыпты, жер апшысын қуырып барады. Қарагерге жете алмасын білді ме, Жоламанға қосылған үшеудің екеуі кері

бұрылып, жылқыны қайырмаласып кетсе де, тобылғы күреңдегі тоқтаған жоқ. Соны көрген Жоламан нартәуекелге мінді. Сүлікқарасын қиғаштай бұрып соңындағы жалғызға қарсы дүрсе қоя берді. Соңғы жылдары атасы бұны Жауынбайдың қасына қосып, ат үсті шайқастың неше түрін үйреткізе бастап еді. Қарсы далбақтаған әлгі қара шоқпарын көтеріп алыпты, айқайлап жақындап қалды. Тебініп қалып, кішкене қарамен қапталдаса берді де, Жоламан бұлт етіп ат бауырына аунап кетті. Жауының қос қолдап сермеген қара шоқпары ауаны қапты да, екпінімен ұшып түсті. Қару сілтеген жапалақ қара да ат жалына ауып барып, қайта түзелді. Ағындаған басы қатты күреңді бұрам дегенше Жоламан тез жетіп, жапалақ қараны желкеден бір-ақ бүрді де, Сүлікқараның шоқтығына сұлата салды. Жеп-жеңіл екен. Қауқарласар қалжасы болмаса да шақарлана тісін қашырлатып сөзге келді.

- Қапыңды бір табармын әлі де, бала! Тоқтыторымдай алдыңа өңгеріп алған мына мен, бәріңнің түбіне жеттім! Мен!

Жоламан енді ғана таныды. Алдында жатқан - атасының тәуібі болатын. Шоқпыты шыққан шапанын тастап, шолақ жең сауыт киіп, сақалын қырғызып, кәнігі ойрат шерігі бола қалыпты.

- Әй,осы сен кімсің?

- Мен Шонаның жансызы - Габан-Убашимын!

- Габан-Убаши болсаң болған шығарсың, сен енді бүгін батыр атамның құрмалдығы ғанасың!

- Батыр атаң о дүниеден қайта оралмаса, бетжүзімді көруі мұң болар, - деп жансыз қарқ-қарқ күлді. Табалап күлгенін жасырмай масайрап жатқан тұтқынын Жоламан желкеден бір нұқып қалып, үнін өшірді де, екі қолын қайырып әкеп, қылшылбырымен тас қып байлап тастады.

Төбеге желдіртіп шыға келгенде ауыл үстіндегі шаңды көріп бір сойқанның болғанын сезді. Сүлікқараға құлаштап қамшы басты.

Қара жерді оқыс солқ еткізіп, кенет күн күркіреді. Күн күркірі басылмастан жадағай төбенің үстінен бұрқ еткен қою шаң көтерілді. Жоламан аң-таң: “Аспанда

оймақтай бұлт жоқ. Күннің күркіреуі қалай?” Жүдемелдете екі-үш дүркін әлгі күркір тағы естілді де, жадағай төбенің әр жер, әр жерінен будақ-будақ шаң шығарып түтелеп жіберді.

Сүлікқара құйындай ұшып келеді. Жадағай төбенің тұсынан да, ауыл үстінен де аман өтті. Жапатармағай өкпе тұстан қосылған аттыларды шаңына көміп, замғап барады. Сонау ақ бұлақтың басталар жеріндегі тұйықта айқасып жүргендерді шалып қалған, соларға тез жетпек еді.

Тықсырып бара жатқан қалың ойраттың ортасында қара найзасын шыр айналдырып, арыстандай ақырып, арпалысып жүрген Жомарт батыр бір сәт Жоламанды танып қалды. Сол-ақ екен, буын-буыны босап, қалыңнан жырылып шеттей берді. Бөксесіне жармасқан бір топ бөрібасарды арс-арс қапқан көкжалдай жайғап-жасқап маңайына жолатпай қиыстаған еді. Көкірегі сөгілгендей опырыла егілді.

- Тым болмаса, сен аман қала ма деп едім, Жоламан! Неге ғана оралдың! - деп тұрды да,қарсы шығып, дауыстап жіберді. - Жоламаным, құлыным! Құтыл! Тез жөнел! Қуатты!.. Қуат батырды табасың... Қарайлама бізге... Жеткіз...жеткіз еліме!... Мына қаралы күнді жадыңа тұтып, жүрегіңе түйіп жеткіз!

Одан арғыға мұршасы келмеді. Қоршап алған төртеумен жанталаса ұрыс салып, жылыстап барады.

Жоламан атасының сөзін естімеді ме, әлде болысқысы келді ме, тебініп ұмтыла берді. Сол сәт ысқырып жетіп, қылмойынға сарт етіп оралған бұғалық ат үстінен жұлып түсті. Қас қағым сәтте қара жер шыркөбелек айналып зымырай жөнелді де, көк аспан көк тегенедей болып үстіне төңкеріліп құлады.

“Өлім деген осы ма? Меңіреу түнектен ұрланып жететін тыныштық па екен? Ешкімді, еш жанды алалап көрмеген Ажал шіркін дәл осылай уақытынан жаңылмай оралатынын біліп пе ем? Әттең сен ерте келдің! Дүбіріңді естімей, тықырыңды аңдамай қапы қалдым ба? Кел онда, келе бер! Үнсіздік құшағын айқара жабатын тыныштық болсаң, сенен, Өлім, қорықпаспын! Бірақ түк тындыра алмай аттанғанымма ғана қапамын!”

Жоламан кірпігін әлсіз қимылдатты. Қайта айқасты. Одан әрі аспан да, тау да, дала да пәниден өткен елестей жарқ-жұрқ алмасып, бір-бір көрінді де, ызым-қайым жоқ болды. Төңіректі түнек басты. Жоламан талып қалды. Ұшып түскен Габан-Убаши екі бүктетіліп қасында жатыр еді.

Тәсібек оз шамасы жеткенше жан аямай айқасып жүрген еді. Ат үстіндегі Жоламанға бұғалық тастаған жігітті байқап қалып, әлгіге қарай тұра жүгірді. Сүріне кетіп, қолынан қылышы ұшып түсті. Еңкейген жоқ. Келген бойда жауының алқымына қос шеңгелді қарыстыра салып жіберді.

- Атаңа нәлет! Буындырғыш немесің ғой. Буындырған олай емес, былай! Міне солай, атаңа нәлет! Жаныңды жаһаннамға жөнелтейін! Әй-әй, әбден асқынған екенсің!..

Шарасынан шығып, бадырайып бара жатқан ойраттың көзі қадалып қапты. Осы көздер Тәсібекке зұлымдық, жыртқыштық жанарындай сезілді.

- Атаңа нәлет! Көрсетермін әлі. Міне, солай!..

Сіңір саусақтар, құрық пен қауға ұстаған шаруа саусақтар темір шеңгелдей қадалып қалған-ды. Бұл сәтте оларды ажыратар құдірет жоқ еді.

Алдаспан жалғыз рет жарқ етті.

Екі дене опырылып, бірге айқасып, құлап түсті.

Қасқағым сәтте Жоламанның құлағанын Жомарт та, тоғыз ұлдан тірі қалған батырдың үш баласы да көріп еді. Көздерінен қанды жас ағып, құтқармақ боп ұланға өлермендене ұмтылысты, жете алмады бірақ. Алдымен Тынышбай ат үстінде ырғала теңселіп қалып, кеудесіне қадалған сұр жебені суырып алды да, құлап түсті. Күнұзын талмай сермеген қос қол сылқ етіп, салбырап кетті. Көне домбыраның күмбірімен бір махаббаттың тылсымын тарқатар бір күй мәңгі шертілмей, осынау сұлқ қалған қолдарда бірге өліп кетті.

Осы кезде батырдың астындағы аты да қақ маңдайдан соққандай қалт тоқтап, шоңқая құлады. Жаяу қалған батырды қорғаштаған екі ұлы екі жағынан шығып, Үлкен тұраға қарай қиыстай шегініп барады. Сонау домалап жатқан Жоламанға қол ұшын берер дәрмендері жоқ. Азу тістері ырсиып кеп қоршап алған

көп төбеттей едіреңдеген жауларының да мінездері өзгерген. Жымық көздері күлмеңдеп, шықшытты беттері кең жайылып, жайраң қағады. Атағы жер жарған Жомарт батырдың мына пұшайман түрі қайқайссының болса да айызын қандырмай қойсын ба.

Батыр сүрініп кетті. Аяғының астында әлдене былқ еткені. Қиыстап, қызыл кеңірдекті шеңгелдеп, қарысып қалған қолды көрді. Қолды өрлеп көзі кеудеден жоғарылай бергенде, жүрегі шым етті. Қарақошқыл боп жылып ағып, енді ғана ұйи бастаған қанға батып жатқан өңешті көрді. Бас жоқ. Алдаспанмен бір шапқанда оршып түскен бас... есік пен төрдей жерге кетіпті. Бой сала қарап, бастың Тәсібектікі екенін таныды батыр.

Күн төмендеп кетіпті. Мұнар шалған сол қанкүрең жалғыз жанар Үлкентұраның иығына құрық бойы ғана қалыпты. Мына жалпақ даладағы жанталас қырғыннан бой тасалағандай жалқын табақ тез жылжиды.

Айқай-сүрен бағанағыдай емес, сап тыйылған. Енді тек үнсіз шегінген үшеуді есіріктене тықсырған топтың аяқ тықырынан басқа дыбыс та жоқ. Қос қанаты суылдап бәйек таппай кішкене қарлығаш қана ұшады. Дәрменсіз қарындастың медет берер сәлеміндей әлгі суылдан болмашы тілек естігендей батыр бір сәт соған назар аударды. Тағдырдың азалы гүрсілі құлақ тындырардай азаптаған шақта туған жердің тамылжыған әнін тыңдағандай көрі тарланның сұрланған жүзі кенет жылып сала берді. Қаһарлы көздерге мейірлі жылу тарап, маңдайдың әжімдерінің қатпар-қатпары жоғала жазылып кетті. Емін-еркін кең тыныстаған даласы көзден бір-бір ұшар кезде сонау ерлікке толы күндердің кейде ерегіспен қыжыртып, еріктен тыс қолбала қылғаны бір сәт өкінткендей болды. Жомарт батыр сол-ақ екен қайта ширығып, жігері мен қайратын шақырып, қолындағы алмас қылышын онды-солды сілтеп барады. “Бас иіп, тізе бүгер жанды тапқан екен. Кіндік кесіп, кір жуған қара жер терін сіңіріпті, құласа қанын да сімірер. Өз жері - өлең төсегі. Сілкініп жау қуып, лепіріп ән салған аяулы өлкесі екен. Артына қарап алаңдары біраз болса да, алдына ұмтылып, шауып алары да көп еді. Тірлікте басы бірікпеген ат

төбеліндей қазағын ең болмаса өлімімен ерлікке бастардай қайрат көрсете алмағаны жанын қинайды-ау. “Жағам - жайлау, етегім - қыстау” дейтін есерсоқ күйдің күйігі-ақ жаман. Қарына сеніп, қаруын сайламайтын қайран қазақ-ай! Қатынына өкпелесе, қабырғалы елімен қырғи қабақ болатын кейбір әдірең мінезің жұқпалы дерт екен-ау. Көп жігітің көлеңкесімен ғана кеңесіпті-ау. Келеңсіз өмір кешіпті-ау. Қырды кезіп, ойды еңістеп көшкен алаңсыз жұрттың жұртында күлі ғана қалған. Көмбесі жоқ. Әйтпесе шоқ-шоқ боп бөлініп, топ-топ боп қырылар ма еді? Атадан балаға, атадан ұрпаққа кетер томырық ашу, тоң мінез бен керенау, кердең қылықтың тамырын қырқар құдірет қандай?” Батыр бір ғана сәтке осыны ойлап қап еді, жақ еті толқын атып жыбырлап кетті. Азу тістері сіресе айқасып қапты. Кенет Үлкентұраның тіптік іргесіне тіреліп, қалт тоқтады. Теңбілкөгін көлденеңдете есік пен төрдей жерге әлдекім келіп, тұра қалды. Сыбан-Рабтанның ұлы - колбасы Шона екен. Үзеңгісін үзіп жіберердей шіреніп, маңғаздана сөйледі. Қазақшасы кәдімгідей-ақ.

- Уа, Жомарт батыр! “Ұсынған басты қылыш кеспес” дейсіңдер. Мен жеңдім демейін, сен жеңілдім деме. Қайратыңа қандым. Ерлігім асып, өрлігіңді басқам жоқ. Ептілігімді ғана асырып, көптігімді жасадым. Жасырмаймын. Алғызған албырт - ана-сының қойнын ашар. Сенің қапың - қауымыңның бейқамдығы. Қысқа күнде енді қырық кісінесең де, маңайына қысырақтың үйіріндей де шоғырланар ер-қара қалдырғам жоқ. Азбан айғырдың тозған тұяғынан мардымды шаң ұшпайды. Сен де сол болдың. Қарақан қара басыңа қару жұмсап, қараулық етпейін. Міне, мен - Шона, босаттым сені! - деді де, қасындағы қара киімді екеуге бұрылып, иек қақты.

Бұл кезде батырдың екі ұлы, тұңғышы мен кенжесі -Садырбай мен Жауынбай Жомарттың қос қанатында тұр еді, өздеріне қадалған сұр жебені көріп, міз бақпан жоқ. Әнтек дірілдеп тұрған жебеден көзін тайдырып әкеткен Жауынбай жадағай торыны танып қап еді, үстіндегі адамды қайдан кездестіргенін есіне түсіріп, жолбарысша бір-ақ атылды. Сол сәт кеудесіне қадалған

жебені бір сипап, теңселіп барып үнсіз құлады. Аяқ-қолын бірер созды да, сұлық қалды. Екінші жебе сауыт-саймансыз Садырбайды да жұлып түсті.

Батырдың көзі қарауытып, басы айналып кетті. Шайқалып барып, қылышына сүйеніп құламай қалды. Қою қасына шаң тұныпты.

- Шона, сен кеңдік деген сатқындықты мен кемдік дейтін қазақпын. Сауға сұрап жан олжалап, азабымнан артық мазағымды арқалағанша, қара жерге қарқ болсамшы! Өрлік пен ерлік бірде ме еді? Қалың елде емес пе еді! Ендеше, сенің мынау тасыған көкірегіңді басар күн де туар. Күңіренген күйден күйректік емес, қайрат өсетін. Сол күннің, сол ақ тілек, ақ жолдың ақсарбасы мен-ақ болайын, шық жекпе-жекке! - деді.

- Батыр,төре мен қара жекпе-жекке шықты дегенді қайдан естідің? Қаласаң, шерігімнің таңдағанымен сайысқа түс, - деп Шона кекірейе калды. Шынымен намыстанып тұр.

Үстінде жеңсіз береннен басқа түгі жоқ бір ойрат ыңғай танытты.

Жомарт қылышын көтерді.

-Кел!

Сарт-сұрт қылыш айқасты. Сар-сар айқай-шу үдеді.

Батырда үн жоқ. Көзіне қан толып қылыштан басқа ештеңені көрер емес.

Шаршаған кәрі дененің қимылы баяу. Қол жітілігі ғана бұрынғысындай. “Ең болмаса осы жауымның қара қанын ұрттасам екен!”

Жомарт ақырып қап қылышты құлаштай ұрды. Ананың қаруы ұшып түсті. Сол кезде батырдың бар ыза, бар кек, бар зауалы жауының басында ақырғы рет найзағайша жалт-жұлт ойнады.

Шона иек қақты.

Тұс-тұстан кірш-кірш шаншылған қылқұйрықты көп найза Жомартты тік көтеріп әкетті. Сауытсыз, беренсіз жалаңаш денеге көк сүңгілер бойлап еніп кетіп еді.

- Қалай екен, батыр? Көзіңе қазір не көрінеді? - деді Шона.

- Даламды, тауымды, елімді көремін. Әлі де болса, сасық кәпір, сенен биіктеу тұрмын ғой-й!..

Найзалар сылқ түсті.

Бүктетіліп құлаған батыр, ақырғы қайратын жинап, бас көтерді де, бір аттап, айқасып жатқан қос ұлын, қос арысын құшақтай құлады.

3

Күн ұясына құлағалы сүт пісірім уақыт өтті. Күн-ұзын ат тұяғы жаныштаған ауыл үсті тып-тыныш. Даланы бүркеген қою шаң да сейілген. Қыбыр еткен жан жоқ. Тылсым буған тыныштықта ертеңгі ақ боз үйлі еңселі ауылдың дауыл соққандай қираған жұрты ғана қарауытып көзге шалынады. Өлік үстіне шоғырланған қарға, құзғынның ауық-ауық тоқпейіл қарқылы естіледі. Басқа үн жоқ. Тау асып кеткен ойраттардың ат тұяғының дүбірі үзілгелі де сүт пісірім уақыт болды.

Қара көк аспанды шұрқ-шұрқ тесіп жұлдыздыр көз ашты. Алғашқы жұлдыз туа ауыл үстінде аңыраған жалғыз үн естілді. Ішін тартып боздаған аруананың мұнды әуеніндей әуелеп аспандап алады да, бірер сәтке қайта үзіледі. Айналадағы меңіреулікті үркіте шыққан оқшау үн тым зарлы. Көне Қаратаудың күнгейі мен теріскейі талай зобалаңнан дүрліге қашып, дүркірей жөңкілген кісікиік елдің әнін де, зарын да естіп еді. Талай төбе құйқаны шымырлатар жоқтауды да тыңдап еді. Соның бірде-бірі дәл мына оңаша сұңқылға жетпейтін тәрізді.

Жалғыз жылаған Аршагүл болатын. Әр жерде бір шашылып жатқан дүние-мүліктің ортасында, жерошақ басында бөбегін бауырына қысып, зарлап отыр. Өрт шалған киіз үйдің сом шаңырағы дәл алдында жатыр. Екі көзін соған қадап алыпты.

Келіншек көп жылады, көп зарлады. Қаралы жұртта ақ шаршысына күйе жұғып қарауытып көп отырды.

Мана қотан үстінен дүсірлетіп Жоламан шауып өткенде, Аршагүл есіктен сығалап ауылдың бір шетінен өрт салып келе жатқан оншақты аттыны көріп еді. Сол, сол-ақ екен келіншектің шыбын жаны шыр-

қырап, буын-буыны босап, есі шығып кетті. Жүгіріп төсектегі Тасболатқа барды да, “бермеймін, бермеймін!” деп тас қып құшақтап, сылқ отыра кетті. Қанша отырғанын да білмейді, бір кезде шұбатылып әрең тұрды. Тұрды да, танауы пысылдап ұйықтап жатқан ұлының омырауына тұмсығын көміп жіберіп, ұзақ-ұзақ иіскеді. Кіп-кішкентай домалақ пісте мұрнын құшырлана сүйді. Сонан соң қаусырмасын ағытып, жеңсізінің өңірін ашты та, көйлегінің омырауын дар еткізіп айырып, төсін шығарды. Топ-толық анар тырсиып тұр екен, сұқ саусақтың басындай қара күрең ұшынан сүт мөлт-мөлт тамып кетті. Тасболат емшекке жабыса қалды.

Қара көзден жас ақса, аппақ төстен сүт ақты.Екеуі де көпке дейін тыйылмады. Екеуі де қабат иіп, қабат жылады.

Аршагүл сәлден кейін атқып далаға шықты. Шеткі үйлердің қып-қызыл жалынын бүркеп қап-қара түтін тұтасып алыпты, бері қарай жалаңдап, жалақтап таянып келеді. Енді сәл кешіксе, осы тілсіз опат үстінен аунап өтіп, таптап кететін екен. Аршагүл тіпті жан ұшырды. Кең етегіне сүріне-қабына ентелей жүгірді. Сонда да бет алды лақпай, үй-үйді тасаланып келеді. Бір кезде әлденеге сүрініп жығылды. Батыр атасының үйінің тайқазаны екен. Тұрған жоқ. Қазанның тасасында ұзақ жатты. Жүрегі дүрс-дүрс соғады. Қасқыр қуған қояндай дір-дір етіп, ентіге дем алады.

Құшағындағы Тасболат шар ете қалды. Зәрезап болған Аршагүл селк етіп, басын көтерді. Оқ бойы жерде құйғытып келе жатқан екі-үш аттыны көрді. Дәл мұны аңдып үстінен түскендей. Аршагүл сол сәт жеңсізін тез шешіп алып, Тасболатты орады. Содан кейін ақ маңдайынан иіскеді де, ұлын жерге жатқызды. Еңкейіп отырған күйі тайқазанды төңкеріп әкеп, баласының үстіне жапты. Қазанның құлағының астына кесек тас төсеп, саңылау қалдырды. Осының бәріне қас қағымдай уақыт кетсе де, өзіне қимылы өн-бейтіндей көрінді. Әлгінде ғана құшағындағы торсық шеке ұлы үн-түнсіз қара қазанның астында қала бергенде, тірідей көмілгендей көрініп, ана жүрегін шымшылай шымырлатып жіберді.

- Құлыным! Қайтейін-ай! Амалым жоқ қой, құлыным! Сен... сен тірі қалшы! Қайда жүрсең де тірі болшы, Тасболатым! - деп ерні күбірлеп, тайқазаннан ұзап барады. Не де болса анау мейрімсіз ажалдай төніп келгендерді ұлының үстінен бұрып әкетіп, өз жанын оққа тосып барады. Аяғынан әл кетті ме, бір тұрып, бір жығылып жүгіріп келеді. Көзден аққан тарам-тарам жасты сүртуге де шамасы жоқ, “Тасболатым, құлыным!” дегенде өзегі суырылғандай болып, көкірегіне шерлі жалын толады.

Әлгі екі-үш атты келіншекті көрмесе керек, тасырлатып өте шықты. Қиыршық тасты аспанға атқылап, дүсірлеткен ат тұяғы Аршагүлдің кеудесімен құйғытып бара жатқандай сезіледі. Шеткі үйді тасаланып артына бұрылып қарап еді, сумаңдаған қызыл жалынды өрт өз отауының шаңырағына да оралған екен, айдаһардың тіліндей жылт-жылт етіп, жалмап жатты. Ендігі беті - үлкен үй, батыр атасының ақ ордасы. Ал орданың алдындағы үлкен тайқазан қарауытып қана көрінді.

- Тасболатым! Қошақаным! Тірі қалар ма екенсің!..

Жас ананың кейін қайтар жолы кесіліп қалды. Ұялы көздің маржандай кесек жастары топ-толық беттен сынаптай сырғиды. Келіншек одан артық тұра алмай, көзге түспей жылыстап, қалың қамысқа қойып кетті.

Кейінгі жақтан қарқ-қарқ күлкі жетіп тұр. Аршагүл қанша елеңдеп құлақ түрсе де, Тасболаттың сәби іңгәсін ести алмай-ақ қойды. Нар қамысты қолымен ысырып, ауылға тесіле көз тігеді. Бұл сәтте бір жалын, бір түтін, бір шаң қамаған ауыл үстінен айырып көрінер қара-құра да жоқ еді. Тек желсіз тымық ауада ыстық леп бар, мың сан қой үйтіп жатқандай күйген киіздің құрым иісі ғана бар.

Аршагүл жанын қоярға жер таппай, ағыл-тегіл еңіреп, ерсілі-қарсылы жүгіре берді. Қамыс тілген бет-ауызы мен тұлабойында сау тамтық қалмады. Қос желпейлі етегі желбіреген ақ батсайы көйлек қанға боялды.

Бір кез қамыс арасы дүр ете қалды. Құйғыта шауып жеткен әлдебір сіліңгір қара ойрат ат үстінен от тастап кеткен еді, тұнып тұрған ну қамыс лау етіп тұтанып,

дүрілдеп жана жөнелді. Қап-қара түтін будақ-будақ көтеріліп, қызыл жалынды қуалап ала қашты. Қамыс арасында Аршагүл жалғыз емес екен. Елу қаралы торпақ-тана мен қашарлар өкіріп-бақырып, маңайды азан-қазан қылып жіберді. Көздері қанталап, тостағандай боп аларып, құйрықтарын шаншып алған сиырлар ию-қию жосып кетті. Шығынып қашқан жануарларды Шонаның жігіттері айдап, қуып әкетті.

Аршагүлдің есі шықты. Қалың қамысқа сүңгіген сайын етегі жырым-жырым боп, тынысы тарыла түсті. Кідірген сайын соңында дүрілдеп күшейген өрт қанат жайып, қаптап кеп қалды. Ендігі аяқ басысы ақыретке айналды. Ыстық жалынның лебі соғып, дем-тынысты тарылта тықсырып келеді. Бір кез көйлегінің алдыңғы өңірі қақ айрылып, етегіне шалынып, ұшып түсті. Қанша жатқанын да білген жоқ. Ес пен түстей бір елес құшағына шым батып кеткенді.

...Айлы түн екен дейді. Ай болғанда - тура он төрт жаңасы. Алтын табақтай жарқырап тұр. Қыз-келіншек, жігіт-желең ауыл сыртына алтыбақан құрып тастапты. Құдай-ау, сондағы мұның мұңсыз-қамсыз сақ-сақ күлкісі-ай десеңші! Уыз бетіне қою қызыл қан ойнап, ақ сүт дүниенің ажарын кіргізіп еді-ау! Жайшылықта көп үндемеуші еді, сол түні аузында бір тыным болмаған. Көп сөйлеп, көп күлген, сыңғырлап күлген! Тамылжыта ән салған, қайта-қайта салған. Жас дәуреннің қызығына елтіген тал бойының құдіретті сезімі сол түні алғаш бүр ашқан да болар-ау! Сол түні ауыл жігіттері “Аршагүл!” деп атын аялай атап еді-ау! Сол дірілді үндерінен оқшау сыр ұққандай қыз жанын да сергек діріл билеген-ді. Қыз жүрегін бір ысытып, бір жалындатып, бір мұздатып, кеудесіне түсініксіз әсерлі күй енген-ді. Алтыбақаннан бұл түспеп еді, жігіттер қолқалап түсірмеп еді. Тап сол түні өзіне қызыға қадалған көп көздерді көрген. Ұялып та, қуанып та көрген-ді. Қызығы таусылмас, қуанышы бітпестей болған сол түні Жауынбаймен оңаша табысқан еді. Жауырыны қақпақтай жоталы жігіт бұның алдында именіп тұрып еді-ау! Именіп тұрып, тұтыға тіл қатқан еді-ау! Қою қасы көлегейлеген қара көздерін тіктеп қарай алмай, тап сол түні “Ақсүйек”

іздеген топтан бөлініп, Жауынбай бұны оңашалап әкеткен еді. Оңаша отырып, екі жас біріне-бірі ынтыға қараған-ды. Сол қарастан оттай жанып ұялған екеу, бастарын төмен түсіріп-түсіріп те жіберген еді. Бір кез жігіт мұның иығына қол созған. Созған қолда діріл бар екен. Созған қолда ып-ыстық жалын бар екен. Қыз дір ете қымсынып қалған. Жауынбай қолын от қарығандай кейін тартып ала қойған.

Жарық ай жылжи-жылжи төмен ауып, шапыр-шұпыр жымыңдаған көк жұлдыздары сирей бастағанын байқап, жігіттен бұрын бұл есін жиғандай болып еді. Алдындағы еңсесі түсіп отырған жігіттің қолын ұстай алған. Дәл сол ұстасы серт байласқандай сезілген-ді. Сол-ақ екен Жауынбайдың бойын құрсаған меңіреулік ыдырап кеткен-ді. Қарулы қолдарымен талдырмаш қызды қатты құшқан. Құшырланып қысып-қысып жіберген. Екеуінде де үн жоқ еді. Іштей бір келісім тапқан жандарға тіл қажет пе. Қыз жүзі бал-бұл жанып бетін жігіт кеудесіне төсеген. Кәмшат бөркі сыпырылып, қолаң шашы арқасына төгілген. Жігіт мұрнына жұпар сабынның, жібек шаштың иісі келген...

Айдың жарығы бәсеңдей, көжиек ағарандай бастағанда бір шапанды жамылып екі дене бірге қайтқанды. Бір құшақ боп табысып, екі жүрек қабат соққанды. Бір тілек боп өріліп, екі арман тоғысқан-ды.

Құдай-ау, сол күнгі ғажайып таңды айтсаңшы! Қып-қызыл боп өріп шығып еді-ау! Екі жастың қызықты отауының қызыл шымылдығындай көкжиекте құрылмап па еді! Мына қызыл жалын дәл сол, дәл сондағы таңы екен ғой!.. Сол ма?!

Аршагүл жақындап қалған өртке әлі құрап жатыр. Бір кез ұшып түрегелді. Жаңағы тәтті елесі де жоғалды. Аққұба жүзі қуарып безіп барады. Ақ желең көйлектің жырым-жырым етегі ақ балтырын киіктің таңындай жарқылдатып қалады.

* * *

- Құлыным, Тасболатым! Сор маңдай жетімегім! - деп Аршагүл жылай-жылай әбден сілесі қата көгерген бөбегін бауырына басып, еңіреп жіберді.

Кешкі ымырттың ерте түннің алғашқы қара-кеугімімен білдірмей жымдаса табысатын шағында Аршагүл сүріне-қабына ауылға еніп еді. Жаулығы қисайып, қолаң шашы қобырап, етек-жеңі жұлмаланып, жығылып-тұрып аңырап жүр. Қараңғылық қоюланып, көз таса көмескілік ұйыған сайын өр қарайғанға шаншыла, әр түбірге тесіле қарайды. Қанша қадалса да, жас сорып, қызарып кеткен қос жанарға іздеген тайқазаны бір ілінер емес. Бірі бықсып, бірі түтінін бұрқыратып, бірі ысын жіңішкерте шудалантып созып, кейбірі сөніп бітіп жатқан құрым киіздің жұқанақтарын ғана қарайтып нобайлатқан көздердің басқа түк шалары да жоқ. Кібіртіктеген аяқтың адымы да ашылмайды. Шер көкірек шерменде күймен үрей құрсауында келеді. Ұлының өлігінің үстінен шығардай сескенген жүрек шіркін мұп-мүздай боп суынып алыпты. Аттаған сайын тоқтап қалардай баяу солықтайды.

Аршагүл ақыры тайқазанды құшақтай құлады. Шыңғырған даусы аспан төсін тіліп түсердей болса да, тоқтар емес. Оқта-текте шерлі ана көкірегі қарс айырыла күрсінеді.

Бір сәт даусын тыйып, дәмеленіп тың тындады. Қабынып соққан өз жүрегінің дүрсілінен басқа еш дыбыс естілмеді. “Құлыным, мен бейбақ қой сені өлтірген! Неге алып кетпедім екен? Құдайым-ай, қарғысқа ұшырағандай не пейілімнен таптым!”

Қара қазанды құшақтап, тынымсыз солқылдай түседі. Күйе жұққан қызыл бетке бір кезде он саусақтың тырнағын салып алды. Жылымшылап тырнақ ізінен қан ақты. Жаны ауырған ана оны да ауырсынбады. “Жасаған-ау, ең болмаса сәбиімді қоймадың ба? Қос уыс оттың шикі өкпесін неге қалдырмадың, шұнақ құдай-ау!”

Әлсіреген келіншек қазанды көтере алмай әлек. Өз-өзінен шошынып, бір шөкім боп бейберекет тырбандайды. Құлақты бір ұстап, бір босатады. Бір отырып, бір құлайды. Тағы ағыл-тегіл еңірейді, тағы тәңіріне мұң шағып кетеді. Айдалада арманды тілек аңырайды.

Аршагүл күрт тыншыды. Жүрелеп отырды да,

қазанды лып еткізіп көтеріп тастады. Көтеріп тастады да, жеңсіздің үстінде иткөйлекшең ғана қыбырсыз жатқан нәрестеге қадалып отырып қалды. Ес-түс жоқ. Екі қолын кезек тістелей береді.

Бір сәт, о тәңір, нәресте қимылдағандай болды. Сол-ақ екен, құлындағы дауысы құраққа шығып, ана баласын бас салды. Тағы да ағыл-тегіл жас ақты. Енді бар тұлабойы иіп, ағып сала берді.

Ақтұмсықтан сылаң етіп ай көтерілгенде, түн ортасы болып еді. Лүп етіп самал есті. Беймарал тыныштықта бір кезде әлдебір дүсір алыстан талып естілді. Аршагүл елеңдеп отыр. Күтері жоқ, күйігі көп көңілдің секемі қандай күшті. Байғұс ана ақ мамасын аймалай еміп жатқан Тасболатын бауырына қыса берді.

Әлгі дүсір жақындап қалды. Шоқытып келе жатқан жалғыз аттың қатты жүрісі ауылды бетке алыпты, әрі-беріден соң қарайып өзі де көрінді.

Аршагүл орнынан тұрды. Кім де болса бейсауат жолаушыдан көмек күтердей сыңайы бар. Тәлтіректеп қарсы жүріп, бетпе-бет келгенде танып қалды.

- Куатпысың?!.

Осыдан кейін не болғанын білмеді. Күнұзынғы азап тартқан ақыл-естің шыдамы соған ғана жетсе керек. Келіншек құлап бара жатты. Ат үстінен домалап түскен Қуат Аршагүлді сүйей берді.

Тасболатты құшағына алып, жүресінен отыра кеткен батырдың еңсесі түсіп барады. Қасындағы шапанының үстінде бүк түсіп жатқан келіншекке де қарамайды. Әлдебір өксікті өкініші бітпес ыза мен шер өне бойын кернеп алды. Мұрны пысылдап анда-санда тамсанып қойып тәтті ұйқыда жатқан нәрестеге қадалған көздеріне үйірілген жас толды. Мөлт етіп шығып, кептеліп қалыпты. Үзілмейді. Тамбайды.

“Сорлы, жетімек! Батыр атаңды ғана емес барша қазақты қапыда қалдырған осынау күнді өгейсіп өсермісің? Жазықсыз, мазлұма! Кек алар күнді көрермісің”.

Нәрестенің бейкүнә мұңсыз-қамсыз түріне қадалған сайын бар жанымен қалтыраған батыр іштей үнсіз егілді.

Сүт пісірім уақыт өткен соң, Аршагүл ыңыранып

қалып, есін жиды. Басын көтеріп Қуатқа қарады. Нәрестесіне қарады. Содан кейін ah ұрып, жылай көтеріліп келіп, Қуатты бас салды.

Таң құланиектене бір атқа мінгескен олар ақбұлақтан ұзай берді. Ақбұлақ болса, осыдан бастап “Садыр қамалған бұлақ” деп аталатынын сезе ме, іштен тынған жандай жай ағып, дыбыссыз құлдилайды. Тым момақан. Қираған жұрттың тұсынан өтерде, ағысын баяулатып кінәсін мойындайтындай тіпті сұлық қалыпты. Айнамкөлденіп жатқан беті жыбыр-жыбыр етіп басылып, әлсіз күрсінетіндей. Кешегі Садыр руынан тірі қалған жалғыз Тасболат - қырқынан да шықпаған нәресте - анасының зарына мұндық іңгәсін қосып жаңа ортаға, бөтен ошақбасына кетіп барады.

4

Талас өзені сыбырлай ағады.

Көктем туғалы осы күмбір-күңгір күлкісі күн өткен сайын күшейіп, маңайды тегіс оятып бара жатқандай сезілетін.

Бүгін түн айсыз, аспан жұлдызсыз. Тұс-тұстан қап-қара жабу салбырағандай ештеңе көрінбейді. Әне жерге де, мына жерге де меңіреу ұйқы ұялап қалғандай.

Даланың өңі түнере жабылған қара кірпіктен айырғысыз. Сызат ап, ашылып кетер жанар жоқ. Маңай түгел ұйлығып, қоп-қою боп кілкіп тұрған қараңғы қапас құшақта.

Тыншымайтын Талас. Осындай меңіреуде тау мен далаға тірлік белгісіндей үн салып, дауыс беріп, өлі түнмен таласып жатқандықтан атын Талас деп қойды ма екен? Әлде қырғыз, қазақ екі елдің бір өзенді таласа тел еміп жүргендігінен Талас аталды ма, өзен дағдылы тыншымас машығынан көктем түнінде де жазбай тұр.

Бұл түнде Ошаған бидің кенже ұлы Дәуленнің отауында ойын-сауық қызып жатқан. Мұнда бидің асыл қонағы - немересі Бексана мен күйеу баласы Жандыр бар. Бірнеше күннен бері қонақта болған бұлар ертемен өз ауылына қайтады. Сол хабарды

естіген Дәөулен бүгін сүйікті қарындасын елінің ойын-тойымен шығарып салмақ болған-ды.

Отаудағы ойын-сауық түнімен созылды. Жандырдың аға жолдасы - әнші жігіт Түйте батыр Арқаның асқақ әндерін көп-көп құйқылжытты. Мына Жетісу елінің майда әуезді қоңыржай әуенді өлендерін де біраз шырқады.

- Пай! Пай! Нағыз өнерлі жігіт екен!

- Құлақ құрышын бір қандырды, әкем тегі!

- Тағы да, тағын жырлап жібер, Түйте бауыр!

- Қызталақтың саңқылдаған дауысы-ай!

Ән күйге, күй қайтадан әнге кезек берісіп, біраздан соң “Хан жақсы ма?”, “Көршің қалай?”, “Мыршым”, “Лаппай тұтпайларға” жалғасты. Бұл түнде ойналмаған, ескерілмеген ұлт ойынынан ештеңе қалған жоқ.

Қыза-қыза келе екі жақ айтысып кетті.

Қосарланып отырып алған екі қыз қоңыр әнмен Жандыр күйеуді айтысқа шақырды.

“Жігіт алғыр болса, алғаны - аққудың көгілдірі дерсің. Ол - көз қуанышы, көл еркесі. Сымбатымен сүйсіндіреді, мінезімен сүйіндіреді. Жігіт қарау болса, тотысын торғай, жібегін жүн етеді” дейтін сияқты тұспалмен қағыта берген соң, Жандырдың көз тастасын ұға қойған сергек Түйте тез еңсесін тіктей оңдалып алып, жорға термемен төпелей жөнелді. Шамға тимей сыпайы қалжыңмен, “торғайды да тотыдай мәпелейтін рәсіміміз бар. Жүнді де жібектей қадірлейтін дәстүріміз бар” деген келісіммен айтысты тез бітірді.

Дәуленнің келіншегі Рухия кең көйлегін шұбалтып орнынан жайлап тұрып барып, сәлден кейін үйге ас келтірді.

Қонақтар сыртқа шығып, қолдарын жуып, дастарқан басына отырды. Табақты әкетісімен жұрт үйді-үйіне тарай бастады.

Рухия қайынсіңлісіне күле қарады.

- Еркем, төркіндеп келіп көңілімізді көтеріп тастадың. Аттанайын деп отырсыңдар, қалауыңды айт! - деп әдемі жүзін түгел бұрды.

Бексана бұрынғы қыз күніндегісіндей сүйікті жеңгесіне еркелеп келіп құшақтай алды да, кенет

шегініп кетті. Бүйіріне толқын соққандай бір леп білініп еді. Рухия тағы жымиды. Сыбырлап жатыр.

- Тентек ініңнің әкпесімен амандасқысы келген ғой!

Бексана жеңгесін қатты қысып сүйіп алды. Осынау момын да қылықты Рухия басқа жеңгелерінен гөрі өзіне жақын болатын. Ағасымен отасқалы үш-төрт жыл өтсе де, пұшпағы қанамаған жеңгесінің кей-кейде бұйығы тартып ақырын ғана күрсініп, кеудесінен лықсып шығатын дәрменсіз күрсінмен ішкі шерін ақтаратынын ұғушы еді. Қазіргі балбұл жанған жүзіндегі бар-бар қуанышы сонау үнсіз сағыныштың өтеуін түгел қайтарған болашақ ана бақытының нышанын сездіріп еді. Қадірлі, ыстық жеңге - сыр мінез Рухия ата шаңырағының ең қимас, аяулы ұясындай тіпті ынтық тартып сала берді.

- Жеңеше, қалауымды берсең - басқа басқаңа түк қызықпай осы өзіңді әкетер едім-ау. Ең болмаса құлағымда өзіндей боп үнің жүрсін. Бір ән салшы! Қалауымның ең үлкені - сол! - деді Бексана.

- Еркем-ау, менен ән қалғаны қашан. Мен әнші ме едім. Не айта алушы ем, - десе де, Рухия қайынсіңлісінің көңілін қимай бір ән бастады.

Жандыр ә дегенде қатты елең етіп еді: бұрын-соңды өзі естімеген бір бөлек әуен майда ширатылып басталды да, әлде мұң, әлде аңсау тәрізді жүректің ұшынан тұтанатын шексіз дірілге жалғасты. Бұндай оқшау әсерді бұрын-соңды ән тыңдап жүріп кездестірмеген ол, бар ықыласымен ұйып тыңдап, ән ырғағына тегіс берілді. “Апыр-ай, әнде де тап мынадай сиқыр болады дегенге бұрын айтса сенбес едім. Рухияның жан дүниесі сөйлеп кетті-ау! Әлденеден қуаныш күте ме, сол қуанышын қорғалап сақтық айта ма, тегі, құбылысы сонша мол саз екен! Рақат тапқан көңілдің күрсінісі неліктен? Неден үрікті? Үркіткен қорқынышы неден туды? Бексана, жеңгеңнің сырын, мәнін ұғыпсың-ау! Рахатын түсінем, күрсінісі неліктен? Мынадан артық қандай қалау болсын. Жоғалған бақыт оралғандай, оралған үміт жоғалғандай егіз күйді қатар сиғызған нақысты қат-қабат толқытқан, Рухия, сиқырдан сенің нең кем! Айтшы, айта түсші!..”

Бексана демін ішіне тартып жеңгесіне жас толы көзін қадап, үнсіз отырып қапты. Сергек, сезімтал Рухияның мына шырқауы - сүйікті қайынсіңілісіне деген адал көңілі де, сағынышы мол қош-қошы да, алыстап кеткенде уайымдамай жадырап, жат көрмей құлпырып жүрсін деген жанашыр тілегі де сияқты. Мына әні - жан жаратқан табиғат-болмыстан тұла-бойына сіңірген сүйініш нұры да, ана махаббаты да, сәбидің ерке былдыры да бон келіншек жүрегіне бал тамшысындай сорғалап барады.

Ән біткенде Түйте шыдай алмады.

- Түу, тіфә, тіфә! Әннің дарылдақ сыртын бағып, нәрлі ішіне үңілмей, қор қылып жүр екенбіз-ау! Рухия, сенің алдыңда ән салып мен шіркін де босқа қызыл кеңірдек боппын-ау! Рақмет! - деп аңқылдап ағынан жарылды.

Ертемен қонақтар аттанды.

Ошаған би Бексананың маңдайынан сүйді.

- Қайда жүрсең аман бол, қарағым. Енді көре алармын ба, көрмеспін бе, Аралбайдай әруақты атаңды сыйлап, ақ бәйбіше енеңді қадірлеп өт. Жарыңа, Жандырыңа жолдас, ауылыңа инабатты бол, жүдә тегі. Құдай бұйрығы деп әзірше ырзықты дәмді теріп жеп жүрмін. Мен айтсам, ояқ-бұяқтан кеп қалған көп тықырдан өрбіген күдігімді айтам. Желмаясын жосылтқан Асанқайғы да, қобызын боздаткан Қорқыт та өмірден өткен. Бұл пәниде өлмейтін сайтан ғана. Әкем тегі, менің азап шеккен күйікті халімді өзің, өзің ғана ұғушы ең ғой, қалқам Бексанам! Бүгін соның бәрін ұмытып бір желпініп тұрмын. Ол да сенің барған жерінде сыйлы болғаның, ата даңқын бұлдамағаның, қызым. Уай, жылама! Жасыма! Мен жыламаймын. Жылай-жылай не тындырдық. Мен өлсем, артында елің, жерің қалады, қызым. Аңсап кеп, әлі талай ораларсың атажұртыңа. Сол кезде мені елеп, қабіріме келсең, бір аунап түсермін. Сау бол! - деп тағы да немересінің маңдайынан сүйіп, батасын берді.

Рухия қайынсіңілісімен жылап қоштасты. Көңілі қатты босап, қаракөзден бұла-бұла жас ағызды.

- Еркем, бақұл бол! Көре алмаспын енді...

- Қой! Оның не?! Жаманатты айтпа, - деді Бексана жеңгесінің жүзіне тіксіне қарап.

- Еркем, мен бар ғой осы бірдемені сезем. Рас айтам. Ғұмырым азайып бара жатқандай, мына кең дүние біртүрлі өзін аңсатады да тұрады, - деп Рухия деміге сөйлеп, Бексанаға бір түйіншек ұстатты.

- Бұ не, жеңеше?!

- Кейін ашып көрерсің. Ал, енді жолыңнан қалма! Күйеужан, еркемді жылатпа. Өзіңе тапсырдым, қамқор бол!

Дәулен қарындасын Таластың арғы жақ бетіне өткізіп, қозыкеш жерге ұзатып салды.

Бексана енді ғана түйіншекті ашты. Бір шөкім топырақ салған тұмар, тобылғыдан тізген алқа, кестелі орамал, бір тал жусан түйіліпті.

Бексана ат үстінде теңселіп кетті. Іші түгел босап, көмейіне ащы өксік кептеле тығылды. Алқаны Дәулен ағасы Рухия түскен жылы өзі жасаған. Сонда бала Бексана қатты қызығып еді-ау! “Ағасының көзі ғой енді бұл. Орамал - жеңге сәлемі, топырақ - туған жер белгісі, жусан - ауыл исі. Бәр-бәрін түгендеп беріпті-ау асыл жеңге!” Қыстығып ұзақ жылап, Бексана сұлу атамекен жұртынан ұзап барады.

Жандырлар аттанып кеткеніне тура үш күн тол-ғанда Ошаған бидің ауылы үлкен дүрбелеңге ұшырады.

Ертелетіп Рухия толғатып тұрды. Тездетіп желбау құрылып, әйелдер әбігерлене ерсілі-қарсылы кіріп-шығып жүр. Ошаған би белін буынып алып, үлкен үйде қайта-қайта құмалақ салып, сүйініш хабар тосады. Қанша шашқанымен құмалақ дұрыс ашылмай, дүмбілез көңілге әлдебір күдік жайлатып, тұйықтана берген соң, екі қолымен жер тіреп, орнынан тұрды да, тысқа беттеді.

Күн құлақтанып тұр екен. Талас аяқ астынан бүліне қалыпты.Бұрқ-сарқ долданып, күндегісінен суы көбейіп, шуылы ұлғайып,ғаламат гүрілге басайын деп жатқандай.

Ошаған таяғына сүйеніп, бір орында тұрып қалды.

Отаудан әйел дауыстары үзілмейді. Бірі кіріп, бірі шығып етектеріне сүрініп жығылардай мұрындарына су жетпей жүр. Дүрсілдеп есік алдында келі түйіліп, тездетіп жерошақтарда “жарыс қазан”көтеріліп жатыр.

Ошаған таяғына сүйеніп әлі тұр.

“Раббим қадыр, дүниеге кішкене нәрестенің келуі де үлкен оқиға-ау! Мен келем, жаңа өмір келем!” деп жар салғандай бүкіл ауылды аяғынан тік тұрғызып әбігерге түсірмесе, бәтшағар, адам болар ма еді. Хай-уаннан адамның артықшылығы да сонда әне, жүдә тегі. Тумай жатып көңілді күпті ғып бітеді-ау шіркін! Рухия келінім нағыз азаматым-ақ қой! Аман-есен жаны қалса екен! Байғұстың да қуанышы мол еді. Раббим қадір көп қуанышты кейде келте қайырғыш болушы еді... Апырай, не ойлап барам? Жасаған хақ, жаман-дыққа жорыма! Жори көрме! Жақсы көргендіктен жа-ным езіледі де. Адам туу оңай ма!Ұзағынан сүйіндірсін.

Көктем шығыпты-ау! Өтіп бара жатқан өмір-ай десеңші! Кеше ғана жалаңаяқ бала едім. Міне, жетпістен де асып барам. Жеткізбейтін үміт көп. Үбірлі-шүбірлі болған кезде де арман шіркін еселей береді екен-ау. Қараторғай келіпті. Ұя салып жатыр. О да болса өз тірлігін,өз ұрпағын қалдырмақ артында.

Өзен тасыр ма екен? Биыл ерте тасымақ па? Бұ шіркін де аяқ астынан мөңкиін дегені ме? Әне бір кейуана жүгіріп шықты ғой! Сүйінші сұраса, сандықтағы жамбыны бергізейінші. Бәтшағар неме, қайда бұрылды?! О несі! Көрмей ме? Кіріп кетті ғой қайтадан. Әкем тегі, маған не боп барады?”

Ошаған ақсақал тізесі дірілдеп, таяғына сүйеніп ауыл сыртына беттеді. Ақ сақалы желбіреп оң иығына шығып кетіпті. Шапанының екі етегін қаусыра ұстап ап, екі бүктетіліп қалт-қалт адымдайды.

Қарсы алдынан құйғыта шауып әлдекім жетті.

- Көке! Кө-ө-ке-е!

- Не болды?! Неге айқайлайсың? Елдің бәрін саңырау көремісің, мұндар неме!

Шал ашуға булықты.

Дәулен атынан секіріп түсті.

- Көке! Тез көшейік! Жау кеп қалды!.. Жау!..

- Не дейді? Не деп тұрсың?!

- Көке! Таластың жоғары тұсындағылар түгел қырылып жатса керек. Шұбаған жұрт! Жаяу-жалпы Қаратау кетіп барады. Тез қимылдамасақ, біз де құримыз!

Ошаған отыра кетті.

Ақ сақалға бүртік-бүртік жас тамды.

- Әй, Рухия толғатып жатыр. Бір күн аялдайық, ә...

- Ойбай, көке-ау, не айтып тұрсыз? Бір күн аялдасақ, олар осында келмей ме, - деп Дәулен күйіп-пісті.

Ошаған есеңгіреген күйінен тез айықты.

- Балам, бір қағида айтайын. Асықсаң да, құлақ сал. Енді мендей ақыл-кеңес берер саған кәріқұлақ табыла бермес.

Баяғыда бір тышқан көршісіне келіп, “естідің бе, Мысық батырың Арыстанның торына түсіпті. Енді ұйқымыз тыныш, күлкіміз күміс болар” депті. Сонда екінші тышқан: “Әй, қайдам? Мысықтың тырнағына кездескен Арыстанның күні не болар екен? Дүниеде Мысықтан күшті аң жоқ қой” депті. Естіп отырсың ба, балам. Сендей қорқақтарға ойраттан күшті жау жоқ. Ал оны күшті деп қашып жүріп жан сауғаласандар - оларды жеңу тағы жоқ. Осымды ескере жүр. Бар! Көшсін ауыл. Ана Рухияны өзің ықтиятта. Жол үсті ауыр тиер. Ауыр тигенмен амал қанша...

Ауыл әп-сәтте азан-қазан болды. Туырлықтар сыпырылып, шаңырақтар алынды. Түйелер бақырып, иттер ұлыды. Бие сауым уақыт ішінде көштің алды жолға түсті.

Дәулен манадан бір орында шөгіп отырып қалған әкесінің қасына тағы шауып келді.

- Ойбай-ау, көке, неғып отырсыз?! Жүрмейсіз бе?!

- Дәулен, кел! Отыршы қасыма!

Дәулен шылбырын шұбата атын жетектеп кеп, өкесінің алдына тізе бүкті.

- Балам, мен алғаш есімді білгенде естігенім мына өзеннің шуылы болатын. Онда қамысы нардай, жарқабағы таудай көрінетін. Алғашқы шыққаным - осы төбе болатын. Дүниенің талай асқарын көрген маған салсаң, дәл осынау төбеге шыққанда кеудем ашылып, тынысым кеңіп сала беретін. Осы арада анау аспанды да алғаш көрген едім. Осы арада отау көтеріп, сендердің де қуаныштарыңды қызықтадым. Кіндік байларым - осы төбе! Жетпістен астым. Енді жетпіс

тұрмақ жеті жыл жасар ғұмырым жоқ. Ендеше, қу сақалды күзгі селеудей желкілдетіп босып кеткенде, өзегімді өртеген өкінішімді қай қуысыма сидыра алам? Мен қаламын!

- Не дедіңіз?! Көке, есіңіз ауысқаннан сау ма?!

- Есім дұрыс, балам. Жаным өртеніп отыр. Бірақ оны су сеуіп сөндіре алармын ба? Безіп жүріп байыз табармын ба? Мені әурелеме. Өзің жолыңнан қалма. Рухия келін аман-есен босанса, Ошаған әкең өлмегені. Қол жиып оралсаң, кек аларсың. Әкеңнің сонда үміті ақталғаны.

- Қашып барамыз ғой, көке!..

- Е-е, кім қашып, кім саспаған. Бір ертек бар. Былай екен. Бір бүркіт шың-құзардан ұшып кеп тасқа қоныпты. Содан әлгі тастан екінші тасқа ұшып барып қоныпты дейді. Бүркіттің ерсілеу қылығын көрген тауық: “Бүркіт, бүркіт дегенге соншама кім десем, қанаты, көзі, аяғы өзіміздікіндей тастан-тасқа секендеген бір жабайы ғана құс екен-ау! Тастан-тасқа мен де секеңдей алам!” депті. Тауықтың тәлкек еткенін естіген бүркіт мырс етіп күліпті де: “Дұрыс айттың, тауығым. Әйтсе де бүркіт тауықтан да төмен құлдилағанымен, бірақ тауық бұлттан да жоғары шыға алмайды ғой” депті. Қаштық қой дейсің. Қашқан ердің қуатын күні де туады. Қазақ тауық болған емес. Қыран боп туған, қыран боп өледі. Осымды ұқ! Батамды ал! Жай қолыңды! - деп ернін күбірлетіп іштей қайырды. - Жортқанда жолдасың Қызыр болсын, балам! Жолыңнан қалма.

- Анау ауылға не айтам?

- Үндеме. Ешкімді ешкім біліп жатқан жоқ дәл қазір. Кейін естіген жан дұрыс түсінер. Мені жазғырмас. Қашып кетсем - жазғырарым көп. Тауым да, өзенім де, жерошағым да, тіпті, отымның орнындағы күлім де жоқтайды онда. Мен кетсем, көрі сүйегімді мұнда қайта өкеле алмаймын. Онан да алланың ақ бұйрығын осы арадан күтейін. Еңкейші, Дәуленім, -деп сөзінің аяғын сыбырлап бітірді. Кеберсіген суық ерін ұлының маңдайына болар-болмас тиді де, енді қайтып ашылмай бүрілді де қалды.

Дәулен әке көзінен үзіліп түскен қос тамшы жасты

көрді. Содан әрі жанар да, әжімді жүз де кілт суынып, оқшау сұс тауып, мелшиіп қалды.

Дәулен қош-қошын үнсіз айтып кеудесін иіп, басын изеді. Шұбаланған созылып ерге әрең қонды. Әулиедей табынған ардақты әкені тірідей жау қолына тастап, еш шара жасай алмай булығып жылап барады. Ес білгелі қаза көргені осы. Тірі қаза!Ат жалын құшып, жасын сығып-сығып алды да, бұрылып артына қарады. Көз ұшында қонақтап отырған қара бүркіттей қонжиып көкесі бұлдырап шалынды. Алыстаған сайын даланың бір томпақ қорған - қорымына ұқсайтындай төбе кішірейіп барады. Өткен-кеткенге болмашы ғана жоба-белгі беретін жалғыз қарауылдай осы төбе кейінде “Шал қалған” төбе, кейде “Би төбе” аталып, ел аңызына арқау болыпты.

* * *

Батыстан тоқымдай қара бұлттың қалқып шыққаны сол еді, сыбызғылатып жел көтерілді де, әп-сәтте аспанды тегіс бұлт торлады. Талас қаһарына күрт міне долданып, тау-тау толқынымен жарқабақты гүрсілдете сабалап, астан-кестен тулады. Жайқынында дөңгеленіп иірім жүгіріп, шұңқырайып кетеді де, іле әлгі шүңірек құрдымды тіп-тік көкке атылған нар толқындар көміп тастайды.

Жел күшейді. Дауыл көтерілді. Айнала лезде меңіреулене қалды. Кешке қарай жауын сіркіреп басталды да, арты қалың нөсерге айналып, төпеп құйып кетті. Күн райы жаман бұзылды. Асығыс босқан ауылдың жұртында қалған қазан-ошақ, түюлі тең, буулы жүк, кереге-уықты шайқап-шайқап алды да, бір кезде қаңбақтай домалатып апарып, долы Таластың қойнына күмп-күмп ұрды.

Жаңбыр шелектеп құйып тұр. Толастайтын түрі жоқ. Демін ішіне тартып ышқына соққан көктемнің теке бұрқылы сар даласы емін-еркін кезіп кетті.

Ошаған отырған орнынан қозғалған жоқ.

Өкпек жел сүйек-сүйегінен өтіп, суық жаңбыр тұлабойын түгел шылады. Жағаға гүрс-гүрс ұрып жат-

қан долы өзен әлдекімге, не әлденеге қапаланатындай аяқ жағында бір тыншымайды.

Қап-қараңғы боп жұтып жіберген түн бе, ақырзаман ба - айырып болғысыз. Төбеден сарылдап жауын құйылса, төрт тұстан ұйтқып соғып жел еқіленеді.

“Құй, құя түс! Жаудың найзасынан сілейгенше, өз ажалымнан ұшып өлейін. Менің қозбаған ызам боп, оянбаған намыс-налам боп бұрқан, өзенім! Қазақ боп шула! Аңыра да еңіре, жел! Мен айта алмаған, ел азалай алмаған көп мұңлықтың жоқтауын сендер айтыңдар! Мүмкін сенің маған емес, ана жыртқыш жауларға атқан жасылың ба екен мына ширығуың? Ат онда! Мені ұшады екен деме. Қатулана түс, қатая түс, дауыл! Көрсін қазақ жерінің дауылы да қаһарлы күш екенін!”

Таң ата жауын басылды. Көп кешікпей алыстағы таудың басынан күн сығалады. Күннің қызғылт сәулесі алдымен төбеге түсті. Одан төмен сырғанап барып, дәл қазір тыншып аққан өзенге сұңгіді. Өзен қан боп аққандай алаулап кетті. Әлсіреген денесін тіктеп, басын көтерген Ошаған өзенге көз тастап, түршіге тіксінді.

- Қан!.. Қан аға ма?! Қан ғой ағып жатқан!..

Суық түн, суық жауын, азапты жалғыздық биді бір-ақ күнде күрт жүдетіпті. Өңі қашып, екі ұрты суалып, қос өкпесі қабынып, тынымсыз күрк-күрк жөтеліп отыр.

Күн сәскеге тырмыса жер түбінен түйдек-түйдек қыбырлаған қара шоғыр көрінді. Түстікті түгел жауып, көкжиектен асып түскен қалың дүлей жақындап келеді. Түнімен жауған жаңбыр жердің шаңын басып, шалшық-лайды молайтып кетіпті. Әйтпесе мұншама тұяқ астынан аспанды жерге, жерді аспанға жалғайтын тұтас перде - қою шаң көтерілер еді.

Тұяқ дүбірі таянған сайын ми шаққандай сарт-сұрт дыбыстар жаңғырып, ию-қию үндерді қаптатып жіберді.

Бұл - мың қолымен алда жүрген Сыбан-Рабтанның үлкен ұлы - Қалдан-Серен қосынының қолбасы Манжу еді. Жолындағы кездескен бейбіт, бейқам ауылды өртеп, малын айдап, жанын қырып жалақтап,

әлі бетіне қарсы келер күш көрмей әбден еқіленіп алған-ды. Қолға түскен қазақтың құйрықты қылшық жүнді қора-қора қойын, бірнеше түйеге артқан қап-қап ірімшік-құртын, бидай-тарысын бағу, күту, қору үшін шал-кемпірлерді ғана тірі қалдырған-ды. Олар да кейінде келеді.

Жасақ көшкен ауылдың үстіне кеп еру жасады. Жұртта қалған дүние-мүлікті таласып, қырқысып ойраттар пышақ үстінен бөліп алды. Екеу-екеу боп төбелесіп қалғандарды ат үстінен шықпыртып жүрген жүзбасылары да бар.

Көп ұзамай қора-қора қой көрінді. Жалақтаған шеріктер қасапшыдай екі білектерін сыбанып алып, жүз шақты қойды жайратып салды. Сарылдап қан ағып, Таласқа құйылды.

Күтушілер қосынан үш-төрт әйелді ертіп әкеп, қолбасыға арнайы тамақ даярлатып жатыр. Қалғандары қойдың бұтын-бұт, қолын-қол етіп әр жерден от жағып, қақтап пісіруге кірісіп кетті.

Ошаған обаның түбінде қыбырсыз бүрісіп отыр. Қарны ашыпты. Етектен түтін мен шыжғырылған май иісі жеткенде, шегі шұрылдап, көзі қарауытты.

Қолбасының бес сайлы жорық шатыры тігілісімен оншақты нөкерінің қоршауында Манжу шатырға енді. Бір кезде топ-топ қылып тұтқындарды шатырдың қасына айдап келді. Қолдарын қайырып байлап тастапты. Тұтқын айдаушы шеріктер өрім-өрімі шыққан міскіндерді ара-тұра қамшының астына алып қояды.

Келгендердің бірі, сірә, жүзбасы болар шатырға кіріп кетті де, көп ұзамай қайта шықты.

Жүзбасы көп сөйлеген жоқ. Шеріктеріне қысқа-қысқа бұйрық берді де, жерде құлап жатқан бесіктің үстіне шалжиып отыра кетті.

Тұтқындардың қолын шешті. Шеріктердің бірі жігіттерге “Қаш!” деген белгі білдірді. Тұтқындар сіресіп, қозғала қоймады. Сол-ақ екен сарт-сұрт қамшы ойнап, қазақ жігіттерінің басы-көзіне жауып кетті. Тағы да “Қаш! Қашыңдар!” деген бұйрық берілді. Қанша дегенмен жан тәтті ғой, жігіттердің әлдебір жасөспірімі жалтақ-жалтақ қарап тұрды да, бүгежектеп

безе жөнелді. Ұзап барады. Ешкім қуған жоқ. Соны көріп далбасалаған және екі-үшеу дедектей қосылды. Қашқандар елу адым алыстамай-ақ зу-зу жебе ысқырды да, әлгілерді жалп-жалп ұшырып түсірді.

Ошаған отырған жерінде күңіреніп кетті.

Тағы да “Қаш! Қаш!” деген зілді бұйрық қайталанды. Дәл осы кезде күтпеген тосын жағдай болды. Жігіттердің бірі көз ілеспес шапшаң қимылмен атылып, жауының бірінің қайқы қылышын жұлып алып, бесік үстінде жалпиып отырған тұтқын айдаушылардың бастығының қасына жетіп барды. Қылыш жарқ еткенде, бас домалап жерге түсті. Жауырынына кірш шаншылған найза қайран намыскер жігітті де мәңгі мекеніне аттандырып жіберді.

Осыдан кейін ойрат қанішерлері аянбады. Тұтқындарды тұрған жерінде түгел турап тастады. Осының бәрі көзді ашып-жұмғандай уақытта тез бітті. Өліктер тау болып үйіліп қалды. Жендеттер сұлап жатқан басшысының денесіне де қараған жоқ. Қылыштарының қанын сүртер-сүртпестен қынабына сала сап, ет қақталып жатқан от басына жүгірді.

“Жыртқыш! Анық жыртқыш! Әне, бит сыққандай шімірікпестен-ақ тамаққа ұмтылды. Қайран бейкүнә қазақ! Ссылай тоз-тоз боп өлгенін, бе? Бұлар сені аясын ба. Сенің жерің, малың ғана керек. Өлігіңді тау-тау үйіп, қаныңды Таластай ағызады. Сенің азайғаның, құрығаның - олардың іздегені! Әйтпесе, бұрын-соңды дәл осылай тірі адамды қойдай бауыздаған жыртқыштықты кім көріп еді? Қайран боздақтар-ай! Қалай ғана қолға түсіп қалдыңдар екен? Қапыда қор болдыңдар-ау! Осылай жер бола бергеніміз бе? Әттең! Әттең-ай!” деген Ошаған қария ызадан жарылғалы отыр.

Бір кезде қолбасы шатырынан біреу шығып, қазан басындағы әйелдерге барды. “Тездет!” деп дігерлеп тұрса керек. Әйелдер отты лаулатып жағып, көбік қалқып, тез-тез қимылдай бастады. Басындағы күндігіне күйе жұққан қартаң әйел астың тұзын көргісі келді ме, ожаумен іліп алып, аузына апара беріп еді, әлгі шерік әйелді қамшымен тартып-тартып жіберді. Оны да азсынғандай бір жұлқып етпетінен түсірді де, ырыс-ырыс тепкілей жөнелді.

Ошаған би шыдай алмады. Төбеден айқайлай жүгірді.

- Ұрма! Тиіспе әйелге! Жауыз! Жа-а-уы-ыз!

Дауыс шыққанда отырғандар да, шатырдағылар да жүгіре шығып, үрпиісіп ұшып-ұшып тұрып, қаруларына жармасты.

Ошағанды оп-оңай байлап алды. Ошаған әлі айқайлап жүр:

- Ұрма! Ұрмаңдар ананы! Ұрғызбаймын!

Қарияны шатырдың алдында түксиіп тұрған Манжудың алдына дырылдатып сүйретіп әкелді.

- Кімсің? Қайдан жүрген қаңғыбассың?

Ошаған ашудан дірілдеген денесін жиып алды. Езуіне мысқыл күлкі жүгірді.

- Әй, сен мені қаңғыбас деп қорлай алмайсың, жүдә тегі. Мен өз жұртым, өз топырағымда тұрмын. Мен - Ошаған бимін! Мына бұлақ - менің жайлауым! Ана өзен - менің Таласым! Қаңғыбас сенсің! Сен мұнда қаңғып келген! Сенсің!

- Ошаған би, халқың қайда? Қатын-балаң қайда? Биін жұртқа, жұртын жауға қалдырып кеткен еліңнен ерлік күтесің бе? Шыныңды айтшы.

- Ерлік біреумен көбеймейді. Мен қалсам, ұлым кетті. Ұрланып жеткен сендерге ұлы күшімді әкелуге кетті. Жұртым кеткенмен жұртым, ошағым қалды. Қайта оралады. Сонда сенің күнің не болады? Соны ойладың ба?

- Келмейді енді ол күнің! Қазақты түгел қырып саламыз! Өзеніңді өлікке толтырамыз!

- Жоқ! Қазақты қыра алмайсың. Сен де, сенің артыңа ергенің де түгел қарақшы. Жат жердің жусаны да жау. Өткізбейді!

- Ошаған би, алды-артыңа неге қарамайсың? Қазақты қырып, қырғындап келе жатқаныма он шақты күн болды, селт етіп қарсы көтерілген бір найзаны көргем жоқ. Осы сен мені, Манжу қолбасыны неңмен қорқытып тұрсың ә? Қалтақтаған кәрі шалдың қоқанлоққысынан өтім жарылып кетеді деймісің? Сегіз тұстан сегіз түмен Жоңғар хандығының қолы сайсайдан аққан кәрлі өзендей Жетісу мен Сыр бойына ақтарылып кетті. Қазақ сол тасқынның астында

қалады. Сенің Әбілқайырың да, Болатың да, Барағың да, Сәмекең де қуыс құрай. Ал Төле би мен Қаз дауысты Қазыбекті сұлтандар бұрынғыдай тыңдамайды. Еліңді бастайтын кімің бар? Батырыңның көбісі қыстау-қыстауында бір шайқасуға келмей қырылып қалды.

- Уай, қолбасы, сен сексен мыңыңмен кімді қорқытасың? Бүкіл бір халықты жоям деп босқа күпсінесің. Сен бөрілігіңді ерлігім дейсің. Ананы ұрып, баланы бауыздап қай ұшпаққа шығарсың? Ананы қорлаған жауыздық жер жастанатын. Сен де, сеңдердің хонтайшыларың да дәл осы менің жерімде әлі-ақ көмусіз қаласыңдар. Сонда мына сияқты әр төбесі, әр бұтасы, әр сайы “қалмаққырылған”, “ойрат өлген”, “жау қашқан”, “Жоңғар жеңілген” дейтін ат-атауға ие болады. Қылыш көтерген қылыштан өледі. “Біреуге ор қазба, өзің барып түсерсің!” деген қазақ мақалын білесің бе? Сендерді шақырдық па? Ал өздерің қан іздеп қанішерленіп келсеңдер, қан жұтып қазаларыңды да аларсыңдар. “Қысасқа қысас, қанжарға қанжар, сертке серт!” дейтін ата-баба дәстүріне ит сарып кетпесе, тірі қалатын бірің табылмас! Әне, осы менің сенімім! Масайрай түс, күнің санаулы, бәрібір. Қорқаудың көзі қан, көкірегі қара. Қара көкірегің қара бұлтыңды төндірер төбеңнен! Сонда көмусіз қаларсыңдар, жүдә тегі! - деп Ошаған би әлсіз бұлқынып қалды.

- Әй, сен төбет, менің қасымда боласың! Бүгіннен бастап, батырыңның - қатын, қатыныңның - отын болғанын өз көзіңмен көресің! Сенімен енді басқа сезім жоқ. Сол кезде қалай сөйлегеніңді тыңдармын. Шешіңдер қолын! Алжыған шал қайда барар дейсің:

Ошағанның қолын шешкізді.

- Ей, қанішер! Мен әлі айтып болған жоқпын.

- Е-е, не айтушы едің? Жұртта қалған бұралқы ит ұлымаушы ма еді. Ұлығаныңды қайтем?

- Жоқ, онда мен ұлымаймын, қабамын! - деп қария соңғы күшін жинап ап, Манжуға бір-ақ атылды. Тарамыс саусақтар мыңбасының жалаңаш мойнына сарт етіп қадалды. Ыза, кек, ашыну кайрат қосты ма, сығымдап қысқанда Манжудың тынысы тарылып, көзі

аларып, қырылдап бара жатты. Жан-дәрмен бұлқынып, қынындағы қанжарына жармасып, шалдың өкпесіне бойлата сұғып алды.

Ошаған ауыр ыңыранды да, өшпенділік толы қанталаған көзін жыпылықтатпастан ақырғы ақтық күшін іркіп тұрып, езуінен жылып ағып бара жатқан қанды түкірікті Манжудың бетіне былш еткізіп түкіріп жіберді.

- Зұлымсыңда-ар! Жыртқыш-сы-ың! Бәрібір өлеесің!..

Одан әрі басы сылқ етіп ілгері созылған қос қолының үстіне құлап түсті.

Сіңірлі саусақтар қатты қарысып, сіресіп қапты. Көпке дейін алқымнан айрылмай қойды.

Мойнын уқалап ауырсынған мыңбасы сұлап жатқан шалды гутулының ұшымен бір тепті.

- Бұл қазақтың өлмелі шалына дейін осындай нағыз өлермен! Бүйте берсе, сүйегіміз көмусіз қалатыны рас-ау! - деп басын шайқады.

Манжудың айтқаны күн айналмай шындыққа айналды.

Қара торғындай түн бүркегенде, қалың қол шырт ұйқыға кірген-ді. Алдынан қарсы кездесер қазақ жасағы кездесе қоймаған соң күзетші, сақшылары да аз ойрат қолы тегіс алаңсыз ұйықтап жатқан еді.

Таң қараңғысы сейіліп, аспанда ақ сүт сәуле түбіттелді де, бірте-бірте төмендеп маңайды көмескілендіре көміп, меңіреуді ысыра бастады.

Осы кезде төбені қалқалап он шақты атты бейқам жатқан қолды шолып тұр еді. Бұлар Саңырақ батырдың жеті жүз жігітінің шолғыншы ертәуілдері болатын. Арасында Дәулен де бар.

Шолғыншылар көп аялдамай кері құйғыта жөнелді. Сол бетінде Саңыраққа жетті.

- Дәл осы қазір тұтқиылдан тиіссек, бірде-бірі аман құтылмайды.

- Өздерінде ең болмаса айыл жию деген болсайшы, тап бір әкесінің үйінде, немесе өз жерінде көсіліп жатқандай тым бейқам.

- Әбден қорлығы өтіп еді. Сәке, тез қимылдайық!

- Жігіттерге айтыңдар. Дайындалсын! Шу шықпасын!

Саңырақ Дәуленді жеке алып қалды.

Осыдан бір күн бұрын Саңырақ батыр жасақ жинап жатыр дегенді естіп, Дәулен жиырма жігітімен келген-ді. Саңырақтың бес-алты күннен бері жинаған адамы - жеті жүздің шамасында. Әлі де қолы аз. Сонда да күн асқан сайын “анау ауылды шауып кетіпті, мына ауылды қырып кетіпті!” деген жау хабары дүңк-дүңк жетіп, қанына қарайған жігіттері әбден өшігіп жүрген. Кек алудың жолы бүгін түсейін деп-ақ тұр екен.

- Дәулен, адалын айтшы. Қапыда тиіп, қарақшыдай қимылдаймыз ба, әлде ашық майданда кездесіп айқасамыз ба? Не дейсің? - деді Саңырақ, екеуі оңаша қалған соң.

- Сәке-ау, қасқырға қасқырша әрекет жасау керек қой. Олар бізді қойша бауыздап жатқан жоқ па. Осы қазір тез барып, тұтқиылдан ойранын шығару керек!

- Жоқ, Дәулен! Мен кек қуған жасағымызды алғашқы күннен-ақ қарақшылыққа баулымаймын. Оның үстіне жігіттерімді ашық майдан үстінде біраз сынағым келеді. Күш біз жақта. “Жерім, елім!” деген жауынгер екі адаммен тең. Дұшпанына қарсы келіп, ашық ұрыста жеңген қолдың мерейі әрқашанда үстем. Ол ешуақытта ұмытылмайды. Басқаға үлгі болады. Халықтың рухын көтереді. Ендеше, мен ашық майданда кездесуді лайық көрем! - деді Саңырақ батыр Сандалкөгінің артқы айылын тартып жатып.

Күн көкжектен иек артқанда Саңырақ қолы темір тағадай иіліп келіп, Манжу қосын қоршап алды. Қарауындағы жеті жүз сарбазды екі жүзден үш топқа бөлген Саңырақ батыр жүз жігітті іріктеп ап, тос-қауылға қойды. Өзі ортаңты топты басқарды да, екі, жолдасына Дулат Елшібайға сол қанатты Үйсін Сы-пыра батырға оң қанатты тапсырды.

- Елшібай, сен жасағыңмен қамыстың арасына жасырын. Түбінде Манжу қолы осы сол қанатқа - Таласқа қарай ойысуы мүмкін. Бізге керегі де сол. Менен белгі берілгенше, көрінбе, - деп қайталап тапсырып, жүріп кетті.

Манжу жасағы алдымен қызарып атқан таңды, таң шұғыласында найзаларының ұшын жарқыратып тұрған қазақ жасауылдарын көрді. Дәл осылай үн-

түнсіз кеп қоршап ала қояды деген күдік қаперлеріне кіріп-шықпаған шеріктер, қорыққанға қос көрінермен анау шағын топты қисапсыз әскерге балаған еді. Үрей буған денелері әлден-ақ қалш-қалш дірілдей бастапты.

- Сәке, рұқсат етіңіз. Жекпе-жекті мен бастайын, - деді Дәулен.

Саңырақ Дәулен күйін түсініп-ақ тұр. Бірақ Дәу-ленді аяйды. “Кешегі Ошаған бидің кіндігінен қалған еркек тұяқ. Би болса, әй, ендігі өлген болар. Үстінен түскен мына қол аман қояр ма? Дәуленді жібермейін десе,ер намысына ши жүгірткендей қылық танытпақ”. Қиналып тұрып, басын үнсіз изеді.

- Жекпе-жек! Шық жекне-жекке!

Дәулен астындағы ақбақай айғырын ойнақтатып, майдан ортасына айқайлап жетті.

Ана жақтан да таң нұрында сауытын жалт-жұлт еткізіп ойқастап ойрат батыры шыға келді. Әлгіні көргенде қазақтар жағы шегін тартып қалысты. Дәулен-талай шайқасқа түсіп машықтанып қал-танымен, әлі балаң. Өрімталдай жұқа, жеңіл. Ал анау абажадай алып, құждай үлкен, пілдің өзі. Ала өгіздей гүжілдей өкіріп келеді.

- Ажалыңды іздеген, алашы қазақ! Басыңды доптай жұлып ала қояйын! - деп сала құлаш алдаспанын жарқылдатып таянып қалды. Дәулен де атына қам-шыны басып-басып жіберіп, айқайлап қарсы ұмтылды.

- Жаман қатты дәндеген екенсің, албат қарақшы! - деп шоқпарын ыңғайлап жақындай берді де, жарқ етіп сілтенген алдаспанды бойына дарытпай жалтарып кетіп, шоқпарын жауының қарақұсына дәлдеп, құлаштай ұрды. Анау опырылып құлап түсті. Аяғы үзеңгіден босамай, тулаған аттың бауырында сал-быраған күпшек дененің шарадай басы жолындағы кесек тасқа сарт етіп тиіп, жерге соққан қарбыздай боп миы шашырап кетті.

Саңырақтың даусы жаңғырды:

- Ат! Жаудыр! Жебелей тездет!

Сол-ақ екен, озан-ұран тау-таста шақылдады. Көп өңештен тұтаса шығып таңғы даланы дүрілдетіп жіберді.

- Бұқар!

- Абақ!
- Дулат!
- Бақтияр! Домалақ Енем!
- Бөрібай!
- Жауатар! Қарасай!
- Әруақ!
- Аллажар!

Батыры өліп, “қоршауда қалдық!” деп есеңгіреген ойрат маңдай алды мен оң бүйірден бұршақтай жауған жебенің астында ұйлығып қап еді, Саңырақ Сандалкөгін ойқастатып лап берді.

- Аттан! Қу! Ұр! Аянба!

Қотанға еркін араласқан көкжалдардай қазақ жасағы тақымдағы шоқпарын, айбарлы алдаспанын оңды-солды сілтеп, көбісі атына міне алмай жаяу қалған жау тобына екпіндете араласып кеткенде, тым-тырақай жүгірген Манжу қолы бір-бірімен сеңдей соғылысты. Манжудың өзі “ажалым жеткен екен” деген бір ғана ойдан құтыла алмай, сүт пісірім уақыттан кейін Талас өзеніне қарай жылыстады. “Бір кетсек, осы маңайдан өзен жағалап құтылармыз” деген далбасамен күтіп тұрған Елшібай жасағының үстіне қарай алдына құрып қойған қақпанын білмей ойыса жөнелді.

Үрей билеген кеудеден ерлік қашады. Оның көретіні - өлім. Оның қорқатыны да өлім. Намыс пен қайрат, қажыр мен тәуекел дегендер үрей алған жанның ойына кірмейді. Манжу шеріктерін тегіс үрей биледі. Тар қыспақтан қайтсек құтыламыз деген жанталас әрекетпен бейберекет безіп берді. Соңынан түре қуған Саңырақ қолы оңдап, жиырмалап жусатып келеді.

Саңырақ нөкерінің біріне асығыс бұйрық берді.

- Тез от сал! Аямай жақ! Елшібайға белгі беру керек! Содан кейін анау тосқауылдағы жігіттерге тез жетсін де!

Будақтап түтін көтерілді. Түтінді көрісімен манадан бұғып отырған Елшібай батырдың тобы ұрандап Манжудың дәл маңдай алдынан шыға-шыға келді. Бүйірден тосқауылда тосып отырған жүз жігіт те андыздап жетті.

Енді Саңырақ қолы аянбай сілтеді. Үш жағынан бірдей қоршап бұрқ-сарқ тасыған Таласқа қамап әкеп, ойрат қолына ойран салды. Бие сауым уақыт ішінде Манжу қолынан жүз қаралы шерік қалды. Бір кезде Манжу Сандалкөгінің ауыздығын қарш-қарш шайнатып қарсы кеп қалған айбынды Саңырақты көрді де, бетпе-бет келуге шыдамай жалт бұрылып, атматымен Таласқа қойып кетті. Серке бастаған бір қора қойдай шеріктер де бірін-бірі баса жаншып, жарқабақтан суға секірді. Бұрқ-сарқ көпірген Талас толқынын тулата сапырып, Манжуға ілесе арғы бетке өткен он шақты шеріктен басқа жау әскерін әп-сәтте түк қалдырмай жұтып жіберді.

Саңырақ қолы жеңіске жетті. Өлгендері мен жараланғандарын түгендеп еді, шығыны аз да болса біраз екен. Жүз жігіті бұдан былай туған жердің алаулап атқан таңын мәңгі көрмейді. Жүз үйде “көкелеп!” енді ешқашан бала еркелемейді. Жүз келіншек алдынан сызылып шығып, назданып керіліп, ерінің атының шылбырын ұстамайды.

“Шіркін-ай, қандай азаматтар еді! Мына қанды қырғынды күндер болмаса, әрқайсысы әр ауылдың түтқасы боларлық, туын ұстарлық жайсаңдар еді-ау! Қаншама арман жұмылған көзде ізім-қайым жоғалды? Қаншама үміт қоса үзілді екен? Кім біледі, мына шейіт кеткен сарбаздардың ұрпағынан батыр да, ақын да, шешен де, көсем де шығар ма еді? Соғыс деген сұмдықтың кесепаты осында-ау! Айтылмай қалған жыр, сілтенбей қалған семсер, шырқалмай қалған ән, күмбірлемей өшкен күй мына жүз жігіттің жүз мыңдап әрбір әулетін де қоса өлтіріп, қорған-бейіт боп үнсіз, тілсіз қала береді-ау! Бақұл болыңдар, батырларым! Сендер өз ажалдарыңмен қаншама ғұмырды сақтап қалғандарыңды білсеңдер ғой. Жад етермін жаныма! Жақыныма, жұртыма жеткізермін ерліктеріңді! Жоқтармын, қайтарармын кегіңді, ерлерім! Анау қырылған елдің мұңымен, шерімен, зарымен қуармын үзілген жолыңды! Ұмытпас ұлтың, құрметтер ұрпағың болар! Болар солай! Келер әлі! Қадірлеп, қасиеттеп табынып табар сырыңды, түсінер жаныңды, жайсаңдарым! Ардақтармын!” деп іштей толқыған

Саңырақ қабір-қорымға алақанындағы топырақты тастады.

Дәулен әкесін іздеп кеткен-ді.

Жасақтар еру жасап, жау қолында қызметте жүрген кемпір шалды, қора-қора қойды, азық-түлік артқан түиелерді жеткізді. Көп аялдатпай әлгілердің қасына елу сарбазды қосып, ілгері жіберіп, бұлар да тамақтанып алып, аттанбақ болды. Ендігі сапары суыт. Сауын айтып, жасақ жиып жатқан Бөгенбай қолына тездетіп қосылмақ-тын.

Дәулен Ошаған қарияны көтеріп оралды.

- Сәке! Неткен қатыгез еді! Мынау сұмдығын ұмытармын ба?! - деп еңіреп жіберді.

- Дәулен, жасыма! Әкеңнің кегін қайтардың. Енді жеріңді қайтарар күнге жетейік! Босқа күйзеле берме. Ошаған би саған әке болғанымен, халқының қадірлі ағасы еді. Мазағын алғанша, азабын тартайын деп, намысын қайраған қайсарлығын діттейік. Діттейік те шындалған найза, жарқылдаған алмасқа қосайық сол үлгісін. Жас қазасы да, кәрі азасы да қинаған мына қаралы күнде ант етейік осыған! Анау бауыздау қандай қызарған қызғалдақпен, мынау қан боп аққан Таласпен серттесейік, сарбаздарым! - деп қылышын сумаң еткізіп суырып алып, көкке көтерді.

- Ант етеміз!

- Сертке серт!

- Алла жар болсын!

- Қасық қанды кек жолына арнадық! - дескен сарбаздар қылыштарын жарқылдата бұлғады.

Намаздыгерде атқа қонған сарбаздар ұзай бергенде, Дәулен бұрылып артына қарады. Осыдан екі күн бұрын қара бүркіттей қонжиып әкесі отырған қара төбеде томпайып жалғыз қабір жатты. Әке қабірі еді ол.

“Қош бол, көке! Бақұл бол!”

Осымен қадірі артық әкесінен екінші рет біржола айырылған Дәулен батыр көзіне үйірілген жалғыз тамшы жасты балаң үйрек саусағымен сүйкеп тастап, алдына қарағанда жанарында дымқыл жоқ еді. Енді ол сұсты суық рең тауып, тез қатуланып, тоқтап тұрған ақбақай айғырға бауырлата қамшы басты.

- Жау кеп қалды! Үйді тез жығыңдар! Дереу көшеміз! -деген Дәулен үнін естігенде Рухия құрға асылып құр сүлдері тұрған-ды. Күйеуінің өрттей қызарып келген өңінен бір сұмдықтың тақалып қалғанын сезіп, бір сәт толғағын да ұмытып, Дәуленге жалт қараған.

- Рухия! Апырай, сені не істесем екен? Не амал жасасам екен? - деп от басына опырылып отыра кеткен Дәуленді көргенде, үй ішіндегі үрпиісе қалған әйелдерді таң қалдырып, күңзын жанын қоярға жер таппай тұрған Рухия белін қатайта таңып алды. Дәуленнің иығына қолын салды.

- Ештеңе етпес. Маған алаң болма! Көш қамын жасата бер.

...Содан түйе үстіндегі қомда келе жатып, тынымсыз шайқаған митың жүрісте толғағы тарқап, аз-аздап айыға бастаған-ды.

Кеш бата босқын көш еру жасағанда, Дәулен Рухияның қасына келіп, жағдайын сұрап, әрнені бір айтып күмілжи берген еді.

- Дәулен, - (келіншек сәл кідіріп қалған), - атыңды атағанымды айып көрме. Жаман-жақсы болайық, әйшәй деспей отау құрып, төрт жылды бірге өткіздік. Көңілімді қалдырған жерің жоқ, менің де сен дегенде сүттей ақ екенімді білесің. Сен маған әлдене айтқалы отырсың. Сезем оны. Би атамның төбе басында бізге ермей қалып қойғанын да көргем. Ерді намыс өлтіреді дейді ғой. Маған қарайлама. Көппен көрген ұлы той. Ажалдан аман болсақ, ел қатарлы тірлік етерміз. Тек, әйтеуір сен менен жасықтық күтпе. “Әйел - еркектің қабырғасынан жаралады” дейтіні рас. Сенен басқа жанашырым жоқ. Бірақ жалғыз жанашырым деп сені жанымда ұстап, жаныңа жара салармын ба. Ондай етсем, көз жасынан басқаны білмес төменетек ұрғашы ғана болғаным ғой. Айта бер, күмілжіме, - деді.

Дәулен Рухияның жүзіне ризалық білдіре қарап, өзінің ішін анық таныған өмірсерік жолдасына басын құлшына ие берді.

- Рухиям, сәулем! Өзіңе құштар боп, ынтық боп

өткен жайым сенің осы барымды айтқызбай сезіп, барыңды айтқаныңнан-ау! Жаның таза, сезімің бай жарым ең, қиналып отырсаң да, қайратыма қажыр қосқан үлгі-өнегеңе қай алғысымды жеткізермін? Жеткізе алармын ба? Жүрегіңмен жүрегімді түсіндің-ау! Соқыр тағдыр бұлай қинамағанда қасыңнан бір елі, бір сәт кетер ме ем. Қара көзіңнен бір тамшы жас көрмеспін деуші ем. Не істейін, сәулем? Айта алмай кеткен алғысым, көрсете алмай кеткен жақсылығым болса, алдыңнан кездессін! Көңіліңе қаяу салардай әбестігім өтіп, әлсіздігімді сезсең, өзің кеш, Рухия! Мен сені бұл тірлікте жоғалтармын деп тауып па ем? Тапқан соң жоғалтармын деп ойладым ба? Қуансам да, ренжісем де саған, жалғыз өзіңе ғана шағынар мінәжат сәтімді енді бір қайта кешермін бе? Кездестіре алармын ба? Көкейімде арман болса, соны сенімен бірге сабақтамап па едім, басқа не дейін? Не дей қояйын, Рухия? Талшық боп, үміт боп тұтанар бір шоқ қалып барады. Соны екеу боп, ұлымды талпындырып қарсы алармысың, Рухия! Көз жасын жұтпай, қуаныш әнін салған мерейлі шағыңда табысармыз тағы, Рухия! Маған рұқсат бер! - деп Дәулен жарының мандайынан емірене сүйді.

- Жолың болсын, Дәулен! Өзің айтқандай екеу боп тосамыз! Тосып аламыз! - деген Рухия, бір топ жігітін ертіп атқа қонған ерінің соңынан қоңыр кешті ұрлана қымтап енген түн қойнына сүңгіп жоғалғанша қарап қалды. Таң ата бұларға және бір көш қосылды. Оны тіпті көш деп айтуға да келмейді. Жаяу-жалпы ілбіген кемпір-шалы, бала-шағасы көп азып-тозған шұбырынды ел түнімен босып, енді бұлардың үстіне келген соң дамылдауға ыңғайланды. Келгендердің арасынан бір шал дірілдей сейледі.

- Ау ағайын, әлі бар екенсіңдер-ау?! Сендерді көрмей, осы ашыққан, тарыққан күйімізде өлеміз бе деп едік. Құдайға шүкір, қазакем әлі де баршылық екен ғой. Мына аш-арық жұртыңа берер көмектерің бар ма? Үш күннен бері нәр сызбай бұралып келеміз.

Сәлден кейін тұс-түстан от жағылып, қаптың түбіндегі азын-аулақ ыстыққаумет қағылып, бірен-саран тоқты-торым сойылып, қазанға түсті.

Бір уақытта шерлі дауысты әйел мұңлы әнді бастады.

Құлан жортқан ен жайлау жерім қайда?
Елде жүрген кешегі ерім қайда?
Берсең тілек, Тәңірім, шын қалайын,
Бір көрсетші көзіме, көгім қайда?!

Сол-ақ екен, әр тұстан, әр жерден бірнеше адам қосылып, қайырмасын көтеріп әкетті.

Елім-ау, айдай
Кермаралдай!
Сағындым бүгін
Ауылым қайда-ай?!

Жұрт көзіне жас үйіріліп әркім-ақ өз жерін, өз ауылын, өз боздағын ойлап кетті.

Осында отырған көптің әрқайсысының өз мұңы, өз шері бар екен. Бірақ бәрі түгел күңірене толқығанда ортақ мұң, ортақ зар туады екен. Жүздерді түгел жас жуды.

Тұрғандардың бірі кіртиіп сырт айналды.

- Сендердің ән салғандарың дұрыс емес!

- Неге дұрыс емес, ө?

- Жау шақырғандай соншама ұлығандарың не? Ойраттың бөрідей жортуылдап, төбеттей тіміскілеп жүрген шеріктері естіп қалып, әніңді де, жаныңды да мұрныңның ұшына әкелсін деймісің?

- Әй, жарқынım, ақылың өзіңе! Жаудан қорқып әнімді айтпай отыра алайын ба? Қуанса да, қайғырса да, ән салған ата дәстүрін ұмытайын ба? Ойрат естиді деп бұта-бұтаны тасалап бүгежектеп өтейін бе? О несі-ей! Ән салма деп! Шырқау керек. Әнсіз болмайды. Ойпырау, ол дегенің қазақтың жаны емес пе! Жаныңды жасыр дегенің сұмдық қой. Қай заманда өлең айтпа жау естіп қалар деген тиымды естіп ең. Жау шапқанда әнімен зар салған анаң, жар, салған бабаң емес пе! Қой, үндеме енді! Әнді біз айтайық. Ақтығымызды, нақақ қырылғанымызды даладан далаға айғақтайық. Елден елге ұзатайық. Әйтпесе болмайды.

Үндемеудің реті жоқ. Үрейленіп үрке беру, хайуанның да қолынан келеді. Адам болған соң азаны да, қазаны да көтереміз. Көтергеніміз - осы ән айтқанымыз. Айта беріңдер, қарақтарым.

- Мен айта алмаймын. Жәкемді өлтірді, баламды көз алдымда отқа тастады! Бауырымды найзаға шаныштты!

- Уай, менің туыс-туғанымды аяп па еді! Тірсегінен тіліп, кереге басына іліп қойып жебемен шабақтаған менің немерем емес пе еді! Мен соны ұмытар ма екем!

Ән тағы көтерілді. Жіңішке шерлі дауыс:

Асыр сап құлын-тайдай ойнақтаған
Әркімнің өзіне ыстық туған жері, -

дегенде қайырмаға кәрі-құртаң, бала-шаға тегіс қосылды.

Елім-ау, айдай,
Кермаралдай.
Сағындым сені
Ауылым қалды-ай!

Азаннан тағы да ұзақ жүріс басталды. Тағы да ақшам жамыратып еру жасалды. Осы түнде Рухияны қайтадан толғақ буды. Қинаған азабы жанына батқан соң бәйек тауып отыра алмай, оңаша ұзап шығып, қарағанның арасына шапанын төсеп қисая кетті. Ернін тістеп, олай-бұлай дөңбекшіп жатыр.

“Бұ тентек шіркін расында тентек болайын деп тұр-ау. Ауық-ауық қинайсың да, тыйыласың. Шыдасаңшы, тентек. Ұзамай көкең оралады. Ұзамай елге қосыламыз. Жау да жеңілер. Шыда, әкетайым!”

Рухия маңдайда кілкіген терін алақанының сыртымен сүртіп тастап, басын көтерді. Қанша дөңбекшігенін білмейді, әйтеуір толғағы тағы тарқапты. Енді дел-сал шаршап, құр сүлдері ғана отыр еді, түнемел жақтан у-шу дауысты, жылаған, қарғаған үндерді естіді.

Не боп қалды?” деп тізерлеп тұрып, мойнын созды. Лапылдап ғаламат от жанып жатыр. Лапылдаған

отқа шырылдаған сәбилерді әлдекімдер тымақша лақтырып жүр.

Зарлаған дауыс түнгі даланы үңгіп кеміріп, қиян-қиырды қарш-қарш тілгілейді.

- Құлыным-ай! Өз ажалыңнан да өлмедің-ау!

- Жер жастан, жауыз, жер жастан!

- Өз балаң осылай шыжғырылып өлсін!

- Бермеймін! Ойбай, бермеймін баламды!

- Тірідей өртегені не деген сұмдық!

Рухия жалындаған оттың жарығымен бәрін көріп отыр. Көзіне моншақ-моншақ жас іркілді.

Емшектегі баласын бауырына қысқан бір әйел екі шерікке әл бермей алысып жүр. Бауырындағы баласы дүниедегі тірегі емес пе, байғұс ана жанталаса арпалысып, төрт табандап қатты тіресіп қапты. Ырыс-ырыс дем алып, ауық-ауық айқайлап қояды.

- Бермеймін! Бер-мей-мін!

Шеріктердің бірі қылышын сермеп қалды. Ана сылқ түсті. Шарылдап жылаған бала бассыз денені кішкене қолдарымен аймаламай ұстап, еңбектеп жүр. Тұлымшағы жалбырап отыра қап, топ-толық қолын ербеңдетіп, айналасынан аянышты үнмен жәрдем сұрайды. Аяушылық күтеді. Қайтадан еңбектеп бөлек жатқан анасының басына барады. Ернін, көзін сипайды. Шырылдап сипайды.

Әлгі әйелді жұлқылап жүрген екеудің баланы ұстауға жүректері дауаламады ма, басқа жаққа жүгіріп кеткен-ді. Қараңғыдан бір ойрат шыға келді де, шырылдап отырған сәбиді найзасымен іліп ап, лапылдаған отқа лақтырып жіберді.

Рухия шыңғырып қап, талып құлап түсті.

Содан таң ата есін жиып, басын көтерді.

Тау-тау боп үйіліп қалған күлді көрді.

Әр жерде өліп жатқан кемпір-шал, бала-шағаны көрді. Қан сіңген топырақты, қан тамған тасты, қан іркілген қақты көрді.

Содан бері басы ауған жаққа жалғыз тентіреп келеді.

Бүгін үшінші күн дегенде тағы бір босқын көшке ілікті. Әлсіреген келіншекті аяп, өздері де қансоқты боп жүдеп келе жатқан жылаулы жұрт Рухияның

таңдайына су тамызып, ыстық ішкізіп, бетін бері қаратты.

Алыстан бұлдырап Қаратау көрінді.

Қаратау - үміт бейнесі. Қаратаудың арғы жағы - қалың ел. Қазақ жұрты. Қаратаудан асса - азаптан құтылады.

Мына көп босқынның бар ой, бар арман-тілегі Қаратауға жету. Қыбырлап ілбіп, сүйретіліп жылжып келеді. Артып азық, айдап мал әкеле жатқан жоқ. Азық-түлік те, қой мен жылқы да жауда қалды. Атамекен бәрі қалды.

Қаратауды көргенде Рухия да әлденеден үміт ете бастап еді. Нұрсыз жанарды сығалай-сығалай талдырып, қарсы алдынан шоғырланған қалың қол көрердей елегізіп қалатын боп алған-ды.

“Апырау! Ел қайда, қол қойда? Осы уаққа шейін тым-тырыс жатып алғаны қалай? Халқының қамын ойламайтын хан бола ма? Батырлар қайда? Аттандап неге жетпейді? Мына күн сайын тоз-тоз боп қырылып, отқа жанып, найзаға түйреліп жатқан боздақтарды көрмей ме?”

Рухия жыламайды. Жасы жоқ.

Көп күннен бері ауа райы да бұзылып кетті. Күн сәл ашылып тұрса, артынша тымырая түнеріп, селдетіп құйып жібереді. Жүдеу, аш-арық жанға суық жаңбыр, ызғырық жел сондай ауыр тимей ме, бүрсеңдетіп бүрістіріп алады да, қос өкпеден қадалып, күрк-күрк жөтелмен буып ала жөнеледі. Бәрінен де бұрын аурудан қажып, мұрттай ұшқан мұңлықтардың халі аянышты-ақ. Арқалап алған, сүйемелдеп алған жақындарының да әлсіреп, әрең сүйретіліп келе жатқанын көріп: “Тастап кет! Әуре болмаңдар! Құдай риза, мен риза. Өздерің құтылыңдар!” деп жалынады.

Оған бірақ кім көнсін. “Қаратау көрінді, әне! Сәл шыдасақ, аман-есен елге де жетеміз. Күмпілдетіп пісер сабаны да көрерміз, қазыны да кертіп жерміз! Әлі-ақ, ауырып тұрдың, аунап тұрдың деп мына күнді де ұмытармыз. Жоқ, болмайды. Өлсек, бірге өлерміз. Қалсақ, бірге қалармыз”, деп кібіртіктей шұбырып, жүрістері мандымаса да бірін бірі тастамайды.

Рухияға бұл жүріс қолайлы болды. Екі-үш күннен

бері толғағы да жиілеп, қайта-қайта іші бүріп ауырсынатын боп жүр. Тұмшалап аузын жауып, ернін қаната тістеніп, ың етіп үнін шығармай, әйтеуір үнсіз ілесіп келеді.

Бір күні көш адасып қалған бір ақсақ тайлаққа кездесті. Жануар бұларды көргенде емірене боздап,қара тұтып жақындап еді, Рухия тайлақ көзінен баданадай жас көрді. “Ей, адамзат, дүние не боп барады? Жайлау қайда? Ел қайда, мал қайда, ием қайда?” дейтіндей әлгі дірілдеген көз жасы.

- “Өлмегенге өлі балық жолығар” деген осы-ау!

- Кәне, тез ұстаңдар!

- Жабылыңдар! Қамалаңдар!

- Қашып кетпесін. Қашып кетсе, қуып жететін де қауқарымыз жоқ.

- Алла тағала балалардың көз жасын иейін деген-ау! - дескен көп дауыстан Рухияның жүрегі тіксініп, тайлаққа аянышпен қарайды. “Неге келдің? Дос көріп, паналап жеткенде, басыңды жұтарыңды білдің бе, жануар-ай!?”

Тайлақтың етін пышақ үстінен бөліп алған әйелдер от жағып, тамақ пісіріп жатыр.

- Көкетайым, балапаным ет жейді қазір!

- Күніме бүйрек пісіріп берем!

- ЫІстық сорпа ішкен соң жазылып кетесің, көкесі!

- Бір салым тұз болар ма еді шіркін!

Адам тозаққа да үйренетіні рас. Мына қаралы жұрт қазіргі тірлігіне іштей шүкірлік етіп, анау кішкене қазанда, отта, күлде пісейін деп жатқан талшықтарына сүзіле қарап, көңілденіп отыр.

Рухия ауыз тиген жоқ. Тіпті етке карағысы да келмеді. Аштықтан екі қолтығы шаншып, көзі қарауытса да, татып алмады. Онысы-тайлақты аяғаны ма, білмейді. Өзінің үлесін бір кемпірге екі түйір құртқа айырбастап алды.

Соны қаужалап сорып, оңаша талшық қып отыр.

“Дәулен қайда жүр екен? Тірі ме екен, отағасым? Тірі болса екен. Түбінде бір кездесе алсақ, мына зелзаламыз көрген түстей өте шығар-ау. Шіркін, сонда тентегімді қолыма көтеріп, отағасымның алдынан шығып, шылбырын ұстасам-ау! Қандай бақытты болар

едім! Бақыт деген не осы? Ол - елдің тыныштығы, от басының амандығы емес пе. Соны ескермей кей-кейде бақыт дейтінді алыста жүріп ұстатпайтын ұшқыр құстай көретініміз бар-ау. Біз бақытты едік қой. Тағы да сол бақытымызға жетер ме едік? Жетерміз бе?”

Түн ұзақ. Талықсыған жандардың қат-қабат ойлары одан да ұзақ. Бір түс, бір елес боп арласып кетеді.

Рухия шалқалап жатыр. Басқа жағына аунай алмайды. Түн ашық, бұлт жоқ. Жұлдыздар самсап тұр. Шандақ жолдай Құс жолы көлбейді. Темірқазық тұр қозғалмай. Баршын тартып, таяғына сүйенген қариядай осынау құртша быжынаған сансыз жұлдызға барлап қарайтындай ол.

“Жұлдыз-ау! Сен жалпақ жердің ой-шұңқырын түгел көріп тұрсың ғой. Айтшы, Дәуленім қайда жүр менің. Аман ба? Айтшы, Темірқазық! Айналып кетейін, Жасағанның шырағы-ау! Аңқам кеуіп аңсағаным қыбырлап сенің алдыңда жүрген шығар. Жеткізсеңші! Көрсетсеңші жолыңды! Әкелсеңші осында!”

Рухия көзін жұмды. Кірпігі айқасқанмен сансыз жұлдызды шарлаған ояу көңілдің әлдебір аңсай іздеуімен осы жұлдыз арасынан Дәуленінің жанарын көретіндей елегізиді. Бас жағында сылдыр-сылдыр ағып жатқан бұлақты тыңдайды. Сол бұлақ үні тынымсыз сыбырлаған жар лебізіндей сезілді. Көңілде ұйыған іңкөрлік су екеш су лебізінен де толқып тіріледі екен. Тағы да бар ойы астан-кестен сапырылып, жауап таппас бір тығырыққа қамалды.

“Осылай жөн-жосықсыз боси береміз бе? Бұл сүргінге кім шыдайды? Қашан тоқтар екенбіз? Жауды бөгер күш жоқ па? О дүниенің қыл көпірі болады дейді. Сол сұрат көпірдің өзі мына біздің күйіміздің ауыр емес шығар. Өйткені ол көпірде күнәсіз, жазықсыз жан зәбір көрмейді дейді. Уа, Жасаған! Пәле-қазаңды жіберердей осыншама бейкүнә пақырлар не істеді, не бүлдірді? Назарыңды бейкүнә пенделерге тіктегенше, жауыздарды неге жазаламайсың? Әлде зарлаған үн, жылаған дауыс жетпей ме құлағыңа? Елеусіз тіршілік кешкен жұмыр басты пендеге есепсіз зауалыңды түсіргенде қай көңілің көншір екен?Әлде жыбырлаған қара-

халықты қарандаған мақұлқаттай қырып ойнағанда айызың қана ма? Қан шашып, жас ағызып ермек етесің бе? Мына пұшайман болған босқынды қай тозағыңа жетелеп барасың? Онанда топан суыңды бір-ақ қаптатып, азабын соза бермей біржола жоқ етпейсің бе?”

Бұдан кейін Рухия көшке үнсіз ілесіп тымырсық, тұйық бір халге түсіп алды. Ешкіммен сөйлесіп мұң да шақпады. Өз алдына жеке от та жақпады. Кеш түсе еру жасағанда жауқазын, жуа, алғыр теріп жеп қаудалаған болады да, бұлақтан қолмен іліп су ішеді. Бар қорегі сол ғана.

Соңғы кездері бұның қасына бір кемпір еретін болды. Ол да жалғыз. Иығында бір уыстай кепкен құрты бар. Өзі жемесе де, кешке Рухияға қояр да қоймай бір түйірін ұстатады.

- Қарағым, өзің үшін жемесең де, анау құрсағындағы шаранаңды аясаңшы. Нәр сызбадың ғой. Кішкене ашшыла. Ауызыңның дәмін ал. Әл болады. Мен асарымды асап, жасарымды жасаған бейбақпын. Өзің тұмса келіншек екенсің. Саған ашығуға болмайды, - деп аузындағысын жырып беріп, туған анасындай қамқор боп келеді.

Осы кемпір бүгін ұлы сәскеден бері көп сүріне берді.

- Қызым, маған неге қарайлай бересің? Қарайлама, мен енді бәрібір көпке шыдамаспын.

- Әже, маған сүйеніңіз. Сіз өлмейсіз. Әне, Қаратауға да жақындап қалдық, - дейді Рухия ентіге дем алып.

- Енді шамам жоқ, - деп кемпір бір кезде опырылып отыра кетті. - Басымды сүйеші! Бұршы былай... кейін қарай! Ие, ие осылай!.. Сәл қарап жатайын. Анау боз мұнар асты -менің келін боп түскен жерім. Балам, байым қалған жер... Сезесің, қызым, желі келді-ау!.. Сарайым ашылып сала берді-ау!.. Қайран, туған жердің самалы-ай!.. Осылай аз ғана қарап жатсам... тұрып кетем ғой... Ия, қазір құлан-таза сауығып тұр...

Сөйлеп жатқан кемпірдің кенет шалқалап, ышқынғандай болғанын көрген Рухия еңкейіп еді, тізесінде жатқан ақ басты кейуананың иегі ақырғы

рет қағылды да, ашық қалған көздері - боз мұнарға мәңгілік қадалып қалды.

Рухия есеңгіреп көп отырды. Өзінің де осы арада кемпірмен бірге қалғысы келді. Тұруға, қозғалуға шамасы келмей, бар дүниені ұмытып мүлгіп қапты.

- Уай, шіркін, керуен - өмір-ай! Күркіретіп кеп дауыл үйіресің. Күркіретіп кеп бұлтыңды ысырып әкетесің. Әйтеуір тыншуың, байырқалауың жоқ, - деп әлдене уақытта жер тіреп орнынан көтерілді де, шөпшек, қу бұта, қараған жиып әкеп, кемпірдің бетін жасырған болды.

- Әже, алдыңнан жарылқасын! Жаның жәннаттың төрінен орын алсын!

Сонан соң ілбіп жолға түсті. Бұл кезде көш ұзап, қарасын үзіп кетіп еді.

Рухия тағы да жалғыз қалды.

6

Биыл Шыршық жылдағысынан кешігіп тасыды. Таудан домалай құлдилап, сай жағалай ирелеңдеп алып, жадағай тұсқа келгенде кең көсіліп, батысына маңдайын төсеп ылдилап кететін өзен жылда бұл уақытта бұрқ-сарқ еқіленген күйінен арылып, жынын алдырған кәрі бурадай тыншып жататын. Тепсінсе телегейленіп, тарылса жылғаланып, дәуірленсе тәкаппарси көкірек көрсетіп, өр жерден әрқилы мінез салып өтетін еді. Кейде мөлдір, кейде лай, бірде тұңғиық, бірде астаулана жайылып, көктемнің мың бұлағын арда еміп, көктің қарасауыр жалба-жұлба бұлтын қақтай сорған Шыршық бүтін оқыс тасыды. Кең даланың қаннен-қаперсіз түнгі беймарал ұйқысын шырт бұзып арқырап-сарқырап ағып, дүрілге-дүріл қосып, тентектене қалды. Кеш түсе батыстан жел көтеріліп, қап-қара бұлттарды үйір-үйірімен тықсыра қуып келіп еді. Бауыры жер сызған сол бұлттар бірін-бірі жентектей басып, бірін-бірі желкелей қуып, қабат-қабат жөңкіліп оралды, жөңкіліп оралды да, қапырық ауаны нығыздап, көк пен жердің арасын найза бойындай аласартып тастады.

Сол-ақ екен момақан Шыршық шарт бүлініп, ақжалданып бұрқ-бұрқ қайнап кетті. Жайқынында үйіріліп-шүңірейіп иірім ойнады. Мың сан тамшы көкке шапши атылып, шылп-шылп қайта құлады.

Жарқ-жұрқ найзағай билеп, шатыр-шұтыр күн күркіреді. Артынша, көп күттірмей көктемнің қатты нөсері құйып кетті. Долы қатынның толғақты ашуындай үдей түсіп түнімен жауды, түнімен шелектеді. Томырық даланың тоңын жібітіп, жер жаһанды дүр сілкінтті. Жылға-жылғаны қуалап мың сан бұлақ ақты. Мың сан бұлақтар әр тұстан сылқылдай күліп Шыршыққа құйылды. Сол, сол-ақ екен өзен байыбынан айырылып, бейберекет долданды. Екілене жосып, айқұлақтанып кетті. Бесігін тепкілеген берекесіз ұлдай бедірейіп шіренгенде, арнасына сыймады. Арқыраған айғырдай, кісінеген құландай, ұлыған қасқырдай, күркіреген күндей әлемтапырық үн шығарды. Көпіріп, көбіктеніп екі ернеуін сарт-сұрт ұрып кеміріп барады, кеңітіп барады. Жолында қараң етіп кездескен жанды мен жансызды лып еткізіп қағып алып, толқынына көміп жібереді де, қайтадан бір көрсетіп қанкөбелек айналдырып әкетеді.Өзен өзіне риза. Олжасына ырза.

Бөрте батыр шошып оянды. Түсінде Шыршық тасыған екен дейді. Үйқысын аша алмай отыр. Құлағы шыңылдап тұр ма, ызың-ызың бір үн кетпейді. Ертең ала-көбеден көшкелі отырған ауылы жүктерін тең-тең ғып буып-түйіп қойған еді. Киімшең мызғыған батыр орнынан созалаңдап тұрды. Қараңғыны сипалай жүріп саптамасын тауып киіп, керегені қолымен жағалап далаға шықты. Киіз есікті ышқына соққан жел жұлқи көтеріп әкетті де, маңдайшаға сарт еткізді. Қайыра кейін серпіп қалып, ағаш кергішімен батырдың иығынан ұрып жіберді.

Түн әлеті жаман. Қап-қара боп тұтаса бүркеп алған меңіреу түнек ию-қию азынап тұр. Суылдаған, ысқырған, сарнаған үндер бірін-бірі тоспайды. Бәрі түйдек келіп, қат-қабат қосылып, қат-қабат өрбиді. Әсіресе, батырды қиналтып бара жатқан құбыла тұстан еміс-еміс қана талып жететін бір оқшау дыбыс. Кейде естіліп, кейде жоғалып сол дыбыс батырдың әлденеден секем алған кейісті жүзіне терең әжімдерді көбейтіп

жіберді. “Қап! Көкектің өліарасын ескермеппіз ғой. Шыршық тасып кеткен болды-ау!”

Үйді айнала беріп, айқай салды. “Жеңеше! Тұр, үйді жығыңдар, көшеміз!” Тоқтаған жоқ. Теріскей тұсқа өрлеп барады. Қарсы алдынан екілене итерген желмен екі бүктетіліп алыпты, сырықтай аяқтарын сүйрете басады.

Үйден шапанын бүркеніп қартаң әйел шықты. Батырдың “Жеңешесі” осы. Ағасы Серке батыр қалыңдығына “ұрын” бара жатып, ауырмай-сырқамай қайтыс болған. Оң жақта қалған жеңгесіне әмеңгерлік салтымен бұл қосылып еді. Содан бері де бұрынғы “Жеңешеден” бір танған емес.

Әйел үй айналып барды да, біраздан соң оралды. Киіз есіктен ұстап тұрып, сығырайып аспанға қарады Жалпақ сауырын оса қасып-қасып жіберді де, сумаң етіп ішке кіріп кетті. Қайтып көрінген жоқ.

Бір кезде Ақлағын жетектеп Бөрте қайтып келді. Тыста қыбырлап жүрген әйелін көрмеген соң түсі бұзылып сала берді. Атын белдеуге байлай салды да, босағаға сүйеулі тұрған мейіздей қатқан қайың сойылды жұлып алды. Содан кейін сойылды оңтайлай көтеріп тұрды да, отауды сартылдатып, сабалап ұрып кетті.

- Бұл боқ дүние кімге опа берген! Нәйәті, қатынға қадірім жүрмесе, баз кештім онда бәрінен! Уа, жау шаппаса, мен шаптым, міне, мен шаптым!

Балғын уықтар сарт-сарт сынды. Шаңырақ бір жағына қарай оқыс еңкейіп, ауып бара жатыр еді, үйден жалаңаш, жалаңбұт екеу атқып-атқып шықты. Сылаң тоқал мен қойшы бала!..

Батырдың еңсесі күрт түсті. Шығандап ауыл маңайынан безіп бара жатқан қойшыкеш балаға да, қобыраған қолаң шашы дудырап аппақ қаз мойнын осқылап тұрған ақ тоқалға да қарағаң жоқ. Сойылына сүйенген бойы сылқ етіп отыра кетті.

“Опасыз жалған осы-ау! Ақ білегі мойнымa оқ жыланша оратылатын тоқалдың қылығы мынау. Бек арыс ермен де емес, кембағал кеммен көзіме шөп салғаны батады-ау! Қызғанғанымды күйкентай қызылдаса, уа, намысқа бет перде етер нем қалды? Не істесем рәуа екен бұл қаншыққа?”

Бөрте сол отырғаннан мол отырды. Үлкен үйден шығып келген “жеңешесінің” уәжін де, сөзін де тыңдаған жоқ. Бүкіл тұлабойын езіп бара жатқан делсал күйде құйып кеткен нөсердің астында тапжылмай отырып, қалың ойға шомды.

Найманның Матайынан өрбіген Бөрте батыр жасы отызды орталағанымен, артынан қара ермей, жалғызілік күйін күрсіне еске алып жүретін-ді. От басының күңкілін жарастырар боқмұрыны жоқ үйдің екі-ақ басы - әйелі мен өзі, екі жерде бүрісіп жатып, көрер таңды көзімен атырар еді. Сөйтіп жүргенде “жеңешесінің” алыстан, төрт-бес атадан барып қосылатын жамағайын туысының әйелі қонақ боп келмесін бе. Әлде қалай бәйбішесі мен жеңгесі көрші ауылға қыдырып кетіп, үйде әйелдің он бес жасар қызымен батыр оңаша қалмасын ба. “Жездекелеп” кеп қалжыңдасатын шұнақ қыз сол күні оқыс мінез шығарып, батырдың сақал-мұртымен ойнап, әр жерінен бір шымшылап отырып, көн қайыстай қатқан көңілін сүтке салғандай жібітіп жібермесін бе. Сүйріктей қолдар мойнына оралып, ып-ыстық демімен өртеп өтердей аймалай жабыспасын ба. Ыңырсып ыңыранды ма-ау, көзі жасаурап қысыр емген тайдай жанасты ма-ау, әйтеуір Бөртенің ұйқы-тұйқысын шығарып жіберген-ді. Бір кез қыз көзіне көзі түсіп кетіп еді. Қылмаңдап іші-бауырына кіріп бара жатқанын біледі. Қашанғы шыдасын, балдызын күшті қолдарымен аш белінен қаусыра құшақтай алып, шабытты бүркіттей бас салмасын ба. Қағылез дене бір рет жарқ етіп, батырдың тасасында ұмар-жұмар жоқ болмасын ба!..

Ойланбай істеген істің насырға шабатыны бар ғой. Қаужаңдасқан екеудің дәл үстінен “жеңешесі” түскен еді. Қызара бертіп алгүл жайнап шалжиып жатқан сіңлісін тұрғызып жіберді де, барлығып күреңітіп кеткен батырдың теріс бұрылған жүзін өзіне қаратып отырып сөйлеген-ді әйелі.

- “Кіммен қарайсаң, сонымен ағар” деген бар. Отағасы, екеуміздің “әй!” дескен күніміз болмап еді. Жер ортаға таянып қалғанда ырылдасқан иттей болмайық. Сен осы сіңлімді өзіңе қолбала қыл. Осы уаққа дейін қанамаған пұшпағым, енді қанамас та.

Жасырынатын жас емеспіз. Жас отау көтер. Қу бас атанба, батыр! - деп сөз бастап, туыстарын өзі көндіріп, осы ақ тоқалды сол жазда қолына алған-ды.

Кешігіп татқан дәм бал татып, батырды шым-шымдап құнықтыра түскен еді. Күннен күн өткізіп, айдан ай ауыстырып, жылды жылға жалғастырса да, сол ыстық құшақтың қуанышы басылмай қойды. Ақ тоқалды аймалағанына төрт-бес жыл өтсе де, оның да етегі былғанбады. Берместі тартып алар кім бар. Батырдың көңілінде түйткіл жүрсе де, үміті үзілген емес. Тек қызғаншақтығы керемет еді. Көршіқолаңның бұның келіншегінің бетіне күле қарағанын да көре алмады. Қатынын қанжығасына байлап жүрген ешкім жоқ. Бірақ әсіресе, ақ тоқал сияқтылардың емеуріннен-ақ елігіп кететіндері сұмдық. Осы ойынан сескенген батыр қыстауын оңаша салғызып, жеке көшкен. Мың қаралы қойын өзі өргізіп, өзі бағып күн кешіп жатқан. Өткен күзде Теріскей елінен артына мінгестіріп шүйкедей бала жігітті әкеліп еді. Қойдың түнгі күзетіне жарап, әжептеуір қолын босатқан. Іш тартып, мейрімі түсіп, әлгіні аяқтандырып жіберейін деп жүрген. Міне сол бала дегені пәле боп шығып бүгін адал асын арамдап кетіпті.

Нөсер түнімен төкті. Қыбырлаған екі әйел үйлерді жығып, жүктерді буып-түйіп қойып, үнсіз отырған батырдан жарлық күтіп сырғақтап жүр. Көбінесе жақындайтын бәйбішесі ғана. Ақ тоқал болса, таң сібірлегелі әлдекімді іздегендей ауыл сыртына жиі жапақтайды.

Бөрте таң ата Ақлағына қонды. Батырдан лебіз күткен әйелдерге бұрылып та қарамады. Әдеттегіше қойын өргізіп кете барды.

Кіші сәскеде жауын басылып, бұлт ыдырады. Артынша жыртық шапаннан жарқ еткен ақ тәндей боп күн сығалады. Алыстан тасыған өзеннің гүрілі естілді. Жер дегдіп, бу көтерілді де, маңайды тұман басты. Үйін жығып, түйелерді тіздеп қойған екі әйел екі жерде шоқиып отыр. Біріне-бірі тіл қатпайды. Бір кезде ақтоқал ақыры шыдамады. Әдемі жүзі сұрланып, бәйбішеге төніп келді.

- Қу дала, қуарған мекенде отырамыз ба өстіп, ел мен жұрттан безініп?!

- Қарағым, маза берші!

- Мазаңды алған мен екем ғой! Бүйткен мазаңның ішіне с... Қу тізеңді құшақтап отырсаң, өзің отыр! Болды! Жетті! Шыдардай-ақ шыдадым. Еркек көрсе, етегін бүркеп жаба берер тақуалықты саған-ақ бердім. Қойнымнан қойшы бала өре түрегелді деп соншама қара аспанды суалдырғандарың не? Етегіңе намаз оқысаң, сен-ақ оқы! Тигенін сүйгеніндей көретін көпшіл көңілім осы! Жерге түс, көкке үш, құдай алдында да айтарым осы! Көзіме ілінсе, көңілімнен шықса, көлденең көк аттыны құр жібермедім! Ал!- деп безеріп алған Ақтоты жұқа танауы желбіреп, қиғылық салды. Күндесі үндемей қойған соң,көк әбдірені ұзақ салдырата ақтарып, бар киімін қабаттап киіп алды.

- Кетем! Әлгі Үндемесіңе айт. Мені іздеп әуре болмасын. Құдай құрамайын десе, қосақтап қатын алса да, көбеймейді. Қара інгенді әкетем! Қараулық жасамасын. Суық тізесін жылтқан қараңғы түндерімнің еңбегіне татыр.

Бәйбіше қыбыр еткен жоқ. Тас обадай бедірейіп, қатып қалды.

Қара інген борп-борп желе жөнелді. Алыстаған сайын жануардың даусын соза боздағаны бәйбішенің құлақ түбінен шыққандай естіліп барады.

Ақтотының бет алысы манағы қойшы бала кеткен тұс болатын. Қараінгенді басқа-көзге төпелеп ұрып, ақ тоқал тайрақтатып келеді. Астындағы інгеннің боздауына қосылып, өзі де тынымсыз еңірейді. Әлдекімнен кінәсіз зәбір көріп, ішін өртеп бара жатқан құсалы күйігі бардай тыйылар емес. Әсіресе, Бөрте батырдың томсырайған тұйық жүзін көз алдына елестеткен сайын қойшыкеш баланың момақан бейнесін жоғалтып алып, ауыр-ауыр солықтайды.

Түнгі дауыл басылса да, тұмантқан дала бүркеу. Дауыс жетер жерден әрі қалың перде тұтқандай айнала тегіс қымтанып алған, қойны-қонышы саңылаусыз бітеу. Бүр жарған алақаракөк даладан көктің, жалбыздың, жас жусанның иісі бұрқырап аңқиды.

Қараінген бұл кезде боздауын тоқтатып, оқта-текте бір “бық” етіп қойып сар желіп келе жатқан. Ақ тоқал да үнсіз қалған. Алыстаған сайын “адасып кеттім бе” дегендей қауіптеніп, жалтақтап маңайына қараумен келеді. Белгілеп алайын десе, тұман қойнынан көзіне түсер ешнәрсені таппайды.

Алдынан қайнар кездесті. Ақ тоқал түйені шөгеріп, жерге түсті. Беті-қолын жуынды. Тұман ашылғанша осы арада күте тұрмақ болды да, көк құраққа бешпетін төсеп, қисая кетті. Жамбасы жерге тиісімен-ақ түнімен шала ұйқы болған жас келіншектің көзі ілініп кетіп еді, он шақты атты дәл үстінен түсті. Айдалада оңаша жатқан әйелді қоршап алып, ішіндегі еңгезердей шойқара еркек найзасымен түртіп оятты.

Ақтоты көзін ашып алды. Қарулы жігіттерді көргенде селк етсе де, көңіліне еш қорқыныш кірген жоқ. Шойқараның кесек тұлғасын тінте көз жүгіртіп өткенде, шайтан түкіргендей көзі ойнап сала берді.

- Оу, батыр, жол болсын?

- Әлей болсын. Өзің кімсің?

- Мен бе? Бөрте батырдың тоқалымын.

- Бөрте қайда?

- Шыршықтың жағасына қойын жайып кетті. Анау тұста, - деп құбылаға қарай қолын сермеді.

-Жалғыз ба?

-Көлеңкесінен басқа қара ермеген құбас емес пе? Жүр ғой жападан жалғыз тентіреп! - деген келіншек шойқараға еп-ерсі күлмеңдей қарады. Күн шуақта еркелеп мауыққан мысықтай керіліп-есінеп, уілдеп-уһілеп, бірнәрсеге асыққандай нышан байқатты. Талайды құртқан қу емес пе, шойқара жолдастарын ұзатып әкетіп екі бөлді де, бір тобын құбылаға, екінші тобын кейінгі жаққа жіберіп, ақ тоқалға жалғыз қайтып оралды.

Қараінген қайнарға мөлиіп қара көздері жасаурап шөгіп жатыр. Бауырын жинаған кірпіше іргесінде ыңырси, ырсылдай ұмар-жұмар жентектелген екеуге бұрылған жоқ.

* * *

Қой соңында баяу ілбіген Бөртенің қабағы да күн реңіндей бірде тырысып, бірде салбырай түсіп, құрыстырған денесімен бірге ауырлап келеді.Ақлақтың тізгін жұлқа, ауыздық шайнап, жер тарпыған сергек мінезін жақтырмай, бұзау тіс қамшысымен борбайға тартып-тартып жіберіп, аспанға шапшытқан-ды. Қазір екеуі де тыншыды. Жаңа қылтиған көкке бас қойған қойлардың сырт-сырт еткен тұяқ тысырын ғана бағып,мимырт аяндайды.

Алды - Шыршық. Кәрленіп тасыған өзеннің сарқырап, сарылдап аққан дыбысы жақындап қалды. Қыбырлаған қойдың алды маңдайдағы балапан жотадан асып барады. Қиялап келіп батыр да иыққа көтерілді. Тасыған өзенді көрді. Ернеуінен асып жайылып кеткен Шыршықтың қазіргі ағысы тым қатты, үйіріліп, толқынын толқыны куып, ақтарыла лықсып, бұрқ-сарқ төңкеріліп жатыр.

Бөрте ер үстінде бір жамбастай отырып пұшаймандана бұрылды. Өзен тасымай арғы бетіне өтіп алмақшы еді. Алды енді кесіліп тұр. Арты - қиямет. Дүңк-дүңк хабары жетіп жатқан жоңғар жорығы мына тұйыққа тіреп, қамалап алғандай көреді.

Бір кез Ақлағы қос құлағын кезек қайшылап, алдыңғы аяғымен жер тарпыды. Артына қарай қаз мойнын орақтай иіп тұрып, оқыранып қойды. Осы сәт батыр да қиғаштап бара жатқан төрт-бес аттыны көрді. Жүрісі суыт жүргіншілер сияқты. Жарқабаққа төніп келіп тоқтады да,ат бастарын кілт бұрып келген іздерімен кейін тұра-тұра шапты. Биікте тұрған Бөртеге қарап-қарап қойып, сол бойда тұманға сіңіп жоқ болды.

Әлгіден көңіліне секем кірген батыр,ақ бозын тебініп ылдилай берді. Сонау еңістеп жайылып, бытырап кеткен қойды бір бүйірлей айдап жинап алды. Өзенді жағалай өргізіп, қаптатып келеді.

Ұлы сәскеде тұман ыдырап, күн шайдай ашылды. Бөртенің де ашуы тарқады. Солығы қайтқан көңілінің ендігі тілегені ақ тоқалдың оң қабағы сияқты.

“Япыр-ай, бәрі өзімізден екен ғой! Өнбесті бейберекет өкшелейміз де жүреміз. Сол тоқалдың қой-

нымдағы бір түні мына итшілеген мың күнімнен артық екен-ау! Бұл дүниеқоңыздық түпке жетпей қойған ба? Әйтпесе, ел ішінде еңселі үйде тыныш отырсам, бір қатынды қажытардай қауқардан арылмап едім ғой әлі. Күндіз-түні қойдың соңында жүріп, көп қызықтың көзіне түрткілеппін. Бәтшағар, әрине бітеу емес, қашанғы төзсін. Соншама бүлінгенім не? Өзіме де обал жоқ".

Ақ тоқалдың аппақ жұмыр саны көз алдына елестеп, батырдың сілекейі шұбырды. Ақлағын бұрып алып құйғытып жаңағы жотаға шыға келді. Арғы жағынан қаптап кеп қалған жүз қаралы аттыны көрді. Бөкен желіспен қаперсіз салдыртып келеді екен. Мұны көрісімен ат басын жіберіп, құйғыта ұмтылды.

- Әне, Бөртенің дәл өзі!

- Иә, сол! Жолымыз болды!

- Астындағы әйгілі Ақлақ!

Еміс-еміс құлағына жеткен сөздер осы. Батыр жау екенін анық білді. Тасырлатып жотадан түсе берді. Алғашқы ойы қойды қуалай өзенге тоғыту еді. Кешіккенін сезді. Оның үстіне тасыған жойқынды кесіп өтердей жануарларда күш қайда.

Садағын ыңғайлап ат үстінде артына қарай қисайды. Күміс қақтатып түйенің төс терісінен жасаған қорамсағына қол салды. Қол салды да, қауырсыны кере қарыс саржанды суырып алып, үшкір масағынан сүйді. Қашаңғыдан әдеті сол еді. Алғашқы жебесін бір сүймей, оқтанбайтын.

Ақлақ өзенге таянып қалды. Бұл кезде қуғыншылар да жотадан асып түсіп еді. Суылдаған жебелер бей-берекет ұшып орта жолға жетіп құлап жатты. Ойраттардың ежелгі қоқан лоққысы.

Бөрте адырнаның серіппесін құлаштай созды. Ыс еткен суылмен бірге жардан бір-ақ қарғыған Ақлақтың суды шолп еткізген дыбысы қат-қабат естілді. Алдыңғы аттағы жауының құм қапқанын батыр көре алмады. Күшті ағыс ықтырып аға жөнелген Ақлағының тұмсығына су кіргізбей демеп, қиғаштата салып келеді.

Әлденеден үріккен қалың қой да осы кезде өзен мен қуғыншылардың арасына қарай дүркірей қашып еді, ат тұяғының астында домалап-домалап құлап,

ойраттарды біраз бөгеп қалды. Әлгілер жағаға жақындағанша, батыр жебе жетпес жерге ұзап кеткен-ді.

Артындағы қауіптен құтылғанмен, алдындағы тілсіз жау тіпті сұмдық еді. Толқынданып лықсып кеп Ақлақтың қабырғалығын итере құлайды. Тіке салса, ендігі шығатын уақыты болып еді, көлденеңінен ұрған қатты ағыс бір бүйірлетіп тықсырып барады. Су жұтып әлсіресе Ақлағы толқынмен бірге домалайтынын сезген Бөрте ат басын кекжите тартып қырындата демейді. Саптамасына су толып аяғын алып түсіп барады. Жердүние шырқ көбелек айналып, құрдымына әкетердей әлек. Оның үстіне жар жағалай шапқылаған жауларының қарқ-қарқ күлкісі табалап жатқандай естіледі.

Ақлақ арғымақтығына басты. Кең танауы делдиіп пыс-пыс пысқырып есіп келеді. Су болған кекілі маңдайына жабысып, тікірейген қос құлағы сораиып-сорайып көрінеді.

Бір кезде арғымақтың аяғы жерге тиді. Сол-ақ екен Ақлақ арғы жағаға ойнақтап шықты.

Батыр артына бұрылды. Әлгіндегі ажал ойранындай бұрқ-бұрқ қайнаған жойқын айнадай теп-тегіс болып, иірімсіз ғана жылып ағатындай жуасып қалыпты. "Қорқыттық па, батыр? Ойын жолы ғой. Ер болсаң тағы кел! Артыңда отың мен ошағың қалды ғой. Малыбасың қалды ғой. Енді келсең, ерегісіңмен кел. Бір айқасқа бел тіре!" дейтіндей.

Бөрте енді асығатын емес. Атынан түсіп саптамасын сыпырды. Екі етіктен екі шелек су төгілді. Жалаң аяғымен қиыршық құмды жасқаншақтана басып кеп, жағаға төнді. Еңкейіп жерден бір уыс құмды алды да, суға лақтырды. Тағы уыстап алып, тағы тастады. Іштей жауына да, өзенге де қырыстанып, кек түйген түрі еді онысы...

Ақлағының тарпасын бек тартып, атқа қонды. Ендігі беті қазақ хандығының кіндік қаласы - Түркістан шаһары. Жолда талай көшті, талай шұбырындыны артқа тастады.

7

Қара түн қара жамылғандай кеш түсе бұлт бүркеніп, құрсанып алған соң, пырдай боп шашылып жататын сансыз жұлдыздың бірі көрінбейді. Шапыр-шұпыр жылтырайтын аспан шырақтарын жұтып жіберген қара бұлт қара түнді енді жаңбырымен сабалай жөнелді.

Қара түн қаралы көңілдей бүркеу, қаралы көкіректей зарлы, қаралы жандай жылаулы. Жаңбыры үздіксіз сорғаласа, желі тынымсыз ұлиды, құрайы бәйек таппай сыңсиды. Жол жоғалып, сүрлеу адастырған. Адаспайтын аяқ астындағы бітпейтін шылпыл. Тобықтан кешкен суық топан су.

Рухия әлсіреп келеді. Иығындағы лыпасы - қырық шоқпыт жеңсіз - қырық батпан зілдей ауырлаған-ды. Сонда да тастамайды. Ақ жаулық әлдеқашан сыпырылып түсіп қалған. Жел тарқатып, жаңбыр жуған қара шаш жайылып, тарам-тарам боп мойнына, бетіне жабысып қалыпты.

Келіншек әбден қалжырады. Сонда да тәлтіректей басып, ілбіп келеді. Бағдары мен бағытын да білмейді. Әйтеуір, “Жүре берейін! Тоқтамайын, тоқтай көрмейін!” дейтін сабырсыз ойы ғана байыздамайды. Сол ой қорқыныш буған әлсіз денені ақтық серпінмен жетектеп барады.

Мана, намаздыгерде көштен адасып қалған. Адасайын десін бе, жұртқа ілесе алмай әлі құрығанда, шоқ бұтаны тасаланып жасырынып отырып қап еді. Ондағысы: “Менсіз де тілегінен айрылып, қара жамылып қамығып келе жатқан босқын байғұстарға қол байлау болмайын. Тағдырдың салғанын оңаша көріп алдым” деген далбаса қаракеті еді. Содан аз отырды ма, білмеді, бір кез оң жағына оқыс бұрылды. Құрық тастам жерде өліп жатқан жалғыз кемпірді көрді. Мәйітті бұрыннан көріп еті үйреніп кетсе де, дәл сонда қатты шошыды. Әсіресе шошытқан кәрі жүздің ашық қалған нұрсыз жанары еді. Кірпік дейтін кірпігі де шамалы екен. Содан ба, өлі жанар тап бір әлденеге наразылық танытқан кейуана күрсінісін айналасына үнсіз ұқтырып болғандай енді ап-анық, ап-айқын ренішпен бұған қадалды да қалды: “Мен өлсем, сен барсың,ел бар. Неғып отырсың? Кетсеңші, тұрсаңшы, байғұс! Мен өлдім. Өлсем де, алысқа ұзап кеткем жоқ. Аспаныма қарап жатырмын. Артыма, ардақтымды азаптаған аламанымa қарап жатырмын!” дейтіндей сезілген әлгі қарас.

Әйел содан бері безіп келеді.

Әйел содан бері ілбіп келеді.

Жусан исі аңқыды. Жусан исі - дәм исі. Рухия аш. Бірақ асқа зауқы жоқ. Ернін жалап, суық тамшыны түшіркене тамсанды. Мұрнын шүйіріп иіс аулады. Әлденеге жүрегі лоблыды. Қолқасы суырылардай тік көтеріліп келіп, алқымына кептеле тығылды.

Қара түн - қара шаштай, қоп-қою, жайылып кеткен. Ұзақ жауыны ұзақ сарынынан жазбайды.

Келіншектің тұла бойы түгел құрысып, суық шырмап қатып-сермеп барады. Тыншымайтын құрсағы ғана. Төмен тартып, сәт-сәт сайын ауырлап, тізеге салбырап жүргізбеуге айналды. Екі қолымен қарынын қысып ұстап, демеген болады. Демеген қолымен құрсақта тыпырлаған басқа бір жан иесінің бұлқынысын сезеді. Сол бұлқыныс әлсіз әйелге қуат бергендей ілгері сүйрейді. Ілбіте береді.

Аяғында кебісі бар еді, қай жерде түсіп қалғаны белгісіз -жалаң аяқтың қара табанын қан жуды. Тобықты тас қақты, өкшеге тікен қадалды. Оның бірде-бірін сезген жоқ. Әйтеуір, құламауға тырысады. Тоқтамауға, сәл бөгелмеуге жанталасады. Өне бойын шырмаған түсініксіз қорқынышы бар. Жанын түршіктірген сол құбыжығының не екенін де пайымдамайды. Толғақ буып, азабы қинағанда бетіне түскен тал-тал шашын егей тістелеп, мұрнымен қинала ыңырсиды. Оқ тиген аңдай ауыр ыңыранады. Дүниеде қара түн ғана бар. Сұрапыл жауын бар. Дүлей толғақ бар. Басқа түк жоқ.

Жауын толастамайды. Жел басылмайды. Бұлт ашылмайды. Қара жауын - қара түннің айрылмас серігі. Қара түн - қаралы жанның таусылмас қамырығы. Қара түн - тым ұзақ. Түнгі жол - жеткізбес алыс. Рухия бәрібір ілбіп келеді.

Дүние - меңіреу. Меңіреу емес-ау, келіншектің құлағы түк естімейді. Ақыл-есі бар мен жоқтың ара-

сындағы елес құшағында. Әйтпесе, қара түндегі июқию шуыл дүниені дүрліктіріп бара жатқан-ды. Дүниені дүрліктіріп бара жатқан ақ жаңбырға қызыл қан тамызған әйел ізі еді. Құрсағын қысып ап, ызың-ызың қиналған болашақ ана ыңқылы еді. Дүрліктіріп бара жатқан анаға қосыла жылаған қап-қара түн еді.

Тағы да жусан иісі аңқыды. Кермек дәмі танау қытықтады. Түшіркентті де лоқсытты. Лоқсытты да шаршатты. Еміс-еміс елес оралды. Ауылын көрді. Ағайын-жұртын көрді. Кәдімгідей шырамытып көрді. Күйеуін анық таныды. Келмейді, жақындамайды, ұялатын тәрізді.

Сүрініп кетті.

Жығылған жоқ. Құрсағындағы “тентек” бұлқынып жатыр. “Бұлқын, бұлқына гөр,тентегім!” Осы үнсіз тілек күш берді ме, қиналысын ұмытты. “Құламасам екен! Жасаған, өзің ғана жар бола гөр!” Үздік-үздік жалбарыну үзік-үзік қиял қуалатады. Үзік-үзік ауыр ыңқылмен алмасады. “Бар ма екен Жасаған хақ? Қандай екен ол? Қара түн - Жасаған тәңірдің қанаты ма? Мені көрер ме? Көрсе неге қинайды? Пендесін азаптағанда арманына жете ме?”

Жаңбыр тіпті құтырынып кетті. Ұйтқыған жел дәл маңдайдан соқты. Толғақ күшейіп, кіндік тұсы бұрай бастады. Аузын ашып, істік тілін суық тамшыға тосты. Таңдайын жібітті.

“Қайда бара жатырмын?” Қайда бара жатқанын білмесе де тоқтамайды. Түн сондай ұзақ. Дүние дүние боп жаралғалы тек қана түн болып, ақырзаман келгенше осы түн орнап тұратындай. Толғақ сәл тыныстады. Әлде қайдан әлдебір үн жетті. Талықсып, талмаурап жетті. Елеңшіл көңіл дүр сілкініп, елегзи дыбыс аулап тұр. Сол дыбыс - қайта тірілген үміт көлеңкесі тәрізді. “Бағытым дұрыс-ау осы. Қазір жетем. Енді көп ұзамай көшке қосылам”. Қара табан қызыл қан кешіп келеді. Қара табан ізінде қызыл су қалдырып келеді. Қара көздер қызыл от іздейді. Қара көздер қызыл от шашып қара түнді жалт-жұлт үңгиді.

Үн тағы естілді. Талмаурап естілсе де, әлсіз жанға кәдімгідей дем беріп, жанына жылы ұшырап сала берді. “Адам дауысы екен! Жер үстінде адам бары

қандай жақсы! Адам даусы неткен әсем!” Айғайлайын деп еді, құрғаған тамақтан қырыл ғана шықты. Содан кейін екі көзден бұла жас ақты. Қамығып, қапаланып булыққан жанның кесек-кесек жасыл запыраны боп төгіліп жатыр.

Толғақ қайта буды. Кіндік түбінен әлдекім жүзі мұқалған қол арамен ерсілі-қарсылы қидалайтын сияқты. Рухия астыңғы ернін кірш-кірш шайнады. Былш-былш қан түкірді. Қан аралас жылымшы түкірігін шашала жұтты.

“Тоқтамаймын! Әлгінде дауыс естідім. Анық адам дауысы! Жасағанның өзі әдейі ұшырастырып тұр. Сәл шыдасам, жетем. Тентек... Атын Тентек қояр ма еді. Шақарын өзінің! Болса болсын. Түбінде дұшпаннан кек алатын дәл осы тентегім болады”.

Үн естілгенімен жеткізбейді. Қыбыр-қыбыр қимылдағаны болмаса, келіншектің де мардымды жүрісі жоқ. Қарсы алдынан жел итерсе, етектен тобылғы тартады. “Топан су қаптап, жел азынайды деуші еді. Мынау - ақырзаман емес пе?!” Рухия өзінше бар білетін дұғасын айтып, тілін кәлимаға келтірді. Жалбарынып, бетін сипады. Тәлтіректей беріп, қайтадан қос қолымен қарнын қарманды. “О-оу! Тентек, асықпашы! Сәл шыдашы, жаным! Көшке жетейік те”. Кәдімгідей ес көріп сөйлеседі. Мына азынаған түнде қара тұтатын жалғыз тірегі -құрсағындағы шарана.

Тағы да жусан иісі лек-лек жетті. “Апырай, жусан иісі - түтін исіндей болады екен-ау, ә?!” Танауы жыбырлады. Жүрегі айныды. “Дауыс қайда? Қай тұста еді?” Суық сорған жауырын тұсы қара тастай. Бар тұла бойы да езіп бара жатқан зіл қара тас. Тірлік белгісі ойнаған тұс-құрсағы ғана. Бұрап, үзіп, қидалап, қадалып ауық-ауық шырылдата бебеу қаққызады. Тілсіз бебеу қаққанда үміт сәулесіндей елестеген манағы үнді жанталаса іздейді.

“У-у-у!”

“Адам ба? Қасқыр ма?!” Дыбыс берген тірлік иесінің қайсысы болса да келіншекке бәрібір сияқты. Алға қарай бір аттады да, теңселіп тұрып қалды. Енді қозғалса, құлап түсетінін сезінді. Ал құласа - онда

құрығаны. Қайтып тұра алмайды. Рухия ағыл-тегіл жылады. Айналасын қоршаған дүлей табиғаттан қатыгездік пен аяусыздық, зорлық пен жаулық көргендей иегі кемсеңдеп, үн қоспай, мөлт-мөлт аққан бадана жастардың тырс-тырс үзілген дыбысымен ұзақ жылады. Жылаған сайын сонау-сонау төменнен сәт-сәт сайын ұлғайып өсіп, бүкіл денесіне таралып бар жатқан жанкешті азап - ауыр толғақ үнсіз шерді үстемелей түседі. Үнсіз өксік тыныштайды. Жан-жүйесімен күйзеле қамығып, қара түнде жалғыздық кебенегін киген келіншек алғаш рет өлімді еске алды. Өлім туралы ойлағанда, өмірге енді ғана енгелі тұрған құрсағындағы “тентегін” жан жүрегі түгел шымырлап, егіле аяды. Сол аянышы аналық сезімін оятты ма, әлдеқайдан тірлікке деген хайуандық тағылық құштарлықты да, хайуандық жабайы үрейді де кеудесінде қат-қабат тудырды. Рухия тағы да ілбіді.

Түн таусылар емес. “Бұндай да аяқталмас ұзақ түн болады екен-ау! Елсіздің қараң-құраң етер аң мен жанын түгел жұтып жіберіп, тыныштамас жауынын сорғалата берер бұл неғылған мезет?”

Жусан исі түйдек-түйдек оралды. Кермек дәмі танауды қытықтап, өкпе-қолқаны суырып бара жатты. Келіншектің басы айналды. Сол сәт төменнен пышақ сұғып алғандай сұмдық шаншу қадалды да, ұмар-жұмар домалатып түсірді.

Дымқыл жер жұмсақ екен. Құс төсек жайғандай келіншекке жайлы сезінді. “Жата тұрайыншы. Сәл дамылдайыншы!” Тағы да, бір рет, екі рет... Қайта-қайта үшкір пышақпен шабақтағандай өткір шаншу осып-осып түсті. Шыдатар емес. Рухия ырши дөң-бекшіді. Он саусағының тырнағының көбесін сөккізе қара балшықты тырналап жатыр. Қара жерді осқылап жатыр. Бір кез оң қолы әлденеге жармасты. Тобылғының бір талы екен. Демеу болды. Созылып, керіліп тыншу іздеді. Дуылдап өнебойына қызу жүгірді. Күйдіріп барады. Дымқыл жер, суық жауын мынау бойдағы алауды, денедегі өртті баса алар емес.

Жусан исі!.. Қайран жусан исі-ай!

Кетпейді. Толқындап жетіп, жауынды түнде лықсып жайылып, ауамен бірге есіп жүр. Қанға сіңіп,

қызу боп ұрып тұр. Рухия бір қырындап бетін балшыққа төседі. Ақситып аузын кере ашып, саз балшықты қарпып-қарпып жіберді. Қиыршық тас азу тісте сықыр-сықыр қайралды. Тобылғы үзіліп кетті. Тобылғы үзіліп кеткенде келіншектің жан дауысы қоса шықты. Шыңғырған дауысты меңіреу құшағына қағып алған меңіреу дала ызың-шуымен сол сәтте жұтып жіберді.

Рухия шалқасына аунап, арқасымен жер ұрғылады. Өкшесін тіреп, кілт алға ырғып қап еді, денесі қақ бөлінгендей әлдебір жеңілдік пайда болды. Аяқ жағында жып-жылы әлдене жатқанын сезінді.

“Тентегім!”...

Қанша жатқанын білмейді. Таң атып қапты. Жел де, жауын да басылыпты. Шырылдаған үн оянып ты. Шырылдаған үн аяқ жағынан шығады. Жандәрмен қозғалып, әлгіге бұрылды. Жеңсізін шешіп орап жатыр. Омырауын ашып қолтоқпақтай тірлік иесіне кеудесінен жылу бермек. Көкірегінен нәр бермек. Алакөлеңкеде алдына алып іштей уілдеді. Алдына алып, қызыл шақа бетіне үңілді. Алдына алып ақ төсін берді. Алғаш рет ақ төсінен ақ сүт иіді.

Қып-қызыл болып көкжиекті тесіп шығып күн көрінді. Қып-қызыл болып аяқ жақта қан жатты.

Ананың жүзіне болар-болмас қызыл нұр жүгірді.

Нәресте ақ борық төсті қызыл иегімен болп-болп емді. Ақ сүт қызыл күрең еріннен шылп-шылп төгілді.

Ананы ұйқы шырмады.

Қара жерден аппақ буалдыр тұман бусанып көтерілді. Тұманға ілесіп жеткен боз жусанның қышқылтым исі аңқыды. Жусан исі нәрестенің тәмпіш танауын қытықтады. Даланың алғашқы исімен аймалады. Ана ұйықтап кетті. Бала ұйықтап кетті.

Тұманда көлеңке көрінбейді. Көлбеңдемейді. Тұман бәрін жасырып қалады. Әйтпесе жасырын әкеп дәл үстінен түсіреді. Мына бүркеу таң да бір топ аттыны келіншектің үстінен шығарды. Сырт жағынан дүрсілдеп келіп қалған аттардың дабыры естілгенде Рухия селк етіп шошып оянып еді, жүзіне үміт-күдік қабат ойнап шыға келді. “Кім де болса адам ғой, бүлік-бұзақы болмас. Себі тиер” деген оймен ақ төсін

бөбегінің аузына салып, қаннен-қаперсіз отырған ананың қасына төрт салт атты дүсірлетіп келіп тоқтады.

- Кімсің?

- Жолаушы міскінмін.

- Неғып отырсың?

- Көштен адасып... Мына кішкентайымды емізіп...

- Тағы бір жауды көбейтіп отыр екенсің ғой! - деп әлгілердің бірі қамшысын үйіре берді.

- Ә, құрыған құдай, не жазып ем?! - деп келіншек баласын бауырына қысқан бойда тәлтіректеп орнынан көтерілді. Қара көзін тіктеп шаншыла қарады.

- Бедіреюін қаншықтың! Тілім-тілімін шығарайын ба? - деп анау ат үстінен төніп кеп шықпыртып кетті.

Рухия тіс жармады. Бар қолынан келгені - құшағындағы сәбиін қорғап, басын бүгіп алып еді.

Келгендердің бірі аттан секіріп түсті. Қамшы сілтеген серігіне ақырып жіберді.

- Тоқта! Кейін!

Рухияға таянды.

- Сұлу екенсің өзің. Ойнасақ қайтеді?

Рухия тіл қатқан жоқ.

- Үндегің келмей ме? Онда мына шикіөкпеңді найзама шаншып алып, ойнағанымды қалаймысың?

Ана жүрегіне мына сөздер оқтай қадалды. Қорғануға, қорғауға дәрмені жоқ. Қыспаққа алып қинап, зорлап, мазақтап тұрған жауларына қандай әрекет істесе де септігі тимес шарасыздығына іштей ашынып, алқымына тығылған өксікпен булығып тұрып, күлген, күлімсіреген ыңғай танытты.

- Күлдің бе, сұлу. Былай қарай жүр!

Рухия еріксіз жылжыды. Соңдарынан анау үшеу де қоса ерді. Кездері күлмеңдеп, қазіргі бір болар аусар халге қызығып келе жатқандай. Әсіресе келіншек ілгері жылжығанда өрім-өрімі шыққан көйлекгің әр жерінен көрінген аппақ денені көздерімен атып келеді. Бұлақ көрінді.

- Әй, мен жуынып алайын.

- Қашып кетпейсің бе?

- Қашқанда қайда құтылам?

- Жарайды, тез орал.

Рухия бұлаққа қарай бұрылды. Қасына келді. “Не

істесем екен?” Баланы жатқызып, күйбең-күйбең қимылдап қояды. Үймелеп тұрған төртеу әлденені ойратша айтысып, қарқ-қарқ күліп, анадай жерде шабынып тұр. Соны көргенде келіншектің ашаң жүзіне қайғы теуіп, бітеу жаралы бір ширығысқа тірелді. Бәрінен де бұрын намысы қозатын наразылыққа басайын десе, қол байлайтын нәрестесі және бар. Жаулары торға түсіріп, анталап тұр. Үріккеніңді қорыққанға санап, дел-сал күйінді қызығындай көреді. Оған қыңбайын десе, өз күшігін өзі жеген жыртқыштай алғашқы таңын бүгін қарсы алған ұлына осы таңды ақырғы таңы еткізіп көк сүңгіге өз қолымен шаншып беретін жендеттікке жетеді екен. Рухия белге соққандай мысы құрып отыр. Бір жағында намысы, бір жағында аянышы - екеуі де бұлтартар емес - қылмойынға қыл тұзақтай оралып, суға малған он саусақтың ұшынан өрмелеген бұлақ ызғарымен қасірет-қапа боп өне-бойына тарап бара жатты.

Жусан исі тағы сап етті. Жусан исі - ел исі, туған жер исі! Шарасыздық құрсауында әрі-сәрі ойға кеткен әйел бір байламға тірелді. Қабағының астынан төртеуге елеусіз көз тастады да, бөбегін бұлақ басындағы бір бұтаның қалқасына жатқызды. “Тірі бол, күнім! Анаңның қолынан бар келгені осы болды!” Аялдауға мұршасы болмай, төменге ұзап барады.

- Әй, тоқта!

- Былай шығайық та!

Төртеу үнсіз ілесті. Бұлақ басынан аулақтап барады. Кеудесі ілгері сұғынғанмен бар тілек-зары баласының үстінде қалған жас ана іштей егіліп келеді. Аяқ басқан сайын арасы алыстаған ұлына деген сағынышы үдеп өсіп, тұла бойын қаншеңгелмен қысып апты. “Қайда барады? Не істемек? Шайқасатын қас-қайраты бар ма? Мына далбасасы не?” Бойлауық ой ұстатпайды.

- Тоқта, хатун!

- Батыр, майданда да жекпе-жек болатын. Бір әйелге төртеуің бірдей ұмтылғандарың қалай?

“Батыр” дегенге бастықсымағы кеңк-кеңк күлді. Мардамсып күлді. Қазақшаны тәп-тәуір біледі. Белгі беріп, шеріктерін тоқтатты да, атын соларға қалдырып, келіншек екеуі сай тасасына түсе берді.

- Жетер осы ұзағанымыз. Сілемді әбден қатырдың ғой, қазақтың сұлу бикеші. Өртеші мені! Болшы енді! - деп қатарласа жүріп қаз мойынға қол салды. Әйел денесіне жылан оралғаңдай тіксінді.

- Сабыр - ердің жолдасы емес пе. Жас босандым ғой. Айуан емес шығарсың? - деп қашқақтай түсіп, Рухия тырмысқан болып семсерді сипалап қояды.

- Өрт боларсың! Деміңнің шарпуы керім екен! - деп есі кеткен шерік бауырына тарта түседі.

- Өңкеңдеме! Тарт қолыңды!

- Оу-оу, хатун! Байқап сөйле! Ашулансам, қарныңды бір-ақ ақтарармын! - деп шерік ашу шақырды.

Рухия семсерді ала алмай қойды. Қынабы тар ма, бір екі рет ырғап көріп еді, босамады. Бір сәтке оқыс өзгерген жігіт ыңғайынан сескеніп, қынжылып қалып еді, ызаға толы, ұйқысыз түндер кешкен жанарын жасырып бәсең үн қатты.

- Батыр-ау, сен де ашуланшақ па едің? Жаңағы әумесер серігің ұрып-берме сияқты еді. Сен өйтпеші. Отырайықшы мына араға, - деп құрғақтау бетегеге икемдеді.

- Қайран қазақ қыздары, жөн білесіңдер ғой. Жай көңілімді бір көргеннен астан-кестең етіп едің. Еркің білсін. Отырсақ отырайық, - деп еңкейе бергенде келіншек қос жұдырықтай тасты лып еткізіп жұлып алды да, шеріктің қарақұсын көздеп періп жіберді. “Oh-h!” деген жалғыз дыбыс қор етті де, үзіліп тынды. Ойрат екі бүктетіліп шоңқайып түсті.

Рухия жандәрмен қимылдап семсерді суырып алды да, жауының өкпесіне бойлата сұғып жіберді. Шапшыған қан қолына тиді.

Сылқ отыра кетті.

- Бітті!..

Аямас қастыққа айықпас өштік жасалды. Ызаланып наза тұтып, жаулыққа жаулық атты. Кескен теректей ұзынынан сұлаған шеріктің қасында ар кесесуін тындырған соң, Рухия бар тұла бойы сансырап босап, бөлек-бөлек мүше боп икемге келмей үнсіз отырып қалды. Енді түк ой жоқ, түңілу жоқ. Иықтан езіп бара жатқан шаршау мен сарсылу кірпікке ұйқы боп тығылып, басып барады. Панасыз, күйсіз, аш-арық

жанның жалғыз-ақ кесігін орындатқан кек орайы бар қуатын сарқып кеткен бе, айқасқан кірпік ашылмады.

Қыр басында қалған үшеу ұзақ күтті, шыдамсыздана тосты. Сүт пісірім уақыт өтті. Жолдан қалып, олжадан қағылған шеріктер өзара күңкілдесіп тойымсыз серігін қыжырта бастады. Шыдамсыз көңілге қай-қайдағы елес-сурет оралғанда езуден сұрамшақ сілекей шұбырды. Қан шапшыды. Сабырдан тізгін қашты. Желікке алақұйын араласты. Алды-артына қаратпай үшеуді жаяулатып сайға жүгіртті.

- Әне!

- Иә! Ұйықтап жатыр!

- Бүйткен ерлігіңе болайын. Асау үйреткендей шаршап.

- Біз де құр қалмайық.

Андағайлап ұмтылған үшеу бірінен-бірі қызғанып жарыса жетіп тоқтады. Аңсау су сепкендей басылды. Көңілден желік қашты. Қан көрген көздер қанталап қаһар төкті. Үндемей қимылдап, Рухияны жұлқылап тұрғызды. Біреуі әлі кеудедегі шаншулы семсерді жұлып алды.

- Шап!

- Жоқ! Алдымен киімін шеш! Жырт түгел!

Төрт қол төрт сілтеуге келтірмей келіншек үстіндегі өрім-өрім көйлекті дар-дар айырып, жұлып-сыпырып тастады. Жалаңаш ақ тәнді жымық көздер тінтіп, тіміскілеп барады.

- Бұл әйелдің қызықтырғаны қос емшегі ғой. Шап екеуін!

Семсер екі-ақ рет сілтенді. Ақ төсінен алғаш рет нәр берген қос анар қан мен сүт атып, ыршып-ыршып түсті. Рухия ләм деген жоқ. Ауырсынған да жоқ.

- Кес бұрымын!

Қос бұрым тарқатыла жайылып, тілім-тілім ақжем өкшені жаба құлады.

- Бүк тізеңді!

Рухия әлгіге алара қарады. Манадан бергі азабынан да ауыр боп тиген мынау намысын жер ете қорлау күш қосты ма, айқайлап қысқа-қысқа бұйрық беріп тұрған жауына кілт бұрылды. Дірілдеген ернінен аққан

қанды аппақ тістерімен жиып алып қиянатшыл жауызының бетіне былш еткізіп түкіріп жіберді.

- Қазақтың қатыны да тізе бүгіп, жауынан сауға сұрамайды!

Жуандық, зорлық жасап, шіреніп паң тұрған шерік сәтте ойпаң-тойпаң болды. Қанын ішіне тартып бозарып алды да, қанжарын суырды. Сойдақ тістерін ақсита ысылдай жақындап, жалаңаш қарынға қанжарын қорс еткізіп салып, төмен қарай бір-ақ іреді.

Аяғының басына лықсып түскен шек-қарынды құшақтап Рухия құлап бара жатты. Ашық қалған көздері зорлықшыл дүниеге ақырғы лағнатын айтқандай, тек сүю мен сүйінуге жаралған карашықтарын қозғалтпай мелшиді де қалды.

Ақырғы рет жусан исі жетті де, сап сейіліп жүре берді. Күнұзын ауық-ауық мұрын қытықтап, алпыс екі тамырда дуылдай жүгірген тілеулес жұпар әйелмен бірге үзілді.

Сәлден соң тұман сейілді. Терістікте маңып бара жатқан қазбауыр бұлтты алыстатып, аспан ашылды. Еміс-еміс желпіген баяу леп болмаса шарасыз даланың жасырып қалған сойқан сұмдығын іліп әкетер, дауылдатып ел-елге жеткізер жел де жоқ. Тастақты жарып шыққан жырақтағы мөлдір бұлақтың сылдыраған күміс үні көміліп, тыншу сахараның меңіреуіне сіңіп кетіпті. Қазіргі күйі иштен булыққан мұңлық реңдес. Жағасында жалғыз қалған балғын тірліктің сәби ұйқысын бағып, баяу ағып жатыр.

Осы кезде қырға жалғыз атты шыға келді. Шыға келді де, төмендегілерді көріп, бар сырды айтқызбай-ақ ұқты. Бірер сәт басы айналғандай мүлгіп жүдеп тұрды да, іле кілт ширығып, атына қамшы басты. Атой беріп, жүйткіте жосытып таянып қалды. Найзасын кезене шаппа-шап арласып кеткенде, үшеудің бірін ұшырып түсірді.

- Өлтірген, қинаған жаксы болса, міне, саған! Міне, сендерге! Қане, келіңдер! - деп айналып келіп, және біреуін іліп түсті.

Жойқын аттының қаһарынан қорыққан үшінші шерік безе қашты. Бетпе-бет келіп, қол көтеруге де жарамады.

- Ә, қашамысың? Қатынға ғана батыр екенсің ғой! - деп долданған атты алдаспанын жарқ еткізді. Анау жүгіріп бара жатқан бетінде жұмарлана құлады.

Бұл жеткен - Бөрте батыр еді.

Ақлағын қаңтарып тастап, Рухияның қасына келді. Тізерлеп отырып ашық қалған көздерді алақанымен сипап жапты. Қылышымен жер шабақтап, ұзақ қыбырлап қабір дайындады. Содан кейін дұға қайырды. Бар білері - “Ладху жаһакум”. Соны тәмәмдап, келіншектің үстіне өз бешпетін орады. Аяқ-қолдарын түгендеп жиыстырып, денені қара жердің қойнына тапсырды.

Ақлақ пысқырды, алдыңғы серек аяғымен жер тарпыды. Құлағын қайшылады.

- Не көрінді, жануарым, қанатым! Қазір аттанамыз.

Алыстан талықсып жеткен әлсіз дыбыс ызыңдап оралғандай болды.

Бөртенің солғын тартқан жанарында болар-болмас ұшқын білінді.

- Елсізде қалған бір мұңлық емес пе екен? Ақлақ, айтшы, сен, қай арадан естідің?

Дауыс еміс-еміс жетті де лез күшейіп кетті.

Бөрте жалма-жан солай қарай жүгірді. Ораулы нәрсені көрді. Анда-санда бір қыбырлап жылап жатқан нәресте екен.

- Ойпырай, мынандай да жауыздық болады екен-ау! Елсізге өлсін деп, шегі үзіліп өлсін деп тірілей тастағаны ма? Аямағаны ма? Дүниені аша сап, азынап өлсін деген тағылық па!? Ғазабы арта түссін деген қаталдық па!? - деп еңіреп кеп, жерден іліп алды. Іліп алды да,бауырына қысып, бебеулеп жұбатты. Өне бойын кернеген әлде бір ызалы шері алқымына жас пен өксік боп тығылды. Құшаққа енген соң бала тез уанды. Танауы пысылдап тағы да ұйықтап кетті.

Бөрте Ақлағына келді. Дік етіп ерге қонды да, нәрестені күпісінің ішіне қойнына салды. Сәлден кейін бір бүйірін жылытып жан иесі - “бір кесек ет” - әлсіз қыбырлады. Ашу тығылып, күйіктен сенделіп тұрған батырдың қабағына сүйініш дірілі жүгірді. Дұшпандық көрген даласынан мынадай жылулы іңкәр тәттілікті қоса сезінген Бөрте мұртын ширатты.

“Жолдыбайым! Жалғызым! Ендігі әкең де, шешең де мен болам! Мен! Сүйретіліп жүре беруші ем, тәңірінің өзі бұйыртқан ғой!”

Бүйірін жайлап қана басып қойды. Бұлақтан ұзап барады. Артына бұрылып еді, көзіне жас толып, бұлақ та, жас қабір де, шашырап жатқан өліктер де бұлдырап шалынды.

...Әлдеқайдан жусан исі келді.

“Е Л І М - А Й”

1

Үдере көшкен көп ауыл айтақырға жеткенде, түн ортасы ауды. Жалпақ жатқан ел атамекен, кіндік жұртынан айрылып теріскей асып, үйме-жүйме жөңкіліп келеді. Жан азып, мал титықтағанда ғана үйіле қонып аяқ суытады да, ертеңінде және шұбырады. Әр жұртта жүре алмай қалып жатқандар мен өліп жатқандар күн ұзаған сайын көбейе түседі. Оның үстіне елсіз өңірдің аш қасқырлары түн баласында тыным бермей, тіпті құтырынып кетіп еді.

Қолдарына найза-сойыл, айбалта-қылыштарын ұстаған ат үстіндегі еркек кіндік кейіндеп бөгеліп ашқарақтана ұмтылған қуғыншы жауға тосқауыл ұрыс сап, тізе біріктіргенімен, саны көп қолдың илеуінде қалып, талай көш қырғынға ұшыраған-ды. Атадан ұл, анадан қыз айрылғанды. Омырауын оқ тескен талай баршын ата жерін, баба көрін құшақтай құлаған еді. Құба жон, құла түздің суық топырағын ыстық қанымен суарғанды олар.

Сонымен қалың көш айтақырға еру жасады. Күнұзын тынымсыз қыбырлаған шұбырынды жұрт тұрған-тұрған жерлеріне отыра-жығыла кетті. Біреуді біреу біліп болмастай, ығы-жығы араласқан тобыр әр тұстан дауыстап қалып, жақын-жұрағатын іздестіргенімен, мардымды алар жауап жоқ. Әркімнің өз жоғы мен мұңы бар. Зары мен шері бар. Жылай отырып, “арсыз” қарынның қамын күйттейді. Әр ауылдан, әр төбеден үрке безіп, ыдырай тозып келіп, бастары қосылған бұл көштің, бұл қаралы босқынның ас-суы да тапшы. Соңғы күндері талғажау етер азайып, бірлі-жарым тоқты-торымды шикілі-пісілі домалатып, таусып та біткен. Үйірлеп жылқы, қоралап қой айдау былай тұрсын, жан сақтаудың өзі қиямет. Жаяу-

жалаңаш шұбырған жұрт ию-қию араласып, білегі мен тілегінен айрылған соң басқа қарекетке көшкен-ді. Әсіресе шеке тамырлары көгере білеуленіп, қолаяқтары жалғыз тал шидей боп ұзарып, кірпіктерін әзер-әзер қимылдатып, аштықтан сөніп бара жатқан нәресте сәбилердің зары қалай шыдатсын. Бауыр ет - бала ана байғұсты отқа да, шоққа да айдамай ма. Даланың тышқаны мен бақасын қақтап, жаужұмыр мен алғырдың түбін, өсімдіктің гүлін, қайыңның шырынын жинап ауыздарына тосады.

Аршагүл Қуат батырдың үй-ішімен бірге келе жатқан-ды. Қазір батырдың шөгіп жатқан жалғыз түйесінің бүйіріне арқасын сүйей отырып, Тасболатын емізе бастады. Нәр сызбаған ананың уыз сүті қайдан шықсын. Нәресте іңгөсі талықсып созылып, тынғаны да осы еді. Күнұзын бала көтеріп екі қары салдырап шаршаған келіншек ұйқылы-ояу күйде. Жұлдыз көрінбейді. Көк жүзін перделеп тұтқан қара бұлт бар.

Бірнеше күннен бері төңіректегі толастамай үдеген айқай-шумен қаралы жоқтаудан, ықылық ата күрсіну мен етегі жасқа тола еңіреуден құлағы айықпағандықтан ба, көңіл сарайынан бір сарын үзілмейді. Мына ұйқылы-ояу халінде енді соны анық естігендей, келіншек тұлабойымен дүрлігіп, мұңлы сарынға іштей қосылады. Іштей үн қосады. Кеудесін кернеген шері мен мұңын сырлы сазға сиғызардай үнсіз бебеулейді. Ақша беттен кесек-кесек домалаған ыстық жасымен іші-бауыры елжіреп, ұйытып бара жатқан зарлы әуенді жүрегімен ұзатады. Кім айтты? Өзі ме, өзге ме, білмейді. Өзегін өртеген өз мұңындай екені рас мынау әуездің. Өң мен түстей осы халінде әлдеқайдан орағытып тағы соқты да, бар ақыл-есін құйындай үйіріп, ертіп әкетті.

Дәл қасынан әлдекімнің ыңырсыған үні естілді. Ілешала қараңғы түнді найзадай үңгіп аңыраған дауыс аспанға шапшыды. Аршагүл Тасболатын шекпеннің үстіне жатқызып, еңбектеп дауыс шыққан тұсқа барды. Соңғы кездері жиі көріп, көңілі шайлығып кеткен жағдаймен тағы кездесті. Жыртық шапан үстіндегі он жасар ұл бала қинала ыңқылдап жатыр. Басын сүйеп отырған анасы балаға төне түсіп күңірене еңірейді.

Жылау үстінде, сұңқыл үстінде “Армандым-ай! Бейнетке жазған бейбағым-ай!”-деп әбден түңілген дәрменсіз күйімен шер төгеді. Екі бүктетіле ішін басып, өшіп бара жатқан ұлы тірлігінің соңғы демімен, соңғы лебімен “Апалап!” шешесінің қолына әлсіз саусақтарымен түртінектей жармасады. Ананың күсті алақанының мейірлі ыстығы аямас ғазаптан арашалап алып, ауру баланы өмірмен жалғастырып тұрғандай сезілді Аршагүлге. Келіншек үнсіз барып, әйелдің қасына отырды.

Аш, әрі дімкес бала көпке шыдамады. Сүт пісірім уақыт қырылдап әлсірей берді де, бір кез сұлқ қалды. Ғазабы, қиянаты көп ғұмырдан мәңгілік арылып, сөніп біткен еді. Ah ұрған ананың басын сүйеген Аршагүл манағы іштегі бебеу қаққан күй мен құлақтағы дүбірлеген сарынды қабаттастыра өріп, дауыс қып қоса егілді.Қоса аңырады.Бұрын-соңды естімеген зарлы әуен мұңлық кеудесінен шымырлата құйылғандай болады. Осы әуез өзінікі ме, өзгенікі ме, ол арасын білмейді.

Қара шашын талдап жайып, біресе талықсып, біресе аңыраған ананың ұзақ жоқтауын тыңдай жүріп, Аршагүл тырмалап жер қазды. Тырнағының көбесі сөгіліп, өзі де әбден қалжырады.

Қаралы түн өте шықты. Таң сарғая теңселе қимылдаған екеуі баланы жер қойнына тапсырып, жас топырақты бүре уыстап отырып қалды.

Сол күннен кейін Аршагүл күрт өзгерді. Жол бойы бірнеше рет қатарласа шауып келіп, хал-жай сұраған Қуат батырға да онша рай білдірмей, ернін жыбырлатып қана шүкірлігін айтады. Маңайын қоршаған жүдеулік пен жатбауырлық енді бұның көкірегіне айықпай орнап алғандай. Тайлағын ерткен жалғыз түйеге де мінбей, үнемі Тасболатын кеудесіне қысып алып жаяулады да отырды. Ешкіммен тіл қатып сөйлеспей, үнсіз бір меңіреулік тапқан-ды. Бар білері, бар ұққаны - жаңа, тосын дертке шалдығыпты. Күннен күн озған сайын аштық пен аурудан өліп, жырмалап бөліп алып, тоз-тоз қырғындаған жау қолынан азайып бара жатқан босқын шұбырындының жылаулы үні басқа дыбыстың бәрін басып кетіп еді. Ал сол жылаулар үні тек қана өзінің жүрегінен өрбіп, өзінің

кеудесіне ғана құйылатындай түсініксіз сезімнен Аршагүл бір сәт айықпайды.

Ұзақ-ұзақ ойға кетеді. Іштей дұғасы мен мінәжатын бағыштаған сонау опат болған бір рулы ауылдың ендігі тілегі мен тірегіндей көрінетін нәрестесіне күрсіне отырып ғұмыр тілейді. Сол тілекпен бірге көкейіне ұйлығып жеткен сазды зарымен сары далаға үнсіз жыр толғайды. Сол әуез кесілген үмітті жалғар, көмескі тілекті айқындар таусылмас зары мен естілмес жырындай. Ол саз - сәбиін жұбатқан әлдиі де емес, өшкендерді іздеген жоқтауы да емес. Тұла бойын күңірентіп кернеген сол әуен әлдебір құдіретті аманат лебізіндей.

Бірде Қуат көңілді оралды. Бұрын Аршагүлдің қайғысын сергіте алмас шарасыздығына күйініп, дәрменсіз келуші еді. Бүгін келіншектің жабырқаңқы сұлу кескініне тіке қарап, алғаш күле тіл қатты:

- Аршагүл-ау! Сүйіншімді бер! Жоламан тірі екен!

Өксікке толы арманын жоғалтқан келіншектің мына қуанышты хабарды естігенде өңі құбылып кетті. Сарғыш тартқан құбаң жүздің ауыр күрсінісі ықылық атқызып лықсып шықты.

- Апырай, батыр! Өлгенімді тірілтіп, өшкенімді жандырдың ғой! Мына бір шикі өкпе қу тақырда жалғыз қалған жас шіліктей көрінуші еді. Бәйтерегін өз қолыңмен қасына қондырғандай болдың-ау! Мұңлық көңілімді бірлеткен қуанышымның алғысын қабыл етші, батыр! Ойдан ой қуып, уайымымның шыңырауына батқанда талшыбық қарматтың ғой. Ризалық қылдым! Осы тәубам дос көңілінің медеуі болсын! - деп шаттанып сөйледі.

Қуат ат үстінен қолын созып,Тасболатты іліп алды. Маңдайынан ұзақ иіскеді.

- Тұлпардың тұяғы, сен аман-сау бол! Кешегі батыр атаңның аманатындай көз алдымда кек түйіп өс, жас бұтақ! -деп қайтарып берді.

Бұрылып бара жатқан Қуаттың шылбырына оралған Аршагүл өтілін айтты.

- Батыр! Көңілімді көншіткенің шын болса, арысымның қайда жүргенін жасырма! Анығын айт. Аяймын деп алдамай айт.

Қуат келіншекке мүсіркей қарады. Көзіндегі жасы мен көкірегіндегі шерін көрді. Мөлдіреген жанардың шындық тілеген мұңмен кіреукеленген үрейленуін да таныды.

- Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді. Аршагүл, күдер үзбейік. Жоламанды құтқарамыз! - деп одан әрі атын тебініп, жүріп кетті.

Жаңа ғана жақындап қалғандай көрінген тентек қайнысы қайтадан алыстап бара жатты. Әлгіндегі ашылды ма деген көгі де, жадырады ма деген көңілі де бәз-баяғы қаракүңгірт қою пердесін тағы тұтты. Сол қайта көлбеңдеген пердемен бірге бірнеше күннен бері тынышын алған тосын сарын - зарлы әуез жел ызыңындай сыбызғылатып басталып, бірте-бірте дауыл гүріліндей күшейіп, құлағында аңырап кетті.

Сол кеште Аршагүл жазықсыздан жазықсыз сөз естіп, кінәсіз күйді. Жуандық пен зорлықты жасаған басқа емес, Қуат батырдың халел жүптісі - әнеу бір түні баласын бірге жерлескен әйел еді. Әсіресе, ұлынан айрылған ана зарын Аршагүл бар көкірегімен ұғынып, содан бері оның мұңына мұң қосып, қаралы көңлін жадыратардай әр кез қасында болып келген-ді. Сол қамкөкірек жанның енді ойламаған жерден жат мінез, суық ызғарына жолыққаны ғой.

Қызыл іңірде күреңін қансорпа ғып Қуат сол күні көшке екінші рет келген еді. Келген бойда аяқтары шатысып, әрең басып келе жатқан Аршагүлді көріп, түйе үстінде жарбиып отырған әйеліне ақырып жіберген.

- Әй, қатын! Қара жамылған жалғыз сен емессің! Түс түйеден! Неткен қайырымсыз едің! Аршагүл, аяғыңды суытшы! Міне ғой, - деп түйені өзі шөгеріп, келіншекті көлікке өзі мінгізген.

Үн-түнсіз “кінәлісің, кінәлаймын!” дегеңдей сазара қараған әйеліне қайырылып бұрылмастан Қуат кейін қарай шаба жөнелген. Күрең айғырға ысқыра тиген ауыр қамшы өз жонына тигендей әйелі бір қиқаң етіп еді, содан әрі долылық буған ызалы жасын ыршыта, дауыс қылып көп аңырады. Мол жылаудың аяғын қатқыл үнді кесек ашумен атқытты.

- Уһ,аллай! Бауырымнан - балам, қойнымнан -

жылуым кеткен соң көзіне түртер ме енді. Дігерлемей қайтсін! Өзі жас, өзі сұлу келіншек жадылап қойған соң.

Аршагүлге қарап тұрып, қадап-қадап айтты. Табаны тасқа тиіл, “бақырауық” атанған бозінгеннің итеңдеген мимырт жүрісінде ілгерілі-кейін толқып, басын салбырата еңкейген келіншектің өзіне не бір бұрылып қарамай,не бір ауыз тіл қатпай бедірейіп қалғаны әйелдің одан сайын қытығына тиіп еді. Томырыла ашуланып, тіпті шала бүлінді.

- Өл де маған! Қырсықты каншық бүкіл бір руды құртып еді! Енді кеп жалғызымды жалмады. Кеудемді басқанымен қоймай, төбемде ойнаймын дейді-ау! Шіркін-ай! Бұлдағаны бұты ма?! Оң жақтан желегін желкілдетіп қыздай түсіргендей бұл жебір қаншықты құрметтегені несі соншама!

Аршагүл іштей егілді. Онсыз да ішқұста мұңлық күйіне мынау орынсыз зорлық қамшы сілтегендей болып, қатты түйілтіп тастады. Көз ұшында, дүн-дүниені теп-тегіс қызыл жалқынға малып, көкжиекке шалқайып кеп құлаған Күн, жылай-жылай қанталап кеткен жалғыз үлкен жанардай боп қарсы алдындағы ығы-жығы қыбырлағандарға қара жабардай сеніп барады. Бейуақ шақтың беймаза гөй-гөйін тыңдамайын дегендей төңірек те тез көлеңкеленіп, алысын жасырып, үйме-жүйме ұйлығып көз аясына құлдилайды. Қараңғылық ұйыған сайын әр тұстан өретін дауыс көбейетінін білсе де, бүгінгі үндер тіпті оқшау естілген соң, Тасболатын қомның үстіне аумастай етіп таңып тастап, Аршагүл түйеден сыпырылып жерге түсті.

Бұл кезде көш тоқтап, түйелер шөгеріліп, аш қарынды ауыз ашып алдаған соң, түн ортасы ауа қалың жұрт көштің орта тұсына жөңкіген еді.

Аршагүл де осы маңға жақындады. Ақ киіздің үстінде сұлық жатқан әппақ қарияны көрді. Қасында көзімен тесіліп, үнсіз мүлгіген бір топ ақсақал отыр екен. Келіншек тітіркеніп қалып, алақанымен бетін басты. Анау ақ киіздің үстінде арыстай сұлап жатқан қария - исі Арғынның ең көне көзі, батагөй дана ақсақалы болатын. Осы көп көштің сонау күннен бергі бастаушысы да, ақыл-кеңес берушісі де өзі еді. Үш-

төрт күн болды, төсек тартып қалды. Қатты жығылған бетінен бері қарамай, сәт сайын төмендей берді. Ауруының кеселін аштықтан көрген ағайын ақылдасып келіп, көш соңындағы екі-үш тайлақтың бірін сойып, жылы-жұмсағын қарттың аузына тосып еді, татып алмаған. Өнебойы дуылдап ысып жанып, басы-қасындағы үзеңгілестеріне медеу болар сөзінен, қайрат-қажыр берер қуатынан да айырылып барады.

Қазір де жиылған топ күдікпен төніп келіп, науқасты қоршап алған еді. Аршагүл қарияға қадалып қалыпты. Айналасына назарын жүгіртіп үнсіз жатқан қария ентіге демігіп, тынысын әзер алады екен.

Көңіл сұрай келгендер тұрған-тұрған жеріне отыра кетісіп, тыншып қалды. Қыбырсыз мол жиынның ауыр үнсіздігін ауық-ауық қаңсылаған иттер мен бірен-саран түйелердің жалқау күйіс қайырғаны ғана бұзады.

Түксие төніп түн қараңғысы оралды. Қаракөк аспанның өлусірей жанған жұлдыздары қыбырсыз жиынға сонау жоғарыдан ентелей көз тіге қалыпты.

Көп аяқтың қыбырынан тұмантып көтерілген қою майда шаң мана сейілсе де, жиналғандар әлі үнсіз, әлі қыбырсыз, мүлгіп отыр.

Бір кезде Ұлы Арғын қолын көтерді. Әлденені сыбырлаған тәрізденді. Содан кейін қасындағылардың сүйемелдеуімен басын көтеріп, кеудесін тіктеп отырып алды.

Ым қағып, домбырасын алдырды. Тақтайына сүйек жапсырған кәрі досына тесіле қарап ұзақ отырды. Кім білсін, дәл осы қара көк түнде жалған дүние көз алдынан көшерде, өткені төңкеріліп келіп көңліне ұйыды ма, талай кеште қос ішекті қосарлата безілдетіп, сайын далаға әдемі, әсем әуенмен қазағына жерұйық болған селеулі сахарасын жырлап келгені жадына оралды ма, шаршы топты жеке өзіне табынта қаратып ап, соларды күнделікті уайым-мұңынан сәтке ғана бөлектеп әкетіп, өз сырымен өз жүрек дірілімен пенде жүрегін қытықтағанын еске алды ма, қария жүзінде нұр ойнады. Домбырасын оқыс қағып-қағып жіберді.

Аршагүл ұйып барады. Қалжыраған денеге әл жүгірткен белгісіз күшке, тылсым құдіретке таң болып отыр.

Күңіреніп күй тірілді. Еті қашқан тарамыс саусақтар домбыра бетінде опыр-топыр билеп жүр. Бірде дауылдатып. бірде толастайтын ашық сыңғырымен бас құраған дүрмек дыбыстар, кей-кейде бебеу қаққандай шырқырап шығып шығандап кетеді. Сол-ақ екен келіншектің көз алдына көп елес-тірлік көлденеңдеп жете берген-ді. Ұбақ-шұбақ шұбырған үздік-создық қаралы көш... Еңіреген зарлы ана... Қара көзін жас жуған бойжеткен... Еңсесі түскен ерқара... Артта қалған атамекен...

Түйдек-түйдек толқындай дүрілдеп тұрған өктем сарын кілт үзілді. Маңайды тағы да зілді тыныштық қоршады.

Сәлден соң домбыра баяу күмбірлеп, биязы термелеп өзгеше реңкпен сөйлеп кетті. Өксік пен өкініш қинаған жанның ақырғы қош-қошын, ақтық аманатын жүрек дірілімен сыбырлап қана жеткізердей қос саусақтың екі ішекті іліп тартқан майда шертісімен жорғалады.

- Қартайыппын, жұртым, мен. Ұзақ жолымның бітер қыл аяғына тіреліппін. Қаусаған сүйегімді сыз жерге тапсырар сәтім де таяу. Кеудемнен көк ала үйрек қош деп ұшарда ақырғы лебізімді естіртейін, ағайын! - деп бастады сөзін.

- Айтпағым көп еді, тіл ұшына жиналып келген мол сырды шерте алмай қалармын ба деп қорқам. Сонау ерте-ерте бір күндердің еңку-еңку жер шалған хан мен бегін де, жүйтки-жүйтки жау шапқан батыры мен бағланын да, толғай-толғай жыр төккен ақыны мен жырауын да айтпаймын. Менің бүгінгі толғауым өзгеше, бүгінгі айтарым басқаша болмақ, жамағат!..

Аршагүл мына сөздерден кейін қариядан көзін мүлде тайдырар емес. Бұрын атақ-даңқын естігені болмаса, жақыннан көрмеп еді. Ақ сақалы тұтаса желбіреп, қалың қасы тұтасып көзін бүркеген батагөй данадан әлдебір тың әңгіме еститінін сезіп, ынтыға құлақ тігеді. Барша жұрттың елтуі де дәл осындай. Бір-біріне тіл қатпай, қыбырсыз мүлгіді де, ақсақалдың дәл мына қалпында манағы ауру шалға түк ұқсамайтынына қайран қалысты. Отырғандар ортасында қылшылдаған жас жігіт өз жалынымен, өз жылуымен

маңайындағыларды желпінтіп, желіктіріп кеткендей болып еді.

Қария үніндегі ғажайып кең тынысқа екі өкпеден қысып бара жатқан кеселі тұсау салып, емін-еркіндікке жібермейді. Сол халін қапысыз сезген Аршагүл одан сайын емірене бейіл қойды. Толқындап келген толғаулы саздан кенет арман лебі есіп жүре берді.

Әлгі арман лебі бір ұзақ сарынды “Елім-ау! Қайран халқым-ау! Жалпақ жұртым-ау!” деген жүрек ынтығымен көп қайталады, көп ширықтырды. Ал қария болса сол арманымен ел атасы болған сонау биігінен мұңды топқа елжірей тіл қатып, қаралы жұртына құштарлығы мен жүрек тілегін айқара ашып тастапты. Енді мына дем-тынысы таусылар шақта қара жартасы мелшиген қара түн қойнына шері мен шеменінен түйілген көп сырын ақтарып жатыр.

Аршагүл өзгеше әсерленді. Көп күннен бері іштей тапқан оқшау ырғақты зарлы әуені мына қария сазымен сарындас екен. Соны мейірлене ұқты. Соны ұқты да, қатты толқып, сұрлана түсіп, іштей ыңылдап қосылды. Көз алдына сонау көне Қаратаудың басынан асып түскен қаралы босқын, шұбырынды елдің зарлай еңіреген сүлбесі оралды. Көкжиекті перделеген қою шаң көлбеңдеді, Ақ табан болып терісі сыпырылып түсіп қалған көп мұңлықтың жалаңаяғынан қып-қызыл қанжоса шұбырған ізін көрді. Өксігі мен күрсінуі естілді. Соның бәрі тағы да мына қос ішекке қосыла өрілген кәрі кеуденің әнімен өрбіді. Ән деп айтқан зарымен, шерімен өрбіді.

Ұзақ толғауын аяқтап болып, Ұлы Арғын көп отырды. Жиі дем алып, ентігіп қалды. Терін сүртті. Сарғайып білінген таңға иек көтере қарады. Өмірінің ең соңғы таңымен қимай қоштасып отыр ма, біразға дейін үндемеп еді, даусы оқыс естілді.

- Анау бір таңдай алаулап тұрар үмітім бар еді. “Үзем!” дегендерді көп көрдім. “Жалғаймын, жеткіземін!” дегендердің көмескі үнін де естідім. Жауыздық пен озбырлық үнемі жағаласып жүреді екен де, ізгілік пен мейірім шетқақпайда қала береді екен. Бірақ жамандық жақсылықты құрбандыққа қанша шалса да, мерейі үстем болған жоқ. Жер - тебінгідей,

тау - жұдырықтай, өзен - таспадай, көл - оймақтай болып көз алдыма талай бүрісіп оралды. Оралды да, қайта шалқып, қайта ұлғайып жүре берді. Тіршіліктің бүрісіп барып жазылар, құрысып қалып қайта ұлғаяр заңы екен, жоралғысы екен. Бастарыңды салбыратпаңдар, қабырғалы жұртым! Еңселеріңді түсірмеңдер, қарындас халқым! Ерегісіп түрегеліңдер, бауырларым! Ел мен елге барыңдар, ауылдан ауылға озыңдар! Бірлікті, ірілікті діттеңдер! Елдікті қорғаңдар! Мен көшермін, кетермін ғұмырдан!.. Үмітімді, анау рауандап келе жатқан таңдай арманды бір үмітімді серік еттім сендерге. Қайта айналып, кек бастап келер сапарларыңды тосып жатармын! Күтіп жатармын, елім!.. - деп үнсіз қалды да, сылқ етіп құлай кетті.

Сол жатқаннан қайтып басын көтермей, исі қазақтың ағасы - Ұлы Арғын күн шыға қайтпас сапар кешті.

Қаралы көш көп бөгелген жоқ. Кдрияны ақ жуып, арулап қойды да, батысқа қарай тағы шеру тартты.

Мамыр орталап қалған еді. Айнала тегіс көктеп, даланың қызғалдағы тұнып тұр. Кей беткейлер қызғалдақтың көптігінен от түскендей алаулап толқиды.

Жылда дәл осы мезгілді Аршагүл асыға күтер еді. Дүниенің бой жазғандай сыланып оянар сылқым кезі еді бұл. Сықылықтап күлген бойжеткендердей тірліктің мол үнмен желпініп, желігіп кетер лебізді шағы еді бұл. Алдағы қызық, жайраң жазға асыққан өскелең өмірдің шаттығын бастар майрампаз көңілашар сәті еді бұл...

Аршагүл енді елең етер емес. Маңайы жасарған сайын, құлпырған сайын көңілі көкаязданып, қытымырланып барады. Қанша сергиін, серпілейін десе де, іштегі жегісі шырмап тастапты, босатпайды. Әсіресе, атамекен, кіндікжұрттан безінген мына шұбырындының барар жер, басар тауы белгісіз күй-жәйі қатты жабырқатады. Бұл тұста Тәңірі мен төңірегіне наз-наласын жолдардай тіл таба алмай, ырғақ таба алмай пұшайман болды ғой. Бірнеше күннен бері көкейіне қонақтаған тылсым сарыны бар еді. Одан да айрылып қалыпты. Меңіреу кеуде өз мұңымен булығып алған-ды.

Аяқ аттаған сайын томпайып қалып жатқан жас

қабір қатты толғантады. “Жел мұжып, су шайып, күндердің күнінде топырағы жер болып, дәйексіз, ұмыт қалар осы құрбандардың атойлап шығар белгісіндей не бар? Қандай құдірет бар? Із-тозсыз жоғалып, көңілден өшіп біткендері ме? Ұмыттырмай, өшірмей, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа табыстырып әкетер кім бар? Мынау дауылдатып жеткен қаралы күнді, жылау күнді тауарихқа жад етер тылсым қайда? Мәңгілік сақтап өтер, жаттап қалар сыр сандық қайда?”

Осыларды ойлағанда келіншек өз күйзелісін де ұмытады.

* * *

Бар екен құдірет. Ол құдірет - ән екен.

* * *

Шаңқай түстің шағырмақ күні ысып кетті. Аңызақтың мұнартқан сағымы салқар көшті сандалтып ойнайды. Сарғайтып алдайды. Саумал бұлақ болып сылдырлап ағып, саялы салқын бақ боп көлденеңдеп көсіліп, “кел, көр мені, кір құшағыма!” деп сылаңдайды да жеткізбейді. Бұлдыр тірліктің бұландап қашқан алтайы үмітінің ілгері тартуы ғана дәтке қуат. Әйтпесе, сабылып сағым қуған ғұмырдың бажы табылар емес.

Аршагүл әден титықтаған еді. Қарауытқан көз алды бірде буалдырланып, бірде әртүрлі түспен шеңбірек атып, толқынданып тұрғаны. Бұрынғы толық қызыл еріндері көгере жарылып-жарылып кетіпті. Таңдайы тандыр. Ернін қанша жаласа да,тамағы құп-құрғақ. Бүгін сүрінуі де көбейді. Құлап бара жатып, Тас-болатын жығып алмауды ғана ойлайды. Жалғыз сүйінері: осы нәрестесі әзірше ауру-сырқаудан аман.

Қапас көңілдің елес қуалап бірауық сергитіні болады екен.

Көз алдына өткен күннің бір көрінісі оралды...

...Жауынбайдың қасында Сүлікқарасын сумаңдатып сипай қамшылап келіп, “жеңешелеп!” Жоламан қайнысы түсіп жатыр. Ауыл Теректіде екен дейді. Жаз. Шілде айы. Өзеннен салқын леп есіп, іргесі түрулі кең отаудан қапырықты қуып тұр.

Ішке кірген Жоламан төсек үстіндегі домбыраны алып, төрге қисая кеткен. Туғалы домбыра ұстап көрмеген тентек қайнысы манадан әлдебір шертпені тап баса алмай әлек.

- Тентегім-ау,қайын жұртың шетінен күйші деуші еді, өзіңе бірдеңе үйретіп жіберген бе, - деп күлген-ді Аршагүл.

- Сылқым жеңеше-ау! Солардың күйшілігі мен әншілігі күйімнен жаңылдырды ғой. Ат үстінде жел қуып, желдей жүйткіп аң қуып жүріп, кемшін жіберген бір есемді толтырам ба десем де, көкірек шіркіннің тесігі жоқ екен, сіңірер емес, -деп күрсініп қалды.

- Құсаланба, қайным! Әлгі келін он саусағынан бал тамызған күйші дейді ғой. Бір үйге біреуі де жетер.

- Келініңіз күйші болмағанда мен құсаланбас па едім.

Ауыр күрсінген Жоламан онан әрі үндемей, кішкене домбыраны аударып-төңкеріп ұзақ қарады. Қанша қадалса да, аспаптың тылсымы мен тұңғиығын аша алмай, іштей меңіреуленіп тығылып қалды. Бабын тапса, сырын ашса, сайрап кететін осынау қос ішекті қара қалақшаның сырықтай саусақтарда тым болмаса шоқпар құрлы қауқары жоқ. Ерегіскен екі елді емірентіп табыстырған бағзы бір баянды үндер базарын тарқатқандай қазір пышырап кетіпті. Төскей мен етекті бірдей дуылдатып сыр шертетін қолдар мұнықі емес екен. Тыңқылдатқаны шоқырақтай, шерткені мөңкігендей болыпты-ау.

Жоламан созалаңдап орнынан тұрды. Жалт қарап тентек қайнысының өзгеріп кеткен өңін көрген Аршагүл ерніндегі күлкісін жиып ала қойып,енді тең құрбысындай ашыла сөйледі. Аңқылдақ, аққөңіл балаң жігіттің бұрын көңілінің кірбеңі, қабағының қатуы жоқ еді. Мына сапардан түйткілденіп қайтқандай сыңайы бар.

- “Жас жастың тілеуі, жібектің түйіні бір” деген ғой, тел тентегім. Отыршы. Қайда асығасың, балқаймақ қайнатып жібертейін. Қайнына барғанды қаңғыртқандай етіп қайтару ел салты ғой. “Күйеу атымен күл тасы” дейтін де аямас дәстүріміз бар. Оспадар біреудің өрескел ойыны қинаған шығар. Қынжылтатын орай да, қыжыртатын шырай да бұл даланда әлі талай кездеседі, тел тентек қайным. Ұнжырғаң түспесін. Ұсақ-түйекке әлден түңілсең, үңілген сайын езіліп бітерсің. Езіп, жаншып бітер, - деп тысқа шығып есіктегі әйелге ас-су қамын тапсырып, қайта оралды.

Жақсы көретін қадірлі жеңгесіне Жоламан жүрек жарды шынын айтты. Жасырған жоқ. Өз өмір жолында алғаш өзіне тірелген бір шырғалаң түйінді кездестіргенін бүкпеді. Мәселе былай болған екен.

Теректіден аттанған Жомарт батыр Қаратаудың терiскейіндегі Қыпшақ құдасының аулына кішігірім көштей боп кеп түскен-ді.

Ілуі бар, өлі-тірісі, қалыңмалы бар мал мен дүние-мүлік тиелген түйелер шұбырып келіп, үлкен ауылға енген еді.

Күйеу бала - Жоламан күйеу дәстүрінің сан түрлі қитұрқы құбыжығынан, ысқаяқ қатындардың ырым-жырымдап талтүсте талапайға салған кәдесінен әупірімдеп зорға құтылып, аппақ үзік-туырлықты он екі қанат үйдің табалдырығынан аттаған-ды.

Жүйрік қолдар жылмаңдай жағалап өнбойын жылан жалағандай тінтіп, тіміскілеп шығып еді әлгінде. Әлдебір сұғанақ қолдың жүрмейтін жерге жүгіріп, қарамайтын жерді қармап қалғанын да басынан кешірген жігіт енді құтылдым ғой дегенде, үй толы көздің нысанасына қадалып, небір өткір тілдің тиегіне айналған еді. Сүйексіз тілдің тілек айтқан боп тіліп түсетін кездігі, сырлаймын деп сырғанатып кететін ұстарасы, бата берем деп батып кететін қанжары, мақтаймын деп мипаздап отырып мыжғылап кететін селебесі болатынын біліп еді сонда. Мырс еткізер мысқылдың кейде сарт еткен қамшыдан қатты тиетінін енді ұққан күйеу бала қан шығармай сойып, бақырайтып қойып бауыздап отырған айналасындағыларға алғаш тіл қата алмай іштей біраз сіресіп еді. Бір емес он рет өлген соң, бір кезде онбіріншісі ойын жолы болып кеткені. Ендігі көп күлкі манағы

қанды ауыз қасқырдың азу ақситуындай емес, жемтікке ұмтылған бұралқы иттің “Күнімді көрейін де, қумасаңшы!” деген жалынышты иек кекжитуіндей көрінгені. Сол-ақ екен, бұның тауы көтеріліп шығандап кетті де, басқалардың төбесі аласарып барып-барып, шұқанаққа айналғаны ғой. Жігіт енді дегбірі қалмай қалыңдықты күтсін.

Көп күткен қалыңдық күн еңкейгенде босағадан аттапты. Қасына отырған қыздың жылуын сезді ме, Жоламанның өнбойын жіпсіп тер шалсын. Көп қозғала алмай үнсіз отырып сезгені, қайтадан манағы асқары төмендеп, еңкейіп кетіпті.

Бір кез қыз домбыра ұстап отыр екен. Жоламан жаңа көргендей аппақ сүйір саусақтарды ғана бағып қалады ғой. Сол саусақтар ойнақтай билеп, буынсыз жүгіріп күй тартсын. “Күйші қыз” деп естіген. Алдамапты. Дәл қазір қалыңдықтың бұл өнеріне қуанып та, ренжіп те отырған Жоламан жоқ. Тек “Қалай екен?”деп аздап сынағандай зейін қояды ғой.

Үлкен үйде шыбынның ызыңы естілердей тылсым тыныштық орнап, сол тыныштықты он нәзік саусақ әлдилеп тұрған ғой.

Жоламанның күй мен әнге бұрыннан зауқы жоқ еді. Тыңдағаны: тұлпарының жал-құйрығынан суылдап есілген дала желі мен кең сахараның ілуде бір нөсерлетіп кететін дауылды селі ғана. Сол күйіне бағып құлағын қанша тосса да, кеудесінің тоңы жібімей көпке дейін безеріп, бедірейіп қалған-ды. Бір сөт қыз жүзіне көлденеңнен көз тіккен. Көз тіккен де көктемнің нұрлы жауынынан сай-сай боп жібіген қара жердей босап сала берген. Өйткені қыз бұған қадалып отыр еді. Қадалған нұрлы кескінде: “Естіші, ұқшы, түсінші, құрбым!” деген өтініш-наз, жалыну-жалбарыну бар еді. Кірпік қақпай, көз айырмай бағып қалған-ды.

Осы бір іштей тіл қатқан қыз қарасы мен күй сазы қабат сөйлеп, әлдебір сырды алыстан дөңгелете үйіріп, дөңгелете тірілтіп әкеліп жігіт алдына жайып салған-ды. “Тек бір өзіңе шеріммен ашылам!” деген нәзік үн қанатын от шалған қарлығаштай шырылдап, шым-шымдап сыр тартып еді.

“Не дейді? Нені айтады мынау қара ағашқа керілген

қос ішек? Қос ішекті қосарлата жүгірген он нәзік саусақ нәзік мұңын неге қоңырлатады?”

Ден қойған Жоламан ұйып қалған. “Күй әні - мұң үні екені рас. Қыз жүрегінің қуанышы болса, күңірене шығар күй сарыны күрсінбес еді ғой. Ендеше, мынау қасиетті күнде қасірет жамылған қыз жүрегі әлденеге талпынғандай ма? Әлдекімді аңсағандай ма? Олай болса күткені мен емес, ынтыққаны басқа екен ғой”. Осы оймен бірге екі ішектен бой көтерген өзгеше сезім күймен толқындап, жігіт қиялын түрткілеп кеп, кәдімгідей тіл қатты:

“Желікпен еліккен жанды емес, сертпен біріккен асық мұңымды ұқ! Асықтырып бара жатқан шерлі үнімді ұқ! Сонда сонау қырқадан асып түскен рауандай арайланған жүзімнен төгілер жастық қызығымды желпіп жеткен жас тілектің самалын көрерсің, құрбым. Көрерсің де, бұлбұлын шырқатқан күміс даланың қоңыраулы үнмен маужыраған күйін бұзбассың. Ақ көдесі толқындаған, ақ сәулесі көктен құйылған кең далам өніммен жайнап, өніммен тербетіліп кетпей ме?! Нәзік сыңғыр күмбірлеп көбейіп, сыңғырлап ұлғайып, белден-бел асып, аспандап ұзамай ма? Сол үнім, сол өнім саған бұйырса, қанаты күйіп, топшысы қиылып келіп зар мен мұңға айналмай ма?”

Жоламан қыз сырын дәл ұққан екен. Ел тарап, жеңгелер төсек салып болып, оңаша үйге екеуін қалдырып шығып кеткенде, ұзақ-ұзақ сыр төгіскен. Сыр төгіскен де, ұғысқан. Жасырмай жайын айтқан күйші қыз Жоламанды “кет әрі!” демейтін де сияқты. Орнында қозғалмай қатып қалған балаң жігіт ағаш төсекті сықырлата аунап шағы көрпені серпи ашып, қапырық үйде ақ сазанша шоршып жатқан қыздың не күтетінін де ұғады-ақ. Өзгенің еншісіне балаған өзекке шалғы салуға дәті бармады. Қылдай қиянат жасап көрмеген жас жігіт шапанын айқара жамылып жатып, көрер таңды көзімен атқызып еді...

...Осы сырын жеңгесінен жасырмаған. Қайнысының әңгімесін естіп болғанда Аршагүл күлерін де, күлмесін де білмеген еді. Тыңдап отырса, ел естімеген тосын жағдай екен. Өркөкірек кеудені күй тылсымдап, күй тыншытыпты. Күй тоқтатыпты.

Осы жағдай мына ұзақ жүрісте келіншек ойына көп орала берді. Бірте-бірте мұны да иландырып, Жоламандікі дұрыс деген байламға еріксіз жетектеген еді.

Енді ұзынсонар аяңымен сол жұмбақ күйдің сарынын шертетіндей өзі де уілдей ыңылдайтын болып алды. Осы уіл әуені сонау күннен бері бірде тауып, бірде жоғалтатын көңіл ырғағымен үйлес келетін де сияқты.

Бірінен бірі айнымас қоңыр кештің бірінде қоңыраулатып ән естілді. Естілді де, көптен күткен Аршагүлдің өз ырғағындай етене ыстық толқынымен жетті.

Кім айтты? Қалай айтты? Қашан айтты? Білген жоқ. Бар ұққаны осы жаңа ән әркімнің ішіндегі өз мұңымен өріліп шығып, әркімнің өз шерімен ұзатылғаны еді.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Елім-а-ай! Елім-а-ай!

Аршагүл бұл әнді тебірене шырқады. Сонау алыста қарайған Қаратаудан асып түскен мына қаралы көш, көш соңындағы жетім тайлақ келе жатқаны - бәрі рас. Үлкен-кіші тегіс аһ ұрып, “Елім-айлап” қанды жасымен атамекенін жоқтап, зар айтқандары бір бүгін ғана емес. Кеше ғана “Елім, жұртым-ау!” деп көз жұмған Ұлы Арғынның тапсырған аманаты да дәл осы ән емес пе? Ендеше ұрпақтан-ұрпаққа тебірентіп жетер құдірет үні, ел уәзипасы осы әуен болғай!

Ел жұртынан айрылған қиын екен,
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді.
Елім-ай! Елім-ай!

Ән дүрілдеп күшейіп кетті. Бірінен бірі қағып ап,заманына, қоғамына қарғыс айтып, қара көзден шер толы жас атып аңыраған жұрттың жоқтауы мен запыран төге ширығуындай шалқыды. Сақа сарбаздың кең далаға жылап тұрып кек шапшытқан сертіндей атылды.

Мына заман қай заман? Қысқан заман!
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман!
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман!?
Елім-ай! Елім-ай!

Аршагүл еңіреп, егіліп келеді. Сай-сүйегі сырқырап, бүкіл өн бойын мың сан ине шабақтап жатқандай сезінеді. “Қарындас пен қара орманы артында қалып”, алдынан бұлдыр өмір бұлаңытып қана осы әнмен ілгері бастайтындай. Кешегі Садыр руының, батыр Жомарт атасының, күйеуі Жауынбайдың, тентек қайнысы Жоламанның, күйші қыз сіңлісінің аманатындай қасарыса шалқып, көш үстінде қалықтап тұр. Сол шейіттердің ертең, мәңгілік есте қалар, ел жадында үнемі сақтап өтер сыр сандықтай тылсымы табылыпты. Ол тылсым,ол құдірет - ән екен. Қазақ халқының сонау қаралы күндерінің зарлы, шерлі гимні - “Елім-ай” қалың көшті ғасырлар сүрлеуімен бастап кеткен еді.

* * *

“Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада” дүниеге келген осы өлең, осы әуен қазақтың кең даласына тарап кетті. Босқан елдің зарымен тарады. Алақұйындатқан желдің суылымен жайылды. Көбік шашқан көлдің қара жартасты ышқына соққан толқынымен ұзарды. Бұл ән - атамекен кіндікжұртын аңсап запа шеккен елдің арманды тілеуі де болды. Қайғымен еңкейген кәрінің өткенін ойға алғанда, ілгерісін көлденең тартар серігі де болды. Алыстан айбат атқызып келіп, жақыннан табыстырар көптің құдіреті мен қуатын шақырар атойы мен ұраны да болды. Елдікті ән жоқтап, ерлікке ән бастады. Қасірет тұтқан даласының қасиетті әні жүректен жүрекке өтті. Көңіл мен көңілді жалғастырды.

Бұл әнді Орта жүз бен Ұлы жүздің ауғын жұрты Ходженттің бұқара жұртшылығына таныстырды. Майлы бітік көз, кең шықшытты құшбегі мен алыпсатарларды төсегінде дөңбекшіте жетті.

Бұл әнді Орта жүздің босып барған біраз бөлігі Самарқанның көк мұнаралы тар көшесінде аңыратты. Көк базардың көне дуалдарында отырған көп дәруіштің көтермелеуімен бұл ән Самарқанның көк тасын да ерітіп жіберген еді.

Бұл ән Кіші жүзбен ілесіп Хиуа мен Бұқарға да жетті. Жетті де, диқанның көк өгіздің көн терісіндей кәрі жүзін дауыл күнгі теңіздей толқытқан еді.

Бұл ән Қаратаудың солтүстік-батысынан Торғай өңіріне өрлеген Арғынмен бірге аралап кеткен-ді.

Бұл әнді Жоңғар құлдығында қалған Ұлы жүз еркіндігін көксеп, жаңа жас ұрпаққа сенімдей ғып тапсырып, жыр қылып айтқан еді.

Бұл ән - көңіл сергітер, қайғыдан серпілтер, жігерді ұштар, кекке бастар, толғамды, толқытпалы, адуын ән еді! Бұл ән - қазақтың ұрпақтан-ұрпаққа ауысар, жас буынын әлдилеп өсіріп, аялап есейтер “Елім-айы” болатын.

* * *

Жоламанның әр адымы аңдулы еді. Аяғының кісен қажаған жері қанталай беретіндіктен бұл күнде сылтып басатын болып алған. Сонысын көрген Габан-Убаши жоқтан өзгеге жұмсап, жас жігітті одан сайын қинады. Бұрынғы бойын күтіп, салдарша киінетін ұланның үстіндегі шоқпытының жылуы жоқ. Жүзіне үнемі оралып тұратын күлкі табы да жоғалыпты. Кең маңдайға ерте түскен жалғыз ұзын сызық әлден-ақ кекселік рең үстеген-ді.

Бір күні Жоламан ойламаған жерден Бөртенің ақтоқалын көрді. Атасымен ілесіп Бөртенің ауылына барғанда келіншектің аты - Ақтоты екенін естіген еді. Шыдай алмай дауыстап жіберді.

- Ақтоты!..

Келіншек танымады ма, естісе де, бұрылған жоқ. Ақбоз отауға үнсіз кіріп кетті. Габан-Убашидың бітпес тапсырмаларын орындап жүріп те, Жоламан осы ақбоз отаудың төңірегінен онша алыстай қоймады. Сонау қиянда қалған жұртының көз-таныс адамы болғандықтан ба, Ақтотыны тағы да бір көргісі келіп, кісенін шылдыратып сол маңайды айнала берді.

Ақтотының бұл күнде түмен басы - Шолой-Батырдың сүйкімді тоқалы екенін де біліп алды. Келіншекпен бірге үйге енген шойқараның Шолой-Батыр екенін де сезді.

Кеш түсіп, ымырт жамыла алғашқы ашық жұлдыздар көз ашты. Қоңыр күздің сирек кездесетін жаймашуағы орнады. Ауа райының осы бір жайдары қалпына бойұсынды ма, ойрат ауылының бүгінгі тіршілігінен жап-жарқын қоңыржайлық есті. Сахараның осындай беймарал түнінде сауық-сайранның ілесе жететіні белгілі ғой. Сәлден соң хұр безілдеп, ән шырқалды. Талайдан бері бұйығы болған ауылдың оңаша жиыны ұзаққа созылды.

Сырттап, үйге жақындай алмай ауыл шетінде отырған Жоламан кенет елең ете қалды. Бұл сәтте манадан бірінен соң бірін жалғастырған ойрат, манғүл әндерінің бір ырғақты көмейден төгілетін қоңырқай әуезін кілт үзіп, қазақтың сағыныш толы әуені аспандап кетіп еді.

Жоламан үйге тықырсыз тақала түсті. Қоңырлатып созған қамкөңіл әйел даусымен ұзаған сағыныш лебізі бұны да елжіретіп, жүрек түбін бұрай шымшып, ынтығуын күшейтіп бара жатты. Аңсауы мол мұңды әнді айтушының Ақтоты ғана екенін көрмесе де, анық сезеді. Дәл осы сәтте өз көңілкүйін қырық құбылтқан жанның ең болмаса жүзін анықтап бір көргісі келген Жоламан, босағаға жеткен еді.Ән де бітті. Жиылған жұртта да қыбыр жоқ. Жаңағы өтініш-өксігі көп әуездің жетегінде кетіп,үнсіз мүлгіген күйперінен шыға алмай отыр.

Ақтотының жұпыны жүдеу жүзін көргенде Жоламанның көңілі қатты жабырқады. Шолой-Батырдың келіншекке әлдене айтып, қысық көздерін күлмендете сөйлегенін байқағанда жүрегі одан сайын сыздады. Екі көзін Ақтотыдан бір айырмай, босағаға сүйенген қалпы тұрып қалған. Бір кез Ақтоты жалт қарап мұны көрген еді. Жоламанға “үндеме” дегендей сәл-сәл белгі беріп, тағы бір әнді бастай жөнелді. Өлеңнің алғашқы

сөздері естілісімен ұмсына түскен Жоламан сонау оймақ ауызға еніп кетердей телміріп барады.

“Қаратаудың басынан көш келеді...”

“Бар екен-ау! Тірі екен-ау ел-жұртым! Ер сәлемі, ел сәлемі осы ғой! Бұдан артық не керек! Мойымаған, мойымайтын ел құдіреті мына әнім ғой! “Елім-айлап”жетіп, менің де бір бұлқынысымды шақырғандай-ау! Рақмет, Ақтоты! Рақмет, асыл жеңешем!..”

...Мына заман қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман...

Жоламан алыстап ұзап барады. “Қанат қағар сәтім оралар ма?” дейтін бойында елгезек сергектік пайда бопты. Қара жерді құшақтай құлады. “Басқа түскен бейнетке төзермін-ау! Дариға-ай! Сонау алыстан дүбірлетіп жеткен атойдай мынау әннің бастауымен кек қайтарардай күнім туар ма еді?!.

Іштегі лықсып келген өксік тамағына кептеліп қалып, бір сәт жас болып оқыс ақтарылып кетті.

Ертеңіне мұны Шолой-Батыр шақыртып алды. Кісенін шылдырлатып табалдырықтан аттар-аттамастан Жоламан өзіне қадалып қалған Ақтотыны көрді. Бұл шақырыстың тегін емес екенін, ендігі жағдайының кілт өзгерерін де ұқты.

- Атың Жоламан ғой сенің?

- Иә.

- Жомарт батырдың немересі боларсың?

- Иә.

-Енді сен маған атқосшы бол. Мына апаңның тілегі осы!

Кісенді алдыртып тастады. Жоламан Габан-Убашидан-бұрынғы атасының “тәуібінен” құтылды.

Екі-үш күннен соң Ақтоты ыңғайын тауып, Жоламанмен оңаша кездесті. “Бауырым! Арысым!” деп құшақтап отырып жас төккен келіншек өзінің де тордағы құстай мұңлық күйінен сыр шертті. Бұрынғы жар басында ойнақтап секірген бал-балалық желікті мінез, кесір қылық табанында туған даласы, төбесінде мөлдір

аспаны тұрғанда сезілмепті. Туған жердің түтіні де ыстық көрінетін шалғайдың сағынышы енді мұны да сол ойнақы жеңілтектіктен жерінтіп, оңаша күңірентіп, іштегі қозданып жатқан қоламтасын үрлеп кетіпті. Көп күйінішін жеткізе алмай булыға жылап отырып, еңіреп отырып, Жоламанға өксіткен кебін шертіп, тілегін айтты. “Елім-айын” жолдаған елінің бұғауын үзердей, тұсауын кесердей құдіретіне сенетінін де жасырмады. “Ендігі тілегім - сен аман-есен сол еліңе жетсең екен. Күндіктегі, құлдықтағы аға-апаларыңның көз жасын иер күнді сен, Жоламан, сендер әкелер ме едіңдер?”.

Сол түнде ұзақ-ұзақ шер төгіп, сыр алысқан екеу бір байлам жасағандай да болды. Онысы - Шолай-Батырдың қаз мойын қара арғымағын қайткенде де амалын тауып қолға түсіру. Атының аяғына салған кісеннің кілтін өне бойынан бір тастамайтын ойрат батырының қапысын тапса, Жоламанның алдынан туған жердің еркін самалы есіп берер еді-ау...

3

..Мына заман қай заман? Бағы заман!
Баяғыдай болар ма тағы заман?..

Халық әні “Елім-ай”

Ат бауырын сипаған көк шалғында қонып отырған ауылдың кісінеген жылқы, боздаған түйе, маңыраған қойы жылдағыдай көп емес. Кең, мол дастарқанға сараң бәйбішенің қытымыр уысынан шығып, бастары бірікпей әр жерде бір домалаған бауырсақтай жылқы да, қой да бес-алтаудан ғана топталады. Жағасы тоғайлы, қалың шытырлы, айдыны тегіс, толқынсыз мөлдіреген тостаған көл көгілдір аспанның, жердегі төңкеріліп түскен суретіндей. Анда-санда шылп еткізіп шоршып шыққан балықтарын ойнатып, жайдарылана күлімсіреп жатыр.

Сәске түстегі адыр-адырдың күнгейіне ғана әредік сарғыш жүгіргені болмаса, айнала әлі жап-жасыл. Жаз бойы ақ жауынды нөсерге бауырын төсеп бөгіп жатқан

дала майменесі тасыған берекелі анадай әрі ақжарқын, әрі дарқан.

Жайлаудағы жұпыны ауылдың бүгін өзгеше бір сыйлы қонақтары бар. Жабырқау көңілдің жан біткенді жатырқап, қызық атаулыны тосырқап келіп, ертегіге елткен ұландай оқыс сарт етіп ашылатыны болатын. Ондай сәт - арман-үмітсіз күн кешкен пендешіліктің қалғыған сезімін кілт дөңбекшітер жұмбақ күйінің әлде бір сырлы сазын сағынуынан да туар. Ауыл ортасындағы алты қанат ақ боз үйдің іші-сыртын сықырлата кернеп кеткен көпшілік асыққан жүрек елегізуімен осындай сәтті шыдамсыз күтетін тәрізді.

Төрдегі пұшпақ бөрікті кең маңдайдан шалқайта киген қарабұжыр өңді, кесек тұлғалы кісі - Бөгенбай батыр. Жайшылықта үстіне ілмейтін шолақ жеңді сауыт осы жаз бойы батырдың үстінен бір сыпырылған емес. Әсіресе, бұл сапарының оқшау сыпатын әдейі айғақтата жүрейін дей ме, безгелдектен басқа қару ұстамайтын Бөкеңнің дәл қазір бес қаруы түгел. Шолақ қайқы қылышы қара ала күміс қақтатқан қынынан әлі суырылған емес. Тегеуірінді қолдың дүлейлі ашуын күтіп жүргендей. Үзбелі, тоғыз сақиналы қайың найза он екі құлаш қыл арқанын шұбатып белдеуде ілулі тұр. Қарсы кездесер қара жүрекке кек болып түйрелер сәтін тосатындай. Ал әзірше Бөгенбай батырдың әрекеті де, айтары да өзгеше.

Батырдың әнші серігінің бейкүнә қоңыр лебізді әуендері тәмамдалғанда үй толы жиынның манадан үнсіз отырған қалпын бұзып ауыл ақсақалы - тайғақ теріден шалбары бар, тымағының бір құлағын жымқыра киген можантомпайлау адам - даусын қырнады. Әлгінде ғана қаракөк насыбайды ернін бұлтита ұзақ тамсана сорып отырған. Әңгіме бастардағы машығы болса керек.

- “Ит жоқта шошқа үреді қорада, би жоқта құл жүреді жораға” деме, қарағым Бөгенбай. Тасыған дәулетім, шалқыған сәулетім жоқ. Қорынсам да қорлығымды айтайын. Ері бар ел едік. Елі бай жер едік. Сіркелі көздің жасын ғана сығып қалдық бүгінде. Мал тұяғы сықырлағанда көңіл әуенінің күйіндей естілуші еді. Содан арылғаннан ба, мына таскерең

құлақтың тыңдары гөй-гөй мен күрсіну ғана. Үзіліп, езіліп бара жатқан қыршындардың тұяқ серпуі ғана. Толқыған шидей шалқыған көңілім бар еді бұрын. Өрт жапқан түбірдей кеудемнің қу томар түйіндері ғана қалыпты. Ендігі көрерім: осы жылаған елімнің құрып, қырылып бітуі ме? Қашан арғымақ - ерсіз, ер - елсіз қалып еді? Қоянды қамыс, ерді намыс өлтірмей ме? Әлде намыстың найқалған кезде ғана айтылатын болғаны ма? Шаңырағың шайқалған шақта шашыратып алған сол шіркінді қайта шақырар кімім барсың? Малым демеймін, кегім деймін! “Байлығым!” демейді, “бауырым!” дейді мына отырған ағайын-қарындасың!

Қара Ертісті бабамның бабасы жайлаған. Атамның атасы асқақ Алтайда аунаған. Қайда сол Байсыным? Оған да қырық-қырықтан үш қырық жыл өтіпті. Содан бері әлі тықсыруда бұл ойрат. Осы бізде қайрат жоқ па? Әлде қайрат беретін ханым мен сұлтанымда айбат жоқ па? Бөріден қашқан бай төбеттей қыңсылап босағаға тығылуды қашан қоямыз? Байбаламым десен де, жан даусым деп ұқсаң да айтарым осы! Етігімен қан кешер жұртымның діттейтіні де осы! Бастасаң ереміз, Бөке! - деп тоқтады.

Бөгенбай үнсіз мақұлдағандай басын изеп отырған. Отағасы сөзін бітіргенде қасындағы әнші серігіне сәл ғана бұрыла түсіп, иек қақты.

Батырдың жолдасы дәл осы белгіні көп көріп әдет қып алған ба, қара домбырасын сабалай күмбірлетіп жөнелді. Көңілімен танып, көзбен ұққыш сыршыл жүрек енді жүйрік домбыраны сұңқылдата шертті. Бір нәзік мұңымен астарланып, кек үні төгілді. Қапас бұлбұлдың булыққан әніндей баяулай басталып барып, толқындап кетеді. Айта алмай кеткен бұқпа сырда алыстан ғана жеткен шер үні бар. Естілмей кеткен текті күлкіде кешігіп шыққан күрсіністің солығы бар. Кешегі зарлы күннің бүгін өксіткен өкініші бар. Ауыр ырғақтың ұзақ безілдеген сарыны енді кеуделерді түртіп оятып, дүрліктіре жетіп, жаңа әнге ұласты.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,
Елім-ай! Елім-ай!

Отырғандар әнді қыбыр етпей, мүлгіп тыңдады. Азынаған желдің өтінде қалғандай бір сәт жүдеу тартқан жүздер үнсіз томсарысады. “Кеберсіген еріннің еміренер күні қайда? Өшкен үміттің оралар сәті қайда? Мынау ән - өмірімнің мұңлы сырындай екен-ау! Қол бұлғап, құшақ жайып тұратын арманымнан аумады-ау! Шақыршы, е-е, басташы онда осылай бір намысыма!” дегізгендей сыршыл ән созылып барып тоқтады.

- Отағасы, мен қайрат берердей мүжілген еңсені көрмей отырмын. Қайта қайратыма қайрат қосар қайрақтай шақпақ жігерді сенен алдым-ау! Тарғыл тастың тағыларын тақымдап үйірге қосар тастүйін пейілді де өздеріңнен көрдім! Күш-құдіретті кемітер, жүрек отын сөндірер құлдық, күлдібадамдық сендерге жетпепті. Жеткізбепсің, елім! Ақты-бозды ағызып майталман сөйлер мен емес. Менің айтарымды сен айттың. Сенің тілегіңді сенен де бұрын “Елім-айымен” жұртың айтып, шайқасқа шақырып, айқасқа ұрандап кетіпті. Енді соған ұйыйық та, кек туының астынан табылайық! Тамшыдан - көл деген. Көзім жетті. Асқаралы тауым сен екенсің! - деп Бөгенбай ризалық білдірді.

Осыдан кейін табақ тартылып, ауқаттанған жиын аздан соң тысқа шықты. Ауаның қапырығы азайып, кешкі самалмен желпінген дала ұзара қашқан көлеңке біткенді құшақтап, қызыл торғыны қоюлана бастаған бейуаққа бірте-бірте еніп бара жатты.

Бөгенбай батыр серігі Керней Түйте батырды ілестіріп, ауыл сыртына беттеді. Ендігі жұмыс жағдайын, жиналар қол мен жасақтың қайда, қашан кездесуін ауыл ақсақалдарымен оңаша кеңеспек. Көл жиегіне тақала бергендері де сол еді, қамыс арасынан оқыс сыбдыр естілді. Сол сәт батырдың серігінің жанында келе жатқан еңгезердей жас жігіт садағын жұлып алып әлгі тұсқа сұр жебесін тартып жіберді. Іле-шала жаралы аңның ыңыранғанындай өкірген дауыс естілді де, үзіліп кетті. Нар қамыстың қалың тұтаса өскен шоғырына жігіт те ұмтылды. Бөгенбайлар да жетті.

Қос жауырын кере құлаш садағын кезенген қалпы

әлдекім шалқалап құлапты. Қақ төсіне қадалған жебе арқасынан шығыпты. Жебені жанталаса жұлып тастамақ боп жандәрмен бұлқынып жатыр екен. Еңгезердей жігітті көргенде, әлгінің миығына ащы мысқыл үйірілді.

- Қапымды таптың, бала! Жарайсың! Бірақ менің ала құлаған жастығым тым мамық-ау!.. Әттең... - даусы үзіліп кетті.

- Бұл кім?!

- Неғылған жан?

- Мынау бөтен адам ғой!

Шуылдаған дауыс біріне-бірі кезек берер емес. Бөгенбай батыр еңгезердей жігітке бұрылды.

- Танисың ба?

- Иә, батыр! Бұл ойраттың түменбасы Шолай-Батырдың жансызы! Аты - Габан-Убаши. Атамның тәуібі болған...

- Өзің кім едің?

- Жомарт батырдың немересі - Жоламан боламын.

- Тұлпардан тұяқ қалған екен ғой. Келші бері!

Бөгенбай Жоламанды қаусыра құшақтап маңдайынан сүйді.

- Атаңның артынан көп еріп едім. Сен енді маған ілес. Әлгі мергендігіңе... қарыздармын. Қуатыңды көрдім. Қайратыңа лайық ерлігінді де көрейін. Ол күндер де алыс емес. Мына Түйте ағаңдай қару-жарағымды сайлар азаматым деп ардақтар, ардагерім деп аялар еліңнің үмітін ақтар бол! - деп Бөгенбай жүре берді де, сәл бөгеліңкіреп Жоламанға риза кейіппен басын изеді. “Рақметін” білдірген батырдың осы қимылынан көңілі өскен жас жігіт Жоламан масаттанып қалды.

4

Арада екі жаз, екі қыс өтті. Бөгенбай батыр бұл уақыттың ішінде ат үстінен түскен жоқ. Ұлы жүз бен Орта жүздің біразы ат басын тіреген Ходжентке сан барып, сан қайтты. Осы сапарларында бастап барып, шығарып салатын сенімді серігі -халқының қасиетті

әні “Елім-ай” болды. Қалықтап кең далаға жайылып, шарықтап тау асқан сырлы әуен елден елге тарап жатты, ұлыстан ұлысқа жайылып жатты. Кешегі кешкен күйік пен кемдік үшін емес, келер күннің керемет ұлылығы мен жайраң қызығы үшін ұмытылмай, ескірмей көңілден көңілге құйылған ән мен жыр алдынан шықты да отырды. Аты мен атағына сай, әрекетіне лайықты көмекші тапқан батыр Самарқанттағы Орта жүзге де ат ізін суытпай жиі-жиі баратын. Болашақтың жарқын күнінен жаңа тілек күткен “Елім-айы” мұнда да намысына намыс қосып, арыған елін алдағыға үміт-арманмен қарауды үйреткен. Жабыққан бұйығы жандарға серпіліс беріп, бойына сергектік құйған. Жаңа өрісін мегзеген. Елінің шері мен кегін әнінен ұққан Бөгенбай Бұқара мен Хиуадағы Кіші жүзге де қайта-қайта ат басын тірейтін. Өр мен Ойдағы, Жем мен Жайықтағы ағайындарына да осы жаңа ән, жаңа ырғақпен жететін. Халқының сезімтал жүрегін жарып шыққан “Елім-айы” сол жұртының ілкідегі барлығын, бұрынғы бауырмалдығын көксейтін сезімтал жүрегіне мәңгілік ұялады. Торлаған бұлттан, қоршаған тұманнан сәуле шашқан жалғыз жарық шырақтай боп осы ән әр қазақты ерлік пен елдікке бастап кетіп еді.

Жоламан да бұл күндері тыным көрген жоқ. Сонау жазда Бөгенбай батырмен кездескеннен бері ұзақ сапардың қиыншылық-қысталаңын батырмен бірге көтеріп, алыс жолының ауыртпалығын Бөкеңмен тең бөліп, қоса арқалап келеді.

Өткен күз бұлар Тобыл бойына барған болатын. Еміс-еміс есте қалған көмескі бедерлерімен оралған балалық, пәктік шағы Жоламанды кіндік кескен жерінің жұпар исімен қарсы алған еді. Шымырлап ағып, іштен тынып булыққан жандай сыбдырсыз үйірілген Тобылдың толқынына бір сәт қызыға қараса, бірде қабағы оқыс түйіліп кетіп әлденені ойына түсіре алмай, қысас көрген балалығының әсте ұмытылмас тағы бір елесін көлденеңдетеді. Құшағы қаншама жылы, қаншама мейірлі болғанымен, еміренуі соншама сирек ашылатын абзал әке - Сұртай батырдың алақан табын бүкіл тұлабойымен сезгендей,

дауысы күбірлеп, көзіне бір тамшы жас үйірілді. “Ұмытпайыншы, өле-өлгенше аруағына сиынып өтейінші” дегендей әкесінің табаны талай тиген сүрлеу-соқпақтарға телміре қадалып келеді.

Енді бір шақта елжіреген жүрек тағы бір ардақты жанның - аяулы анасы Күнтайдың жүзін көз алдына тартып еді. Үнсіз аймалап, үнсіз өбетін шешесінің сағыныш толы махаббаты көзіндегі тарам-тарам жасымен бұның кеудесіне құйылатындай. Тарам-тарам аққан сол ыстық жас бейкүнә панасыз пақырдың тіршілігіне деген налыс назындай және көрінді. Жоламанның күрсінген көңілі ұйқы-тұйқы. Күңіренген шер өз көкірегінен де шапшып төгілгендей. Бір өкініш пен бір сағыныш ah ұрған көңілді сенделтіп барып, бір кезде сырлы сазға жалғасты. Көптен бері көкейіне қонған осы әннен уаныш таба білгенінен бе, тағы да қоңырлата созды.

Мына заман қай заман? Бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман?
Елім-ай! Елім-ай!

Жоламан анасы - Күнтайды көре алған жоқ. Тілеуқабақ айтқан сертіне жетіп, басқа біреуге қосып жіберген екен. Күндік торы айықпаған ана осыдан он жыл бұрын дүние салыпты.

Бұғанасы бекіп, буыны қатып оралған Жоламанмен ағайын-жұрты сағынысып көріскен. Ауыл сыртында, ошақ қасында әңгіме-дүкен құрған ер-азамат бұнда да кергуді ұмытып, кегім деп, алысым демей намысым деп отыр екен. Бөгенбай батырдың ән салған серігін Түйтені күрсіне тыңдап,ән біткенде жалындай лап етіп көтерілді. Мұңайып бас шайқай егіліп алып, артынша-ақ сүйсіне, лепіре қуаттады. Екілене, жарыса сөйледі.

- Шындықтың өкініші әманда ауыр, өшуі тіпті қиын-ау!

- Шапшыған толқынның көбігі алысқа ұшар, ашынған кектің шарпуы күшті болар! Соны ескертті-ау!

- Иә! Кек шарпуы - дәл осы әнім екен!

- “Елім-ай” деп зарлаған баршынымның аманаты да осы!

- Ән айтты. Бәрін айтты! Осыдан кейін қызбаған қан, қозбаған намыс адыра қалсын!

“Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада” туған осы ән Қуат батырдың ауылын да жайлап қалған-ды. Қаралы көштің қан аралас жасымен дүниеге келген бұл әнді Аршагүл келіншек екі жасар Тасболатын бауырына қысып отырып ұзақ күңірентеді. Бір рулы ауылдан қалған жалғыз тұяққа ұзақ ғұмыр тілейді. Зар тілегін бір зар мен бір жырдай мұңлы әнімен қайталайды. Осы ұзақ сарынға әлдиі де, жоқтауы да қабат құйылып, қабат өрбитін еді. Сол шақта Қаздауысты Қазыбек бидің өзіне берген батасын еске алады.

Мезгілсіз өшіп, бейуақыт солған құрбандардың атойлап шығар белгісіндей құдіретке айналған ән - “Елім-ай!” көктемнің күн шуағы мол төгілген әсем күнінде тел тентек қайнысы - Жоламанды ауылға енгізіп еді.

- Сүйінші, Аршагүл! Сүйіншімді бер! - деген Қуат батырдың қуанышты реңін көргенде, орнынан үш ұмтылып тұра алмаған келіншек егіліп кетті. Кесек-кесек домалаған жасына қайғысын да, қуанышын да, өкінішін де, сағынышын да сиғызған Аршагүл Қуаттың соңынан ілесе кірген Жоламанды бас салған.

- Арманым жоқ енді, Телтентегім! Атаң мен ағаларыңның - аманаты! - деп Тасболатты қайнысының қолына ұстата берген-ді.

Осылай қуанып табысқан жеңге мен қайнысы көп ұзамай қайта айрылысқан. Өз көңілінің әуенімен үндескен ән ырғағын іштей созған Аршагүл Тасболатын құшақтап тұрып, кек жолына аттанған Жоламан мен Қуатты шығарып салған еді.

* * *

Арада екі жаз, екі қыс өтті. Бұл кезде Түркістанның іргесінен ауа көшкен Күлнияз Бетпақдаланы көктей өтіп, Ұлытау асып кетті. Күлнияз туған жермен қоштасқанымен, көңілін демдейтін қуанышын өзімен

бірге алып келеді Ол - балбөбек. Бөрте батырдың бүйрегін жылытқан “бір кесек ет” - нәресте бүгінде Құлнияздың бауырында өсіп жатыр.

- Оу, бәйбіше-ау, қоңыр қозың үн бермейді. Жылай-жылай дауысы қарлығып қалған жоқ па, қарашы, көрші өзің. Аузына сүт тамызатын уақ жетті-ау деймін.

Сақыпжамал шешей отағасына бүкіл денесімен ошарыла бұрылып қойып, алара қарады. Ернін шылп еткізіп, әлсіз тамсанды.

- Жазған-ау, соншама дегбірсізденіп кеткенің не? Әлгінде ғана ұйықтаттым ғой.

- Болды, болды, бар болғыр, ұйықтасын онда. Әйтеуір күн өтіп, ішіне ыстық түсіп кетпесін. Жаман айтпай жақсы жоқ, өйткен күнде, бәйбіше-ау, Бөртежанның аманатын орындай алмаймыз. Пай-пай-ай, десейші! Әлі сабылудамыз. Алақан қышып, кетпенін аңсай ма, мына көңілімнің де әзірше бабы жоқ. Шіркін, арық қазып, атпа салатын күн туса... астықты қап-қап жинар едік-ау. О-о, онда ма, онда, бәйбіше-ау, Жолдыбайың қызыл бауырсақты қойны-қоншына толтырмас па! Қарағымның торсық шекесі жалтырап, тәмпіш танауы жылтырап кекірік атқанын көрсем, бұ дүниенің басқа-басқасына пысқырармын ба, - деп Құлнияз мүйіз шақшасын қонышына тығып тастап, жиреннің шылбырын қымтап ұстап, ер үстіндегі жұбайына күлімдеп жақындайды. Қолын тәлтіректеп созып, ұйқыдағы “батырын” - Жолдыбайды маңдайынан сипайды.

- Бөртежан бүгінде қайда жүр екен? - деп Сақыпжамал күрсініп қалды. Күдік оралғанда қабаққа кірбің жүгірді. Бетте толқын ойнады.

Құлнияз қосағының күбірін жақтырмайды. Басын шайқап, мұртын ширатады.

- Оу, бәйбіше-ау! Осы сен-ақ уайымдай береді екенсің. Ойбой-бой! “Жақсы лепес - жарым ырыс”. Балаңның амандығын тілемеймісің. Қайда жүрсе де қарап жүрмеген шығар. Күні туса - келер. Келер. Саған бала, Жолдыбайына аға боп алдымда жүрер. Тумағанымен туғанымнан кем бе. Әйтеуір, тірі жүрсін.

Құлнияз сөз аяғын өзі де секемдене күдікпен

аяқтағанын сезді ме, бәйбішесіне қиғаш қана көз салып өтіп, елеусіз күбірлеп қалып, бетін сипады.

Үздік-создық шұбырған көштің орта тұсынан баяу ырғалып, мұңлы әуен көкке өрледі. Сол сазды тілсіз бебеуімен өз көңлінде жаңғыртып, Құлнияз іштей қайталады. Сақыпжамал шешей ұзақ күрсінісімен жебеді. Ән алыстап, аспандап кетті.

* * *

Ұлытаудың күнгей тұсында отырған Аралбай батырдың аулында үлкен қарбалас бар. Осыдан ай бұрын Қазыбек бидің қасынан оралған батыр бүгін ауыр ой үстінде. Кетерінде би Аралбайды оңаша алып біраз сөйлескен. Сондағы айтары ел жайы, соның күйзелісі мен күңіренуі.

- Ақылдан сана безді ме, санадан маза қашты ма, Аралбай, бұ күнде менің де шарасыз ширығуым көбейді-ау. Арқа-басты аяз қарығанда, анау-қырғын сүргінге ұшыраған қалың жұртыңның қасіретін сәл кемітердей дәрмен таба алмайтының қинайды екен. Ақыл серік амал іздегенімен қамалы көп тірлік қабырғасына тірелтіп өткел бермейді. Не істерміз? Анау Болат хан атына сай емес. Ол шамырқанып тұрғанша түгел елің тарыдай шашылып, ыдырап бітер ме, өксігім алқымыма кептеліп отыр. Көріп тұрып көнгеннен жаман жоқ екен. Түңіліп тоқырадым ба, кідіріп тоқырадым ба, әйтеуір, шайлыққан көңілді дәл қазір ақаусыз демдер құдірет таба алмай сандалып қалғандаймын. Жалғыз-ақ дәтке қуат бір алданыш - анау елден елге аманат сәлеміндей дуылдатып тұрған әнім сияқты. “Елім-айым” сияқты. Соны үлкен бір медет көрем де, Жәдіктің бөлтіріктерінен таппаған қуатты қалың шоғыр қара бұқарамнан табардай және желпінем. Көп көзі ашылса, көп қайғысы азаймас па? Азаматты арқаландырар ар-намыс, жігер-кегі ғой. Соны бүгінде өз қанына еккен еліңнің келешек ұраны да дәл осы әні болса керек. Ендеше, қажырын қайраған халқыңның қанағатын азға ұйытпа. Ерте білсең,

тастүйін атылар қаһарың сол. Қасиетін түсін де, қасіретіне қарсы бастап шық. Әр жерден тік көтерілер ұландары көбейсе, қара бұлт қашанғы торлай берер.

Аралбай содан бері жан-жаққа хабар салуда.

Бұның да елшісі мен жаушысы - ән “Елім-ай”. Пысықтап тапсырып, қайрап жұмсап, Кәрсеннің көп жігітін көлігінен түсірген жоқ.

Жандырдың үй көрмегені де біраз болды. Бексана - ның аяғы ауыр болатын. Бірақ соған қарамастан әке ауқымын дұрыс ұғынған жігіт қиялды арбаған күдік пен үмітті өз кеудесіне қабат тоқайластырып, Таңыбай мен Түйте ағаларынан жік айырмай жаз бойы тыным тапқан емес.

Әлгінде үлкен үйге ат басын тірегені сол еді. Ұзақ созбай барыс-келістің хабарын тез тамамдап, үнсіз қалып, әкенің домбыра шерткен қазіргі тыншу күйін бұзбай, қыбырсыз отыр.

Майда уіл баяу толқиды. “Келер күн, атар таң! Жетер тамылжыған бейбіт тірлік! Қапалы көңілдің өксігі басылып, тынық әуеннің сазы тұнжыр көкке еркін самғар. Сонда сәби күлкісі әр отаудың қуанышы болып, іңкәрі болып шаңырақты думанға бөлер. Мейірімге бөккен жанардың ыстық ықыласы еміренген жүздердің суатынан сусындар!” - дейтіндей бипыл әуен саусақ астынан сырғанайды.

Есіктен апырақтап әлдекім аттады.

- Сүйінші, ақсақал! Отаудың тағы бір атұстары дүниеге келді. Осы жаңа тана шар етіп... мен сізге қарай тұра жүгірдім...

Аралбай Жандырға иек қақты. Жандыр айтқызбай түсінді. Өзі жотасын сүйеп отырған сандықты ашты да, қолына іліккен шапанды жігітке ұстата салды.

Күй үзілген жоқ. Енді әлгіндегі сенімді ырғақтан сергек әуенге ауысып, желдірмелете жөнелді.

Аралбай немересіне Едіге деп ат қойды.

Жас Едігені келісті келіншек - Бексана бір оңашада Жандырға ұстатты.

Жас отаудың әсем келістігін тағы да ән құттықтады. Сырттағы бір жігіттің жігерлене салған “Елім-айы” мына қос жұбайдың елжіреген жанарларына қуаныш үстеді.

* * *

Арада екі қыс, екі жаз өтті.

Сонау Талас бойындағы алғашқы ұрыстан кейін Қаратау асып, Сыр бойына кеткен Саңырақ қолы бұл кезде Қабанбай, Бөгенбай батырлар жасағына қосылды. Бәрінің де көп-көп күтері - Қаз дауысты Қазыбек бидің сауыны, Бөгенбай батырдың елден елді адақтаған қаракеті.

Дәулен де содан бері ат белінен ер түсірген емес. Кей-кейде оңаша ұзап шығып, іштей ғана босайтын кездері бар. Ондайда әкесі Ошаған биді бала көңілдің күрсінісімен еске алады. Еске алады да, ілез сұрғылт тартқан жүздің құбылуымен кек ширатқан бір күйге ойысады.

Кей-кейде Рухияның соңғы үні, соңғы лебізі оралады. “Сенен басқа жанашырым жоқ. Бірақ жалғыз жанашырым деп жанымда ұстап жаныңа жара салармын ба” деп еді-ау. Қайран да менің қадірлі Рухиям, қайда жүр екенсің? “Екеу болып тосып алармын” демеп пе едің. Шіркін-ау, сол үміт тілегі шынымен болып, шынымен демеп жетер ме еді бір күні! Сонда менен бақытты адам болмас еді-ау!”

Осы Дәулен содан бері белін шешкен емес. Бірде ұста болса, бірде санаткер. Күмпілдетіп көрік басады - қылыш соғады. Семсерін жарқылдатып ақбозын ойнақшытады - сарбаздарға соғыс тәсілін үйретеді. Бәрі ел тілегі, ел қамы дейтін бір салаға құйып жатыр.

Сондайда тағы да жебеушісі - “Елім-ай”.

Күн артынан күн өтті. Кешегі соғып өткен қасірет дауылынан кейін қайта бас көтерген қазақ халқы елдігін, бірлігін қорғап қалу үшін жорыққа дайындала бастады. Сай-сайдан тарам-тарам боп ағып келіп бір жерде қосылып, ұлы, арналы өзенге айналар қуат пен қажыр - ел құдіреті деген ат тапқан. Енді, міне, найзаларының үшкір масағы мен дулығаларын күн көзінде жарқыратып лек-лек кетіп бара жатқан қосын ұшы-қиыры жоқ кең далада шалқыған кек шалқарындай сезіледі. Осы қасиетті кегінің ширығуындай болып, қол үстінде ән қалықтайды. Ұрпақтан ұрпаққа жетер, ел бірлігін діттеген жігерлі “Елім-ай” қалың әскерді майдан даласына бастап барады.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді
Ел-жұртынан айрылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.
Елім-ай! Елім-ай!

(Бірінші кітаптың соңы)

1969-1971 жылдар, Алматы

М А З М Ұ Н Ы

Әлқисса..... 5
Елең-алаң..... 9
Күлтөбенің басында күнде кеңес.....40
Тоғысу..... 82
Шатқалаң..... 151
Шырғалаң.....182
Қысталаң.... 268
Дүрбелең.....305
Елім-ай..... 395

Софы Қалыбекұлы Сматаев

Елім-ай
1 -кітап

Редакторы Ш. Сматаева
Техникалық редакторы М. Софыұлы
Суретші Ж. Алмасұлы
Компьютерде беттеген М. Манасұлы

ИБ № 39
Теруге 27.07.2009 ж. берілді. Басуға 5.09.2009 ж. қол қойылды.
Пішімі 84х108732. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Times Kaz”.
Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 22.68.
Есептік баспа табағы 21,2.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 3170.

“Алманар” баспа үйінің директоры
Софы Сматаев

“Алманар” баспа үйі. 050007, Алматы қаласы,
Қазыбек би көшесі, 40 үй.

ISBN 9965-9742-2-5

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.